Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Әдістемелік нұсқау хат

Нұр-Сұлтан
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 15 маусымдағы №7 хаттамасы)

2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 440 б.

Жинаққа 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепалды даярлық және білім беру ұйымдарының 1-11-сыныптарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша материалдар енгізілген.

Жинақ жалпы орта білім беретін мектептердің басшылары, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне, бастауыш сынып және пән мұғалімдеріне, сонымен қатар білім басқармалары/бөлімдерінің, білім саласындағы бақылау департаменттерінің басшыларына, мамандарына арналған.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2019

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2019 жылдың 1 қыркүйегі «Білім күні»

«Білім күні» **дәстүрлі мерекесі** «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» атауымен өтетін болады. **Аталған мереке аясында Жалпыреспубликалық патриотизм мен азаматтылық сабағы өткізіледі.**

«Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» мерекесін өткізу тұжырымдамасы мен **әдістемелік ұсынымдар** **https://www.nao.kz** сайтында орналастырылған.

Жаңа оқу жылында төмендегі айрықша оқиғалар аталып өтіледі:

2019 жыл Қазақстанда Жастар жылы деп жарияланды, ТМД елдерінде – Кітап жылы болып жарияланды.

2020 жылы Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойы аталып өтеді. 2020 жылы елімізде Волонтерлер жылы болып жарияланды.

1 2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2019-2020 оқу жылында 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша, ал 11-сыныптар 2013 жылы бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларымен білім алады.

2019-2020 оқу жылында білім беру процесінің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі:

1) мектепалды даярлық сыныптары/топтарында және 1-4-сыныптарда білім беру процесі:

- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- ✓ ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Ақпараттық-коммуникациялық технология» пәні бойынша 2018 жылғы 17 қазандағы № 576 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады;

2) 5-10-сыныптарда білім беру процесі:

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 3 сәуірдегі № 352 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрықпен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады;

3) 11-сыныпта білім беру процесі:

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2013 жылғы 25 шілдедегі № 296 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2013 жылғы 27 қарашадағы № 471 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары;

✓ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2014 жылғы 25 ақпандағы № 61 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары (2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы (2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 477 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығы (2019 жылғы 16 мамырдағы № 208 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ «Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығы (2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 651 бұйрықпен соңғы өзгерістер енгізілген);

✓ «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы (2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 662 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ «Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын әдіснамалық қамтамасыз етуді үйлестіру туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 20 бұйрығы (2018 жылғы 14 желтоқсанда соңғы өзгерістер енгізілген);

✓ «Орта білім беру ұйымдарының жеке санаттағы педагог қызметкерлері жүргізу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 32 бұйрығы;

✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы (2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 494 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 632 бұйрығы (2018 жылғы 16 шілдедегі № 350 бұйрықпен соңғы өзгерістер енгізілген);

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім мен ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы

27 қаңтардағы № 83 бұйрығы (2018 жылғы 29 маусымдағы № 316 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін «Үздік педагог» атағын беру және мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымдарына орналасу конкурстарына қатысу үшін құжаттарды қабылдау бойынша мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 173 бұйрығы (2018 жылғы 16 маусымдағы № 351 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ «2018 жылы педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудың бірінші кезеңі – Ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 200 бұйрығы;

✓ «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына кезектілікті қалыптастыру мен оның қызметін және жолдамаларды беру процесін автоматтандыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 14 шілдедегі № 337 бұйрығы (2018 жылғы 10 қаңтарда соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

✓ «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы (2018 жылғы 28 қыркүйекте № ҚР ДСМ-20 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).



Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) және оқу бағдарламалары Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтына (www.nao.kz) орналастырылған.

Мектеп әкімшілігінде МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламаларының бір данадан қағазға шығарылған нұсқасы болғаны жөн.

Педагогтердің МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының электронды нұсқаларымен жұмыс істеулеріне болады.

Барлық оқу пәндері бойынша 1-10-сыныптарға арналған орта мерзімді жоспарлар жүйелік-әдістемелік кешенде (сілтеме: smk.edu.kz) орналасқан.

11-сыныптарға арналған оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар әзірленуде және 1-10-сыныптарға да әзірленуі мүмкін.

Мұғалім қысқа мерзімді жоспарды әр сабаққа әзірлейді және

электронды не қағаз түрінде ұсына алады.

БІЛУ МАҢЫЗДЫ!

Назар аударыңыз!

ҚР «Білім туралы» Заңының 31 бабына сәйкес 1-сыныпқа балалар алты жастан қабылданады.

Мектепке қабылдау ережелері *«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазанда № 564 бұйрығымен* реттелген.

Ережеге сәйкес бірінші сыныпқа алты жастағы балалар және ата-анасының қалауы бойынша ағымдағы күнтізбелік жылдың соңына дейін алты жасқа толған балалар, ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші негізінде дайындық деңгейіне қарамастан қабылданады.

Ата-аналар баланың мектепке қашан баратынын шешуге құқылы және оны жеке өтініш арқылы ресімдейді. Ешқандай айыппұл санкциялары қарастырылмаған.

Балаларды бірінші сыныпқа қабылдау үшін, төмендегідей құжаттар қажет:

1) баланың ата-анасы немесе басқа да заң өкілдерінің өтініші (еркін түрде);

2) баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;

3) «Баланың денсаулық паспорты» 026/у-3 есеп нысанын толтыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 24 маусымдағы № 469 бұйрығымен бекітілген 026/у-3 нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы құжат (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 026/у-3 нысаны бойынша № 2423 болып тіркелген);

4) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген 063/е нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы құжат (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген);

5) 3х4 көлеміндегі екі дана фотосурет.

(«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы).

Бірінші сыныпқа құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1

маусымы мен 30 тамызы аралығында жүргізіледі. Баланы бірінші сыныпқа қабылдау кезінде қосымша құжаттарды сұратуға жол берілмейді.

Сондай-ақ мамандандырылған ұйымдар, гимназиялар мен лицейлерден басқа, білім беру ұйымының бірінші сыныбына балаларды қабылдау емтихандарын, тестілеуді, сынақтарды, конкурстарды өткізуге **жол берілмейді.**

Мектепке дейінгі мекемелерге бармаған немесе мектепалды даярлықтан өтпеген балалар үшін білім беру ұйымдары **оқу жылы басталғанға дейін дайындық курстарын ұйымдастырады.**

2019-2020 оқу жылының ерекшелігі еліміздің білім беру ұйымдарының 4, 9 және 10-сыныптарында жаңартылған білім мазмұнын енгізу болып табылады.

4-сыныпта оқытудың ерекшелігі білім алушыларды білімді жетілдіре отырып «белсенді оқуға» белсенді тарту болып табылады. Оқыту процесінде білім алушылардың жаңа білімді өз бетінше іздестіруі үшін жағдай жасау маңызды. «Информатика» жаңа оқу бағдарламасы енгізілуде.

9-сыныптардың оқу бағдарламасының ерекшелігі базалық білім беруді аяқтауға бағытталғандығы болып табылады.

9-сыныптардың оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын дамытуға, толыққанды қарым-қатынас жасауға қажетті және тұлғаның дамуына ықпал ететін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытатын социумдағы өмір үшін маңызды дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Бұдан басқа, оқыту процесінде тоғызыншы сынып оқушыларының оқытылатын оқу материалдарын талдау, жіктеу, жүйелеу, жинақтау және оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді бағалау дағдыларының қалыптасуына назар аудару маңызды.

9-сыныпта дамытушы оқыту әдістерін (іскерлік ойындар, өзін-өзі оқыту және өзара оқыту, пәнге «тез арада» ену әдісі, процестерді модельдеу, басқа пәндік салалармен интеграция, мәтінмен жұмыс жасау, пәндік тілді дамыту және т.б.), жобалық әдістерді (зерттеу топтық және жеке жобалар, танымдық, конструкторлық, әлеуметтік жобалар, қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді жобалар, контент-талдау және т.б.), коммуникативтік әдістерді (практикалық жағдаяттарды талдау, білім алушылардың командалық жұмысы және басқалар) белсенді қолдану ұсынылады.

10-сыныпты оқытудағы басты ерекшелік білім алушыны нақты мамандануға және оның болашақ кәсіби қажеттіліктері мен болашақта таңдауы мүмкін мамандығына сәйкес стандартты және тереңдетілген деңгейлердің оқу пәндерін таңдауға бағыттау болып табылады.

10-11-сыныптардың үлгілік оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен

және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрығымен бекітілген.

10-сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі - ҮОЖ) сәйкес оқу бағытына қарамастан барлық білім алушыларға ортақ пәндер тізімі анықталды.

Жаңа ҮОЖ-да «бейіндік» деген термин қолданылмайды, себебі қоғамдық-гуманитарлық бағыт (бұдан әрі – ҚГБ) және жаратылыстану-математика бағыты (бұдан әрі – ЖМБ) – бейіндер емес, бағыттар болып табылады.

Стандартты және тереңдетілген деңгейдегі пәндерді таңдау арқылы бейінді білім алушылардың өздері анықтайды,

10-сыныпта Үлгілік оқу жоспарында міндетті пәндер саны қысқарды, білім алушыларға олардың жеке қызығушылықтары мен бейімділіктерінің дамуын қамтамасыз ететін пәндерді таңдауға максималды құқық берілді.

Тереңдетілген деңгейдегі 2 міндетті және стандарттық деңгейдегі 2 міндетті пәнді таңдау енгізілді.

Қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптар үшін оқу пәндерінің орналасуы әртүрлі.

Осылайша, 10-сынып оқушылары болашақ мамандығына назар аудара отырып ҮОЖ-дағы 19 академиялық пәннен 14 оқу пәнін таңдай алады.

10-сыныпта оқушылардың таңдауы бойынша «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» жаңа пәндері енгізілсе, «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәніне өзгерістер енгізілді.

«Информатика» жаңа оқу бағдарламасы енгізілуде.

Назар аударыңыздар!

2019-2020 оқу жылының ұзақтығы: мектепалды сыныптарда – 32 апта, 1-сыныптарда – 33 апта, 2-11(12)-сыныптарда – 34 апта.

«Орта білім беру ұйымдарында 2019 - 2020 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 337 бұйрығымен 2019-2020 оқу жылы барысындағы каникул күндері белгіленді:

2019-2020 оқу жылының басталуы – **2019 жылдың 1 қыркүйегі.** Оқу жылының аяқталуы - **2020 жылдың 25 мамыры.**

1-11(12)-сыныптарда:

күзгі каникул –7 күн **(2019 жылғы 28 қазан - 3 қарашаны қоса алғанда),**

қысқы – 10 күн **(2019 жылғы 30 желтоқсан – 2020 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда),**

көктемгі – 13 күн **(2020 жылғы 21 наурыз - 2 сәуірді қоса алғанда);**

1-сыныптарда: қосымша каникулдар: 7 күн *(2020 жылғы 3-9 ақпанды қоса алғанда).*

Назар аударыңыздар! Мектепалды сыныптарда:

күзгі каникул – 7 күн **(2019 жылғы 28 қазан - 3 қарашаны қоса алғанда),**

қысқы – 14 күн **(2019 жылғы 27 желтоқсан – 2020 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда),**

көктемгі – 15 күн **(2020 жылғы 21 наурыз - 4 сәуірді қоса алғанда);**

қосымша каникулдар: 7 күн **(2020 жылғы 3-9 ақпанды қоса алғанда).**

Сабақтарды өткізу мерзімі мереке күндерімен, ауа райының қолайсыздығына және карантин енгізілуіне байланысты актіленген күндермен сәйкес келген жағдайда, тақырыбын/оқу мақсаттарын оқу пәні бойынша жақын/ұқсас тақырыптармен/оқу мақсаттарымен біріктіріп/тұтастырып, кіріктіруді ескере отырып көрсетілген күндерге дейін немесе кейін аздаған сағат санымен оқыту қажет. Бұл ретте, қосымша сағаттар бөлінбейді. Журналдарда біріккен сабақтар тақырыбы бір жолда көрсетіледі. Бұл жағдайлар мұғалімдердің жалақысына әсер етпейді, оқу сағаттары берілген деп есептеледі.

Бұл ретте оңай мақсаттарды қарастырып, жазба жұмыстарын жоспарламаған жөн. Білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде бұл өзгерістерді электрондық журналдар жүйесінде техникалық қолдау арқылы көрсетіледі.

Сыртқы және ішкі бақылауды жүргізу кезінде осы бұйрық негіз болады.

Назар аударыңыздар!

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу жоспарларындағы вариативтік компонентті қоса алғанда, жалпы білім беретін мектептерде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі 1-сыныпта – 24 с., 2-сыныпта – 25 с., 3-сыныпта – 29 с., 4-сыныпта – 29 с., 5-сыныпта – 32 с., 6-сыныпта – 33 с., 7-сыныпта – 34 с., 8-сыныпта – 36 с., 9-сыныпта – 38 с., 10-сыныпта – 39 с., 11-сыныпта – 39 сағаттан аспауы тиіс.

Оқу жүктемелерін қысқарту Педагогтер кеңесінің шешімі негізінде білім беру ұйымдары таңдай алатын қысқартылған оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарында қарастырылған (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығы). Білім беретін ұйымдар ата-аналар комитеті және қамқоршылық кеңесінің келісімімен күнделікті өткізілетін сабақтар санын белгілейді.

Қысқартылған ҮОЖ-ды таңдаудағы басты шарт – білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету. Егер оқу пәндерінің қиыстырылуын (комбинациясы) таңдау 7-сыныпта жасалса, онда таңдалған оқу пәндерінің қиыстырылуына (комбинациясына) сәйкес келесі сыныптарда (8-9-сыныптарда) оқуды жалғастыру қажет.

Жалпы білім беретін мектептердің 7-9-сыныптарына арналған ҮОЖ-да ескертпе берілген, онда инвариантты компоненттен таңдау бойынша бейінді оқу пәндерінің комбинациялары жазылған.

Бейінді оқу пәндерінің қиыстырылуы (комбинация) ҰБТ аясында пәндерді таңдауға бағытталған.

Гимназиялар/лицейлерде де жүктеме өзгерді. Бастауыш сыныптарда гимназия компонентін 8,5 сағаттан 4 сағатқа дейін, 5-11-сыныптарда 5 сағатқа қысқарту ұсынылады.

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдарында мектеп бағытына байланысты білім беру ұйымының өзі айқындайтын мамандандырылған компонент енгізілді.

Осылайша, еліміздің білім беру ұйымдары, соның ішінде гимназиялар/лицейлер, мамандандырылған лицейлер/гимназиялар да жүктемесі қысқартылған ҮОЖ-ды таңдауға құқылы.

Бескүндік оқу аптасында оқу процесін ұйымдастыру

Бескүндік оқу аптасына көшу жаңартылған білім мазмұнына көшумен қатар жүргізіледі және түрлеріне, типтеріне, меншік нысандарына қарамастан барлық білім беру ұйымдарында жүзеге асырылуы мүмкін.

Бірқатар оқу пәндері бойынша сабақтарды оқу мақсаттарына және сабақ тақырыптарына сәйкес, кестеде өткізілетін орынды көрсете отырып, музейлерде, театрларда, кітапханаларда, кәсіпорындарда және басқа да ұйымдарда өткізу ұсынылады.

Егер мектеп бес күндік оқу аптасына көшсе, мұғалім сенбі күнді өз қалауы бойынша пайдалануға құқылы. Бұл ретте мектеп әкімшілігі сенбі күні айына бір рет педагогикалық, әдістемелік кеңестердің мәжілістерін және басқа да ұйымдастыру іс-шараларын қоя алады.

2019-2020 оқу жылында 4, 9 және 10 сыныптарда информатика пәнінен жаңа оқу бағдарламасы енгізіледі. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына сәйкес "Жалпы білім беретін ұйымдарға арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: ....5-тармақ. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, мыналарды қоспағанда: "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" оқу пәні бойынша осы бұйрыққа 4-

қосымшада 7 және 21-тармақтарды, бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 1-сыныптар үшін, 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2 және 3-сыныптар үшін, 2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап 4-сыныптар үшін қолданысқа енгізілетін болады.

Назар аударыңыздар!

2019-2020 оқу жылында Педагогтер кеңесінің шешімімен мектептер мектептің материалдық-техникалық жабдықталуын (спортзалдар, аудиториялық қор), білім алушылар контингенті, кадрлармен қамтамасыз ету және т.б. ескере отырып, жеке пәндерді оқытуда сыныптарды топтарға бөлу туралы дербес шешім қабылдайды.

1-4-сыныптарда қалалық мектептерде толымдылығы 24-ке жеткенде немесе одан асқанда, ауылдық жерлерде 20-ға жеткен кезде немесе одан асқан жағдайда, төмендегі пәндер бойынша топтарға бөлінеді:

- оқыту қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ тілі;
- оқыту орыс тілді емес сыныптардағы орыс тілі;
- шетел тілі;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- өзін-өзі тану.

Негізгі орта мектеп бойынша білім алатын сыныптарда топтарға бөлу төмендегі пәндерді оқыту барысында қалалық мектептерде толымдылығы 24-ке жеткенде немесе одан асқанда, ауылдық жерлерде 20-ға жеткен кезде немесе одан асқан жағдайда, төмендегі пәндерді оқыту барысында топтарға бөлінеді:

- оқыту қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті;
- оқыту орыс тілді емес сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті;
- шетел тілі;
- информатика;
- дене шынықтыру;
- көркем еңбек.

Жалпы орта мектеп бойынша білім алатын сыныптарда топтарға бөлу төмендегі пәндерді оқыту барысында қалалық мектептерде толымдылығы 24-ке жеткенде немесе одан асқанда, ауылдық жерлерде 20-ға жеткен кезде немесе одан асқан жағдайда, төмендегі пәндерді оқыту барысында топтарға бөлінеді:

- оқыту қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті;
- оқыту орыс тілді емес сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті;
- шетел тілі;
- информатика;
- дене шынықтыру.

2013 жылғы оқу бағдарламасы бойынша оқытылатын 11-сыныптардың білім алушылары қалалық мектептерде толымдылығы 24-ке жеткенде немесе одан асқанда, ауылдық жерлерде 20-ға жеткен кезде немесе одан асқан жағдайда, төмендегі пәндерді оқыту барысында топтарға бөлінеді:

- оқыту қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ тілі;
- оқыту қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ әдебиеті;
- қазақ/ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде оқытылатын сыныптардағы орыс тілі;
- шетел тілі;
- информатика;
- бейіндік пәндер;
- технология;
- дене шынықтыру.

Білім алушылардың таңдауына сәйкес стандартты және тереңдетілген деңгейдегі таңдау пәндері бойынша 10-сынып білім алушыларын топтарға бөлуге болады.

Үш тілде оқыту

Қазақстан халқы Ассамблеясының 2015 жылғы 23 сәуірдегі XXII сессиясында берілген Мемлекет басшысының тапсырмасын және Ұлт жоспарының «100 нақты қадам - баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» 79-тармағын орындау мақсатында 2015-2020 жылдарға арналған үштілді білім беруді дамытудың *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 5 қарашадағы № 622, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 344 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 13 қарашадағы №1066 бұйрығына сәйкес)* Жол картасы бекітілді.

Жол картасына сәйкес, оқыту процесінде қолдануға қажетті Үш тілді оқытудың бірыңғай тілдік стандарты әзірленді (https://nao.kz/) (2016ж.). Тілдік стандарт Қазақстан мектептерінің барлық түрлерінде үш мақсатты тілді оқытудың жалпы шегін (тәсілдері, принциптері, стратегиялары) анықтайтын негіздемелік құжат болып табылады.

Сонымен бірге **«оқыту тілі» және «мақсатты тіл»** ұғымдарының мәнін ажырату маңызды.

Жалпы білім беретін мектептердің оқыту тілдеріне: қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек, тәжік жатады.

Мақсатты тілдер болып: қазақ тілі екінші тіл ретінде, орыс тілі екінші тіл ретінде және шетел тілі үшінші тіл ретінде саналады.

Төменде 1-кестеде үш тілде оқыту бойынша бойынша қазіргі жағдай көрсетілген.

1-кесте. Үш тілде оқыту.

Бірінші тілдер	Оқыту тілдері	Қазақ тілі Орыс тілі Ұйғыр тілі Өзбек тілі Тәжік тілі
Екінші тілдер	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі «Қазақ тілі» пәні (Т2)	
	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі «Орыс тілі» пәні (Т2)	
Үшінші тілдер	Шетел тілі (Т3)	

Үш тілді білім берудің мақсаты білім алушылардың үш мақсатты тілді, атап айтқанда: қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде оқитындар үшін қазақ тілін, орыс тілінде оқытпайтын мектептерде оқитындар үшін орыс тілін және шетел тілін меңгеру үшін қажетті жағдайлар жасау.

Сондай-ақ, Қазақстанда этникалық топтардың ана тілдерін дамытуға айтарлықтай көңіл бөлінуде. Осыған байланысты көптілді білім беретін мектептер бар.

Қазақ, орыс және шетел тілдерін жеткілікті мөлшерде оқыту қазақ тілінде оқытатын мектептерде де, орыс тілінде оқытатын мектептерде де үлгілік оқу жоспарларында көзделеді.

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері тек оқыту тілінде оқытылады.

МЖМБС және 1-11 сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарларында «Ағылшын тілі» оқу пәнінің орнына **«Шетел тілі»** пәні енгізіледі. Білім беру ұйымдары «Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндерінің бірін таңдау құқығы бар. **Жұмыс оқу жоспары мен журналда оқытылатын шетел тілі көрсетіледі.**

Неміс және француз тілдері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары ***Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен (10-11 сыныптар); ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығымен (1-4, 5-9-сыныптар) бекітілді.***

Шетел тілін оқыту жалпы білім беру жүйесінің барлық сатыларында олардың бірлігін, сабақтастығын және үздіксіздігін қамтамасыз ететін CEFR ("Common European Framework of Reference: Learning, Teaching, Assessment" – «Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігі: оқу, оқыту, бағалау») тілдерді оқытудың деңгейлік моделіне сәйкес жүзеге асырылады.

2019-2020 оқу жылында 10-11 сыныптарда «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» оқу пәндері оқыту тілінде жүргізіледі.

Аталған пәндерді **білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының дайындық деңгейіне қарай,** ата-аналардың пікірін ескере

отырып **ағылшын тілінде оқытуға болады**. Білім **бөлімдерімен келісілуі мүмкін.**

Мектептердің педагогикалық ұжымдары пән апталықтарын, мектепішілік олимпиадаларды және зияткерлік конкурстарды ұйымдастыру арқылы үш тілді білім беруді дамытып, қолдауы қажет

ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде кіріктіріп оқытуда CLIL технологиясын қолдану ұсынылады (2-кесте).

2-кесте. Тілді және оқу пәнін кіріктіріп оқыту

ТІЛ – ***оқыту құралы***

Оқыту уақытының көлемі (*әлеуеттік мүмкіндіктер*)

CLIL технологиясы
Тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту

Ішінара енгізу	*Толық енгізу*
тілдік емес пән бірінші тілде оқытылады (мектептегі оқыту тілі)	тілдік емес және тілдік пәндер мақсатты тілде оқытылады
сабақтың жеке кезеңдері мақсатты тілде өткізіледі	тілдік емес пән бойынша сабақтың барлық кезеңдері мақсатты тілде өткізіледі (жаңа материалды түсіндіру кезінде оқыту тілінің қолданылуы мүмкін)
пәндік терминология мақсатты тілде оқытылады	тіл пәндері бойынша сабақтарда пәндік терминологияны қолдану дағдылары пысықталады
кейбір сыныптан тыс іс-шаралар мақсатты тілде өткізіледі	сыныптан тыс іс-шаралар мақсатты тілде өткізіледі
пән бойынша элективті курстардың кейбір бөлімдері мақсатты тілде оқытылады	пән бойынша элективті курстар мақсатты тілде оқытылады

Тілдік және тілдік емес пән мұғалімдерінің бірлескен жұмысы көптеген формаларда өткізілуі мүмкін. Шетел тілі мұғалімдері өз сабақтарында тілдік емес ЖМБ пәндерінде оқылған лексиканы пысықтай алады. Білім беру ұйымдарында, мүмкіндігінше, тілдік және тілдік емес пән мұғалімдері бір уақытта бір сабақта жұмыс жасай алады. Сонымен қатар, сабақтың қойылған мақсаттарын, білім алушылардың оқу жетістіктерін және оларға ЖМБ оқу

пәндерін ағылшын тілінде оқуды жалғастырулары үшін мүмкіндігінше қажетті қолдау көрсету мақсатында педагогтер сабаққа дейін және одан кейін бірлесіп жұмыс жасай алады.

«Шетел тілі» пәнінің мұғалімі пән мұғалімімен оқу тапсырмаларын әзірлеу, оқу материалын іздеу және іріктеу, оның тіл тұрғысынан күрделілігін бағалау, сонымен қатар сұрақтар мен тапсырмаларды құрастыру бойынша бірлесіп жұмыс жасай алады. «Шетел тілі» пәнінің мұғалімі пән мұғалімі дайындаған оқу тапсырмаларының дұрыс құрастырылуын тексере алады.

«Шетел тілі» пәнінің мұғалімі білім алушылардың тілдік емес оқу пәні сабағында жұмыс жасайтын тілдік материалды анықтауға (грамматика, мәтін жанры, терминология, айтылуы қиын лексика және т.б.) көмектеседі және шетел тілі сабағында сол тілдік материалды пысықтайды.

Пән мұғалімдері мен «Ағылшын тілі» пәні мұғалімдеріне 10-сыныпта ЖМБ оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуды жоспарлау барысында Орта мерзімді жоспарды (ОМЖ) бірлесіп жоспарлауға болады, бұл олардың оқыту тәжірибесін жақсартуға мүмкіндік береді. ОМЖ-ны бірлесіп құру барысында білім алушылардың да, педагогтердің де тілдік құзыреттіліктерін дамытуға, қосымша ресурстарды іздеуге және қолдануға, сонымен қатар бағалау рәсімін ұйымдастыруға мүмкіндіктер көбейеді. Педагогикалық ұжымдар пәндер бойынша мектеп мұғалімдерінің әдістемелік бірлестіктерінің дәстүрлі формаларынан бас тарта отырып, әр түрлі пәндер, соның ішінде тілдік және тілдік емес пән мұғалімдері бірлестігіне біріге алады. Бұл үш тілде оқыту аясында сабақ өткізуде жаңа формалар, әдістер мен технологияларды енгізуге және оқыту тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мұғалімдердің кәсіби ынтымақтастық формалары:

- ✓ әдістемелік секциялар, мұғалімдер қауымдастығы;
- ✓ бір сынып мұғалімдерінің командалық жұмысы;
- ✓ параллель сынып мұғалімдерінің ынтымақтастығы;
- ✓ тіл пәндері мұғалімдерінің ынтымақтастығы;
- ✓ тіл пәндері мұғалімдерінің және тілдік емес пәндер мұғалімдерінің ынтымақтастығы;
- ✓ мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің ынтымақтастығы.

Командалық жұмыс:

- ✓ бірлескен жоспарлау бойынша жүйелі жұмыс (ортақ тақырыптарды жоспарлауды, ҚМЖ, оқу тапсырмаларын және бағалау критерийлерін әзірлеуді және жұмысты талдауды (оқу жетістіктері, оқу үдерісіндегі білім алушылардың қиындықтары және т. б.);
- ✓ ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды анықтауды, осы категориядағы білім алушыларға қолдау көрсету стратегиясын белгілеуді;
- ✓ мұғалімдердің табысты тәжірибелерін таратуды;
- ✓ өзара сабаққа қатысуды;
- ✓ бейнежазба жасауды және сабақты талдауды;
- ✓ оқу материалдарын әзірлеуді;
- ✓ сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шаралар ұйымдастыруды;
- ✓ ата-аналармен жұмысты ұйымдастыруды;

✓ менторлықты іске асыруды, ЖМБ оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдерді қолдауды көздейді.

Менторлық қолдау түріндегі командалық ынтымақтастық құнды болып табылады. Менторлық немесе менторинг ағылш. – mentoring – оқу пәндерін оқытуда озық тәжірибесі бар, тәжірибелі адамның, сарапшының (жұмыс өтілі маңызды емес) тәжірибесі аз, жұмысты жаңа бастаған педагогпен өзара іс-қимылы.

Ментор – тәлімгер. Физика, химия, биология, информатика пәндерінің мұғалімдеріне ағылшын тілі мұғалімі, сондай-ақ, ағылшын тілінен кем дегенде B2 деңгейі бар ЖМБ оқу пәндерінің мұғалімі ментор бола алады.

Менторлық қолдау көрсету ЖМБ оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуды жаңа бастаған *педагогтің кәсіби іс-әрекетін тексеруші, оған баға беруші, бақылаушы функцияларын атқаруды көздемейді.*

Менторлық қолдау көрсетудің бірінші жылынан кейін өзара командалық іс-әрекеттесу тәжірибесін талдау және ары қарай кәсіби өсу үшін бағыттарды анықтау маңызды.

Білім алушылардың тілдік және пәндік құзыреттілігін бағалау ерекшеліктері

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту аясында білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың келесі ерекшеліктері бар:

1. Пән бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері пәнді оқыту мақсаттары жүйесіне сәйкес бағалау критерийлері негізінде қалыптастырушы және жиынтық бағалау барысында бағаланады.

2. Тілдік дағдылар жиынтық бағалау кезінде бағаланбайды, бірақ мұғалім тілдік дағдылардың даму барысын бақылап, пәнді оқу кезінде қалыптастырушы бағалау үдерісінде көмектеседі, қолдайды, бағалайды.

3. Пәндік және тілдік құзыреттіліктерді кешенді түрде бағалауды жүргізу үшін шетел (ағылшын) тілінде оқытылатын пәндерге қатысты пән мазмұны мен тілдік ерекшеліктерге сәйкес тіл пәндері мұғалімдерімен бірлесіп дескрипторлар әзірлеу қажет.

Әрбір мектеп өзіндік ресурстық базасын дамыту үшін ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқыту бойынша тапсырмалар, жаттығулар, мәтіндер, бағалау жұмыстарының электронды «Банкін» жинай алады.

2019-2020 оқу жылында мұғалімдер ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін желілік кәсіби қауымдастықтарға тіркеліп, сандық платформаларды пайдалана алады:

1. https://www.khanacademy.org/
2. https://bilimland.kz
3. https://www.stem.org.uk/
4. https://www.pinterest.com/

БІЛУ МАҢЫЗДЫ!

Назар аударыңыздар!

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 317 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі білім беру ұйымдары басшыларының бұйрығымен бір оқу жылына сайланады және бекітіледі.

Педагогикалық кеңес:

- оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және жүзеге асыру;
- жұмыс оқу жоспарларын бекіту;
- білім беру қызметтерінің сапасы;
- инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) үлгерімдері мен психология-педагогикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер негізінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;
- білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауын өткізу, оларды емтихандарға жіберу, білім алушыларды ұсынылған құжаттар негізінде емтихандардан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа көшіру немесе оларды қайталау курсына қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мадақтау қағаздарымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік аяқтағаны, негізгі орта білімді аяқтағаны, жалпы орта білім беруді үздік аяқтағаны, жалпы орта білім беру жөнінде аттестаттар, белгіленген үлгідегі анықтамалар беру туралы шешім қабылдау;
- оқу жүктемелерін бөлу, педагогтерді аттестаттауға, марапаттауға және көтермелеуге дайындау;
- 10-11 сыныптарда «Химия», «Физика», «Биология» және «Информатика» оқу пәндері бойынша білім беру ұйымының ағылшын тіліне оқуға көшуі;
- экстернаттық оқыту түрінде білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауға жіберу, өткізу;
- зияткерлік, ғылыми, спорттық жарыстарға, музыкалық-шығармашылық конкурстарға қатысатын білім алушыларға арнап жеке жұмыстар ұйымдастыру;
- сабақ кестелерін келісу;
- білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) қабылдау, ауыстыру және мектепті бітіруі;
- білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) эмоционалдық-еркін және тұлғалық дамуын зерттеу сияқты мәселелерді қарастырады.

Қазіргі таңда педагогикалық кеңестерге жүктемесі төмендетілген ҮОЖ таңдауда, топтарға бөлу мәселелері, жоғары сыныптарда физика, химия, биология, информатика пәндерін ағылшын тілінде оқыту және білім беру ұйымдары қызметінің басқа да мәселелері бойынша өздігінен шешім қабылдауға мүмкіндік беретін академиялық еркіндік беріледі.

Білім алушылардың жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі

2019-2020 оқу жылында критериалды бағалау жүйесі 1, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10-сыныптарда жүзеге асырылады.

Критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы бағалауды және ішкі жиынтық бағалауды қамтиды.

Критериалды бағалау білім алушылардың өз әрекетін бақылау және бағалай білу, функционалдық сауаттылығын және кең спектрлі дағдыларын қалыптастырудағы оқыту процесінде туындайтын қиындықтардың себептерін анықтау және жоя білу қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім алушыларға дер кезінде қолдау көрсету, оқытудағы алға басуын көрсету, оқыту нәтижесі бойынша ата-аналарын хабардар ету мақсатында әрбір сабақта бағалау элементтерін қолдану ұсынылады.

Бағалау жүйесі балаларды оқуда табысқа жетуге ынталандырады, білімдегі кемшіліктерді анықтауға және олардың жетістіктерін көрнекі түрде көрсетуге бағыттайды. Білім алушы мен мұғалім жеке және бірлесіп одан әрі даму үшін алдағы іс-әрекеттердің жоспарын әзірлей алады.

Критериалды бағалау білім алушылардың дағдыларын дамыту деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Әр сабақ оқу мақсаттарын айту/көрсету мен оған жетудің критерийлерін таныстырудан басталуы керек. Білім алушы қойылған оқыту мақсаттарын түсінуге, оны ой елегінен өткізіп, оған қалай жету керектігін білуі қажет.

Критериалды бағалау технологиясы білім алушылардың жетістіктерін оқу материалын қалай игергенін, практикалық дағды қалай қалыптасқанын анықтауға мүмкіндік беретін, нақты анықталған, алдын ала танылған критерийлермен салыстыруға негізделген.

Әрбір білім алушы дайындығының жалпы деңгейіндегі өзгерістерді де, бұрынғы жетістіктерімен салыстырғанда оның жетістіктерінің динамикасын да

атап өту маңызды.

Мұғалімге мақсатқа бағытталған белсенділікті, бастамашылықты, мақсатқа жетудегі дербестікті ұстану маңызды.

Бағалау жүйесі ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізуді қарастырады. Білім алушылардың ата-аналарына бағалау жүйесінің мақсаты мен негізгі принциптері түсіндіріледі, ата-аналарға арналған практикалық тренинг немесе мастер-класс өткізіледі.

Жиынтық бағалаудың қорытындылары білім алушыларға, ата-аналарға немесе баланың заңды өкіліне қағаз/электронды форматта ұсынылады.

Мұғалім бағалауды мұғалімдерге, ата-аналар мен білім алушыларға көмек ретінде әзірленген нормативтік-құқықтық актілер мен әдістемелік материалдарға сәйкес өткізуі тиіс:

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 272 бұйрығы;

– «2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат;

– Жаңартылған білім беру мазмұны аясында орта мектептерге арналған критериалды бағалауды құжаттандыру және рәсімдеу бойынша нұсқаулық;

– Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық;

– Негізгі және орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық: оқу-әдістемелік құрал;

– Сыныптар, пәндер мен тілдер бөлінісінде қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы;

– Сыныптар, пәндер мен тілдер бөлінісінде жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар жинағы;

– Сыныптар, пәндер мен тілдер бөлінісінде жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсынымдама.

Әдістемелік құралдарды **nao.kz, smk.edu.kz** сайттарынан таба аласыздар.

Мұғалім:

- бағалау үшін оқыту мақсаттарының тізбесін анықтауы;
- бағалау деңгейлерін анықтауы (Блум таксономиясына сәйкес);
- бағалау критерийлерін әзірлеуі (оқыту мақсаттарына сәйкес) немесе «НЗМ» ДББҰ әзірлеген критерийлерді қолдануы;
- білім алушылардың санын және кері байланыс беру жиілігін анықтауы;
- үйде оқитын білім алушылар үшін үйде оқыту жүктемесін және оқытылған оқу материалын ескере отырып, сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлеуі;
- сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолдану, сондай-ақ

ерекше білім алу қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізуі керек.

Мұғалім білім алушылардың бөлім/тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстарын тексеруде және қорытынды балдарын қоюда, соның ішінде оқу тапсырмаларының шарттарын белгілеуде **түзетілген жерлерді ескеруге болмайтынын** білуі тиіс.

Білім алушылар мен педагогтердің портфолиосын жүргізу міндетті емес.

Назар аударыңыздар! Білім берудің барлық деңгейлерінде жұмыс дәптерлерін пайдалану міндетті емес.

Оқу жылының қорытындылары бойынша аралық аттестация өткізілмейді.

Бағалау барысында мұғалімге бірқатар негізгі нұсқауларды ескерген жөн:

1. Білім алушылар бағалау процесіне белсенді қатысады, соның ішінде, үнемі өзін-өзі бағалау жұмыстарын өткізеді.

2. Білім алушының жеке тұлғасы емес, жұмысы ғана бағаланады;

3. Білім алушының жұмысы басқа білім алушылардың жұмыстарымен емес, тек жақсы орындалған жұмыс үлгісімен салыстырылады.

4. тапсырмалардың әртүрлі формалары мен түрлері қолданылады және мінсіз орындаған тапсырмалардың нақты және айқын сипаттамалары әзірленеді;

5. Бағалау критерийлерінің білім алушыларға алдын ала белгілі болады;

6. Өзін-өзі бағалау білім алушылардың тұлғасын дамытудың міндетті шарты ретіндегі білім алушылардың рефлексиясын да көрсетеді;

7. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін бөлім бойынша жиынтық бағалаудың (БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың (ТЖБ) оқу тапсырмаларына өтілген (меңгерілген) оқу мақсаттары енгізілуі тиіс. Оқыту критерийлері оқыту мақсаттарына сай болуы тиіс.

Оқыту мақсаттарының құрылымында білім алушылардың іс-әрекеттері көрсетілген: байқау, талдау жасау, салыстыру, маңызды белгілерді бөлу, тану, анықтау, үлгілеу, түсіндіру және т.б.

Нәтижелерді бағалау критерийлері білім алушыларға дайындық деңгейінің мұғалім ұсынған талаптарына сәйкес екендігін белгілеуге, мұғалімге оқыту процесіне түзетулер енгізуге, жұмыс күрделілігінің деңгейін дұрыс таңдауға мүмкіндік береді.

8. Оқу жетістіктерін тексеру немесе өздігінен тексеруге арналған критерийлерді білім алушылармен бірлесіп әзірлеуге болады.

9. Сабақ барысында білім алушылардың оқу жетістіктерін өздері бағалауын ұйымдастыруды ойластыру және оқу тапсырмаларын таңдау маңызды.

10. Мұғалімге сабақта білім алушылардың өздерінің бағалауларын салыстыру үшін мүмкіндік беру, өз қателіктерінің себебін табу үшін рефлексия ұйымдастыру ұсынылады.

Мұғалім білім алушылардың оқу жетістіктерінің бағалау критерийлерін өзі таңдап, әзірлей алады.

1. Диагностикалық құралдар тек бақылауды, диагностиканы ғана емес, сондай-ақ оқыту мен тәрбиелеу функцияларын орындайтын тапсырмаларды қамтуы керек, яғни:

- тапсырмалар білім алушыға белгілі бір жаңа ақпаратты бере алады, мәселен: *«Мәтінді пайдаланып, Арал теңізінің түбі біртіндеп тұз шөліне айналатынын түсіндіріңіз? (4 сөйлемнен көп болмауы тиіс)»;*

- тапсырмалар білім алушылардың жаңа сұлбаларды жасауын болжайды, мысалы, *«Есепті шаманың бірнеше арақатынасына қалыптастырыңыз («көп» немесе «аз» байланыстарын қолдана отырып) және оны шешіңдер».*

2. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қарай мұғалім қалыптастырушы бағалау шеңберінде белгілі бір уақыт аралығында аралық нәтижелерге қол жеткізуді жорамалдай алады.

Критериалды бағалау құралдары

Мұғалімнің ауызша бағалауы белгілі бір оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін көтермелеумен байланысты болуы керек. Баланың бүгінгі жетістіктерін оның кешегі болған жетістіктерімен салыстыру қажет.

Негативті баға білім алушының ынтасына, жауапкершілігіне, табандылығына ғана қатысты болуы мүмкін. Мұғалімге классикалық сөздермен тоқтап қалмай, сөздік бағалау қорын толықтыру қажет. Білім алушының оқу жетістіктеріне қатысты өзінің эмоционалдық қатынасын, уайымын көрсету қажет. «Бүгін сенде кешегіге қарағанда, өте жақсы шықты», «сенің бұл алгоритмді түсінгеніңе қуаныштымын», «Сенің пікірің қызықты» (болжам, жорамал), «Қандай тамаша идея, оқулықтың авторы бұл туралы әлі ойламаған», «Есептеу өте қиын болды, бірақ сен алғашқы екі іс-әрекеттерді орындап шықтың», «Сен тапсырмалардың жартысын дұрыс орындадың, келесі жолы барлығын өзің жасай аласың», «Сен өте тырыстың және сенде барлығы міндетті түрде орындалады, осылай жалғастыра бер».

Мұғалім келесі қағидаларды басшылыққа алуы мүмкін:

- білім алушыны бірден мақтаңыз, тіпті болмашы нәтижеге қол жеткізгеннен кейін де мақтаған жөн;

- білім алушынының жеке қасиеттерін емес, оның оқу жетістіктерін мақтаңыз;

- оның қол жеткізген нәтижесіне риза екеніңізді айтыңыз.

Баланы шын мәнінде не үшін мақтауға болатынын атап өту маңызды, содан кейін жаңа міндет қоюға болады.

Мұғалім білім алушының кемшіліктерін оң мақсаттарға қайта пайымдауды үйренуі керек.

Мұғалім білім алушыларға өзара әрекеттестіктің, конструктивті қарым-қатынастың және оң/жағымды бағалаудың үлгісін көрсетуі керек.

Жазбаша кері байланыс, рубрика білім алушының белгілі бір кезеңдегі жетістіктерінің нәтижелеріне сипаттама болып табылады. Мұғалім онда білім алушының табыстарын сипаттайды, қажетті ұсыныстар береді.

Айдарлар үлгілерін мұғалім қалыптастырушы бағалау бойынша кері байланыс беру үшін оқытудың барлық мақсаттарымен құрастыра алады.

Білім алушылар мен ата-аналарды барлық оқу кезеңінде оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі туралы түсінуді қамтамасыз ету маңызды, бұл толтыруға қосымша уақытты қажет етпейтін электрондық нұсқада дайындалған айдарларды ұсыну арқылы мүмкін болады, ал білім алушының оқу материалын меңгерудегі бағалау сипаттамаларының, жетістіктері мен проблемаларының барлық спектрін қамтиды.

Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқу мақсаттарындағы жетістіктеріне мониторинг өткізу үшін және сабақта сараланған жұмысты одан әрі тізіп қою, соның ішінде орындалған үй жұмысының қорытындысы және педагогтің жазбаша түріндегі (дәптерлеріне немесе күнделіктеріне) немесе ауызша ұсыныстарына мониторинг өткізу үшін жүргізіледі.

Бақылау - қалыптастырушы бағалау түрінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бақылаудың формальды және формальды емес түрлері бар. Формальды емес бақылау барлық уақытта сабақтарда арнайы фокуссыз-ақ жүреді. Формальды бақылау - мұғалім қандай да бір дағдылардың қаншалықты дамығанын көруге мақсат қояды.

Кері байланыстың формаларын, түрлерін мұғалім пайдалана отырып, өз қалауы бойынша таңдайды. Бұл ретте кері байланысты ұсынудың оң және дұрыс/сыпайы сипатына назар аударған жөн.

3-кестеде оқу бағдарламасына енгізілген ойлау дағдыларының деңгейлері, сондай-ақ қалыптастырушы және жиынтық бағалау кезінде бағалану қажет даму немесе қалыптасқандығы дәрежесі ұсынылған.

3-кесте. Блум таксономиясы бойынша ойлау қызметінің деңгейлері

Дағдылар	**Сипаттама**
Білу	Нақты дәлелдерді, ақпараттарды және олардың сипаттамаларын білу және еске түсіру
Түсіну	Дұрыс есінде жаңғырту арқылы түсінуін, болжамы немесе ақпаратты интерпретациялауды көрсету
Қолдану	Ақпаратты және бұрын алынған білімді жаңа немесе таныс емес жағдаятта немесе контексте қолдану және пайдалану
Талдау	Ақпараттық материалды құрамдас бөліктерге бөлу қабілетін көрсету, себептерді немесе мотивтерді, ой-тұжырымдарды анықтау жолымен әртүрлі қорытынды алу үшін ақпаратты зерттеу, және/немесе жалпы ереже-қағидаларды негіздеу үшін дәлелдеме табу.
Синтез	Жаңа контексте бұрын алынған білімнің әртүрлі бөліктерін қайта құру қабілетін көрсету
Бағалау	Белгілі бір критерийлер бойынша идеялар немесе фактілердің маңыздылығы туралы ой-пікір қалыптастыру

Білім алушылардың дайындық деңгейі әрбір білім беру ерекшелігін ескере отырып жобаланған, күтілетін оқыту нәтижелері арқылы анықталады.

Төменде берілген ойлау дағдыларының барлық деңгейлерін дамыту

бойынша күтілетін нәтижелерді анықтау үшін қолданылатын етістіктердің кестесі мұғалімге бағалау критерийлерін құрастыруда көмектеседі (4-кесте).

4-кесте. Блум бойынша ойлау дағдыларының деңгейі таксономиясы

Р/с	**Ойлау дағдыларының деңгейі**	**Ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес келетін етістіктер тізбесі**
1	**Білу**	Санап шығу, есте сақтау, айту, көрсету, қайталау, аяқтау, жаңғырту, әңгімелеу, еске түсіру және т. б.
2	**Түсіну**	Талқылау, айқындау-анықтау, әңгімелеу, түсіндіру, сұрау, тұжырымдау, түрлендіру, көрсету және т. б.
3	**Қолдану**	Қолдану, есептеу, өзгерту, таңдау, жіктеу, аяқтау, көрсету, табу, сахналау, іске қосу, зерттеу, эксперимент өткізу, иллюстрациялау - безендіру, түсіндіріп беру, әрекет жасау, аздап жаттықтыру, ара қатынасын белгілеу, жоспарлау, көрсету, нобайын жасау, шешу, пайдалану және т.б.
4	**Талдау**	Талдау, топтастыру, есептеу, категориялау, жіктеу, салыстыру, байланыстыру, қарсы қою, талқылау, ажырату, зерттеу, тәжірибе жасау, түсіндіру, шығару, реттеу, күмәндану, анықтау, таңдау, бөлу, тексеру және т. б.
5	**Синтез**	Топтастыру, жинау, комбинациялау/ араластыру, құрау, құру, жасау, әзірлеу, тұжырымдау, қорыту, біріктіру, ойлап табу, өзгерту-модификациялау, ұйымдастыру, жоспарлау, дайындау, ұсыну, қайта топтау, көшіріп жазу, орнату, анықтап алу және т.б.
6	**Бағалау**	Дәлелдеу, таңдау, салыстыру, қорытынды жасау, , сендіру, дәйектеу, шешу, негіздеу, түсіндіру, өлшеу,, алдын ала болжау, реті бойынша бөлу, ұсыну-ұсыныс жасау, бөліп/атап көрсету, жинақтау, қолдау, тексеру, бағалау, кеңес беру, экспертиза жасау, рецензиялау, зерттеу, алып шығу.

Мұғалім білім алушылармен бірлесіп оқыту мақсаттарына жетудегі табыс критерийлерін талқылай алады және қажет болған жағдайда оларды толықтырады.

Қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім бағалауда жеке тәсілдемені ескеруі тиіс. Егер мұғалім кейбір білім алушыларға қандай да бір дағдысын дамыту үшін көп уақыт қажет екенін көрген болса, бұл оқу мақсатын басқаша бағалауға және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін әзірлеу кезінде түзетулер енгізуге шешім қабылдауы керек.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың тапсырмаларын мұғалімдер өздігінен әзірлейді. Қалыптастырушы бағалау бойынша есеп беру құжаты болуының қажеттілігі жоқ.

Қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалімнің өзі білім алушылардың санын және кері байланыс жиілігін анықтайды.

Қалыптастырушы бағалаудың нәтижелерін тіркеу формасын мұғалім өзі (сандық, графикалық, балдық) дербес анықтайды. Қалыптастырушы бағалау

нәтижелері мұғалімнің есептік құжаты болып табылмайды.

БІЛУ МАҢЫЗДЫ!

Критериалды бағалау рәсімдері бойынша нұсқаулық

1. Критериалды бағалау жүйесінің принциптері, рәсімдері және құралдары

1.1 Критериалды бағалау жүйесінің принциптері

1.1.1 Критериалды бағалау жүйесі мынадай принциптерге негізделеді:

• **Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы.** Бағалау оқу бағдарламасындағы мақсаттармен және күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады.

• **Объективтілік, нақтылық және валидтілік.** Бағалау нақты және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлер мен құралдардың оқу мақсаттарына және күтілетін нәтижелерге жетуді бағалайтынына сенімділік бар.

• **Анықтық және қолжетімділік.** Бағалау түсінікті және ашық ақпарат береді, білім беру процесінің барлық қатысушыларының қызығушылығы мен жауапкершілігін арттырады.

• **Үздіксіздік.** Бағалау білім алушылардың оқу жетістіктерінің прогресін уақытылы және жүйелі түрде қадағалауға мүмкіндік беретін үздіксіз процесс болып табылады.

• **Дамуға бағыттылық**. Бағалау білім беру жүйесін, мектепті, мұғалімдер мен әр оқушының даму бағытын анықтайды және ынталандырады.

Білім алушының жеке қасиеттері емес, оқу іс-әрекетінің нәтижелері мен олардың қалыптасу процесі ғана бағалануы мүмкін екенін түсіну маңызды.

Бағалаудың негізгі критерийлері жоспарланған нәтижелер болып табылады. Бұл ретте бағалау нормалары мен критерийлері, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (БЖБ мен ТЖБ) нәтижелерін қою алгоритмі мұғалімдерге және білім алушыларға алдын ала белгілі болуы тиіс.

Бағалау жүйесі білім алушылардың өзін-өзі бағалау және өзара бағалау дағдыларын меңгере отырып, бағалау қызметіне қатысатындай етіп құрылады.

1.2 Критериалды бағалау жүйесінің рәсімдері

Критериалды бағалау білім алушы өз жетістіктері мен сәтсіздіктері туралы ақпарат алған кезде тұрақты кері байланысты болжайды. Бұл ретте мұғалім білім алушылардың санын және кері байланыс жиілігін дербес анықтайды. Тіпті аралық жұмыстың қанағаттанғысыз нәтижелері білім алушылардың нәтижелерін жақсарту үшін ұсынымдық сипатта болуы тиіс.

1.2.1 Мұғалім тоқсан бойы өткізілетін бағалауды алдын ала жоспарлауы және бағалау үшін оқытудың нақты нәтижелерінің (оқу мақсатының) тізбесін анықтауы тиіс.

1.2.2 Қандай да бір оқу мақсатына қол жеткізу қорытындылары бойынша

балл қою білім алушылар үшін түсінікті болуы және оқу уәждемесін арттыруға ықпал етуі тиіс.

1.2.3 Қалыптастырушы бағалауды қолдану оқушылардың жұмысын тексеру нәтижелері бойынша мұғалім сабақтағы жұмыстың мазмұны мен дұрыстығы туралы жазбаша немесе ауызша пікірлер қолданатынын білдіреді.

Сабақта білім алушыларды кері байланыспен қамту және саны бойынша нормалар жоқ. Мұғалім кері байланысты берудің формасын, мазмұнын және жиілігін дербес анықтайды.

1.2.4 Білім алушылардың үй тапсырмасын мұғалім жазбаша түрде (дәптерде және/немесе күнделікде) немесе ауызша тексереді және түсіндіреді.

1.2.5 Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары сабақ барысында өткізіледі және басып шығаруды және одан әрі сақтауды қажет етпейді.

1.2.6 Білім алушының орындалған жұмысының нәтижесі немесе түсініктемесі дәптерге мұғалімнің таңдауына кез келген түсті қаламмен қойылады.

1.2.7 Мұғалім қалыптастырушы және жиынтық бағалау қорытындысы бойынша: а) жеке алынған білім алушы деңгейінде; ә) сынып/параллель деңгейінде алынған мәліметтерді талдайды. Қалыптастырушы бағалау қорытындысы білім алушылармен талқыланады.

1.2.8 Мұғалім білім алушылардың жиынтық жұмыстарының нәтижелерін бір оқу жылы ішінде жинайды және сақтайды.

1.2.9 Мұғалім білім алушылардың жиынтық бағалау нәтижелерін балл түрінде журналға (қағаз/электрондық) қояды, балдарды ауыстыру шкаласы бойынша тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады.

1.2.10 Бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып-үйренгеннен кейін жиынтық бағалау бір пән бойынша тоқсан сайын үш реттен артық жүргізілмейді.

1.2.11 Бір тоқсанда үш және одан да көп бөлімдер (ортақ тақырыптар) оқылған жағдайда, мұғалім өздігінен оқу мақсаттарының саны мен тақырыптарының ерекшелігін ескере отырып, бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) біріктіреді.

1.2.13 Бір бөлімді (ортақ тақырыптарды) оқыған жағдайда ТБЖ-ның ширегінде тоқсанның екінші жартысында бір рет, тоқсанның соңына дейін кемінде екі апта бұрын өткізіледі. ТБЖ-ны екі бөлікке бөлуге және екі ТБЖ түрінде жүргізуге жол беріледі.

1.2.14 БЖБ мен ТЖБ тапсырмаларын мұғалімдер сыныптағы білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып өздігінен құрастырады. Басты талап - пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкестігі. Үлгі үшін ұсынылған БЖБ мен ТЖБ тапсырмаларын пайдалануға жол берілмейді.

1.2.15 Жылдық жиынтық бағалау немесе оқу жылының қорытындысы бойынша аралық аттестаттау өткізілмейді.

1.3 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау

Оқыту барысында мұғалім ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке жоспарды қолдана алады, дифференциалды және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлей алады, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының ерекшеліктерін ескере отырып, бағалау критерийлеріне

(қалыптастырушы және жиынтық бағалау) өзгерістер енгізе алады.

Критериалды бағалау сұрақтары бойынша келесі дереккөздерге жүгінуге болады:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидалары (2018 жылғы 09 ақпандағы № 47 бұйрықпен өзгерістер енгізілген).

2. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 272 бұйрығы.

3. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал. «НЗМ» ДББҰ, 2016

4. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ жүйелік-әдістемелік кешен http://smk.edu.kz

5. Критериалды бағалау бойынша әдістемелік әзірлемелерді Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА сайтының «Білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. Әдістемелік құрал» бөлімінен табуға болады: **https://www.nao.kz**

6. Онлайн курс «Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі» https://academia.kz/ru/course/1

Назар аударыңыздар!

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру және «Орта білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің жекелеген санаттарының жүргізуі үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 32 бұйрығымен мұғалімнің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында төмендегідей құжаттарды жүргізу белгіленді:

- сынып журналы;
- тақырыптық-күнтізбелік жоспар;
- күнделікті жоспарлар (қысқамерзімді жоспар);
- критериалды бағалау бойынша құжаттар (қалыптастырушы және жиынтық бағалау);
- білім алушылардың күнделігі.

Сынып журналы әр мұғалім үшін міндетті түрде жүргізілетін **қатаң есептегі құжат болып табылады.**

Сынып журналы білім беру ұйымын электрондық жүйеге қосқан кезде тек электронды форматта толтырылады, оны қағаз түрінде толтыруға жол

берілмейді.

«Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі бұйрығының 23-тармағына сәйкес білім алушылардың жиынтық бағалау нәтижелері балл түрінде журналға (қағаз/электрондық) қойылады және балдарды ауыстыру шкаласы бойынша тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады.

Оқу жылы ішінде білім алушыны бір мектептен бір мектепке ауыстырған кезде оның жиынтық бағалау нәтижелері электрондық (қағаз) журналынан үзіндімен ресімделеді, директордың қолымен, мектептің мөрімен куәландырылады және білім алушының жеке ісімен бірге беріледі (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 9 ақпандағы № 47 бұйрығы редакциясында).

Оқу жылында тоқсанның қорытындысы бойынша электрондық журнал басып шығарылмайды, білім беру ұйымдарында электрондық журналды электрондық тасымалдағышта (флеш, диск) сақтау көзделуге тиіс.

Электрондық журналды жүргізу жөніндегі қызметтерді қамтамасыз ететін компания электрондық журналды мұрағаттық сақтауды және нормативтік құжаттар мен істер номенклатурасында белгіленген уақыт көлемінде "қарау" режимінде қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

Табельдер оқу жылы аяқталғаннан кейін бір рет басып шығарылады. Ата-аналардың әр тоқсан аяқталғаннан кейін табельді қарауға мүмкіндігі болуы тиіс.

Білім алушылар мектептен кеткен жағдайда табель қажеттілігіне қарай басып шығарылады.

БІЛУ МАҢЫЗДЫ!

Электронды журналды жүргізу

1. «Kundelik.kz» электрондық журналы

Kundelik.kz – сынып журналы мен күнделікті, сонымен қатар электронды құжат айналымының мүмкіндіктерін білім беру жүйесінің барлық қатысушылары арасындағы желілік өзара қарым-қатынастың құралымен

біріктіретін интернет-портал.

«Күнделік» журналы тегін болып табылады. Kundelik.kz сайтын қолданғаны үшін абоненттік төлем алынған емес және алынбайды.

Ата-аналарға Kundelik.kz сайтында өзінің логині мен құпия сөзі арқылы «Балалар» - «Күнделік» бөліміндегі өз баласының электронды күнделігіне кіріп, бағалары мен үй тапсырмаларын білуге үнемі тегін мүмкіндік беріледі. Сайтты пайдаланғаны үшін мектептен де ешқандай төлем алынбайды.

Тұтынушы мәліметтерін қорғауға қатысты ақпарат. Kundelik.kz сайты және тұтынушылардың барлық мәліметтері «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі» ММ бекітілген және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ мемлекеттік ақпараттық жүйелер операторына тиесілі ақпараттық-есептеу ресурстарында, яғни Қазақстан Республикасының аумағында жабық қорғалған мерзім орталығында орналастырылады. Тұтынушылар мәліметтері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тікелей жүргізуінде болады. Kundelik.kz жүйесіне кіру жабық болғандықтан, ешбір деректер қолжетімді емес. Күнделік.kz ішінде әлеуметтік желі бар. Бұл байланыстың заманауи құралы, соның арқасында тұтынушылар жүйе ішінде бір бірімен қарым-қатынас жасай алады. Бұл әлеуметтік желіде басқа әлеуметтік желілер сияқты анонимді тұлғалар өз бетімен тіркеле алмайды. Әр тұтынушыны мектеп тіркейді.

Сондықтан, Күнделік желісіне балаларға қауіп төндіретін анонимді тұлғалар кіре алмайды, ондай тұтынушы бірден анықталып, оған тосқауыл қойылады.

Бұдан басқа, әрбір тұтынушы өз бейінінде, мәліметтері ешкімге көрінбейтін, қызметтерді таңдап ала алады. Бұл Kundelik.kz-ті жасөспірімдердің қарым-қатынас жасау үшін ең қауіпсіз білім алу ортасына айналдырады.

Тіркелу үшін тұтынушының ЖСН-інің болуы міндетті емес. Ата-аналарға тіркелу үшін тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін және жынысын хабарлауы қажет болады. Басқа деректер міндетті емес және тіркелу үшін талап етілмейді. Ата-аналардың тіркелуі өз қалауы бойынша іске асады, себебі, үлгерім туралы ақпаратпен қатар, ата-ана, мұғалімдер және мектеп әкімшілігінен жеке хабарлама да ала алады.

Осындай жолмен, ата-аналар мен педагогтер арасында тікелей онлайн коммуникация орнатылады. Сонымен қатар, келешекте, мысалы, Ата-аналар кеңесі және т.б. ата-аналарға арналған ақпараттық бөлімдер қосылады.

«Kundelik.kz» жүйесінде жыл басында бір-ақ рет таңдап алынатын журналдың екі түрі бар, олар – жаңартылған мазмұнға кірген 1-10-сыныптарға арналған «Критериалды бағалау журналы» және 11-сыныптарға арналған «Классикалық журнал».

Жиынтық бағалау журналында оқу бағдарламасы бөлімдері үшін жиынтық бағалаудың ең жоғарғы санын қою және ең жоғарғы балл көрсетілген баған қарастырылған.

Егер оқу бағдарламасының бөлімдері аз болса (мысалы 2 бірлік), онда 2 артық жиынтық жұмыстарының ең жоғарғы балын көрсету қажет емес.

Жиынтық бағалау журналына:

• бөлім бойынша әр жиынтық жұмысының (БЖБ) балы – жиналған балдардың сомасы мен оқу жетістіктерінің тиісті деңгейі;

• оқу кезеңінің жиынтық жұмыстары (ТЖБ) бойынша балы – ерекшеліктерге сәйкес жиналған балдардың сомасы;

• оқу кезеңі бойынша баға - оқу кезеңінің ішінде барлық жиынтық жұмыстарға белгілі бір пайыздық арақатынасында берілген балдар сомасы;

• жылдық баға – шкалаға сәйкес барлық оқу кезеңі бойынша ықтимал ең жоғарғы балға жиналған соманың пайыздық арақатынасы.

Пайыздарды шығару үшін балды енгізген кезде браузер парақшасын жаңарту керек: парақшада «Ctrl+F5» пернесінің комбинациясын басу керек.

Егер балды түзету немесе жою қажет болса, онда курсорды қажетті балға қойып, түзету немесе жою, содан кейін пернетақтадағы «Enter»-ді басу керек. Егер қателесіп басқа бөлім толтырылатын болса, онда алдымен балдарды жойып, содан кейін ғана ең жоғарғы балды жоюға тура келеді.

Жиынтық бағалауды қою үшін алдымен «Ең жоғарғы балды», содан кейін БЖБ-лар мен ТЖБ-ларды қою керек. 1-сыныптарда БЖБ-лар мен ТЖБ-ларды тек 3-4-тоқсандарда қою қажет.

Жаңа оқу жылында электрондық журналға үй тапсырмасы және айдарлармен жұмыс істеу кезінде педагогтерге көмек ретінде Күнделік жүйесінің функционалын пайдалану, сондай-ақ электрондық журнал жүргізу және үйде оқитын балаларға арналған сабақ кестесін құру, кері байланыстың ауызша түсініктеме беру құралдарын пайдалану бойынша ұсыныстар енгізілді.

Түсіндіру жұмыстары мақсатында мұғалімдер, ата-аналар мен білім алушылар тарапынан жиі қойылатын сұрақтар сараланды.

Қалай тіркелуге болады? Жүйеге қалай кіруге болады?

Білім алушылар мен ата-аналарға тіркелуге арналған логин және құпия сөз алу үшін мектептегі мәліметтерді Жүйеге енгізуге жауапты тұлға, яғни әкімші болып табылатын қызметкерге хабарласу қажет. Егер әкімші туралы ақпарат болмаған жағдайда мәліметтерді алу үшін сынып жетекшісіне хабарласуға болады.

Не үшін профильді баптауда өз тегі, аты-жөнін өзгертуге болмайды және қажет болған жағдайда оларды қалай өзгертуге болады?

Тұтынушылардың тегі, аты-жөнін, туған күнін және жынысын редакциялау құқығының болмауы жоғары тұрған инстанцияға ұсыну үшін «Kundelik.kz» ААЖ көмегімен білім алушылар, ата-аналар және мұғалімдер туралы деректерді автоматты түрде жинауға негізделген. Білім беру саласындағы электронды құжат айналымының мәні осында. Берілген ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету үшін жеке мәліметтерді редакциялауға тек келесі мектеп әкімшілігінің ғана құқықтары бар: • әкімші; • сынып жетекшісі.

Бағаларды, үй тапсырмасын және сабақ кестесін қалай көруге болады?

Білім алушы оқу ақпараттарына өту үшін экранның жоғарғы жағындағы

навигациялық жолақтан «Білім беру» - «Күнделік» бөлімін таңдауы қажет. Ата-аналар үшін сол навигациялық жолақта «Балалар» бөлімі бар. Берілген сілтемені басқанда ол барлық мәліметтер жиналған бетке түседі. «Күнделік» сілтемесі бойынша: күнделік (ағымдағы аптаның әдеттегі қалпы бойынша сабақ, баға және үй тапсырмасы жөніндегі ақпараттар); сабақта оқытылған және үйге берілген тапсырма.

«Мұғалім жазбалары» бағаны жекелеген білім алушылардың мінез-құлықтары мен олардың жетістіктері немесе оқу барысында артта қалуы туралы ескертпелер жазу мақсатына қызмет етеді.

Білім алушылардың бөлімдер/ортақ тақырыптардың жиынтық бағалау қорытындылары бойынша балдары аталған жұмыс өткізілгеннен кейін екі күнтізбелік күн ішінде журнал бағанына қойылады.

Үй тапсырмасына «Үй тапсырмасы» бөлімінде қолжетімді, ал қоңырау және сабақ кестесін «Сабақ кестесі» бөлімінен табуға болады.

Мұғалімдердің, білім алушылардың және олардың ата-аналарының деректерін қалай жаппай жүйеге енгізуге болады?

Мектеп профилін толтыру кезінде қызметкерлер уақытын үнемдеу үшін жүйеде мұғалімдердің, білім алушылардың және олардың ата-аналарының деректерін импорттауға болады. Қажетті шаблондары бар адамдарды импорттау жөніндегі нұсқаулықты қолдау қызметі порталынан табуға болады.

Бағалардың жиі сақталмай жоғалып кетуіне байланысты мұғалімге бағаны қайта қоюына тура келеді. Ол жағдайда не істеу керек?

Журналдағы бағаның жоғалып кетуінің бірнеше себептері бар:

*журналда әкімші, пән мұғалімі, мұғалім-редактор немесе сынып жетекшісінің бағаны әдейі немесе кездейсоқ нүктелі жоюы себеп болды;

* әкімшінің әдейі немесе кездейсоқ кестені жоюы себеп болды;

* бағаларды қоюда Internet Explorer браузері қолданылды (қолданылмайтын нұсқа).

* бағалау жүйесі күшпен өзгертілді.

Осыған ұқсас жағдайларды болдырмау мақсатында үштен артық қызметкердің әкімшілік құқығын көрсетпеу ұсынылатындығын еске саламыз.

Кесте генераторы бойынша сұрақтар.

Кестені түзету және топтарды қосқан кезде, сабақта нақты қандай шағын топтар қатысатындығын тексеру қажет. Егер, қателесіп басқа топты таңдаса, онда қойылған бағалар жоғалып кетеді.

Кестені ауыстыру немесе жаппай жариялау қажет емес. Егер бір пән бойынша ғана туындайтын болса, деректерді өзгерту қажет. Алдымен, енгізілген қатені анықтау керек. Егер кабинет, сабақтың нөмірі немесе мұғалім дұрыс көрсетілмесе, онда бағалар жоғалмайды. Егер қателік кіші топтың өзінде, болмаса пәнде болса, онда бағаларды көшіріп, экспорттап, содан кейін өзгерту керек.

Жүйеде жұмыс істеу үшін қандай браузерді пайдалану қажет? Арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату қажет пе?

Жоқ, Жүйеге кіру және жұмыс істеу қарапайым браузермен іске асады. Тұтынушыларға қолдау көрсету порталындағы «Ұсынылатын браузерлер»

мақаласында: жүйенің дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік беретін және қолдайтын браузерлер тізбесі бар.

Жеке білім беру ұйымдары «Күнделік» электрондық журналына қосыла алады. Бұл үшін басты сайтта https://kundelik.kz / қосылуға өтінім беру қажет. («ББҰ қосу» командасы).

Пайдалануға қатысты кез келген қиындықтар туындаған кезде Kundelik.kz пайдаланушыларды Қолдау қызметіне хабарласуға болады:

8 (727) 313-18-32 немесе team@kundelik.kz

Мектепішілік бақылау

Мектепішілік бақылау МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарларының, Үлгілік оқу бағдарламаларының, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлардың, білім алушылардың жеке істерінің және т.б. орындалуын тексеруді талап етеді.

Білім мазмұнына жаңартулар енгізуді ескере отырып, оқу процесін және мектепішілік бақылауды тиімді ұйымдастыру үшін жалпы білім беретін ұйымдардың әкімшілігіне төмендегідей нормативтер ұсынылады (5-кесте).

№ р/с	Бақылау нысандары	Норма
1	Сабаққа қатысу, бақылау және талдау	- айына 10-15 сабақ (директор орынбасарларына), -айына 8-10 сабақ (директор орынбасарларына) - мақсатына қарай сабаққа қатысу уақыты 15 минуттан 40 минутқа дейін созылады
2	Қысқа мерзімді жоспарлар мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды тексеру	жылына 2 рет
3	Сынып журналдарын тексеру	тоқсанда 1 рет
4	БЖБ және ТЖБ-ның орындалуын тексеру	тоқсанда 1 рет

Қажет болған жағдайда білім алушылар білімдерінің іріктемелі бақылау кесінділерін (срезов) жүргізуге рұқсат етіледі.

Сабаққа қатысу, бақылау және талдау бойынша нұсқаулық

Сабақты бақылау – білім алушылардың жұмысын, олардың жетістіктерін, білім алушылардың эмоционалдық және психологиялық көңіл-күйін, оқыту әдістемесін, білім беру үдерісін ұйымдастыруды бақылауға мүмкіндік беретін рәсім. Бақылау нәтижесіндегі жазбаларда мұғалімдер туралы пікірлер немесе

сын-пікірлер болмауы тиіс. Мәліметтерді жинаудың бұл әдісі сабақта білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған.

Бақылау түрлері:

- құрылымдалған
- жартылай құрылымдалған
- құрылымдалмаған
- транскрипт
- графикалық

Барлық сабақтардан кейін қатысқан сабақтарға бірлесіп талқылау жүргізу ұсынылады. Бақылаушының сабақты бақылау уақытының аралығы әртүрлі болуы мүмкін – бүкіл сабақ бойы, сабақтың жартысы немесе сабақтың аз ғана бөлігі. Ең бастысы, сабаққа қатысуды таңдап алған уақыт аралығында оқу бағдарламасының шеңберінде оқу мақсатын жүзеге асыру бойынша нақты қорытынды жасауға мүмкіндік болуы тиіс.

Сабаққа қатысқан кезде өте сыпайы және мейірімді болу керек. Егер сабақтың бірінші жартысын бақылау жоспарланған болса, онда уақытында келу, сіздің сабаққа қатысуыңыздың негізгі мақсатын түсіндіру маңызды. Мұғалім жұмыс жасайтын қысқа мерзімді сабақ жоспарымен танысуға болады.

Егер сабақтың екінші жартысын бақылау жоспарланған болса, онда сынып бөлмесіне кірген кезде сабақ барысына кедергі келтірмеуге тырысыңыз. Сабақ кезінде сынып бөлмесі қолайлы болса және бұл оқу процесіне кедергі келтірмесе, сынып ішінде қозғалуға болады.

Бақылаудың мақсаты сабақтың тиімділігін бағалау үшін мәліметтер жинау және негіздеме жасау болып табылатынын есте сақтау қажет.

Бақылау фокусы мұғалімнің қызметіне де, білім алушылардың қызметіне де бағытталған, себебі білім алушылардың оқу бағдарламасы мен ресурстарды қабылдауы оны табысты енгізудің маңызды индикаторларының бірі болып табылады.

Ұсынылған сабақты бақылау парағын пайдалану ұсынылады (2-қосымша).

Сабақтың бақылау парағын қолдана отырып, төмендегі мәселелерді көрсету қажет:

1. Оқу мақсаттары сапалы оқытуға және жүйелі-іс-әрекет тәсілін жүзеге асыруға ықпал етті ме?
2. Сабақта кең ауқымды және жоғары деңгейдегі ойлау дағдылары дамыды ма?
3. Сабақта білім алушылардың іс-әрекеттері оқу мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етті ме?
4. Білім беру процесін ұйымдастырудың сапасы?
5. Білім алушылар жаңа нәрселерді үйренді ме?
6. Білім алушылар мұғалімнен кері байланыс ала ма және ол оқу процесінде оқушыларға қалай көмектеседі?
7. Қалыптастырушы бағалау тиімді пайдаланыла ма?
8. Қалыптастырушы бағалау білім алушылар үшін мотивация бола ала ма?
9. Қалыптастырушы бағалауды жүргізу кезінде мұғалім қолданатын

тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес келе ме?

10. Мұғалім қалыптастырушы бағалауда сараланған тапсырмаларды қолдана ма?

Сабақта педагогикалық әдіс-тәсілдерді, білім алушылардың оқу тапсырмаларын орындауын, мұғалімнің оқу материалын ұсыну форматын және мұғалім тарапынан білім алушыларға эмоциялық қолдау көрсетуді тіркеу қажет. Сабақты талдау кезінде мұғалімнің кәсібилігі мен біліктілігінің деңгейін атап өту маңызды.

Сабақты бақылау аяқталғаннан кейін бақылау қорытындысын бірден белгілеу ұсынылады. Сабақты көруге мүмкіндік бергені үшін мұғалімдерге алғыс айту керек.

Сабақты бақылаудан кейінгі рефлексия

1. Сабақты бақылау парағындағы барлық негізгі тұстарын талқылау басталғанға дейін белгілеу.

2. Сабаққа тікелей қатысқаннан кейін бақылауды белгілеуге болады.

3. Сабаққа қатысу қорытындысы бойынша талқылау өткізу. Талдауды сабақтың/сабақ үзіндісінің оң аспектілерінен бастау қажет, одан кейін келесі сабақтарға дайындалу кезінде ескеруді қажет ететін маңызды тұстарды атап өту қажет. Мұғалімнің жеке қасиеттеріне емес, сабақтың сәтті немесе керісінше, сәтсіз нәтижелерінің дәлелдемелеріне назар аудару қажет.

4. Маңызды бөлшектерді жіберіп алмау үшін талқылау кезінде барлық аталған тұстарды жазып отыру ұсынылады.

5. Талқылау кезінде мұғалімге кері байланыс беру үшін сабаққа айтылған негізгі түсініктемелерді анықтау қажет.

6. 1 сабақты немесе сабақтың фрагментін талқылау уақыты 15 минуттан аспайды, өйткені қатысқан барлық сабақтарды талқылау қажет.

7. Сабаққа қатысты кері байланыс барысында, ең алдымен, мұғалімге өтілген сабақ жөнінде не ойлайтынын, яғни сабақта ненің жақсы өткенін және тиімді оқыту үшін нені жақсартуға болатынын сұрау керек.

Мұғалім өз пікірін білдіргеннен кейін сабақтың оң сәттерінен бастап, жақсартуға болатын немесе жақсарту қажет болған сәттерді талқылау арқылы диалогті жалғастыра отырып, кері байланыс беру қажет.

Сабақтарды бақылау оқу пәндерін оқыту практикасын жақсарту, мұғалімнің кәсіби өсуі мен дамуы, сондай-ақ білім алушылардың білім сапасын арттыру үшін негіз болуы тиіс. Сабақтарды бақылау нәтижелері педагогикалық кеңестердің отырыстарында мезгіл-мезгіл тыңдалуға тиіс.

Назар аударыңыз! *Педагогтер олардың кәсіби қызметіне тән емес міндеттерге (пәтер және аула аралау, түлектерді ҰБТ пункттеріне жеткізу және т.б.) тартылмауы тиіс.*

Сондай-ақ Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы бойынша жалпы білім беретін мектептердің рейтингін өткізуге жол берілмейді.

Орта білім беру ұйымдары Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық үшін сынақ тестілеуін өткізуге қатыспайды, ал мұғалімдер мепктеп бітірушілерді ҰБТ тапсыру пункттеріне алып баруды және ҰБТ базасын толтыруды қамтамасыз етпейді.

Назар аударыңыз!

Әрбір педагог мұғалім мәртебесіне сәйкес болуы және педагогикалық әдеп қағидаларын Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының ережелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидалары мен нормаларына сәйкес сақтауы тиіс.

Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері педагогикалық әдептің жалпы қағидалары мен нормаларын басшылыққа алуға міндетті.

Педагогикалық этиканың негізгі принциптері:

- адалдық
- әділдік
- жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу
- жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтеу
- кәсіби ынтымақтастық
- кәсіби дамудың үздіксіздігі.

Ең алдымен педагог қызметкерлер өз қызметінде Қазақстан Республикасының педагог қызметкері жоғары атағының беделін түсіретін іс-әрекеттерді жасауға жол бермеуі тиіс, өзінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындай отырып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қолдануы тиіс, өзінің жеке мінез-құлқымен әділдік, адалдық және әділеттілік үлгілерін көрсетуі тиіс.

Педагог өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киім киюдің іскерлік стилін ұстауы маңызды.

Білім беру ұйымдарында, білім беру ұйымдарынан тыс, интернет-кеңістікте педагогтің мінез-құлық мәдениеті мұғалімнің жоғары атағына сәйкес болуы тиіс. Педагог педагогтің беделіне нұқсан келтіретін, педагогиканың принциптері мен талаптарына қайшы келетін мінез-құлыққа, оның ішінде интернет-кеңістіктегі мәліметтердің таралуына жол бермеуі тиіс.

Педагог кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жүйесінің органдарына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланы анықтау

фактілері туралы хабардар етуге міндетті.

Сондай-ақ педагог құқық қорғау органдарына кәмелетке толмағандардың қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер (әрекетсіздік) жасау фактілері туралы, сондай-ақ ұйымдардан тыс жерде кәсіби қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы хабарлауға тиіс;

Педагог ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес береді, оқыту мен тәрбиелеудегі ортақ жауапкершілік принциптерін түсіндіреді.

Назар аударыңыз! «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 61-бабы 2-тармағының 3- тармақшасына сәйкес **білім беру ұйымдарының қызметінде ашықтықты қамтамасыз ету бойынша халықты ақпараттандыру мақсатында б**ілім беру ұйымдарының басшылары Қамқоршылық кеңеспен бірге оқу жылының аяқталуы бойынша ата-аналардың, жұртшылықтың қатысуымен кездесулер өткізуді (қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпарат) қамтамасыз етуі қажет.

Сонымен қатар, 2019-2020 оқу жылында Білім беру ұйымдарының басшылары жеке ресми интернет-ресурстарда «Білім және ғылым ұйымдары қызметіндегі ашықтық қағидатын іске асыру туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығына қосымшаға сәйкес (өзгерістер енгізілген жағдайда) тарификация мен штаттық кестені жариялауды қамтамасыз етуі қажет.

Облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, қалаларының білім басқармаларының, сондай-ақ білім бөлімдерінің басшылары ата-аналар мен жұртшылықтың сұрақтарына белсенді жауап беру үшін Call-орталықтың жұмысын қамтамасыз етуі қажет.

Аталған материалдарды интернет-ресурстарда орналастыру мониторингін қамтамасыз ету көзделіп отыр.

2 МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОПТАРЫ МЕН СЫНЫПТАРЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2019-2020 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басым бағыттары:

- мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру;
- ерте жастағы балалардың дамуы;
- әлеуметтік дағдылар мен өзін-өзі оқыту дағдыларын дамыту;
- 4 К дағдыларын дамыту (креативтілікті, сыни ойлауды дамыту, тіл табысуға дайын және командада жұмыс істей білу).

Мектепке дейінгі дайындық білім беру жүйесінің бастапқы сатысы ретінде мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді, 5 жастағы балалардың интеллектуалдық және физикалық дамуы үшін жағдай жасайды.

Мектепке дейінгі дайындық міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады ("Білім туралы"ҚРЗ 30-бабының 2-тармағы). Мемлекеттік білім беру ұйымдарында мектепалды даярлық тегін болып табылады.

Мектепке дейінгі дайындық шеңберінде балаларда мектепке әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігері, физикалық және зияткерлік дайындығы қалыптасады.

Мектепке дейінгі дайындықтың негізгі міндеттері:

- балалардың мектепте оқуға сапалы дайындығын қамтамасыз ету.

Бұл міндет ұйымдастырылған оқу қызметін жүзеге асыру, еркін қызметті қалыптастыру арқылы іске асырылады (не істейді? не үшін жасайды? қалай жасайды?), өзін-өзі оқыту дағдыларын қолдану.

- мектепте оқуға ынтасын қалыптастыру.

Білімқұмарлықтың, шығармашылық белсенділіктің және қоршаған ортаға бейімділіктің, бастамашылдықтың дамуына ықпал ететін алған білім арқылы жүзеге асырылады.

- мектепке дейінгі жастағы балалардың ерте дамуы.

Мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында педагогикалық процесті жүзеге асырудың негізгі бағыттары

Білім беру процесі балаларды мектепте оқуға табысты дайындау үшін сапалы білім беру қызметтерін ұсынуға бағытталған.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін 2019-2020 оқу жылында келесі міндеттер анықталды:

- балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту;
- білім беру процесін жетілдіру;
- баланы тәрбиелеу және дамыту, оның ішінде инклюзивті білім беру мәселелерінде ата-аналарды қолдау;
- балаларды рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу.

Білім беру процесін жетілдіру;

2019-2020 оқу жылында меншік нысанына қарамастан мектепалды даярлық сыныптары мен топтарындағы тәрбие-білім беру процесінің мазмұны мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі-Стандарт) сәйкес қамтамасыз етіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына жас мерзімділігіне қатысты **өзгерістер енгізілді** (22 тармақтың 2 тармақшасы) :

- мектепалды жас: мектепалды топтар, сыныптар – 5 жастан бастап;

Білім беру процесі келесідей жүзеге асырылады:

- ортақ тақырыптар негізіндегі перспективалық жоспар;
- апталық циклограмма;
- диагностика негізіндегі мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды).

Перспективалық жоспар ортақ тақырыптар негізінде оқу жылына құрастырылады. Оны құрастырудың негізі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Типтік оқу бағдарламасы болып табылады.

Ортақ тақырыптарды таңдау кезінде педагог өңірлік ерекшеліктерге, балалардың жасына немесе білім беру ұйымының тақырыптық бағытына бағдарлана отырып, шығармашылық құзыреттілікті көрсетуі тиіс.

Жоспарланған ортақ тақырыптар, олардың саны мен сабақтастығы негізінде педагогикалық кеңесте қаралады және бекітіледі.

Болашақ жоспарға сәйкес әр апта сайын «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Социум» білім беру салаларының интеграциясы арқылы топтастырылған тақырыптар негізінде циклограмма құрастырылады.

Мектепалды даярлық тобы мен сыныбындағы **мониторинг** әр түрлі кезеңдердегі баланың даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-қимылдарының жоспарын белгілеуге, оның жеке дамуы үшін қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді.

Мониторинг шеңберінде жетекші әдіс баланы бір күн ішінде бақылау әдісі болып табылады. Жартыжылдық бойынша үлгілік бағдарламада ұсынылған білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелер мониторинг жүргізуге арналған индикаторлар болып табылады.

Диагностика оқу жылының басында, ортасында және аяғында

жүргізіледі:

- бастапқы-қыркүйек;
- аралық-қаңтар;
- қорытынды-мамыр.

Бастапқы бақылау үлкен топтың II жартыжылдығының күтілетін нәтижелері негізінде жүргізіледі. Педагог психологпен және педагог-мамандармен ынтымақтастықта Типтік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтайды.

I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша аралық диагностика жүргізіледі (қаңтарда). Аралық диагностиканы өткізудің мақсаты баланың даму динамикасын анықтау болып табылады.

Қорытынды диагностика II жартыжылдықтың нәтижелері негізінде жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері бойынша Типтік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейі анықталады және баланың одан әрі даму перспективалары белгіленеді.

Стандарт талаптары баланың дамуының 3 деңгейінің болуын көздейді:

1 – деңгей-бала қандай да бір әрекеттерді қайталайды;

2 – деңгей-бала не істейтінін түсінеді;

3 – деңгей-бала білетінін қолдана алады.

Мониторинг нәтижелері бақылау парағында толтырылады. Алынған деректер негізінде балалармен жұмыс істейтін педагогтермен толтырылатын баланың жеке даму картасы толтырылады және баланың білім беру ұйымдарына келген уақытында жүргізіледі.

"Қорытынды" бөлімінде оқу жылының соңына қарай баланың жетістіктері белгіленеді және келесі жылға түзету жұмысы бойынша шаралар айқындалады.

Жыл соңында педагог бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг нәтижелері бар жиынтық есепті құрастырады, оны оқу ісінің меңгерушісіне (әдіскерге), балалардың іскерліктері мен дағдыларын дамыту динамикасын бағалау үшін береді.

Мектепалды даярлық сыныбындағы (тобындағы) мониторинг "Мектепке дейінгі балалық шақ" республикалық орталығының сайтында орналасқан "мектепке дейінгі жастағы балалардың икемділігі мен дағдыларын дамыту мониторингі бойынша әдістемелік ұсынымдарға" сәйкес жүргізіледі – www.rc-dd.kz.

Ұйымдастырылатын оқу қызметін жүргізуге қойылатын талаптар

1) ұйымдастырылған оқу қызметінің барынша рұқсат етілген көлемі мен ұзақтығын қамтамасыз ету;

2) мектепалды даярлық сыныбының (тобының) ұйымдастырылған оқу қызметінің санитарлық ережелерге сәйкес келуі.

ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары» бұйрығына 5 жастағы балаларға арналған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

* «Коммуникация» білім саласы»:

- «көркем әдебиет» ЖОП міндеттеріне Драма» енгізілген, апталық оқу

жүктемесінің көлемі 1 сағатты құрайды. ;

- «Шет тілі» ЖОП вариативті бөлімге ауыстырылды.

* «Социум» білім беру саласы»:

- «экология негіздері» ЖОП міндеттері «қоршаған ортамен танысу» ЖОП енгізілген, апталық оқу жүктемесінің көлемі-0,5 сағатты құрайды.

Осыған байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына өзгерістер енгізілетін болады.

Апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы рұқсат етілген жалпы көлемі - 20 сағат:

- қазақ тілінде оқыту: инвариантты бөлім - 17 және вариативті бөлім - 3 сағат;

- орыс тілінде оқыту: инвариантты бөлім - 18, вариативті бөлім - 2 сағат.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 мин. құрайды.

Сабақтар арасындағы үзілістерде орташа қарқынды қозғалмалы ойындар, дербес қызмет ұйымдастырылады.

Вариативті компонентті анықтау кезінде баланың жас және жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктері, оның қажеттіліктері, мүдделері, сондай-ақ білім беру ұйымы қызметінің бағыттары ескерілуі тиіс. Вариативті компонент сынып/мектепалды даярлық тобы балаларының рұқсат етілген жүктемесінің деңгейінен аспауы тиіс.

Вариативтік бөлімге ағылшын тілін, логиканы, білім беру ұйымдарының мүмкіндіктерін (кабинеттердің болуы, штат кестесінің сәйкестігін) ескере отырып қызығушылықтары бойынша сабақты енгізу ұсынылады.

«Бұлдіршіндер мектебі» - жазғы кезеңге арналған мектеп жанындағы дайындық курстары

Негізгі міндеттер:

- **баланың мектепте оқуға деген эмоционалды-оң көзқарасын қалыптастыру.**

Арнайы білім беру ортасын құру, зияткерлік – психологиялық ойындар өткізу, бірінші сыныпта жалғасатын психологиялық - педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету арқылы іске асырылады.

- **болашақ оқушы тұлғасын қалыптастыру.**

«Таным», «Социум», «Коммуникация», «Шығармашылық» білім беру салаларын біріктіру арқылы жүзеге асырылады.

- **«мектепалды даярлық - бастауыш мектеп» сабақтастық қағидатын сақтау.**

«Қарапайымнан күрделіге дейін» дидактикалық принциптерді жүзеге асыру арқылы іске асырылады, бірізділік, жүйелілік, ғылымилық, қол жетімділік.

Баланың мектепке дайындығының критерийлері:

тұлғалық дайындық - оқу мотивациясы (мектепке барғысы келеді; мектептегі оқытудың маңыздылығы мен қажеттілігін түсінеді; жаңа білім алуға қызығушылық танытады);

зияткерлік дайындық - баланың ойлау операцияларының дағдыларын меңгеру: талдау, синтез, салыстыру, жалпылау.

Әлеуметтік - психологиялық дайындық-жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделе білу, ересектермен және құрдастарымен өзара қарым-қатынас жасай білу.

«Бүлдіршіндер мектебі» жыл сайын жазғы кезеңде мектептер жанынан 2 ай бойы құрылады. Министрлік ұсынылған курс бағдарламасы ЖАО-ға жіберілді (ҚР БҒМ 2019 жылғы 12 шілдедегі № 11-6/607 хаты).

Баланы тәрбиелеу және дамыту, оның ішінде инклюзивті білім беру мәселелерінде педагогтер мен ата-аналарға қолдау көрсету.

Стандартқа ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды жасына қарай топтарға қосу шарттарын көздейтін норма енгізілген. Бір топқа осы санаттағы үш баладан артық емес балалар енгізілуі мүмкін, бұл ретте балалардың жалпы саны ерекше білім беру қажеттілігі бар бір балаға үш тәрбиеленуші қатынасында азаяды.

Балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту

Ағымдағы оқу жылында қауіпсіз білім беру ортасын құруға, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау міндеттерін шешуге бағытталған денсаулық сақтау технологияларын қолдануға ерекше назар аударылатын болады. Балалармен, ата-аналармен жұмыс тәжірибесін алмасу, тарату үшін педагогтар қауымдастығының онлайн порталы енгізілді.

Балаларды рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу

Қазіргі заманғы жалпыадамзаттық, ұлттық және этномәдени құндылықтар негізінде балаларды Қазақстан халқының рухани-адамгершілік мұрасына тарту; ата-аналардың жауапкершілігін арттыру және тәрбие үдерісіне белсенді қосу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Балаларды құрдастарына мейірбан, достық қарым-қатынас жасауға үйрету; адамгершілік әрекеттерге шақыру; адамдарға құрмет сезімін, мейірімділік, қайырымды іс жасауға ниеттендіру.

Мектепке дейінгі ұйымның және білім беру ұйымының **мектепке дейінгі сынып түлегі моделінің** мынадай қасиеттері бар:

1) дене бітімі дамыған;
2) білуге құштар,
3) креативті;
4) өзіне сенімді және белсенді;
5) эмоционалды елгезек;
6) құрбыларымен және ересектермен өзара іс-қимыл жасаудың әлеуметтік дағдылары мен тәсілдерін, өзін-өзі жетілдіру дағдыларын меңгерген;
7) өзі, отбасы, қоғам (жақын әлеуметтік орта), мемлекет (ел), әлем және табиғат туралы алғашқы түсінігі бар;
8) 1-сыныпта оқу үшін қажетті білік және дағдыларды меңгерген.

Мектепалды даярлық топтары мен сыныптарының құжаттарын ресімдеуге қойылатын талаптар

Іс жүргізудің жай-күйі мен дұрыс ұйымдастырылуы, құжаттардың уақтылы орындалуы және олардың сақталуы үшін жауапкершілік білім беру ұйымының басшысы мен оқу ісі меңгерушісіне (әдіскерге) жүктеледі.

Тәрбие-білім беру процесін сапалы жүзеге асыру үшін педагогтер ҚР

БҒМ 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа алуы қажет. Осы тізбеде көрсетілмеген оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, құралдар және басқа да қосымша әдебиеттер білім беру ұйымының педагогикалық процесінде пайдаланылмайды.

2019-2020 оқу жылында мектепалды сыныптар/топтар қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық құжаттар тізбесі

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 "Білім туралы" Заңы. 04.07.2018 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" № 151 заңы
3. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 28 маусымдағы № 23-V "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы" Конституциялық заңы.
4. "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 306 Заңы.
5. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.
6. "Мектепке дейінгі ұйымдарға және балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы.
7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 Бұйрығы.
8. 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».
9. ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығы.
10. ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.
11. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында қызмет атқаратын педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 29 маусымдағы №316 бұйрығы.
12. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары, ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

3 1-4-СЫНЫПТАРДА ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2019-2020 оқу жылында 1-4-сыныптар жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламалары мен жоспарлары бойынша оқитын болады.

Еліміздің жалпы білім беру ұйымдарының бастауыш мектептерінде оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

ББ МЖМС талаптарын негізге ала отырып, бастауыш білім беру білім алушыларды жан-жақты дамытуды, қоғамда өзіне лайықты орнын табуға қабілетті жеке тұлғаның қалыптасуы үшін негіз қалауды, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруды, қолданбалы сипаттағы тапсырмаларды шешу үшін алған білімдерін қолдана білуін дамытуды қамтамасыз етуі тиіс.

Бастауыш мектептегі білім беру процесі ҚР білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаға сәйкес жүзеге асырылады (осы материалдың 4-5 беттері).

Оқу пәндері бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының ерекшеліктері:

- оқу бағдарламасы «шиыршық» қағидаты негізінде әзірленген, яғни тақырыптар мен сыныптар бойынша білім мен біліктер бірте-бірте өсіп, дағдылар күрделеніп отырады;
- оқыту мен тәрбие бірлігі қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді;
- үштілді білім беруді іске асыру көзделген;
- пәндер бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқу мақсаттарының жүйесі берілген;
- пәндік білім, білік және дағдылардың кең спектрін қалыптастыруға бағытталған: білімдерін функционалды және шығармашылықпен қолдану, сын тұрғысынан ойлау, жобалау және зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдерін қолдану, жеке және топта жұмыс жасай білу, проблемаларды шешу және шешім қабылдау;
- ортақ тақырыптардың болуы;

- негізгі құндылықтар негізінде кең спектрлі дағдылармен бірлікте жеке тұлғалық қасиетті дамыту: «қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу».

Жаңартылған оқу бағдарламаларының маңызды сипаттамасы олардың икемділігі мен әмбебаптылығы болып табылады. Мұғалімдерге сағат саны мен бөлімшелерді оқытудың реттілігін, бөлім мен тиісті тоқсан аясында тақырыптарды және оқу мақсаттарын өз бетінше анықтауға мүмкіндік беріледі. Мұғалімдер бірнеше оқу мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған тапсырмалар әзірлей алады. Оқу бағдарламасы мұғалімдерге оқу мақсаттарына жетуге жетелейтін жиынтықта бірнеше сабақтың/сабақтардың мақсаттарын орындауда оқу мақсаттарын өзгертуге мүмкіндік береді. Мұғалім оқу материалдарын қайталау және бекітуді қарастыруы қажет.

Тілді оқытудың негізі білім алушылардың әр оқу пәнінің құралдары – әртүрлі оқу жағдаяттарында біліммен және дағдылармен алмасу, тілдік және сөйлеу нормаларының жүйесін дұрыс қолдану арқылы сөйлеу қызметін дамытудың жетекші қағидаты ретінде қарастырылатын коммуникативтік тәсіл болып табылады.

Сонымен қатар оқушы өзінің тілді меңгеру деңгейін әр тақырыптың соңында берілген тест сұрақтары арқылы үнемі қадағалап, бағалап отырады. Бір сабақта 10 ұпай жинауға болады.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Қазақ тілі» пәні бойынша сынып екі топқа бөлінеді. Инклюзивті білім беруді іске асыру кезінде сыныпты бөлу әр ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланы білім алушылардың жалпы санынан үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

Оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын, шығармашылық қабілетін, қазақ әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру мақсатында төмендегідей әдебиеттер тізімі ұсынылады.

25-кесте. Қазақ әдебиетінен ұсынылатын шығармалар тізімі

Қазақ тілінде емес мектеп оқушыларына қазақ әдебиетінен ұсынылатын шығармалар тізімі	
1-4-сыныптар	
1.	«Қиял-ғажайып ертегілері» жинағы (қазақ ертегілері)
2.	«Жануарлар туралы ертегілер» жинағы (қазақ ертегілері)
3.	«Батырлар туралы ертегілер» жинағы (қазақ ертегілері)
4.	«Әжемнің ертегілері» жинағы (қазақ ертегілері)
5.	«Ерлік ертегілері» жинағы (қазақ ертегілері)
6.	Алдар Көсе хикаялары жинағы (қазақ ертегілері)
7.	«Мақта қыз бен мысық» (ертегі)
8.	«Жаңа заман ертегілері» жинағы
9.	Ө.Тұрманжанов «Бөдене мен түлкі», «Төрт өгіз туралы ертегі», «Мысық пен жолбарыс» ертегілері
10.	Қытай халық ертегілері. «Ит пен мысық қалай қастасты», «Жеті ағайынды жігіт»
11.	«Не жаман, не жақсы» жинағы
12.	Қ.Мырза Әли. «Бірінші рет балға ұстаған балаға»
13.	Б. Момышұлы. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?»
14.	Е.Жеңісұлы. «Мынау ғазиз дүние»
15.	Т.Жексенбай. «Бүркіттің балапаны»
16.	Б.Мәжитов. «Балдаурен»
17.	М. Сыздықов. «Ақ басты тырна»
18.	Б.Майтанов. «Абай» әңгімесі
19.	Мұхтар Құл-Мұхаммед. «Әл-Фараби» әңгіме
20.	Б. Көмеков, С.Өтениязов. «Шоқан Уәлиханов»
21.	Ж. Қасымбаев. «Абылай хан», «Кенесары Қасымов» әңгімелері
22.	Ә.Файзуллаұлы. «Ақ көбелек». Мінез-құлық әліппесі
23.	Ө.Тұрманжанов. «Нан туралы баллада», «Терек пен жиде», «Бәрі жақсы өнердің» өлеңдері
24.	Ы.Алтынсарин. «Бай мен жарлы баласы» әңгімесі
25.	Ы.Алтынсарин. «Бір уыс мақта» әңгімесі
26.	С.Қалиұлы. «Солдат хаты»
27.	Б. Соқпақбаев. «Ағаштар неге ашуланды?» әңгімесі
28.	М. Мақатаев. «Отан туралы» өлеңі
29.	Ы.Алтынсарин. «Бақша ағаштары», «Жаман жолдас» әңгімелері
30.	Д. Мамырбаева. «Балаларға арнлған шығармалар» жинағы

«Русский язык» оқу пәні (Я2) (оқыту орыс тілінде емес)

Цель обучения предмету «Русский язык» (Я2) – формирование навыков аудирования (слушания), говорения, чтения и письма в соответствии с правилами речевого этикета и нормами употребления языковых единиц в

речевой деятельности, ориентированной на ситуацию общения.

Изучение предмета «Русский язык» способствует:

- развитию коммуникативных навыков в устной и письменной речи;
- развитию связной речи (монолог, диалог, беседа);
- развитию осознанного, правильного, беглого, выразительного чтения;
- развитию творческого воображения;
- формированию общечеловеческих ценностей.

По окончании 4 класса обучающиеся должны владеть языком на уровне А2 (начинающий уровень) согласно системе уровней Общеевропейской рамки владения языками (CEFR).

Объем учебной нагрузки по предмету «Русский язык» (Я2) составляет:

1) в 1 классе – 2 часа в неделю, 66 часов в учебном году;
2) во 2 классе – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году;
3) в 3 классе – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году;
4) в 4 классе – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году.

Положительным в обучении второму языку является введение единого речетематического режима, позволяющего расширить словарный запас, отрабатывать коммуникативные навыки в рамках интегрированной речевой тематики.

Важным условием успешного овладения языком должен стать эмоциональный настрой, эмоциональный климат в школьном коллективе. При организации учебно-методической работы нужно учитывать разный уровень владения русским языком у обучающихся, формировать положительное мотивационное отношение к русскому языку через развитие познавательного интереса.

Формированию познавательного интереса способствуют:

- занимательные эмоциональные, творческие задания с новой информацией, требующие сочетания разных видов памяти;
- контроль речевой деятельности учащихся, знание ими своих результатов, своих успехов;
- новизна методов и приемов, преемственность, проблематичность в обучении;
- использование технических средств обучения, ресурсов интернета;
- создание речевых ситуаций, вызывающих желание высказаться;
- привитие потребностей в коммуникации, лучшем усвоении языка.

Ниже приведены примеры заданий по видам речевой деятельности, которые рекомендуется проводить на уроках русского языка.

Таблица 26. Примерные задания по навыкам речевой деятельности:

аудирование (слушание) и говорение	чтение	письмо
артикуляционные разминки; звуковой анализ слов; восприятие звучащей речи, выделение из речевого	работа над лексическим значением слова; игры со словами (анаграммы, нахождение слова в слове);	освоение зрительно-двигательных образов письменных букв и видов их соединений в слогах,

потока языковых единиц (предложение, слово, слог, звук); выявление из прослушанного текста информации в соответствии с поставленной целью; составление диалога, принятие точки зрения собеседника; постановка вопросов и формулирование ответов на основе прослушанного текста; составление высказываний на знакомые и интересные для учеников темы; составление рассказов по личным впечатлениям, картинкам, по аналогии с прочитанным; словесное рисование/описание; пересказ знакомых историй, сказок; чтение стихотворений наизусть; донесение информации до собеседника и слушателей; участие в речевой ситуации, понимание того, о чем говорит собеседник, уточнять, выяснять, перефразировать его речь; аргументирование своей точки зрения на основе аудиовизуального материала; определение основных моментов в аудиовизуальном материале	прогнозирование развития событий по началу текста или по заголовку; использование различных видов чтения (чтение по ролям, ознакомительное чтение, поисковое чтение, комментированное чтение, чтение для нахождения информации, чтение для высказывания точки зрения, чтение с остановками, чтение за диктором); игра «в прятки» (ведущий начинает читать текст с любого места, не с начала, ученикам необходимо найти место, которое читает ведущий, и следить за чтением); составление карты рассказа; формулирование оценочных вопросов по содержанию текста и о поступках героев произведения; умение находить и извлекать информацию из разных источников: словарей, справочников, энциклопедий, Интернет-ресурсов, инфографики	сочетаниях, словах; звукобуквенный анализ слов и анализ предложений с последующей записью; предоставление информации в форме рисунков и диаграмм; списывание слов, предложений, текстов с печатного образца; восстановление деформированного предложения, текста; письмо литературному герою; составление текста по опорным словам; письмо по памяти; запись нескольких предложений к серии картинок (подписывание картинок) как пересказ прочитанной истории; корректирование собственных текстов с помощью учителя; представление историй в виде комиксов (иллюстраций); умение на основе прослушанного/прочитанного/ увиденного писать краткий текст с помощью учителя

Суммативное оценивание по предмету предполагает проведение конкретного количества процедур суммативного оценивания (СОР) и за четверть (СОЧ). Суммативное оценивание по предмету в 1 классе проводится с третьей четверти. Ниже представлено количество процедур суммативного оценивания за раздел/сквозную тему.

Таблица 27. Количество процедур суммативного оценивания по предмету «Русский язык» (Я2)

Класс	Количество процедур суммативного оценивания за раздел/сквозную тему			
	1 четверть	2 четверть	3 четверть	4 четверть
1 класс	-	-	2*	2*
2 класс	2*	2*	2*	2*

3 класс	2*	2*	2*	2*
4 класс	2*	2*	2*	2*

***** В суммативном оценивании за раздел/сквозную тему объединяются два вида речевой деятельности (например, слушание и говорение; чтение и письмо).

По предмету «Русский язык» (Я2) осуществляется деление класса на две группы. В рамках инклюзивного образования деление класса на группы осуществляется при уменьшении наполняемости класса общего количества обучающихся на три в расчете на каждого ребенка с особыми образовательными потребностями.

«Шетел тілі» оқу пәні

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС редакциясында және бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларында «Ағылшын тілі» оқу пәні **«Шетел тілі»** деп өзгертілген. Білім беру ұйымдарының: «Ағылшын тілін», «Неміс тілін», «Француз тілін» таңдау құқығы бар. Тілді таңдауды, оқушылардың қажеттіліктерін және ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып, білім беру ұйымы жүзеге асырады.

2019-2020 оқу жылында 1-4-сыныптар жаңартылған білім беру мазмұнының келесі Үлгілік оқу бағдарламалары бойынша оқиды:

- Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

- Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Француз тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы)*.

- Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Неміс тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы)*.

Оқу бағдарламалары сөйлеу қызметінің барлық түрлері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша дағдылар мен қабілеттерді дамытуды көздейді. Бағдарламаның лексика-грамматикалық мазмұндалуы қарапайымнан күрделіге қарай жүргізіледі. Бастауыш білім беру деңгейінің бағдарламалары білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, олардың өзіне деген қызығушылығы мен сенімділігін арттыруға, сондай-ақ шетел тілін үйренуге оң көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Оқу бағдарламаларының мазмұны жалпы тақырыптар аясында қарым-қатынас жасаудың қарапайым білігін қалыптастыру үшін базалық қабілеттер мен дағдыларды жасауды және дамытуды қамтамасыз етеді.

Шетел тілі оқу бағдарламаларының құрылымында «Ағылшын тілі», «Неміс тілі» және «Француз тілі» пәндерінің базалық мазмұны маңызды аспект болып табылады. Оқу пәндері білім алушыларда өз халқының рухани құндылықтары мен мәдениет диалогі, ұлттық бірегейлігі, азаматтылық,

моральдық және сөйлеу әдебінің нормалары туралы түсінік қалыптастыруға ықпал етеді.

Шетел тілі бағдарламалары білім алушыларға төмендегі тәсілдер арқылы тілді меңгертуге бағытталған:

- талдау, бағалау және шығармашылық ойлау дағдыларының дамуына ықпал ететін әртүрлі тапсырмалар;
- ауқымды жазбаша және ауызша дереккөздермен жұмыс жасау.

Пән бойынша *оқу жүктемесінің көлемі*:

1) 1-сыныпта – аптасына 2 сағаттан, оқу жылында 66 сағатты;
2) 2-сыныпта – аптасына 2 сағаттан, оқу жылында – 68 сағатты;
3) 3-сыныпта – аптасына 2 сағаттан, оқу жылында – 68 сағатты;
4) 4-сыныпта – аптасына 2 сағаттан, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

Бастауыш білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушылар шетел тілін тілді меңгерудің жалпыеуропалық жүйесіне (Common European Framework of Reference, CEFR) сәйкес А1 тілдік деңгейінде меңгеруі тиіс.

Білім алушылар сандар, түстер, уақыт, ауа райы, тағам, киім, жануарлар, өсімдіктер, дене мүшелері, жеке ақпараттар, отбасы, достар, мектеп, ойындар, саяхат, транспорт, спорт, мерекелер, салт-дәстүрлер, ғимараттар, өнер, музыка, аңыздар, зерттеушілер мен өнертапқыштар тақырыптарына байланысты лексиканы меңгереді.

Бастауыш мектеп бағдарламасында тілдік дағдыларды дамыту үш тілде ортақ тақырыптарды оқу арқылы жүзеге асырылады: қазақ тілі (Т1, Т2), орыс тілі (Я1, Я2) және шет тілі (L3). Бастауыш мектептің оқу жоспарларында (1-4-сыныптар) пәнаралық байланыс (Cross Curricular Links) әр тақырыпта көрсетілген.

Төмендегі кестеде 1-4-сыныптардың оқу бағдарламасындағы пәнаралық байланыс көрсетілген.

28-кесте. 1-4-сыныптардың оқу бағдарламасындағы пәнаралық байланыс

«Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша тақырыптар	«Француз тілі» оқу пәні бойынша тақырыптар	«Неміс тілі» оқу пәні бойынша тақырыптар
1-сынып		
All about me	Tout sur moi	Alles über mich
My school	Mon école	Meine Schule
My family and friends	Ma famille et mes amis	Meine Familie und meine Freunde
The world around us	L’environnement	Umgebung
Travel	Voyage	Reise
Tradition and folklore	Les fêtes et les traditions	Traditionen und Folklore
Food and drink	Repas	Essen und Getränke
Health and body	Un esprit sain dans un corps sain	Ein gesunder Geist in einem gesunden Körper!
2-сынып		
All about me	Se présenter, parler de soi	Alles über mich

My family and friends	Ma famille et mes amis	Meine Familie und meine Freunde
My school	Mon école	Meine Schule
The world around us	L'environnement	Umweltbedingungen
Health and body	Un esprit sain dans un corps sain	Ein gesunder Geist in einem gesunden Körper!
Tradition and customs	Les traditions et les coutumes	Sitten und Bräuche
The natural environment	L'environnement. Les saisons	Umwelt
Travel	Vacances et voyage	Reisen
3-сынып		
Animals	Vive la nature!	Belebte Natur
Light & Dark	La ville	Licht und Schatten
Time	Ma journeé de travail	Zeit
Buildings	Nous faisons des courses	Architektur
Art & Music	L'art	Kunst
Explorers & Inventors	Les Grands Hommes	Berühmte Persönlichkeiten
Water, water everywhere	Culture et repos	Wasser – Quelle vom Leben
Having fun	Bientôt les vacances!	Erholungskultur, Feier
4-сынып		
Kazakhstan in the World of Sport	Sport	Sport in Kasachstan
Values in Myths and Legends	La Francophonie	Werte in den Mythen und Legenden
Treasure and Heritage	Un ami étranger	Kulturerbe
Professions and ways of Communication	Le monde des métiers	Berufswelt und Kommunikationen
Hot and Cold	Phénomènes naturels	Naturerscheinungen
Healthy World	Un esprit sain dans un corps sain	Ein gesunder Geist in einem gesunden Körper!
Journey into Space	Mes loisirs	Weltraumreise
Machines	Les transports	Autos

Шетел тілі бойынша сабақтарды жоспарлауға төмендегі ұсынымдар беріледі:

1) 1-сыныпта оқу және жазу дағдыларын дамыту қарастырылмайды, «Оқу» бөлімі бойынша оқу мақсаттары таныс сөздер мен сөз тіркестерін танып білуге ғана бағытталған;

2) сабақта ұсақ моториканы дамытуға байланысты іс-әрекеттер, ойындар, әндер, санамақтар, ұйқастырмаларды қолдану;

3) оқу тапсырмаларын орындауда білім алушылардың жұмыстарын ынталандыру, білім алушыларды ынталандыру мен қолдаудың әртүрлі нысандарын қолдану арқылы білім алуға қолайлы және жайлы атмосфера жасау, жарыс сипатындағы тапсырмаларды қосу;

4) бастауыш сынып білім алушыларының психологиялық және жас ерекшеліктерін (жоғары эмоционалдылық, қозғалғыштық, сезімталдық, шаршағыштық) ескере отырып, оқытудың әдіс-тәсілдерін, формаларын ойластыру;

5) бастапқы кезеңде қателесу білім беру процесінің бір бөлігі болып табылатындықтан, білім алушылардың қателерін түзетпеу. Коммуникативті құзыреттілікті меңгерудің негізгі шартының бірі білім алушының білім беру процесіне белсенді қатысуы болып табылады;

6) сабақта білім алушыларға таныс ағылшын тіліндегі сөздерді, фразаларды және нұсқауларды жиі қолдану қажет, бұл білім алушылардың тапсырмаларды орындаған кезінде сөздер мен фразаларды тиімді есте сақтауға және тануына мүмкіндік береді;

7) мұғалімнің өз сөзін модельдеуі, тиісті интонацияны, дауысты, айтылуын және ым- ишараларды пайдалана отырып, сөздер мен фразаларды баяу және анық айту;

8) мимиканы, эмоцияны, ым-ишараны, түрлі-түсті көрнекі құралдарды (суреттер, ойыншықтар, постерлер) белсенді пайдалану, бұл білім алушылардың назарын неғұрлым тиімді шоғырландыруға және оларды жаңа сөздерді меңгеру процесіне тартуға ықпал етеді;

9) білім алушылардың қызығушылығын ынталандыру, жұмыс нәтижелерін көрсету, өткен материалды бекіту мақсатында сыныптағы арнайы бөлінген орындарда («сөйлейтін қабырғалар», көрмелер және т.б.) оқушылардың жұмыстарын орналастыру және жаңартып отыру;

10) іздестіру, өңдеу, тазарту, ақпарат жасау және ұсыну, ақпарат және идея алмасу сияқты АКТ-ға негізделген дағдыларды қолдануға ықпал ету;

11) әр сабақта қысқа аудио және бейне материалдарды, логикалық ойлауды дамытуға арналған тапсырмаларды және флэш карталар мен басқа да көрнекі құралдарды қолдана отырып, өткен тақырыптар бойынша қысқаша театрландырылған көрсетілімдерді үнемі қолдану.

Пән бойынша жиынтық бағалау тоқсандық жиынтық бағалауды (ТЖБ) және бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты санын жүргізуді көздейді. 1-сыныпта пән бойынша жиынтық бағалау үшінші тоқсаннан басталады. Төменде бөлім/ортақ тақырып үшін жиынтық бағалау саны көрсетілген.

29-кесте. «Шетел тілі» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сыныптар	Бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
1-сынып	-	-	2*	2*
2-сынып	2*	2*	2*	2*
3-сынып	2*	2*	2*	2*
4-сынып	2*	2*	2*	2*

* Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым)

«МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА» БІЛІМ САЛАСЫ

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика» және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәндері арқылы жүзеге асырылады.

«Математика» оқу пәні

Математика бойынша бастапқы білім сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытады, зерттеу және қарым-қатынастың, математикалық білімді өмірде қолданудың алғашқы дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бастауыш сынып білім алушылары математика курсын игере отырып, талдау, синтездеу, жіктеу, салыстыру, себеп-салдарлық қатынастар мен заңдылықтарды анықтауды үйренеді, түрлі заттар мен қоршаған орта құбылыстарын сипаттау үшін математикалық тілдің негіздерін игереді, білім мен іс-әрекет тәсілдерін меңгереді, мұның барлығы жинақтала келе оқи білуге негіз болады.

Математика» пәнін оқыту бейнелік және логикалық ойлауды дамытуға, математикалық тілді дамытуға, оқу-танымдық және практикалық міндеттерді шешуге, айтылған пікірді дәйектеу, дәлелдеу, негіздеу біліктерін дамытуға, басқалардың пікірлерін бағалау және қабылдауға бағытталған.

«Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 1-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 132 сағат;
2) 2-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;
3) 3-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағатты;
4) 4-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағатты құрайды.

4-сыныпта сабақтастық және тереңдету принципін сақтай отырып, математиканы оқытудың бүкіл курсы бойынша білімдер және дағдыларды жүйелі дамытужәне тереңдете түсу қамтамасыз етіледі.

«Математика» оқу пәнінің мазмұныбілім берудің кейінгі деңгейлерінде жалғасын табатын бес бөлімнен тұрады:

1. Сандар және шамалар.
2. Алгебра элементтері.
3. Геометрия элементтері.
4. Жиындар. Логика элементтері.
5. Математикалық модельдеу.

Білім алушылардың математика курсы бойынша білімдерінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін пәннің оқу бағдарламасына 2013 жылғы бастауыш білім беру деңгейінің оқу бағдарламасында қарастырылмайтын «Комбинаторика», «Тізбектер», «Жиындар және олармен орындалатын амалдар» деп аталатын жаңа бөлімшелер енгізілді. Жаңа оқу бағдарламасында негізгі және жоғары мектептерде геометрияны табысты меңгерудің алғышарты болып табылатын «Геометриялық фигуралар» бөлімшесі кеңінен қарастырылған.

Бұл бөлімшелерді оқып-үйрену 4-сыныптың білім алушыларында логикалық ойлаудың, процестер мен құбылыстарды талдау, себеп-салдарлық

байланыстарды табу, бұл құбылыстардың заңдылықтары мен тенденцияларын ашу дағдыларының дамуына ықпал етеді. Бұл сипаттағы тапсырмалар TIMSS халықаралық зерттеулерінде кездеседі.

«Математика» пәні бойынша мұғалім алдын ала дайындалған критерийлер мен дескрипторлар бойынша әр түрлі жұмыс түрлерін жүргізіп, оқу тапсырмаларын бере алады (19-кесте).

30-кесте – Жұмыс түрлерінің критерийлері мен дескрипторлары

№	Жұмыс түрлері	Критерийлер/дескрипторлар
1	*Берілген мәліметтері жетіспейтін есептерді шешу* Білім алушылар сандары, шарты мен сұрағы бар есептердің шығару жолдарын жақсы түсіну үшін оларға жетіспейтін мәліметтері бар есептерді ұсынуға болады.	- мәліметтері толық емес есептерді ажырата біледі; - есепті жетіспейтін мәліметпен толықтыра алады; - жазбаны нақты мәліметтермен толықтыра алады
2	*Артық мәліметтер берілген есептерді шешу* Білім алушылар сандары, шарты мен сұрағы бар есептердің шығару жолдарын жақсы түсіну үшін оларға артық мәліметтері бар есептерді ұсынуға болады.	- артық мәліметтері бар есептерді ажырата алады; - есептің шартын өзгерте және дәлелдей алады; - бақылай, салыстыра және қорытынды шығара алады
3	*Графикалық модельдеу* Графикалық модель – сюжеттік есептің сызбасы, ол білім алушыларға есеп шартында берілген абстрактілі қатынастарды нақты кеңістіктік формада түсінуіне көмектеседі.	- есеп мәтінін сызбамен келтіре алады; - есеп мәтінін және оған сай келетін сызбаны сәйкестендіре алады; - есептің берілгендерімен модельді толтыра алады; - сызба бойынша есеп құрастыра алады
4	*Заңдылықтарды табу және өзінің заңдылықтарын жасауға арналған шығармашылық тапсырмалар*. Математикалық заңдылық – бұл белгілі бір ереже. Осы ереже бойынша элементтердің сандық, пішіндік немесе басқа да қатарында белгілі бір сәйкес тәртіппен элементтердің немесе олардың қасиеттерінің қайталануы немесе өзгеруі болып табылады.	- заңдылық – бұл белгілі бір ереже, іздеу екенін біледі; - элементтері/заттар белгілі бір ереже бойынша орналасқанын түсінеді; - топтастыра және қорытынды жасай алады.

Пән бойынша жиынтық бағалау тоқсандық жиынтық бағалауды (ТЖБ) және бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты санын жүргізуді көздейді. 1-сыныпта пән бойынша жиынтық бағалау үшінші тоқсаннан басталады. Төменде бөлім/ортақ тақырып үшін жиынтық бағалау саны көрсетілген (20-кесте).

31-кесте – «Математика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сыныптар	Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
1-сынып	-	-	3	3
2-сынып	3	3	3	3
3-сынып	3	3	3	3
4-сынып	3	2	2	3

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқу пәні

Бастауыш мектепте «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (әрі қарай – АКТ) пәнін оқытудың мақсаты оқушылардың заманауи ақпараттық технологияларды практикада тиімді пайдалану үшін компьютерлік дизайн, ақпаратты ұсыну және өңдеу, Интернетте жұмыс істеу, есептей білу және робототехника бойынша базалық білімдер мен дағдыларды қамтамасыз ету болып табылады.

2019-2020 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінің 3-ші және 4-сыныптарында АКТ пәнін оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің 1-4-сыныптарына арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

3-сыныпқа арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Компьютер»;

2) «Ақпаратты ұсыну және өңдеу»;

3) «Интернет желісіндегі жұмыс».

Бастауыш мектепте «АКТ» пәнін оқыту негізгі мектептегі информатиканың негізгі курсын оқытудың пропедевтикасын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық технологиялар әртүрлі білім салаларымен интеграциялау үшін ресурстар мен техникалық құралдарды қамтамасыз ететін басқа да оқу пәндерін оқып-үйренудің жаңа құралына айналуда.

4-сыныпқа арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Компьютер»: компьютер құрылғылары: компьютерлік және мобильді технологиялардың ескіруі ғылыми-техникалық прогреспен байланысты екенін түсіндіру.

Қауіпсіздік: сенімді пароль критерийлері;

2) «Ақпаратты ұсыну және өңдеу».

Мәтін: мәтіндегі кестелер.

Презентациялар: слайдтың макеті; объектілердің анимациясы; бейне мен аудионы орналастыру.

Мультимедиа: бейнеролик жасау.

3) «Интернет желісіндегі жұмыс»: ақпарат іздеу: компьютерде файл мен бумаларды іздеу; ақпарат алмасу : браузерді реттеу (бетбелгі, журнал мен

жүктеу); электрондық пошта: хабарлама қабылдау және жіберу, файлдары қоса берілген хабарлама.

4) «Есептей білу»: алгоритмдер: енгізілген циклдер, логикалық операторлар, салыстыру операторлары.

Программалау: программалау ойын алаңында айнымалыларды қолдану; жеке сценарийі бойынша ойын әзірлеу.

5) «Робототехника»: түс датчигі; ультрадыбыс датчигі.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 3-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылы бойынша 34 сағат;

2) 4-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылы бойынша 34 сағат.

Оқыту процесінде белсенді оқыту стратегияларын қолдану (тапсырмаларды орындау арқылы практикалық дағдыларды іске асыру); кері байланыс алу (оқушылар арасында немесе мұғалім мен оқушы арасында); оқуға ынталандыруға ықпал ету (оқушыға сенімділік беру); оқыту сапасын жетілдіру (сараланған тапсырмалар) ұсынылады.

Бастауыш мектепте «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін оқу негізгі мектепте информатиканың базалық курсын меңгеруді қамтамасыз етеді.

Бастауыш сыныптарда «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін оқытудың әдістемелік ерекшелігі бастауыш мектепте білім алушылардың жас ерекшеліктерін және «Информатика» пәнінің ерекшелігін ескере отырып, оқытудың белсенді формалары мен әдістерін оқу процесіне кіріктіру болып табылады.

2019-2020 оқу жылында, мысалы, 4-сынып оқушылары үшін «Есептей білу» бөлімінің тақырыптары жаңа болады: онда білім алушылар енгізілген циклді іске асыруды, логикалық операторларды пайдалануды, салыстыру операторларын пайдалануды, айнымалыларды пайдалануды, өз сценарийі бойынша ойын жасауды және түстер датчиктерін пайдалануды үйренеді. Түсініктерді жақсы меңгеру үшін оларды өмірде жиі кездесетін нақты өмірмен байланыс арқылы, жұмыс формаларының, әдістерінің, тәсілдерінің әртүрлілігін пайдалана отырып көрсету ұсынылады. Осы бөлімнің ұғымдарын енгізу кезінде белсенді тыңдау дағдыларын дамыту әдістері мен жаңа білімді зерттеу кезінде оқушылардың тәжірибесін қолдану әдістерін қолдану қажет.

Мысалы, «енгізілген цикл» ұғымы өмірде айлар ауысқанда (12 ай өткенде – жыл өзгереді), күндер ауысқанда (30 күн өткенде – ай өзгереді), тәулік ауысқанда (24 сағат өткенде – күн өзгереді), сағат ауысқанда (60 минут өткенде – сағат өзгереді) және т.б. кездеседі. Логикалық операторлар, салыстыру операторлары және айнымалылар оқушыларға таныс математика есептері арқылы түсіндіріледі және т. б.

Ақпараттық технологиялар әртүрлі білім беру салаларымен интеграциялау үшін ресурстарды және техникалық құралдарды қамтамасыз ететін басқа да тақырыптарды зерттеудің жаңа құралы болып табылады.

Пән бойынша бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) қарастырылған. Төменде бөлім/ортақ

тақырыптар бойынша жиынтық бағалау саны берілген.

32-кесте «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сыныптар	Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
3-сынып	2	2	2	2
4-сынып	1	1	2	1

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Жаратылыстану» білім саласының мазмұнында «Жаратылыстану» пәні ұсынылады.

«Жаратылыстану» оқу пәні

«Жаратылыстану» пәнінің мазмұны «Адам – Табиғат» жүйесі аясындағы ғылыми білімдердің қарапайым деңгейін қамтамасыз етеді.

Оқу пәні қоршаған әлемнің күрделілігі мен көпқырлылығын, сондай-ақ табиғи құбылыстар мен процестердің өзара байланысын; жанды және жансыз табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен процестердің себептерін; жаратылыстану-ғылыми білімнің адамның көптеген іс-әрекет түрлері үшін маңыздылығын; алуан түрлі практикалық және зерттеу әрекеттері арқылы алынған білімнің күнделікті өмірмен байланысын түсіндіруге бағытталған.

«Жаратылыстану» оқу пәні негізгі мектепте «Биология», «Физика», «География» және «Химия» пәндерінен білім берудің негізі және пропедевтикалық курсы болып табылады. Бастауыш мектепте білім алушылар негізгі мектептің барлық жаратылыстану-ғылыми пәндері курстарынан алғашқы түсініктер алады.

«Жаратылыстану» пәнінің бастауыш мектептегі мазмұны зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған:

1) гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперименталды берілулер негізінде қорытынды жасау;

2) мәселені анықтау, сұрақтарды дұрыс құру, зерттеу жұмысының жоспарын құру, бақылау, эксперимент жүргізу, зерттеу жұмысының нәтижесін бағалау және сипаттау, пайымдау, қорытынды шығару;

3) БАҚ хабарламалары мазмұнындағы, Интернет ресурстарындағы, ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі жаратылыстану ғылымындағы ақпараттармен жұмыс: іздеу әдістерін игеру, ақпараттың мағыналық негізін айрықшалау және ақпараттың растығын бағалау;

4) өлі және тірі табиғаттағы үрдістердің сипатын, экожүйе компоненттерінің өзара байланысын, адам әрекетінің қоршаған ортаға қалай

ықпал ететінін ашуға көмектесетін қарапайым эксперименттер мен бақылаулар жүргізу;

5) өзіндік қарапайым зерттеулердің қорытындыларын түрлі формада ұсыну;

6) жаратылыстану ғылымы саласындағы маңызды жетістіктердің қолданбалы мәнін түсіндіру.

«Жаратылыстану» пәні бойынша *оқу жүктемесінің көлемі*: 1-сыныпта – аптасына 1 сағаттан, оқу жылында – 33 сағатты, 2-сыныпта – аптасына 1 сағаттан, оқу жылында – 34 сағатты, 3-сыныпта – аптасына 2 сағаттан, оқу жылында – 68 сағатты, 4-сыныпта – аптасына 2 сағаттан, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

Ұзақ мерзімді жоспардың «Жанды табиғат», «Заттар және олардың қасиеттері», «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы» бөлімдерінің әрқайсысының оқу мақсаттары «Мен – зерттеушімін» бөлімінің оқу мақсаттарымен кіріктірілген, ол білім алушылардың зерттеушілік білік және дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Пән бойынша жиынтық бағалау тоқсандық жиынтық бағалауды (ТЖБ) және бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты санын жүргізуді көздейді. 1-сыныпта пән бойынша жиынтық бағалау үшінші тоқсаннан басталады. Төменде бөлім/ортақ тақырып үшін жиынтық бағалау саны көрсетілген (33-кесте).

33-кесте – «Жаратылыстану» пәні бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Сыныптар	Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
1-сынып	-	-	2	1
2-сынып	1	2	2	1
3-сынып	2	2	3	1
4-сынып	2	2	2	2

«АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» және «Өзін-өзі тану» пәндері арқылы беріледі.

«Дүниетану» оқу пәні

«Дүниетану» оқу пәнінің мазмұны адам, табиғат және қоғам, оның ішінде отбасы, мәдениет, денсаулық, қарым-қатынас, ұлт, қауымдастық, мемлекет, қоршаған табиғи орта сияқты оқыту нысандарына тоғыстырылған.

Бұл оқу пәні негізгі және жоғары мектепте қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар циклі пәндерінің негізін қалай отырып, олардың өзара байланысы мен тәуелділігі жөніндегі білім жүйесін құрайтын кіріктірілген пропедевтикалық пән. Ол Қазақстан тұрғындарының әлеуметтік, моральдық,

шығармашылық және коммуникативтік өмірінің жалпы бейнесін көрсетеді, өзі, үйі, отбасы мәселелері негізінде білім алушылардың қоршаған орта туралы түсініктерін дамытуға ықпал етеді.

«Дүниетану» пәні бойынша *оқу жүктемесінің көлемі*: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына –1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты; 4-сыныпта – аптасына – 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Мұғалім дүниетану сабақтарында оқытудың түрлерін қолдана алады (34-кесте).

34-кесте – «Дүниетану» оқу пәнін оқыту бойынша «стратегия» үлгілері

№	Жұмыс түрлері	Критерийлер/Дескрипторлар
1	*«Өсімдікті таны»* Білім алушылар өсімдіктер туралы сипаттау мәтінін оқиды немесе тыңдайды. - Мына өсімдікті атаңыз. - Адамдар оны қалай пайдаланады?	- өсімдіктің атауын сипаты бойынша анықтайды; - бұл өсімдіктің не үшін қолданылатынын біледі
2	«*Жедел жәрдем» ойыны*. Мысалы, - Жараларды емдеу үшін қандай өсімдіктер пайдаланылады? (алоэ, түймедақ, жолжелкен, орамжапырақ...) - Қызуды басу үшін қандай өсімдіктер пайдаланылады?(таңқурай, лимон) - Жүрек ұстамасы кезінде қандай өсімдік пайдаланылады? (валериан) - Қандай шөптің көмегімен қалай күн соққысынан құтылуға болады? (басқа түйежапырақты қою керек) - Көруді жақсарту үшін қандай жемістерді адамдар тұтыну керек? (сәбіз, қаражидек) - Қай гүлдің тұнбасына шаш жуғанда сары түс береді? Оларды атаңыз. (гүл, түймедақ)	- жараларды емдеу үшін қандай өсімдіктердің қолданылатынын біледі; - қызуды басатын дәрі ретінде қандай өсімдіктер пайдаланылатынын біледі; - жүрек ұстамасы кезінде қандай өсімдікті қолданатынын біледі; - қандай шөптің көмегімен күн соққысынан сақтануға болатынын біледі; - адамдар көруді жақсарту үшін қандай жемістерді тұтынатынын біледі; - қандай шөптің тұнбасына жуылған шаштың түсі сары түсті болатынын біледі
3	*«Орман тыңшылары» ойыны* Балалар орманда болған төтенше оқиғаларды, табиғаттағы кез келген өзгерісті (ағаштардың кесілуі, сүйікті алаңындағы көп гүлдердің жұлынуы, бұлақтың ластануы) зерттеп, тексеру жүргізеді.	- оқиғалар тізбегін құра алады; - өз тұжырымдарын жасай алады; - табиғатты қорғау туралы біледі
4	«*Құстар асханасы*» Жобаның мақсаты – мектеп немесе үйдің ауласындақұстардың тұрақты «асханасын» жасау және ұйымдастыру. Жобаның бірінші кезеңі – құстарғаарналған үйшіктерді дайындау бойынша әдебиеттерді зерделеу, тәжірибе алмасу, жем жинау. Жобаның екінші кезеңі – дайындалған үйшіктердің көрмесі.Жобаның үшінші кезеңі – «асхананың»	- құстардың үйшігітуралы ақпаратпен жұмыс жасай алады; - үйшікті жасайалады; - үйшікті таныстыра біледі

	салтанатты ашылуы (презентация)	
5	*Экологиялық жағдаят* Жерге тасталынған банан қабығы біздің климатта шамамен 2 жылда ыдырайды. Пластикалық пакет шамамен 96 жылға ұзағырақ уақытта ыдырайды. Пакеттің ыдырауына, шіруіне неше жыл қажет?	- пакеттіңшіруіне неше жыл қажет екенін біледі; - табиғатты қорғау жөніндебіледі
6	*«Мен өзенді қорғаймын» экологиялық міндеті* Төменгі жағын үнемі су шайып жататын жарды немесе жағалауды қалай бекітуге болатыны туралы ұсыныстарыңызды айтып көріңіз.	- өзенді құтқару үшін өсімдіктер тамырының пайдаланылатынын біледі; - өсімдіктің белгілі бір түрін (тамыры мықты өсімдіктер) пайдалану керектігін дәлелдей алады; - қандай өсімдіктің сол жерде жақсы жерсінетінін біледі; - өз жауабын түсіндіре біледі
7	*«Жасыл досқа» хат* Мұғалім білім алушыларды белгілі бір жағдаятпен таныстырады. Балаларға хат жазуды, мысалы, ағашқа хат жазуды ұсынады. Жұмыс шағын шығарма түрінде (ойын элементтерінің болғаны жақсы) жүргізілуі мүмкін: конвертке хат салынып, суреттермен толтырылады, мекенжайы толтырылады.	- қандай да бір жағдаятқа ене алады; - хат жаза біледі
8	*«Экологиялық мамандық»* коллажы Жобаның бірінші кезеңі – экологиялық мамандықтар деп санауға болатын мамандық түрлері (орман шаруашылығының, қорықтардың қызметкерлері, экологиялық қызмет, көгалдандыру қызметкерлері, хайуанаттар бағының қызметкерлері, дәрігер, жүргізуші, ғарышкер, аула тазалаушы, бағбан, зертханашы және т.б.) туралы білу. Балалар осы мамандықтар туралы материал жинайды. Жобаның екінші кезеңі мамандықты қорғау болып табылады. Бұл кезде білім алушыларосы мамандықтар туралы әңгімелейді, фактілер келтіреді, суреттер, плакаттар, фотосуреттер көрсетеді, сюжеттерді ойнап көрсетеді.	- экологиялық мамандықтар туралы ақпарат жинай алады; - осы мамандықтың таныстырылымын жасай біледі
9	*Табиғаттың «Шағым кітабы».* Білімалушылар «Шағым кітабына» туған өлкесінің аумағында өсетін өсімдіктер мен тіршілік ететін жануарлардан келіп түсетіншағымдарды жазады. Жобаның бірінші кезеңі – қоршаған ортаның (жануарлар, өсімдіктер)жағдайын бақылау мақсатында экскурсия жасау, қосымша ғылыми әдебиеттерді зерделеу. Жобаның екінші кезеңі – өсімдіктер мен жануарлар атынан шағымдарды сипаттау әңгімесін жазу. Түскен шағымдарды талқылау және оларға жауап беру. Үшінші кезең – материалдарды безендіру, балалардың шығармашылық жұмыстары мен суреттері орналастырылған кітап жасау.	- экскурсияда көргендерін салыстыра біледі; - қосымша әдебиеттермен жұмыс жасай алады; - өсімдіктер мен жануарлар атынан әңгіме жаза алады; - өзінің шағын кітапшасын жасай алады

Пән бойынша жиынтық бағалау бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің жүргізуді көздейді. 1-сыныпта пән бойынша жиынтық бағалау үшінші тоқсаннан басталады. Төменде бөлім бойынша жиынтық бағалау саны көрсетілген (35-кесте).

35-кесте – «Дүниетану» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Жиынтық бағалау рәсімдері			
	I тоқсандағы ЖБ саны	II тоқсандағы ЖБ саны	III тоқсандағы ЖБ саны	IV тоқсандағы ЖБ саны
1-сынып	-	-	2	2
2-сынып	2	2	2	2
3-сынып	2	2	2	2
4-сынып	2	2	2	2

«Өзін-өзі тану» оқу пәні

«Өзін-өзі тану» оқу пәні бойынша оқу процесінің басты міндеті: әрбір адамның табиғатына қаланған жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындау; қоғамға қызмет етуге бағытталған мәселелерді шығармашылықпен шешудің практикалық дағдыларын, тұлғаның құндылықтар жүйесін қалыптастыру; адамның өзіне, қоршаған әлемге, жалпы адамзатқа қатысы ескерілген оқушылардың әлеуметтік мәнді бағдарларын, адамгершілік мінез-құлық негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Пәннің негізгі базалық мазмұны бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, мынадай тарауларда ашылады: «Ғасырлар даналығы», «Тату отбасы», «Адам болам десеңіз», «Қандай ғажап әлем!».

Оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағаттан, 1-сыныпта оқу жылында – 33 сағат; 2-4-сыныптарда оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Пән бойынша білім алушылардың білімін бағалау «Өзін-өзі тану» үлгілік оқу бағдарламасында ұсынылған білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар негізінде жүргізіледі. Рухани-адамгершілік білім берудің ерекшеліктеріне сәйкес сандық емес, сапалық баға маңызды, сондықтан әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша «сынақ» бағасы қойылады. «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» пән бойынша сынақ қоюдың өлшемшарты болып табылады.

«ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР» БІЛІМ САЛАСЫ

«Технология және өнер» білім саласының мазмұнына «Көркем еңбек» және «Музыка» пәндері енгізіледі.

«Музыка» оқу пәні

«Музыка» пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың музыка бойынша негізгі білімі мен біліктерін, музыкалық іс-әрекеттерде шығармашылықпен өз ойын жеткізу және қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің адамгершілік-эстетикалық

құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

«Музыка» пәні бойынша *оқу жүктемесінің көлемі:* 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат, 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

«Музыка» пәні бойынша қалыптастырушы бағалау өткізіледі.

Пән бойынша білім алушылардың қалыптастырушы бағалау нәтижелері білім алушылар мен ата-аналарға берілетін кері байланыс үшін материал болып саналады.

«Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. Жартыжылдық және оқу жылының соңында «Музыка» пәнін оқыту нәтижесі бойынша «есептелінді»/«есептелінген жоқ» қойылады. Алынған нәтижелер («есептелінді»/«есептелінген жоқ») сынып журналына қойылады.

«Көркем еңбек» оқу пәні

«Көркем еңбек» **–** «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіретін кіріктірілген пән.

«Көркем еңбек» кіріктірілген оқу пәні әртүрлі шығармашылық әрекеттің түрлері барысында көркем-технологиялық білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Оқу пәні түрлі шығармашылық іс-әрекеттегі кеңістіктік-бейнелікойлауын, шығармашылық ойлауын, рухани-адамгершілік мәдениетін, елесін, қиялын және аңғарымпаздығын, жеке тұлғаның қалыптасуын және өз ойын білдіруін дамытуға бағытталған.

«Көркем еңбек» пәні бойынша *оқу жүктемесінің көлемі*:

1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;

2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

3) 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты;

4) 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Түрлі материалдармен жұмыс істеу білім алушылардың технологиялық ойлауын, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялын, қиялы мен қол моторикасын дамытуға, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіреді.

Оқу мақсаттары білім алушыларда белгілі бір дағды қалыптастыру үшін әрекет түрін, орындау техникасын, шығармашылық жұмысты жасаудың материалын мұғалімнің өзі таңдайтындай етіп тұжырымдалған.

«Көркем еңбек» пәні бойынша оқыту процесінде білім алушылардың АКТ құралдарын қолдану дағдыларын дамыту қажет. Ең алдымен, бұл көркем жұмыстарды жасау кезінде цифрлық компьютерлік технологияларды пайдалану, слайдтық презентацияларды жасау дағдыларын дамыту, шығармашылық жұмысты жасау үшін басқа білім алушылармен ынтымақтастық, қарым-қатынас жасау мен ақпарат алмасу жәнет.б.

«Көркем еңбек» сабақтарындамұғалімнің өзі анықтайтын әртүрлі көркемдік-шығармашылық әрекеттер қарастырылады. Бұл ретте көркемдік-

шығармашылық әрекеттің негізгі үш түрі:

- құрылымдау;
- бейнелеу;
- сәндеу әрекеттері міндетті түрде іске асырылуы қажет.

«Көркем еңбек» пәні бойынша қалыптастырушы бағалау өткізіледі. Пән бойынша білім алушылардың қалыптастырушы бағалау нәтижелері білім алушылар мен ата-аналарға берілетін кері байланыс үшін негіз болып саналады.

«Көркем еңбек» пәні бойынша жартыжылдық соңында және оқу жылының соңында «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылады.

Мұғалім және білім алушылар әртүрлі жұмыс түрлерін орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтаулары қажет.

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Дене шынықтыру» білім саласының мазмұнына «Дене шынықтыру» пәні енгізілген.

«Дене шынықтыру» оқу пәні

Дене шынықтыруды оқытудың мақсаты денені салауатты шынықтыруға, спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін меңгеруге бағытталған дене шынықтырудың негіздерін қалыптастыру болып табылады.

«Дене шынықтыру» пәнін оқытудың міндеттері: дене шынықтыру және спорт саласындағы теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын дамыту; өзінің дене және психикалық денсаулығын нығайту үшін ұмтылуға ынталандыру; білім алушылардың төзімділікке, ширақтыққа, күштілікке,ептілікке және икемділікке ықпал ететін қозғалыс дағдыларын дамыту; Отанға деген патриоттық сезімін, құрметтеуге, жауапкершілік пен өзара түсіністікке тәрбиелеу; білім алушылардың өз өмірлерінде салауатты өмір салтын ұстануға және үйренген дене-қимыл дағдыларын алдағы уақытта қолдануға ынталандыру; жалпы адамзат мәдениетінің бөлігі ретінде дене шынықтыру туралы түсініктерін қалыптастыру.

Пән бойынша *оқу жүктемесінің көлемі* аптасына:

1) 1-сыныпта 3 сағаттан, оқу жылында 99 сағатты;
2) 2-сыныпта – аптасына 3 сағаттан, оқу жылында 102 сағатты;
3) 3-сыныпта – аптасына 3 сағаттан, оқу жылында 102 сағатты;
4) 4-сыныпта – аптасына 3 сағаттан, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Дене шынықтыру мұғалімдері білім алушы организмінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне (жетілуіне) сәйкес өздерінің педагогикалық тәсілдерін бақылауы және өзгертуі тиіс.

«Дене шынықтыру» пәнінің сыныптар бойынша мазмұны:

- *1-2-сыныптар үшін*: денсаулық туралы білу; қауіпсіздік ережесі; дене тәрбиесі дегеніміз не; күн тәртібі; жүру және жүгіру; секіру және лақтыру; ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту; сюжеттік-рөлдік қозғалмалы

ойындар; бірқатар гимнастикалық фигураларды үйрену; қазақ ұлттық қозғалыс ойындары; доппен және секіртпемен орындалатын ойындар мен тапсырмалар; ойын арқылы қарым-қатынас пен әлеуметтік дағдылар; қауіпсіздік ережесі; ойын арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту; ойын арқылы коммуникативті дағдыларын дамыту ойындары; ойынға шығармашылық идеялар; жеке қозғалыс белсенділігі; салауатты өмір салтын қалыптастыру; ашық ауада физикалық қозғалыс; жылдамдық, күш пенептілік; секіруді дамыту үшін тапсырмалар; эстафета және қозғалмалы ойындар;

Пән бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың қозғалыс белсенділігін (спорттық және қозғалыс ойындарының санын арттыру есебінен) және сауықтыру процесін арттыруға бағытталған.

Оқу бағдарламасында қарастырылған шаңғы/коньки/кросс дайындығы сабақтары өңірлердің климаттық жағдайларына сәйкес өзара алмастырылады.

Мұғалімнің әр сабақ сайын жүргізетін бақылау жұмыстары жүйелі түрде іске асырылады және білім алушының тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындап жатқандарын түсінуге, олардың білім алу траекторияларына түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

«Есептелінді» және «есептелінген жоқ» деген сынақ қойған кезде критериалды бағалау қағидасына сүйену керек. Яғни, білім алушы «есептелінді» деген сынақ алу үшін сабаққа қатысып қана қоймай, дене дамуы бойынша білім мен біліктілік негіздерін игеруі керек.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсан соңында және оқу жылының соңында «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылады.

4 5–9-СЫНЫПТАРДА ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БІЛІМ САЛАСЫ

«Тіл және әдебиет» білім саласына «Қазақ тілі», «Русский язык», «Қазақ әдебиеті», «Русская литература», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Русский язык и литература», «Ана тілі», «Ұйғыр/Өзбек/Тәжік әдебиеті», «Шетел тілі» оқу пәндері кіреді.

«Қазақ тілі» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)

2019-2020 оқу жылында «Қазақ тілі» пәні бойынша 5-9-сыныптар жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаларымен оқитын болады.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы ұлттық және халықаралық тәжірибелердің ең үздік үлгілерін басшылыққа алып жасалған.

Дәл бүгінгі таңда жаһандану дәуірінің ұлттық құндылықтарға төндіріп тұрған қаупі үнемі қаперде болуы ескеріліп, бүкіл ұлттық құндылықтардың ұйытқысы қазақ тілін оқытуда басшылыққа алынған тенденциялар, оларды жүзеге асыру жолдары мен тірек қағидалары мыналар:

1) қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарау;

2) тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау;

3) тілдік білім мен біліктерді XXI ғасыр адамының бойында сөйлеу мәдениетін, ойлау мәдениетін және адамгершілік мәдениетті қатар дамытуға, қарым-қатынас мәдениетін бейімдеп, құзіреттіліктер қалыптастыруға бұру;

4) тілді ұлт болашағының мәдени иммунитетін қалыптастырудың тетігі ретінде оқыту. Тілге деген жауапкершілік пен патриотизмді тәрбиелеуге жаңа прагматикалық көзқарас тұрғысынан келу, тілді оқытудың құндылықтық бағдарын сабақ барысында күшейту.

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылды. Ол оқушылардың тіл туралы түсініктерін тереңдетіп, ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейтеді.

Негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған (https://www.nao.kz/Білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету/ Оқу бағдарламалары/ Негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары. Қазақ тілі).

Білім мазмұнын ұйымдастырудағы ерекшеліктер:

5-9-сыныптарда оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрі міндетін

атқарушысының 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен (ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылы 13 қарашада № 15982 тіркелген) бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады.

Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілді және ұзақ мерзімді жоспарда әр сынып бойынша оқылатын шығармалар, тілдік дағдылар бойынша күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілді.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
2) 6-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
3) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
4) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
5) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

«Қазақ тілі» пәнін оқыту мақсаты – жалпы білім беретін негізгі мектептерде ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру және қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

«Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның қолданыстағы бағдарламадан ерекшелігі қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға негізделген:

1) тыңдалым және айтылым;
2) оқылым;
3) жазылым;
4) әдеби тіл нормаларын сақтау.

«Тыңдалым және айтылым» бөлімі оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- берілген ақпаратты түсіну;
- негізгі идеяны және түрлі жағдайлар тұрғысынан мәтіндегі көптеген көзқарастарды анықтау;
- тыңдалған материалға жауап беру;
- жасырын мәтінді анықтау, болжау;
- қоғамдық және іскерлік жағдайлардағы тіл мәдениетін түсіну және іске асыру;
- тыңдаушылардың назарын аудару үшін әдеби тәсілдерді пайдалану;
- тыңдалған материалды бағамдау;
- мультимедиа ресурстарын пайдалана отырып, сөйлеу және тыңдау.

«Оқылым» бойынша:

- жазбаша ақпаратты түсіну;
- мәтіннің негізгі идеясы мен құрылымын анықтау;
- мәтіндегі лексиканың ерекшеліктерін түсіну;
- сұрақтарды тұжырымдау және бағамдау;
- мәтіннің түрлері мен стилін анықтау;
- әртүрлі оқылым стратегияларын пайдалану;

- түрлі ақпарат көздерінен қажетті ақпаратты алу;
- мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау.

«Жазылым» бойынша:

- өз көзқарасын білдіре отырып мәтін жазу;
- тиісті стильді пайдалана отырып, алуан түрлі тақырып бойынша мәтін жазу;
- жоспар құру;
- өзіндік стильде мәтін құру;
- тыңдалым, оқылым және аудиовизуалды материалдар негізінде шығармашылық жұмыс жазу;
- түрлі жанрда мәтін құру;
- мәтіндерді салыстыру;
- мәтіндерді түзету және түрлендіру;
- оқырманның қызығушылығын оятып, сендіріп жазу;
- эссе жазу.

«Әдеби тіл нормаларын сақтау» бөлімі аясындағы бөлімшелер оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- орфографиялық норма;
- орфоэпиялық норма;
- лексикалық норма;
- грамматикалық норма;
- пунктуациялық норма.

Оқыту мақсаттары мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары туралы өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады және олардың жүйесі бірізді, оңайдан қиынға қарай, шыршық принципі сақталып жасалған.

Оқу мақсаттарымен жұмыс жүргізу жолдары:

определенной мини-теме. Групповые виды деятельности, такие как, дискуссии и дебаты предполагают коллективное обсуждение учащимися проблемы, предложений, идей, мнений и совместный поиск решения. Активно участвуя в том или ином виде деятельности, учащиеся обогащают свой словарный запас, учатся навыкам коммуникации.

Рекомендуются следующие виды работ по развитию коммуникативных умений:

I. *Работа со зрительной опорой*. Как правило, в качестве зрительной опоры используются картины, фотографии и другие изображения. Изображения должны быть тематически разнообразны, включать самые разные, наиболее распространенные в жизни темы и сюжеты.

Предлагаемые виды работ:

1.*Устный диалог*, в котором каждый участвующий играет роль одного из персонажей картинки и сам придумывает свой рассказ, рассматривая рисунки самостоятельно. При этом работа может оцениваться в соответствии со следующими критериями: сумел ли учащийся индивидуализировать речь героя, показать речевыми средствами его характер; являются ли его реплики психологически достоверными: может ли человек так мыслить и говорить в подобной ситуации; насколько интересно, лаконично он говорит; насколько разнообразную лексику использует; литературна ли, грамотна ли его речь.

2. *Устный рассказ.* Это монологическая работа, поэтому она должна следовать за устным диалогом: кто-то из учащихся рассказывает (но не читает), остальные слушают его рассказ.

II. *Творческие работы (*сочинения, эссе) на основе личных впечатлений.

1. Музыкальные впечатления. Учащиеся прослушивают в классе небольшой музыкальный фрагмент, например, из произведения «Зима» А. Вивальди, а затем пишут сочинение или устно высказываются на тему: «Какое состояние природы я представил себе, слушая музыку?».

2. Читательские впечатления. Это можно делать только по произведению, которое прочитано в классе и большинству учащихся понравилось. Читаются литературные произведения, но работа по развитию речи может происходить и на уроке литературы, и на уроке русского языка.

3. Жизненные впечатления. Например, темой устного или письменного сочинения может быть: «Моя дорога в школу», «В школе» и др.

Очень важными принципами этого вида работы являются внимание и интерес к внутреннему миру каждого учащегося. Учителю рекомендуется создать такую обстановку в классе, когда все, что связано с индивидуальностью каждого учащегося, его отличием от других, воспринимается положительно и с интересом.

4. *Устные дискуссии.* Основная цель этого вида работы - научить слушать и слышать, формулировать свои мысли и аргументировать их. Темы дискуссий должны быть интересны и в то же время хорошо знакомы учащимся, это может быть, например, то художественное произведение, которое они вместе читали, или какое-то волнующее их событие.

5. *Устная и (или) письменная газета.* Учащиеся делают сообщения о том,

что происходит в школе, в классе, в городе, где они живут. Сообщение должно быть в определенном стиле, точным, информативным, интересным. Основная задача - выбрать интересный материал и грамотно его оформить.

6. *Пересказ художественного текста* от имени героя.

7. *Издание литературно-публицистического альманаха*.

Объем учебной нагрузки учебного предмета «Русская литература» составляет:

1) в 5 классе – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году;
2) в 6 классе – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году;
3) в 7 классе – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году;
4) в 8 классе – 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году;
5) в 9 классе - 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году.

Итоговая аттестация обучающихся 9-х классов охватывает содержание Типовой учебной программы по предмету «Русский язык» (с русским языком обучения) для 5-9 классов уровня основного среднего образования по обновленному содержанию. Уровень знаний и умений, а также навыки обучающихся определяются ожидаемыми результатами ГОСО. Целью оценивания является определение степени освоения обучающимися объема учебной программы по предмету «Русский язык» в соответствии с Государственным общеобязательным стандартом основного среднего образования.

Итоговая аттестация обучающихся является частью системы критериального оценивания, которая также включает формативное и суммативное оценивание.

Экзамены проводятся согласно Типовым правилам проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся в организациях образования, реализующих общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего, общего среднего образования, утвержденных приказом Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении Типовых правил проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся для организаций среднего, технического и профессионального, послесреднего образования» от 18 марта 2008 года № 125.

Количество суммативных оцениванийпо предмету «Русская литература»

Суммативное оценивание по предмету предполагает проведение суммативных оцениваний за раздел (СОР) и за четверть (СОЧ). Ниже представлено количество суммативных оцениванийза раздел/сквозную тему.

Таблица 42. Количество суммативных оцениваний по предмету «Русская литература»

Класс	Количество суммативных оцениваний

	за раздел/сквозную тему			
	1 четверть	2 четверть	3 четверть	4 четверть
5 класс	2	2	2	2
6 класс	2	2	2	2
7 класс	2	2	2	2
8 класс	2	2	2	2
9 класс	2	2	2	2

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде емес)

Оқыту қазақ тілінде емес мектептерде «Қазақ тілі» мен «Әдебиеті» пәндері жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пән ретінде оқытылады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін кіріктіріп оқытудың мақсаты – оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге және сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру. Оқушылар әңгіме, поэзия, драма, сондай-ақ, ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады. Оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады.

Қазақ тілі мен әдебиетін кіріктіре оқытуда жаңа әдістемелік логика ұсталынады. Жаңартылған коммуникативтік бағыт тек коммуникативтік әдістерді атап қана қоймайды, әрбір коммуникативтік әдісті іштей кіші бөлшектерге бөліп, олар кіші дағдылар – оқу мақсаты түрінде әрбір сыныпқа төменнен жоғары қарай дамып, күрделене түсетін спираль түрінде жүйелі құрастырылды. Өйткені коммуникативтік бағытты ұстану үшін, мұғалім мен оқушылардың және оқушылардың өзара, жеке, жұпта, топпен, ұжыммен еркін түрде сұхбаттасуына лайықталып құрылған білім берудің жүйелі үдерісі қалыптасуы керек. Бағдарламада көрсетілген оқу мақсаттарының нәтижесіне жету үшін мұғалім мен оқушының өзара педагогикалық ықпалдасуы жаңа дәрежеге көтерілуі тиіс. Ол дәрежеге өзара сыйластық, іскери ынтымақтастық және сұхбаттасып отыру арқылы қол жеткізуге болады. «Субъекті - субъектілік» дидактикалық қарым-қатынасқа негізделген оқыту жүйесінде әрбір оқушы жеке тұлға деп танылады және олардың әрқайсысы қазақ тілін оқып-үйренуі барысында өзінің ішкі құндылықтары мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға толық мүмкіндігі болуы міндетті болады. Мұғалім оқушылардың қазақша еркін сөйлеп, жазып, үйренуі үшін, түрлі интерактивтік әдістерді қолданып, бірге күліп, бірге коммуникативтік жағдаяттың шешімін іздеп, олармен эмоциялық жақын болуы керек. Ынтымақтастық, достық, сыйластық, түсіністік орнату – басты қағида болады. Психологиялық-педагогикалық ғылыми тұғырлары осы мақсатқа лайықталып НЗМ тарапынан әзірленген Оқулық пен Мұғалім нұсқаулығы бағдарламаның мақсаты мен мазмұнын толыққанды аша алады. Өйткені мұндай арнайы сабақтар жүйесі мен жаттығулар жүйесі бағдарламаның тікелей сәулеленген көрінісін танытады.

Осыған дейінгі бағдарлама кеңестік авторитарлық «субъектілік - объектілік» қатынас жүйесінен еш алыстамаған. Ал ондай оқушыны бағыныштыны объекті ететін білім беру үдерісінде шынайы коммуникативтікдағды қалыптастыру мүмкін болмайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін кіріктіріп оқу арқылы оқушылар:
- сөздік қоры мен тілдік сауаттылығын дамытады;
- тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметін түсінеді;
- ойлау және танымдық қабілеттерін дамытады;
-коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді және өзгелермен еркін қарым-қатынас жасауды үйренеді;
- қазақ халқы мен мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қалыптастырады , қызығушылығын арттырады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін кіріктіріп оқытуда сабақты ұйымдастыру, ең алдымен, оқу материалының ерекшелігіне, сынып деңгейіне негізделеді. Кіріктіріп оқытудың негізгі және міндетті талабы – оқушының өзіндік жұмыс істеу қызметін арттыру, өйткені оқу материалының тақырыптық аясын кеңейте отырып, терең талдауды талап етеді.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасында «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқытылу да өзгеше. Бағдарлама оқушының білім, білік және төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және өскен сайын тілдік оқу мақсатта күрделене түседі.

5, 6, 7, 8, 9 - сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен (оқыту орыс тілінде) жүзеге асырылады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілді және ұзақ мерзімді жоспарда әр сынып бойынша қамтылатын шығармалар, сағат саны, оқу мақсаттары нақты көрсетілген.

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:
1) 5-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
2) 6-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
3) 7-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
4) 8-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;
5) 9-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат.

2. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті» деңгейлерін (В1, В2) негізге ала отырып, айқындалған.

3. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу мазмұны 5 бөлімге бөлінеді. Бөлімдерді бөлімшелер құрайды, олар сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттарынан тұрады.

4. Оқыту мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын(тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді.

5. Оқыту пәнінің мазмұнын 5 бөлім құрайды:
1) тыңдалым;
2) айтылым;
3) оқылым;
4) жазылым;
5) тілдік бағдар.
6. «Тыңдалым»бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
1) болжау;
2) назарын шоғырландырып тыңдау;
3) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;
4) көркем шығармаларды тыңдау;
5) негізгі ойды анықтау;
6) тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.
7. «Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
1) мәтіндегі ақпаратты анықтау;
2) стильдік ерекшеліктерді анықтау;
3) көркем шығармаларды оқу;
4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;
5) қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу;
6) өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау.
8. «Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
1) әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру;
2) эссе жазу;
3) көркемдегіш құралдарды қолданып жазу;
4) мәліметтерді жинақтау;
5) орфография және пунктуация.
9. «Айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
1) сөздік қорының алуандығы;
2) сөз мәнері мен сөйлеу этикеті;
3) орфоэпиялық нормаларды сақтау;
4) мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау;
5) сенімді және еркін жауап беру;
6) визуалды материалдар арқылы тілді дамыту.
10. «Тілдік бағдар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
1) сөз таптары;
2) сөйлем.
(https://www.nao.kz /Білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету/ Оқу бағдарламалары./Негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары «Казахский язык» для школ с русским/ узбекским/ уйгурским/ таджикским языком обучени)

Қазақ тілін деңгейлік оқыту әдістері. Оқыту әдістерінсіз алға қойған мақсатқа жету мүмкін емес. Әдіс алға қойған мақсат пен нәтижені біріктіретін, оқу үдерісінің жүрегі болып табылады. Оқыту үдерісі кезінде есту, айту, оқу және жазу секілді сөйлеу қызметінің білімі, дағдылары мен машықтарын дамытуға бағытталған коммуникативтік әдіс қолданылады

1. ***Коммуникативті әдіс*** шет тілін оқытудағы ең белсенді әдістемелерінің ішінде жетекші орын алады. Коммуникативті әдіс жанды ерікті қатынас үдерісінде негізгі тілдік дағдыларды (жазбаша және ауызша сөйлеу, грамматика, оқылым мен тыңдалым) бір мезгілде дамытуға бағытталған. Оқушыны басқа тілде сөйлесуге үйрету – мұғалімнің басты міндеті. Шет тіліндегі лексика, грамматикалық құрылымдар, сөз тіркестері оқушыға оқып жатқан материалдың тез және берік бекінуіне септігін тигізетін шынайы эмоционалды жағдай контексінде ұсынылады. ***Коммуникативті әдісте*** оқушы мен мұғалім арасындағы психологиялық тосқауыл жойылады. Білім алушылар өздері мен мұғалім арасындағы қашықтықтың жоқтығын сезіне бастағанда, олармен қатынас қызықты, көңілді болса, оқушыларға өзге тілде сөйлей бастау оңайға түседі. Оқытудағы көптеген ойын элементтері сабақты жандандырады, оқушылардың эмоционалды көңіл-күйін сақтап отырады, олардың уәжін күшейтеді. «Жұптық», «үштік», «топтық» жұмыстар, *тілдік ойындар, рөлдік* ойындар, оқушыларға қызық тақырыптардағы пікірсайыстарға қатысу – осының барлығы мұғалімге оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге, сабақтарды шығармашылық және қызықты етуге және де сол мезетте мұғалім оқушыға сездіртпей, оқыту үдерісіне толыққанды бақылау жүргізуге мүмкіндік береді.

– Коммуникативті болып табылады, себебі олардың қатынастың 3 белгісі бар: ақпараттық бос кеңістік, таңдау және кері байланыс.

– Түрлі әлеуметтік контекстер мен рөлдерді, қатынастарды түсінуге мүмкіндік береді.

– Жұптық және топтық жұмыстар – жиі қолданылатын әрекет. Психологтердің анықтауынша, кез келген адам естігенінің – 10%, көргенінің 50%, істегенінің – 90%-н жадында сақтап қалады екен , сондықтан қатысымдық бағыттағы ойындар мен басқа тілдесім әрекеттері білім алушыны қарым-қатынасқа түсуге бар қарқынымен ұмтылушы, ізденуші, белсенді әрекет иесі ретінде рөл атқаруына ынталандырады. Коммуникативтілікке бағыттылған ұстаным – тіл үйренушінің ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасай алуы үшін қажетті коммуникативтік мүмкіндіктерін тудыруға бағытталған оқыту болыпсаналады.

Шетел (АҚШ, Германия, Франция) әдістемесінде тіл оқытуда креативті ойлауды дамытудың келесі әдістері кеңінен тараған: *креативті жазылым; креативті оқылым; креативті тыңдалым; креативті сөйлесім*;

Креативті ойлауды дамытудағы оқыту әдістері белгілі дидактикалық жүйе түрінде көрінеді, бұған сәйкес оқу мақсаты – жүйе құрушы фактор.

1. ***Креативті жазылым.*** Кез келген тілде тілдік қатынас жасау деңгейін жетілдіруде, әсіресе жазылым әрекетін дамытуда арнайы қарастыруды қажет ететін мәселелер бар. Жазылым сөйлеу әрекеті *өнімді түрі* болып есептеледі. Ал *креативті жазылым* бұл аудиторияның ерекше бір көңіл-күйде, шығармашылық еркіндікте болғанда ғана іске асуы мүмкін. *Креативті жазылымның* негізгі мақсаты жазылым әрекеті кезінде оқушының осы жазылым әрекетінен қуаныш пен көтеріңкі көңіл – күйде болуы болып

табылады. Өнімді креативті жазылым тіл үйретудің алғашқы деңгейінде-ақ қолданыла бергені дұрыс. Алғашқы кезеңде визуалды тіректің болғаны абзал, мысалы: суреттер, фотолар,тұрмыс заттары, аудио тіректер: аудиомәтіндер, әндер, аспапты музыкалық шығармалар, жазбаша тіректер: өлеңдер, әңгімелер, цитаталар,мақал-мәтелдер.

Жаттығулар жүйесі:

1) Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тыңдай отырып, көз алдыңызға не елестетесіз, соның бәрін жаза беріңіз;

2) Е. Хасанғалиевтің «Атамекен» әнінің музыкасына туған еліңізді суреттейтін мәтінжазыңыз;

3) суретке қарап 11 буынды өлең шығарыңыз;

4) топтарға бөлініп, шытырман оқиғаға толы қызықты әңгімелер жазыңыз;

5) керемет бір қызықты жерінде үзілген әңгімені аяқтап, түпнұсқамен салыстыруыңыз;

6) бір рөлге кіріп, рөл иесін сипаттаңыз;

7) ойдан шығарылған кейіпкерлерге хат жазыңыз.

2. ***Креативті оқылым.*** Оқуды игертудің алғашқы кезеңдерінде білім алушылардың меңгерген шектеулі сөздік қорларын қолдану арқылы еліміздегі түрлі саяси, әлеуметтік, мәдени, экономикалық проблемалар туралы мағлұматтар беруге болады. Ол үшін дидактиканың «жеңілден ауырға қарай» ұстанымын бағытқа ала отырып, білім алушыларға шағын мәтіндер беріліп,ол мәтіндер күн сайын күрделеніп отыруы тиіс. Оқылым үдерісін бастапқы кезеңінің негізгі міндеті – дауыстап және іштей оқу механизмдерін қалыптастыру. Білім алушылар күнделікті тұрмыста қолданылатын белсенді сөздерді тез қабылдап, дұрыс айта білуге міндетті.. Мәтінді оқу – мәтінді аудару емес:

- мәтін мазмұнын түсіну үшін мәтіндегі барлық сөзді түсіну шарт емес;
- мәтінді түсіну барысында адамда болатын білім қоры (фоновое знание) өте маңызды орын алады;
- мәтінді оқып бастамай-ақ, мәтіннің мазмұны туралы өзіңіз ойлағаннан да көбірек білуіңіз әбден мүмкін.

Жарнама мәтіні, газет мақаласы, күнделік мәтіні, ертегі әлде өлең жолдарыма?

Мәтіннің қосымша элементтері болуы мүмкін (сурет, диаграмма, схема, кесте т.б.) бұлар мәтінді түсінуге көмектеседі.

3) ***Креативті тыңдалым.*** Тыңдалым бойынша жүргізілетін жұмыстардың алдын ала мәтіндерді тыңдатудан бастаған жөн. Тапсырма түрі де қарапайым: Тыңдаңыз, түсінуге тырысыңыз. Тыңдалымға үйретудің нәтижелі болуы мәтіннің дұрыс тыңдалуына да байланысты.Оның көлемі үйренушінің қабылдауына әсер етеді. 2-3 минуттық материалды I деңгейде үйренуші есінде толық сақтай алмауы мүмкін.Тыңдалым дағдысын қалыптастыру тілдің табиғи қолданысына, табиғи темпіне негізделуі қажет, ауызекі сөйлеу тілі стиліндегі мәтіндерді ұсыну; бақылау жұмыстарында әртүрлі тестерді ұсыну. Тыңдалым әрекетіне арналған тіл үйренушілердің

креативті ойлауын дамытатын жаттығулар түрлері:

1. Дыбыстарды естіп, ажыратуға арналғанжаттығулар:

1) [ә] дыбысы бар сөздерді естігенде қолдарыңыздыкөтеріңіздер;

2) дыбысты естіп, әріп түрінде жазыңыз;

2. Сөздерді түсінуге арналғанжаттығулар:

1) мәтінде аталған жануарлардың суреттерінсалыңыз;

2) тыңдалған мәтіндегі кейіпкерлердің мамандығын анықтаңыз; кейіпкерлердің әуестігін атаңыз т.б.

3. Логикалық ойлай білу қабілетін арттыратынжаттығулар:

1) бірнеше сөзді тыңдап, осы сөздің бәрін бірақ сөзбентүсіндіріңіз;

2) диалогті тыңдап, түпнұсқалық қалпынакелтіріңіз;

3) тыңдалым мәтінінде қате айтылған сөйлемдерді дұрыс ретімен айтыңыз; мәтінде естіген оқиғаны рөлге бөлініп ойнапберіңіз.

4. Жазылым әрекетін дамытужаттығулары:

1) мәтінді тыңдап, түсіп қалған сөздерді жазыңыз; бірқатар сөздерді тыңдап, тек қана мағынасы бір-біріне жақын сөздердіжазыңыз.

5. Монологті сөйлеуді машықтандыратынжаттығулар:

1) мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауапберіңіз;

2) мәтінде кездескен сөздердің көмегімен өз досыңыздысипаттаңыз.

4) ***Креативті сөйлесім.*** Тіл – сөйлеу құралдарының бүтін жүйесі. Сондықтан сөйлеу құралдарымен сөйлеу әрекетін, олардың түрлерін жан-жақты игермей тұрып, белгілі бір бөтен тілде ойды жеткізу мүмкін емес. Сөйлеу әрекетін дамыту – күнделікті өмірде кездесетін жағдайларға байланысты адам өз ойы мен пікірін тұжырымдау, ойды сөзбен бейнелеудің, сөйлем арқылы түсінікті түрде жеткізудің амалдарын игеру. Тіл үйренушінің сөйлеу әрекеті оның барлық түрлерін қатар игеріп, ойды дұрыс жеткізуге әсері бар барлық негізгі және қосымша құралдарды пайдаланған кезде жүзеге асырылады. Қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқыту барысында ***креативті ойлау технологиясын*** енді сөйлеу әрекетінің маңызды бір түрі-сөйлесімді дамытқанда қолдану жолдары нақты жаттығулар арқылы сипатталмақ. Тілдік және әдебиет тақырыптары қазіргі заманның ғана емес, ғылым мен технологияның дамуын ескере отырып, соған сай дамитын алдағы келе жатқан заман оқушыларына қажетті тақырыптардан да іріктелінген.

2019-2020 оқу жылында 6 және 7-сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктіріліп оқытылады.

Өлкетану – бұл туған өлкенің тарихы, табиғаты мен экологиясы, экономикалық, әлеуметтік-құқықтық дамуы, рухани шыққан тегі, әдебиеті және көркемөнері. Өлкетану өзіңнің туған жеріңді аялауды, сүюді ғана үйретіп қоймайды, сондай-ақ ол туралы білуіңді, тарихқа, өнерге, әдебиетке қызығушылық танытуға, мәдениет деңгейін көтеруге үйретеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында әзірленген «Өлкетану» материалдарын оқыту:

- білім алушылардың ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен

ерекшеліктері туралы білім қалыптастыру;

- туған өлкенің табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және мәдени нысандары туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің бірегей табиғаты, тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу; оларды қорғауға жауапкершіліктерін арттыруға бағытталған.

Өлкетану материалдары *6, 7-сыныптарда 2 сағаттан 4 сағат* көлемінде оқытылады. Өлкетану материалдары оқу бағдарламасының базалық білім мазмұны мен ұзақ мерзімді жоспардың 3 және 4-тоқсандарына енгізілді. Оқу бағдарламасы бойынша тоқсандағы бөлімдер мен бөлім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркінде болғандықтан «Өлкетану» материалдарын кіріктіріп оқыту ұсынылады.

Өлкетану материалдарын оқытудың ерекшеліктері:

Өлкетану мәдени және ұлттық сәйкестікті дамыту мен сақтаудың маңызды міндетін орындайды. Өлкетанулық білім жаңа буынды аймақтың мәдени құндылықтарымен қамтамасыз етіп отыратын әлеуметтік-мәдени ақпарат көзінің бірі.Бұл жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

6-сыныпта«Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада», «Өлкені сипаттау өнері» тақырыптарын оқытуда білім алушыларды туған өлкенің табиғаты және тарихы сипатталатын поэтикалық және прозалық шығармаларды, туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығын білуге, олардың шығармашылығы туралы деректер жинауға және мәтіннің ақпараттылық, оның көркемдік, тілдік ерекшеліктері негізінен өлкетану сипаттамаларын талдауға үйрету ұсынылады.

7-сыныпта «Туған өлке публицистика беттерінде», «Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясы» тақырыптарын оқытуда өңірде шығатын газет-журналдарды білуге, туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді ақпараттылығы, мазмұнының тереңдігі, эмоционалдық әсері тұрғысынан талдауға, энциклопедия ұғымын түсінуге, энциклопедияға қажетті материалдарды іріктей білуге, электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысуға баулу ұсынылады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 43-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) саны көрсетілген.

43-кесте. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша жиынтық бағалау саны.

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан

5-сынып	2	2	2	2
6-сынып	2	2	2	2
7-сынып	2	2	2	2
8-сынып	2	2	2	2
9-сынып	2	2	2	2

Оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын, шығармашылық қабілетін, қазақ әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру мақсатында төмендегідей әдебиеттер тізімі ұсынылады:

А.Байтұрсынұлы. «Бұлбұл мен есек», «Балаларды оқуға шақыру», «Қасқыр мен қозы», «Қасқыр мен тырна»

«Алтын сақа» (ертегі)

Аңыз әңгімелер.«Қожанасырдың тойға баруы»

Аңыз әңгімелер. «Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт»

Аңыз әңгімелер. «Жиренше мен Қарашаш сұлу»

Қағида өлеңдер. «Бес жетім», «Жеті құт», Он жақсы»

Ахмет Байтұрсынұлы. «Аққу, шортан, һәм шаян» мысал өлеңі

Б. Көмеков. С. Өтениязов «Шоқан Уәлиханов» әңгімесі

Б.Майтанов. «Абай» әңгіме

Ә.Жүсіп. «Бай мен жалшы» әңгіме

Ж.Смақов. «Не болады?», «Әжемнің екі қазы бар», «Ит пен мысық ойнады» өлеңдері

С.Дөнентаев. «Көк төбетке», «У жеген қасқырға», «Екі теке», мысалдары

Б. Бұлқышев. «Лагерьден қайтқанда»

«М. Мақатаев.«Үш бақытым» өлеңі»

Ы.Алтынсарин. «Мұңсыз адам»

Ы.Алтынсарин. «Дүниеде жамандық неден?»

Шешендік сөздер. «Дүниеде не өлмейді»

С. Бегалин. «Бала Шоқан» повесі (үзінді)

М.Әуезов. «Көксерек» әңгімесі

Ш. Құдайбердіұлы. «Адамдық борышың» өлеңі»

С. Торайғыров. «Шығамын тірі болсам адам болып»

О.Нұрғали. «Құлық» әңгіме

А.Асылбек. «Тілін ұмытқан тауық» өлеңі

М. Базарбайқызы. «Әкесін іздеген ұл» әңгімелер жинағы

Абай Құнанбаев «Қараңғы түнде тау қалғып»

М. Мақатаев. «Өмір сүрейік алмасып» өлеңі

Ә. Қалдыбаев «Мен апамның баласымын»

Қ. Қайсенов«Жау тылындағы бала»

М. Жұмабаев «Сағындым»

Ғ. Мүсірепов «Тастың әңгімесі»

«Қобыланды батыр» жыры»

М. Жұмабаев. «Сүйемін» өлеңі

Қ. Мырзалиев. «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» өлеңі

М. Жұмабаев. «Түркістан» өлеңі

М.Әуезов «Жетім» әңгімесі
Д. Исабеков. «Тағдырдың кейбір кездері»
«Күншығыс аңыздары». Жапон аңыздары. Түпнұсқадан аударған Ш. Жылқыбаева
С. Мұқанов. «Балуан Шолақ»
М. Мақатев. «Аманат»
С. Мұратбеков. «Жабайы алма»
Лиро-эпостық жырлар. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырынан үзінді
Орхон ескерткіштері. «Күлтегін»
Ғ. Мүсірепов. «Өлімді жеңген ана» әңгімесі
С. Сейфуллин. «Аққудың айырылуы» поэмасы (үзінді)
А. Құнанбайұлы. «Ескендір» поэмасы
М. Әуезов. «Абай жолы» толық оқып шығу
Ғ. Мүсірепов. «Боранды түнде»
Т. Әлімқұлов. «Қараой»
М. Жұмабаев. «Батыр Баян»
М. Өтемісұлы. «Баймағанбет сұлтанға айтқаны»
Ы. Алтынсарин. «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі
Ғ.Мүсірепов. «Қазақ солдаты»
М. Көпейұлы. «Сарыарқаның кімдікі екендігі» (үзінді)
М. Құнанбаев. «Меғдат-Қасым» поэмасы
М. Мағауин. «Бір атаның балалары»
Айтыс. «Біржан мен Сара» айтысы»
Ш. Уәлиханов. «Ыстықкөл күнделігі»
Б. Майлин. «Шұғаның белгісі»
А. Құнанбаев «Қарасөздер»
Б.Момышұлы. «Олар менің есімде»

«Абайтану» факультативтік курсы

ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы арқылы оқыту жүзеге асырылады.

Курстың білім мазмұны ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Курсты қазақ тілі мен әдебиеті немесе біліктілікті арттыру және қайта даярлау бойынша арнайы курстардан өткен пән мұғалімдері жүргізеді. Мұғалімдерге көмек ретінде «Абайтану» курсы бағдарламасының мазмұнын жобалау мен өткізу бойынша әдістемелік құралдар әзірленіп, Академия сайтына (www.nao.kz)орналастырылды.

Жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбына арналған «Абайтану» курсын ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компоненті

есебінен жүргізу ұсынылады.

Курс жүктемесінің көлемі:

9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Курс бойынша білім алушылардың оқу жетістігін ағымдық бағалау, сондай-ақ емтихан жүргізілмейді.

«Русский язык и литература» оқу пәні (оқыту орыс тілінде емес)

Важность учебного предмета «Русский язык и литература» для школ с нерусским языком обучения определена приоритетным статусом русского языка как средства межнационального общения в Республике Казахстан и его значимостью в создании полиязычного пространства.

Изучение учебного предмета «Русский язык и литература» способствует развитию коммуникативных навыков в устной и письменной речи.

Учебный предмет «Русский язык и литература» способствует становлению мировоззрения учащегося, дает возможность пользоваться информацией различных сфер: социально-бытовой, социально-культурной, научно-технической, учебно-профессиональной; помогает ориентироваться в общемировом образовательном пространстве.

Овладение русским языком поможет учащимся адаптироваться к условиям современного мира, успешно регулировать речевое поведение в соответствии с коммуникативной ситуацией; научит пользоваться различными источниками информации и современными информационными технологиями для выражения и обоснования собственного мнения.

Целью учебной программы по учебному предмету «Русский язык и литература» является формирование коммуникативных навыков, основанных на владении системой разноуровневых языковых средств, соблюдении правили норм русского литературного языка, правил речевого этикета, употреблении языковых единиц в речевой деятельности, ориентированной на ситуацию общения, что способствует развитию функциональной грамотности учащихся. Учебная программа направлена на развитие всех видов речевой деятельности: слушания, говорения, чтения и письма.

Обновленное содержание обучения предполагает реализацию комплексного подхода в развитии языковой, речевой (в том числе этнокультурной), коммуникативной компетенции на основе функциональной грамотности и в общем направлении воспитания языковой личности; актуализацию самостоятельной работы учащихся по лингво-коммуникативному развитию и совершенствованию.

Вся методическая система обновленного содержания обучения русскому языку строится на основе учета теории обучения второму языку, при котором соблюдается главное условие – коммуникативная направленность презентации всего языкового материала. Так же, как и в 5,6,7 и 8 классах, в 9 классе изучаемый курс представлен как интегрированный курс русского языка и литературы. Программа предусматривает планирование такого урока, в котором сочетается материал по чтению и грамматике. Это определяет его структуру: каждое занятие должно содержать работу над текстовым материалом и работу над языковым материалом (орфографические,

грамматические правила, определения, упражнения по развитию устной и письменной речи). Реализация основной цели обучения русскому языку как неродному – формирование навыков речевой деятельности – обеспечивается охватом таких сторон в изучении языка, как расширение словарного запаса, приобретение навыков самостоятельной передачи мыслей на русском языке.

Учебный материал должен подаваться с учетом ведущих принципов современной русской лингводидактики, среди которых имеется в виду рациональный отбор лексики; взаимосвязанное изучение лексики и грамматики, целесообразная дозировка теоретических сведений и практических заданий, направленных на активизацию всех видов речевой деятельности; ярко выраженная коммуникативная направленность языкового материала.

Межпредметные связи устанавливаются через дидактические тексты, обладающие информационной насыщенностью. Тексты и послетекстовые задания и упражнения должны быть направлены не просто на конструирование высказываний, но и должны предполагать совершение речевого поступка, проявление речевого поведения.

Методика подачи фактического материала должна отвечать требованиям научности, одновременного развития видов речемыслительной деятельности, наглядности и коммуникативности в обучении неродному языку. В этой связи текстовой материал должен презентовать не только историю, культуру, мировидение русского народа, но и, что отвечает языковой политике РК, особенности современного функционирования русского языка в Казахстане как неотъемлемой части общего социокультурного пространства.

Содержание учебного материала рекомендуется представлять в трех основных видах: текстовой материал, содержащий достаточное количество изучаемых грамматических форм и лексических единиц, теоретический материал – определения и орфографические правила и практический – лексико-грамматические упражнения.

К примеру, упражнения в 6 классе к теме «Паронимы».

Задания:

1. Ознакомьтесь с нормой употребления глаголов **выходить** и **сходить.**

2. Составьте вопросительные предложения с данными паронимами. Употребление глаголов **выходить** и **сходить** регламентируется грамматическими правилами. В предложении с предлогом **из** употребляется глагол **выходить** (выйти), а в предложении с предлогом **с** – глагол **сходить** (сойти). Поэтому **из** вагона, **из** автобуса, **из** троллейбуса, **из** трамвая выходят, а **с** поезда, **с** теплохода, **с** корабля сходят.

3. Ответьте на вопросы, используя паронимы. Какой пароним надо употребить, когда речь идет:

1) о необразованном человеке;

2) о грубом и невежливом человеке;

3) о человеке, занимающемся дипломатической деятельностью;

4) о лице, награжденном дипломом какого-либо конкурса.

Слова-помощники: невежа // невежда, дипломат // дипломант.

Рекомендуется использовать такие учебные тексты и практические

упражнения, которые реализуют выполнение индивидуальной работы, работы в паре и группах.

Необходимо строить обучение русскому языку на основе практических методов и приёмов. Языковые упражнения должны быть представлены в минимальном объеме, должны преобладать речевые (коммуникативные) упражнения, построенные на основе текстов.

Рекомендуются следующие педагогические подходы в обучении русскому языку как второму:

1. Использование заданий с учетом индивидуальных возможностей ученика и изучение их ошибок не для классификации, а с целью организации работы по их устранению.

2. Создание атмосферы доверия между учителем и учащимися, а также среди самих учащихся.

3. Дифференциация заданий согласно индивидуальным способностям учащихся.

4. Создание условий для работы в группах (каждый учащийся может исполнять различную роль при работе в группе, например, роль лидера, «следовать за лидером» и др.).

5. Предоставление пространства для самостоятельного решения, выбора, обсуждения и выражения собственных мыслей.

6. Использование заданий, связанных с реальной жизнью, где учитель только направляет, а учащиеся добывают знания самостоятельно.

7. Использование различных целей обучения развивает критическое мышление, учит учащихся работать самостоятельно при постановке целей, исследовании проблем, поиске ответов, обсуждении проблем и выражении своего собственного мнения во время внимательного слушания мнений других учащихся.

8. Использование интерактивных методов обучения помогает учащимся развивать личную точку зрения и принимать во внимание мнения других.

9. Использование совместных методов обучения заключается в формировании у учащихся навыков, при выполнении командной работы, при обсуждении и сотрудничестве для достижения соглашения, принятии на себя ответственности за члена команды, в процессе самоуправления и управления.

В обучении русскому языку как второму рекомендуется исследовать методы активного чтения и письма, что в дальнейшем сформирует эффективные навыки говорения и аудирования.

Некоторые моменты, которые следует учитывать при использовании различных заданий:

- рекомендуется планировать множество различных заданий в рамках одного урока. На одном уроке необходимо включить четыре, пять или более различных заданий. Предусмотреть работу в коротких промежутках времени, например, 10 минут. Время, за которое учащиеся могут сосредоточить свое внимание, часто довольно короткое;

- обращать внимание, что каждое задание следует за предыдущим, и постоянно напоминать учащимся о главных учебных целях. Повторяйте

задание по-разному. Например, сделать задание в устной форме, а затем попросить класс сделать ту же самую задачу в письменной форме. Это помогает учащимся понять задачу, приводит к плавному переходу, укрепляет предыдущее обучение и позволяет учащимся практиковать более одного навыка;

- включать индивидуальные, парные, групповые задания в деятельность всего класса.

Оценка устных ответов учащихся

Устный опрос на уроках русского языка и литературы является одним из основных способов учета знаний учащихся. Развернутый ответ учащегося должен представлять собой связное, логически последовательное сообщение на заданную тему, показывать его умения применять определение, правила в конкретных случаях.

При оценке ответов учащегося необходимо руководствоваться следующими критериями:

- полнота и правильность ответа;
- степень осознанности, понимания изученного;
- языковое оформление ответа.

В течение учебного года на заседаниях методических объединений учителей русского языка и литературы (методическое объединение, школа молодого учителя, школа совершенствования педагогического мастерства, творческие группы и др.) рекомендуется рассмотреть актуальные вопросы теории и методики обучения русскому языку и литературе с учетом имеющегося эффективного педагогического опыта педагогов:

1. Актуальные проблемы преподавания русского языка и литературы в условиях обновления содержания образования.
2. Коммуникативная культура учителя и развитие речемыслительной деятельности учащихся.
3. Организация образовательного процесса на уроках русского языка и литературы в условиях обновленного содержания образования.
4. Формирование универсальных учебных действий на уроках русского языка и литературы в условиях реализации ГОСО.
5. Содержание уроков русского языка и литературы, как условие и средство развития познавательных интересов учащихся и их способностей в рамках обновленного содержания образования.
6. Эффективные приемы формирования и развития читательской грамотности учащихся в процессе обучения русскому языку и литературе, использование потенциала библиотек для развития читательской грамотности учащихся.
7. Совершенствование педагогического мастерства через участие в творческих конкурсах и работе методических объединений.
8. Актуальные вопросы научно-исследовательской работы в области литературы в школе.

Объем учебной нагрузки по учебному предмету «Русский язык и литература» составляет:

1) в 5 классе – 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году;
2) в 6 классе – 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году;
3) в 7 классе – 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году;
4) в 8 классе – 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году;
5) в 9 классе – 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году.

При оценке языковых компетенций необходимо учитывать следующее:

1. Языковые ошибки учащихся следует отмечать и обращать их внимание на совершенные ошибки доступным для них способом, однако ошибки не могут повлиять на оценку, если ученик может доступно продемонстрировать свои знания. Главная задача ученика передать свое сообщение, грамматика при этом может страдать. Постепенно самовыражение становится более точным и корректным.

2. Ученики, отвечая на вопросы, могут использовать и первый язык. Поскольку вначале ограниченный словарный запас и знание целевого языка могут стать препятствием при высказываниях и ответах, то на первой стадии обучения это (по крайней мере, частично) разрешается. При этом следует договориться, в какой момент все ученики перейдут на ответы на неродном (целевом) языке и, начиная с того момента, применение первого языка становится скорее исключением.

3. Как правило, в устной речи учитель исправляет возникшую ошибку с помощью перефразирования, повторения правильной формы от ученика не требуется, потому что это может прервать выражаемую мысль, а также ученик может потерять уверенность в выражении мыслей на неродном языке.

4. Если одна и та же ошибка повторяется вновь, в конце объяснения соответствующей темы учитель приводит примеры правильных форм и при необходимости делает ударение на грамматике. Помимо этого, либо педагог, либо класс в целом, в виде совместной деятельности, могут привести некоторые соответствующие теме примеры выражений, имеющие то же самое лингвистическое содержание.

5. При проверке письменных работ языковые ошибки также не учитываются (если выраженная мысль или текст понятны), но педагог указывает это в своих комментариях.

6. На встрече учителя-предметника с учителем языка передается проблемный языковой материал, чтобы учитель языка мог повторить тему на следующем уроке.

Итоговая аттестация обучающихся 9-х классов охватывает содержание Типовой учебной программы по учебному предмету «Русский язык и литература» для 5-9 классов уровня основного среднего образования (с нерусским языком обучения) по обновленному содержанию. Уровень знаний и умений, а также навыки учащихся определяются ожидаемыми результатами ГОСО.

Целью оценивания является определение степени усвоения обучающимися объема учебной программы по предмету «Русский язык и литература» (с нерусским языком обучения) в соответствии с государственным общеобязательным стандартом основного среднего образования (далее –

ГОСО).

Итоговая аттестация обучающихся является частью системы критериального оценивания, которая также включает формативное и суммативное оценивание.

Экзамены проводятся согласно Типовым правилам проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся в организациях образования, реализующих общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего, общего среднего образования, утвержденных приказом Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении Типовых правил проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся для организаций среднего, технического и профессионального, послесреднего образования» от 18 марта 2008 года № 125.

Количество суммативных оцениваний по предмету «Русский язык и литература»

Суммативное оценивание по предмету предполагает проведение суммативного оценивания за раздел (СОР) и за четверть (СОЧ). Ниже представлено количество процедур суммативного оценивания за раздел/сквозную тему. (таблица 44).

Таблица 44. Количества суммативных оцениваний по предмету «Русский язык и литература»

Класс	Количество суммативного оценивания за раздел/сквозную тему			
	1 четверть	2 четверть	3 четверть	4 четверть
5 класс	2	2	2	2
6 класс	2	2	2	2
7 класс	2	2	2	2
8 класс	2	2	2	2
9 класс	2	2	2	2

Примечание: По языковым предметам в суммативном оценивании за раздел объединяются два вида речевой деятельности (например, аудирование и говорение, чтение и письмо).

«Шетел тілі» оқу пәні

Негізгі орта білім берудің «*Ағылшын тілі*», «*Неміс тілі*» және «*Француз тілі*» оқу пәндері тілді меңгерудің жалпыеуропалық жүйесіне (Common European Framework of Reference, CEFR) сәйкес шетел тілін негізгі орта білім беру деңгейінде дайындауға бағытталған.

Оқу бағдарламалары ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген және ҚР Білім және ғылым министрлігінің және Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының сайттарында орналастырылған.

Негізгі орта білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушылар «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша B1 деңгейіне, «Француз тілі» және «Неміс тілі» оқу пәндері бойынша A2+ деңгейіне жетуі тиіс.

Негізгі орта білім беру деңгейінде шет тілін оқытудың мақсаты:

1) талдау, бағалау және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға ықпал ететін әр түрлі тапсырмалар;

2) кең ауқымды ауызша және жазбаша дереккөздермен жұмыс жасау арқылы білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытуға арналған.

Оқу бағдарламасы шиыршық принципіне негізделіп жасалған. Бұл тәсіл білім мен дағдыларды қоса алғанда, тереңдігі, көлемі мен күрделілігі бойынша біртіндеп кеңейтілетін, белгілі бір уақыт аралығында (оқу жылында немесе келесі сыныптарда) мақсаттар мен тақырыптарды қайта зерделеуді көздейді. Сөйлеу қызметінің дағдылары бойынша мақсаттарға жету прогрессияда ойлау қызметінің дамуы «біледі, түсінедіден» «ажыратады, салыстырадыға» өтуін жобалайды. Білім, білік және дағдылары ең қарапайымнан жоғары ретті ойлау дағдыларына дейін қалыптасады және дамиды (Блум таксономиясы бойынша).

5-9-сыныптарға арналған «Шетел тілі» оқу пәні бойынша бағдарламалардың мазмұны бұрын көрсетілгендей, әрбір жеке сыныпта қарапайым дағдыларды қалыптастырудан бастап күрделі дағдыларға дейін прогрессия түрінде құрылған әр қайсысы оқыту мақсаттарына бөлінген бағыттардан тұрады. Дағдыларының дамуына қарай сыныптан сыныпқа, бір деңгейден екінші деңгейге өткен сайын мақсаттар күрделене түседі.

Оқу бағдарламасы, бөлімдері оқу жылында меңгерілетін және мұғалім тоқсанда өтетін тақырыптардың реті мен сағатын еркін бөліп қоя алатын, ***ұзақ мерзімді жоспарға*** сәйкес іске асырылады.

5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламалары оқу процесіндегі әрбір пәннің әдіснамалақ әлеуетін кеңейтуге бағытталған. Бұл пәндік білім мен дағдыларды саналы меңгеруді қамтамасыз етеді және әлеуметтік және мәдени білімді, оқытудың әртүрлі әдістерін, жобалық және зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын меңгеру арқылы өзіндік мінез-құлықты көтермелейді.

5-9 сыныптарға арналған оқу бағдарламалары дәстүрлі нормативтік білім беру құжаттары мен бірқатар инновациялық әдіснамалық стратегиялар функцияларының үйлесімді байланысын қамтиды. Бағдарламалар әр түрлі аудиториялармен тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Білім алушылар бұл мақсатқа мектеп ортасындағы құрдастарымен, мұғалімдермен және мектепке келушілермен бейресми және ресми ауызша және жазбаша презентацияларды қамтитын интерактивті тапсырмалар арқылы қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерінің арқасында қол жеткізеді. Сонымен қатар, онлайн режимінде білім алушылармен және басқа мәдениеттерден ағылшын тілін тасымалдаушылармен бетпе-бет қарым-қатынас жасауға көп көңіл бөлінеді.

Жаңартылған бағдарламалар білім алушылардың тілді шынайы өмір жағдаятында қолданудың функциональдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған. Оқытуға арналған жағдайлар өмірмен байланысты және оларға түсінікті де таныс шындықты көрсетеді. Жаңартылған бағдарламалар ағылшын, француз және неміс тілін оқытуды тек лексикалық жиынтық, құрылымдық талаптар және тілді пайдаланудың коммуникативтік конвенцияларының дәрежесі шеңберінде ғана үйренуге шек қоймайды. Прагматикалық аспект контекстке, қарым-қатынас жағдайына және коммуникацияға қатысушылар

арасындағы қалыптасқан қарым-қатынас ережелеріне баса назар аудара отырып, тілдің барлық мүмкіндіктері мен бояуларын ашады. Лексикалық және грамматикалық материалды оқу білім алушының қандай да бір жағдайға өз көзқарасын зерттеу контексінде жатыр. Әдістер мен тәсілдер арқылы ойлау процестерін белсендіруді көздейтін белсенді оқыту тиімді және мақсатқа сай қолданылады. Бағдарламалардың әдебиеттер тізімімен шектелмейтінін, білім алушылардың жас ерекшелігі мен қызығушылығына сәйкес әртүрлі ресурстарды пайдалануға ұсынатынын атап өткен жөн.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасының тақырыптық мазмұны 2013 жылы бекітілген оқу бағдарламасының тақырыптық мазмұнына сәйкес келеді сонымен қатар, келесі тақырыптар оқытылады:

5-сынып – Creativity (Art, Music, Stories and poems);

6-сынып –Helping and Heroes, Drama and Comedy, Our Neighbourhood;

7-сынып – Communication and Technology, Space and Earth, Natural disasters;

8-сынып – Entertainment and Media;

9-сынып – Charities and Conflict, Science and Technology.

Оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар.

5-сыныпта жаңа лексика мен грамматиканы оқытуға көңіл бөлу ұсынылады. Тыңдалым мен оқылым тапсырмаларында мәтіндердің лексикасы мен грамматикасының білім алушыларға таныстығын алдын ала тексеру ұсынылады, сонымен қатар оқыту процесінде қосымша ресурстар мен ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануға болады.

6-сыныпта өтілген лексика мен грамматиканы қайталау және білім алушылардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған коммуникативтік оқыту технологиясын қолдану ұсынылады. Оқыту процесінде қосымша ресурстар мен ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануға болады.

«Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша 7-сыныпта грамматикалық тақырыптарды: шақ формаларын және сын есімдердің салыстырмалы шырайын қайталау ұсынылады, себебі жаңартылған білім мазмұнының бағдарламасы бойынша жоғарыда аталған тақырыптар өтілген болып саналады (2013 жылғы оқу бағдарламасы бойынша 7-сыныптар A1 high деңгейі бойынша оқиды, ағылшын тілінің Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша 7-сыныптар B1 low деңгейі бойынша оқиды). Оқыту процесінде қосымша ресурстар мен ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануға болады.

Жаңа тақырып бойынша оқыту және жаңа сабаққа дайындық процесінде мәтіндер мен сөйлемдердің лексикалық және грамматикалық мазмұнын тексеру ұсынылады. Сонымен қатар, жоғарыда аталған себептер бойынша білім алушыларға таныс емес грамматикалық құрылымдарға көңіл бөлген дұрыс. Айтылым және жазылым тапсырмаларында перифраз қолдану ұсынылады.

8-сыныпта жоғары ойлау дағдыларын дамытатын тапсырмаларды таңдау ұсынылады. Сонымен бірге даралап оқыту технологиясын қолданған дұрыс. Білім алушылардың лексикалық қорын жақсарту және айтылым мен жазылым

дағдыларын қалыптастыру үшін перифраз қолдану ұсынылады.

9-сыныпта коммуникативтік-мәдениетаралық құзыреттердің барлық компоненттерін одан әрі дамыту жалғасады: грамматикалық және лексикалық минимумдарды кеңейту, тілдік және сөйлеу дағдыларын нығайту, дискурстық және әлеуметтік-мәдени білікті дамыту. Білім алушылардың жоғары ойлау дағдыларын талап ететін оқыту мақсаттарын таңдау ұсынылады.

Шетел тілі сабақтарында білім алушылардың тұлғалық қасиетін қалыптастырудың маңызды аспектісі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру болып табылады:

- білім алушылар бойында шетел тілінің қазіргі адам өмірінде және көп мәдениетті әлемдегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінік қалыптастыру, Шетел тілін мәдениаралық қарым-қатынас құралы ретінде, басқа халықтар мәдениеті мен дүниені тану құралы ретінде жаңа тәжірибе жинақтау;
- тілдерді және мәдениеттерді, жалпы қабылданған адамзаттық және негізгі ұлттық құндылықтарды меңгеру арқылы азаматтық бірегейлікті, өз халқы, туған өлкесі, өз елі үшін патриоттық және мақтаныш сезімін, өз этникалық және ұлтқа қатыстылығын түсіну;
- коммуникативтік құзыреттіліктері мен мәдениетін қалыптастыру, яғни өзінің сөйлесу мүмкіндігі мен қажеттілік деңгейінде ауызша (айтылым және тыңдалым) және жазбаша (оқылым және жазылым) әртүрлі үлгіде тілді тасымалдаушымен қарым-қатынасқа дайын болуы және коммуникативтік міндеттер мен әңгімелесу әдебіне сәйкес қарым-қатынастың тілдік және сөйлесуден басқа құралдарды барынша кең көлемде пайдалану;
- басқа елдердің мәдениетімен танысу арқылы өзге (бөгде) мәдениетке құрметпен қарауды қалыптастыру;
- ауызша және жазбаша қарым-қатынаста шетел тілінде өзінің төл мәдениетін таныстыру қабілетін одан әрі дамыту.

Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында шетел тілі пәні мұғалімдеріне:

- аутентті оқыту материалдарын пайдалану (аудио, бейнежазбалар, фильмдер, әндер, ғылыми және ойын-сауық журналдарынан мақалалар);
- шетел тілінде сипаттама беру, мінездеме беру, салыстыру, талдау, диалог жүргізу, пікірталас, қажетті дәлелдемелер келтіру, жинақтау және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру үшін БАҚ материалдарымен жұмыс жасау;
- білім алушылардың сөздік қорын байыту мақсатында өз бетінше анықтамалармен және энциклопедиялық әдебиеттермен, электронды ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- білім алушылардың қауіпсіз мәдениетті тәртібін қалыптастыру үшін қауіп-қатер жағдайындағы және түрлі жағдаяттардағы мінез-құлықтары туралы мәтіндерді жұмыс үшін қолдану ұсынылады.

Қосымша материалдар мен Интернет-ресурстарды қолдану кезінде мәтіналды, мәтіндік және мәтіннен кейінгі жұмыс кезеңдерін сақтаған дұрыс.

Шетел тілінің оқу процесін ұйымдастыру коммуникативтік технологияларды (жобалар, сұхбат, рөлдік ойындар, пікірталас, дебат,

конференциялар, конкурстар, сахналандыру және т.б.) жан-жақты қолдануды талап етеді. Сонымен қатар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың және сабақтан тыс іс-әрекеттердің кең мүмкіншіліктерін белсенді қолдану шетел тілін оқуға ынтасын арттыруға, білім алушылардың танымдық әрекеттерін белсендендіруге, олардың өзара тілдік қарым-қатынастарының белсенділігін арттыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасауға ықпал етеді.

Сабақ уақытын ауызша сөйлетудің дағдылары мен біліктерін дамыту және жетілдіру үшін қолданған дұрыс. Коммуникативтік жағдаяттарда жаңа лексикалық және грамматикалық материалды енгізу және бекіту, сабақта жұппен, топпен жұмысты ұйымдастыру арқылы әрбір білім алушының сөйлеу белсенділігін арттыру; мәтіндермен жұмыс жасау кезеңдерін міндетті түрде сақтай отырып оқылым мен тыңдалымға үйрету ұсынылады.

Шетел тілі бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5-9-сыныптарда – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

«Шетел тілі» пәнінен оқу жұмысын ұйымдастыруда келесі ұсынымдар беріледі:

1. Білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған «Independent project» юнитына назар аудару қажет. Жоба жұмысы арқылы мұғалім мақсаттар мен сөйлеу дағдыларының түрлеріне бағытталған қалыптастырушы бағалауды жүргізе алады. Жоба жұмысының түрі мен мазмұны (тақырыптық мазмұны, іс-әрекет түрлері, күтілетін нәтижесі, бағалау түрлері және т.б.) мектеп ішіндегі әдістемелік бірлестіктерде талқыланады.

2. «Reading for pleasure» бөлімінде оқу дағдысын дамыту үшін әдістемелік нұсқауларды белсенді қолдану керек. Көркем және оқу әдебиет мәтіндерімен жұмыс жасау ағылшын тіліне оқытудың міндетті элементі болып табылады және білім алушылардың алған дағдыларын бекітуге мүмкіндік береді.

Шетел тілі бойынша сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің үлкен білімдік, тәрбиелік және дамытушылық маңызы бар. Бұл жұмыс шетел тілі туралы білімді арттырып қана қоймай білім алушының мәдениеттану ой-өрісін, шығармашылық белсенділігін, эстетикалық талғамын тереңдетуге мүмкіндік береді, өзге елдің тілі мен мәдениетін үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Міндетті курспен қатар толық практикалық, тәрбиелік, дамыту мақсаттарын жүзеге асыруға толық жағдай жасайды.

Шетел тілін сыныптан тыс оқытуды моделдеу іс-әрекетінің негізгі тәсілдері:

- тақырыптық ойын кештері;
- елтануға арналған үйірмелер;
- шетел тілдері апталығы;
- бейнеклубтар, тілдік орталықтар;
- шетел тіліндегі театрландырылған қойылымдар және т.б.

Тілдік құзыреттілікті бағалауда ескерілетін жағдайлар:

1. Білім алушылардың тілдік қателерін атап өту керек және олардың назарын жіберген қателеріне қарапайым тәсілмен аудару қажет, алайда егер білім алушы өз білімін көрсете алған болса, қателердің бағалауға әсері болмауы керек. Білім алушының ең басты мақсаты – өз ойын қарапайым сөзбен бере

білуі, бұл жағдайда грамматикалық талаптар дұрыс сақталмауы мүмкін. Уақыт өте келе оның өзіндік сөйлеу дағдысы қалыптасады, нақтыланады әрі дұрыстала түседі.

2. Сұраққа жауап беру барысында білім алушылар бірінші тілді қолдана алады. Олардың шектеулі сөздік қоры мен мақсатты тіл бойынша білімдерінің аздығы сөз сөйлеу мен жауап беру кезінде кедергі болуы мүмкін болғандықтан, оқудың бірінші сатысында (кем дегенде ішінара) бұл рұқсат етіледі. Сондықтан барлық білім алушылар мақсатты тілге қашан көшуге болатынын келісіп алғаны жөн және келісілген уақыттан бастап бірінші тілді қолдану тоқтатылуы керек.

3. Мұғалім ережеге сәйкес ауызекі сөйлеу тілінде кеткен қателерді перифраз көмегімен дұрыстайды, бірақ білім алушыға дұрыс түрін қайталату міндетті емес, себебі ол айтқалы жатқан ойын үзіп және өзге тілде өз ойын сенімді жеткізе алмай қалуы мүмкін.

4. Егер бір рет жіберілген қате тағы да қайталанса, сәйкес тақырыпты түсіндіру соңында мұғалім дұрыс үлгідегі сөздерге мысалдар келтіреді және қажет болған жағдайда оның грамматикасына баса назар аударады. Бұдан өзге, сынып білім алушылары немесе мұғалім барлығы ынтымақтасқан іс-әрекет негізінде кейбір тақырыптарға байланысты лингвистикалық мазмұндағы сөйлемдерге мысалдар келтіре алады.

5. Жазба жұмысты тексеру барысында тілдік қателер ескерілмейді (егер білдіретін ойы мен мәтіні түсінікті болса), бірақ педагог оны өзінің түсініктемесінде көрсетеді.

«Шетел тілі/Ағылшын тілі» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 45-кестеде оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

45-кесте. «Шетел тілі» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	2	2	2	2
6-сынып	2	2	2	2
7-сынып	2	2	2	2
8-сынып	2	2	2	2
9-сынып	2	2	2	2

«Шетел тілі/Ағылшын тілі» бойынша қорытынды аттестаттау

Қорытынды аттестаттау білім беру стандарты мен оқу бағдарламасында белгіленген талаптар шегінде білім алушыларда оқылатын шетел тілінің практикалық меңгеру деңгейін бағалауға арналған. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау объектісі коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру болып табылады. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты білім алушылардың негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес

пән бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру дәрежесін анықтау болып табылады.

Қорытынды аттестаттау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары, сонымен қатар Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу бойынша Нұсқаулыққа сәйкес өткізіледі.

2019-2020 оқу жылында Шетел тілі мұғалімдерімен әдістемелік жұмысты жоспарлау кезінде педагогикалық қызметкерлердің мүдделері мен сұраныстарын, олардың кәсіби шеберлігі мен дағдыларын ескеру қажет.

Шетел тілі мұғалімдерінің тамыздағы пәндік секцияларында төмендегі сұрақтарды талқылау ұсынылады:

1. Негізгі орта мектепте жаңартылған білім мазмұны аясында шетел тілін оқытудың ерекшеліктері.

2. Білім мазмұнын жаңарту жағдайында шетел тілі пәнінен әдістемелік бірлестіктердің жұмысын жоспарлаудың ерекшеліктері.

3. 2019-2020 оқу жылында шетел тілін оқытуда мұғалімдердің тәжірибе алмасуы мен семинарларын жоспарлау.

Жаңа оқу жылында шетел тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік отырыстарында төмендегі сұрақтарды қарастыру ұсынылады:

- шетел тілі бойынша білім беру процесін ұйымдастыруда заманауи тәсілдерді іске асыру;
- қалыптастырушы бағалауды өткізу;
- шетел тілін оқытуда шығармашылық бастамаларды енгізу және сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру;
- шетел тілі пәні бойынша бітіруші сыныптарды қорытынды аттестаттауға дайындау.

Назар аударыңыздар!

10-11 сыныпта жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқыту ағылшын тілінде жүргізілетіндіктен, неміс және француз тілдері оқытылатын мектептерге вариативті компонентке «Ағылшын тілін» қосу ұсынылады

«МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА» БІЛІМ САЛАСЫ

«Математика және информатика» білім саласы бойынша келесі пәндер оқытылады: «Математика» – 5, 6-сыныптар; «Алгебра» – 7-9-сыныптар; «Геометрия» – 7-9-сыныптар; «Информатика» – 5-9 сыныптар.

Оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі төмендегі 46-кестеде көрсетілген.

46-кесте. Оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат	
		Апталық	Жылдық
5	Математика	5	170
5	Информатика	1	34
6	Математика	5	170
6	Информатика	1	34
7	Алгебра	3	102
7	Геометрия	2	68
7	Информатика	1	34
8	Алгебра	3	102
8	Геометрия	2	68
8	Информатика	1	34
9	Алгебра	3	102
9	Геометрия	2	68
9	Информатика	1	34

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндерін оқытудың мақсаты - пән мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, ғылыми-жаратылыстану пәндерін игеруге қажетті математикалық білім мен дағдылардың негіздерін игеру, оқу пәні материалдары негізінде білім алушылардың интеллектуалдық деңгейін дамыту.

Оқу пәнін оқытудың мақсатына сәйкес келесі міндеттер анықталған:

- «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

- әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, сандық қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;

- есептерді шешу мақсатында білім алушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

- өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

- практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

- өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

- математиканың даму тарихымен, математикалық ұғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;

- математиканы оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.

«Информатика» оқу пәнін оқудың мақсаты білім алушылардың бойында заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып ақпараттармен тиімді жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

«Информатика» пәнінің оқу бағдарламасы компьютердің жұмыс істеу қағидаларын түсінуді, объектілер мен жүйелерді талдау қабілеттерін, алгоритмдер әзірлеу және бағдарламалауды, шешімдер мен программалық қосымшаларды модельдеу және жобалауды, сондай-ақ түпкілікті өнімді бағалауды білім алушылардың бойында қалыптастыруды көздейді.

Оқу мақсаттарына сәйкес келесі міндеттер анықталған:

- білім алушылардың бойында ақпараттық процестердің қоғамдағы рөлін, адамзат қызметінің әр түрлі саласында ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективаларын түсінуін қалыптастыру;

- ақпараттық технологияларды күнделікті өмірде, оқуда және келешек еңбек іс-әрекетінде тиімді қолдану біліктерін дамыту;

- білім алушылардың жүйелерді талдауда, шешімдерді әзірлеу, программалық қосымшаларды қалыптастыру және өз өнімдерін бағалауда компьютерлердің жұмыс істеуі негізгі қағидаларын меңгеру;

- талдау, абстракция, модельдеу және программалау арқылы әр түрлі міндеттерді шеше білулерін дамыту;

- білім алушылардың логикалық, алгоритмдік, сонымен қатар, жалпылау мен үйлестік, тапсырмаларды құрамдас бөлікке ажырату мен ортақ заңдылықтарды бөлу, қойылған міндеттерді шешуде тиімді әрі оңтайлы тәсілдер табу мүмкіндіктерін қамтитын есептік ойлауды дамыту;

- білім алушылардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру – жалпы ережелерді ұстану және жеке тұлға мен бүкіл қазақстандық әлеуметтің мүддесін көздеу;

- білім алушылардың ғылыми тілді меңгеруіне және пән бойынша ұғымдық аппаратты байытуына ықпал ету.

«Алгебра», «Геометрия» пәндерін оқыту барысында математикалық сауаттылықты қалыптастыру мақсатымен: білім алушыларға анықтамалықтарды қолдану, оқу, әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерден

анықтамаларды, формулалар және басқа да тұжырымдарды іздеу; математикалық формулаларды қолдану, дербес жағдайларды жалпылау негізінде шамалар арасындағы тәуелділіктің формулаларын өздігінен құрастыру; игерілген математикалық білім, білік, есептеу, өлшеу және графиктік дағдыларды пайдаланып практикаға бағытталған тапсырмаларды шешу; дәлелдемелі пайымдау жүргізу, талқылауға қатысу және логикалық негізделген қорытындылар жасау; математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру іскерліктерін үйрету ұсынылады.

«Информатика» пәнін 5, 6, 7, 8, 9 сыныптарда оқытудың мақсаты – оқушыларға білімін тәжірибе жүзінде тиімді пайдалану үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу үшін базалық білімдер, дағдылар мен қабілеттерін қамтамасыз ету.

Оқу мақсаттарына сәйкес келесі міндеттер анықталды: оқушыларда қоғамдағы ақпараттық процестердің рөлін түсіну, адам қызметінің түрлі салаларында ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективаларын дамыту; ақпараттық технологияларды күнделікті өмірде, зерттеулер мен одан әрі жұмыс істеуде тиімді пайдалану дағдыларын дамыту; оқушылар жүйені талдау, шешімдерді әзірлеу, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және олардың өнімдерін бағалау үшін компьютердің негізгі принциптерін үйренеді; Талдау, абстракция, модельдеу және бағдарламалау арқылы түрлі тапсырмаларды шешу қабілеттілігін дамыту; оқушыларда логикалық, алгоритмдік және есептік ойлауды дамыту, соның ішінде қорыту және ұқсастығы, мәселені оның құрамдас бөліктеріне бөліп, жалпы үлгілерге бөліп, міндеттерді шешудің тиімді жолдарын табу; оқушылар арасында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру - жеке тұлғаның және бүкіл Қазақстандық қоғамның мүдделерін ескере отырып, жалпы қабылданған ережелерді сақтау; пән бойынша концептуалды аппараттарды байыту.

Оқушылардың білім беру және ақпараттық құзыреттіліктерін дамыту мақсатында жобалық жұмыс арқылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге ерекше назар аудару керек. Жоба бойынша жұмыс істейтін оқушылар жеке-жеке немесе топпен жұмыс жасайды, мақсаттарды қойып, қажетті ақпаратты іздейді, гипотезаны ұсынып, дәлелдеуге, эксперимент жүргізуге, жасалған жұмыстың нәтижелерін ұсынуға, талдауға, бағалауға және өз жобаларын шебер қорғауға тиіс. Оқушылар Интернеттің қол жетімді ақпараттың көптеген көздерінің бірі екенін, әртүрлі дереккөздерден деректерді жинай алатындығын біледі.

Сонымен қатар оқушылар арасында танымдық қызығушылықты дамытуға, интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерге, бағдарламаның компоненттерін өз бетінше пайдалану мүмкіндігіне және оқу курсының мазмұны арқылы білімін толықтыруға, технологиялық проблемаларға бағдарланған оқытуды қолдану мен өнертапқыштық проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға назар аудару қажет

«Математика және информатика» білім саласының пәндерін оқыту процесінде білім сапасын жетілдіру мақсатында жеке тұлғаға бағытталған проблемалық оқыту, саралап оқыту тәсілдерін, сонымен қатар іс-әрекет түрлері мен тапсырмаларды ұқыпты іріктеу арқылы дамыта оқыту тәсілдерін қолдану ұсынылады.

Пәнге деген қызығушылықты арттыру жолдарының бірі білім алушылардың жобалық іс-әрекеттерін дамыту жұмыстарын жүргізу болып табылады. Жобалау технологияларын қолдану пән бойынша оқу сапасын көтеріп қана қоймайды, пәнаралық байланысты жүзеге асырады және оқу пәнін игерудің тиімділігін арттырады. Жобамен жұмыс істеу барысында білім алушылар топтасып немесе жеке жұмыстарын жоспарлауды, мақсат қоюды, қажетті ақпаратты іздеуді, гипотезаны ұсыну және дәлелдеуді, тәжірибелер жүргізуді, орындалған жұмыстың нәтижелерін көрсетуді, талдау мен бағалауды, сонымен қатар өз жобаларын қорғауды үйренеді.

Сонымен қатар проблемаларды өнертапқыштықпен шешу теориясы ерекшеліктерін дамыту және проблемалық-бағдарланған оқыту технологиясын пайдалану, оқу курсы мазмұны арқылы өз білімін толықтыру мен бағдарламаның құрамдас бөліктерін өздігінен қолдана білу қабілетін, білім алушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, когнитивтік мүдделерін дамытуға назар аудару керек.

Бұл білім саласы пәндерінің мазмұны бөлімдер бойынша берілген. Бөлімдер бөлімшелерге бөлініп, әр бөлімшені оқып игеру сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер:дағдылар немесе біліктер, білім немесе түсініктертүрінде оқу мақсаттары жүйесінде көрсетілген.

Сонымен қатар, жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларында барлық пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспар берілген. Онда курс материалы тоқсандарға бөлініп көрсетілген***. Ұзақ мерзімді жоспарда тақырыптарды игеруге және бөлімшелерді игеруге жұмсалатын сағат сандары көрсетілмеген. Бөлімшелердің арасында сағат санын бөлу құқығы практик-мұғалімге берілген, бірақ материал көрсетілген тоқсанда толық оқытылып болуы тиіс.***

2013 жылғы оқу бағдарламаларымен салыстырғанда оқу пәндердің базалық мазмұнында аздаған өзгерістер бар.

1. 5-сынып, «Математика» оқу пәні.

5-сыныпта «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұны, шамалы өзгерістерді қоспағанда толығымен бұрынғыдай қалды. Атап айтқанда, қолданыстағы оқу бағдарламасымен салыстырғанда жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында «Жиын» тарауы және «шиыршық» принципін сақтау мақсатында «Кеңістік фигураларының жазбалары» тарауы қосылған, оларды оқуға оқу жылына берілген 170 сағаттан сәйкесінше 5 сағат және 3 сағат бөлінеді.

Сонымен қатар базалық мазмұн тарауларын оқып игеруге бөлінген сағаттарда айырмашылық бар. «Натурал сандар және нөл саны» тарауын игеруге шамамен 15 сағат бөлінген. Қалған тарауларды игеруге бөлінген сағат сандары өзгеріссіз.

2. 6-сынып, «Математика» оқу пәні.

1) ***6-сыныпта «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұнына шамалы өзгерістер енгізілген.*** Атап айтқанда, қолданыстағы оқу бағдарламасы бойынша 6-сыныпта қарастырылатын «функция» ұғымына қатысты тарау 7-сыныпқа көшірілген. Осы тараудың орынан 6-сыныпта «Шамалар арасындағы тәуелділіктер» тарауы қарастырылады және келесі тақырыптардан тұрады: «Шамалар арасындағы тәуелділіктерді беру тәсілдері: аналитикалық (формула арқылы), кестелік, графиктік тәсіл», «Нақты процестердің графиктерін қолданып шамалар арасындағы тәуелділіктерді зерттеу», «Тура пропорционалдық және оның графигі». Осыған байланысты «Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер мен олардың жүйелері» бөліміне өзгерістер енгізілген. Яғни осы тарауда екі айнымалысы бар сызықтық теңдеу және оның графигі, екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері, екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін қосу тәсілімен және алмастыру тәсілімен шешу, есептерді сызықтық теңдеулер жүйелері арқылы шығару материалдары ғана қарастырылады.

5-6-сыныптарда «Математикалық моделдеу және анализ» бөліміне баса назар аударылған. Әр бөлімді игерген кезде мәтінді есептерді шығару ұсынылады. Статистикалық мәліметтерді ұсынуға арналған тапсырмаларды орындауға көңіл бөлінген. Бұл практикаға бағытталған есептерді қарастыруға байланысты.

3. 7-сынып, «Алгебра» оқу пәні.

Оқу пәнінің базалық мазмұнында қолданыстағы оқу бағдарламасымен салыстырғанда елеулі өзгерістер жоқ. Егер, қолданыстағы оқу бағдарламасында 5 тарау оқытылатын болса, жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында 6 тарау оқытылады. Бұл, «функция» ұғымына қатысты материалдар жеке «Функция. Функцияның графигі» тарауы етіп берілген және бұл тарауға 6-сыныптан «Функция ұғымы», «Функцияның графигі», «Сызықтық функция және оның графигі», «Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы», «Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу» тақырыптары көшірілген. Бұл тақырыптар 6-сынып білім алушыларының игеруіне қиындық туғызады деп есептеп, практик-мұғалімдердің ұсыныстары бойынша ауыстырылған.

Практикаға бағытталған, зерттеушілік және шығармашылық тапсырмаларды шешу қажеттілігіне баса назар аудару керек.

4. 8-сынып, «Алгебра» оқу пәні.

Оқу пәнінің базалық мазмұнында қолданыстағы оқу бағдарламасымен салыстырғанда елеулі өзгерістер жоқ. Курстың базалық мазмұнына «Статистика элементтері» тарауы (Жиілік. Жиіліктер кестесі. Интервалдық кесте. Гистограмма. Жинақталған жиілік. Орта мән. Дисперсия. Стандартты ауытқу. Алқап.) қосылған. Бұл тараудың кейбір материалдары қолданыстағы оқу бағдарламасы бойынша 9-сыныпта қарастырылған болатын.

5. 9-сынып, «Алгебра» оқу пәні.

9-сыныпта қолданыстағы оқу бағдарламасындағы тәрізді «Екі айнымалысы бар теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері»,

«Тізбектер», «Тригонометрия» бөлімдері қарастырылады. Оқу бағдарламасының мазмұны комбинаторика мен ықтималдықтар теориясы бойынша материалдармен толықтырылған. Атап айтқанда «Комбинаторика элементтері» бөлімінде келесі тақырыптар берілген: Комбинатористиканың негізгі ұғымдары мен ережелері (қосу және көбейту ережелері). Санның факториалы. Қайталанбайтын «орналастыру», «алмастыру» және «теру» ұғымдары. Комбинатористиканың негізгі формулалары. Комбинаторика формулаларын қолдану арқылы есептер шығару. Ньютон биномы және қасиеттері, ал «Ықтималдықтар теориясының элементтері» бөліміне «Оқиға, кездейсоқ оқиға, ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға. Элементар оқиғалар. Қолайлы нәтижелер. Тең мүмкіндікті және қарама-қарсы оқиғалар. Ықтималдықтың классикалық анықтамасы. Статистикалық ықтималдық. Геометриялық ықтималдық» тақырыптары енгізілген. Қолданыстағы оқу бағдарламасы бойынша бұл бөлім 10-сыныпта қарастырылған болатын.

6. 7-сынып, «Геометрия» оқу пәні.

7-сыныпта білім алушылар «Геометрия» оқу пәнін оқуға енді ғана кіріседі, сондықтан қолданыстағы оқу бағдарламасымен салыстырғанда жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында өзгерістер жоқ.

7. 8-сынып, «Геометрия» оқу пәні.

«Геометрия» оқу пәнінің базалық білім мазмұнында қолданыстағы оқу бағдарламасымен салыстырғанда өзгерістер жоқ.

8. 9-сынып, «Геометрия» оқу пәні.

«Геометрия» оқу пәнінің базалық білім мазмұнында қолданыстағы оқу бағдарламасымен салыстырғанда өзгерістер жоқ.

7-9-сыныптарда «Геометрия» пәнін оқытуда пәннің практикалық бағыттылығы күшейтіледі.

5-8 сыныптардағы «Информатика» оқу пәнінің негізгі мазмұны өткен оқу жылымен салыстырғанда өзгеріссіз.

2019-2020 оқу жылындағы 9 сыныпта базалық білім берудің 5-9 сыныптары үшін «Информатика» пәні бойынша типтік оқу жоспарына сәйкес жаңартылған мазмұндағы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына 9-қосымша) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына қосымша 200). «Информатика» пәнінің 9-сыныпқа арналған негізгі мазмұны мынадай бөлімдерден тұрады:

1) «Компьютердің құрылғылары». Мақсатына байланысты компьютердің аппараттық конфигурациясын таңдау;

2) «Программалық қамтамасыз ету». Пайдаланушының қажеттіліктеріне байланысты бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдау;

3) «Компьютерлік желілер». Бұлтты технологияларды қолдану арқылы құжаттармен ортақ жұмыс істеу;

4) «Ақпаратты ұсыну және өлшеу». Ақпарат қасиеттері (өзектілігі, дәлдігі, анықтығы, құндылығы);

5) «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру». Дерекқор, өріс, жазба. Электрондық кестеде деректер базасын құру. Деректерді іздеу, сұрыптау

және сүзгілеу;

6) «Модельдеу». Процесс моделдерін (физикалық, биологиялық, экономикалық) электрондық кестеде зерттеу және құру;

7) «Алгоритмдер». Сұрыптау алгоритмі.

8) «Программалау». Бір өлшемді массив. Екі өлшемді массив. Массивтерді өңдеудің негізгі алгоритмдері: массив элементтерін іздеу, сұрыптау, орнын ауыстыру, жою және қою. PyGame (пайгейм) кітапханасы. Ойынның артқы фоны. Ойынға арналған дайын кейіпкерлер. Кейіпкер қозғалысы. Дайын сценарий бойынша ойын программмалау. Ойын нәтижелерін есептеу;

9) «Эргономика». Компьютерде ұзақ уақыт жұмыс істеу тәуекелін бағалау;

10) «Ақпараттық қауіпсіздік». Желіде жұмыс істеудің этикалық және құқықтық нормаларын бұзу салдарлары.

Сыныпты 2 топқа бөлу қалалық жалпы білім беру ұйымдарында 24 және одан да көп оқушыларды, ал ауылдық жерлерде - 20 және одан да көп оқушыларды, ал шағын мектептерде кемінде 10 оқушы қамтитын сыныпта өткізіледі.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бағалау процесін өткізу үшін мұғалімге көмек ретінде (http://smk.edu.kz) сайтқа келесі материалдарды: Критериалды бағалау бойынша нұсқаулық, Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларының жинағы, Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдамалар, Тоқсанға арналған жиынтық бағалау спецификациясы орналастырған және еркін түрде кіруге мүмкіншілік жасалған.

5-9-сыныптарда «Информатика» пәнін оқыту кезінде үштілділік саясатына ерекше көңіл бөлінуі керек. Пән үшін айрықша болып танылатын білім алушылардың академиялық тілін дамыту ұсынылады. Бұл процесс әрбір сабақ үшін білім алушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолдарын анықтауды қамтиды. Мысалы: «*Білім алушылар әлеуметтік желіні пайдалану мен атрибуттарын ауызша талқылай алады*».

Программалау тілі ағылшын тілі болып табылатынын, көптеген компьютерлерлік интерфейстер де ағылшын тілінде берілгенін айта кету керек. «Информатика» пәні жоғары сыныптарда білім алушылардың калауы бойынша ағылшын тілінде оқып игеруіне болатынын пән мұғалімдері әрдайым естерінде сақтаулары керек. Мұғалімдер білім алушылардың назарын, информатика бойынша (http://tinyurl.com/NIS-CS-Lexicon) лексиконда сипатталғандай академиялық тілді пайдалануға аударту, сондай-ақ ұқсастықтар мен метафораларды пайдалана отырып күрделі жүйелерді түсіндіру мүмкіндігі сияқты информатика саласындағы жұмыстарға қажетті тілдік дағдыларға аудартулары керек. Одан бөтен, мұғалімдер білім алушылардың бойында бай академиялық тіл қалыптастыру мақсатында, диалог/жазу үшін пайдалы сөздерді пайдалануды қамтитын мұқият және жүйелі түрде тілдік қолдау көрсетулері керек.

Мұғалімдерге көмек ретінде TIMSS және PISA халықаралық зерттеулерге білім алушыларды дайындауғаарналғанесептер жинағы әзірленді, ол Академия

сайтында (www.nao.kz) орналастырылған.

«Математика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімінің нақты санын және әр тоқсан сайын 1 рет тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 47-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

47-кесте. «Математика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	3	1	3	3
6-сынып	2	2	3	3

«Алгебра» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

«Тізбектер», «Тригонометрия» бөлімдерінің көлемінің үлкендігіне қарай екінші және үшінші тоқсанда сәйкесінде 2 және 3 бөлім бойынша жиынтық бағалаулар ұсынылған.

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 48-кестеде оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

48-кесте. «Алгебра» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	2	2	1	1
8-сынып	1	1	3	1
9-сынып	2	2	3	2

«Геометрия» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 49-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

49-кесте. «Геометрия» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	1	1	1	1
8-сынып	1	1	1	1
9-сынып	1	1	1	1

«Информатика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 50-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

50-кесте. «Информатика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	2	1	2	1
6-сынып	1	2	2	1
7-сынып	2	1	2	1
8-сынып	2	1	1	1
9-сынып	1	1	1	1

2019-2020 оқу жылында жаратылыстану-математикалық циклінің (математика, биология, химия, география) мұғалімдерімен бірге кіріктірілген тақырыптық онкүндіктер өткізу ұсынылады. Онкүндіктер үш кезеңде: бастауыш, одан кейін орта және жоғары сынып білім алушыларымен өткізіледі. Аталған іс-шара пәннің аясында білім алушылар мен мұғалімдерді жаңа жаңалықтарға ынталандырып қана қоймайды; мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы, қолданылатын әдістердің жетілдірілуі мен кіріктірілуіне ықпал ететін болады. Оқып жатқан тілде сол елдің мәдениеті мен тарихын терең зерделеу мақсатында маңызды күндері мен мерейтойларына назар аудару ұсынылады, ол өз кезегінде, білім беру ұйымы базасында өткізілетін тақырыптық іс-шараларда тікелей көрініс табуы тиіс.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Жаратылыстану» білім саласында келесі пәндер оқытылады: «Жаратылыстану» – 5, 6-сыныптар, «Физика» – 7-9-сыныптар, «Биология» – 7-9-сыныптар, «Химия» – 7-9-сыныптар, «География» – 7-9-сыныптар.

Жаратылыстану ғылымын оқыту білім алушылардың бойында табиғи құбылыстар мен заңдылықтар туралы түсініктерді қалыптастырып, табиғатты танудың ғылыми әдістерін ашып көрсетеді. Ол табиғаттың бір бөлігі ретінде адамға, табиғат әлемін ұғыну ғана емес, осы өзгергермелі әлемдегі өз орнын сезінуге бағытталған және жеке тұлғалық құндылық қасиеттер жүйесін тәрбиелеуге, жеке тұлғаның дүниетанымдық, мәдени, тәжірибеге бағдарланған қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

«Жаратылыстану» пәнін география, биология, физика және химияның кіріктірілген курсы ретінде география пәнінің мұғалімі сияқты биология

пәнінің мұғалімі де, немесе физика немесе химия пәні мұғалімі жүргізе алады.

Негізгі орта білім деңгейінде «Жаратылыстану» білім саласы бойынша келесі пәндер оқытылады:

5, 6-сыныптарда – «Жаратылыстану»;

7, 8,9 -сыныптарда - «География», «Биология», «Химия», «Физика».

Негізгі орта білім берудің жаңартылған мазмұнына сәйкес 7-сыныптан бастап бір мезгілде «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндері оқытылады, мектептегі жаратылыстану ғылымдарын оқытудың үздіксіздігін және әлемнің біртұтас ғылыми көрінісін қалыптастыру қамтамасыз етіледі.

Бұл 5-сыныпта оқыған «Жаратылыстану» пәнінен кейінгі үзілістің болуын жояды, өйткені қолданыстағы оқу бағдарламалары бойынша «Физика» пәні 7-сыныптан, ал «Химия» пәні 8-сыныптан бастап оқытылатын.

«Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндерінің синхронды оқытыла басталуы әр пәннің мазмұны басқа пәнде жалғасын табуға ықпал етеді, оған сәйкес осы төрт пән бойынша кейбір тақырыптар бір академиялық кезеңде зерделенеді.

«Жаратылыстану» оқу пәні

«Жаратылыстану» оқу пәні бастауыш мектепте оқытылған «Жаратылыстану» пәні бағдарламасының логикалық жалғасы болып табылады. 5-6 сыныптың білім алушыларына жаратылыстану бағытында білім беру, олардың жаратылыстану ғылымына деген қызығушылығының артуына, осы жастағылардың мүмкіндігіне қарай зерттеулер жүргізудің қарапайым дағдыларын, әлем туралы ой-өрістерін кеңейтуге, ғылымды ұғыну мен қоршаған әлемді тұтастай қабылдауларының дамуына, қоршаған әлемді бағалай және қорғай білу біліктіліктерінің дамуына көмектеседі.

5-6-сыныптарда «Жаратылыстану» курсын оқудың мақсаты білім алушылардың бойында жаратылыстану ғылымы білімін, табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы түсінігін қалыптастыру және күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстарының зардабы мен процесін сипаттау, болжау үшін қолдану біліктігін дамыту болып табылады. Пәннің мазмұнын меңгерудегі жүйелік-әрекеттік тәсіл зерттеу дағдыларын (іздеуді, іріктеуді, жүйелеуді, ақпаратты талдауды және бағалауды, зерттеу нәтижелерін ұсынуды қалыптастыру)дамытуға мүмкіндік береді.

Оқу пәнінің мазмұны 7 бөлімнен тұрады: «Ғылым әлемі», «Ғалам. Жер. Адам», «Заттар және материалдар», «Тірі және өлі табиғаттағы процестер», «Энергия және қозғалыс»,«Экология және тұрақты даму», «Әлемді өзгертетін жаңалықтар». Бағдарлама білім алушыларға қоршаған әлемнің көптүрлілігін, табиғи құбылыстар мен процестердің өзара байланысын, тірі және өлі табиғатта болатын табиғи құбылыстар мен процестердің себептері мен салдарын, табиғаттағы нысандар мен процестердің көптүрлілігін жүйелеу принциптерін, адамның көптеген іс-әрекеті үшін ғылыми-жаратылыстану білімінің маңыздылығын түсінуге мүмкіндік беретіндейетіп құрылған.

Сабақ уақытында білім алушылардың байқау, ғылыми зерттеуді жоспарлау, деректерді алу және ұсыну, нәтижелерді түсіндіру тәрізді зерттеушілік, ойлау, сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын

қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет. Мысалы, түрлі тақырыптарды зерделеу арқылы, білім алушы зерттеу жоспарын құрастыруды, бақылауды, эксперименттер жүргізуді, нәтижелерді ауызша және жазбаша сипаттауды және бағалауды, қорытынды және тұжырымдама жасауды үйренеді. Ол білім алушының үйде, мектепте, табиғатта бақыланған нысандар мен құбылыстарды түсінуі үшін, алынған білім мен дағдыларды күнделікті өмірде қолдану біліктерін дамытады.

«Жаратылыстану» сабақтарында жергілікті компонент деректерін тартуғаерекше назар аудару қажет.

Мысалы, ғылыми жобаларды әзірлеу үшін білім алушыларға күнделікті өмірде практикалық маңызы бар төмендегідей оқыту мақсаттарына назар аудару ұсынылады:

5.6.3.1 - Қазақстан Республикасының экологиялық проблемаларын атау;

5.6.3.2 - өз аймағының экологиялық мәселелерін зерттеу;

5.6.3.3 - Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының маңыздылығын анықтау;

5.7.1.1 - әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарға мысалдар келтіру;

5.7.1.2 –ғылымдағы болашақ зерттеулер үшін зерттеу идеяларын ұсыну;

6.3.3.3 - Қазақстандағы пайдалы қазбалардың орындарын және қолдану салаларын анықтау;

6.3.3.4 - Қазақстандағы пайдалы қазбаларды өндеудің ірі орталықтарын атау және көрсету;

6.3.3.5 - пайдалы қазбалардың өндірілуі мен өңделінуінің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;

6.4.2.4 - толыққанды тамақтану рационын құру;

6.4.2.5 - азық-түлік өнімдеріндегі органикалық заттардың болуын тестілеу;

6.5.1.4 - электр энергиясының құнын есептеу;

6.5.1.5 -энергияны алудың баламалы көздерін ұсыну;

6.6.3.1 - өзінің аймағындағы кейбір экологиялық мәселелердің себептерін талдау;

6.6.3.2 - экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну

6.7.1.1 - әлемді өзгерткен жаңалықтардың маңызын талқылау;

6.7.1.2 - жаратылыстану ғылымдарын дамытуда қазақстандық ғалымдардың үлесін талқылау;

6.7.1.3 - ғылыми зерттеулер бағыттарының болашақтағы дамуына болжам жасау.

«Жаратылыстану» пәнінің мұғалімдері білім алушының бойында білуге құмарлықты, ой-өрісін, қоршаған әлемді ғылым тұрғысынан түсінуді, табиғи және техногендік байлықты бағалау және қорғауды қалыптастыру қажет.

Ол білім алушының қоршаған әлемнің түрлі нысандары мен құбылыстары туралы білім қорының жинақталуына, түрлі практикалық және зерттеушілік іс-әрекеттер арқылы алынған білімнің күнделікті өмірмен байланысы түсінігін қалыптастыруға ықпал етеді.

«Жаратылыстану» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

6-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің тамыз отырысында қарастыруға төмендегідей тақырыптар ұсынылады:

1.Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9-сыныптарда) жаратылыстану пәндері оқу бағдарламасының ерекшеліктері.

2. STEM – білім беру – проблемасы және келешегі.

3. Жаратылыстану-ғылыми білім беру және clil - технологиялар.

Жаратылыстану мұғалімдерінің оқу жылы ішінде әдістемелік құрылымдарының **(әдістемелік бірлестіктер, жас маман мектебі, педагогикалық шеберлікті жетілдіру мектебі, шығармашылық топтар және т.б.*) отырыстарына ұсынылатын тақырыптар*:**

1. Жаратылыстануциклыпәндерін оқыту жәнеSTEM-білімінің артықшылығы

2. Қазақстанда өндірілетін жаңартылатын энергия көздері.

3. Жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерін ағылшын тілінде кіріктіріп оқыту әдістемесі: ерекшеліктері, артықшылықтары, әдістері, жүзеге асыру тәсілдері.

«Жаратылыстану» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 51-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

51-кесте. «Жаратылыстану» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	2	1	2	2
6-сынып	2	1	2	2

«Физика» оқу пәні

«Физика» пәнін оқыту мақсаты – білім алушылардың ғылыми дүиетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру.

«Физика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды;

9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

7-9-сыныптарда «Физика» оқу пәнінің мазмұны 8 бөлімді қамтиды: Физикалық шамалар мен өлшеулер; Механика; Жылу физикасы; Электр және магнетизм; Геометриялық оптика; Кванттық физика элементтері; Астрономия негіздері; Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі.

7-сыныпта «Физика» оқу пәнінде табиғат құбылыстарын қарастырады,

физиканың негізгі заңдарымен танысады және осы заңдарды техникада, күнделікті өмірде қолдану деңгейінде оқытылады. Физика мен оның заңдары барлық жаратылыстану саласының өзегі екендігіне басты назар аударылады.

7-сыныптың кіріспе бөлімінде «атом», «материя» және «физикалық термин», «гипотеза» және «эксперимент», «өлшем» және «өлшеу қателігі» «Халықаралық бірліктер жүйесі(SI)», «скаляр және векторлық шамалар» физиканы зерттеу үшін негіз болып табылады.

«Физика» пәнін оқыту бойынша тақырыптың оқу күрделілігі және тереңдігі деңгейіне назар аудару қажет:

- «7.1.1.7- күштерді берілген масштабта графикалық түрде көрсету. Білім алушыларға күрделі емес есептер ұсыну және әртүрлі денелердің қозғалысының нақты мысалында меңгеру үшін «вектор» бастапқы ұғымын енгізу ұсынылады;
- 7.2.2.8 күштерді берілген масштабта графикалық түрде көрсету;
- 7.2.2.9денеге әсер ететін және бір түзудің бойымен бағытталған күштердің тең әрекетті күшінің модулі мен бағытын анықтау.

Осы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін практикалық бөлігіне графикалық деректермен жұмыс істеудің әртүрлі нұсқалары берілген тапсырма карталарды енгізу ұсынылады.

7-сыныпта физиканы сапалы меңгеру 6-сыныпта математикадан, 7-сыныпта алгебра және геометриядан алған білімдеріне негізделетініне назар аудару қажет.

Физика және химия пәндерінде: атом, молекула, физикалық және химиялық құбылыстар, масса, дененің агрегаттық күйі тәрізді көптеген ортақ ұғымдар зерттеледі. Осы шамаларды және оларды қолдану мен түсіндіруде бірдей анықтаманы қолдану қажет.

Физика мен биологияның өзара байланысы ретінде жалпы және ішінара пайымдау, табиғаттың біртұтастығын түсіну қабілеті және физика заңдарының әсері туралы білім алушылардың биологиядан алған білімдерін кеңейтуіне көмектеседі. Ол биологияның әдістерін физикамен байланыстырып пайдалануды қарастыруға ықпал етеді.

Физика пәні сабақтарының басты ерекшеліктерінің бірі – физикалық шамаларды тәжірибе жүзінде анықтау, қолдағы құралдармен тәжірибе өткізу, көрсеткіштерді оқи білу және нәтижені талдау.

Физика пәнінің негізі физикалық шамаларды тәжірибе жүзінде анықтау, қолдағы құралдармен тәжірибе өткізу, көрсеткіштерді оқи білу және нәтижені талдау. Сондықтан білім алушылар тәжірибелерді жасап қана қоймай, мәліметтерді жинақтау, талдау, градиентті тәуелділігі мен табуға қатысты кестені құрастыру, тәжірибені өткізуге әсер ететін факторларды анықтау және оның нәтижесін көре білуі керек. Сондағана білім алушы зерттеу жолын жеке меңгереді және қандай да болмасын физика заңдылығына қатысты қорытынды жасай алады. «Орындалуға міндетті практикалық және зертханалық жұмыстар тізімі» білім алушыларға пән бойынша жаңа білім алып, зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретіндей етіп іріктелген.

7-сыныпқа «Сырғанау үйкеліс күшін зерттеу», «Жазық фигураның массалар орталығын анықтау» атты екі зертханалық жұмыс қосылды. Барлығы 10 зертханалық жұмыс және 22 практикалық жұмыс қамтылған.

8-сыныпта үш бөлім яғни «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Геометриялық оптика» оқытылады.

9-сыныпта «Кинематика негіздері», «Астрономия негіздері», «Динамика негіздері», «Сақталу заңдары», «Тербелістер және толқындар», «Атом құрылысы. Атомдық құбылыстар», «Атом ядросы. Ядролық өзара әрекеттесу», «Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі» бөлімдері оқытылады.

9-сыныпта 4 10 зертханалық жұмыс және 6 практикалық жұмыс қамтылған.

Қолданбалы материалды теориялық зерделеу кезінде оның мазмұны, негізінен, адамзат қоғамындағы жаратылыстану ғылымдарының рөлін көрсетуге, білім алушылардың ғылым жетістіктерін әртүрлі көзқарас тұрғысынан бағалай алуға, ғылыми-техникалық прогреске байланысты туындайтын экологиялық проблемаларды түсінуге бағытталатыны қарастырылады.

Физикалық заңдарды тұжырымдау мен оларды түсіндіруде математикалық аппаратты қолдануына назар аударылады. Математиканың физикамен байланысының айқын мысалының бірі – физикалық шамалар арасындағы функциялық тәуелділікті және функциялар графигін пайдалану. Физика мұғалімі білім алушылардың есептеу шеберліктері мен дағдыларын ойдағыдай қалыптастыру мақсатында алдынала математика мұғалімдерімен бірігіп, ортақ әдістерді қолдануға болады.

«Физика» мен «Химия» ғылым ретінде бір-бірін өзара толықтырып отырады. Өйткені, бұл екі ғылым табиғаттағы құбылыстар мен процестерді өз тұрғыларынан қарастырады. Физика мен химия үшін өте маңызды ортақ ұғымдардың қатарына зат, масса, салмақ, энергия ұғымдары, сондай-ақ энергияның, электр зарядының, электр өрісінің сақталу және айналу заңы, молекулалық-кинетикалық және электрондық теория жатады.

Физика мен химияның пәнаралық аса маңызды теориялық байланыстары екеуінде бірдей: атом құрылысы теориясын оқып үйренуде айқын көрініс алады.

Сабақта жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыру ұсынылады. Технология, медицина, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп пен энергетиканың әртүрлі саласындағы жетістіктер ғылыми идея мен ғылыми прогресс дамуының жарқын мысалдары болып табылады.

Мысалы оған төмендегідей мақсаттар берілген:

- техникада және тұрмыста жылу беру түрлерінің қолданылуына мысалдар келтіру;
- әртүрлі температураларда тірі ағзалардың бейімделуіне мысалдар келтіру;
- жылу қозғалтқыштарындағы энергияның түрленуін сипаттау;

- жылу машиналарының қоршаған ортаның экологиясына әсерін бағалау;

- Қазақстанда және дүниежүзінде электр энергиясын өндірудің мысалдарын келтіру.

Білім алушылардың базалық білімдерін практикада бекіту зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау кезінде жүзеге асырылады.

8-сыныптыңзертханалық жұмысында №3«Ауаның ылғалдылығын анықтау»зертханалық жұмысы алынып тасталып, оның орнына № 6 «Өткізгіштерді тізбектей және параллель қосуды зерделеу» зертханалық жұмысы екіге бөлініп, №5 «Өткізгіштерді тізбектей қосуды зерделеу» зертханалық жұмысы және №6 «Өткізгіштерді параллель қосуды зерделеу»зертханалықжұмысы берілген. Барлығы 10 зертханалықжұмыс және 30 практикалық жұмыс қамтылған.

Физика пәнінің мұғалімдерінеғылыми тілді қалыптастыру мақсатында білім алушылардың сөздік қорын байыту, үш тілдегі физикалық терминдермен таныстыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу;физикалық процестерге диаграммалар, сызбалар, жалпылама және талдау кестелерін жасай білу дағдыларын, баяндау, сипаттау, салыстыру, графикті талдау, қорытынды жасау және жалпылама қорыту (жазбаша және ауызша) дағдыларын қалыптастыру;есептердің шешімін сауатты ресімдеуге назар аудару;жүргізілген практикалық және зертханалық жұмыстар бойынша кеңейтілген жазбаша есептерді немесе ауызша баяндамаларды дайындай білуді дамыту; білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін, олардың пікірлерінің қисындылығы және дәлелдермен түйінделу дәрежесін арттыру ұсынылады. Ол үшін сабақты жоспарлау кезінде белгілі бір біліктілік, дағдыларды қалыптастырытын қолайлы тақырыптарды таңдау қажет.

Зертханалық және практикалық жұмыстың қажетті көлемін орындау үшін ақпараттық және компьютерлік технологияларды (виртуалды жұмыс) пайдалану ұсынылады.

Зертханалық және практикалық жұмыстарды әзірлеу кезінде эксперименттік деректер мен қортындыны жасауға басты назар аудару қажет.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мұғалімдерге көмек ретінде білім мазмұнын жаңарту аясында «Физика» (7-9-сыныптар)оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдамалар әзірледі. Әдістемелік ұсынымдамаларды Академияның сайтынан *(www.nao.kz*) алуға болады.

«Физика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 52-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

52-кесте. «Физика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан

7-сынып	3	2	2	3
8-сынып	2	2	2	1
9-сынып	2	1	2	3

«География» оқу пәні

«География» пәнінің мазмұны келесі жүйелі-әрекеттік нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс:

- функционалдық білім мен білік, жоспарлау дағдылары, талдау мен өңдеу, түсіндіру, жүйелеу, алгоритм бойынша жұмыс істеудің қалыптасуы; зерттеушілік, тәжірибе-эксперименттік дағдыларды жетілдіру;

- бағалау мен қорытынды жасауды тиянақтау; әлемнің заманауи ғылыми-жаратылыстану бейнесінің негізін қалаушы түсініктерді, заңдылықтарды, теориялар мен принциптерді, табиғатты танудың ғылыми әдістері, табиғатты, экономиканы және қоғамды кешенді зерделеу негізінде адамзаттың жаһандық және жергілікті проблемаларын түсіну;

- экологиялық мәдениеттің, ғылыми, жобалық және кеңістіктік ойлаудың дамуы;

- патриоттық сезімді, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды тәрбиелеу;

- білім алушылардың ғылыми-жаратылыстану бағыттары бойынша кәсіптік бағдарын жүзеге асыру.

«География» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды;

9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Бағдарламаның шиыршықты құрылымына байланысты 8-сыныптағы пән мазмұны білім алушылардың өткен оқу жылында алған білімдері мен дағдыларын одан әрі тереңдетеді және дамытады.

«Географиялық зерттеу әдістері» бөлімінде географиялық ақпаратты визуалдау, өз зерттеулерінде далалық, картографиялық, теориялық әдістерді қолдану, сандық және сапалық деректерді өңдеу мен талдау, еліктемелік (иммитациялық), графиктік, мәтіндік, математикалық және басқа да модельдер құрастыру, жұмыс нәтижесін түрлі формада ұсыну дағдыларын одан әрі дамытуға көңіл аудару қажет.

«Картография және географиялық деректер базасы» бөлімінде білім алушыларды тақырыптық карталарды жіктеуді және оқуды, сонымен қатар оларды қосымша сипаттайтын профиль, диаграмма, график, кесте тәрізді элементтерін құрастыруды үйрету қажет. Географиялық номенклатура нысандарымен жұмыс істеу дағдарын дамытуды жалғастыру ұсынылады. Білім алушылар тілдік дағдыларын дамытуларымен қатар, сәйкес түсініктемелер бере отырып географиялық нысандарды картадан батыл көрсетуді де үйренулері тиіс. Егер 7-сыныпта бұл бөлім бойынша географиялық деректердің кесте түріндегі қарапайым базасын жасау қарастырылған болса, 8-сыныпта тиісті оқыту мақсаттарына қолжеткізуде АКТ біртіндеп қолдану

қарастырылған.

7-сыныпта «Литосфера» бөлімі бойынша жер қыртысының құрылысы, ірі геотектуралар оқытылады. 8-сыныпта тақырып жер бедері түрлерінің, тау жыныстары мен минералдардың, пайдалы қазбалардың таралу заңдылықтарын оқумен жалғастырылады. Бұл бөлімді жергілікті жер бедерінің тұрғындардың тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға берумен қорытындылау ұсынылады. Білім алушылардың өз ойларын дәлелді жеткізулеріне көңіл аудару қажет.

7-сыныпта «Атмосфера» бөлімінде метеорологиялық құбылыстар, ауа райы мен оның элементтері зерделенеді. 8-сыныпта жер шарының түрлі бөліктеріндегі климаттың ерекшеліктерін қарастыру ұсынылады. Сонымен қатар, климатты, атмосфераның ғаламдық циркуляциясы оқытылады.

7-сыныпта «Гидросфера» бөлімндеі Дүниежүзілік мұхит және оның бөліктерін оқудан басталады да, құрлық суларын оқумен жалғастырылады. Бұл тақырыпты оқу барысында қазақстандық және жергілікті компонентті қосымша қамтуға баса назар аударылуы тиіс.

«Биосфера» бөлімі бойынша 7-сыныпта биосфераның, топырақтың құрамы мен құрылымы, ал 8-сыныпта табиғат зоналары мен Жердің биіктік белдеулері оқытылады. Сонымен қатар балалар өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғаудың қажеттілігін дәлелдейді, қорғау жолдарын ұсынады.

«Табиғи-аумақтық кешендер» бөлімі бойынша өткен оқу жылында «Табиғи-аумақтық кешендер» ұғымы, олардың пайда болу шарттары мен мысалдары, кеңістіктік рангтары анықталған болатын. Биылғы оқу жылында білім алушылар географиялық қабықты планетарлық масштабтағы табиғи-аумақтық кешен ретінде және оның даму заңдылықтарымен танысады.

7-сыныпта «Халық географиясы» бөлімі бойынша адамзаттың нәсілдік және діни құрамы оқытылады. 8-сыныпта халық санының және құрылымының негізгі көрсеткіштерін есептеу арқылы дүниежүзіндегі, Қазақстан Республикасындағы және өлкедегі демографиялық жағдайды анықтау бойынша жүйелі әрекет басталады.

«Табиғи ресурстар» бөлімі бойынша 7-сыныпта «табиғи ресурс» ұғымы, оларды жіктеудің негізгі тәсілдері мен шоғырлану орындарына көңіл аударылады. 8-сыныпта білім алушылар табиғат ресурстарын экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалайды, дүниежүзінің жекелеген аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін анықтайды.

«Әлеуметтік-экономикалық ресурстар» бөлімінде көлік және әлеуметтік инфрақұрылым туралы білім беріледі. 8-сыныпта сауда және қаржы инфақұрылымы оқытылады.

«Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы» бөлімінде білім алушылар дүниежүзі шаруашылығын өнеркәсіп және ауыл шаруашылығына жіктеудің қарапайым түрімен танысады. 8-сыныпта дүниежүзілік шаруашылықты өндіруші, өңдеуші және қызмет көрсету салаларына жіктеуді, сонымен қатар аталған салалардың қызметін ұйымдастыру түрлеріне сипаттама беруді, түрлі салалардың өнеркәсіпті орналастыру факторларына талдау жасауды, дүниежүзі шаруашылығы

салаларын жоспар бойынша сипаттауды үйренеді.

«Елтану және саяси география негіздері» бөлімінде 7-сынып білім алушылары дүниежүзі елдерінің географиялық және экономикалық-географиялық жағдайына баға беру ерекшеліктерін зерделейді. 8-сыныпта дүниежүзінің саяси картасын, оның негізгі нысандары мен олардың ерекшеліктерін, картадағы сандық және сапалық өзгерістерді, дүниежүзі елдерінің саяси ынтымақтастығының қажеттілігі мен ерекшеліктерін оқиды.

Пәннің үлгілік оқу бағдарламасында шиыршықты оқу мақсаттары қарастырылған. Бағдарламаның бірінші және екінші бөлімдеріндегі мақсаттар әр бөлімде қайталанып отырады. Оларды оқу және дамыту екі рет, яғни: бірінші рет – бірінші тоқсанда дербес тақырыптар мен сабақтар ретінде, екінші рет – келесі бөлімдердің барлық тақырыптарын оқу барысында шиыршықты мақсаттар ретінде жүзеге асырылуы арқылыжүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Тапсырмалардың белгілі бір бөлігі оқу бағдарламасындағы «Географиялық зерттеу әдістері» мен «Картография және географиялық деректер базасы» бөлімдерінің шиыршықты мақсаттарын жүзеге асыруды қарастырады, сонымен қатар барлық бөлімдердің оқылатын тақырыбының мақсаттарын толықтырады. Бұл мақсаттар бойынша әр сабақтың тәжірибеге бағытталуын қамтамасыз ететін зерттеушілік және картографиялық дағдыларды қалыптастыруға арналған тапсырмаларды әзірлеуді қарастыру қажет.

8-сыныпта материктердің ерекшеліктері зерделенеді. Оқытудың стандарттық, ақпараттық тәсіліне қарағанда, жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы оқытудың белсенді мақсаттары арқылы планетаның материктерін әрекетті зерделеуді талап етеді. Бұл білім алушылардың әр түрлі ақпарат көздерін және салыстыру, талдау, бағалау және жинақтау тәрізді ойлау операцияларын қолдана отырып, әрбір материктің ерекшелігін анықтайды.

«Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында үлгілік оқу жоспарында қазақстандық және өлкетанулық материалдарды қамту қарастырылған.

9-сыныпта Қазақстан географиясы оқытылады, бағдарламада Географиялық зерттеу әдістері. Зерттеу және зерттеушілер. Қазақстандық географтардың зерттеулері, Картография және географиялық деректер базасы, Физикалық география. Литосфера. Қазақстан аумағының геологиялық тарихы және тектоникалық құрылымы. Қазақстанның басты орографиялық нысандары. Қазақ оронимдері, Әлеуметтік география. Халық географиясы. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы, Экономикалық география. Табиғи ресурстар. Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті, Елтану және саяси география негіздері. Дүниежүзі елдері. Елдердің экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырылуы. Халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары. Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайы. Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдер оқытылады.

Мұғалімнің білім алушылардың танымдық қызығушылық ерекшеліктеріне сәйкес келетін неғұрлым қызықты және шығармашылық

тапсырмаларды таңдау мүмкіндігі бар.

Білім алушыларды әртүрлі географиялық ақпарат көздерімен, олардың ішінен қажетті ақпаратты табу, оны талдау және түсіндіру, бағалау және қойылған мақсатқа жету үшін қолдану тәрізді жұмыс түрлерін істеуге үйрету маңызды болып табылады.

Негізгі оқу материалы сабақта меңгерілуі тиіс екеніне көңіл аударамыз. Оқылмаған материалды, сонымен қатар географиялық номенклатура нысандарын үйде оқуға тапсыру мүмкін емес. Үй тапсырмасының басты қызметі – сабақта меңгерілген білім мен біліктерді бекіту болып табылады.

Назар аударыңыздар!

7-сыныпқа арналған «География» оқу пәнінің «Физикалық география» бөліміне өлкетану бойынша екі тақырып енгізілді: «Туған өлкенің флорасы мен фаунасы» және «Менің өлкемнің визит карточкасы:өлкетанулық деректер қорын дайындау». Аталған тақырыптарды оқыту кезінде өзінің туған өлкесіне тән өсімдіктер мен жануарларды зерттеу бойынша ұжымдық жұмыстарды, оларды қорғау жөнінде іс-шараларды ұйымдастыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен өлкенің деректер қорын жасау ұсынылады.

«География» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 53-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

53-кесте**.** «География» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	3	2	3	3
8-сынып	3	3	3	2
9-сынып	3	2	3	3

«Биология» оқу пәні

Биологиялық ғылымдар тірі организмдердің құрылымы мен функцияларын, олардың дамуы мен тіршілік ортасымен өзара қарым-қатынасын зерттейді. Қазіргі заманғы көзқарастар бойынша өмір – бұл ірі органикалық молекулалардан тұратын және энергия мен қоршаған ортамен заттармен алмасу нәтижесінде өз өмірін сақтап қалуға және өзін-өзі қалпына келтіруге қабілетті күрделі биологиялық жүйелердің өмір сүру процесі.

«Биология» пәнінің мақсаты – білім алушылардың бойында органикалық дүниенің көптүрлілігітуралы, ондағы болып жатқан процестер мен заңдылықтар туралы білім жүйелерін қалыптастыру, сонымен қатар адам оның

ажырамас бөлігі туралы саналы түсініккалыптастыру.

Оқу пәнінің міндеттері:

1) жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың құндылығын түсіну үшін өмірдің құрылымды-функционалды және генетикалық негіздері туралы, тірі табиғаттың негізгі патшылықтары ағзаларының көбеюі мен дамуы, экожүйе, биоалуантүрлілік, эволюция туралы білім жүйесін қалыптастыру;

2) экологиялық этика нормалары мен ережелерін, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру;

3) генетикалық сауаттылықты қалыптастыру – салауатты өмір салты негіздері, психикалық, тән және моральдық денсаулық сақтау;

4) оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту, биологиялық білімдерін практикада қолдануға ұмтылу, медицина, ауыл шаруашылығы, биотехнология, экологиялық менеджмент және қоршаған ортаны қорғау саласындағы практикалық іс-шараларға қатысу.

«Биология» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері;
2) көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму;
3) ағза мен қоршаған орта;
4) қолданбалы кіріктірілген ғылымдар

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына жаңадан қосылған тақырыптар:

- Дихотомиялық әдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану;
- Аэробты және анаэробты тыныс алу
- Дүниежүзілік Тұқым қоры;
- Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу;
- Биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасы және биотехнологияда алынатын өнімдері;

Сонымен қатар жаңа бағдарламада терең меңгеруге арналған бірқатар тақырыптар берілген:

- Өкпедегі газ алмасу және ұлпалық тыныс алу механизмдері;
- Контрацепцияның маңызы;
- Ағзалардың тірі қалу стратегиялары;
- Түрлі жағдайлардың ферменттер белсенділігіне әсері.

Сабақтарды жоспарлау кезінде практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған белсенді оқыту әдістерін қолданған дұрыс.

Мұғалімдер назарына!!!

Оқу бағдарламасы бойынша 7-9-сыныптарда қарастырылатын зертханалық жұмыстар мен модельдеу жұмыстары міндетті түрде жүргізілуі тиіс.Себебі қарастырылатын зертханалық жұмыстар мен модельдеу жұмыстары білім алушының ізденіс қабілеттерін арттыруға мүмкіндік жасайды. Модельдеу жұмыстары білім алушының өзіндік ғылыми ізденіс жұмысына бағытталған болғандықтан тоқсанның басында беріледі, оны орындау үшін нақты уақыты айқындалады. Сонымен қатар берілген жұмыстар бағаланады. Оқу бағдарламасы бойынша қарастырылған демонстрациялық жұмыстар бағаланбайды. Демонстрациялық жұмысты орындау үшін мұғалім кез-келген ақпарат көзін пайдалана алады.

7-сыныпта 14 зертханалық жұмыс, 4 модельдеу қарастырылған.. (54-кесте)

54-кесте. 7-сыныпта зертханалық жұмыстар саны.

	Зертханалық жұмыстар	Модельдеу	Демонстрация
1-тоқсан	3	1	-
2-тоқсан	4	1	-
3-тоқсан	2	-	-
4-тоқсан	5	2	-
Барлығы	14	4	-

8- сыныпта 14 зертханалық жұмыс, 2 модельдеу, 2 демонстративтік жұмыс қарастырылған, оның ішінде қолданыстағы бағдарламада 8-сыныптан – 3 жұмыс алынған. 11 зертханалық жұмыс жаңадан қосылған. 8-сыныпта өткізілген зертханалық жұмыстар саны төменде 55-кестеде көрсетілген.

55-кесте. 8-сыныпта өткізілген зертханалық жұмыстар саны.

	Зертханалық жұмыстар	Модельдеу	Демонстрация
1-тоқсан	5	1	1
2-тоқсан	3	-	-
3-тоқсан	6		1
4-тоқсан	-	1	
Барлығы	14	2	2

9- сыныпта 8 зертханалық жұмыс, 1 модельдеу, 7 демонстративтік жұмыс қарастырылған.

56-кесте. 9-сыныпта өткізілген зертханалық жұмыстар саны.

	Зертханалық жұмыстар	Модельдеу	Демонстрация
1-тоқсан	5	1	

2-тоқсан	1	2	
3-тоқсан	2	3	1
4-тоқсан	-	1	
Барлығы	8	7	

Білім саласы бойынша қолданбалы курстарға немесе таңдау курстарына ұсынылатын тақырыптар: «Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер», «Әлемнің ғылыми-жаратылыстану эволюциялық бейнесі», «Биологиядағы математикалық модельдер және әдістер», «Тамақтану және денсаулық», «Экологиялық этика»,«Биология және денсаулық», «Әлемнің заманауи ғылыми-жаратылыстану бейнесі», «Биологиялық белсенді қоспалар», «Бәрі біздің түп-тұқиямызда (генетика негіздері бойынша)», «Әлемнің інжу маржаны (7–9-сынып қыздарына арналған курс)», «Менің денсаулығым – менің қолымда», «Тірі жасуша жұмбақтары», (Тұқым қуалаушылықтың заңдылықтары», «Биологияның проблемалары», «Жасушалар және тері», «Үй іргесіндегі телім», «Биогеография проблемалары», «Тері – денсаулық айнасы», «Заманауи микробиология», «Нанотехнологияға кіріспе».

Мұғалімдердің өздігінен білімін жетілдіруіне және әдістемелік бірлестіктерге ұсынылатын тақырыптар: «Биология сабағында білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру», «Биология және химия сабақтарында кіріктіріп оқытуды қолдану», «Биологияны оқытуда пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру», «Оқу еңбегінің дағдыларын қалыптастыру және ұйымдастырудағы рефлексияның рөлі», «Биология сабақтарында білім алушы тәрбиесіндегі экологиялық бағыт», «Сабақта білім алушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту», «Ойлау әрекетін белсендендіру құралы ретінде жаңа материалды зерделеудегі проблемалық тәсіл», «Білім алушының белсенді өздік жұмысы арқылы проблемалық жағдайларды жасау», «Білім алушылардың сабақта және сабақтан тыс уақыттағы ғылыми және жобалық жұмыстары», «Білім алушыларды олимпиадаға дайындау әдіс-тәсілдері», «Оқу процесін жаңғырту жағдайында сабақтарға ақпараттық технологияларды қолдану».

Тақырыптар мұғалімдердің мүмкіндіктері және жағдайларына байланысты өзгертілуі мүмкін.

«Биология» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 57-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

57-кесте. «Биология» пәні бойынша жиынтық бағалау саны.

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	3	3	3	3
8-сынып	3	2	3	3
9-класс	3	3	3	3

«Химия» пәні оқу

Химия – заттар, олардың қасиеттері, құрылымы және олардың бір-біріне айналуы туралы ғылым.

Химия органикалық және бейорганикалық заттардың құрамын, заттардың құрылымын,заттардың өзара әрекеттесу қабілетін зерттейді және химиялық энергияның жылу, электр, жарық тағы басқа энергияларға өту құбылыстарын зерттейді.

«Химия»оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7 сыныпта – аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағатты;

2) 8 сыныпта – аптасына 2 сағаттан, оқу жылында 68 сағатты құрайды;

3) 9 сыныпта – аптасына 2 сағаттан, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Оқу пәнінің мазмұны бес бөлімді қамтиды:

1) заттардың бөлшектері;

2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;

3) химиядағы энергетика;

4) химия және қоршаған орта;

5) химия және өмір.

7-сыныпта жаңартылған мазмұндағы бағдарламаға «Заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі» тақырыбындазаттардың агрегаттық күйлерінің өзгеруін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан оқыту тұңғыш рет енгізілді, бұл білім алушыларға заттардың құрылысы мен қасиеті арасында себеп-салдар байланыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мұғалімдерге ескеретін жайт кесте, диаграмма, суреттер, графиктер түрінде берілген ақпаратты құруға көбірек көңіл бөлу керек, білім алушыларға физика мен математика сабақтарында қалыптасқан дағдыларды қолдана отырып, тәжірибе барысында температураны өлшеп және өздерінің бақылауларын жинақтап, тиісті қызу және салқындау үрдістерінің графиктерін салуды ұсынуға болады.

«Адам ағзасындағы химиялық элементтер» бөлімі химия пәні бағдарламасына жаңадан қосылып отыр, бөлімде қоректік заттар, адам ағзасындағы химиялық элементтер (O, C, H, N, Ca, P, K), химиялық элементтердің тірі және өлі табиғаттағы таралуы, адам ағзасындағы микро-макроэлементтердің биологиялық рөлі, тыныс алу үдерісі, тамақтану теңгерімі ұғымдары берілген.

Сондай-ақ білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған:

- «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау» № 4 практикалық жұмысы;

- «Тыныс алу процесін зерттеу» № 11 зертханалық тәжірибе.

Бұл жаңа бөлімнің негізгі танымдық міндеттері – білім алушыларды шынайыөмірдегі кейбір маңызды биологиялық процестердің химиялық тараптарымен таныстыру. Биология курсынан алған білімді пайдаланып, білім алушылар адам ағзасының химиялық құрамын оқыпбіледі. Мұнда сондай-ақ адам ағзасына кері әсер ететін зиянды заттар туралы мәліметтер беріп, салауатты өмір салтын ұстануға бағыттауға көңіл бөлу қажет.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына «Тағам құрамынан қоректік заттарды анықтау»деп аталатын жаңа практикалық жұмыс енгізілген.

«Геологиялық химиялық қосылыстар» бөлімі де жаңадан енгізіліп отыр. Бұл жаңа бөлімде пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар, табиғи ресурстар, кен орны, кен, кеннің құрамы, минералдар, табиғи ресурстарды өндіру, металдарды алу, Қазақстанның пайдалы қазбалары, минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері ұғымдары оқытылады.

Қазақстанның байлығы болып табылатын жанар май қоры мен минералдық ресурстар туралы білім алушыларға «Жаратылыстану» және «География» пәндерікурсынан өз білімдерін жинақтап қорытуға мүмкіндіктері бар.Жер қыртысының химиялық құрамы, кендерден металл өндіру негіздері мәселелері қарастырылады.Бұл тақырыпты зерделеу жансыз табиғатта өтіп жатқан процестер туралы білімддерін тереңдетуге, сондай-ақпатриоттық сезімдерін оятуға мүмкіндік береді.

8-сыныптың оқу бағдарламасында жаңадан қосылған «Химиялық реакциялардағы энергиямен танысу» бөліміндетиісінше экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар, термохимиялық реакциялар,отындардың жануы мен энергиясын бөлуі, кинетикалық бөлшектер теориясы тұрғысынан энергия өзгерту жаңа ұғымдар зерделенеді.

Жану – ол, жылу мен жарықты қоса бөле отырып оттегімен жоғары жылдамдықта өтетін реакция.

Жанатын бөліктің басты өнімі көміртек, ол көп мөлшерде жылу бөліп шығарады. Кейде көміртек қосылыстары шала жанған кезде өмірге қауіпті улы газ-иіс газы CO және күйе C түзіледі.

Термохимиялық теңдеулерді дұрыс жазуға көңіл бөлу маңызды. Термохимиялық теңдеулерді жазғанда заттардың агрегаттық күйлерін әріппен белгілеуге назар аудару қажет, мысалы:

$H_2(г) + Cl_2 (г) = 2HCl (г) + 184$ кДж

$N_2(г) + O_2(г) = 2NO(г) - 180$ кДж

Жаңартылған мазмұндағы бағдарламада практикалықіс-әрекеттердағдыларын қалыптастыру әлдеқайда көп дәрежеде қарастырылған. Бұл арада практикалық және зертханалық жұмыстар ерекше рөл атқарады.

8-сыныпта жаңартылған бағдарлама бойынша 10 зертханалық тәжірибе берілген,оның ішінде 3-уі жаңа:

- «Әрекеттесуші заттар массасының арақатынасы» № 2 зертханалық тәжірибе;
- «Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар» № 4 зертханалық тәжірибе;
- «Судың кермектігін анықтау» № 10 зертханалық тәжірибе.

«Әрекеттесуші заттар массасының арақатынасы» зертханалық тәжірибесінде білім алушылар әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтайды.

«Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар» зертханалық тәжірибе 2-ші тоқсанда өткізіледі. Бұл зертханалық тәжірибеде білім алушылар экзотермиялықреакциялар жылуды бөле отырып, ал эндотермиялық

реакцияларжылуды өзіне сіңіре отырып өтетінін танып біледі.Тәжірибені оындаған кезде білім алушылардың қорғаныш көзілдірік кигендігін қадағалау керек.

№ 10 «Судың кермектігін анықтау» зертханалық тәжірибесі«Су» бөлімін өткенде өткізіледі. Білім алушылар судың «кермектігін» анықтайды және оны жою тәсілдерін түсіндіреді.

Жаңартылған мазмұндағы типтік оқу бағдарламасы бойынша қолданыстағы бағдарламамен салыстырғанда 7-8-сыныптар үшін зертханалық жұмыстар саны көбейді.

58-кесте. «Химия» оқу пәні бойынша зертханалық жұмыстар

Жұмыс түрлері	7-сынып	8-сынып	9-сынып
Демонстрациялар	-	4	16
Зертханалық тәжірибе	11	10	16
Практикалық жұмыстар	4	7	6

Оқу жылы ішінде химия пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестіктеріне төмендегідей тақырыптар ұсыныс ретінде беріледі:

Химияны оқыту практикасында заманауи дидактикалық тәсілдерді жүзеге асыру. Оқытудағы жүйелік әрекет және тұлғаға бағытталған тәсілдер. Білім алушылардың оқу-танымдық және ғылыми-зерттеу құзыреттерін дамыту. Пәнішілік және пәнаралық байланысты жүзеге асыру. Белсенді және интербелсенді оқыту әдістерімен химия сабақтарында білім беру саласындағы ынтымақтастықты ұйымдастыру тәсілдері.

Білім мен дағдыларды түзету бойынша іс-шараларды ұйымдастыру, өзін-өзі бағалаудағдыларын дамыту бойынша іс-шаралар ұйымдастыру. Химия пәні бойынша оқу сабақтарында бақылау-бағалау процесінде білім алушылардың ұйымдастырушылық және білімділік қабілеттерін қалыптастыру. Білім алушылардың бірін-бірі бақылау,бірін-бірі бағалау, өзін-өзі бағалау,кері байланыс тәсілдерін тиімді пайдалану, пәнді оқытуда анықталған кемшіліктерді жою бойынша жүйелі жұмыстарды ұйымдастыру.

Жалпы орта білім беру ұйымдарындағы химия пәнін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін дамыту және білім сапасын арттыру мақсатында химия сабақтарында және сабақтан тыс қызметте заманауи технологияларымен электронды білім беру оқыту құралдарын пайдалану. Медиа білім беру құзыреттілігін қалыптастыру: талдау, бағалау, ақпаратты пайдалану, оны түсіндіру және жаңа мәселелерді шешу үшін қолдану

дағдыларын. Компьютерлік технологияларды пайдалана отырып химиялық эксперименттерді модельдеу әдістері (виртуалды зертхана).

Академия мұғалімдерге білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу жағдайына әдістемелік ұсынымдамалар дайындады. Ұсынымдамалар Академияның сайтына орналастырылған.

«Химия» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 59-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

59-кесте. «Химия» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	2	2	2	2
8-сынып	3	3	3	3
9-сынып	3	3	2	3

«АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Адам және қоғам» білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» және «Өзін-өзі тану» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны білім алушыларда «Адам – Қоғам» жүйесі шеңберінде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар бойынша білім негіздерін қалыптастыруға бағытталады.

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері

Негізгі орта білім беру деңгейінде тарихты оқыту:

– білім алушыларда тарихи сананы, толеранттылық, өз елі және басқа елдердің тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсетуді, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпы адамзаттық, ұлттық және жалпыадами құндылықтарды қалыптастыруға, ойлау, коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамытуға;

– білім алушыларды ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне тарту, қазақ халқының мәдени және тарихи мұрасының құндылығы мен ерекшелігін түсіну, мәдени әртүрлілікті бағалау қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған.

2019/2020 оқу жылында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша оқу процесін ұйымдастыруда келесі оқу бағдарламалары қолданылады:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «26» шілдедегі № 334 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «26» шілдедегі № 334 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен

жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған *(https://www.nao.kz /Білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету/ Оқу бағдарламалары./ Негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары Қазақстан тарихы. Дүниежүзі тарихы)*

2019-2020 оқу жылында тарих пәндері бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарында жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары енгізіледі.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқу бағдарламасының білім мазмұны хронологиялық реттілікпен берілген (көне дәуірден бүгінгі күнге дейін) және *әлеуметтік қатынастардың дамуы, мәдениеттің дамуы, мемлекеттің дамуы, экономикалық даму* бөлімдерін қамтиды.

Білім мазмұнын ұйымдастырудағы ерекшеліктер:

- тарихи пәндер мазмұнының көлемі тақырыптық бөлімдерді біріктіру арқылы ықшамдалған;
- тарихи пәндер арасындағы пәнаралық байланыс іске асырылған. Бұл оқу материалдарын қайталамауға және Қазақстан тарихын әлемдік тарихи процестер контекстінде қарастыруға мүмкіндік береді;
- тарихи ойлау дағдыларын (тарихи процестер мен құбылыстарды зерттеу, талдау, түсіну және түсіндіру) дамытуға бағытталған;
- білім алушыларда тарихи сана, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға септігін тигізетін материалдарды зерделеуге ерекше көңіл бөлінген.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқу бағдарламасының басты мақсаттарының бірі – оқушылардың бойында тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады. Сондықтан сабақта оқушылардың «тарихи ойлау» дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін түрлі әдіс- тәсілдерді (белсенді және проблемалық оқыту әдістері, зерттеу, жоба әдістері т.б.) қолдану ұсынылады. «Тарихи ойлау» өткен заманның кез-келген құбылысын сол заманның контекстінде, бұрын болған және кейінгі тарихи оқиғалармен өзара байланысында көру, анықтау, бағалау, талдау қабілетін білдіреді. Осы қабілетке ие болу арқылы оқушы өткен тарихқа қатысты білім мен түсінікке негізделген өзіндік дәлелді ұстанымды қалыптастыра алады. Тарихи ойлау дағдылары әрбір сабақта олардың біртіндеп кеңеюі мен прогрессиясы негізінде дамытылуы тиіс.

Сондықтан, жаңартылған білім мазмұны бойынша «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерін тарихи түсініктер негізінде оқыту ұсынылады:

Оқыту келесі түсініктердің негізінде құрылуы тиіс:

1) **өзгеріс және сабақтастық** (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қоғам қаншалықты өзгеріске ұшырады)

2) **себеп-салдар** (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қандай маңызды факторлар саяси үдерістерге әсер етті);

3) **дәйек** (белгілі тарихи кезеңнің өнері бізге құндылықтар, наным-сенімдер мен технологиялар туралы қандай мәлімет бере алады);

4) **ұқсастық пен айырмашылық** (мысалы, XIII-XV ғғ. Қазақстан территориясындағы мемлекеттердің саяси құрылысындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар);

5) **маңыздылық** (мысалы, Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы неде);

6) **интерпретация** (мысалы, белгілі бір тарихи оқиғаны түрлі зерттеушілер қалай сипаттайды).

Тарихи түсініктер негізінде оқыту тарихи оқиғалардың мағыналары мен маңыздылығын, үдерістер мен оқиғаларды «тез түсінуге» бағытталған, бұл пәннің мағынасын терең түсінуге көмектеседі.

Тарихи түсініктерге сүйене отырып, тарихи материалдарды талдауды жүзеге асыру ұсынылады. Нәтижесінде, білімалушылар тек қана пәндік материалды ғана емес, зерттеу процестері, дағдылар және біліктермен байланысты әдістерді игереді (материалдарды жинау мен реттеу әдістері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасау процесінде мәселені қоя білу білігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауы, зерттеу жоспарларын әзірлеу, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру).

Белгілі бір тарихи концептілерге негізделген оқыту нақты оқу материалының негізінде оқушылардың бойында тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай әдіс, зерттеуге негізделген оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

Сондықтан «Қазақстан тарихы» пәні бойынша әр тақырыптан кейін зерттеу сұрақтары қамтылған. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша ұзақ мерзімді жоспардағы тақырыптар проблемалық сұрақтар түрінде құрастырылған. Оның басты себебі – кез-келген тақырып оқушыларды бірден ойландырады және оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға, проблемалық сұрақ қоюға, өздігінен талдау жасау дағдыларын дамытуға жәрдемдеседі.

Білім алушылардың дайындығына қойылатын талаптар:

Күтілетін пәндік нәтижелер әр бөлімдер мен тақырыптар бойынша анықталған *оқу мақсаттары* түрінде берілген. Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақыталануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Негізгі орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері мазмұнының жаңа құрылымы (сыныптар бойынша тарихи кезеңдерді бөлу) ұсынылады:

5- сынып – ежелгі заман (шамамен 2 млн жыл бұрын – V ғасыр)

6- сынып – ортағасырлар кезеңі (V - XVII ғасырлар);

7- сынып – жаңа заман кезеңі (XVIII -XIX ғасырлар);

8- сынып – қазіргі заман (XX ғасырдың бірінші жартысы);

9 - сынып – қазіргі заман (XX ғасырдың екінші жартысы – бүгінгі күнге дейін).

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша жаңа оқу бағдарламасына сәйкес 2017-2018 оқу жылынан бастап 5- сыныпта «Қазақстан тарихынан әңгімелер» оқытылмайды. Бұл бастауыш мектептегі «Дүниетану» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасындағы білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі маңызды тарихи оқиғаларын зерделеуге ерекше назар аударылғанымен байланысты. Сондықтан да 5-сыныптың жаңа оқу бағдарламасында отандық тарихтың барлық курсы емес, тек қана Қазақстанның ежелгі заман тарихы (дүниежүзі тарихымен қатар) оқытылады. Сонымен, Қазақстан тарихы және Дүниежүзі тарихы пәндерін жүйелі түрде оқу 5- сыныптан басталады.

Назар аударыңыздар!

2019-2020 оқу жылында тарих пәндері бойынша ***5-9 – сыныптарда*** жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларын енгізу барысында қолданыстағы және жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары мазмұнында хронологиялық кезеңдердің сәйкессіздігі орын алады (60-кесте).

60-кесте – Оқу бағдарламаларын салыстыру

Қолданыстағы бағдарламалар	Білім мазмұны жаңартылған бағдарламалар
5-сынып – Қазақстан тарихынан әңгімелер	5-сынып – Ежелгі заман тарихы
6-сынып – Ежелгі заман тарихы	6-сынып – Орта ғасырлар тарихы
7-сынып – Орта ғасырлар тарихы	7-сынып – Жаңа заман тарихы
8-сынып – Жаңа заман тарихы	8-сынып – Қазіргі заман тарихы (XX ғасырдың бірінші жартысы)
9-сынып – Қазіргі заман тарихы	9-сынып – Қазіргі заман тарихы (XX ғасырдың екінші жартысы – бүгінгі күнге дейін)

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндернің хронологиялық кезеңдерінің сәйкестігі мен мазмұнның сабақтастығын сақтау мақсатында 5-9-сыныптарда:

1) ***8-сыныпта 2018 жылғы 1 қыркүйектен бастап 7-сыныптың (жаңа кезең) жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы енгізіледі;***

2) 9-сыныпта 2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін 8-9-сыныптардың (қазіргі заман тарихы) мазмұнын қамтитын жаңартылған мазмұндағы өтпелі кезең оқу бағдарламасы енгізіледі.

Назар аударыңыздар!

2019-2020 оқу жылында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша келесі оқулықтар қолданылады:

1. 5-сынып – 5-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары;

2. 6-сынып – 7(6)-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары немесе 6-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары;

3. 7-сынып – 8(7)-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары;

4. 8-сынып – 8(7)-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары;

5. 9-сынып – 8-9-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары (1-бөлім) және 8-9-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары (2-бөлім).

2019-2020 оқу жылынан жаңартылған білім беру мазмұны аясында 9-сыныпта «Құқық негіздері» оқу пәні енгізіледі.

«Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың ерекшеліктері

Қазақстан тарихы бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамытуға бағытталған.

«Қазақстан тарихы»оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5- сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
2) 6-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
3) 7-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
4) 8-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
5) 9-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты қамтиды.

Білім мазмұнын ұйымдастырудағы ерекшеліктер:

5-9-сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Қазақстан қоғамының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі кезеңдегі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық салалардың негізгі даму кезеңдері оқытылады.

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында тарихты оқыту – оқу мақсаттарын анықтау, оқыту мазмұнына сәйкес материалдарды саралау, оқытудың тиімді әдістерін анықтауды қажет етеді.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5,6,7-сыныптарында «Қазақстан тарихы» пәні мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктіріліп оқытылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы негізінде әзірленген «Өлкетану» материалдарын оқыту:

- білім алушыларда ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім қалыптастыруға;

- туған өлкенің табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және мәдени нысандары туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің бірегей табиғаты, тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу; оларды қорғауға жауапкершіліктерін арттыруға бағытталған.

Өлкетану материалдары 5, 6, 7-сыныптарда, яғни әр сыныпта 4 сағаттан 12 сағат көлемінде оқытылады. Өлкетану материалдары оқу бағдарламасының базалық білім мазмұны мен ұзақ мерзімді жоспарына енгізілді. Оқу бағдарламасы бойынша тоқсандағы бөлімдер мен бөлім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркінде болғандықтан «Өлкетану» материалдарын әр сынып бойынша кіріктіріп оқыту ұсынылады.

Өлкетану материалдарын оқытудың ерекшеліктері:

Өлкетану мәдени және ұлттық сәйкестікті дамыту мен сақтаудың маңызды міндетін орындайды. Өлкетанулық білім жаңа буынды аймақтың мәдени құндылықтарымен қамтамасыз етіп отыратын әлеуметтік-мәдени ақпарат көзінің бірі. Бұл жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді

5-сыныпта: «Өлкенің тарихи ескерткіштері», «Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар, ақындар», «Туған өлкенің аңыз-ертегілері» тақырыптарын оқытуда білім алушыларды ата-бабалардың дәстүрін құрметтеуге, келешек ұрпақтардың тәжірибесін жалғастыруға, өнегелі жерлестерінің өмірін замандастарына үлгі етуге бағыттау ұсынылады.

5-сыныпта «Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер» тақырыбы бойынша тарихи мұраны жеткізудегі жәдігерлердің рөлін сипаттау үшін мүмкіндігінше мұражай сабақтарын өткізу ұсынылады. Мұражайда өтетін сабақта білім алушылардың оқу материалдарын мұражайдағы бай қорды пайдалана отырып терең меңгертуге бағыттау ұсынылады.

Мұражай базасында өткізілген сабақтар білімалушылардың азаматтық және патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға, олардың танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін, ой-өрісін кеңейтуге, тарихи және мәдени ескерткіштерге ұқыпты қарауға ықпал етеді.

6-сыныпта: «Топонимдер – өткен заманның куәгерлері», Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері», Туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері» тақырыптары берілген. Өлкедегі жер-су атауларының тарихын, ұлттық қолданбалы өнері мен қолөнерді, қазіргі кездегі өлкедегі атақты тұлғалардың ерлік істері мен еңбегі туралы білім беруде білім

алушылардың өлкенің негізгі ерекшеліктерін анықтауға және терең түсінуіне ықпал ету ұсынылады.

Осы сыныпта білім алушылар «Бір ел-бір тағдыр» тақырыбы арқылы аймақтағы әр түрлі ұлттардың тарихы, салт-дәстүрімен танысады. Бұл білімалушыларды бірыңғай әлеуметтік ортаға біріктіруге ықпал етеді.

7-сыныпта: «Өлкенің туристік маршруттары», «Туған жердің Атымтай жомарттары», «Туған өлкенің шежіресі», «Мектебімнің тарихы» тақырыптарын оқытуда білім алушыларға оқу мазмұнына сәйкес материалдарды анықтау, талдау, бағалау дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар беру ұсынылады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 61-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

61-кесте. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	1	2	2	3
6-сынып	1	1	3	2
7-сынып	2	2	3	1
8-сынып	2	2	3	1
9-сынып	2	3	3	3

«Дүниежүзі тарихы» пәнін оқытудың ерекшеліктері

«Дүниежүзі тарихы» пәні білім алушылардың бойында тарихи сана, толеранттылық, өз елі және басқа елдердің тарихы мен мәдениетіне құрметті қалыптастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгерту және зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамытуға бағытталған.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінің білім мазмұны: әлеуметтік қатынастардың дамуы, мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі, саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі, экономикалық қатынастардың дамуы бөлімдерін қамтиды. Сондықтан 5-9-сыныптарда «Дүниежүзі тарихы» бойынша ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық салалардың негізгі даму кезеңдері оқытылады.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесі:

1) 5-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
2) 6-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
3) 7-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
4) 8-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
5) 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық

бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 62-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

62-кесте. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	2	2	2	2
6-сынып	2	2	2	2
7-сынып	2	2	2	2
8-сынып	2	2	2	2
9-сынып	2	2	2	2

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы әдістемелік ерекшеліктер

➢ Тарихты оқытуда келесілерге ерекше көңіл бөлу ұсынылады:

- тарихты оқыту процесі білім алушының ақпараттың белгілі бір көлемін (тарихи даталар, ұғымдар, тұлғалар, оқиғалар) механикалық есте сақтауға емес, алған білімі мен білігін оқу мен тәжірибелік міндеттерді өздігінен шешумен сипатталатын тұлғалық құзыреттілігін дамытуға;
- тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін әлемдік және Отандық тарих контекстінде талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыруға;
- тарихи деректердің негізінде тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);
- қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

➢ Мұғалімнің сабаққа әзірлейтін тапсырмалары келесі критерийлерге сәйкес болуы қажет:

- тапсырманың, оның мақсаты мен орындалуының қолжетімділігі;
- дифференциацияны көздеу;
- сын тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік беру;
- проблемалық оқытуға негізделуі;
- бағалау мүмкіндіктерінің бар болуы.

Баяндама, эссе жазу, презентация жасау және т.б.бойынша тапсырма беру барысында мұғалімге оқушыларды тапсырманың критерийлерімен таныстыру ұсынылады.

➢ Тарихты оқытуда білім алушының оқыған тарихи фактілер мен оқиғаларды кеңістікте бағдарлау дағдысын қалыптастыру мен тарихи картаны

«оқып», оны білім көзі ретінде пайдалануына көңіл бөлу ұсынылады.

Білім алушыларда тарихи картамен жұмыстың негізі 5-сыныптан қаланады, ол картаның шартты белгілерін қолдана білуі, тарихи және географиялық нысандарда дұрыс бағдарлана білуді қажет етеді.

Мысалы 6-сыныпта «VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау» атты оқу мақсаты бойынша мұғалім білім алушыларға тарихи картаны пайдаланып түсіндіруге тапсырма бере алады, бұл білім алушылардың бойында уақыт пен кеңістікте бағдарлану дағдыларының дамуына септігін тигізеді. Сондықтан білім алушының алған тарихи білімін кеңістікте бағдарлауға мүмкіндік беретін картографиялық дағдысын дамыту ұсынылады. Бұл тарихи оқиғаларды, олардың өзгерісі мен даму жағдайын картада белгілеуге берілетін тапсырмалардан көрінеді. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, презентация, интеллект карталар, диаграммалар жасауға тапсырмалар беру ұсынылады.

7-9-сыныптарда тарихи картаның мазмұнын талдауды қажет ететін тапсырмалар жасай отырып, картамен жұмысты күшейту ұсынылады.

9-сыныпта тарихты оқыту білім алушылардың қазіргі заман тарихының маңызды процестеріне, құбылыстарға, оқиғаларға және ұғымдарға баса назар аударуға, тарихи оқиғаларды, талдау, салыстыру, көрнекті тарихи тұлғалар қызметін бағалау, алған білімі негізінде өз ойын дәлелдеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Білім алушыларды оқытылатын кезеңдегі ғылым мен мәдениеттің көрнекті өкілдері мен саяси жетекшілердің қызметіне, тарихи оқиғаларға салыстырмалы талдау жасау, баға беруге дағдыландыру ұсынылады.

Мысалы, «Қ.Сатбаев – жан-жақты ғалым» тақырыбы бойынша оқытуда білім алушыларды Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібін дамытудағы қызметіне талдау жасауға және ғылымды дамытудағы рөліне баға беруге бағыттау ұсынылады.

«Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы» тақырыбы бойынша білім беруде қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесіне баға беруде 2019 жылы мерейтойлық күндері атап өтілетін Н.Әбдіров, С.Баймағамбетов, Т.Тоқтаров, Леонид Беданың ерлігіне қосымша материалдар негізінде талдау жасауға бағыттау ұсынылады. Сонымен қатар, Бауыржан Момышұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау бойынша тапсырма беру ұсынылады.

- Тарихты оқытуда тарихи концепт бойынша берілетін тапсырмаларды оқушылардың тарапынан тек қана себеп пен салдарларды анықтаумен қатар, бұл себептерді берілген белгілері бойынша жіктеу (мазмұны, уақыты және рөлі бойынша), түрлі себептер арасында өзара байланысты анықтау және оларды маңыздылық деңгейі бойынша орналастыруға бағыттау ұсынылады.
- Тарихи деректердің интерпетациясы бойынша тапсырмалар әзірлеуде оқушылардың тарихи дерекпен жұмыс істеуі олардың жас ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін, дайындық деңгейін ескере отырып біртіндеп

күрделендіру ұсынылады. Тарихты оқытуда түрлі тарихи деректерді, аудио және бейне материалдарды, иллюстрацияларды қолдану ұсынылады.

Оқу процесінде білім алушыны ынталы, қызығушылығы жоғары, дербес, сенімді, жауапты, талдау жасай алуға бағыттайтын оқытудың түрлі формалары ұсынылады:

- мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы білім алушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;
- білім алушыларды зерттеу және зерттеушілік жұмыстарын жүргізуге негізделген белсенді оқытуды ұйымдастыру;
- білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту;
- білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру;
- білім алушылардың жеке, жұптық, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыруды қолдану;
- оқу процесінде тарихи құжаттардың фрагменттерін талдау, ақпарат жинақтау және қорытынды жасау, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуды және т.б. талап ететін тапсырмаларды кеңінен қолдану;
- сабақта білім алушының біліміндегі кемшіліктерді уақытында анықтауға мүмкіндік беретін кері байланысты ұйымдастырудың әр түрлі әдістерін қолдану.

➢ *Тарихи тұлғаға сипаттама бергенде мынадай арнайы жадынаманы қолдану ұсынылады:*

- тарихи қайраткердің сыртқы бейнесін суреттеу;
- тұлғалық белгілерін сипаттау;
- өмірінің ең жарқын мыңызды фактілерін атау;
- тұлғаның тарихқа қосқан үлесіне баға беру.

Бұл тарихи тұлғалардың іске асырған ерекше әрекеттерінің білім алушының есінде ұзақ сақталуына мүмкіндік береді.

Тарих пәні ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамдардың құқығы мен бостандығын құрметтейтін және қабылдайтын, Отанының дамуына өз үлесін қосуға ниетті тұлғаны тәрбиелеуден көрінетін «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бағыттарын іске асыруда маңызды рөл атқарады.

Білім алушылардың тарихи білімін тәжірибеде нақтылау мақсатында мүмкіндігінше мұражайларға, тарихи ескерткіш орнатылған немесе тарихи-археологиялық орындарға экскурсиялар ұйымдастыру ұсынылады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ұсынылатын сайттар: http://www.tarih-begalinka.kz; http://www.e-history.kz; http://bilimsite.kz/tarih/; http://testcenter.kz/entrants/for-ent/.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен ұсынылатын сайттар:

http://www.world-history.ru; http://historic.ru; http://historyatlas.narod.ru; http://testcenter.kz/entrants/for-ent/.

Тәрбиелік компонент

Пән мазмұны біздің ата-бабаларымыздың бірегей мәдениетін, Қазақстанның әлемдік тарихтағы орны мен рөлін, оның әлемдік өркениетке

қосқан үлесін түсінуге, мүмкіндік береді.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2019-2020 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады:

1. Ұшқыш-шабуылдаушы, Кеңес Одағының Батыры Нүркен Әбдірұлы Әбдіровтің **туғанына 100 жыл**. (1919 жыл.9 тамыз);

2. Мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың **туғанына 125 жыл**. (1894 жыл.26 желтоқсан);

3. ҚҒА Тұңғыш президенті, мемлекет және қоғам қайраткері Қаныш Сәтбаевтың туғанына 120 жыл;

4. Республикалық «Казахстанская правда» **газетінің шыққанына 100 жыл**. (1920 жыл.1 қаңтар);

5. Кеңес Одағының Батыры, «Ленин» ордені мен бірқатар медальдардың иегері Сұлтан Біржанұлы Баймағамбетовтың **туғанына 100 жыл.** (1920 жыл.1 сәуір);

6. Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, ойшыл, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлының **туғанына *175жыл*. (**1845 жыл.10 тамыз***);***

7. Ұлы Отан соғысының жеңісіне 75 жыл.

8. Ұшқыш-шабуылдаушы, КСРО еңбек сіңірген әскери ұшқыш, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, «Ленин», төрт мәрте «Қызыл Ту», «Александр Невский», I дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендері мен бірқатар медальдардың иегері Леонид Игнатьевич Беданың туғанына 100 жыл. (1920 жыл.16 тамыз);

9. Кеңес Одағының Батыры, «Ленин» ордені мен бірқатар медальдардың иегері Төлеген Тоқтаровтың **туғанына 100 жыл**. (1920 жыл.19 желтоқсан);

Мектепте сыныптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жүзеге асады:

- базалық кәсіпорындарда, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда;
- таңдауы бойынша еркін сабақтар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;
- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабақтар өткізу;
- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабақтарын жүргізу және т.б.

Сыныптан тыс жұмыстар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, алған білімдерін тереңдетіп, өздігінен іздене білуге үйретеді. Сонымен қатар теориялық білімін кеңейтіп толықтырады және білім алушылардың жеке қабілетін дамыта түседі.

«Құқық негіздері» оқу пәні

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының басты алғышарттарының бірі – азаматтардың құқықтық білімін жетілдіріп, құқықтық сауаттылық пен мәдениениетін қалыптастыру. Сондықтан жалпы білім беретін мектептерде «Құқық негіздері» пәнін оқыту оқушылардың қоғамда әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті негізгі құқықтық білімдері мен

дағдыларын меңгеруді қамтамасыз етуге бағытталған.

«Құқық негіздері» оқу пәнінің мақсаты - құқық жөнінде негізгі білімдерді игеру арқылы құқықтық тұрғыдан сауатты азаматты тәрбиелеу және олардың бойында заңды құрметтеу дәстүрі мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру, өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастырып дамыту болып табылады.

Пәнді оқыту оқушыларда азаматтық құқықтарын жүзеге асыруға, міндеттемелерін орындауға қажетті білім мен дағдыларды, саяси-құқықтық сананы қалыптастырады.

«Құқық негіздері» оқу пәнінің базалық білім мазмұны: Құқық және мемлекет, Конституциялық құқық, Азаматтық құқық, Еңбек құқығы, Отбасы құқығы, Әкімшілік құқық, Қылмыстық құқық бөлімдерін қамтиды.

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша оқу жүктемесі: 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Ұзақ мерзімді жоспардағы тақырыптар проблемалық сұрақтар түрінде құрастырылған. Оның басты себебі – кез-келген тақырып оқушыларды бірден ойландырады және оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға, проблемалық сұрақ қоюға, өздігінен талдау жасау дағдыларын дамытуға жәрдемдеседі.

«Құқық негіздері» пәнін оқытуда келесі педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану ұсынылады:

– «Кейс стади», оқушылардың проблемаларды анықтауда өз ойларын, пікірлерін айту, дәлелдеу, гипотеза ұсыну, зерттеуді одан әрі жоспарлау қабілеттерін дамытатын ынталандырушы–проблемалық, ситуациялық жағдай туғызу;

– белгілі бір тақырып бойынша «миға шабуыл», «фишбоун», «автор орындығы», т.б. әдістерін ұйымдастыру (проблемаларды табу, әр оқушының идеясын ұсыну, бүкіл сыныппен талқылау, оны талдау және шешімнің дұрыс нұсқасын қабылдау);

– сабақта оқушылардың белсенділігін қажет ететін құқықтық проблемаларды талқылау;

– оқушылардың пікір-талас өткізу және құқықтық мәселелерді талқылауына игі ықпал ету үшін компьютерлік қарым-қатынас құралдарын (мысалы, онлайн-форумдар, конференциялар) пайдалану.

Оқушылардың құқықтық мәселелер мен жағдайаттарға талдау жүргізу үшін сабақта құқықтық-нормативтік актілермен, заң түсіндірмелерімен және т.б. құқықтық деректермен жұмысты көптеп ұйымдастыру ұсынылады.

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 63-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

63-кесте. «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
9-сынып	1	1	1	1

«Зайырлылық және дінтану негіздері» факультатив курсы

2019-2020 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығына сәйкес «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы оқытылады.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсын міндетті түрде оқыту үшін 9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінеді. Курсты «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы бойынша біліктілікті жетілдіру курсынан өткен, сертификаты бар «тарих» пәнінің мұғалімдері жүргізеді.

Осы факультативтік курс сыныптың оқу журналына жазылады.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының мәні және маңызы оның қазіргі қоғам қажеттілігі мен тұрақтылығының ғылыми тұғырнамасы ретіндегі өзектілігінен, қоғам тарихы, мәдениеті мен рухани құндылығын анықтайтын бастаулардан тұрады. «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы жалпы орта білім жүйесіндегі әлеуметтік-гуманитарлық және қоғамтанулық білімнің құрамдас бөлігі болып табылады.

2019-2020 оқу жылында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы бойынша оқу процесін ұйымдастыруда келесі оқу бағдарламасы қолданылады:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының оқу бағдарламасы.

Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курсынан өткен тарих пәнінің мұғалімдері жүргізеді.

Білім беру ұйымдарының жетекшілеріне осы курсты жүргізетін тарих пәні мұғалімдерінің мамандандырылуын тереңдетіп, басқа мұғалімдердің ауыстырылуына жол бермеу ұсынылады.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсын оқытудың мақсаты:

- білім алушыларды «зайырлылық» принципін құндылық, яғни мемлекет баяндылығының басты тұғыры ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету;

- діни сенім бостандығы, әлемдік және дәстүрлі діндердің, жаңа діни қозғалыстардың тарихы мен қазіргі жай-күйі, теріс пиғылды діни ағымдар мен тыйым салынған діни ұйымдар туралы білім беру;

- білім алушыларды экстремизм, терроризм және діни радикализм идеологияларын қабылдамауға үйрету, рухани-адамгершілік құндылықтар

негізінде толеранттылық қасиетке тәрбиелеу және олардың гуманистік дүниетанымын қалыптастыру.

«Зайырлылық және діntану негіздері» факультативтік курсын оқытудың міндеттері:

1) білім алушыларға діннің мәні, тарихы және оның қазіргі қоғамдағы рөлі жөнінде жүйелі білім беру;

2) зайырлылықты мемлекеттілік пен тәуелсіздіктің негізі ретінде таныта отырып, осы бағытта білім беру;

3) зайырлылық тұрғысынан діни сана, діни сенім, діни таным және діни тәжірибе негіздерін салыстыра білу дағдысын қалыптастыру;

4) діннің дүниетанымдық, мәдениеттану және адамгершілік мәнін түсіндіру;

5) білім алушыларды діни сенім бостандығын құрметтеуге, толеранттылыққа баулу арқылы қазіргі қоғамдағы діни ағымдарға зайырлылық принципі негізінде баға беру дағдысын қалыптастыру;

6) Қазақстандағы этносаралық, конфессияаралық келісімді зайырлылық нәтижесі ретінде таныта отырып, білім алушылардың бойында азаматтық мінез бен жауапкершілік қасиетті тәрбиелеу;

7) экстремизм, терроризм, діни радикализм секілді жаһандық жағымсыз құбылыстардың теріс идеологияларының ұлттық қауіпсіздікке, зайырлылық принципіне, қоғам тұрақтылығына төндіретін қауіп-қатерін түсіндіре отырып, зайырлы мемлекет принципіне құрмет сезімін тәрбиелеу;

8) құқықтық сауаттылықтың қоғам өміріндегі маңызын түсіндіру, осы тұрғыдағы білімін арттыру.

Бағдарламада берілген оқу материалын меңгеру аясында «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Адам. Қоғам. Құқық», «Қазақ әдебиеті» пәндерімен және «Абайтану» курстарымен пәнаралық байланыс пен сабақтастық принципін орнату қарастырылған.

«Зайырлылық және діntану негіздері» курсының мазмұндық желісі

Бағдарламада дін тарихын, оның жекелеген бағыттары мен ағымдарын егжей-тегжейлі сипаттау міндеті қойылмайды, тек жалпы мәліметтер беріледі.

Бағдарламада діни наным-дар мен діндердің пайда болуы, нығаюы және дамуы бойынша тарихи шолумен қатар: Зайырлы мемлекет және дін, зайырлық этикасы негіздері, адамның рухани өмірі мен қоғамдағы діннің рөлі, діни бірлестіктер мен ағымдар, жаңа діни ағымдар мен дәстүрлі діни жүйелердің танымдық, психологиялық, тұрмыстық деңгейдегі қарама-қайшылықтар диллемасы тақырыптары қамтылған.

Білім алушылардың жоғары рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Абай, Ыбырай, Шәкәрім сияқты көрнекті ағартушылар мен ойшылдардың мәдени және рухани мұраларын оқыту айрықша маңызға ие.

Деструктивті ағымдардың, тыйым салынған діни ұйымдардың, бірлестіктердің белгілері мен салдарларын танып білуіне, діни экстремизм мен терроризмнің ұлттың қауіпсіздігі үшін қатерлілігін білім алушылардың ұғынуына айрықша назар аударылған.

«Қазақстан – дінаралық бейбітшілік пен келісім елі. Қазақстан Республикасының дін туралы заңнамалары. Зайырлылық – ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттік жүйенің іргетасы» мазмұндық желілері курстың басты жолы болуы тиіс.

Курстың мазмұнында білім алушылардың өзіндік зерттеу әрекеттерін ұйымдастыратын шығармашылық жобалар қарастырылған. Шығармашылық жобаларда, түрлі нысандағы ұйымдастырылған өздігінен жасалынған зерттеу жұмыстары барысында діндер мазмұнындағы рухани құндылықтар мен Қазақстанның дінге қатысты саясатының мәні мен мақсатын, діни бірлестіктер мен ағымдардың қызметі, мүддесі мен мақсатын ашып көрсетеді.

Курстың мазмұнын жүйелі және толық игерген жағдайда білім алушылар өмірге қажетті Қазақстан аумағындағы діндер мен діни бірлестіктердің мақсаты мен ерекшеліктері, Қазақстан Республикасының дінге қатысты саясатының мақсаты мен мәнін түсінетін мағлұматтар мен білімді меңгереді. Сонымен, жүйелі түрде игерілген білім кез келген білім алушыға Қазақстан Республикасының толыққанды азаматы ретінде рухани толысуға, өз халқының рухани мәдениетін деструктивтік, радикалды діни бірлестіктердің зиянды әрекетінен сақтану және қорғау мүмкіндіктерін қалыптастыруға мүмкіндік алады, екінші жағынан, адамның қандай дінге жататынын анықтау, діни сана-сезім, басқа діндерге көзқарас және ізгілікті қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады.

Бұл курс білім алушылардың гуманистік дүниетанымға, жалпыадамзаттық құндылықтарға және толеранттыққа қайшы келетін ұстанымдар туралы ұғымдарын қалыптастырады.

Оқу процесін ұйымдастыруға әдістемелік нұсқаулық.

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу процесін келесі дидактикалық принциптерге сәйкес ұйымдастыру ұсынылады: ғылыми негізділік және қолжетімділік; жүйелілік пен сабақтастық; көрнекілік және абстрактылық; зерделілік және танымдық белсенділік; білімді меңгерудің орнықтылығы; пәнаралық және пәнішілік байланыс; табиғи сәйкестілік принципі; проблемалық принципі; саралау және даралау; оқу тапсырмалары деңгейінің әртүрлілігін қамтамасыз ету.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсының оқу процесін ұйымдастыру барысында пікірталас, дөңгелек үстел, топпен талқылау, шағын жобаларды қорғау, рөлдік ойын және т.б. оқыту формаларын қолдану тиімді.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы аясында алған білімдерін бекіту мақсатында білім алушыларға қызықтыратын тақырыптары бойынша шығармашылық-жобалық жұмыстарын жасауға болады.

Жобаларды жеке және ұжыммен орындай алады. Олардың саны алған білімдерін бекіту үшін жеткілікті болуы керек.

Жобалар:

- дін мәселелері бойынша ғылыми-көпшілік басылымдар, журналдар, газет мақалаларына талдау жасау, таңдап алынған тақырыптары бойынша ауызша және жазбаша хабарлама дайындау, жағдаяттармен жұмыс жасау;

- дәстүрлі діндердің біртұтас платформалары мен жалпы тұжырымдамаларын анықтау, оларды дәлелдей білулерін қалыптастыру;

- еліміздегі және өңірлердегі діни жағдайларды сараптау;

- Қазақстандағы қасиетті жерлер туралы ақпараттық шолу дайындау;

- толеранттылық және дінаралық келісім орнаған еліміздегі зайырлылықты дәлелдейтін мысалдар дайындауды қамтуы керек.

Оқу барысында:

- мәдени-тарихи, өркениеттілік мәніндегі, дін саласындағы Қазақстанның қазіргі саясаты мен қағидаларын басшылыққа алу;

- пәнді оқыту барысында қандай да бір діни бағыттарға артықшылықтар бермеу;

- жобаларды орындау үшін қажетті жағдайлар жасау;

- ақпарат, дін, рухани құндылықтар, мәдениет саласына қатысты заңнамалар талаптарын сақтауға ерекше көңіл бөлу қажет.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсын оқытуда білім алушының құбылыстарды бүтіндей тұтас қабылдауын қалыптастыру үшін білім алушының келесі пәндерді зерделеудегі пәнаралық білімін кіріктіріп қолдану ұсынылады:

«Қазақ тілі», «Орыс тілі»:

– білім алушылардың сөздік қорын зайырлылық және дін саласына қатысты терминдермен толықтыру;

– ұлттық мәдениетке және басқа халықтардың рухани - мәдени қайнар көздеріне құрмет пен ашықтыққа тәрбиелеу.

«Әдебиет»:

- дін қайраткерлерінің шығармаларын - қосымша көркем әдебиеттерді зерделеу, олардың жұмыстарын қазіргі рухани құндылықтар мен зайырлылық тұрғысынан бағалауды іске асыру;

«Тарих»:

- зайырлылық пен діндердің пайда болуы, таралуы және даму процестерін тарихи негіздеу;

- қоғамдық қатынастарға тарихи талдау жасау арқылы адам мен қоғам өмінідегі зайырлылық пен діндер рөлінің мәнін түсіну;

«География»:

- діндердің таралуының тарихи-географиялық кеңістігін дұрыс анықтау.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсын оқу нәтижесінде білім алушылар:

- ғылыми тұрғыдан алғанда негізгі діни терминдер мен құбылыстарды;

- зайырлылық және дін ұғымдары ара-қатынасын;

- мемлекет, дін бірлестіктері және мәдениет арасындағы қарым-қатынасының мәнін;

- діндер тарихы мен діни сенім ерекшеліктерін;

- қазақ мұсылмандығының танымдық ойларын;

- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;

- Әл-Фарабидің, Қожа Ахмет Ясауидің, Абайдың, Шәкәрімнің, Ыбырай Алтынсариннің мәдени-ағартушылық рухани мұраларын;

- республикадағы мемлекет, мәдениет және діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастың жайын;

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың конфессияаралық келісімін, елдегі және халықаралық деңгейдегі тұрақтылықты сақтау, елдегі және халықаралық қауымдастықтағы адамдардың шынайы діни сенімдеріне деген сыйластықты көрсету саясатын;

- экстремистік, террористік, теріс сипаттағы ұйымдардың ерекшеліктерін, қауіптілігін *біледі*.

Сонымен бірге білім алушылар :

- зайырлық, діни сана-сезім, діни сенім, діни тәжірибе, діни ой-сана ұғымдарының ара жігін ажырату,

- экстремистік, террористік сипаттағы діни топтар мен ағымдар идеологиясы мен практикасына қарсы тұра білу иммунитетін қалыптастыру;

- діни, рухани маңызды мәселелер бойынша әртүрлі ой-талқы жасау, пікір-таластыра білу, осы саладағы маңызды оқиғалар мен құбылыстар, тұлғалар туралы мәліметтерді сауатты жеткізе білу;

- өз бетімен зайырлық және діни шығармалар туралы қажетті ақпараттық деректер нұсқасында тауып және оларды сараптай отырып қолдана біледі.

Оқыту барысында мұғалім білім алушының бойында экстремистік, террористік діни топтар және ағымдар идеологиясы мен тәжірибелеріне қарсы имунитет қалыптастыруға қол жеткізуі тиіс.

« Өзін-өзі тану» оқу пәні

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу үдерісінің басты міндеті: тұлғаның құндылықтар жүйесін, қоғамға қызмет етуге бағытталған мәселелерді шығармашылықпен шешудің іс жүзіндегі дағдыларын анықтау; оқушылардың әлеуметтік мәнді бағдарларын, яғни адамның өзіне, қоршаған әлемге, жалпы адамзатқа қатысына себепші болатын адамгершілік тәртіп негіздерін қалыптастыру; жас ерекшеліктеріне қарай, жеке тұлға ретінде, іс-әрекет субъектісі ретінде дамыта отырып, әрбір адамның табиғатына салынған жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару.

5-9-сыныптардағы «Өзін-өзі тану» базалық мазмұны төрт тарауды қамтиды: «Таным қуанышы»; «Адам болам десеңіз ...»; «Адам және әлем»; «Адамзаттың рухани тәжірибесі».

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: аптасына 1 сағат, 5-9 сыныптарда – 34 сағат.

Оқушылардың білімін бағалау. Рухани-адамгершілік білім берудің ерекшеліктеріне сәйкес сандық емес, сапалық баға маңызды, сондықтан әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша «Сынақ» бағасы қойылады. Егер оқушы Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Өзін-өзі тану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген дайындық деңгейіне қойылатын барлық талаптарды орындап, жоба күнделігін әзірлесе, оқушыға «Сынақ» қойылады.

«ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР» БІЛІМ САЛАСЫ

«Технология және өнер» білім саласы бойынша келесі пәндер оқытылады: «Музыка» – 5-6-сыныптар, «Көркем еңбек» – 5-9-сыныптар.

«Музыка» оқу пәні

5-6-сыныптарға арналған «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқу мақсаттарының жүйесі арқылы ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Пәнді оқытудың мақсаты – қазақтың дәстүрлі музыкасы, әлем халықтары шығармашылығы, әлемдік классика және заманауи музыканың үздік үлгілері негізінде білім алушылардың музыкалық мәдениеттілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту

Пәнді оқытудың міндеттері:өзге өнер түрлері мен оқу пәніне музыка өнерін кіріктіре отырып әлем тұтастығының бейнесі жөнінде түсінігін қалыптастыру; музыка өнерінің жалпы адамзаттық қажеттілікті құбылыс ретінде, оның адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру; сын тұрғысынан ойлауы мен музыкаға жағымды қарым-қатынасын, музыкалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру; музыкалық шығармалар мен тапсырмаларды талдау, зерттеу және орындаушылық пен импровизациялау, презентациялау оқу пәндік-тақырыптық білім, білік, дағды аясында дамыту; музыкалық қабілеттілігін, белсенді шығармашылығын, орындаушылығы мен зерттеушілік дағдысын дамыту; музыка өнері негізінде коммуникация формалары жөнінде білімін қалыптастыру; музыкалық-шығармашылық жұмыстарға идеялар қосу негізінде өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуын қалыптастыру (шығармалар жазу, импровизация және өңдеу); ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану барысында музыкалық-орындаушылық және техникалық білімі мен біліктілігін қалыптастыру, дамыту.

«Музыка» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«Музыка» пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер пән бойынша оқыту мақсаттары және оған қол жеткізу реттілігін сыныптар бойынша мазмұндайтын бөлімшелерге бөлінген.

Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1. «Музыка тыңдау, орындау және талдау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды: «Музыка тыңдау және талдау»; «Музыкалық сауаттылық»; «Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет».

2. «Музыкалық-шығармашылық жұмыстар жасау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды: «Идеялар және материалдарды жинақтау»; «Музыка шығару және импровизация».

3. «Музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды: «Музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау».

«Музыка» пәнінің 5-сыныпқа арналған базалық мазмұны: «Қазақ халқының музыкалық мұрасы»; «Қазақтың дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыка»; «Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі»; «Музыка тілі – достық тілі»; «Өлкетану: Туған өлке симфониясы» бөлімдерін қамтиды.

«Музыка» пәнінің 6-сыныпқа арналған базалық мазмұны:«Классикалық музыканың үздік туындылары»; «Заманауи музыка мәдениеті»; «Музыка және өнер түрлері»; «Музыка – өмір тынысы»; «Өлкетану: Туған жердің таланттары» бөлімдерін қамтиды.

Әрбір бөлімшелерде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге үш түрлі іс-әрекет арқылы (білім алушылардың музыкалық сауаттылықты зерделеу, музыкалық-орындаушылық және музыкалық-шығармашылық іс-әрекеті) жұмысты жүйелі жоспарлауға, олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

«Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Музыка» пәні бойынша жарты жыл және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

«Туған өлке симфониясы» және «Туған жердің таланттары» тақырыптары 2018-2019 оқу жылынан бастап «Өлкетану» кіріктірілген курсына енгізілген, ол 5-6-сыныптардың «Музыка» оқу пәнінің шеңберінде оқытылады. «Музыка» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2019-2020 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

«Көркем еңбек» оқу пәні

«Көркем еңбек» оқу пәнінің 5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының мазмұны оқыту мақсаттары жүйесінің шығармашылық әрекет үдерісі барысында тәжірибелік және негізгі білім қалыптастыруға бағытталған үш бөлім бойынша ұйымдастырылған:

1) «Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу» бөлімі;
2) «Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау» бөлімі;
3) «Таныстырылым, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау» бөлімі.

Оқу бағдарламасының мақсаты – өнер және еңбек технологиясы саласында функционалды сауаттылықты қалыптастыру, шындыққа шығармашылықпен қарайтын тұлға дамыту.

5, 6, 7, 8, 9 -сыныптарға арналған **«Көркем еңбек»** пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқу мақсаттары жүйесі арқылы ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

«Көркем еңбек» оқу пәнінің бағдарламасы: қоршаған ортада өнер, дизайн мен технология туралы түсінік пен білімді дамытуға; Қазақстан және әлем

халықтарының көркем-мәдениет мұрасын оқып үйренуге; өнер мен дизайнның көркем тәсілдері арқылы шығармашылық идеяларды, технологиялық дағдыларды дамытуға; зерттеу, жасау, талдау, нысандарды көркем түрлендіру үдерісінде білім алушылардың шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға; оқу қызметінің барлық түрлерінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы тәжірибе алуға (зерттеу, идеялардың шығармашылықпен іске асыру, жұмыстардың таныстырылымы); жұмыс нәтижесі үшін түрлі ақпарат көздері мен ресурстарының маңыздылығын түсіне отырып, зерттеу мен пайдалануға; эстетикалық, еңбекке баулу, экономикалық, экологиялық, патриоттық тәрбиелеу мен рухани-өнегелік құндылықтарын қалыптастыруға; уақыт, материалдың қасиеті мен басқа да факторлардың әсерін анықтап және оны ескере отырып қызметін өз бетінше жоспарлай алуға; оқу мақсаттарына жетуде бірігіп жұмыс істеуді ұйымдастыру (жеке, жұптық және топтық жұмыс) бойынша тәжірибе жинауға бағытталған.

Жалпы негізгі білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, үй шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машықтарын иелену болып табылады.

«Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 5-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 6-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
- 8-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды;
- 9-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу бағдарламасының мазмұны материалдарды 5 ортақ білім беру бағыттары арқылы оқып-үйренуді қарастырады: «Визуалды өнер»; «Сәндік-қолданбалы шығармашылық»; «Дизайн және технология»; «Үй мәдениеті»; «Тамақтану мәдениеті».

«Визуалды өнер» мен «Сәндік-қолданбалы шығармашылық» бөлімдерінің тақырыптары ер балалар мен қыз балалар үшін бірдей.

«Визуалды өнер» бөлімінің мазмұны төмендегі бөлімшелерді: классикалық және заманауи өнер; қазақстандық суретшілердің шығармашылығы; бейнелеу өнерінің жанрлары мен түрлері; сандық өнер (фотосурет, анимация, медиа құралдар); бейнелеу (визуалды) өнерінің көркем тәсілдері; көркемдік материалдар және техникалармен эксперименттеу бөлімдерін қамтиды.

«Сәндік-қолданбалы шығармашылық» бөлімінің мазмұны төмендегі бөлімшелерді: сәндік-қолданбалы өнер ерекшеліктері мен негізгі пішіндері, Қазақстанның және басқа елдердің сәндік-қолданбалы өнері; сәндік-қолданбалы өнер материалдары, технологиялары мен құралдары; Ұлттық ою-өрнек; Ішкі көріністі сәнді безендіру қарастырады.

«Дизайн және технология» (ер балалар) бөлімінің мазмұны төмендегі бөлімшелерді: негізгі конструкциялық, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес

материалдарды; материалдарды өңдеу құралдары мен жабдықтарын; материалдарды әртүрлі тәсілдермен өңдеуді; әртүрлі материалдардан бұйым дизайнын; ұлттық тұрмыстық заттарды дайындау технологиясын; қазақстандық және әлемдік сәулет ескерткіштерін; макеттеуді; ішкі көрініс дизайнын; робототехника, көлік құралдарын модельдеуді қамтиды.

«Дизайн және технология» (қыз балалар) бөлімінің мазмұны төмендегі бөлімшелерді: негізгі тоқыма, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдарды; тоқыма материалдарын өңдеу құралдары мен жабдықтарын; тоқыма материалдарын әртүрлі тәсілдермен өңдеуді; тоқыма материалдарынан бұйым дизайнын; сән индустриясын, стиль және образ, ұлттық киім элементтерін дайындау технологиясын қамтиды.

«Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (ер балалар) төмендегі бөлімшелерді: тұрғын үйдің экологиясын; өсімдік шаруашылығы, сәндік өсімдіктер шаруашылығы, ландшафтты дизайн негіздерін; электр қуатының көздері туралы жалпы мәліметтерді, тұрмыстық техника және электр құралдарын қолдану мен жөндеуді; тұрмыстық жөндеу жұмыстарын, ішкі көріністі ұйымдастыру мен жоспарлауды қамтиды.

«Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (қыз балалар) төмендегі бөлімшелерді: жеке гигиенаны, тұрғын үй экологиясын; өсімдік шаруашылығы, сәндік өсімдіктер шаруашылығы, ландшафтты дизайн негіздерін; киім күтімі мен ұзақ мерзімді сақтауды қамтиды.

«Тамақтану мәдениеті» бөлімінің мазмұны төмендегі бөлімшелерді: дұрыс тамақтану негізін; дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелерін, дастарқанды жабдықтауды; тағам әзірлеу технологиясын; Әлем халықтарының тағамдарын қамтиды.

Жалпы негізгі білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, үй шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машықтарын иелену болып табылады.

Ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарларда ұсынылатын әрекет түрлері, «Өнер» білім саласы бойынша тақырыптар бейнелеу өнері мен көркем еңбек компоненттерінің мәнмәтінінде оқылатындай етіп құрылған.

Оқу жоспарының мазмұнына сызу және компьютерлік графика мен АКТ, сызулар құру үшін технологиялық құжаттарды орындау дағдыларын дамытумен байланысты оқу мақсаттарына жетуге бағытталған әрекет түрлері қосылған.

«Көркем еңбек» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Көркем еңбек» жарты жыл және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

«Көркем еңбек» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2019-2020 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

Назар аударыңыздар!

«Көркем еңбек» пәнінің оқу бағдарламасын бейнелеу өнері және технология пәндері бойынша дипломдарына қосымшасы бар бейнелеу өнері, еңбекке баулу және технология пәндерінің мұғалімі сабақ бере алатындай құрастырған. «Көркем еңбек» пәнін оқыту үшін арнайы диплом қажет емес екенін осы оқылатын пәндер тізімі куәландырады.

Бұл пәнді оқытуға аптасына 2 сағат берілгенін ескерсек, осы пәндерге жетекшілік жасайтын мұғалімдер сағаттарын жоғалтуы негізсіз болып табылады.

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Дене шынықтыру» білім саласы бойынша «Дене шынықтыру» пәні оқытылады.

«Дене шынықтыру» оқу пәні

5-9-сыныптарға арналған «Дене шынықтыру» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының басты мақсаты – ағзаның бүкіл жүйелерін дамыту, оқушылардың физикалық қасиеттерін және олармен байланысты қабілеттерін жетілдіру болып табылады.

Дене шынықтыру пәнінің жеке тұлғаны тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ол оқушының дене дамуына, әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептегі білім беру контексінде дене шынықтыру білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттайды.

Оқу бағдарламасы білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дене және психикалық денсаулығын нығайтуға уәждемесін (мотивация) арттыруға, білім алушылардың арнайы спорттық (спорттық-спецификалық) қимыл дағдыларын меңгеруіне және дене қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Оқу бағдарламасында дене шынықтыру мен спортты дамыту тарихы бойынша білімді қалыптастыру; негізгі физикалық қасиеттерді жетілдіру, арнайы спорттық біліктер мен дағдыларды дамыту; коммуникативтік дағдыларды дамыту, атап айтқанда, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты пайдалану, оны тиісті нысанда нақты ұсыну қабілеті; ойлау және зерттеу дағдыларын дамыту; адамгершілік-жігер, моральдық-ерік қасиеттерін қалыптастыру қарастырылған.

Оқу бағдарламасы оқу жылы ішінде бағдарлама бөлімдерін оқытудың бірізділігін анықтайтын ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Сағаттарды бөлу, сондай-ақ тақырыптарды оқу реті мұғалімнің қалауы бойынша өзгеруі мүмкін.

«Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;
2) 6-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;
3) 7-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;

4) 8-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;
5) 9-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Бұл бағдарламада мектепте дененің шынығуы мен адамгершілікке тәрбиелеудің кешенді жүйесін құрайтын дене шынықтырудың барлық негізгі нысандарының мазмұны қамтылған және бұл міндеттерді барлық оқу жылында біртіндеп шешуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның үшінші сағаты оқушылардың белсенділігін арттыруға (спорт және қозғалмалы ойындар санын кеңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған.

Негізгі мектептің 5-сыныбынан бастап дене шынықтыру сабақтары ер балалар және қыз балалар топтарына бөлу негізінде жүргізіледі. Дене шынықтыру пәні сабақтары гендерлік қағидат бойынша (қалалық жерлерде – әр топта 8 ұл (қыз) баладан кем емес, ауылдық жерлерде – 5 ұл (қыз) баладан кем емес болған жағдайда) өткізуде сыныпты екі топқа бөліп оқыту жүзеге асырылады.

«Дене шынықтыру» оқу пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1.«Қимыл-қозғалыс іс-әрекеттері» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды: түрлі арнайы спорттық қимыл-қозғалыс әрекеттерін орындау кезіндегі дәлдікті, бақылауды және үйлесімділікті дамыту; түрлі қимыл-қозғалыс комбинацияларын құру және оларды дене жаттығуларын орындауда қолдану реттілігі; арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыс дағдыларын және олардың орындалу ретін түрлендіру; қимыл-қозғалыс әрекеттерін орындауды жақсарту үшін өзінің және өзгелердің біліктіліктерін бағалау; бірқатар дене жаттығуларының тактикаларын, стратегиялары мен құрылымдық идеяларын қолдану және бағалау; қиындықты жеңе білу және қимыл-қозғалыс белсенділігімен байланысты қауіп-қатерлерге жауап қайтара білу.

2. «Шығармашылық қабілеттер және қимыл-қозғалыс дағдылары арқылы сыни көзқарасты қалыптастыру» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды: қимыл-қозғалыс әрекеттері арқылы өзгермелі жағдайға жауап қайтара білуге бейімделу; көшбасшылық, сондай-ақ, команда құрамында жұмыс істей білу дағдыларын дамыту және қолдану; қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыруға қажет бірқатар тиімді дағдыларды көрсету; дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер мен құрылымдық тәсілдерді бағалау; өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін сыни тұрғыдан бағалау және оны шешудің балама жолдарын ұсыну; жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін білу; жарыс кезінде таза ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету; түрлі қимыл-қозғалыстармен шарттастырылған рөлдерді орындау және олардың айырмашылықтарын сезіне білу.

3. «Денсаулық және салауатты өмір салты» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды: жеке бас денсаулығы және салауатты өмір салты туралы білімді

қалыптастыру; қыздырыну және қалпына келтіру жаттығуларын құру мен орындау; түрлі дене жаттығуларын іс жүзінде орындау, олардың ағзаға тигізетін әсері мен эенергетикалық жүйемен байланысын зерттеу; денсаулықты нығайтуға бағытталған бірқатар дене жүктемелері кезінде туындауы мүмкін қауіп-қатерді басқара білу стратегиясын құру және қолдану; басқалардың дене жаттығулары тәжірибесін байыту масқатында білім, біліктілік және дағдыларды қолдану.

Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсан, жарты жылының және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2019-2020 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

«Дене шынықтыру» пәні сабақтарын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Білім мазмұнын жаңарту аясында (5-9-сыныптарда) «Дене шынықтыру» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018.–89 б.» (Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 24 сәуірдің №5 хаттамасы)» әдістемелік ұсынымдама әзірлеп, академия сайтына орналастырылған (nao.kz).

5 10-11-СЫНЫПТАРДАҒЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

5.1 Жаңартылған білім мазмұндағы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен оқитын 10-сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері

«ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Технология және өнер» білім саласы бойынша келесі пәндер оқытылады: «Қазақ тілі», «Русский язык», «Қазақ әдебиеті», «Русская литература», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Русский язык и литература» «Шетел тілі».

«Қазақ тілі» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)

2019-2020 оқу жылында «Қазақ тілі» пәні бойынша 10-сынып жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасымен оқитын болады.

Тіл де, әдебиет те – ғасырлар бойы жасалған, ұлттың дүниетанымы мен ғылыми-философиялық ойлау жүйесін танытатын құндылықтар.

Дәл бүгінгі таңда жаһандану дәуірінің ұлттық құндылықтарға төндіріп тұрған қаупі үнемі қаперде болуы ескеріліп, бүкіл ұлттық құндылықтардың ұйтқысы қазақ тілін пән ретінде оқытудың басшылыққа алынған тенденциялары, оларды жүзеге асыру жолдары мен қағидалары мыналар:

1) Қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарау.

2) Тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау. Тілдік білім мен біліктерді XXI ғасыр адамының бойында сөйлеу мәдениетін, ойлау мәдениетін және кісілік мәдениетті қатар дамытуға, құзіреттіліктер қалыптастыруға бұру.

3) Тілді оқытуда жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға басымдық беру.

4) Қазақ тілін оқытуда білім мен ғылымның интеграциясын жүзеге асыру. Тілді ғаламның бір бөлшегі ретінде таныту. Қазақ тілі – мектепте оқытылатын барлық пәндердің, ғылымның кілті.

Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – танымның, ой мен сезімді білдірудің де құралы және ұлттық ділді сақтаудың кепілі, ұлттық сананы қалыптастырудың тетігі.

Білім мазмұнын ұйымдастырудағы ерекшеліктер:

10-сыныпта оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет

министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) бекітілген оқу бағдарламаларымен жүзеге асырылады:

- жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;
- жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған (https://www.nao.kz/Білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету/ Оқу бағдарламалары/ Жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары. Қазақ тілі).

Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілді және ұзақ мерзімді жоспарда әр сынып бойынша оқылатын шығармалар, тілдік дағдылар бойынша күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілді.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

- *жаратылыстану-математикалық бағытта:*

10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

- *қоғамдық-гуманитарлық бағытта:*

10-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Жалпы орта білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

«Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырады;

2) білім алушылардың қазақ тілін күнделікті өмірде өзі еркімен қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді оны тілдік заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;

3) қазақ тілі жүйесін құраушы кіші жүйелерді, тіл бірліктерін және олардың табиғатын танып біледі;

4) тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды білдіру, таным құралы болу, ақпаратты сақтау құралы болу қасиеттерін функционалдық-коммуникативтік бағдарда танып біледі, соған лайықты машықтар мен дағдыларды қалыптастырады;

5) «Қазақ тілі» пәні бағдарламасы білім алушының тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді.

«Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның қолданыстағы бағдарламадан ерекшелігі қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға

негізделген:

5) тыңдалым және айтылым;
6) оқылым;
7) жазылым;
8) әдеби тіл нормаларын сақтау.

«Тыңдалым және айтылым» бөлімі оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

«Оқылым» бойынша: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау, ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері), әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу, ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану, публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу, ресми іскағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде), мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу;

«Жазылым» бойынша: жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік), ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру, ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б. мәтіндер құрастыру, ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия және мәтіндер құрастыру, публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу, көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша), мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, эссе түрлерінің құрылымын сақтай отырып, көтерілген мәселе

бойынша өзіндік пікір жаза білу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу), әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу, жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

«Әдеби тіл нормалары» бойынша: орфографиялық нормаға сай жазу, сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу, сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу, сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша).

Оқу мақсаттарымен жұмыс жүргізу жолдары, мәтінді оқыту кезеңдері, күнделікті сабақ жоспарын құруда назар аударатын мәселелер әдістемелік нұсқау хаттың «5-9-сыныптарда жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері» тарауында берілген.

Бағдарламада әртүрлі оқыту сатыларында өмірлік маңызды міндеттерді шешу үшін қажетті дағды мен қабілеттерді бірізді және кезеңдік дамыту жүреді.

Ақпаратты талдау, жалпылау, жіктеу, сондай-ақ әртүрлі жанрда және стильдерде мәтіндер жазу, жеке, іскерлік хат жазысуды жүргізу, түйіндеме, мақала, аннотация, тезис құрастыру, берілген тақырып бойынша эссе жазу дағдылары мен қабілеттерін жетілдіру тілді оқуды ынталандыруға септігін тигізеді.

Сабақ жоспарын құрастыру барысында оқушылардың деңгейі мен қажеттілігіне сай әдеби тіл нормаларын қалыптастыруға назар аударған дұрыс. Тілдік бірліктер мен құрылымдарды, яғни грамматиканы оқыту коммуникативтік контекст негізінде жүзеге асырылуы керек. Яғни мұғалім тіл туралы білім қалыптастырудан гөрі тілдік қолданыс, грамматиканың функционалдығына назар аударуы тиіс.

«Қазақ тілі» пәні (жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар) бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 64-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

64-кесте. «Қазақ тілі» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып	2	2	2	2

Ескертпе: Тілдік пәндерде бөлім бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу

қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым).

«Русский язык» оқу пәні (оқыту орыс тілінде)

Учебный предмет «Русский язык» в образовательном процессе выполняет две функции: во-первых, является предметом изучения, во-вторых, средством изучения других предметов.

Целью обучения учебному предмету «Русский язык» является развитие творчески активной языковой личности путем совершенствования функциональной грамотности учащихся по всем видам речевой деятельности (слушание, говорение, чтение и письмо) на основе сформированных знаний о языке, с учетом норм употребления средств разных уровней и активизации их в продуктивной речевой деятельности в разных сферах общения.

Предметом обучения является современный русский литературный язык в его реальном функционировании в современных условиях полиэтнического и многоязычного Казахстана.

Учебная программа по предмету «Русский язык» направлена на:

- использование знаний о русском языке, соблюдение норм литературного языка (орфоэпических, орфографических, лексических и грамматических) и правил речевого этикета в устной и письменной речи в различных сферах и ситуациях общения;
- совершенствование навыков информационного поиска, извлечения и преобразования информации;
- обогащение словарного запаса и расширение круга используемых грамматических средств академического языка;
- совершенствование навыков критического мышления: анализа, синтеза, оценки, интерпретации полученной информации;
- использование различных видов чтения в зависимости от коммуникативных задач;
- совершенствование навыков слушания и говорения;
- совершенствование умений создавать монологическое высказывание в различных жанрах публичных выступлений, критически оценивать и выбирать языковые средства с точки зрения нормативности, в соответствии с ситуацией общения;
- совершенствование умений успешного диалогического общения, ведения дискуссии в разных сферах и коммуникативных ситуациях, предлагая пути решения проблемы;
- совершенствование стилистической грамотности при создании текстов разных жанров; формирование индивидуального авторского стиля; умение корректировать и редактировать текст; формирование индивидуального авторского стиля;
- расширение представлений о национально-культурной специфике русского языка, о культуре русского, казахского и других народов;
- воспитание сознательного отношения к языку как средству общения, источнику знаний, духовно-нравственной ценности, как к языковому капиталу,

способствующему успешной социализации в обществе.

Грамматический материал изучается в контексте речевых тем. Обучение языку осуществляется через интеграцию с другими предметами посредством изучения сквозных тем, использования текстов различных предметных областей, развития академического языка.

Особенностью обновленных учебных программ является новая структура учебных программ, включающая 4 раздела:

1) общие положения;
2) организация содержания учебного предмета «Русский язык»;
3) система целей обучения;
4) долгосрочный план.

Цели обучения позволяют учителю системно планировать работу по развитию четырех видов речевой деятельности (слушание, говорение, чтение, письмо), а также оценивать достижения учащихся, информировать их о следующих этапах обучения.

Содержание учебного предмета включает четыре раздела: слушание и говорение; чтение; письмо; соблюдение речевых норм.

Необходимым условием эффективности процесса обучения в школе, как и всякой сознательной и целенаправленной деятельности, если она представляется сложной и продолжительной, является планирование. Оно заключается в обоснованном предвидении процесса и результата деятельности на основе проекта действий, предусматривающих перечень предстоящих заданий, выполняемых в установленные сроки, методов и средств реализации этих заданий, способов контроля и оценки полученных результатов.

Важным принципом учебной программы по русскому языку является спиральное обучение. Спиральный принцип положен в основу определения результатов обучения. Так, наблюдается наращивание рече-коммуникативных навыков (аудирование (слушание), говорение, чтение и письмо) из класса в класс.

Ключевые особенности спиральной программы:

– учащийся пересматривает тему несколько раз в течение обучения в школе;

– сложность темы возрастает с каждым повторением;

– новое обучение имеет отношение к предыдущему обучению и рассматривается в контексте с предыдущей информацией.

Преимущества принципа спиральности:

– информация повторяется и запоминается каждый раз, когда учащийся повторяет тему;

– учебная программа позволяет осуществлять логический переход от упрощенных идей до сложных;

– учащиеся могут применять знания при формировании последующих целей урока.

Учебная программа предполагает повторное рассмотрение знаний и понятий по мере перехода учащихся из класса в класс. Цели обучения определены по разделам и подразделам для отслеживания прогресса обучения.

К учебной программе прилагаются учебные планы, состоящие из долгосрочного, среднесрочного и краткосрочных планов на класс. В отличие от учебной программы учебные планы носят рекомендательный характер, поэтому учитель может адаптировать виды деятельности и подобрать свои альтернативные ресурсы, которые соответствуют интересам, уровню, потребностям и возрастным особенностям учащихся.

Между долгосрочными, среднесрочными и краткосрочными планами существует очень тесная взаимосвязь. Планирование предполагает выбор средств и способов достижения целей педагогического процесса, последовательность действий в осуществлении намеченного, сроков выполнения. Планирование призвано обеспечить заинтересованность всех участников педагогического процесса и учет результатов деятельности.

В долгосрочном плане отражаются темы обучения на один учебный год. Распределение часов внутри разделов можно варьировать по усмотрению учителя.

Перечисленные цели обучения по классам в виде ожидаемых результатов (рече-коммуникативных навыков) организованы последовательно внутри каждого класса по четвертям, что позволяет учителям планировать свою работу и оценивать достижения учащихся, а также информировать их о следующих этапах обучения. Все это отражается в среднесрочных планах.

В среднесрочных планах формулируют основные задачи на установленный период. В нем отражаются темы обучения на каждую четверть или раздел. Распределение часов внутри разделов можно варьировать по усмотрению учителя.

В среднесрочных планах на основе системы целей и подходов к обучению даются рекомендации для учителя по проведению занятий по темам и разделам, организации деятельности учащихся на уроках, а также ресурсы (интернет, тексты, упражнения, видео- и аудиоматериалы и др.)

Краткосрочные планы включают конкретные методические рекомендации к планированию содержания уроков по предмету. Иначе говоря, краткосрочное планирование включает конкретные способы использования ресурсов, необходимых для достижения целей, определенных в среднесрочных и долгосрочных планах. Краткосрочный план, или план урока, составляется учителем самостоятельно. Следует обратить внимание на дифференцированный подход в обучении и учитывать индивидуальные особенности учащихся. Для этого учителю необходимо тщательно отбирать учебный материал и подбирать соответствующие виды деятельности. После каждого урока учитель в соответствующей колонке краткосрочного плана отражает результаты анализа своего урока, представляет рефлексию: «что удалось», «что не совсем удалось и можно улучшить», «на что обратить особое внимание» и др.

Существует много моментов, которые необходимо учитывать при планировании уроков русского языка. Учителю необходимо определить способы активизации мыслительной деятельности учащихся, этапы уроков,поддерживать мотивацию в обучении и развивать языковые навыки.

На уроке русского языка учителю рекомендуется:

– создавать позитивную атмосферу обучения, вовлекать в деятельность всех учащихся;

– воспитывать у учащихся уверенность, ответственность, активность и направлять на самоанализ, рефлексию и инновационную деятельность;

– использовать эффективные методы преподавания, направленные на развитие навыков учащихся;

– организовывать, управлять и планировать групповую (фронтальную или работу в малых группах), индивидуальную, парную или коллективную формы работы, эффективно использовать материалы, ресурсы и дополнительные материалы для проведения запланированных уроков согласно установленным целям;

– наблюдать за учащимися и предоставлять обратную связь.

Краткосрочный план – это предложенные действия на основе целей обучения. При составлении краткосрочного плана учитель может руководствоваться следующими рекомендациями:

– при организации урока необходимо руководствоваться целями, указанными в учебной программе и в учебном плане;

– следует детализировать формулирование целей урока, то есть ставить конкретные, измеримые, достижимые цели;

– на уроке должны быть организованы все виды деятельности;

– при необходимости следует дополнить виды деятельности по усмотрению самого учителя.

При планировании краткосрочного плана урока следует четко определить, каковы цели данного урока. Например, одна из целей обучения в 10-м классе звучит следующим образом: *излагать содержание прослушанного, прочитанного и аудиовизуального материала в виде развернутых и сжатых планов, полного или сжатого пересказа, тезисов, резюме, конспектов.* Эта цель обучения является основой для нескольких уроков, каждый из которых имеет разные задачи.

Учащиеся играют в «информационный обмен». Работая в парах, один из учащихся в течение 60 секунд обобщает всю информацию, которую узнал по данной теме. Партнер пары обобщает то, что они услышали в течение 50 секунд. Учащиеся продолжают меняться и обобщать то, что они услышали, со временем уменьшая время на 10 секунд каждый раз. Учащиеся анализируют информацию, которая передается в 10 секунд, и решают, какую представить информацию. Учитель может облегчить эту рефлексию и составить список ключевых моментов обучения на доске.

Рекомендуется также отражать некоторые моменты, которые следует учитывать при использовании различных заданий:

1. Рекомендуется планировать *множество различных заданий* в рамках одного урока. На одном уроке необходимо включить четыре, пять или более различных заданий.

2. Рекомендуется также обращать внимание на то, что каждое задание следует за предыдущим, и постоянно напоминать учащимся о главных учебных

целях. Повторяйте задание по-разному. Например, сделать задание в устной форме, а затем попросить учащихся сделать ту же самую задачу в письменной форме. Это помогает учащимся понять задачу, приводит к плавному переходу, укрепляет предыдущее обучение и позволяет учащимся практиковать более одного навыка.

3. Рекомендуется включать индивидуальные, парные, групповые задания в деятельность всего класса.

При планировании уроков рассматриваются такие вопросы, как: *Какова цель урока? Поддерживает ли каждая часть урока достижения учащимися этой цели? Насколько план урока является гибким? Какую обратную связь от учащихся Вы планируете услышать? Как включить, записать и обсудить этот вопрос?* и др.

Рекомендации по плану урока:

– пишите четко сформулированные и подходящие цели урока;

– включите детали различных компонентов плана урока;

– предоставьте подробную информацию о стадиях учебной деятельности и способах достижения задач обучения, которые логически упорядочены и алгоритмированы для выполнения учащимися;

– определите соответствующие стратегии для разработки целевых знаний и навыков, предусмотрите проблемы и предложите решения, касающиеся необходимых навыков;

– спланируйте использование соответствующих материалов и ресурсов.

В план рекомендуется включить примерные задания для класса:

– учащиеся практикуют ролевые игры;

– «стратегия Джигсо»: учащиеся собирают воедино части информации;

– представление ситуации для мозгового штурма и решения;

– сбор информации: учащиеся собирают информацию и представляют ее классу;

– обмен мнениями;

– завершение задач: головоломки, игры, чтение;

– проектные работы;

– сбор информации: опросы, интервью, поиски;

– передача информации: учащиеся получают информацию, интерпретируют в одной форме, но представляют в другой форме.

Объем учебной нагрузки по учебному предмету «Русский язык» в 10 классе ОГН составляет 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году; ЕМН – 1 час в неделю, 34 часа в учебном году.

Таблица 65. Количество суммативных оцениваний по предмету «Русский язык»

Класс	Количество суммативных оцениваний за раздел/сквозную тему			
	1 четверть	2 четверть	3 четверть	4 четверть
10 класс	2	2	2	2

«Қазақ әдебиеті» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)

2019-2020 оқу жылында 10-11-сыныптар «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаларымен оқитын болады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған (https://www.nao.kz/Білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету/ Оқу бағдарламалары/ Жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары. Қазақ әдебиеті).

Білім мазмұнын ұйымдастырудағы ерекшеліктер:

10-сыныпта оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларымен жүзеге асырылады:

- жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;
- жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілді және ұзақ мерзімді жоспарда әр сынып бойынша оқылатын шығармалар, тілдік дағдылар бойынша күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілді.

Қазақ әдебиеті бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) «Қазақ әдебиеті» бағдарламасы білім алушылардың сауаттылығын, олардың әдеби және эстетикалық талғамдары мен сезімдерін дамыту, ойлау қабілеттері мен танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында құрастырылған;

2) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

3) қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, мәселелерін, қарама-қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

4) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау

дағдыларын қалыптастырады;

5) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

- *жаратылыстану-математикалық бағытта:*

10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

- *қоғамдық-гуманитарлық бағытта:*

10-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

«Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ. Сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімшелері пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

1) түсіну және жауап беру: әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну, әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау, көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы мәселелермен байланыстыру, шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау, шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы, шығармадағы автор стилі мен көркемдегіш құралдардың қызметін ашу, көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс жазу, әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру, шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу, шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында Блумның толық меңгерту теориясы басшылыққа алынып, көркем шығарманы толық оқыту қағидаты сақталғандықтан көркем шығарма аз берілген. XXI ғасырдың жаңа адамының талғамын қанағаттандырып, толғандырар сұрақтарына жауап бере алатын толыққанды әдеби шығармалар енгізілген. Бұл ерекшеліктер оқушылардың шығармадағы автордың идеясын толық түсінуге, оны жан-жақты талдай алу қабілетін дамытуға және оқырмандық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Қазақ әдебиеті» пәні (жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар) бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 66-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

66-кесте. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып	2	2	2	2

Әдістемелік бірлестік отырыстарында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру үшін *(әдістемелік бірлестік, жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі, шығармашылық топ және т.б.)* пәнді оқыту әдістемесі мен теориясының келесі мәселелерін қарау ұсынылады:

1. Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде сабақты жоспарлау мен критериалды бағалау;
2. Тиімді сабақ. Жоспарлау. Бақылау.
3. Рефлексия – мұғалімнің кәсіби дамуының негізі;
4. Оқу мақсаттарынан сабақ мақсаттарына шығу жолдары;
5. Қалыптастырушы бағалау – бағалаудың тиімді тәсілі;
6. Тыңдалым дағдысын қалыптастыруда кездесетін қиындықтар және оны шешу жолдары;
7. Тыңдалым дағдысын қалыптастыратын белсенді әдістер;
8. ҚМЖ құрудың тиімділігі мен артықшылығы;
9. Lesson Study жүргізу жолдары және күтілетін нәтижелер;
10. Тыңдалым материалдарын пайдаланудың тиімді жолдары;
11. Грамматикалық тақырыптарды лексикалық тақырыптармен сабақтастырудағы шеберлік;
12. Сабақта саралап оқытуды жүзеге асыру;
13. «Эссе жазу стратегиясы туралы»;
14. Білім беруде қолданылатын сандық технологиялардың тиімділігі.

Негізгі білім беру деңгейіне арналған «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары бойынша құрылған жаңа білім мазмұны мұғалімді де, оқушыны да оқу әрекетіне белсенді қатысуға, өз пікірін айтуға, өзінің сөйлеген сөзіне дәлел келтіруге, кейіпкерлер арқылы өмірлік ситуацияларды шешу жолдарын ізденуге, ең бастысы жаңаша ойлайтын тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2019-2020 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударуды ұсынамыз:

2019 жылғы 9 шілде – қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі, жазушы, публицист, драматург Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 130 жыл (1889 - 1931);

15 қазан – қазақ балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 95 жыл (1924-1991);

15 қазан – қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ақын, жазушы, мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл (1894-

1939);

22 қазан – Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан тұлға Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 95 жыл (1924);

15 қараша – қазақтың көрнекті жазушысы, драматург Бейімбет Майлиннің туғанына – 125 жыл (1894-1938)

25 желтоқсан – халық жазушысы, қазақ ақыны, журналист, Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты Фариза Оңғарсынованың дүниеге келгеніне 80 жыл (1939 - 2014);

2020 жылғы 10 тамыз – қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, ойшыл, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлының туғанына *175 жыл (*1845 - 1904).

2020 жылы қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын жоғары ұйымдастырушылық және мазмұндық деңгейде мерекелеуді қамтамасыз ету мақсатында 2019 жылғы 30 мамырда «Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы жарық көрді. Қаулыда 2020 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізу, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын Біріккен Ұлттардың Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) мен Халықаралық түркі мәдениеті ұйымы (ТҮРКСОЙ) аясында мерекелеуді ұйымдастыру жөнінде тапсырмалар берілген.

5 қазан – ақын, жауынгер, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, КСРО және ҚазКСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту», II дәрежелі «Отан соғысы», «Құрмет Белгісі» ордендері мен бірқатар медальдардың иегері Жұбан Молдағалиевтың туғанына 100 жыл (1920 - 1988).

Мектепте сыныптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жүзеге асады:

- базалық кәсіпорындарда, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда;

- таңдауы бойынша еркін сабақтар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;

- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабақтар өткізу;

- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабақтарын жүргізу және т.б.

Сыныптан тыс жұмыстар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, алған білімдерін тереңдетіп, өздігінен іздене білуге үйретеді. Сонымен қатар теориялық білімін кеңейтіп толықтырады және білім алушылардың жеке қабілетін дамыта түседі.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен оқушылардың оқырмандық қабілетін, сөйлеу тілін дамыту мақсатында оқу бағдарламасына қосымша жазғы демалыс кезінде оқитын көркем шығармалардың тізімі ұсынылды.

Көркем шығармалардың тізімі оқушылардың жас ерекшелігі мен келесі

сыныпта оқылатын және оқулықта үзіндісі ғана берілетін шығармалар ескеріліп жасалды. Жаңа оқу жылының басында жазда оқыған шығармалары бойынша «Оқушы күнделігі», «Мен оқыған кітап» және т.б. тақырыптарда көрме өткізуге болады. Көрмеге әр оқушы өзі оқыған туынды бойынша шығармашылық жұмысын ұсынады. Жұмыс фотоколлаж, эссе, жарнама, сурет т.с.с. түрде жасалуы мүмкін. Оқушылардың жұмысын арнайы сарапшылар талдап, қорытындысын шығарады.

«Оқырман күнделігі» тақырыбындағы іс-шарада оқушы оқыған шығарманың мазмұнын:

- сұрақ қою;
- тірек сөздерді жазу;
- оқиғаның түйінін жазу;
- оқиғаны суретке түсіру түрінде дәптерге түсіреді.

Шығармалар тізімі төмендегі 67-кестеде берілген:

67-кесте. «Қазақ әдебиеті» пәнінен ұсынылатын көркем шығармалардың тізімі

10-сынып (жаратылыстану-математикалық бағыт)
1) О.Бөкей «Апамның астауы», «Кербұғы»; 2) Б.Мұқай «Өмірзая» романы; 4) М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы 1, 2-том; 5) Қ.Мырзалиев «Қызыл кітап» поэмасы; 6) Ғ.Мүсірепов «Шұғыла» әңгімесі; 8) С.Мұқанов «Балуан шолақ», «Аққан жұлдыз».
10-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт)
1) Ә. Кекілбаев «Аңыздың ақыры» повесі; 2) М.Мағауин «Шақан - шері» романы; 3) С.Жүнісов «Аманай мен Заманай»; 4) М.Әуезов «Қилы заман» повесі; 5) Б.Майлин «Күлпаш» әңгімесі; 6) М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы; 7) М. Райымбекұлы «Көшбасшы» поэмасы; 8) Ш.Айтматов «Жанпида», «Боранды бекет»; 9) Қ.Жұмаділов «Жағымпаздың ажалы», «Дарабоз»; 10) І. Есенберлин «Қаһар» романы.

«Русская литература» оқу пәні (оқыту орыс тілінде)

Учебный предмет «Русская литература» занимает важное место в системе образования Казахстана. Наряду с другими дисциплинами общественно-гуманитарного цикла, литература в яркой и образной форме при помощи специфических средств раскрывает проблему человека и его места в мире. Через постижение произведений русской, казахской и мировой классики, содержащей в себе опыт духовного развития разных эпох,

происходит становление внутреннего мира учащегося, приобщение его к общечеловеческим и национальным ценностям. Этот опыт способствует воспитанию гражданских и патриотических чувств личности, что является необходимым условием развития современного общества.

Целью обучения учебному предмету **«Русская литература»** является способность формированию духовных ценностей человека, готового к саморазвитию и самосовершенствованию, воспитывая компетентного, критически мыслящего читателя, способного анализировать идейно-художественное содержание, учитывая социально-исторический и духовно-эстетический аспекты произведения.

Учебный предмет «Русская литература» обладает огромным воспитательным потенциалом, дающим возможность не только развивать интеллектуальные способности учащихся, но и формировать ценностные ориентиры, которые позволяют воспринимать проблематику произведений русской, казахской и мировой классики.

Задачи обучения учебному предмету «Русская литература»:

1) формировать знания, умения и навыки, способствующие успешной социальной адаптации, на основе русской литературы, рассматривая ее взаимосвязи с казахской и мировой литературой и культурой;

2) воспитывать патриотизм, гражданственность, активную жизненную позицию на основе общенациональной идеи «Мәңгілік Ел» средствами художественной литературы;

3) формировать понимание ценности литературы как духовного наследия в условиях глобализации современного мира;

4) совершенствовать навыки критического анализа, сравнения, обобщения, умения устанавливать аналогии и причинно-следственные связи, классифицировать явления, строить логические и критические рассуждения**,** умозаключения и выводы на основе анализа произведений;

5) формировать духовную и интеллектуальную потребность читать**,** совершенствовать навыки критического чтения и интерпретации текста, развивая творческие способности каждого обучающегося;

6) развивать коммуникативные навыки на основе глубокого понимания, анализа идейно-художественного, социально-исторического и духовно-эстетического аспектов произведений различных жанров;

7) совершенствовать навыки оценивания содержания произведения, литературно-критических статей в устной или письменной форме, проявляя компетентность в области исследовательской культуры;

8) совершенствовать способности контекстного рассмотрения литературных явлений, умения сопоставлять литературные факты, проводить аналогии, выстраивать литературные параллели.

Содержание учебного предмета «Русская литература» направлено на воспитание духовно развитой личности, испытывающей потребность в саморазвитии, расширении культурного кругозора; формирование гуманистического мировоззрения, базирующегося на понимании ценности человеческой личности; формирование основ гражданского самосознания,

ответственности за происходящее в обществе и мире, активной жизненной позиции; воспитание уважения к истории и традициям разных народов.

Базовое содержание учебного предмета «Русская литература» составляют 3 раздела:

1) Понимание и ответы по тексту.
2) Анализ и интерпретация текста.
3) Оценка и сравнительный анализ.

В раздел «Понимание и ответы по тексту» включены подразделы: понимание терминов; понимание художественного произведения; чтение наизусть и цитирование; составление плана; пересказ; ответы на вопросы.

Раздел «Анализ и интерпретация текста» состоит из подразделов: жанр; тема и идея; композиция; анализ эпизодов; характеристика героев; художественный мир произведения в разных формах представления; отношение автора; литературные приемы и изобразительные средства; творческое письмо.

В раздел «Оценка и сравнительный анализ» включены подразделы: оценивание художественного произведения; сравнение художественного произведения с произведениями других видов искусства; сопоставление произведений литературы; оценивание высказываний.

Учебный предмет «Русская литература» формирует представление о художественной литературе как способе познания жизни, художественной модели мира, выраженной в образах и эмоционально воздействующей на человека.

Рекомендуется использование различных стратегий обучения:

– выслушивание мнения каждого учащегося и признание важности использования уже имеющихся знаний с целью их развития;

– стимулирующее и развивающее обучение с помощью тщательно подобранных заданий и видов деятельности;

– моделирование стратегий решения проблем на примерах, понятных учащимся;

– поддержка обучения учащихся посредством «оценивания для обучения»;

– поощрение исследовательской деятельности и активного обучения, основанного на исследованиях;

– развитие у учащихся навыков критического мышления;

– осуществление дифференцированного подхода в обучении;

– организация индивидуальной, групповой деятельности учащихся и работы всего класса.

Изучение предмета «Русская литература» нацелено на достижение метапредметных результатов: происходит формирование умений понимать проблему, выдвигать гипотезу, структурировать материал, подбирать аргументы для подтверждения собственной позиции, выделять причинно-следственные связи в устных и письменных высказываниях, формулировать выводы; самостоятельно организовывать собственную деятельность, оценивать ее, определять сферу интересов; работать с разными источниками

информации, находить ее, анализировать, использовать в самостоятельной деятельности.

При изучении учебного предмета «Русская литература» идет дальнейшее формирование коммуникативной компетенции учащихся. Обучающиеся используют приобретенные коммуникативные навыки в практической деятельности для создания творческого текста (письменного и устного) на заданную тему, для участия в диалоге и дискуссии.

Рекомендуется использовать следующие подходы в обучении русской литературе:

– самостоятельный поиск путей решения поставленной перед учащимися проблемной ситуации;

– самостоятельное изучение текстов, обсуждение в группе (аргументация, доказательства или опровержение информации), представление классу;

– взаимообучение учащихся (внутри класса и между классами);

– практическая, творческая деятельность (создание различных видов творческих работ);

– выполнение заданий, требующих поиска и использования дополнительного материала;

– исследовательский подход (что я знаю?, что хочу узнать?, чему научился?);

– игровая деятельность;

– создание творческой работы для устранения разрыва между теорией и практикой;

– сбалансированное сочетание традиционных и новых методов обучения;

– создание условий, побуждающих учащихся к самооценке и саморазвитию, в соответствии с индивидуальными потребностями (акцент делается на сам процесс, а не на объем специфических знаний);

– систематический мониторинг знаний учащихся.

Объем учебной нагрузки по учебному предмету «Русская литература» в 10 классе ОГН составляет 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году; ЕМН – 2 час в неделю, 68 часов в учебном году.

Ниже в таблице 68 приведено количество суммативного оценивания за раздел/сквозную тему.

Таблица 68. Количество суммативных оцениваний по учебному предмету «Русская литература»

Класс	Количество суммативных оцениваний за раздел/сквозную тему			
	1 четверть	2 четверть	3 четверть	4 четверть
10 класс	1	1	1	1

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде емес)

10 - сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен (оқыту орыс тілінде) жүзеге асырылады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілді және ұзақ мерзімді жоспарда әр сынып бойынша қамтылатын шығармалар, сағат саны, оқу мақсаттары нақты көрсетілген.

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

6) 10-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат.

2. Орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті» деңгейлерін (В2) негізге ала отырып, айқындалған.

3. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу мазмұны 5 бөлімге бөлінеді. Бөлімдерді бөлімшелер құрайды, олар сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттарынан тұрады.

4. Оқыту мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын(тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді.

5. Оқыту пәнінің мазмұнын 5 бөлім құрайды:

1) тыңдалым;

2) айтылым;

3) оқылым;

4) жазылым;

5) тілдік бағдар.

6.«Тыңдалым»бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) болжау;

2) назарын шоғырландырып тыңдау;

3) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;

4) көркем шығармаларды тыңдау;

5) негізгі ойды анықтау;

6) тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.

7. «Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мәтіндегі ақпаратты анықтау;

2) стильдік ерекшеліктерді анықтау;

3) көркем шығармаларды оқу;

4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;

5) қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу;

6) өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау.

8. «Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру;

2) эссе жазу;

3) көркемдегіш құралдарды қолданып жазу;

4) мәліметтерді жинақтау;

5) орфография және пунктуация.

9. «Айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) сөздік қорының алуандығы;

2) сөз мәнері мен сөйлеу этикеті;

3) орфоэпиялық нормаларды сақтау;

4) мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау;

5) сенімді және еркін жауап беру;

6) визуалды материалдар арқылы тілді дамыту.

10. «Тілдік бағдар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) сөз таптары;

2) сөйлем.

(https://www.nao.kz /Білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету/ Оқу бағдарламалары./Негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары «Казахский язык» для школ с русским/ узбекским/ уйгурским/ таджикским языком обучени)

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

69-кесте. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып	2	2	2	2

Оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын, шығармашылық қабілетін, қазақ әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру мақсатында төмендегідей әдебиеттер тізімі ұсынылады.

М. Дулатов. «Бақытсыз Жамал»

Сәбит Мұқанов «Ботагөз»

І. Есенберлин. «Көшпенділер» трилогиясы

Ж. Аймауытов. «Ақбілек»

Ғ. Мұстафин. «Шығанақ»

Т. Ахтанов. «Шырағың сөнбесін»

О. Бөкейхан. «Тортай мінген ақбоз ат»

Қ. Жұмаділов. «Соңғы көш»

Т. Ахтанов. «Шырағың сөнбесін»

Ә. Нұршайықов. «Махаббат, қызық мол жылдар»

«Орыс тілі мен әдебиеті» оқу пәні (оқыту орыс тілінде емес)

Целью обучения учебному предмету «Русский язык и литература»

является совершенствование навыков речевой деятельности, основанных на владении системой разноуровневых языковых средств, соблюдении правил и норм русского литературного языка, правил речевого этикета, что способствует развитию функциональной грамотности обучающихся.

Программа по предмету «Русский язык и литература» способствует становлению мировоззрения учащегося, дает возможность пользоваться информацией различных сфер: социально-культурной, социально-экономической, социально-юридической, научно-технической, учебно-профессиональной; помогает ориентироваться в общемировом образовательном пространстве.

Учебная программа направлена на развитие всех видов речевой деятельности.

Задачами учебного предмета «Русский язык и литература» являются:

1) развитие навыков слушания, говорения, чтения, письма, необходимых для общения в социально-культурной, социально-экономической, научно-технической, учебно-профессиональной сферах жизни;

2) совершенствование знаний о единицах языковой системы, правилах их сочетания, функционирования, навыках и умениях конструирования синтаксических структур в соответствии с нормами и правилами русского языка, а также знание теоретико-литературных понятий;

3) развитие умения анализировать художественный текст, определять род и жанр литературного произведения, характеризовать роль изобразительно-выразительных средств, формулировать идею и проблематику произведения;

4) развитие умения выражать собственное отношение к прочитанному, выявлять авторскую позицию;

5) совершенствование навыков создания связного текста (устного и письменного) на соответствующую тему с учетом норм русского литературного языка;

6) совершенствование умений и навыков, связанных с поиском, переработкой и фиксацией информации;

7) совершенствование навыков критического мышления, направленных на формирование у учащихся навыков на основе чтения и письма, исследовательских умений, навыков анализа, синтеза, оценки, интерпретации информации, полученной на других предметах;

8) использование различных видов чтения в соответствии с коммуникативными задачами;

9) обогащение словарного запаса обучающихся узкоспециальной лексикой и фразеологией русского языка;

10) совершенствование навыков использования информационно-коммуникационных и компьютерных технологий;

11) формирование толерантного отношения к языкам и культурам различных этносов, проживающих в Казахстане и за рубежом.

Грамматический материал изучается в контексте лексических тем на основе текстов художественных произведений.

Содержание учебной программы организовано по разделам обучения,

включающим виды речевой деятельности и использование языковых единиц.

Разделы разбиты на подразделы, которые содержат в себе цели обучения по классам в виде ожидаемых результатов по классам.

Цели обучения, организованные последовательно внутри каждого подраздела, позволяют планировать работу и оценивать достижения учащихся, а также информировать их о следующих этапах обучения.

В структуру учебной программы включен долгосрочный план, в котором отражены темы изучаемых разделов, цели обучения, изучаемые произведения художественной литературы на учебный год.

Цели обучения в учебной программе направлены на изучение темы урока, содержание и выработку навыков, которые учащиеся должны освоить на конкретном уроке.

Цели обучения содержатся в учебной программе, учебных планах. Учебная программа по предмету содержит цели обучения.

Краткосрочный план – это предложенные действия на основе целей обучения. При составлении краткосрочного плана учитель может руководствоваться следующими рекомендациями:

- при организации урока необходимо руководствоваться целями, указанными в учебной программе и в учебном плане;
- следует детализировать формулирование целей урока, то есть ставить конкретные, измеримые, достижимые цели;
- на уроке должны быть организованы все виды деятельности;
- при необходимости следует дополнить виды деятельности по усмотрению самого учителя.

В план урока следует включить следующие пункты:

- пишите четко сформулированные и подходящие цели урока;
- включите детали различных компонентов плана урока;
- предоставьте подробную информацию о стадиях учебной деятельности и достижения задач обучения, которые логически упорядочены и алгоритмированы для выполнения учащимися;
- определите соответствующие стратегии для разработки целевых знаний и навыков, предусмотрите проблемы и предложите решения, касающиеся необходимых навыков;
- спланируйте использование соответствующих материалов и ресурсов.

Наиболее эффективными в повышении успешности учащихся являются следующие стратегии:

- активное обучение (когда учащиеся выполняют задания и реализуют практические навыки);
- обратная связь (дискуссия об обучении, включающая в себя предоставление личного мнения, которая может происходить либо между сверстниками, либо между учителем и учащимся);
- укрепление уверенности (использование похвалы для мотивации и придания уверенности учащемуся);
- качество обучения (планирование дифференцированных заданий).

При изучении учебного предмета «Русский язык и литература» рекомендуется:

- создавать позитивную атмосферу обучения, вовлекать всех учащихся;
- воспитывать у учащихся уверенность, ответственность, активность и направлять на самоанализ, рефлексию и инновационную деятельность;
- использовать эффективные методы преподавания, направленные на развитие навыков учащихся;
- организовывать, управлять и планировать групповую (фронтальную или работу в малых группах), индивидуальную, парную или коллективную формы работы, эффективно использовать материалы, ресурсы и дополнительные материалы для проведения запланированных уроков, согласно установленным целям;
- использовать простой, понятный язык для объяснения учащимся идей, для инструктирования, в разъяснении значений слов;
- наблюдать за учащимися и предоставлять обратную связь.

В обучении русскому языку как второму рекомендуется исследовать методы активного чтения и письма, что в дальнейшем сформирует эффективные навыки говорения и аудирования.

Некоторые моменты, которые следует учитывать при использовании различных заданий:

- рекомендуется планировать множество различных заданий в рамках одного урока. На одном уроке необходимо включить четыре, пять или более различных заданий. Предусмотреть работу в коротких промежутках времени, например, 10 минут. Время, за которое учащиеся могут сосредоточить свое внимание, часто довольно короткое;
- обращать внимание, что каждое задание следует за предыдущим, и постоянно напоминать учащимся о главных учебных целях. Повторяйте задание по-разному. Например, сделать задание в устной форме, а затем попросить класс сделать ту же самую задачу в письменной форме. Это помогает учащимся понять задачу, приводит к плавному переходу, укрепляет предыдущее обучение и позволяет учащимся практиковать более одного навыка;
- включать индивидуальные, парные, групповые задания в деятельность всего класса.

Объем учебной нагрузки по учебному предмету «Русский язык и литература» в 10 классе составляет – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году.

При оценке языковых компетенций необходимо учитывать следующее:

1.Языковые ошибки учащихся следует отмечать и обращать их внимание на совершенные ошибки доступным для них способом, однако ошибки не могут повлиять на оценку, если ученик может доступно продемонстрировать свои знания. Главная задача ученика передать свое сообщение, грамматика при этом может страдать. Постепенно самовыражение становится более точным и корректным.

2.Ученики, отвечая на вопросы, могут использовать и первый язык. Поскольку вначале ограниченный словарный запас и знание целевого языка

могут стать препятствием при высказываниях и ответах, то на первой стадии обучения это (по крайней мере, частично) разрешается. При этом следует договориться, в какой момент все ученики перейдут на ответы на неродном (целевом) языке и, начиная с того момента, применение первого языка становится скорее исключением.

3.Как правило, в устной речи учитель исправляет возникшую ошибку с помощью перефразирования, повторения правильной формы от ученика не требуется, потому что это может прервать выражаемую мысль, а также ученик может потерять уверенность в выражении мыслей на неродном языке.

4.Если одна и та же ошибка повторяется вновь, в конце объяснения соответствующей темы учитель приводит примеры правильных форм и при необходимости делает ударение на грамматике. Помимо этого, либо педагог, либо класс в целом, в виде совместной деятельности, могут привести некоторые соответствующие теме примеры выражений, имеющие то же самое лингвистическое содержание.

5.При проверке письменных работ языковые ошибки также не учитываются (если выраженная мысль или текст понятны), но педагог указывает это в своих комментариях.

6.На встрече учителя-предметника с учителем языка передается проблемный языковой материал, чтобы учитель языка мог повторить тему на следующем уроке.

Ниже в таблице 70 дано количество суммативного оценивания за раздел/сквозную тему.

Таблица 70. Количество суммативных оцениваний по предмету «Русский язык и литература»

Класс	Количество суммативных оцениваний за раздел/сквозную тему			
	1 четверть	2 четверть	3 четверть	4 четверть
10 класс	1	1	1	1

«Шетел тілі» оқу пәні

Сөйлеу қызметінің түрлері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым), оқытылатын тілдің мәдениетаралық функциялары, тілдік жүйе (фонетика, лексика, грамматика) «Шетел тілі» оқу пәнінің объектілері болып табылады.

2019-2020 оқу жылында 10 сыныптар жаңартылған білім беру мазмұнының келесі Үлгілік оқу бағдарламалары бойынша оқиды:

- Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Ағылшын тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;
- Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Ағылшын тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;
- Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Француз тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу

бағдарламасы;

- Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Неміс тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

Жалпы орта білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушылар «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша В2 деңгейіне, «Француз тілі» және «Неміс тілі» оқу пәндері бойынша В1 деңгейіне жетуі тиіс.

Шетел тілін В1 және В2 сияқты жоғары деңгейлерде оқыту кезінде оқытылатын тілдің сөйлеу нормаларын, өзге тілді ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруге; білім алушыларды өз бетімен білім алуға дайындауға, сондай-ақ өзге тілді қарым-қатынастың жеке тәжірибесін меңгеруге; мәдениетаралық коммуникация процесінде талап етілетін жеке тұлғаның дамуына ерекше көңіл бөлінеді.

Шетел тілін оқытудың жоғары деңгейлерінде білім беру мазмұнын іріктеу білім алушылардың мәдениетаралық диалогқа, өзара түсіністікке дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз етуі, оларда өзге мәдениеттерге құрметпен қарауды тәрбиелеуі, өзге тілді қарым-қатынас процесінде өз ойлары мен сезімдерін білдіру қабілетін дамытуы тиіс.

Оқу бағдарламасы, бөлімдері оқу жылында меңгерілетін және мұғалім тоқсанда өтетін тақырыптардың реті мен сағатын еркін бөліп қоя алатын, ***ұзақ мерзімді жоспарға*** сәйкес іске асырылады.

Шетел тілі бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

10-сыныптарда – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Қосымша оқу уақыты:

- шет тілді коммуникативтік іс-әрекет тәжірибесін кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік беретін күрделі коммуникативтік тапсырмаларды шешу арқылы білім алушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуға және қабілеттерін жетілдіруге;

- пәндік-тақырыптық мазмұнның базалық деңгейі бар бірыңғай шегінде нәтижелі игерілетін лексикалық және грамматикалық материалдың көлемін арттыруға;

- оқытылатын тіл елдерінің әлеуметтік-мәдени ерекшелігінің феномендері мен құбылыстарын интерпретациялау үшін білім алушылардың дайындық деңгейін арттыруға;

- оқытылатын тіл елдерінде қабылданған нормалар мен талаптарға сай тілдік және тілдік емес мінез-құлықты жүзеге асыруға;

- шетел тілін меңгеру бойынша білім алушылардың өздігінен білім алу қызметіне дайындық деңгейін арттыруға;

- сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде компенсаторлық қабілеттерді жетілдіруге;

- оқу-танымдық қабілеттерді дамытуға арналуы тиіс.

«Шетел тілі/Ағылшын тілі» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын нақты саны бекітілген бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 71 кестеде оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың (БЖБ) нақты саны көрсетілген.

71-кесте. «Шетел тілі/ Ағылшын тілі» пәні бойынша жиынтық бағалау

рәсімдерінің саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып	2	2	2	2

Шетел тілі бойынша білім беру процесін ұйымдастыру коммуникативтік технологияларды (жобалар, сұхбаттар, рөлдік ойындар, пікірталастар, дебаттар, конференциялар, байқаулар, қойылымдар және т.б.) жан-жақты пайдалануды көздейді. Сонымен қатар, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және сабақтан тыс іс-әрекет мүмкіндіктерін белсенді пайдаланған жөн, бұл білім алушылардың шетел тілін үйренуге ынтасын арттыру үшін, танымдық қызметін, өзара тілдік қарым-қатынасын жандандыру, шығармашылық әлеуетін дамыту үшін жағдай жасауға ықпал етеді.

Шет тілдік қарым-қатынас жағдайын модельдеуге мүмкіндік беретін және мәдениетаралық қарым-қатынас құбылыстарын интерпретациялауда білім алушылардың дербестігінің барынша ықтимал деңгейін қамтамасыз ететін оқыту технологияларын үнемі пайдалану маңызды болып табылады.

2019-2020 оқу жылында жаратылыстану-математикалық бағыт пәндерінің (математика, биология, химия, информатика) мұғалімдерімен бірге кіріктірілген тақырыптық онкүндіктер өткізу ұсынылады. Онкүндіктер үш кезеңде: бастауыш, одан кейін орта және жоғары сынып білім алушыларымен өткізіледі. Аталған іс-шара пәннің аясында білім алушылар мен мұғалімдерді жаңашылдықтарға ынталандырып қана қоймайды; мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуына, қолданылатын әдістердің жетілдірілуі мен кіріктірілуіне ықпал ететін болады. Оқып жатқан тілде сол елдің мәдениеті мен тарихын терең зерделеу мақсатында маңызды күндер мен мерейтойларға назар аудару ұсынылады, ол өз кезегінде, білім беру ұйымы базасында өткізілетін тақырыптық іс-шараларда тікелей көрініс табуы тиіс.

Пәндік бақылау және бағалау бойынша ұсынымдар

Шетел тілі сабағында сөйлеу қызметінің барлық түрлері (айтылым, оқылым, тыңдалым, жазылым / жазбаша сөйлеу) және коммуникативтік құзыреттілікті құрайтындар (сөйлеу, тілдік, әлеуметтік-мәдени, компенсаторлық, оқу-танымдық) болуы тиіс.

Сабақта оқу уақыты негізінен ауызша сөйлеу дағдылары мен қабілеттерін дамыту және жетілдіру үшін қолданылады. Жаңа лексикалық және грамматикалық материалды коммуникативтік жағдайларда енгізу және бекіту ұсынылады; сабақта жұппен, топтармен жұмысты ұйымдастыру есебінен әрбір білім алушының сөйлеу белсенділігі уақытын ұлғайту; міндетті түрде мәтін алдындағы, мәтіндік және мәтіннен кейінгі жұмыс кезеңдерін сақтай отырып, оқылым мен тыңдалымға үйрету.

Жазбаша жұмыстардың түрлері көрсетілген оқу бағдарламасының талаптарын сақтауға ерекше назар аудару керек. Жазбаша тапсырмаларды орындау барысында сабақтың коммуникативтік сипаты бұзылады, негізгі оқу тапсырмаларын орындау сапасы нашарлайды. Білім алушылардың оқу

жетістіктерінің нәтижелерін тексеру кезінде басымдылық бақылаудың ауызша түрлеріне берілуі тиіс.

Білім алушылар ақпарат немесе хабарлама беру кезінде грамматикалық құрылымдар мен шақ формаларын дұрыс пайдаланбауы мүмкін. Егер білім алушы өз білімін көрсете алатын болса, олардың тілдік қателіктері бағаға әсер ете алмайды, бірақ жіберілген қателіктерді ескеріп оларды қарапайым тілмен білім алушыларға түсіндіру қажет.

Шетел тілін оқытуда үй тапсырмаларының әр түрлі: ауызша, жазбаша, міндетті, таңдау бойынша, жалпы, сараланған, жеке, аралас, шығармашылық түрлерін кезектестіру және үйлестіру ұсынылады. Шығармашылық сипаттағы үй тапсырмалары білім алушылардың қалауы бойынша ғана берілуі мүмкін, берілген жағдайда келесі сабаққа емес, алдын ала бірнеше сабақ бұрын.

Үй тапсырмалары тек сипаты бойынша ғана емес, сонымен қатар жоспарланған қызметі бойынша да әр түрлі болуы тиіс.

Әдістемелік кеңесте келесі сұрақтарды талқылау ұсынылады:

1. Жалпы орта мектепте жаңартылған білім беру мазмұны аясында шетел тілін оқытудың ерекшеліктері.

2. Ағылшын тілінде оқытылатын ЖМБ (физика, химия, биология, информатика) пәндері мұғалімдерінің және шетел тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысын жоспарлау ерекшеліктері.

3. 2019-2020 оқу жылы шетел тілін оқытуда мұғалімдердің семинарларын және тәжірибе алмасуын жоспарлау.

4. «Шетел тілі» оқу пәнінің білім беру үдерісін ақпараттық-әдістемелік қолдау.

Оқу жылы ішінде шетел тілі мұғалімдерінің әдістемелік отырыстарында шетел тілі бойынша білім беру үдерісін ұйымдастыруда қазіргі заманғы тәсілдерді іске асыру; қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарларды құру; қалыптастырушы және жиынтық бағалауды жүргізу; сындарлы кері байланыс пен рефлексия жүргізу; шетел тілі бойынша сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру мәселелерін қарастыру ұсынылады.

«Абайтану» факультативтік курсы

«Абайтану» курсы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады.

Курстың білім мазмұны ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары,білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Курсты қазақ тілі мен әдебиеті немесе біліктілікті арттыру және қайта даярлау бойынша арнайы курстардан өткен пән мұғалімдері жүргізеді. Мұғалімдерге көмек ретінде «Абайтану» курсы бағдарламасының мазмұнын жобалау мен өткізу бойынша әдістемелік құралдар әзірленіп, Академия

сайтына (www.nao.kz) орналастырылды.

Жалпы білім беретін мектептердің 10-11-сыныбына арналған «Абайтану» курсын ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компоненті есебінен жүргізу ұсынылады.

Курс жүктемесінің көлемі:

10- сыныпта – аптасына 1 сағат, оқужылында – 34сағатты;

11- сыныпта – аптасына 1 сағат, оқужылында – 34 сағаттықұрайды.

Курс бойынша білім алушылардың оқу жетістігін ағымдық бағалау, сондай-ақ емтихан және ұлттық бірыңғай тестілеу жүргізілмейді.

«МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА» БІЛІМ САЛАСЫ

«Математика және информатика» білім саласы бойынша жаңартылған оқу бағдарламаларымен келесі пәндер оқытылады: «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика».

Оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі төмендегі 72-кестеде көрсетілген.

72-кесте. «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика» оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Апталық жүктеме	Жылдық жүктеме
10 ЖМБ	Алгебра және анализ бастамалары	4	136
	Геометрия	2	68
	Информатика	2	68
10 ҚГБ	Алгебра және анализ бастамалары	3	102
	Геометрия	1	34
	Информатика	1	34

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» пәндерін оқыту маңызды болып табылады, себебі оны оқып-үйрену барысында математиканың практикалық маңыздылығы, тұлғаның логикалық және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру мен дамыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ, ғылыми-жаратылыстану пәндерін оқып-білуге қажетті математикалық білім мен білік негіздерін игеру қоршаған ортаның біртұтастығы туралы түсінікті қалыптастыруға ықпал етеді.

«Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» пәндерін оқыту мақсаты: қазіргі заманғы қоғамда өзін еркін сезінуге адамға қажетті ойлау қасиеттерін қалыптастыру арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту; практикалық іс-әрекеттерде қолдануда, басқа пәндерді үйренуде, білім алуды жалғастыруда қажетті математикалық білімді меңгеру.

Міндеттері:

- Бағдарламаның «Алгебра», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;
- әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, сандық қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге ықпал ету;
- есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді суреттеп беруге бағыттау;
- практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен олардың нақтылығын айқындауда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар түрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;
- өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, белсенділік, табандылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;
- математиканы оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.

2019-2020 оқу жылындағы 10-сынып оқушыларына арналған информатика пәнін оқыту жаңартылған мазмұны бойынша жалпы орта білім деңгейіндегі қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарының информатика пәні бойынша типтік оқу бағдарламаларына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығына 16-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына 192-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына қосымша 410-қосымша) және жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Информатика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы сәйкес жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығына 15-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына 191-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына қосымша 409-қосымша).

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 10-сыныпта «Информатика» пәнін оқытуға бөлінген сағат саны ҚГБ бойынша 1 сағатты, ЖМБ бойынша 2 сағатты құрайды.

Жалпы білім беру мектептің профильді сыныптарында информатика курсын оқыту қоршаған орта туралы ақпаратты алуға, іздеуге, талдауға, сын

тұрғыдан бағалауға, ақпаратты таңдап алуға; ақпаратты жіберуге; объектілер мен үдерістерді жобалауға, өз іс-әрекеттерін жоспарлауға; жоспарларды құруға, түзетуге және іске асыруға бағытталған.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныптағы информатиканы оқыту мақсаты қазіргі кездегі ақпараттық технологиялардың теориялық негіздері бойынша базалық білім жүйесін меңгеру, оқушыларды ақпараттық мәдениетке қалыптастыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарымен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, оқушылар жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды үнемі пайдалануға дағдыландыру, танымдық және зияткерлік қабілеттерін дамыту болып табылады.

Бұл білім саласы пәндерінің мазмұны бөлімдер бойынша берілген. Бөлімдер бөлімшелерге бөлініп, әр бөлімшені оқып игеру сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер: дағдылар немесе біліктер, білім немесе түсініктертүрінде оқу мақсаттары жүйесінде көрсетілген.

Сонымен қатар, жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларында барлық пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспар берілген. Онда курс материалы тоқсандарға бөлініп көрсетілген***. Ұзақ мерзімді жоспарда тақырыптарды игеруге және бөлімшелерді игеруге жұмсалатын сағат сандары көрсетілмеген. Бөлімшелердің арасында сағат санын бөлу құқығы практик-мұғалімге берілген, бірақ материал көрсетілген тоқсанда толық оқытылуы тиіс.***

2013 жылғы оқу бағдарламаларымен салыстырғанда оқу пәндердің базалық мазмұнында аздаған өзгерістер бар.

1. *10-сынып, «Алгебра және анализ бастмалары», жаратылыстану-математикалық бағыт.*

Пәнді оқытуға аптасына 4 сағат бөлінген. Оқыту бағытына сәйкес пәннің базалық мазмұны кеңейтілген.

Бірінші. Дәстүрлі түрде оқытылып келе жатқан бөлімдер тақырыптармен толықтырылған. Атап айтқан:

- «Функция, оның қасиеттері және графигі» бөліміне «Бөлшек-сызықты функция»;
- «Кері тригонометриялық функциялар» бөліміне «Кері тригонометриялық функциялары бар қарапайым теңдеулер»;
- «Туынды» бөліміне «Кері тригонометриялық функциялардың туындылары»;
- «Туындының қолданылуы» бөліміне «Функция графигінің иілу нүктелері, функция графигінің дөңестігі»
- «Кездейсоқ шамалар және олардың сандық сипаттамалары» бөліміне «Үлкен сандар заңы».
- «Ықтималдық» бөліміне «Жуықтап есептеулер үшін Ньютон биномы (натурал көрсеткішті)», «Толық ықтималдық формуласы және Байес формуласы», «Бернулли формуласы және оның салдарлары», «Нақты құбылыстар мен процестердің ықтималдық модельдері».

Екінші. «Көпмүшелер» жаңа бөлімі қосылған. Бірнеше айнымалысы бар көпмүшелер және олардың стандарт түрі. Біртекті және симметриялы

көпмүшелер. Бір айнымалысы бар көпмүшенің жалпы түрі. Көбейткіштерге жіктеу әдісі арқылы бір айнымалысы бар көпмүше түбірлерін табу. Көпмүшені көпмүшеге «бұрыштап» бөлу. Безу теоремасы, Горнер схемасы. Анықталмаған коэффициенттер әдісі. Бүтін коэффициетті көпмүшенің рационал түбірлері туралы теорема. Квадрат теңдеу түріне келтірілетін жоғары дәрежелі теңдеулер. Үшінші дәрежелі көпмүше үшін жалпыланған Виет теоремасы.

2. 10-сынып, «Алгебра және анализ бастамалары», қоғамдық-гуманитарлық бағыт.

Пәнді оқытуға аптасына 4 сағат бөлінген. Қолданыстағы оқу бағдарламасымен салыстырғанда шамалы өзгерістер енгізілген. Ол өзгерістер комбинаторика мен ықтималдықтар теориясы материалдарымен байланысты.

Қолданыстағы бағдарламада 11-сыныпта оқытылатын «Кездейсоқ шамалар және олардың сандық сипаттамалары» тарауы 10-сыныпқа көшірілген.

11-сыныпта «Ықтималдық» бөлімі «Ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелері» тақырыбымен толықтырылған. Бұл тақырып қолданыстағы бағдарлама бойынша жаратылыстану-математика бағытында ғана оқытылатын.

3. 10-сынып «Геометрия» оқу пәні, жаратылыстану-математикалық бағыт.

«Геометрия» оқу пәнінің базалық білім мазмұнында қолданыстағы оқу бағдарламасымен салыстырғанда өзгерістер жоқ.

Оқытудың бұл бағытында «Геометрия» пәнін оқытуда пәннің практикалық бағыттылығы күшейтіледі.

4. 10-сынып,«Геометрия» оқу пәні, қоғамдық-гуманитарлық бағыт.

«Геометрия» оқу пәнінің базалық білім мазмұнында қолданыстағы оқу бағдарламасымен салыстырғанда өзгерістер жоқ.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сынып «Информатика» пәнінің негізгі мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

1) «Компьютерлік жүйелер».

Ақпараттық қауіпсіздік: «ақпараттық қауіпсіздік», «құпиялылық» және деректердің «тұтастығы»; қауіпсіздік шаралары - резервтік көшіру және деректерді шифрлау; жеке сәйкестендіру әдістері;

2) «Ақпараттық объектілерді өңдеу және қайта құру»

Дизайн теориясы: «дизайн», «қолданылуы», визуалды дизайн классификациясы; ақпарат қабылдау принциптері; «жақсы дизайн» қағидаттары (ыңғайлылығы, қарапайымдылығы); графикалық файл пішімдері; графикалық файлдарды түрлендіру; веб-сайт дизайнының орналасуын дамыту;

Бейнежазба жасау: видео түсірілімнің және бейнежазбаның негізгі қағидалары; бейнемен жұмыс істеу бағдарламалары; бейнероликтерді монтаждау;

Веб-дизайн: сайтты құрастырушы; веб-беттегі мультимедиа; веб-сайтты дамыту әдістері; сайтты жариялау;

3) «Ақпараттық процестер мен жүйелер»

Ақпараттық технологияларды дамытудың заманауи үрдістері: машина жасау принциптері, нейрондық желілер; жасанды интеллект қолдану салалары; Blockchain(блокчеин) технологиясының мақсаты мен қағидаты.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныптағы «Информатика»

пәнін оқып-үйрену мақсаты аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді таныстыру, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру, компьютерлік желілерді құру және трансформациялау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша терең білім мен дағдыларды қамтамасыз ету болып табылады.

10-сыныпқа арналған «Информатика» пәнінің (ЖМБ) негізгі мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

1) аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету: басқару блогының функциялары, арифметикалық логикалық блок және жады регистрлері процессордың бөлек бөліктері ретінде;

2) деректерді ұсыну: сандар жүйесі: ондық, екілік, сегіз, он алтылық. Компьютердің логикалық негізі: логикалық операциялар (ажыратылу, біріктіру, инверсия); логикалық өрнектер; шындық кестесі; компьютерлік логика элементтері (конъюнктор, дисюнктор, инвертор); логикалық схемалар. Ақпараттық кодтау: Unicode (юникод) және ASCII (аск(и)й) таңба кодтау кестелері;

3) ақпараттық процестер мен жүйелер: реляциялық деректер базасы: өріс, жазба, индекс, бастапқы кілт; Bigdata (бигдейта) (үлкен деректер). Деректер базасын құру structured query language («құрылымдық сұрау тілі») (бұдан әрі - SQL-код): деректер типтері, бір кестелік және көп кестелі дерекқорлар; нысандар; есептер; сұраулар.

4) ақпараттық объектілерді құру және трансформациялау: веб-дизайн: HTML (Hyper Text Markup Language - «гипермәтінді белгілеу тілі»), CSS (Cascading Style Sheets) - каскадты стиль кестелері); сценарийлерді пайдалану; мультимедияны веб-параққа енгізу;

5) қосымшаларды жасау: алгоритмдер мен бағдарламалар: анықталған функциялар мен процедуралар; жолдармен жұмыс істеу; файлдармен жұмыс істеу; сұрыптау әдістері; графтарда іздеу алгоритмдері;

6) компьютерлік желілер мен ақпараттық қауіпсіздік: компьютерлік желілерді ұйымдастыру: желілік компоненттер (түйіндер, маршрутизаторлар, ажыратқыштар); IP адресі; DNS - домендік атаулар жүйесі; жеке виртуалды желілер. Ақпараттық қауіпсіздік: ақпараттық қауіпсіздік, құпиялылық, тұтастық және қолжетімділік; деректерді шифрлау; Пайдаланушы деректерін қорғау шаралары - құпия сөздер, тіркелгілер, аутентификация, биометриялық аутентификация.

Ұзақ мерзімді жоспар жаңартылған мазмұнның барлық оқу бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады, оқу материалы тоқсандарға бөлінеді. Ұзақ мерзімді жоспарда тақырыптарды игеруге және бөлімшелерді игеруге жұмсалатын сағат сандары көрсетілмеген. Бөлімшелердің арасында сағат санын бөлу құқығы практик-мұғалімге берілген, бірақ материал көрсетілген тоқсанда толық оқытылуы тиіс.

10-сыныпта «Информатика» пәні бойынша оқыту нәтижесі:

- оқушыда келесі ұғымдарды қалыптастыру: қоғамдағы ақпараттық процестердің рөлін түсіну, адам қызметінің түрлі салаларында ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен

перспективалары; күнделікті өмірде, зерттеулерде және одан әрі жұмыс істеуде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану дағдылары; ақпараттық мәдениет - жалпыға бірдей қабылданған ережелерді ұстануға және жеке және бүкіл қазақстандық қоғамның мүдделеріне сай әрекет етуге; компьютерлердің негізгі қағидаттарын түсіну, жүйелерді талдау, шешімдерді әзірлеу, бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану, оларды жетілдіру және жетілдіру, сондай-ақ олардың өнімдерін бағалау;

- талдау, абстракция, модельдеу және бағдарламалау арқылы әртүрлі мәселелерді шешудің тиімді және ұтымды жолдарын табу мүмкіндігі;

- логикалық, алгоритмдік және есептік ойлау қабілеті;

- пән бойынша концептуалды аппараттарды байыту, информатиканың терминдерін түсіну.

Сыныпты екі топқа бөлу қалалық жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болғанда жүзеге асырылады.

«Алгебра және анализ бастамалары» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 73-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) саны көрсетілген.

73-кесте. «Алгебра және анализ бастамалары» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып ЖМБ	3	3	3	2
10-сынып ҚГБ	2	3	3	1

«Геометрия» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 74-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) саны көрсетілген.

74-кесте. «Геометрия» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып ЖМБ	1	1	2	1
10-сынып ҚГБ	1	1	2	1

«Информатика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 75-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) саны көрсетілген.

75-кесте. «Информатика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып ЖМБ	2	1	1	1
10-сынып ҚГБ	2	1	1	1

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Жаратылыстану» білім саласы бойынша жаңартылған оқу бағдарламаларымен келесі пәндер оқытылады: «Физика», «География», «Биология», «Химия».

«Физика» оқу пәні

Физика курсын оқу мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүиетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру.

Мақсатқа сәйкес оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) білім алушылардың әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізінде жатқан заңдылықтар мен принциптер туралы іргелі білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерді меңгеруіне ықпал ету;

2) білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлективтік мәдениетін дамытуға, физикалық экспериментті және зерттеу жұмыстарын орындау дағдыларын қалыптастыру;

3) оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) меңгерген дағдыларды табиғат ресурстарын пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда, қоғам мен адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қолдану.

«Физика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныпта – аптасына 4 сағатты, оқу жылында 136 сағатты;

2) Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

10-11 сыныпқа арналған жаңартылған мазмұндағы бағдарлама 10 бөлімнен тұрады:

- ✓ механика;
- ✓ жылу физикасы;
- ✓ электр және магнетизм;
- ✓ электромагниттік тербелістер;
- ✓ электромагниттік толқындар;
- ✓ оптика;
- ✓ салыстырмалы теорияның элементтері;

- ✓ кванттық физика;
- ✓ нанотехнология және наноматериалдар;
- ✓ космология

10-сыныпта Кинематика, Теңүдемелі қозғалыс кинематикасының негізгі теңдеулері мен ұғымдары, Динамика, Статика, Сақталу заңдары, Сұйықтар мен газдардың механикасы, «Газдардың молекулалық- кинетикалық теория негіздері», «Газ заңдары», «Термодинамика негіздері», Сұйық және қатты денелер, Электростатика, Тұрақты ток, Әртүрлі ортадағы электр тогы, Магнит өрісі, Электромагниттік индукция тақырыптары оқытылады.

Жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның тиімді ерекшеліктерінің бірі білім алушыларды теориядан тәжірибеге бағыттау болып табылады. Осы орайда, тәжірибелік дағдыларды дамыту мақсатында жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныпта 9 Зертханалық жұмыс, 15 практикалық жұмыстар жұмыс қамтылды.

Зертханалық жұмыстар тоқсан бойынша төмендегідей реттілікпен жүргізіледі.

1-тоқсанда:

- ➢ *«Көлбеу жазықтық бойымен қозғалатын дененің үдеуін анықтау»;*
- ➢ *«Ұшу қашықтығының лақтыру бұрышына тәуелділігін зерттеу»;*
- ➢ *«Көлбеу науамен сырғанайтын дененің қозғалысын оқып үйрену»;*
- ➢ *«Бір-біріне бұрыш жасай бағытталған күштерді қосу»;*
- ➢ *«Тұтқыр сұйықта қозғалатын кішкентай шардың жылдамдығының оның радиусынан тәуелділігін зерттеу»;*

3-тоқсанда:

- ➢ *«Өткізгіштерді аралас жалғауды оқып үйрену»;*
- ➢ *«Ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау»;*
- ➢ *«Шамның қыл сымының, резистордың және жартылай өткізгіш диодтың вольт-амперлік сипаттамасы»;*
- ➢ *«Бір валетті ионның электр зарядын өлшеу».*

Төменде 76-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) саны көрсетілген.

76-кесте. «Физика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

10 сынып	Бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
ЖМБ	3	3	3	2
ҚГБ	3	3	3	2

10-сынып оқу бағдарламаларында «Физика» пәні бойынша компьютерлік моделдеуге бірнеше практикалық және зертханалық тапсырмалар қарастырылған:

1) Зертханалық жұмыс № 5. Тұтқыр сұйықтықтың қозғалысы кезінде шарик жылдамдығының оның радиусынан тәуелділігін зерттеу, нүктенің қозғалысын моделдеу.

2) «Газдардың молекулалық-кинетикалық теориясының негіздері» бөліміне практикалық жұмыс енгізілген, молекулалық физика заңдарын компьютерлік моделдеу.

3) «Электромагнитті тербелістер» тақырыбы электромагнитті тербелістерді компьютерлік моделдеуді; тербелмелі контурдың түрлі параметрлеріне арналған электрлік тербелістер кезіндегі электр және магнит энергиясының, кернеу мен ток күшінің тәуелділігін компьютерлік моделдеуді болжайды.

«География» оқу пәні

География интеграциялық ғылым ретінде қамтиды жаңа салаларды қамтиды. География пәнінің мұғалімі жұмысы енді ақпараттық технологиялар мен геоақпараттық жүйелермен тығыз байланысты.

«География» пәнінің мақсаты – оқушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау.

Пәннің міндеттері:

- оқушылардың бойында географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамыту;
- геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың түсінуін дамыту;
- оқушыларға картографияны, геоэкологияны, геоэкономиканы, геосаясатты, елтану мен адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау;
- оқушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін іс-әрекеттер арқылы зерттеп-тану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- геокеңістіктік әдістер және деректермен жұмыс істейтін мамандық пен кәсіп иелері атқаратын әрекеттерді орындату арқылы оқушыларға кәсіби бағдар беру.

«География» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныпта – аптасына 4 сағатты, оқу жылында 136 сағатты;

2) Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

«География» оқу пәнінің мазмұны 7 бөлімді қамтиды:

1) географиялық зерттеу әдістері;
2) картография және геоинформатика;
3) табиғатты пайдалану және геоэкология;
4) геоэкономика;
5) геосаясат;

6) елтану;

7) адамзаттың ғаламдық проблемалары.

Оқу пәнінің 10-сыныпқа арналған базалық білім мазмұны: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары».

Төменде 77-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) саны көрсетілген.

77-кесте. «География» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау саны

10 сынып	Бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
ЖМБ	3	1	2	2
ҚГБ	3	1	2	2

«Биология» оқу пәні

«Биология» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың заман талаптарына сай білімдері мен біліктерін дамыту; өмірдің мәнін, дамуын, оның түрлі ұйымдасу деңгейлерінде көрініс табуын түсіну; өмірдің ең басты құндылық ретіндегі маңызын түсінетін жан-жақты дамыған тұлғаны дайындау.

Міндеттері:

1) табиғаттың даму заңдарын түсінуге негізделе отырып, адамның табиғаттағы рөлін анықтайтын маңызды биологиялық білімдер мен біліктер ауқымын кеңейту;

2) табиғаттың даму және тіршілігін жалғастыру заңдарын жаңа білімдерді алу, оларды ары қарай дамыту және тереңдету негізі және құралы ретінде пайдалану;

3) жүйені меңгеру барысында ғылым білім мен дүниетаным негіздерін; шығармашылық дербестік пен сын тұрғысынан ойлау қабілетін; зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру;

4) әдеп мәселелерімен және қоғамның әлеуметтік өмірі мен еңбек әрекетіне тікелей қатысумен байланысты қоршаған шынайылықта еркін бағдарлануға мүмкіндік беретін, бастамашыл тұлғаның қасиеттерін дамыту;

5) білім алушылардың білім алуды және өздігінен білім алуды жалғастыруы үшін қажетті зияткерлік біліктерді дамыту.

10-сыныпта «Биология» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

жаратылыстану-математикалық бағытта– аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағат;

қоғамдық-гуманитарлық бағытта– аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

Оқу пәнінің мазмұны негнегзгі орта білім деңгейіндегідей 4 бөлімді қамтиды:

1) Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері:

тірі ағзалардың көптүрлілігі:

қоректену:

заттардың тасымалдануы;
тыныс алу;
бөліп шығару;
қозғалыс;
координация және реттелу.

2) Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму:
көбею;
жасушалық айналым;
өсу және даму;
тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары;
селекция негіздері;
эволюциялық даму.

3) Ағза мен қоршаған орта:
биосфера, экожүйе, популяция;
адам қызметінің қоршаған ортаға әсері.

4) Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар:
молекулалық биология мен биохимия;
жасушалық биология;
микробиология және биотехнология;
биомедицина және биоинформатика.

Жаңа бағдарламада жаңадан қосылған бірқатар тақырыптар бар, олар:

Миелинденген нейрондарда әрекет потенциалын бастамалау және оның трансмиссиясы

Қартаю теориялары

Тереңдетіп оқытуға арналған қосымша тақырыптар да бар:

Бұлшық ет талшықтарының ультрақұрылымы;

Ақуыз трансляциясы мен биосинтезі.

Жаңартылған білім бағдарламасының ең бірінші ерекшелігі пән мазмұнының спиральды берілуі.

Негізгі бөлімдер жылдан жылға қайталанып, әрбір бөлім бойынша оқу мақсаттары білім алушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып күрделенетініне назар аудару керек.

Әрбір бөлімдегі оқу мақсаттары білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқудың әр кезеңінде маңызды түсініктер жүйелі түрде қайталанып отырады.

Жаңа оқу бағдарламасы бойынша тәжірибе жұмыстарын орындау кезінде білім алушылар алған деректердің негізінде жаңалықтар ашады, табиғаттағы заңдылықтарды өз беттерінше табады. Толымды тәжірибелерді жүргізу кезінде білім алушылар жоспарлау мен өз зерттеу сұрағына жауап табу мақсатында өзінің зерттеу жұмысын жүргізуді үйренеді.

Төменде 78-кестеде оқу пәнінен зертханалық жұмыс саны көрсетілген.

78-кесте. «Биологияия» пәні бойынша зертханалық жұмыс саны

Зерханалық жұмыстардың саны	ЖМБ 10 сынып	ҚГБ 10 сынып

Зертханалық жұмыс	8	5
Модельдеу	4	1

Нәтижесінде білім алушылар биология сабақтарында практикалық тапсырмаларды орындау үшін білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған қоршаған ортаны зерттейді.

Төменде 79-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) саны көрсетілген.

79-кесте. «Биология» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

10 сынып	Бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
ЖМБ	2	3	3	3
ҚГБ	2	3	3	3

«Химия» оқу пәні

«Химия» пәнін оқытудың мақсаты - білім алушыларға зат және олардың айналымы, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін ұсыну, білім алушыларға химиялық үдерістердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсініп, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға, ақпаратты сыни бағалауға және шешім қабылдауға мүмкіндік беру.

Негізгі міндеттері:

1) заттар және олардың бір-бірімен әрекеттесу заңдылығы туралы білім жүйесін қалыптастыру (фактілер, түсініктер, заңдар және теориялар);

2) зияткерлік және эксперименталдық және зерттеушілік біліктер мен дағдылар түрінде іс-әрекеттердің танымал әдістерін жүзеге асыру тәжірибелерін қалыптастыру;

3) жаңа проблемаларды шешуде жаңа бір жағдайда бұрын меңгерілген білім және білікті өз бетімен жаңғыртуды талап ететін шығармашылық, ізденіс іс-әрекеттер тәжірибесін қалыптастыру, танымал іс-әрекеттер негізінде жаңа әдісін қалыптастыру;

4) қоғамның әрбір мүшесінің өмірлік проблемасын шешуге әсер ететін, «Химия» пәнінің жиынтық үлесі болып табылатын өзекті және пәндік құзіреттіліктің қалыптасуында көрінетін, қоршаған ортаға қарым-қатынасын көрсететін адам әрекетінің объектіге немесе қаражатқа құнды және сындарлы қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыру.

«Химия» пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

1) 10-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағатты;

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

Оқу пәнінің мазмұны 5 бөлімнен тұрады:

1) заттардың бөлшектері;

2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;

3) химиялық реакциялардың энергетикасы;

4) химия және қоршаған орта;

5) химия және өмір.

Қолданыстағы бағдарламада 2013 жылдың бағдарламасымен салыстырғанда бірқатар өзгерістер болды:

1) оқылатын тақырыптардың тәртібі өзгерді

2) "Атом құрылысы. Атом – күрделі бөлшек", радиоактивтілік, энергетикалық деңгейлер және деңгейшелер, кванттық сандар және орбитальдар;

3) "Мерзімділігі" тарауы "элементтер мен олардың қосылыстары қасиеттерінің өзгеру мерзімділігі" болып өзгертілді.

4) "Органикалық химияға кіріспе" тарауына назар аударыңыз, мұнай, құрамы, өңдеу әдістері және мұнай өнімдері тақырыптары "күтпеген көмірсутектер"тарауына ауыстырылды. Сондай-ақ Циклоалканның жаңа тақырыбы қосылды.

5) "Күтпеген көмірсутектер" тарауына Алкадиен мен Алкинді зерттеу үшін жаңа тақырыптар енгізілді.

10-сыныпқа арналған жаңартылған мазмұнның Типтік оқу бағдарламасы бойынша зертханалық жұмыстар саны 2013 жылдың бағдарламасымен салыстырғанда бірдей. Төменде 80-кестеде химия бойынша практикалық, зертханалық жұмыстар мен демонстрациялар тізімі берілген.

80- кесте. Зерханалық жұмыстар мен демонстрациялар тізімі

Жұмыс түрлері	**10 сынып**
Көрсетілім	1
Зертханалық тәжірибелер	9
Практикалық жұмыстар	4

«Химия» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) қарастырылған. Төменде бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау саны көрсетілген.

81-кесте. «Химия» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

сыныптар	Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2- тоқсан	3- тоқсан	4-тоқсан
10 ЖМБ	3	3	3	3
10 ҚГБ	3	3	3	2

«АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Адам және қоғам» білім саласы «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «Өзін-өзі тану» пәндерін қамтиды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі тарих пәні өткен тарихты ұғыну және қазіргі әлемде өз орнын, азаматтық ұстанымы және оқиғалар мен құбылыстарға деген қарым-қатынасын анықтап, олардың мәні мен бағытын түсіну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының басты алғышарттарының бірі – азаматтардың құқықтық білімін жетілдіріп, құқықтық сана, құқықтық сауаттылық пен мәдениениетінің қалыптасуы. Азаматтардың құқықтық санасы қалыптасу үшін құқықтық білімді игеру қажет. Сондықтан жалпы білім беретін мектептерде «*Құқық негіздері*» пәнін оқыту оқушылардың, қазіргі қоғамдағы құқықтық және саяси қатынастардың субъектісі ретінде, өз құқытары мен міндеттемлерін жүзеге асыру үшін қажетті білім мен дағдыларды игеруге бағытталған.

2019/2020 оқу жылында 10-сыныпта «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» оқу пәндері бойынша оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105бұйрығымен* бекітілген оқу бағдарламаларымен жүзеге асырылады:

- жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған *«Қазақстан тарихы»* пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;
- жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған *«Дүниежүзі тарихы»* пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;
- жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған *«Дүниежүзі тарихы»* пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;
- жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған *«Құқық негіздері»* пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы;
- жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған *«Құқық негіздері*» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу

бағдарламалары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған (https://www.nao.kz/ Білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету/ Оқу бағдарламалары/ Жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары. Қазақстан тарихы. Дүниежүзі тарихы. Құқық негіздері).

«Қазақстан тарихы» оқу пәні

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұны Қазақстан тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени негізгі мәселелері бойынша тереңдетілген білімді қалыптастыруға бағытталған.

10-сыныпта «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның мәдени-тарихи дамуының ерекшеліктері мен мәнін білім алушыларға түсіндіруді кеңейтеді және тереңдетеді.

«Қазақстан тарихы» пәні Қазақстан тарихындағы оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді талдау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау және бағалау үшін қажетті тарихи ойлау дағдыларын дамытуды қарастырады.

Осы оқу пәнінің аксиологиялық мақсаты патриотизмді қалыптастыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға құрмет көрсетуге дағдыландыру болып табылады.

«Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

– білім алушылардың тарихи оқиғалар, құбылыстарды тарихи заңдылықтарды ескере отырып зерттеу, оқиғалар мен тұлғаларға қатысты пікірлер мен берілген бағаларды салыстыру және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту, өткен кезеңмен қазіргі уақытқа қатысты пікірталастық мәселелерге өзіндік көзқарасты қалыптастыру;

– өлке тарихын зерделеу, өлкетанулық жұмыстарды жүргізу дағдыларын дамыту;

– әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи ақпаратты іздеу және жүйелеу дағдыларын дамыту;

– әртүрлі деректерді қолдана отырып, жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

– қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерді түсіну үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

– коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, оның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдануға бағыттау болып табылады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесі қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарда: 10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты қамтиды.

Тұлғаның танымдық белсенділігін, шығармашылық, жобалық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін әр тақырыптық бөлімнен кейін келесі зерттеу жұмысы берілген:

- ✓ Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала;
- ✓ Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуы;
- ✓ Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы;
- ✓ Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды.

Сондықтан осы тақырыптар көлемінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады. Зерттеу тақырыптары жалпылама берілген. Білім алушылар осы белгіленген тақырып шеңберінде түрлі мәселелерді қарастыра алады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 82-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

82- кесте. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып	1	1	1	1

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұны адамзаттық өркениеттің этногенез, политогенез, культурогенез негізгі мәселелері бойынша тереңдетілген білімді қалыптастыруға бағытталған.

10-сыныпта «Дүниежүзі тарихы» пәнін оқыту білім алушылардың әлемдік мәдени-тарихи процестің мәнін оның бірлігі мен әртүрлілігін терең түсінуге бағдарланған.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің тереңдетілген курсы әлемдік тарихтағы оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді бағалау және жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін қажетті тарихи ойлау дағдысын дамытуды қарастырады. Осы оқу пәнінің аксиологиялық мақсаты білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға құрмет көрсетуге тәрбиелеу болып табылады.

«Дүниежүзі тарихы» пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

– әлемдік-тарихи процесс туралы толық біртұтас білім қалыптастыру;

– оқиғалар мен құбылыстарды тарихи себептілігі, салыстырмалылығы мен әртүрлі көзқарастар, тарихи оқиғалар және тұлғаларға баға беруде сыни тұрғыдан зерттеу барысында, өткен және қазіргі таңдағы пікірталастық мәселелерге білім алушы тарапынан өзіндік көзқарас білдіруді дамыту;

– тарихи деректердің әртүрлі типтерімен жұмыс жасау, іздеу және тарихи материалды жіктеу дағдыларын дамыту;

– әртүрлі деректерді қолдана отырып жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

– қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелерді ұғыну үшін тарихи білімдері мен дағдыларынқолдана білу

қабілетін дамыту;

– коммуникативтік дағдыларды дамыту: өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізе білу, топта жұмыс жасау, әртүрлі деректерден алынған ақпараттарды пайдалану.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесі:

– *қоғамдық-гуманитарлық бағытта* 10- сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылына 102 сағатты;

– *жаратылыстану -математикалық бағытта* 10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты қамтиды.

10-сыныпта «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағытта әр бөлімнен кейін зерттеу жұмысы тақырыптары берілген:

- ✓ Әлемдік тарих контекстіндегі өркениеттердің өзара әрекеттесу және өзара ықпалдасу тәсілдері;
- ✓ Әлем тарихындағы этникалық және әлеуметтік процестер;
- ✓ Әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді шешу жолдары;
- ✓ Мәдениет – адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтарының көрінісі ретінде.

Осы тақырыптар көлемінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 83-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

83- кесте. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып	1	1	1	1

«Құқық негіздері» пәні

«Құқық негіздері» оқу пәнінің мазмұны құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға, демократиялық құқықтық қоғам идеалдары мен құндылықтарын түсінуге бағытталған.

10-сыныпта «Құқық негіздері» пәнінің мазмұны білім алушыларға түрлі құқық салаларының ерекшеліктері мен мәнін түсіндіруді тереңдетеді.

«Құқық негіздері» оқу пәні құқық нормалары, заңдар мен нормативтік құқықтық актілер арқылы қамтамасыз етілетін процестерді бағалау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін білім алушылардың қажетті құқықтық ойлау дағдысын дамытуды қарастырады. Аталған оқу пәнінің аксиологиялық қызметі құқықтық сауаттылықты, құқықтық сана-сезім құндылықтарын қалыптастыруға негізделген.

«Құқық негіздері» пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

– әлеуметтік және құқықтық нормалар жүйесі: адам құқығы, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, заңдылық және құқықтық тәртіп туралы білімдерін тереңдету және кеңейту;

– қазақстандық құқық пен халықаралық құқықтың базалық салаларының негізгі түсініктері мен мазмұны туралы білімдерін дамыту;

– құқыққа деген оң көзқарасты қалыптастыру және заңдарды білу мен орындаудың әлеуметтік пайдалылығын түсіну;

– қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық құндылықтар, гуманизм мен әділеттілік негізінде тұлғаның құқықтық санасын қалыптастыру;

– оқу және тәжірибелік іс-әрекетте құқықтық ақпаратты табу, талдау және қолдану дағдыларын қалыптастыру;

– әртүрлі өмірлік жағдайларда құқықтық нормаларға сәйкес іс-әрекеттерді таңдау кезінде құқықтық білім мен дағдыларды қолдана алу біліктерін дамыту;

– қоғамдағы құқықтық қатынастармен байланысты практикалық жағдаяттарды сын тұрғысынан талдау және бағалау дағдыларын дамыту;

– қазіргі уақыттағы өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелерге қатысты пікірталасқа қатысу дағдыларын дамыту.

«Құқық негіздері» пәні бойынша оқу жүктемесі қоғамдық-гуманитарлық бағытта:

– 10- сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылына 102 сағатты;

жаратылыстану -математикалық бағытта:

– 10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты қамтиды.

Тұлғаның танымдық белсенділігін, шығармашылық, жобалық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін *қоғамдық-гуманитарлық бағытта* әр тақырыптық бөлімнен кейін келесі зерттеу жұмысы тақырыптары берілген:

✓ Мемлекет және құқық формаларының эволюциясы;

✓ Жария құқық салалары ерекшеліктерінің сипаттамасы;

✓ Жеке құқық – адамның табиғи құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуының кепілдігі;

✓ Құқыққа қатысты процестер қадамдарының сипаттамасы;

✓ Адам құқықтарын қорғау жөніндегі қазіргі заманғы халықаралық ұйымдар.

Сондықтан *қоғамдық-гуманитарлық бағытта* осы тақырыптар көлемінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады. Зерттеу тақырыптары жалпылама берілген. Білім алушылар осы белгіленген тақырып шеңберінде түрлі мәселелерді қарастыра алады.

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде 84-кестеде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

84- кесте. «Құқық негіздері» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып	1	1	1	2

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы әдістемелік ерекшеліктер

10-сыныпта «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы» бөлімдерін қамтиды.

Бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында тарихты оқытуда – оқу мақсаттарын анықтау, оқыту мазмұнына сәйкес материалдарды саралау, оқытудың тиімді әдістерін дұрыс анықтау ұсынылады.

Оқу процесінде білім алушыны ынталы, қызығушылығы жоғары, дербес, сенімді, жауапты, талдау жасай алуға бағыттайтын оқытудың түрлі формалары ұсынылады:

- мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы білім алушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;
- білім алушыларды зерттеу және зерттеушілік жұмыстарын жүргізуге негізделген белсенді оқытуды ұйымдастыру;
- білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту;
- білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру;
- білім алушылардың жеке, жұптық, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыруды қолдану;
- оқу процесінде тарихи құжаттардың фрагменттерін талдау, ақпарат жинақтау және қорытынды жасау, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуды және т.б. талап ететін тапсырмаларды кеңінен қолдану;
- сабақта білім алушының біліміндегі кемшіліктерді уақытында анықтауға мүмкіндік беретін кері байланысты ұйымдастырудың әр түрлі әдістерін қолдану.

Жалпы орта білім беру деңгейінде білім алушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес талдау, бағалау, зерттеу және жоспарлау дағдыларын қалыптастыратын әдіс-тәсілдер мен тапсырмаларды қолдану ұсынылады. Мысалы, эссе және есеп жазу, салыстырмалы талдау жасау (SWOT, PEST, GAP талдаулары) және т.б.

Оқу бағдарламасының оқу мақсаттары мен тәсілдерін тиімді түрде жүзеге асыру үшін «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқыту процесін төмендегідей тарихи концептілер (түсініктер) негізінде ұйымдастыру

ұсынылады:

- өзгеріс пен сабақтастық;
- себеп пен салдар;
- дәлел;
- ұқсастық пен айырмашылық;
- маңыздылық;
- интерпретация.

Тарихи түсініктер негізінде оқыту тарихи оқиғалардың мағыналары мен маңыздылығын, үдерістер мен оқиғаларды «тез түсінуге» бағытталған, бұл пәннің мағынасын терең түсінуге көмектеседі.

Тарихи түсініктерге сүйене отырып, тарихи материалдарды талдауды жүзеге асыру ұсынылады. Нәтижесінде, білімалушылар тек қана пәндік материалды ғана емес, зерттеу процестері, дағдылар және біліктермен байланысты әдістерді игереді (материалдарды жинау мен реттеу әдістері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасау процесінде мәселені қоя білу білігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауы, зерттеу жоспарларын әзірлеу, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру).

Белгілі бір тарихи концептілерге негізделген оқыту нақты оқу материалының негізінде оқушылардың бойында тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай әдіс, зерттеуге негізделген оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

Мұғалімнің сабаққа арнайы әзірлейтін тапсырмалары келесі өлшемшарттарға сәйкес болуы қажет:

- түсінікті болуы;
- саралаудың ескерілуі;
- сын тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік беруі;
- проблемалық оқытуға негізделуі;
- бағалау мүмкіндіктерінің бар болуы тиіс.

Картамен жұмысты тиімді деңгейде күшейту қажет. Ол үшін тарихи карталар мазмұнын талдау бойынша тапсырмаларды пайдалану ұсынылады.

Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, презентация, интеллект карталар, диаграммалар жасауға тапсырмалар берген дұрыс.

Пәнді оқыту кезінде барлық сынып білім алушыларының жұмыс жасауы және үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін жеке, жұптық, топтық жұмыстарды ұйымдастыру ұсынылады. Оқыту процесін оңтайландыру мақсатында топтық жұмысты ұйымдастыру өте тиімді болып табылады. Топтық жұмысты ұйымдастыру кезінде әрбір білімалушының қабілеттері мен психологиялық ерекшеліктерін ескеру, олардың топтағы атқаратын негізгі міндеттерін анық түсіндіру қажет.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ұсынылатын сайттар: http://www.tarih-begalinka.kz; http://www.e-history.kz; http://bilimsite.kz/tarih/; http://testcenter.kz/entrants/for-ent/.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен ұсынылатын сайттар:

http://www.world-history.ru; http://historic.ru; http://historyatlas.narod.ru;

http://testcenter.kz/entrants/for-ent/.

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы әдістемелік ерекшеліктер

Оқу пәнінің білім мазмұны бес бөлімді қамтиды: «Мемлекет және құқық», «Жария құқық», «Жеке құқық», «Іс жүргізу құқығының негіздері», «Халықаралық құқық».

Бұл бөлімдер өз ішінде білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыруды көздейтін бөлімшелерден тұрады. Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен оқушыға келесі қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

«Құқық негіздері» пәнін оқытуда келесі педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану ұсынылады:

- оқу тапсырмаларын шешу барысында нормативтік құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйесін қолдану (http://adilet.zan.kz/; http://online.zakon.kz/);
- құқықтық нормалардың мазмұны мен мәнін түсіндіру және анықтау арқылы нормативтік құқықтық актілерді талдау;
- оқушылар проблемаларды анықтауда өз ойларын, пікірлерін айту, дәлелдеу, болжамды ұсыну, зерттеуді жоспарлау қабілеттерін дамытатын ынталандырушы-проблемалық құқықтық ситуациялық жағдаяттарды (кейс-стади) зерттеу.

«Құқық негіздері» пәнін оқыту процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдысын дамыту үшін жағдайлар жасалуы қажет, соның ішінде ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру.

Құқық негіздері» пәнін оқыту барысында АКТ-ны қолдану мүмкіндіктері:

- құқықтық деректермен жұмыс жасау: оларды іздеу, сұрыптау және интерпретациялауға байланысты өзіндік жұмыс жасау дағдыларын дамыту;
- оқушылардың білімдерін кеңейту үшін мультимедиялық ресурстарды пайдалану;
- белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдау үшін интерактивті тақталарды пайдалану;
- оқушылардың электронды оқулықтарды пайдалануы;
- компьютерлік презентациялардың түрлерін пайдалана отырып, таңдалған тақырыптар бойынша шығармашылық жобаларды жасау;
- оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуы үшін (пікір-талас өткізу және құқықтық мәселелерді талқылау) компьютерлік коммуникация құралдарын пайдалану (мысалы, онлайн-форумдар, конференциялар).

Тарих сабақтарын жоспарлау және ұйымдастыру барысында оқытудың тәрбиелік компонентіне ерекше назар аудару қажет. Материал мазмұны «Рухани жаңғыру» идеясына және «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламасына сай болуы қажет. Тарих және құқық негіздері пәндері бойынша рухани жаңғыру идеясы негіздерінің құндылықтарын оқыту мен тәрбиелеуде жүзеге асыру ұсынылады.

Рухани жаңғыру бағдарламасы материалдарын оқу тәрбие процесіне қолдануға арналған әдістемелік ұсынымдар академия сайтында орналастырылған: *(https://www.nao.kz /Білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету/ Қазақстан Республикасы Президентінің Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына арналған интерактивті сабақты өткізу бойынша әдістемелік ұсыным./*

Сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмыстары білім алушыларды қоғамдық өмірге бейімдейтін, жұмыс тәжірибесін жинақтайтын, жаңа жағдайдағы қарым-қатынасқа үйретететін, қызығушылықтар мен талаптарды іске асыратын әлеуметтік ортаның бір бөлігі болып табылады.

Тарих пәндері бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2019-2020 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады:

1. Ұшқыш-шабуылдаушы, Кеңес Одағының Батыры Нүркен Әбдіұлы Әбдіровтің **туғанына 100 жыл**. (1919 жыл.9 тамыз);

2. Мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың **туғанына 125 жыл**. (1894 жыл.26 желтоқсан);

3. Республикалық «Казахстанская правда» **газетінің шыққанына 100 жыл**. (1920 жыл.1 қаңтар);

4. ҚҒА Тұңғыш президенті, мемлекет және қоғам қайраткері Қаныш Сәтбаевтың туғанына 120 жыл

5. Кеңес Одағының Батыры, «Ленин» ордені мен бірқатар медальдардың иегері Сұлтан Біржанұлы Баймағамбетовтың **туғанына 100 жыл.** (1920 жыл.1 сәуір);

6.Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, ойшыл, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлының **туғанына** *175жыл. (*1845 жыл.10 тамыз)

7. Ұлы Отан соғысының жеңісіне 75 жыл;

8. Ұшқыш-шабуылдаушы, КСРО еңбек сіңірген әскери ұшқыш, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, «Ленин», төрт мәрте «Қызыл Ту», «Александр Невский», I дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендері мен бірқатар медальдардың иегері Леонид Игнатьевич Беданың туғанына 100 жыл. (1920 жыл.16 тамыз);

9.Кеңес Одағының Батыры, «Ленин» ордені мен бірқатар медальдардың иегері Төлеген Тоқтаровтың **туғанына 100 жыл**. (1920 жыл.19 желтоқсан).

«Өзін-өзі тану» оқу пәні

«Өзін-өзі тану» пәнінің 10-сыныптағы базалық мазмұны төрт негізгі тарауды қамтиды: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: аптасына 1 сағат, бір жылға 34 сағат.

Адамгершілік-рухани білім беру ерекшеліктеріне сәйкес сандық бағалау емес, сапалық бағалау маңызды, сондықтан әр жартыжылдық қорытындысы бойынша «сынақ» деген баға қойылады. Оқушы бағдарламада көрсетілген

білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптардың барлығын және ұзақмерзімді жобаны орындаса, оған «сынақ» деген баға қойылады.

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Дене шынықтыру» білім саласы бойынша «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндері оқытылады.

«Дене шынықтыру» оқу пәні

«Дене шынықтыру» пән ретінде жалпы білім беретін мектепте маңызды рөл атқарып, оқушының жалпыадамзаттық мәдениет саласында өзін-өзі белсенді шығармашылық көрсетуге дайын тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Оқу пәннің мақсаты: оқушылардың бойында өз денсаулығына қамқорлықпен қарауға қажеттілікті қалыптастыру, дененің физикалық және психикалық қасиеттерді жүйелі дамыту, салауатты өмір салтын ұйымдастыруда дене шынықтыру құралдарын шығармашылық тұрғыдан қолдану.

Оқу пәннің міндеттері:

1) денсаулықты нығайту, негізгі дененің физикалық сапаларын дамыту және ағзаның қызмет ету мүмкіндіктерін арттыру; базалық спорт түрлерінің техникалық-тактикалық әрекеттерін жетілдіру;

2) өз денсаулығына қамқорлықпен қарау, оны нығайту және сақтау қажеттіліктерін тәрбиелеу;

3) дене шынықтыру және спорттың пайда болу тарихы мен даму ерекшеліктері, салауатты өмір салтын дамытудағы рөлі туралы білім деңгейлерін игеру;

4) оқу және жарыс кезіндегі ұжымдық қарым-қатынас пен ынтымақтастықты орындау және жеке тұлғаның оң қасиеттерін тәрбиелеу.

Оқу бағдарламаның құрылымы мен мазмұны екі бөлімнен тұрады:

1) «Дене шынықтыру туралы білім» (ақпараттық компонент);

2) «Денені жетілдіру және шеберлік» (әрекеттік компонент).

«Дене шынықтыру туралы білім» бөлімінің мазмұны адамның таным белсенділігінің дамуы туралы негізгі түсініктеріне сәйкес:

1) «Қазақстандағы спорт пен дене шынықтырудың даму тарихы»;

2) «Қазіргі қоғамдағы спорт және дене шынықтыру»;

3) «Адамның дене мәдениеті» тақырыптарын қамтиды.

«Дене шынықтыру туралы білім» бөлімде Қазақстандағы спорт пен дене шынықтыруды дамытудың, республикадағы ұлттық спорт түрлерінің қалыптасуы, қазіргі қоғамдағы дене шынықтыруды дамытудың негізгі бағыттары, белсенді демалысты ұйымдастыру жолдары және дене шынықтыру құралдарының көмегімен адам денсаулығын нығайту тәсілдері туралы мәліметтер енгізілген. Бұл бөлімде дене және спорттық дайындықтардың негізгі түсініктері, өз бетімен дене шынықтыру жаттығуларымен айналысуды ұйымдастыру мен өткізу ерекшеліктері жан-жақты ашылып көрсетілген және қауіпсіздік техникасын қадағалау мен талап етудің ережелері берілген.

«Денені жетілдіру және шеберлік» бөлімі білім алушылардың дене шынықтыру және тактикалық даярлықтарын шыңдауға бағытталған және аталған бөлімде арнайы дене дайындығы құралдары туралы ақпараттар берілген. Бағдарламада арнайы құралдар ретінде қолданбалы маңызға ие болатын базалық спорт түрлерінің (гимнастика негіздері, жеңіл атлетика, спорт ойындары, шаңғы және жүзу) дене жаттығулары мен қимыл-қозғалыс әрекеттері ұсынылады.

Вариативті компонент дене шынықтыру мұғалімі спорттық ойындарды тереңдетіп оқыту мақсатында оқытудың заманауи әдістері мен педагогикалық технологияларын қолдануға және енгізуге бағдарлайды. Вариативті компонентті нақты білім беру ұйымы, материалдық базасы мен өңірдің орналасу ерекшеліктерін, білім алушының қызығушылықтарын және оқытушылар ұжымының мүмкіндіктерін ескере отырып дене шынықтыру мұғалімі әзірлейді.

Бағдарлама талаптарына және әрбір білім алушының жеке мүмкіндіктері мен жыныстық даму ерекшеліктерін бағамдай отырып, мұғалім өздігінен жеке талаптар қойып (қорытынды тапсырмалар), талаптардың өзіндік шкаласын құруына және сол бойынша білім алушылардың жылдық үлгерімдерін бағалауына болады. Бұл тәсілді қолдану дене шынықтыру мұғаліміне оқыту-үйретудің барлық кезеңдерінде оқушылардың даму деңгейлерінің жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ үлгерімдерін шынайы бағалауға мүмкіндік береді. «Дене шынықтыру» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсан, жарты жылының және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

Бұл бағдарлама мектепте дененің шынығуы мен адамгершілікке тәрбиелеудің кешенді жүйесін құрайтын дене шынықтырудың барлық негізгі нысандарының мазмұнын қамтиды және бұл міндеттерді барлық оқу жылында рет-ретімен шешуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың белсенділігін арттыруға (спорт және қозғалмалы ойындар санын кеңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған.

Орта білім (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім) берудің Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес бағдарламада білім алушыларды гендерлік қағидат бойынша дене шынықтыру сабағын (қалалық жерде – әрбір топта 8-ден кем емес ұлдар (немесе қыздар), ал ауылдық жерде – 5-тен кем емес ұлдар (немесе қыздар) болғанда) жеке оқыту қарастырылған. Оны оқу процесін ұйымдастырған кезде ескеру қажет.

«Дене шынықтыру» оқу пәнінің мазмұны. 10-сынып.

Төменде 85-кестеде «Бағдарламаның бөлімдерінің жылдық сағаттар санын тоқсандарға бөлу» бойынша тақырыптық жоспар берілген.

85-кесте. Оқу бағдарламаларының бөлімдері бойынша сағат санын бөлу

Бағдарлама бөлімдері	**Бағдарлама бөлімдері**	**Оқу тоқсандары. Сағаттар саны**				
		1	**2**	**3**	**4**	**Σ**

Базалық	1. Жеңіл атлетика	7	-	-	7	14
	2. Спорт ойындары	15	8	15	7	45
	Футбол	*8*	-	-	*7*	*15*
	Баскетбол	-	*8*	*7*	-	*15*
	Волейбол	*7*	-	*8*	-	*15*
	3. Гимнастика	-	9	-	-	9
	4. Шаңғы дайындығы*	-	-	10	-	10
	5. Жүзу**	-	-	-	6	6
	Базалық компонент бойынша сағаттар саны:	22	17	25	20	84
Вариативті	Вариативті бөлім нақты спорттық ойындарды тереңдетіп оқытуда білім беру ұйымдары футболды, волейболды, немесе баскетболды таңдауы арқылы жүзеге асырылады	4	5	5	4	18
Оқу жылы бойынша сағаттар саны:		**26**	**22**	**30**	24	102

Ескерту:

*– Қарсыз аудандарда шаңғы дайындығы сабақтарының орнына жалпы төзімділікті дамытуға сауықтыру жүгіру сабақтары мен басқа да аэробты жүктеме жаттығуларын қолдану ұсынылады.

**– Жүзу сабағын өткізу мүмкін болмаған жағдайда, бағдарламаның жүзу бөлімін іске асыруға арналған уақытты спорттық дағдыларын жетілдіру үшін, мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен оның орнына дене шынықтырудың спорттық ойын түрлерін қолдану ұсынылады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсан, жарты жылының және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

Сабақтың, сабақтан тыс және сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2019-2020 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

«Дене шынықтыру» пәні сабақтарын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әдістемелік құралдар әзірлеп, орталықтың сайтына (www.nnpcfk.kz) және академия сайтына орналастырылған (nao.kz).

Дене шынықтыру пәнінің оқу жүктемесі:

10-сынып – аптасына 3 сағат, жылына барлығы – 102 сағатты құрайды.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу

жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні – білім алушыларды отаншылдық рухпен Отанды қорғауға дайын болуға тәрбиелеуге баса назар аударады. Бұл бағдарлама білім алушыларды әскери қызметтің дағдыларын меңгеруімен қоса төтенше жағдайларда адамның өмір қауіпсіздік әрекеті мен әскери іс негіздерінен білім беруге бағытталған.

Жалпы білім беретін мектептің 10-11-сыныптарында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқыту ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен, ҚР БҒМ 2017 жылғы «27» шілдедегі 207-қосымша № 352 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты жастарға ұйымдастыру және өткізу үшін негіз болып табылады:

1. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңы.

2. «Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидасы туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 606 бұйрығының ***күші жойылды, оны*** Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығымен ***ауыстыру қажет*** (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 20 қыркүйекте № 15725 болып тіркелген).

3. «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық теориялық және практикалық сабақтарда іске асырылады: теориялық сабақтарды оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдар мен инновациялық әдістерін қолдана отырып, әңгімелесу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі. Практикалық сабақтар оқулықты, қару және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып, оқу материалын игеруге бағытталады.

Оқу пәнінің *мақсаты* – білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту.

Пәнді оқытудың негізгі *міндеттері:*

1) әскери анттың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларының негізгі талаптары туралы білімін қалыптастыру;

2) әскери бөлімдердің қару-жарағы мен әскери техникасы, жеке құрамның өмірі мен орналасуымен таныстыру;

3) қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды ақпараттық технологияны пайдалана отырып робототехникада, дөңгелекті машиналарды жүргізудің негіздері және төтенше жағдайда адам өмірі қауіпсіздігі негіздерінде қалыптастыру;

4) жастарға қазақстандық патриотизм мен Отанына деген адалдық сезімін дарытуға тәрбиелеу;

5) әскери істерге байланысты мамандық кәсібіне оң көз-қараста тәрбиелеу.

Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық-қорғаныс сауықтыру лагерьлерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10-сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі бес күндік оқу-далалық (лагерьлік) жиыны өткізіледі.

Оқу-дала жиыны курсы алғашқы әскери және технологиялық дайындық бағдарламасының міндетті кезеңі болып табылады. Ол жергілікті атқару органдарымен бірлесіп ұйымдастырылады және білім беру ұйымдарының оқу сағаттарымен қамтамасыз етіледі.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу нәтижелерін бағалау үшін ауызша сұрақ қою, жазба жұмыстың және практикалық жаттығулар бақылауын қолдану арқылы жүзеге асырады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің базалық мазмұны. 10-сынып.

«Кіріспе сабағы» бөлімі: білім алушыларға «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәніне оқыту мақсат-міндеттері мен мазмұнын; «Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштер туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Азаматтық қорғану», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, «Алғашқы әскери дайындық пәнін жүргізу және ұйымдастыру» және оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 606 бұйрығы (***күші жойылды, оны*** Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығымен ***ауыстыру қажет*** (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 20 қыркүйекте № 15725 болып тіркелген).

«Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін қамтиды.

Бөлімдер:

1. «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі».

2. «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары».

3. «Тактикалық дайындық».

4. «Атыс дайындығы».

5. «Саптық дайындық».

6. «Әскери топография».

7. «Әскери роботты техникалардың негіздері».

8. «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері».

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабағына білім алушылар білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекітіліп белгіленген киім үлгісінде қатысуы тиіс. Қару макеттері және өзге де әскери-техникалық құралдармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі білім беру ұйымдарының есебінен іске асырылады.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушы әскери істі оқыту процесінде жастардың бойында азаматтық таным, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғау, әскери қызметке деген саналы жауапкершілікті қалыптастыруға тәрбиелеу мен оқытудың басты міндеттерін шешеді.

Әр сабақ сайын білім алушылар әскери анттың рөлі мен маңызын түсінулеріне, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, оның дәстүрлері мен әскер түрлерінде қызмет ету ерекшеліктеріне, әскери мамандыққа деген қызығушылықтарын дамытып, білім алушылардың әскери білім алуларына деген ұмтылыстарын ынталандыру керек. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғылары – бұл Қарулы Күштердің тұрмыс-тіршіліктерін реттестіретін заңдар жиынтығы, ал жарғы талаптарын орындау – әрбір әскери қызметкердің міндеті екендігін түсіндіру қажет.

«Әскери роботты техникалардың негіздері» бөлімі: Әскери роботты техникалардың негіздері – Роботтар туралы жалпы мәліметтер. Роботтарды әскери істе пайдалануды. Роботтарды басқару алгоритмі – Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау. Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдерін. Роботтарға арналған тапсырмалар – Роботтардың атқара алатын қызметтері. Жекелеген тактикалық міндеттерді шешу: жергілікті жерлерде бағдарлау, роботтардың қиын жағдайларда қызмет ету тәртібін қамтиды.

«Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері» бөлімінде – азаматтық қорғау және медициналық білім негіздері сабағында білім алушылар Қазақстан Республикасының халқын бейбіт және соғыс кезіндегі табиғи апаттарда, ірі апаттарда, қасірет пен террористік актіде атқарылатын іс-шаралармен таныстырады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Сабақтың, сабақтан тыс және сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2019-2020 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес (ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығы) «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат, сондай-ақ далалық оқу жиынына (лагерьлік) вариативті бөлімнен 30 сағат қарастырылған.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық

Жалпы орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) әскери іс, белгілеуді, ұйымдастыру құрылымын, штаттық қаруландыруды және техниканы, төменгі тактикалық буын бөлімшесінің мүмкіндіктерін, бағдарлау құралдарын қолдануды, робототехника және IT-технология негіздерін, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысын ұйымдастыруды; қазіргі заманғы зақымдау құралдарын қолданғанда, террористік қауіп-қатерді және табиғи апатты хабарлау жүйесін және әрекет ету тәртібін; табиғи апаттардың сипаттарын, зақымдау ошақтарында құтқару және апаттан кейінгі қалпына келтіру жұмыстарын шұғыл ұйымдастыруды; штаттық қаруды, қорғанудың дербес және ұжымдық құралдарының, радиобелсенді және химиялық бақылау құрылғыларының атқаратын қызметін, құрылысы мен қолдану тәртібін, сондай-ақ, тұрғындарды эвакуациялауды, жергілікті жерде орналастыруды ұйымдастыру және өткізу тәртібін; алғашқы медициналық көмектің міндеттері мен түрлерін, жолда жүру ережесін біледі;

2) әскери іс, робототехника және IT-технология негіздерін, ядролық, химиялық, биологиялық (бактериологиялық) қарулардың және басқа да адамдарды зақымдаудың қазіргі заманғы құралдарының әсер ету ерекшеліктерін, оларды қолданған кезде шаруашылық нысандарына, қоршаған ортаға және экологияға тигізетін әсерін; табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың салдары мен келтіруі мүмкін экономикалық және экологиялық шығынын түсінеді;

3) орын алған әртүрлі жағдаятта ұрыс алаңында сарбаздың рөлінде, радиациялық және химиялық бақылау жүргізу бекетінің құрамында барлаушы ретінде әрекет етуді; штаттық қаруды, жеке және ұжымдық қорғану құралдарын, жараланғанда, қан кеткенде, күйік шалғанда және үсік шалғанда, күн өткенде, электрлі жарақат алғанда, суға батқанда алғашқы медициналық көмек көрсетуді; дененің түрлі бөліктері жараланғанда байлап, таңуды; дененің түрлі бөліктерінде сынықтың ашық және жабық түрі бойынша алғашқы медициналық көмек көрсетуді; интернет байланысты, аудио-визуалды технологияларды пайдаланады, робототехника дағдыларын меңгереді, сандық фото және бейне жабдықтарды қолданады;

4) зақымдаудың қазіргі заманғы құралдарын қолданғанда туындауы

мүмкін тосын жағдайды; табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайдың салдарын талдайды;

5) зақымдаудың қазіргі заманғы қаруын қолданғанда туындауы мүмкін тосын жағдайда әрекет ету алгоритмін; табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдай туындағанда әрекет ету алгоритмін жинақтайды;

6) қабылданған шешімнің салдарын бағалайды.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні

2019-2020 оқу жылы апробациясының қорытындысы бойынша жаңа оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінің 10-сыныптарында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні енгізіледі. Оқу пәні инвариантты компоненттің стандартты деңгейіндегі таңдау пәні болып табылады. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін оқыту Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асыралады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні кәсіпкерлік саласының негізгі ұғымдары мен заңдарын зерделеуге, білім алушылардың іскерлік ойлауын қалыптастыруға, белсенді өмірлік ұстанымды таңдауға, қазіргі жағдайда болашақта өз бетінше өмір сүруге арналған дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Оқу материалының мазмұны оқу процесінің геймификациясы (ойын техникасы) принциптеріне және кейстік жұмысқа негізделген.

Геймификацияны (ойын техникасын) кеңінен қолдану материалды түсінуді жеңілдетіп қана қоймай, сондай-ақ келешекте шынайы жағдайларға лайықтауға болатын алғашқы пайдалы дағдыларды қалыптастыруға бейімделген.

Кейстік (ситуациялық) оқыту әдісі бір жағдайға стандартты емес тәсілдемелерді қолданып креативтілік танытуға шынайы мүмкіндік береді.

Оқу пәнінің мазмұны логикалық модульдерге және төрт тоқсанға бөлінген.

«Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік» атты 1-бөлім білім алушыларды «Кәсіпкерлік және бизнес» пәнімен, қажетті терминологиямен таныстырады, экономика және тұлға құзыреттілігі призмасы арқылы кәсіпкерлік мәнін қарастырады, кәсіпкерлікті бизнес терминінен ажыратуды үйретеді.

«Замануи жағдайлардағы кәсіпкерлік» атты 2-бөлім білім алушыларды кәсіпкерліктің әр түрлі формаларымен таныстырып, заманауи кәсіпкерлікте қандай инновациялар мен трендтер бар екенін және өз ісін ашу үшін қандай қадамдар жасау керектігін біледі, стартап ұғымдарымен, бизнес-модельдерімен және стартап идеологиясымен танысады. Бұл бөлімде білім алушылар бәсекелестіктің не екенін және бәсекелестік стратегияларының түрлерін, баға қалыптастыру құрылымын сипаттауды, баға саясатының мәнін түсінуді және баға стратегияларын ажыратуды үйренеді.

«Әрекеттегі маркетинг» атты бөлім FMCG секторының нақты жұмыс істеп тұрған отандық тауар өндірушілері негізінде тауарларды жылжыту

маркетингін зерделеуді қарастырады. Оқушылардың біріккен топтары нақты өндірушіні және оның сызығынан белгілі бір өнімді таңдайды. Алынған білім мен дағдыларды қолдана отырып, оқушылар жаңа тауарларды игеру немесе көлемін арттыру мақсатында өнімді баламалы жылжыту бойынша креативті идеяларды қалыптастырады.

4-бөлім «Ойлау дизайны» бизнес-шешімдерді іздеуге клиентке бағытталған дизайн-ойлау сияқты тәсілдің ерекшеліктерін қарастырады. Тоқсанның басында мұғалім ұсынған тізімнен бизнес-мәселені таңдап, оқушы дизайн-ойлау әдіснамасын: эмпатияны, талдау мен синтезді, идеяларды генерациялауды, прототиптеу мен тестілеуді қолдана отырып бүкіл тоқсан бойы жұмыс жасайды. Оқушылар өндірушілермен өзара іс-әрекет жасауда және жобалау жұмыстарын орындауда нақты тәжірибе алады. Өндіруші үшін бұл әр жылдың көктемгі үш айында ақпараттың өрлеуі және өнімдерінің бүкіл Қазақстан бойынша тегін жарнамалануы. Мемлекет экономикасы үшін - бұл отандық өндірушіні қолдау.

Тоқсандағы бөлімдер бойынша және бөлімдер ішінде сағаттарды бөлуді мұғалімнің қалауына қарай өзгертуге болады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. Қалыптастырушы бағалау пәнді оқу барысында білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг өткізу мақсатында және оқу процесінде оларға қолдау көрсету үшін жүргізіледі.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқу жетістіктерін бағалау ауызша, жазбаша жұмыстары мен практикалық жаттығуларды, бақылау жұмыстарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Әрбір тоқсан және оқу жылының қорытындысы бойынша сынып журналына «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі 10 сыныпта аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Назар аударыңыз!

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасы оны әртүрлі мамандықтар бойынша дипломы бар мұғалімдер жүргізе алатындай етіп жасалған, бірақ осы оқу пәнін оқыту үшін мұғалімдерге тиісті сертификат ала отырып, біліктілікті арттыру курстарынан өту ұсынылады.

«Графика және жобалау» оқу пәні

«Графика және жобалау» оқу пәні жаратылыстану-математикалық бағыттағы стандартты деңгейдегі пәндерге жатады және білім алушылардың

графикалық және жобалық қызметін қалыптастыруға, олардың зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

«Графика және жобалау» оқу пәнінің жалпы білім беру және дамыту функциялары материалдық, жазықтықтағы (қағаздағы) көрінетін объектілер, ал графикалық визуализацияға зияткерлік қабілеттілікті қалыптастыру мен дамытуда, өз қызметінің ұсынылатын (қиялданатын) нәтижелерінің кеңістіктік көрінісі.

Бұл айырмашылық оқушылардың өзіндік құрал, ойлау, таным, іздеу құралы ретінде графикалық бейнелерді құрастырудың әртүрлі тәсілдерін еркін меңгеруі болып табылады, содан кейін ғана ойды (ақпаратты) бекіту және беру құралы ретінде әрекет етеді.

Жобалау қызметінде кестені пайдалану жалпы графикалық мәдениетті қалыптастыруға, сондай-ақ олардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Жобалық және графикалық қызметте шығармашылық ойлаудың көптеген негізгі компоненттері қалыптасады: мәселені визуализациялау қабілеті, эвристикалық іздеу тәсілдерін меңгеру, геометриялық-графикалық модельдеу, әртүрлі салалардағы графикалық бейнені түрлендіру.

Білім алушылардың графикалық және жобалық мәдениеті – бұл өз жобалау-зерттеу қызметінде қол (аспаптық) және компьютерлік графиканың мүмкіндіктерін пайдалану білімі, біліктілігі және дайындығы.

«Графика және жобалау» оқу пәнін оқытудың білім беру мақсаттары жаңа білім беру стандартында күтілетін нәтижелер жүйесі түрінде берілген.

Олар «Графика және жобалау» оқу пәнін оқытудың негізгі мақсаттарында жалпыланған - ***графикалық кескіндер теориясының негіздерін оқу және геометриялық-графикалық модельдеу әдістерін меңгеру, білім алушылардың жобалау шығармашылық қызметін, олардың графикалық мәдениетін қалыптастыру және дамыту.***

Олар сондай-ақ «Графика және жобалау» пәнінің оқу бағдарламасын, оқулық пен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу негізіне алынды.

Оқу бағдарламасын құрастыру кезінде оқу үдерісін ұйымдастырудың логикасын анықтайтын графикалық іс-әрекеттің негізгі тәсілдері көрсетілген. Олар:

- бейнелерді репродукциялау (сурет масштабын өзгерту);
- бейнелерді қайта құру (ішінара бейнелер бойынша объектінің бейнесін қалпына келтіру);
- суреттерді түрлендіру (проекциялау әдістерін өзгертумен);
- бейнелердің түрі мен құрамын өзгерту (бейнелерді ауыстыру);
- заттарды бейнелер бойынша түрлендіру (пішіні мен кеңістіктік орналасуын өзгерту);
- графикалық модельдеу (графикалық құрастыру, жобалау).

Графикалық іс-әрекеттің белгіленген негізгі (өзекті) тәсілдері оқу барысында оларға бірнеше рет қолдануға және оқу бағдарламасын ***спираль тәрізді құру принципін*** қолдануға мүмкіндік береді.

Графикалық білім мазмұнын жаңартумен қатар білім алушылардың нақты

қол жеткізген нәтижелерін күтілетін оқу нәтижелерімен салыстыру мақсатында «Графика және жобалау» пәні бойынша білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесі енгізіледі. Білім алушылардың оқу жетістіктерін осындай бағалауда әртүрлі бейнелерді қолдану және түрлендіру бойынша графикалық қызметтің барлық түрлерінің нәтижелілігі, сондай-ақ олардың жеке қасиеттері мен тұлғалық ерекшеліктерінің көрінісі ескерілуі керек.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін ***формативті бағалау*** әртүрлі жағдайларда бейнелерді түрлендіру бойынша графикалық іс-әрекеттің негізгі тәсілдерін меңгеру деңгейін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Мұғалім оқу қызметінің негізгі нәтижелерін ескере отырып, білім алушыға қолдау көрсету үшін бағалау критерийлері мен оқу тапсырмаларын дербес әзірлей алады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеу құзыреттілікті қалыптастыру үшін арнайы әзірленген тапсырмалар жүйесінің (жобалық қызмет элементтері бар шығармашылық графикалық есептер) көмегімен жүзеге асырылуы тиіс.

«Графика және жобалау» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. Жартыжылдықтың және оқу жылының соңында «Графика және жобалау» пәні бойынша «есептелді» («есептелінген жоқ») қойылады.

«Графика және жобалау» оқу пәнінің білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ***негізгі әдістемелік талаптар***:

- білім алушылардың қолданбалы, шығармашылық графикалық есептерді шешу үшін суреттер теориясы бойынша білімді меңгеру беріктігі;
- бейнелік (кеңістіктік), логикалық, абстрактілі және шығармашылық ойлауды дамыту үшін графикалық есептердің әртүрлі жоспарлы жүйелерін қолдану;
- білім алушылардың зияткерлік қызметін белсендіру үшін әртүрлі графикалық іс-әрекет түрлерін кезектестіру (қабылдау, салыстыру, қайта құру және бейнелерді түрлендіру);
- білім алушылардың кеңістіктік ойлауын дамытудың белсенді құралы ретінде графикалық модельдеу, ойша эксперименттеу әдісін сабақта үнемі қолдану;
- білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметінде графикалық бағдарламалық құралдарды кеңінен қолдану.

10-11-сыныптарда «Графика және жобалау» жаңа оқу пәнінің енгізілуімен білім алушылардың жалпы графикалық дайындық деңгейіне және білімділігіне ғана емес, олардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға жоғары талаптар қойылады.

«Графика және жобалау» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Графика және жобалау» пәні бойынша жарты жылдықтың және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

«Графика және жобалау» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2019-2020 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

«Графика және жобалау» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Назар аударыңыз!

«Графика және жобалау» пәнін «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша дипломы бар мұғалімдер жүргізе алады. Мамандық алғандағы оқыған пәндер тізімі «Графика және жобалау» оқу пәнін оқыту үшін арнайы диплом талап етілмейтіндігін куәландырады.

Осы оқу пәнін оқыту үшін тиісті сертификатты ала отырып, біліктілікті арттыру курстарынан өту ұсынылады

5.2 2012 ЖЫЛҒЫ МЖМБС ЖӘНЕ 2013 ЖЫЛЫ ЕНГІЗІЛГЕН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚИТЫН 11-СЫНЫПТАРДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Тіл және әдебиет» білім саласында келесі пәндер оқытылады: «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс әдебиеті», «Ана тілі», «Ұйғыр/өзбек/тәжік әдебиеті», «Шетел тілі».

«Қазақ тілі» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі және Қазақстандағы мемлекеттік тіл мәртебесіндегі өзара қарым-қатынас құралы.

Қазақ тілі қазақстандық қоғам мен қазақ тілін ана тілі ретінде қолданатын әрбір жеке тұлға өмірінде бірегей қызмет атқарады. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік және қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқыту тілдің қоғамдағы маңызды қызметі мен рөлін саналы түрде түсінуге, тілдің табиғатын ғылыми танымдық тұрғыдан түсініп меңгеруге, тілдік бірліктердің функционалдық қасиеттерін саналы түрде қолдануға дағдыландырады.

11-сыныпта оқу процесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген *(ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығымен өзгерістермен толықтырулар енгізілген*):

- жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы;
- жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы қолданылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің оқу бағдарламалары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтына орналастырылған (https://www.nao.kz/Білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету/ Оқу

бағдарламалары/11-жылдық мектептің негізгі орта білім беру оқу бағдарламалары (Қазақ тілі. Қазақ әдебиеті).

Пән бойынша оқу жүктемесі:

- *қоғамдық-гуманитарлық бағыт:*

11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

- *жаратылыстану-математикалық бағыт:*

11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

Әрбір тоқсанда алынатын жазба жұмысының (диктант) саны сол сыныптағы апталық сағат санымен сәйкес келуі керек.

Қазақ тіліндегі жазба жұмыстарының негізгі мақсаты – дұрыс, сауатты жазуға, оқушының ауызша және жазбаша ойын, грамматикасын және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету. Мұғалім білім алушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білуге, тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйретіп, көркем әдебиетті көп оқуға бағыт беріп, оның үлгісін көрсетіп отыруы тиіс. Әр мұғалім жазба жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол білім алушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, білгенін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасау болып табылады.

Жазба жұмысына *(диктант)* қойылатын талаптар еш өзгеріссіз қалдырылды, қажет болған жағдайда, өткен оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттан қарауға болады.

Төмендегі 86-кестеде 11- сыныпта ұсынылатын жазба жұмысының (диктант) саны келтірілген.

86-кесте. 11- сыныпта ұсынылатын жазба жұмысының (диктант) саны

Сынып	Жазба жұмыстарының түрі	Оқу тоқсандары				Барлығы
		I	II	III	IY	
Қоғамдық-гуманитарлық бағыты						
11	диктант	2	2	2	2	8
Жаратылыстану-математикалық бағыты						
11	диктант	1	1	1	1	4

Диктантты бағалау төмендегі өлшемдерге негізделеді:

- «5» деген баға еш қатесі жоқ немесе орфографиялық жеңіл 1 қатеге (1/0) немесе тыныс белгісінен 1 қатесі (0/1);

- «4» деген баға емледен 3, тыныс белгісінен 3 қатесі (3/3) бар немесе емледен 2, тыныс белгісінен 4 (2/4), емледен 1, тыныс белгісінен 5 қатесі (1/5) бар, емледен бір типті 4 қатесі(4/0);

- «3» деген баға емледен 6, тыныс белгісінен 5 қатесі (6/5) бар немесе емледен 5, тыныс белгісінен 6 қате (5/6) бар немесе емледен 3, тыныс белгісінен 8 қатесі (3/8);

- «2» деген баға емледен 9, тыныс белгісінен 5 қатесі (9/5) бар немесе емледен 8, тыныс белгісінен 9 қатесі (8/9).

«Қазақ тілі» пәні бойынша дәптермен жұмыс жасау тәртібі, талаптары мен ережелері еш өзгеріссіз қалды, қажет болған жағдайда, өткен оқу жылына

арналған Әдістемелік нұсқау хаттан қарауға болады.

«Русский язык» оқу пәні (оқыту орыс тілінде)

Цель обучения учебному предмету «Русский язык» – воспитание творчески активной личности путем формирования языковой, речевой, коммуникативной компетенций на основе:

– освоения описательной и функциональной языковой системы, норм употребления средствразных уровней, активизации последних в продуктивной речевой деятельности, обогащения словарного запаса и синтаксического строя речи;

– овладения законами построения связного высказывания, общей культурой общения, механизмами совершенствования речи и творческого использования языка.

Данная цель определена потребностью общества в повышении функциональной грамотности подрастающего поколения для обеспечения его конкурентоспособности и активной социальной профессиональной деятельности в современном мире.

Учебный предмет «Русский язык» должен быть направлен на развитие и совершенствование устной и письменной речи, повышение культуры речи и формирование речевого этикета, ораторского мастерства. На комплексной основе предполагается повторение и обобщение сведений о фонетике и графике, орфоэпии, орфографии, лексике и фразеологии, морфемике и словообразовании, морфологии, синтаксисе, пунктуации, риторике, функционировании языковых единиц в текстах различных типов, стилей, жанров с учетом этнокультурного компонента и национально-культурной специфики языка в контексте диалога культур.

Необходимо усилить работу с текстом как источником информации: развитие умений выделения главной и второстепенной, явной и скрытой, текстовой и внетекстовой информации, лаконичной презентации информации и выступления перед публикой, изложения собственной точки зрения, аргументации собственной позиции в устной (в дискуссиях, дебатах, докладе и др.) и письменной (эссе, сочинение и другие) формах.

Организация учебного процесса при ориентации на развитие критического мышления предполагает равноправное взаимодействие субъектов обучения, диалогические отношения между ними, возможность высказывать свои суждения, рассчитывая быть услышанным, выслушивать, понимать и принимать другие мнения, выстраивать систему аргументов в защиту своей позиции, сопоставлять разные позиции, участвуя в дискуссии.

При изучении учебного предмета «Русский язык» развитие критического мышления должно быть связано, в первую очередь, с работой с текстом. При этом необходимо объединение приемов учебной работы по видам учебной деятельности в зависимости от характера текста (текст информационный или художественный) и способа работы с ним (чтение готового текста или создание письменного текста).

Необходимо развивать такие читательские умения, как нахождение

информации, заданной в явном виде; формулирование выводов; интерпретация и обобщение информации; анализ и оценка содержания языковых особенностей и структуры текста.

Профилизация обучения по двум направлениям осуществляется в основном за счет профильноориентированных текстов, также в классах общественно-гуманитарного направления большое внимание уделяется освоению языковедческих понятий и комплексному анализу текста.

При изучении любого языкового явления необходимо опираться на его семантическую характеристику и функциональные особенности, что способствует развитию у обучающихся чувства языка, потребности совершенствовать свою речь. Следует уделять больше внимания учебным заданиям по изучению законов построения текста, обнаружению языковых (лексических, морфологических, синтаксических) неправильностей, орфографическому, пунктуационному, стилистическому и жанровому анализу текста, редактированию, трансформации, созданию текстов.

При изучении предмета «Русский язык» необходимо использовать различные формы коллективной и индивидуальной работы, обсуждение проблемных вопросов, решение лингвистических задач, выполнение разных развивающих языковых заданий, составление докладов, выступлений, рефератов с использованием электронных энциклопедий и Интернет-источников; подготовку коллективных проектов, их презентации; выпуск школьных газет; участие в научно-практических конференциях; участие в Интернет-олимпиадах, конкурсах по русскому языку.

При отборе текстового материала необходимо усилить воспитательный компонент содержания образования. Тексты должны быть отобраны с учетом этнокультурного компонента (сведения о национально-культурной специфике русского языка, культуре русского, казахского народов и других народов, проживающих на территории нашей страны). Содержание текстов должно быть направлено на формирование духовно-нравственных качеств и патриотических чувств обучающихся, на формирование казахстанского патриотизма, на развитие толерантности и умения общаться в условиях межэтнической и межкультурной коммуникации. Рекомендуется расширить тематику предложенных для изучения текстов: тексты, посвященные 75-летию Победы в Великой Отечественной войне, 27-летию со дня принятия первой Конституции Республики Казахстан, 175-летию со дня рождения казахского поэта, просветителя и философа, основоположника новой казахской национальной письменной литературы и казахского литературного языка Абая Кунанбаева (1845-1904), и тексты об этом ученом Каюме Мухамедханове, сохранившем наследие Абая, Шакарима, М.Ауэзова, 130-летию со дня рождения литературоведа, писателя, переводчика, публициста, драматурга Ж. Аймауытова (1889-1931), 120-летию со дня рождения первого академика Казахской ССР К. И. Сатпаева (1899–1964), по проблемам патриотичекого и нравственного воспитания, репродуктивного здоровья, профилактики насилия, кибербезопасности и другие.

Русский язык функционирует в Республике Казахстан как средство

общения с представителями других народностей. Литература, созданная на русском языке, является носительницей ценностей, важных для формирования самосознания граждан и отдельной личности.

Язык и литература фиксируют исторический опыт поколений и передают его потомкам. Цель – формирование умений и навыков свободного владения русским языком во всех видах речевой деятельности (слушание, говорение, чтение, письмо), в избранных сферах применения языка; формирование средствами русского языка интеллектуальной, духовно-нравственной, коммуникативной, гражданской культуры учащихся. От качества освоения языка, от умения читать и понимать зависит общая и специальная грамотность человека (в том числе математическая, естественнонаучная, инженерно-техническая и др.).

Таким образом, освоение русского языка гражданами Республики Казахстан во всем его многообразии является важной для государства задачей.

На изучение учебного предмета в 11-м классе ОГН выделено 68 ч., из них 15 ч. – на развитие речи. Контроль знаний: 2 часа – диктанты, 5 часов – эссе. Объем контрольных диктантов – 190-220 слов, с грамматическим заданием – на 10-20 слов меньше (в зависимости от сложности и объема грамматического задания).

На изучение учебного предмета в 11-м классе ЕМН выделено 34 ч. (1 час в неделю), из них 5 ч. – на развитие речи. Контроль знаний: 2 часа – диктанты, 4 часа – эссе. Объем контрольных диктантов – 190-220 слов, с грамматическим заданием – на 10-20 слов меньше (в зависимости от сложности и объема грамматического задания). Ниже в таблице 87 приведено количество письменных работ (диктанты).

Таблица 87. Количество письменных работ (диктанты) по учебному предмету «Русский язык»

Класс	Виды письменных работ	Учебные четверти				всего
		I	II	III	IY	
Общественно-гуманитарное направление						
11	диктант	2ч	2ч	2ч	2ч	8ч
Естественно-математическое направление						
11	диктант	1ч	1ч	1ч	1ч	4ч

Следует обратить внимание на оценивание работ обучающихся. При оценивании языкового разбора (фонетический, морфемный, словообразовательный, лексический, морфологический, синтаксический) предлагается учитывать такие критерии, как логичность изложения (соблюдение порядка разбора), степень полноты характеристик (изложение всей необходимой информации), правильность (соответствие истинному положению вещей).

При оценивании орфографического и пунктуационного анализа текста важны такие критерии, как орфографическая и пунктуационная зоркость (умение видеть в тексте орфограммы и пунктограммы), обозначение условий

выбора орфограмм и пунктограмм (выделение морфемы, где находится орфограмма; подчеркивание орфограммы одной чертой, условия – двумя; подбор проверочного слова; определение грамматических характеристик и т.п.), правильность (соответствие истинному положению вещей).

Критериями оценивания диктанта с грамматическим заданием являются орфографическая грамотность, пунктуационная грамотность, морфологический разбор слов, синтаксический разбор предложения.

Критериями для оценивания устного монологического высказывания являются информативность (объем текста (количество слов), количество микротем (пункты содержания) и их развернутость, логичность, завершенность), языковая правильность в области лексики, грамматики (морфология, синтаксис), орфоэпических норм, а также беглость речи. При оценивании письменного монологического высказывания важны такие критерии, как информативность (объем текста, количество микротем и их развернутость, логичность, завершенность), языковая правильность в области лексики, грамматики (морфология, синтаксис), стилистики (сответствие стилю текста-источника/ оригинальность мысли, проявление собственного стиля), орфографии и пунктуации.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)

11-сыныптағы оқу процесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген *(ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген*):

- жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы;
- жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы қолданылады.

Пән бойынша оқу жүктемесі:

- қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша:

11-сыныпта аптасына 3 сағаттан, барлығы – 102 сағатты құрайды.

- жаратылыстану-математика бағыты бойынша:

11-сыныпта аптасына 2 сағаттан, барлығы – 68 сағатты құрайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 қарашадағы № 660 бұйрығына сәйкес 2016-2017 оқу жылынан бастап мектеп бітірушілер үшін жоғары оқу орындарына түсу емтиханы болып табылатын Ұлттық бірыңғай тестілеудің (бұдан әрі – ҰБТ) жаңа форматы енгізілді. Қорытынды аттестаттау – жалпы орта білім беру ұйымдарында өткізілетін 11 (12) - сынып білім алушыларына арналған мемлекеттік бітіру емтиханы. 11 (12) сынып білім алушылары қорытынды аттестаттауда ана тілі және әдебиетінен (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан тапсырады.

Ұлттық тестілеу орталығы (testcenter.kz) қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен эссе жазу туралы мұғалімдер мен оқушыларға көмекші құрал ретінде әдістемелік ұсынымдама әзірледі. Әдістемелік ұсынымдамада эссе термині,

түрлері, құрылымы, ерекшелігі, талаптары және оның шығармадан айырмашылығы жөнінде түсінік берілген. Сонымен қатар, эссе тақырыптары, оны бағалау критерийлері және эссе жазу үлгісі ұсынылды. 11-сыныпқа ұсынылатын жазба жұмыстары (эссе) мен сыныптан тыс оқудың саны төмендегі 88- кестеде келтірілген.

88-кесте. 11-сыныпқа ұсынылатын жазба жұмыстары (эссе) мен сыныптан тыс оқудың саны

Сынып	Жазба, сыныптан тыс оқу жұмыстарының түрлері	Оқу тоқсандары				Барлығы
		I	II	III	IY	
Қоғамдық-гуманитарлық бағыт						
11	Эссе	3	3	3	3	12
	Сыныптан тыс оқу	1	1	1	1	4
	Барлығы:	4	4	4	4	16
Жаратылыстану-математикалық бағыт						
11	Эссе	2	2	2	2	8
	Сыныптан тыс оқу	1	1			2
	Барлығы:	3	3	2	2	10

Эссе мазмұнын бағалау өлшем шарттары төмендегі 89-кестеде келтірілген.

89-кесте. Эссе мазмұнын бағалау өлшем шарттары

Өлшемшарттар	**Дескрипторлар**	**Балдар**
Тақырыпты ашу тереңдігі және пікірлердің сенімділігі 2 балл	ұсынылған тақырыпты ұғынуы	1
	эссе тақырыпқа сай келмейді	0
	Проблеманы көрсетуі	1
	эссе проблемасы ашылмаған	0
Дәйектемелер 3 балл	эссе тақырыбына сәйкес келетін көркем шығармадан алынған дәйектердің болуы,	1
	көркем шығармадан алынған дәйектердің болмауы	0
	Автордың ұстанымын нақтылайтын басқа дереккөздерден алынған дәйектердің болуы	1
	автордың ұстанымын нақтылайтын басқа дереккөздерден алынған дәйектердің болмауы	0
	автордың жеке көзқарасының болуы	1
	автордың жеке көзқарасының болмауы	0
Композициялық тұтастығы және логикалық жүйелілігі	композияциялық тұтастықтың болуы, пікірлердің бөліктері логикалық байланысты, ой біртіндеп дамиды	1

3 балл	тезистік бөлімнің болмауы	0
	ішкі логиканың болуы, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге өту дағдысының болуы	1
	логикалық байланыстың болмауы мағынасын түсінуге кедергі келтіреді	0
	сонылық, ерекшелік (қызықты байланыстар, ойламаған бұрылыстар)	1
	шығармашылық көрініс жоқ	0
Сөйлеу мәдениеті 2 балл	көркем – бейнелеу құралдарды және стилистік сөздерді, бай лексикасын қолдану	1
	сөйлеудегі бірыңғай грамматикалық құрылым	0
	эмоционалдылық, тіл шешендігі	1
	сөйлеу тілінің жұтаңдығы	0
	Барлық балдардың жиынтығы	**1**

Әдеби тақырып және еркін тақырып бойынша эссенің сауаттылығы келесі 90-кестеде көрсетілген өлшемшарттармен бағаланады. Сауаттылықты бағалау өлшемшарттары келесі 90-кестеде келтірілген.

90-кесте. Сауаттылықты бағалау өлшемшарттары

Өлшемшарттар	**Дескрипторлар**	**Балдары**
Орфография 3 балл	Орфографиялық қате жоқ, немесе 1 жеңіл қате	3
	1-2 қате жіберілді	2
	3-5 қате жіберілді	1
	5-тен көп қате жіберілді	0
Пунктуация 3 балл	пунктуациялық қате жоқ, немесе 1 қате жіберілді	3
	2-3 қате жіберілді	2
	4-5 қате жіберілді	1
	5-тен көп қате жіберілді	0
Грамматикалық норманы сақтау 2 балл	грамматикалық қате жоқ немесе, 1 қате жіберілді	2
	2-3 қате жіберілді	1
	4-тен көп қате жіберілді	0
Стилистикалық норманы сақтау 2 балл	стилистикалық қателері жоқ, немесе 1 қате жіберілді	2
	2-3 қате жіберілді	1
	3-тен көп қате жіберілді	0
	Барлық балдардың жиынтығы	**10**

Бес балдық жүйе бойынша эссені бағалау төмендегі 91-кестеде келтірілген.

91-кесте – Бес балдық жүйе бойынша эссені бағалау

Бағалудың бес балдық жүйесі бойынша баға	«2»	«3»	«4»	«5»
Мазмұны	0–3	4–6	7–8	9–10
Сауаттылығы	0-3	4-6	7-8	9–10

Осылайша, эссеге екі баға қойылады: мазмұнына және сауаттылығына. Бірінші баға «Қазақ әдебиеті» пәніне, екіншісі – «Қазақ тілі» пәні бойынша журналға қойылады. Қорытынды баға жылдық және емтихан бағасы негізінде қойылады.

Егер мектеп бітіруші таңдау пәні ретінде «Қазақ әдебиеті» пәнін таңдаса, әдебиет пәні бойынша алған бағасына емтихан тапсыру барысындағы тестілеу бағасы қосылады. Қорытынды баға жоғарыдағы принцип бойынша қойылады.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2019-2020 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударуды ұсынамыз:

2019 жылғы 9 шілде – қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі, жазушы, публицист, драматург Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 130 жыл (1889 - 1931);

15 қазан – қазақ балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 95 жыл (1924-1991);

15 қазан – қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ақын, жазушы, мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл (1894-1939);

22 қазан – Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан тұлға Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 95 жыл (1924);

15 қараша – қазақтың көрнекті жазушысы, драматург Бейімбет Майлиннің туғанына – 125 жыл (1894-1938)

25 желтоқсан – халық жазушысы, қазақ ақыны, журналист, Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты Фариза Оңғарсынованың дүниеге келгеніне 80 жыл (1939 - 2014);

2020 жылғы 10 тамыз – қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, ойшыл, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлының туғанына *175 жыл (*1845 - 1904).

2020 жылы қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын жоғары ұйымдастырушылық және мазмұндық деңгейде мерекелеуді қамтамасыз ету мақсатында 2019 жылғы 30 мамырда «Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы жарық көрді. Қаулыда 2020 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізу, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын Біріккен Ұлттардың Білім, ғылым

және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) мен Халықаралық түркі мәдениеті ұйымы (ТҮРКСОЙ) аясында мерекелеуді ұйымдастыру жөнінде тапсырмалар берілген.

5 қазан – ақын, жауынгер, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, КСРО және ҚазКСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту», II дәрежелі «Отан соғысы», «Құрмет Белгісі» ордендері мен бірқатар медальдардың иегері Жұбан Молдағалиевтың туғанына 100 жыл (1920 – 1988жж).

«Русская литература» оқу пәні (оқыту орыс тілінде)

Учебный предмет «Русская литература»для школ с русским языком обучения входит в образовательную область «Язык и литература» и занимает центральное место в общей системе эстетического и нравственного воспитания учащихся, в развитии их самосознания, познавательных интересов, коммуникативных способностей, художественного вкуса, читательской и речевой культуры.

Цель обучения русской литературе в старших классах – расширение читательского кругозора в области русской и мировой литературы, формирование активной личностной позиции по отношению к духовным ценностям искусства слова, развитие аналитических и творческих способностей через постижение и интерпретацию художественных текстов.

Критерии литературного развития учащихся определяют формы и направленность процесса изучения литературных произведений. Изучение текстов включает: освоение их событийно-тематического содержания, умение чувствовать и понимать словесно-образную ткань произведения; понимание авторской позиции; способность осознавать (в степени, соответствующей жизненному опыту учащихся) идейно-художественный, социально-исторический и духовно-эстетический смысл произведения в целом. У учащихся должно быть развито представление о специфике литературы в ряду других искусств и культуре читательского восприятия художественного текста, исторической и эстетической обусловленности литературного процесса.

Предмет «Русская литература» должен быть направлен на формирование коммуникативных навыков учащихся, чтобы учащиеся могли в любой стандартной и нестандартной ситуации высказать собственную точку зрения, доказать и обосновать при необходимости, умело вести диалог в условиях межкультурной коммуникации. Важным компонентом в обучении русской литературе должна быть ориентация на формирование функциональной грамотности личности, одним из ее компонентов которой является грамотность чтения.

В связи с этим при обучении русской литературе необходимо усилить работу по формированию данного компонента функциональной грамотности как необходимого навыка использования знаний и умений для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, также в межличностном общении и социальных отношениях.

Изучение русской литературы должно быть направлено на

формирование духовно-нравственных качеств и патриотических чувств учащихся, формирование казахстанского патриотизма и стремления воплотить в жизнь общенациональную идею «Мәңгілік Ел», развитие толерантности и умения общаться в условиях межэтнической и межкультурной коммуникации.

Планируя работу по литературе, учитель должен ориентироваться на требования к уровню подготовки выпускников. Особое внимание при этом необходимо уделить развитию у учащихся способностей контекстного рассмотрения литературных явлений, умения сопоставлять литературные факты, проводить аналогии, выстраивать литературные параллели.

При изучении литературы развитие критического мышления должно быть связано, в первую очередь, с работой с текстом. При изучении предмета «Русская литература» учащиеся будут глубже понимать прочитанное, овладеют активными способами чтения и приемами работы с художественным текстом, что позволит повысить культуру речи, эстетическое развитие, сформирует активную личность, умеющую творчески и самостоятельно работать с текстом, информацией.

В 11 классе продолжается изучение раздела «Русская классическая литература и современность», содержание которого основывается на принципе преемственности. Историко-литературная основа курса предполагает дальнейшее изучение вершинных произведений русской классической литературы XIX и XX веков, что развивает и систематизирует представления о литературе и ее историческом развитии, а также позволяет осознать особенности диалога классики и современного искусства. Русская литература изучается не изолированно (в границах XIX и XX веков), а в современном контексте, также прослеживаются трансформации определенных мотивов, образов и сюжетных линий в искусстве XIX-XX веков.

В 11-м классе изучается русская литература XX века после 1917 года, с делением на четыре периода, изучение которых фиксирует происходящие в ней изменения и степень их соотнесенности с движением истории (литературный процесс XX века в его развитии). Каждый период изучается по единой схеме: обзорные, проблемные, монографические темы; материал распределен по жанрово-родовому принципу. Каждый автор представлен ограниченным количеством текстов, анализируемых углубленно (творческая история, сюжетная организация, система образов, тематика, проблематика, поэтика, стилистика). В процессе изучения анализ текста сочетается с актуальной интерпретацией. Основная проблема литературного развития – гуманистическая миссия литературы в трагической истории XX века, соответственно, цель изучения – показать, как в русской литературе XX века воплощается художественный мир эпохи. В этой связи акцент делается на специфику словесного творчества, своеобразие индивидуального авторского стиля и теоретико-литературный подход к изучению текста.

В целях реализации профильного обучения наблюдаются различия в обозначенных целях и задачах изучения предмета. Литературно-творческая и

читательская деятельность учащихся общественно-гуманитарного направления ориентирована на углубленное изучение предмета и должна проявляться в компетентности в области исследовательской и креативной культуры, интерпретации художественного текста, создания собственного текста.

С целью дополнения содержания профильного обучения можно предложить углубленные профильные курсы: «Современная русская литература. Обзор жанров, идейных и тематических направлений», «Серебряный век в литературе и искусстве», «Мир природы в русской поэзии XIX века», «Современная литература для подростков», «Человек и природа в русской лирике», «Драма как род литературы. Русский драматический театр», «Загадки, тайны, трагедии русской литературы XX века», «Русская литература: классика и современность», «Возвращенная» проза XX века», «История зарубежной литературы XX века» и др.

Курсы филологической ориентации, например, «Анализ текста. Теория и практика», «Слово-образ-смысл: филологический анализ литературного произведения», «Филологическая мозаика», «Основы исследовательской деятельности», «Учимся понимать художественный текст», «Стилистика художественного текста», «Конструирование текстов разных жанров и стилей», «Путь к созданию текста» и др., могут быть предложены учащимся как общественно-гуманитарного, так и естественно-математического направления.

11- сыныпта жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» оқу пәндерінің білім мазмұны білім алушылардың бойында қоршаған әлем туралы біртұтас түсініктің қалыптасуына, білім алушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін жалпы ғылыми біліктерді меңгеруіне бағытталған. Кейбір нақты математикалық жағдаяттардың математикалық моделін интерпретациялауда және құрастыруда қалыптасатын біліктілік жаратылыстану-математикалық бағытта шынайы процестер мен құбылыстарды, теориялық мәселелерді зерттеуде және қолданбалы есептер шығаруда қолданылады.

«Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» оқу пәндерін оқытуда қалыптасқан теориялық сұрақтар мен есептерді шешудің зерттеу аппараты жаратылыстану-математика пәндерін оқыту үшін үлкен рөл атқарады. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарда математика пәнін оқыту математикадан білімі мен біліктілігінің белгілі деңгейін талап ететін мамандық бойынша оқу орнында білім алушының оқуын жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарда математика курсын оқытудың ерекшелігі – адамды жалпы мәдени дамуға бағыттау, математика заңдарымен таныстыру және қазіргі заманауи өмірде еркін бағдар алуына қажетті адамның іс-әрекеттеріне байланысты математикалық білім мен біліктілікті қалыптастыру болып табылады. *Бұл курс үшін көптеген дәлелдеулері бар теориялық деректер берілмейді, теоремалардың қатаң түрде дәлелдеулері өте аз мөлшерде, негізінен, нақтылы пайымдаулардың үлгілері ретінде беріледі, түсіндірулер көрнекіліктермен негізделеді, жаттығулардың күрделілігі қарапайым деңгеймен шектеледі. Курстың кейбір дәстүрлі бөлімдері жалпыланған түрде (дәлелдеулерсіз, түсініктер деңгейінде) оқытылады.*

2019-2020 оқу жылында 11-сыныптарда информатиканы оқыту 2013 жылғы жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарға арналған жаратылыстану-математикалық бағыттағы және қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы оқу бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11-сыныптары үшін «Информатика» пәнін оқытудың мақсаты қазіргі кездегі визуалды программалау технологиялары мен ақпараттық технологиялардың теориялық негіздері бойынша базалық білім жүйесін меңгеру, сонымен қатар осы құралдармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру болып табылады. Мұнда есептерді шығару базасында оқыту жүйелік және алгоритмдік ойлауды дамытуға бағытталған, бұл іс-әрекеттің үздіксіз жалғасы практикумдық жұмыс жасау болып саналады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11-сыныптары үшін «Информатика» пәнінен оқыту мақсаты қазіргі кездегі ақпараттық технологиялардың теориялық негіздері бойынша базалық білім жүйесін меңгеру, білім алушыларды ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарымен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, білім алушыларды жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды үнемі пайдалануға дағдыландыру, танымдық және зияткерлік қабілеттерін дамыту болып табылады. Мұнда информатиканы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тереңдетіп оқытуға бағытталған.

«Математика және информатика» білім саласының пәндері бойынша білім сапасын жетілдіру мақсатында келесі педагогикалық тәсілдерді қолдану ұсынылады: саралап оқыту, іс-әрекеттік оқыту, жеке тұлғаға бағытталған оқыту, жүйелі оқыту.

Білім алушылардың «Математика және информатика» білім саласының пәндеріне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында жобалық әдістерге баса назар аудару ұсынылады. Әр сыныптар бойынша жобалық іс-әрекетті оқытуға жеке сағаттар бөлінген. Жобалау технологияларын қолдану информатика пәні бойынша ғана оқу сапасын көтеріп қоймайды, пәнаралық байланыс жасайды. Жобалық іс-әрекеттерге тақырыптарды мұғалім өз қалауы бойынша өткен тараулардан алуына болады. Жобамен жұмыс істеу барысында білім алушылар топтасып немесе жеке жұмыстарын жоспарлау, мақсат қою, қажетті ақпаратты іздеу, гипотезаны ұсыну және дәлелдеу, эксперименттер жүргізу, жасаған жұмыстарын талдау және бағалау, сондай-ақ, өз жобаларын қорғай алу біліктерін дамытады.

Сыныпты екі топқа бөлу қалалық жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болғанда, шағынжинақты мектептерде 10 оқушыдан кем болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

2019-2020 оқу жылындағы 11-сыныптарда «Математика және информатика» білім саласының пәндерінен өткізілетін бақылау жұмыстарының нормасы келесі 102-кестеде берілген.

Сынып	Пән	Аптадағы сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны	Бақылау жұмыстарының нормасы
11 ЖМБ	Алгебра және анализ	3	102	6-7

	бастамалары			
	Геометрия	2	68	4-5
	Информатика	2	68	4-5
11 ҚГБ	Алгебра және анализ бастамалары	3	102	5-6
	Геометрия	1	34	3-4
	Информатика	1	34	2-3

Бақылау жұмыстарына пәндерге сәйкес жартыжылдық және жылдық бақылау жұмыстары, практикалық жұмыстар кіреді.

Сыныпты екі топқа бөлу қалалық білім беру ұйымдарында сыныптарда білім алушылар 24-ке немесе одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар 20-ға немесе одан артық, шағын жинақты мектептерде кемінде 10-ға толған жағдайдажүзеге асырылады.

Математика бойынша қорытынды аттестаттау

Қорытынды аттестаттау аясында алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан, қоғамдық-гуманитарлық бағыт үшін 5 тапсырмадан, жаратылыстану-математикалық бағыт және математиканы тереңдетіп оқытатын мектептер (сыныптар) үшін 6 тапсырмадан тұрады.

Тапсырмалар теориялық материалды, ұғымдар мен тәсілдерді меңгеру дәрежесін, есептерді шешу біліктерін, функционалдық сауаттылық деңгейін айқындауға бағытталған.

Кез келген жазбаша емтиханды өткізу барысында басты назар оқыту бағытына, емтихан тапсырмаларының мазмұнына, жазбаша жұмысты рәсімдеуге және бағалауға аударылуы керек.

Алгебра және анализ бастамалары бойынша емтихан тапсырмаларының мазмұны туралы

I. Жалпы білім беретін мектептердің 11-сыныптарында оқыту бағыттар бойынша жүргізіледі, сонымен қатар жекелеген мектептерде (сыныптарда) математика пәні тереңдетіліп оқытылады. Сондықтан емтихан тапсырмалары оқыту бағыттарына (қоғамдық-гуманитарлық бағыт, жаратылыстану-математикалық бағыт, математиканы тереңдетіп оқыту) сәйкес құрастырылуы тиіс.

II. Емтихан тапсырмаларының мазмұны оқыту бағытына сәйкес «Алгебра және анализ бастамалары» пәні оқу бағдарламасының барлық тарауларын қамтуы тиіс. «Алгебра және анализ бастамалары» пәні бойынша оқу бағдарламасының тараулары төмендегі 103-кестеде келтірілген.

103-кесте. «Алгебра және анализ бастамалары» пәні бойынша оқу бағдарламасының тараулары

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт	Жаратылыстану-математикалық бағыт	Математиканы тереңдетіп оқыту
10-сынып		
Функция, оның қасиеттері және графигі	Функция, оның қасиеттері және графигі	Функция, оның қасиеттері және графигі

Тригонометриялық функциялар	Тригонометриялық функциялар	Тригонометриялық функциялар
Тригонометриялық теңдеулер.	Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер	Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер
Туынды	Туынды	Туынды
Туындының қолданылуы	Туындының қолданылуы	Туындының қолданылуы
11-сынып		
Алғашқы функция және интеграл	Алғашқы функция және интеграл	Алғашқы функция және интеграл
Дәреже және түбір. Дәрежелік функция	Дәреже және түбір. Дәрежелік функция	Дәреже және түбір. Дәрежелік функция
Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар	Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар	Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар
Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер	Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер	Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер
	Теңдеулер және теңсіздіктер, теңдеулер мен теңсіздіктер жүйелері	Теңдеулер және теңсіздіктер, теңдеулер мен теңсіздіктер жүйелері

III. Көрсетілген тарауларды ескере отырып, емтихан жұмыстарының тапсырмаларын «Есептеулер», «Өрнектерді тепе-тең түрлендіру», «Теңдеулер мен олардың жүйелері», «Теңсіздіктер мен олардың жүйелері», «Функция және оның графигі», «Мәтіндік есептер» бөлімдері бойынша құрастыру ұсынылады. Мәтіндік есептер жазық фигураның ауданы және дене көлемін табу, ең үлкен немесе ең кіші мәнді табу есептерін және т.б. құрайды. Барлық тапсырмалар А, В, С, деңгейлеріне бөлінеді:

- А деңгейінің тапсырмаларын орындау үшін білім алушыларда күрделі емес есептеулер мен түрлендірулерді, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің стандарт тәсілдерін меңгеру бойынша базалық білімдері мен дағдылары болуы тиіс;

- В деңгейі – күрделілігі орташа деңгейдегі тапсырмалар;

- С деңгейі тапсырмаларын орындау үшін білім алушыларда оқу бағдарламасымен бекітілген көлемде терең теориялық білімі болуы тиіс.

Оқыту бағытын ескере отырып, бақылау жұмысындағы емтихан тапсырмаларын төмендегідей бөлу ұсынылады:

1) қоғамдық-гуманитарлық бағыты сыныптары үшін үш тапсырма - А деңгейі, бір тапсырма – В деңгейі, бір тапсырма – С деңгейі, барлығы 5 тапсырма (3А + 1В + 1С);

2) жаратылыстану-математикалық бағыты сыныптары үшін үш тапсырма - А деңгейі, екі тапсырма - В деңгейі, бір тапсырма - С деңгейі, барлығы 6 тапсырма (3А + 2В + 1С);

3) физика-математикалық мектеп сыныптары (математиканы тереңдетіп оқытатын) үшін 1 тапсырма – А деңгейі, 3 тапсырма – В деңгейі, екі тапсырма – С деңгейінен, барлығы 6 тапсырма (1А + 3В + 2С).

Алгебра және анализ бастамалары бойынша емтихан жұмысын бағалау

Математика пәнінен бағаны қою кезінде маңызды және маңызды емес

қателерді атауға болады.

104-кесте. Математика пәні бойынша маңызды және маңызды емес қателер

Маңызды	Маңызды емес
Білім алушылардың формулаларды, ережелерді, негізгі қасиеттерді, теоремаларды білмейтінін және қолдана алмайтынын көрсететін қателер	Тұжырымдамаларды анықтамаларды, теоремаларды, теориялық материалды беруде дәлдіктің болмауы
Оқулықта қарастырылған есептерді шығару тәсілдерін білмеуі	Графиктерді салуда дәлдіктің болмауы
Функция графиктерін салу мен оқуды білмеуі	Тиімсіз шешімді қолдануы
Есептеу қателері, егер ол жаңылыс жазу болмаса	Шешуде негіздеменің, түсініктеменің жеткіліксіз болуы немесе болмауы
Логикалық қателер	Жазулардың, сызбалар мен графиктердің ұқыпсыз орындалуы
Түбірдің жоғалуы немесе жауабында бөгде түбірдің болуы	Жауапты қысқартылатын бөлшек түрінде жазу, бөлімінде иррационалдықтың болуы

Емтихан жұмысын бағалау кезінде елеулі және елеусіз қателердің сипаттамасына көңіл бөлінуі керек. Елеулі және елеусіз қателерді ажырата білу өте маңызды. Көрнекті емес жағдайларды міндетті түрде негіздеу қажет. Мысалы, теңдеудің екі жағын квадраттауды түсіндіру, квадрат теңдеудің жалпы формулаларын, тригонометрия формулаларын және т.б. жазу қажет емес. Бірақ бөгде түбірдің болуын, түбірлердің болмауын, жазық фигураның ауданын және дененің көлемін табуды суретте қосымша сызықтарды жүргізуді және т.б. міндетті түрде негіздеп көрсету қажет.

Алгебра және анализ бастамалары бойынша емтихан жұмысын бағалауға төмендегідей ұсыныстар жасалады.

105-кесте. «Алгебра және анализ бастамалары» пәні бойынша жазба жұмыстарын бағалау критерийлері

«5»	«4»	«3»	«2»
Жұмыс толығымен орындалған: 5 (ҚГБ), 6 (ЖМБ, тереңдетіп оқыту) тапсырма	Жұмыста 4 (ҚГБ), 4 немесе 6 (ЖМБ, тереңдетіп оқыту) тапсырма дұрыс орындалған (деңгейіне байланысты емес)	Жұмыста 3 тапсырма дұрыс орындалған (деңгейіне байланысты емес)	Тапсырмалардың жартысынан көбі орындалмаған
Жұмыста математикалық қателер жоқ	Бір қате немесе түрлендірулер мен есептеулерде,	Екі-үш қате немесе түрлендірулер мен есептеулерде,	Білім алушының тақырып бойынша міндетті білім мен

	суреттер мен графиктерде екі-үш кемшіліктер жіберілген	суреттер мен графиктерде үш-төрт кемшіліктер жіберілген, бірақ білім алушы міндетті білім мен білікті меңгерген.	біліктігін меңгермегенін көрсететін үштен артық қате жіберілген
Материал мазмұнының логикалығы және толықтығы	Материалды баяндауда жекелеген дәлсіздіктер жіберілген	Материалды баяндау логикасы бұзылған, материал толығымен ашылмаған	Материалды баяндау логикасы бұзылған

Алгебра және анализ бастамалары бойынша емтихан жұмысын рәсімдеу

Емтихан жұмысын рәсімдеуде емтихан тапсырмаларын орындау барысында келесі талаптар сақталуы тиіс:

- есептің шығарылуының дұрыстығы;
- есептің шығарылуының негізделуі;
- есептің шығарылуының толықтығы;
- есептің шығарылуының тиімділігі;
- емле ережесінің сақталуы.

Суреттер, кестелер, графиктер және т.б. қаламмен салынады.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Жаратылыстану» білім саласы бойынша келесі пәндер оқытылады: «Физика», «География», «Химия», «Биология».

Жаратылыстану – табиғат заңдылықтары мен құбылыстары туралы ғылым. Жаратылыстану біртұтас жүйе ретінде қарастыруға болатын табиғи құбылыстар мен объектілердің әртүрлі қасиеттері туралы сұрақтарды кең ауқымда қамтиды. Табиғатты зерттеу қоршаған әлемді тануға деген адамның өзіндік талпынысы болды және практикалық іс-әрекетінің негізіне айналды. Негізгі түсініктер, құбылыстардың өзгеру заңдылықтары туралы өзіндік ұғым, табиғат заңдарын қолдану тәсілдері оны зерттеу кезінде туындады.Қазіргі уақытта жаратылыстану ғылымы белсенді әрекеттердің өрісі болып табылады және оларға негізделген заманауи технологиялар адам өмірінің жаңа бейнесін қалыптастырады. «Жаратылыстану» білім саласы заманауи жаратылыстанудың негізгі дүниетанымдық және әдіснамалық принциптерін, олардың басты бағыттары және әлемнің жалпы бейнесіндегі жалпы мәдени жағдайын зерделейді.

Жалпы орта білім деңгейіндегі «Жаратылыстану» білім саласы оқу пәндерінің мазмұны дүниетанымдық сипатымен ерекшеленеді, сонымен қатар білім алушылардың бойында табиғат, табиғи құбылыстар, процестер, заңдылықтар туралы түсініктерін, Жер адам өмір сүретін планета ретінде,

әлемнің ғылыми бейнесінің астрономиялық құрамы туралы кешенді, жүйелі және әлеуметтік-бағытталған көзқарастарын дамытады.

Оқытудың мақсаты - органикалық дүниенің құрылысы мен тіршілік әрекеттерінің ерекшеліктері туралы және білім алушыларда тірі организмдердің жасушаға дейінгі құрылысы, тіршіліктің құрылым деңгейлері және биологиялық әртүрлілігі Жер табиғатындағы тұрақты дамудың бейнесі екендігі туралы негізгі түсінік қалыптастыру.

Оқытудың міндеттері –білім алушыларда органикалық дүниені оқып білуге танымдық қызығушылықты дамыту және білім алушыларда география, химия, физика, математика және басқа да «Жаратылыстану» білім саласындағы пәндерді оқып меңгеруге негіз болатын түсініктер мен тіректік білімдерді қалыптастыруға қажетті жағдай туғызу.

«Жаратылыстану» білім саласы құрамына география, биология, физика, химия пәндері кіреді, оларға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі төмендегідей:

«География»

қоғамдық-гуманитарлық бағытында:11-сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

жаратылыстану-математикалық бағытында:11-сыныптарда – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

«Биология»

қоғамдық-гуманитарлық бағытында:11-сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

жаратылыстану-математикалық бағытында:11-сыныптарда – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

«Физика»

қоғамдық-гуманитарлық бағытында:11-сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

жаратылыстану-математикалық бағытында:11-сыныптарда – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

«Химия»

қоғамдық-гуманитарлық бағытында:11-сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

жаратылыстану-математикалық бағытында:11-сыныптарда – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерінің оқу бағдарламаларында білім алушылардың тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларын дамыту мақсатында практикалық және зертханалық жұмыстар қарастырылған. Төмендегі 106- кестеде 11-сыныптарда «Жаратылыстану» білім саласы пәндері бойынша жүргізілетін тәжірибеге бағытталған жұмыс түрлері және көлемі көрсетілген.

106-кесте. «Жаратылыстану» білім саласы пәндері бойынша жүргізілетін тәжірибеге бағытталған жұмыс түрлері және көлемі

Пәндер	11 – сынып

	Зертханалық жұмыстар	Практикалық жұмыстар
ЖМБ		
Биология	2	-
Химия	6	4
География		
ҚГБ		
Биология	2	-
Химия	8	2
География		

11-сыныптарда физиканы оқыту барысында жүргізілетін тәжірибеге бағытталған жұмыс түрлері және көлемі келесі 107-кестеде көрсетілген.

107-кесте. Физиканы оқыту барысында жүргізілетін тәжірибеге бағытталған жұмыс түрлері және көлемі

Бағыты	ҚГБ	ЖМБ
Сынып	11	11
зертханалық жұмыстар	6	6
практикалық жұмыстар		20
бақылау жұмыстары	2	4
физикалық практикумдар		10

Оқыту процесінің басты мақсатыбілім алушылардың оқу пәндері бойынша алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану және тәжірибеге бағытталған біліктілігі мен дағдыларын дамыту болып табылады.

Сабақта жүргізілетін практикалық және зертханалық жұмыстар талдауға, жинақтауға, бағалауға, болжауға, есептеуге, түсіндіруге, құбылыстар мен процестердің сапалық және сандық сипаттарын анықтауға, жобалық тапсырмалар орындауға, тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Мұғалімдерге білім алушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін:

– жаратылыстану ғылымдарының қоршаған ортаға, адам қызметінің экономикаға, технологияға, әлеуметтік және этикалық ортаға әсерін түсіну; оқу, жобалау-зерттеушілік, эксперименттік, сабақтан және сыныптан тыс іс-әрекеттер барысындағы қауіпсіздікті сақтап жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

– оқу, жобалау-зерттеушілік, шығармашылық іс-әрекетке, өздігінен білім алуға талпынулары үшін қажетті жағдайлар жасау;

– тірі жүйелерге, маңызды классикалық және заманауи жетістіктерге қатысты ғылыми танымдық әдісін меңгерту;

– адамның қызметі және табиғи себептердің ықпалының нәтижесінде олардың өзгерістері мен жүйелердің құрылымы, жұмыс істеуі, дамуы туралы

білімді меңгерту;

– пәнді бейінді оқыту негізінде білім алушылардың болашақ мамандығын өз бетімен таңдауға дайындау;

– өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамыту ұсынылады..

Практикалық және зерттеушілік жұмыстар, зертханалық тәжірибелер орындау, эксперименттер және эксперименттік есептер шығару, жобалар орындау, модельдер құрастыру барысында табиғи және әлеуметтік-экономикалық процестердің, құбылыстар мен заңдылықтардың мәнін түсіну тереңдетіледі. Білім алушылар себеп-салдарлық байланыстарды көре білулері, қоршаған ортадағы өзгерістерді анықтай алулары, нақты жағдаяттардың салдарынан болатын қауіпті өзгерістердің алдын-алу тәсілдерін ұсына алулары тиіс.

Физика, химия, география және биология пәндерінің мұғалімдері кабинеттердің жабдықталуын және оқытудың электрондық құралдарын ескере отырып практикалық және зертханалық жұмыстардың, практикумдардың тақырыптарын өз беттерінше таңдай алады. Зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау барысында (зертханалық жұмыстарға арналған дәптерде) сыныптың барлық білім алушыларының жұмыстары міндетті түрде бағаланады.

Географиядан сабақтарда міндетті түрде өлкетану аспектісі, зілзалалардың қауіп-қатерін азайту және қауіпсіздікті сақтау сұрақтары қарастырылуы тиіс.

Осы білім саласы пәндерін зерделеу кезінде білім алушылар қоғамның, экономиканың және табиғаттың өзара байланысы туралы, Жерде тіршіліктің болуы үшін біздің планетамыздың атмосферасы және басқа да қабықтарының мәні, оны ластайтын негізгі ошақтар, ластанудың қоршаған ортаға және тіршілік процестеріне әсері, зиянды факторлардың әсерінен тірі табиғатты қорғау шаралары, табиғи ортаны өзгертудің (сонымен қатар, білім алушылардың өздері қатысатын жағдайларды қоса алғанда) апаттың салдары туралы нақты түсінік алулары тиіс. Білім алушылар Жердің, материктің, елдің, өзінің туған өлкесінің табиғат кешеніндегі өзара байланысты жақсы түсінулері тиіс.

Білім алушылардың жеке жобалық-зерттеу жұмыстарының үлгілік тақырыптары:

– Судың сапасын жақсарту жолдары;
– Жыралардың дамуын зерттеу;
– Өлкенің өнеркәсіптерінде таза технологияларды дамыту жобалары;
– Биогаз энергетикасы;
– Жергілікті жердің гидрографиясын зерттеу;
– Судың кермектігін анықтау;
– Сағызды зерттеу;
– Чипсыны зерттеу;
– Шайдың сапасын зерттеу;
– Сүттің сапасын зерттеу;
– Темекіні зерттеу;
– Сабынның сапасын зерттеу;

– Адамның еңбекке қабілеттілігіне музыканың әсерін зерттеу;
– Бөлме ауасының шаңмен ластануын зерттеу;
– Ағаштар мен бұталардың қабығын зерттеу;
– Адам денсаулығының атмосфераның жағдайына тәуелділігін зерделеу;
– Мектептегі жұмыс үстелдерінің жарықтануын зерттеу;
– Өз пәтеріндегі энергияны үнемдеу мүмкіндіктерін зерттеу.

Бұл жоғары сынып білім алушыларының география, физика, химия, биологияны зерттеудің озық тәжірибесінқалыптастыруға мүмкіндік береді, математикалық және ақпараттық сүйемелдеулер маңызды құралдар болып табылады.

Бұл мектептегі жаратылыстану ғылымын тереңдетуге және түрлендіруге, жоғары сынып білім алушыларын одан әрі кәсіби оқытуға дайындауға және инновациялық өзгерістер кезеңін дамытуға мүмкіндік береді.

Сабақтарда газеттердің, журналдардың, фильмдердің, бейне-таспа материалдары, веб-сайттар мен әдебиеттердің материалдарын қолдану ұсынылады.

Пән бойынша академиялық лексика қалыптастыру үшін сабақта терминологияны қолдану жұмыстарын жүйелі жүргізіп отыру қажет. Білім алушылардың терминдерді дұрыс пайдалануын қамтамасыз ететін ауызша және жазбаша тапсырмалар қолдану ұсынылады. Білім алушылардың білім жетістігін бағалау барысында академиялық лексиканың дұрыс қолданылуына көңіл аудару қажет.

Сапалық және сандық есептерді шешуге тең дәрежеде көңіл бөлу керек, өйткені құбылыстардың, процестердің терең мәнін түсіну және оларды шешу дағдыларын қалыптастыруға қол жеткізу қажет.

Техника қауіпсіздігі ережелерін сақтай отырып барлық оқу құралдары және техникалық жабдықтарды білім алушылардың дұрыс пайдалануы маңызды болып табылады. Біздің мемлекетімізде «жасыл» экономикаға ауысу саласындағы саясат жүзеге асуда, осы үдерістің бөлігі ретінде қазірден бастап білім алушылардың «таза» болашақты құруға қадамдар жасауын қамтамасыз етуіміз керек. Сондықтан мектеп мұғалімі, білім алушыларға қоршаған ортаны қорғау ісіне өз үлесін қосуға шақыруы қажет. Ол үшінтөменгі ұсыныстарды ұсынамыз:

1. Жабдықты ажыратыңыз! Мысалы, егер сіз бөлмеде болмасаңыз бөлмедегі жарықты сөндіріңіз, сондай-ақ егер оларды сол сәтте пайдаланбасаңыз құралдарды розеткада қосылған күйінде қалдырмаңыз.

2. Синтетикалық аспаптардан/құралдардан бас тартыңыз! Біздің барлығымыз әр түрлі химикаттарды пайдаланумен жаңа тазалау құралдарын пайдалана отырып, ыдыс-аяқты жууға дағдыланғанбыз. Дәл осындай құралдар бірінші кезекте қоршаған ортаға, сондай-ақ адамның өзіне де зиян келтіреді.

3. Энергияны үнемдеңіз. Тіпті қазірден бастап үйге күн жылытқыштарын сатып алуға және орнатуға, сондай-ақ энергия үнемдегіш шамдарды пайдалануға болады.

4. Қоқысты сұрыптауды бастаңыз! «Жасыл» экономикаға ауысудың маңызды бағыттарының бірі қалдықтарды кәдеге жарату, сондай-ақ оларды қайталама өнім ретінде пайдалану болып табылады.

5. Электрондық тасымалдағыштарды пайдаланыңыз! Қағазды пайдалану кесілген ағаштардың үлкен санын талап етеді.

6. Экологиялық таза өнімдерді сатып алыңыз! Бұл біздің әрқайсымыздың денсаулық жағдайымызды айтарлықтай арттырады, сондай-ақ экологиялық таза ауыл шаруашылығын құруға көмектеседі.

7. Жаяу көбірек жүріңіз. Пайдаланылған газдар табиғатты ластаудың маңызды көздерінің бірі болып табылады. Пайдаланылған газдың шығуының сәл де болса азаюын біздің әрқайсымыз жасай аламыз.

8. Браконьерлікке жол жоқ! Адамдардың заңсыз әрекеттерінен өсімдіктер мен адамдардың сирек түрлері қазіргі кезде мүлде жоғалып кетті. Табиғаттың бірегейлігін сақтау – әрқайсымыздың міндетіміз.

9. Табиғатты қорғайық! Өзіңнен кейін қоқысты қалдырмау, ағаштардың бұтақтарын сындырмау немесе гүлдердің байламдарын үзбеу сияқты ережелерді қарапайым сақтау табиғат жағдайында маңызды көрініс табады.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндері сабақтарындағы сын тұрғысынан ойлау келесі дағдыларды дамытуды қарастырады: мәнмәтінді есепке ала отырып тыңдау, бақылау, талдау және жинақтау арқылы дәлелдеуге үйрену. Сондықтан білім алушылардың бақылау, талдау, пайымдау және түсіндіру дағдыларын қалыптастыруларына жағдай жасау қажет. Ол үшін білім алушыларды:

– пайымдау мен дәлелдеуді жіктеуге және жинақтауға;

– олар туралы негізгі дереккөздерді бағалауға және сәйкес сұрақтар қоюға;

– тұжырымдамалар және қорытындылармен қоса алғанда негізгі дереккөздерді салыстыруға және талқылауға;

– жеке тәжірибесінің молаюына қарай өзінің көзқарастары мен болжамдарын қайта қарауға қатыстыруға болады.

География, физика, химия, биология сабақтарындағы пәнаралық байланыстар қоршаған әлемдегі процестер мен құбылыстардың өзара байланысын көрсете отырып, бір пәнді оқу барысында басқа пән бойынша білімді меңгеру процесінде қолдану білігін, жүйелі ойлауды дамытуда ерекше рөл атқарады.

Дидактика тұрғысынан пәнаралық байланысты жүзеге асыру оқытудың ғылыми деңгейін артырады, оқу материалының мазмұнына, мұғалім қолданатын оқытудың әдістеріне, сонымен қатар білім алушылардың өз беттерінше жүзеге асыратын оқу тәсілдеріне әсер етеді.

Сонымен қатар, пәнаралық байланысты белсенді пайдалану, жаратылыстану бағыты пәндерін оқыту процесінде оңтайландыруға және білім алушыларға түсетін оқу жүктемесін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерінің сабақтарында пәнаралық байланысты қолдану ғылыми-жаратылыстанудың негізін құрайтын – «Өмір», «Адам», «Табиғат кешені», «Экономика және экология», «Зат», «Дене»,

«Энергия», «Күш», «Қозғалыс» және «Даму» ұғымдарының қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Жоғары сыныптардағы география, биология, химия, физика сабақтарында пәнаралық проблемалық жағдаяттар жасап отыру қажет, мысалы: кездейсоқтық, дәлелдеу, жоққа шығару, болжау жағдаяттары.

Мысалы, «География» оқу пәнінің «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану» және «Адамзаттың ғаламдық проблемалары» бөлімдерін өткенде зілзалалар жағдайында және қауіп-қатер ахуалында қауіпсіздікті сақтау, күтпеген жағдайды болжау және осы жағдайларда өзін ұстау ережелерін талқылауға болады, білім алушылардың қауіпсіздікті сақтау мәдениетін қалыптастыруға баса назар аударылады.

Пәнаралық байланыстар зерттеудің (эксперименттік әдіс, жобалық және модельдеу әдісі және т.б.) жалпы әдістерінде қолданылуы мүмкін. Мұғалімге пәнаралық байланыстың: бұрынғы, жалғаспалы және келешекті түрлерін қолдану ұсынылады.

Бұрынғы пәнаралық байланыстар – бұл байланыстар курстың материалын оқу барысында, басқа пәндерден бұрын алынған білімдерге сүйенуді қарастырады (мысалы, жаратылыстану, география, биология курстарынан алынған білім).

Жалғаспалы пәнаралық байланыстар – бұл байланыстар, көптеген сұрақтар мен ұғымдар бір мезгілде бірнеше пәнде зерделенуі мүмкін екенін қарастырады (мысалы, дыбыс туралы түсінік физикада, ал есту органдары – биологияда оқылады және т.с.с).

Перспективалық пәнаралық байланыстар материалды бір пәннен оқу, сол материалды басқа пәндерден оқудан бұрын жүзеге асырылады (мысалы, атомның құрылысы туралы ұғым физика пәнінде химияға қарағанда бұрын оқытылады). Бұл жағдайда химия мұғалімі физикадан алынған білімге сүйенеді.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерінде «Геосаяси жағдай», «Геоэкономикалық жағдай», «Тұрақты даму», «Даму стратегиялары», «Индустриалды-инновациялық реформа», «Жасыл экономика», «Жасыл энергетика», «Ел шаруашылығы», «Ғылымды қажет ететін технологиялар», «Таза технологиялар» терминдерінің ғылыми-теориялық және практикалық мәнін зерделеу, аймақтық және жергілікті аспектіде олардың қолданбалы ерекшелігін түсіну, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру контексінде жаһандық геоэкономикалық кеңістікте тұрақты дамып келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасы туралы ғылыми негізделген көзқарас қалыптастыру және дамыту маңызды болып табылады. Сабақтардың тәрбиелік мақсаты «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қамтып отыру тиіс.

Білім алушылар оқу бағдарламасын меңгеру барысында АКТ қолдану дағдыларын дамытады. «География» пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес келесі веб-ресурстар ұсынылады:

www.earthquakes.usgs.gov	www.rgo.ru	www.geo2000.nm.ru
www.geo.historic.ru	www.www.geografia.ru/	www.geographic.org

www.mygeog.ru	www.e–cis.info	www.geography.about.com
www.hobitus.com	www.imf.org	www.kisi.kz
www.meteosputnik.ru	www.mfa.gov.kz	www.oecd.org
www.stat.gov.kz	www.theodora.com	www.un.kz
www.un.org	www.undp.kz	www.unesco.kz
www.unesco.org	www.unmultimedia.org	www.volcanodiscovery.com
www.worldbank.org		

Білім алушылардың ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын бағалау үшін түрлі проблемалары бар жағдаяттар қолданылады. Олар адамдардың күнделікті өмірімен, денсаулықты сақтаумен, техника мен технологияны дамыту үшін қажетті ғылыми-жаратылыстану білімін қолданумен, қоршаған орта проблемаларымен байланысты болуы тиіс. Сабақтың сапасын арттыру үшін мұғалім:

– оқу материалын зерделеу барысында мультимедиа-технологияларды пайдалану;

– білім алушылар мен мұғалімдердің күнделікті оқу жұмысында компьютерлерді құрал ретінде өнімді қолдану;

– пәнаралық байланыс технологиясын жүзеге асыру;

– есептерді шығару үшін электрондық кестелерді пайдалану;

– виртуалды практикумдар және зертханалық жұмыстар жүргізу қажет.

Төмендегі 108- кестеде ғылыми-жаратылыстану циклі пәндерінің (оқыту бағыты бойынша) сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша ұсынылатын қызметтердің түрлерінің мазмұны келтірілген.

108-кесте. Ғылыми-жаратылыстану циклі пәндерінің (оқыту бағыты бойынша) сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша ұсынылатын қызметтердің түрлерінің мазмұны

	Ұсынылатын қызметтердің түрлері (жобалаудың параметрлері)	Білім беру бейіндері бойынша	
		ЖМБ	ҚГБ
1	Оқылатын тақырыптар бойынша шағын зерттеулер.	Сабақ барысында негізгі бөлімдер және тақырыптар бойынша жүйелі презентация жасау.	Жекелеген сабақтарда жекелеген тақырыптар бойынша презентация.
2	Карталар, кестелер, сызба-нұсқалар, көрнекі құралдармен жұмыс.	Талдау, өз бетінше шешімдер әзірлеу, жаңа сызбалар, жаңа білім.	Талдау, қорытындылау.
3	Түрлі күрделілік деңгейіндегі практикалық, зертханалық жұмыстар.	Жоспарлы, жаттықтырушы, дамытушылық, іс-әрекеттік.	Жоспарланған, іс-әрекеттік.
4	Статистикалық материалдармен жұмыс .	Әрдайым, негізгі бөлімдер және тақырыптар бойынша, міндетті түрде көрнекі-графикалық бейнелеу.	Әрдайым, негізгі тақырыптар бойынша.

5	Мерзімді баспасөз материалдарын, қосымша материалдарды зерделеу.	Әрдайым, жаңа білім сабақтарындағы презентация, олардың функционалдық маңызы.	Білім алушы үшін жаңа білім сабақтарындағы презентация, олардың функционалдық маңызы.
6	Үй тапсырмасының тәжірибелік бағыттылығы.	Жүйелі, үнемі, іс-әрекеттік.	Жүйелі, жүйелі іс-әрекет, өзін-өзі тәрбиелеу міндеттері.

Сонымен қатар білім алушылар арасында жаратылыстану ғылымдары мен жаратылыстану сауаттылығына деген қызығушылықты қалыптастыру үшін STEM-ді оқыту элементтерін ұсынамыз.

Сабақтарда және сабақтан тыс уақытта, оқу-зерттеушілік және өмірлік жағдаяттарда география, физика, химия және биология пәндерінен алған білімдерін қолдану біліктілігін дамытатын есептерді, тапсырмаларды және жаттығуларды кеңінен қолдануға назар аударылады. Оқу тапсырмаларын әзірлеу барысында Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА басылымдарында ұсынылған, халықаралық салыстырмалы PISA және TIMSS зерттеулерінде қолданылатын тапсырмалар жүйесіне көңіл аудару қажет.

Олар білім алушыларда ойлау әрекетінің, зерттеу белсенділігінің және дербестіктің ерекше стилін қалыптастырады. Мысалы, қоршаған ортаға зиян тигізбейтін үй үлгісінде табиғи жарықты басқару жүйесі істен шығуы мүмкін, бұл мәселені шешу үшін мәселенің себебін табуға, оны шешудің қадамдар дәйектілігін жасауға, математика, физикадан білімдерін қолдануы және оны шешу үшін табиғи материалдардың сипаттамаларын білуі керек.

STEM бағдарламаларын іске асыруда ақпараттық технологияларды пайдалану перспективасын асыра бағалауға болмайды. Бүгінгі таңда медицинада, құрылыста, химияда, физикада, биотехнологияда және басқа да ғылыми аймақтарда ақпараттық технологияларды белсенді қолданатын оқу орындарының түлектеріне сұраныс артып келеді. STEM сабақтарында есептеулерді жобалау үшін компьютерлік бағдарламаларды қолдану білім алушылардың жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады ал, көптеген жобаларда материалдық модельді құрастырмас бұрын электрондық прототип жасалады. Әрбір білім алушыға қол жетімді тиісті бағдарламалық жасақтаманы қолданып, түпкілікті өнімнің техникалық сипаттамаларын және тиімділігін электрондық прототипі арқылы тексеруге болады.Мысалы, тығыздық, температура, қысым және кинетика заңдылықтары сияқты су эквиваленті туралы деректерді пайдалана отырып, шынайы жағдайлар үшін терең теңіздегі зерттеу станциясының сипаттамаларын тексеруге болады.

Мектептерде STEM оқытуды қолданудың қаншалықты мүмкіндіктері бар? Интернетте практикалық тәжірибеге негізделген әдістемелік ұсыныстар табуға болады.

Интеграцияланған бағдарламаларды жүзеге асыру үшін, мысалы, элективті инжиниринг және робототехника, биотехнология немесе нанотехнология, сондай-ақ әртүрлі бағыттағы топтар мен секциялар қосымша

білім беруді қолдана алады. Орта білім беру стандарттары аясында STEM оқытуды жүзеге асыру үшін ғылыми-жаратылыстану пәндерін кіріктірудің жолдары ұсынылады.

Біріншіден, бірнеше пәнді (химия, биология және физика) кіріктіруге мүмкіндік туады. Мысалы, тіршілік үшін судың рөлі және физикалық қасиеті, молекуладағы химиялық байланыстары, құрамы туралы білімдерін талап ететін тапсырмалар енгізілген, биология, химия және физика пәндерінің мұғалімдері жоспарлаған, биологиялық, химиялық, физикалық көзқарастағы су қасиеттерін зерттеу тақырыбындағы сабақтар. Тағы бір мысал, адам қаңқасын зерттеуде графикалық редакторларды пайдалану биология мен информатиканың кірігуі болып табылады немесе фотосинтез процесі және жарықтың қасиетін оқуда физика мен биологияның кіріктірілуі.

Екіншіден, білім алушылардың бірнеше пән бойынша білімі мен бірнеше пән мұғалімдерінің кеңестерін пайдалана отырып, оқу жобаларын құру арқылы STEM бағдарламаларын іске асыру мүмкін болады, мысалы, математика, физика және информатика бойынша білімдерін қажет ететін бейнероликтерді жазу үшін тіркелген ауданы бар ұшқышсыз әуе көлігінің үлгісін жасау.

Үшіншіден, әдетте екі-үш аптаға созылатын жазғы мектеп сабақтарының әлеуетін ескеру керек. Мұғалімдер топтағы білім алушыларға белгілі бір уақыт пен бірнеше пәндер бойынша дағдыларды қажет ететін ғылыми тәжірибені практикада қолдануға тапсырма бере алады. Мысалы, бұршақ өсімдігін немесе белгілі бір биіктіктегі басқа да қарапайым өсімдіктерді өсіруге арналған тапсырма. Сонымен қатар, ересектер кәсіби қызметпен айналысатын, ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту және сыни ойлау дағдыларын дамытатын, топырақтың құрамын есептеп анықтайтын және суару режимін жоспарлайтын, өсімдік бағанында қашықтықты есептеген кезде, командалық жұмыс тәжірибесін алуда интеграцияланған оқытуды ұйымдастыру маңызды. Креативті ойлау және белсенділік қарқыны бағытын таңдау мүмкіндігі болғанда әр білім алушының жеке қабілеттері ескеріледі.

Мұғалімдерге әдістемелік көмек ретінде Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА сайтында келесі әдістемелік нұсқаулар орналастырылған:

1. STEM білімді енгізу – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 160 б.

2. PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде білім алушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 40 б.

3. PISA-2015 халықаралық зерттеуге дайындықты әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. Әдістемелік жинақ. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 118 б.

4. TIMSS және PISA халықаралық зерттеулерге білім алушыларды дайындауға арналған есептер жинағы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. - 59 б.

5. 12-жылдық мектеп жағдайында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау әдістемесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 43 б.

6. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мектеп және отбасының өзара іс-әрекетінің мазмұны мен түрлері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 38 б.

7. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда 12 жылдық білім беру мазмұнының кіріктірілуі мен сабақтастығы. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 41 б.

8. Ғылыми жаратылыстану циклы пәндері бойынша жобалық тапсырмалар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 80 б.

9. Жобалау және зерттеу қызметі негізінде 12 жылдық білім беру жағдайында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 45 б.

Осы нұсқаулықтар Академия сайтында (www.nao.kz) орналасқан.

«АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Адам және қоғам» білім саласы «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Адам. Қоғам. Құқық», «Өзін-өзі тану» пәндерін қамтиды.

Жалпы орта білім беру деңгейінде тарихты оқыту – өткен тарихи оқиғаларды түсіну және оларды талдау негізінде қазіргі замандағы орнын анықтау, азаматтық ұстанымын қалыптастыру және оқиғалар мен құбылыстарға жеке көзқарасын білдіре отырып, олардың маңызы мен мәнін түсінуді қамтамасыз ететін жеке тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған.

«Адам. Қоғам. Құқық» пәнін оқыту – адам, қоғам және құқық туралы, қоғам дамуының негізгі үдерістері, әлеуметтік факторлардың адам өміріне әсері туралы ғылыми білімді меңгеруге негізделген.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесі қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарда:

11-сыныпта аптасына 2 сағаттан, оқу жылында 68 сағатты қамтиды.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойыншаоқу жүктемесі:

қоғамдық-гуманитарлық бағытта:

11 сыныпта – аптасына 2 сағаттан, оқу жылына 68 сағатты.

жаратылыстану -математикалық бағытта:

11 сыныпта – аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«Адам. Қоғам. Құқық.» пәні бойынша оқу жүктемесі қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарда:

11-сыныпта аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

2019/2020 оқу жылында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы», «Адам. Қоғам.Құқық» пәндері бойынша оқу процесін ұйымдастыруда келесі оқу бағдарламалары қолданылады:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3

сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген, 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған Қазақстан тарихы пәнінің оқу бағдарламасы.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11- сыныптарына арналған Дүниежүзі тарихы пәнінің оқу бағдарламасы.

3.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген, 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Адам. Қоғам. Құқық» пәнінің оқу бағдарламасы

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы әдістемелік ерекшеліктер

Жалпы орта білім беру деңгейінде тарихты оқыту келесі біліктерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

– әртүрлі деректердің ақпараттарымен (соның ішінде интернетте ұсынылған) жұмыс істей білу;

– анық тарихи фактілерден түсіндірулер мен көзқарастарды айыра білу;

– өзінің зерттеу және оқу әрекеттері нәтижесін бағалау және таныстыра білу, кемшіліктердің себептерін анықтау;

– тарихи оқиғалар мен қатысушыларға өз қарым-қатынасын түсіндіре білу;

– қазіргі әлеуметтік-тарихи процестер мен дамудың ықтимал нұсқаларын болжауды талдай білу үшін игерген тәжірибесін, әрекетін және меңгерген білімдерін қолдана білу;

– қауіпсіз мәдениет қалыптастыру арқылы түрлі жағдайларда қауіп-қатерлерді талдай білуі және қауіпсіздікті қамтамасыз ете білуі керек.

Жалпы білім беру деңгейінде «Адам. Қоғам. Құқық» пәнін оқыту білім алушыларды адам өмірінің мәні, құқықтық мемлекет дамуының ерекшеліктерін анықтауға, қазіргі өркениеттік әлемде құқықтық сананы қалыптастыру, түрлі жағдайларда қауіп-қатерді азайту және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеуге бағытталған.

Пәндерді оқытудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер:

Жалпы білім беру деңгейінде тарих пәндерін оқытуда білім алушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сай талдау, бағалау, зерттеу және жоспарлау дағдыларын қалыптастыратын әдіс-тәсілдер мен тапсырмалар көбірек қолданылуы керек. Мысалы, талдамалық эссе мен есеп жазу, салыстырмалы талдау жасау және тағы басқалар.

Пәнді оқытуды жетілдіруде оқытудың белсенді түрлері мен әдістерін, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану, білім алушылардың дербес

танымдық қызметін ұйымдастыру, практикалық және шығармашылық тапсырмалар, конференция, дебат, дискуссия, рөлдік ойындар, кейс әдісі, іскерлік ойындар, пікірталастар мен семинарларды және т.б. қолдану ұсынылады.

Отандық және дүниежүзі тарихының кейбір тақырыптарын кіріктіріп оқыту ұсынылады. Халықаралық қатынастар тарихы және Қазақстанның сыртқы саясаты, әлемдік соғыстар тарихы, тарихтың жеке мәселелері, мәдениет т.б. тақырыптарын кіріктіруге болады. Тарих пәндерін кіріктіре оқыту жүйесін қалыптастыру оқу процесінің коммуникативтік әлеуетін біршама арттырады.

Жалпы білім беру деңгейінде тарихи және қоғамдық білім берудің негізгі мәселелерінің бірі білім алушылардың білімді өз бетінше игеруі болып табылады. Соған сәйкес мұғалімнің басты міндеті білім мазмұнына сәйкес сабақтың маңызды ерекшеліктерін анықтап, сабақтың үлгісін құру және сабақты жетілдірудің жолдарын тауып, оның сапасын арттыру. Ол үшін білім алушылардың әрқайсысы тарихи оқиғаларға ғылыми тұрғыдан баға беріп, олардың сабақтастық байланысын түсінуіне мүмкіндік беретін тәсілдерді қолдану ұсынылады.

«Адам.Қоғам.Құқық» пәні бойынша алған білімді тәжірибеде қолдану тез өзгермелі әлемде табысқа қол жеткізетін, өз елінің игілігі үшін жауапты Қазақстан Республикасының зияткер, әлеуметтік-рухани азаматын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Пәнді оқытуда оқылған материалдарды ашу мен нақтылауға, оны білім алушылардың жеке әлеуметтік тәжірибесі, жеке бақылауы, олардың адамдардың қоғамдағы тәлімі мен әлеуметтік өмірі туралы қалыптасқан түсініктерімен байланыстыруға көмектесетін әдістерді қолдану ұсынылады.

Оқу процесінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды дәстүрлі әдістермен сәйкестендіре отырып белсенді қолдану ұсынылады. Жобалық тақырыптар және шығармашылық тапсырмаларды (хабарлама, презентация, жобалар, коллаждар және т.б.) білім алушыларға алдын ала беру қажет.

Тарих сабақтарын жоспарлау және ұйымдастыру барысында оқытудың тәрбиелік компонентіне ерекше назар аудару қажет. Материал мазмұны «Рухани жаңғыру» идеясына және «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламасына сай болуы қажет. Тарих және қоғамдық пәндер бойынша рухани жаңғыру идеясы негіздерінің құндылықтарын оқыту мен тәрбиелеуде жүзеге асыру ұсынылады.

Рухани жаңғыру бағдарламасы материалдарын оқу тәрбие процесіне қолдануға арналған әдістемелік ұсынымдар академия сайтында орналастырылған: *(https://www.nao.kz /Білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету/ Қазақстан Республикасы Президентінің Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына арналған интерактивті сабақты өткізу бойынша әдістемелік ұсыным./*

Мектеп бітірушілерді қорытынды аттестаттау бойынша ұсынымдамалар.

Бітіру смтиханын өткізу формалары:

Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан билеттер бойынша

жүргізіледі. Құрастырылатын билеттердің саны – 30; әр билетте 3 сұрақ болады, оның екі сұрағы– ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы курсының негізгі бөлімдері мен тақырыптарының теориялық материалдары бойынша, үшінші сұрақ – практикалық түрде беріледі (тарихи карталар, кескіндер, портреттер, хронологиялық кескіндерді пайдалану т.б.).

Ауызша емтиханда білім алушы дайындалу үшін кем дегенде 20 минут уақыт беріледі. Егер білім алушы билет бойынша жауап бермесе, комиссия оған екінші билет алуға мүмкіндік береді (бұл жағдайда жауап бір баллға кемиді).

Мектеп бітірушілерді қорытынды аттестаттау мазмұнына қойылатын талаптар, бағалау өлшемдері:

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік бітіру емтихандарына емтихан материалдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі Ұлттық тестілеу орталығымен әзірленеді.

Қазақстан тарихы пәнінен ауызша емтихан билеттерінің құрылымы мен мазмұны:

1-2- сұрақтар ежелгі және орта ғасырдағы, жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы курсы материалдарын;

3-сұрақ практикалық сипаттағы тапсырмаларды (тарихи карталар, термин сөздермен жұмыстар, тұлғаларға тарихи сипаттама және т.б.) қамтиды.

Әрқайсысы ең жоғары 10 балмен бағаланатын 1 және 2 сұрақтарды бағалауға қойылатын талаптар:

- базалық деңгейдегі жауапқа 1-6 балл;
- жоғары деңгейдегі жауапқа 7-10 балл.

Базалық деңгей:

- Қазақстан тарихындағы негізгі фактілерді, құбылыстар мен процестерді білуі, тарихи оқиғаларды уақыт шеңберімен баяндай алуы.

Жоғары деңгей:

- қосымша тарихи, хронологиялық, картографиялық деректер негізінде қоғамдық-саяси жағдайды сипаттау, тарихи оқиғаларды талдау, жүйелеу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау;

- жинақтау, бағалау негізінде ой қорытынды жасау.

Тарихи карталармен, терминологиямен жұмыс және тарихи тұлғаларды сиптаттау барысында билеттің 3-сұрағын максималды 10 балмен бағалауға келесі талаптар қойылады:

- тарихи картадан оқиғалар мен нысандарды көрсету;
- тарихи фактілерді, құбылыстар мен процестерді тірек-сызбаларға түсіру, хронологиялық тізбек құру;
- тұлғаға тарихи сипаттама беру және оның тарихта алатын орнын бағалау;
- иллюстративті материалдар арқылы оқиға желісін баяндау.

Төмендегі 109- кестеде қорытынды аттестаттаудың бағалау критерийлері берілген.

109-кесте. Қорытынды аттестаттаудың бағалау критерийлері

№	Критерийлер	Балдары

1	Жалпы білім деңгейі	1 балл
2	Нақты проблеманы білу және тарихи дереккөздерді пайдалану	5 балл
3	Логикалық және талдамалық ойлауы және баяндау стилі	2 балл
4	Тарихиматериалдыашудағдылары	1 балл
5	Сындарлы тұжырымдар мен қорытындылар жасау мүмкіндігі	1 балл

Ескерту: Билеттің әрбір 3 сұрағына жауап 10 (он) балмен бағаланады. Жалпы алғанда, 3 сұрақтың ең жоғары жиынтық балы 30 балды құрайды.

Сұрақтарға жауап беру барысында жинақтаған балды бес балдық бағалау жүйесіне ауыстыру шкаласы төменде 110-кестеде көрсетілген.

110-кесте. Баллды бес балдық бағалау жүйесіне ауыстыру шкаласы

Бағалаудың бес балдық жүйесі бойынша баға	«2»	«3»	«4»	«5»
Жалпы балл	0-4	5–16	17–24	25–30

Емтихан жұмысының ұзақтығы сыныптағы білім алушы санына (параллелдердегі) байланысты.

Емтиханда заманауи техникалық құралдар мен құрылғыларды қолдануға тыйым салынады. Барлық қосымша қажетті материалдарды (карталар, сызбалар, кестелер және т.б.) мұғалім дайындайды.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ұсынылатын сайттар: http://www.tarih-begalinka.kz; http://www.e-history.kz; http://bilimsite.kz/tarih/; http://testcenter.kz/entrants/for-ent/.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен ұсынылатын сайттар:

http://www.world-history.ru; http://historic.ru; http://historyatlas.narod.ru; http://testcenter.kz/entrants/for-ent/.

Сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмыстары білім алушыларды қоғамдық өмірге бейімдейтін, жұмыс тәжірибесін жинақтайтын, жаңа жағдайдағы қарым-қатынасқа үйретететін, қызығушылықтар мен талаптарды іске асыратын әлеуметтік ортаның бір бөлігі болып табылады:

«Тарих» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2019-2020 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады:

1. Ұшқыш-шабуылдаушы, Кеңес Одағының Батыры Нүркен Әбдіріұлы Әбдіровтің **туғанына 100 жыл**. (1919 жыл.9 тамыз);
2. Мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың **туғанына 125 жыл**. (1894 жыл.26 желтоқсан);
3. ҚҒА Тұңғыш президенті, мемлекет және қоғам қайраткері Қаныш Сәтбаевтың туғанына 120 жыл
4. Республикалық «Казахстанская правда» **газетінің шыққанына 100 жыл**. (1920 жыл.1 қаңтар);
5. Кеңес Одағының Батыры, «Ленин» ордені мен бірқатар медальдардың

иегері Сұлтан Біржанұлы Баймағамбетовтың **туғанына 100 жыл.** (1920 жыл.1 сәуір);

6. Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, ойшыл, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлының **туғанына *175жыл*.** *(*1845 жыл.10 тамыз*);*

7. Ұлы Отан соғысының жеңісіне **75 жыл;**

8. Ұшқыш-шабуылдаушы, КСРО еңбек сіңірген әскери ұшқыш, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, «Ленин», төрт мәрте «Қызыл Ту», «Александр Невский», I дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендері мен бірқатар медальдардың иегері Леонид Игнатьевич Беданың туғанына 100 жыл. (1920 жыл.16 тамыз);

9. Кеңес Одағының Батыры, «Ленин» ордені мен бірқатар медальдардың иегері Төлеген Тоқтаровтың **туғанына 100 жыл**. (1920 жыл.19 желтоқсан);

Мектепте сыныптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жүзеге асады:

- базалық кәсіпорындарда, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда мектептен тыс сабақтар ұйымдастыру;
- таңдауы бойынша еркін сабақтар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;
- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабақтар өткізу;
- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабақтарын жүргізу және т.б.

Сыныптан тыс жұмыстар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, алған білімдерін тереңдетіп, өздігінен іздене білуге үйретеді. Сонымен қатар, теориялық білімін кеңейтіп, толықтыра түседі және білім алушылардың жеке қабілетін дамыта түседі.

«Өзін-өзі тану» оқу пәні

«Өзін-өзі тану» пәнін оқытуда оқушылардың жас ерекшеліктеріне орай мектептің жоғары сатысындағы 11 сыныптың базалық мазмұнында негізгі төрт тарауды қамтиды: «Таным тағылымдары»; «Адам болам десеңіз...»; «Жарасымды өмір салтанаты»; «Кең дүние келбеті».

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: аптасына 1 сағат, бір жылға 34 сағат.

Оқушылардың білімін бағалау. Оқушылардың білім сапасын бағалау Жалпы білім беретін мектептің «Өзін-өзі тану» пәні бойынша 1-11 сыныптарына арналған оқу бағдарламаларындағы 11-сынып бағдарламасында белгіленген «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» негізінде жүргізіледі. Бұл талаптар оқушылардың өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйенуге талпыну және қоғамға қызмет ету дағдыларын жетілдірудегі танымдық әрекеттерін дамытуды саралауға (мониторингіне) қызмет етеді. Адамгершілік-рухани білім беру ерекшеліктеріне сай сандық емес, сапалық бағалау маңызды, сондықтан әр жартыжылдық қорытындыда «сынақ» деген баға қойылады.

Оқушы 11-сынып бағдарламасындағы «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптардың» жалпы көлемінің кем дегенде 2/3 бөлігіне сай өз жетістігін көрсете алса, онда «сынақ» деген баға қойылады.

«ТЕХНОЛОГИЯ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Технология» білім саласы «Технология» пәні оқытылады.

«Технология» оқу пәні

«Технология» пәні білім алушылардың өзіндік еңбек өміріне дайындалуларына, олардың жасампаз және қайта құрылу саласына байланысты, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтауға мүмкіндік береді.

11-сыныптарда пәнді оқытудың *мақсаты* – техника мен технология саласында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қамтамасыз ету, әр түрлі қызмет түрлеріне (білім беру, зияткерлік, кәсіби) бейімделу үшін технологиялық білім, білік және дағдыларды меңгерту арқылы жоғары сынып білім алушысының тұлғасын қалыптастыру, технологиялық ойлауды, орындалған жұмысқа шығармашылық көзқарасын дамыту.

Мақсатқа сәйкес келесі *оқыту міндеттері* анықталған:

– техника, технология және заманауи өндіріс негіздерінен жүйеленген білімді қалыптастыру;

– құрылымдық материалдарды өңдеу технологиясы, жобалау іс-әрекеттерін іске асыру бойынша жалпы еңбектік, жалпы өндірістік және арнайы біліктер мен дағдыларын қалыптастыру;

– технологиялық ойлау қабілетін және еңбекке деген шығармашылық көзқарасын дамыту;

– оқып жүрген технологиялармен байланысты мамандықтар әлемі, еңбек нарығындағы олардың талап етілуі туралы түсініктерін қалыптастыру, өзінің өмірлік және кәсіби жоспарларын саналы түрде анықтауына ықпал ету;

– еңбек ету және кәсіби іс-әрекеті үрдісінде эстетикалық, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, дене және құқықтық тәрбие беру;

– білім алушылардың Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне деген құрмет көзқарасын қалыптастыру.

«Технология» пәнін оқыту барысына азаматтардың әлеуметтік тәжірибесініңбарлық төрт компоненті кіреді: танымдық қызмет тәжірибесі (түрлі облыстағы ақиқат туралы білімі), танымал қызмет тәсілдерінорындау тәжірибесі, шығармашылық қызмет тәжірибесі мен нысандарға эмоционалды-құндылықтар қатынасы және адам қызметіне арналған тәжірибе құралдары. Бұл барлық компоненттер оқу курсының мазмұнында бар.

Технологиялық дайындықты ұйымдастырудың әдістері мен түрлерін білім алушылардың оқу-еңбек, қызмет көрсету іс-әрекеттеріне араласуға дайындығының деңгейіне байланысты анықтайды.

Сабақтарды өткізу барысында «Технология» пәнін оқытудың дидактикалық талаптарын сапалы іске асыруға ықпал ететін заманауи оқыту технологиялары, ұйымдастыру әдістері, оқу процестерін қадағалау және білім

алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары қолданылады.

Басым әдістерге – жаттығу, практикалық-оқу жұмыстары, жобалау әдістері жатады. Оқу жылының соңында орындаған жобаларына қорғау ұйымдастыру ұсынылады. Жобаларды білім алушылар жеке немесе топ болып орындай алады.

11-сынып білім алушыларымен кәсіби бағдарлау апталықтарын өткізу барысында кәсіби шешім қабылдауға дайындығын қалыптастыратын, сонымен қатар жұмысқа орналасу немесе білім алу траекториясының негізгі және қосымша (ықтималды) нұсқаларын таңдаудың қажеттілігі туралы, кәсіптік ұтқырлық және бәсекелестікке дайын болуы қажет екендігі туралы ой салатын тренинг сабақтар өткізу тиімді болып табылады.

Сабақтарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

«Технология» пәнінің мазмұнында мәдениет сабақтастығы принципіне сәйкес адамгершілік пен ұлттық мәдени құндылықты қалыптастыратын, соның ішінде адам өмірі мен қоғамн негізі әрекетінің құндылығы болып саналатын еңбек құндылығы басты орын алады.

11-сынып қыз балаларға келесі бөлімдер бойынша тақырыптар ұсынылады:

111-кесте. «Технология» пәні бойынша ұсынылатын тақырыптар

Ауыл мектептерінде	**Қала мектептерінде**
1. Тағам әзірлеу технологиясы. 2. Құрастыру, моделдеу және иық киім өнімдерін жасау. Қазақтың ұлттық киімін тігіп дайындау.	1. Тағам әзірлеу технологиясы. 2. Құрастыру, моделдеу және иық киім өнімдерін жасау. Қазақтың ұлттық киімін тігіп дайындау.

Қолөнер кәсібі әрбір халықтың мәдениетінің материалдық тасымалдаушысы болып табылады. Сондықтан білім алушылардың еңбек пен технологиялық мәдениетін қалыптастыру, оны тұлға ретінде еңбеккорлық, азаматтық және патриоттық қасиеттерге тәрбиелеу және мектеп бітірушілердің еңбек нарығы жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтауы мақсатында технология сабағында көпғасырлық халықтық және ұлттық қолөнерлерді міндетті түрде оқыту мен қолдануға назар аудару ұсынылады.

Сабақтың, сабақтан тыс және сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Технология» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2019-2020 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

11-сыныптарда «Технология» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі әрбір сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Дене шынықтыру» білім саласы бойынша «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери дайындық» пәндері оқытылады.

«Дене шынықтыру» оқу пәні

«Дене шынықтыру» оқу пәні ретінде жалпы білім беретін мектепте маңызды рөль атқарады, жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық түрде өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту мақсаты:

– өз денсаулығына ықтиярлықпен қарау, оны нығайту мен ұзақ мерзім сақтай білу қажеттілігін тәрбиелеу;

– физикалық және психикалық қасиеттерінің толық дамуын;

– салауатты өмір салтын ұйымдастыруда дене тәрбиесі құралдарын шығармашылықпен қолдану.

Оқыту міндеттері:

– денсаулықты нығайту, ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін арттыру және негізгі физикалық (дене) қасиеттерін дамыту;

– базалық спорт түрлерінің техникалық-тактикалық іс-қимыл әдістерін жетілдіру;

– денсаулығын ұзақ мерзім сақтау және нығайту қажеттілігіне, өз денсаулығына ықтиярлықпен қарауға тәрбиелеу;

– дене шынықтыру және спорт туралы, олардың тарихы, қазіргі дамуы мен салауатты өмір салтын қалыптастырудағы рөлі туралы білімдерін шыңдау;

– тұлғаны оң қасиеттерге тәрбиелеу, оқу және жарыс әрекеттерінде ұжымдық іс-қимыл мен ынтымақтастық межелерін сақтау.

Оқу бағдарламасы екі бөлімнен тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім» (ақпараттық компонент), «Дене бітімін жетілдіру және шеберлік» (әрекеттік компонент).

Вариативті компонент дене шынықтыру мұғалімі оқу процесінің сан алуан түрлерін қолдануға және оқытудың заманауи әдістері мен педагогикалық технологияларын енгізуге бағдарлайды. Вариативті компонент мектептің тұрған орны, материалдық базасы мен аймақтың орналасу ерекшеліктерін, мұғалімнің мүмкіндіктері мен оқушының қызығушылықтарын ескеру қажеттілігіне негізделгендіктен, оқу материалдарын жергілікті білім беру мекемелері ұсынады және оны дене шынықтыру мұғалімі әзірлейді.

Бағдарламалық талаптарды ескеріп, әрбір оқушының жеке мүмкіндіктері мен жыныстық даму ерекшеліктерін бағамдай отырып, мұғалім өздігінен жеке талаптар қойып (қорытынды тапсырмалар), талаптардың өзіндік шкаласын құруына және сол бойынша оқушылардың жылдық үлгерімін бағалауына болады. Дене шынықтыру мұғаліміне оқыту-үйретудің барлық кезеңдерінде оқушылардың даму деңгейлерінің жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ үлгерімдерін шынайы бағалауға мүмкіндік береді.

Сабақтарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын

дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

Бағдарламаның ұйымдастыру-әдістемелік талаптары:

– мұғалім өз тәжірибесіне сүйеніп, балалармен нақты жағдайдағы жұмыс дағдысына байланысты ұсынылып отырылған бағдарламаның кез келген бөлімін өзінің материалдарымен толықтыруға (немесе түзетулер енгізуге) құқылы. Оқушыларға қойылатын негізгі талаптар жүзеге асыру барысында;

– мұғалім апта кестесіндегі сабақ санына сәйкес оқушылардың даярлығы мен сабақтың нақты жағдайына қарай өз жұмысын ұйымдастырады;

– оқушылардың қозғалыс ойындарын игеруін тексеру мақсатында бақылау-сынақ алу сабақтары өткізілуі тиіс;

– дене тәрбиесі сабақтарының тиімділігі екі параметр бойынша бағаланады: жекелеген бақылау нормативтерінің нәтижелері; Президент сынамалары нормативтерін орындау нәтижелері (мұғалімнің таңдауы бойынша).

«Шаңғы дайындығы» және «Жүзу» тараулары бойынша сабақтарды толық мәнінде жүргізуге мүмкіндігі жоқ республиканың аймақтарында оларды алмастыру ұсынылады. Мектеп ұжымының педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша бұл сабақтар тиісінше дала жарысымен (кросс дайындығымен) және гимнастикамен (ырғақты, атлетикалық, кәсіби-қолданбалы) алмастырылуы мүмкін.

Бұл бағдарламада мектепте дененің шынығуы мен адамгершілікке тәрбиелеудің кешенді жүйесін құрайтын дене шынықтырудың барлық негізгі нысандарының мазмұны қамтылған және бұл міндеттерді барлық оқу жылында біртіндеп шешуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның үшінші сағаты оқушылардың белсенділігін арттыруға (спорт және қозғалмалы ойындар санын кеңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған.

Дене шынықтыру пәні сабақтары гендерлік қағидат бойынша (қалалық жерлерде – әр топта 8 ұл (қыз) баладан кем емес, ауылдық жерлерде – 5 ұл (қыз) баладан кем емес болған жағдайда) өткізуде сыныпты екі топқа бөліп оқыту жүзеге асырылады.

«Дене шынықтыру» пәнін оқыту барысында оқушыларды топқа бөлу барлық қажетті медициналық құжаттардың ұсынуымен, медициналық тексерістің нәтижесі көрсетілген анықтаманың негізінде іске асырылады.

Сабақтың, сабақтан тыс және сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2019-2020 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

«Дене шынықтыру» пәні сабақтарын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әдістемелік құралдар әзірлеп, орталықтың сайтына (*www.nnpcfk.kz*) және академия сайтына орналастырылған (*nao.kz*).

Дене шынықтыру пәнінің оқу жүктемесі:

11-сынып – аптасына 3 сағат, жылына барлығы – 102 сағатты құрайды.

«Алғашқы әскери дайындық» оқу пәні

«Алғашқы әскери дайындық» (бұдан әрі – АӘД) меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде, орта арнаулы оқу орындарында (колледждерде), кәсіптік-техникалық мектептерде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады.

Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» пәні бойынша оқыту ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде жастарды алғашқы әскери қызметке даярлау, өткізу және ұйымдастыру үшін негіз болып табылған құжаттар мыналар:

1) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңы.

2) «Азаматтарды әскери қызметке даярлау, ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ, алғашқы әскери дайындық бойынша оқу-материал базасын құру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 ақпандағы №118 қаулысының және «Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 606 бұйрығының ***күші жойылды, оны*** Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 ***бұйрығымен ауыстыру*** **қажет** (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 20 қыркүйекте № 15725 болып тіркелген).

Алғашқы әскери дайындық теориялық және практикалық сабақтарда іске асырылады. Теориялық сабақтар оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдар мен инновациялық әдістерді қолдана отырып әңгімелеу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі. Практикалық сабақтар қарулану және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып оқу материалын игеруге бағытталған.

Оқу пәнінің *мақсаттары* – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы түсінігін және әскери іс негіздері бойынша оқушылардың білімдерін қалыптастыру, оқушылардың өмірлік қабілеттері мен дағдыларының дамуын қалыптастыруға ықпал ету.

Оқу пәнінің *міндеттері:*

– оқушыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету үшін алғашқы әскери дайындықтың теориялық тиянақты білімдері негізінде, практикалық дағдыларды меңгере алатындай жағдайда даярлау;

– оқушыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметі туралы біртұтас түсінігінің өзара үйлесімді жүйесін қалыптастыру.

Сабақтарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

Оқу пәнінің мазмұны мен құрылымы кіріспе сабақ, әскери істің негіздері бойынша тараулар, азаматтық қорғаныс және медициналық білім негіздерінен тұрады. Оқу орындарын қару және өзге де әскери-техникалық құралдармен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету оқу орнының есебінен іске асырылады.

11-сынып оқушыларының АӘД пәні бойынша нормативтер мен практикалық жаттығуларды орындауларын бағалау мақсатында, оқу жылының соңында 4 сағат көлеміндегі қорытынды тексеру сабақтары (сынақ) қарастырылған.

11-сыныпта оқушылар азаматтық қорғаныс және медициналық білім негіздері сабақтарында бейбіт уақытта және соғыс кездерінде, табиғи апаттар, ірі көлемдегі зілзалалар және жаудың қазіргі заманғы қырып-жою қаруларын қолданған кезде Қазақстан Республикасының халқын қорғау бойынша іске асырылатын іс-шаралар үйретіледі. Сонымен қатар төтенше жағдайлар пайда болған аудандарда және зақымдану ошақтарында қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ жарақаттанған адамдарға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету ережелерімен танысады.

Әрбір оқу орнында меншік түрі мен формасына қарамастан АӘД бойынша келесі оқу-материал базасы құрылады және жетілдіріліп отырады:

1) қамтамасыз ету табеліне сәйкес көрнекі құралдар, АӘД оқытудың көрнекілік, техникалық құралдарымен, стендтермен жабдықталған оқу бөлмесі;

2) алғашқы әскери дайындық, өмір қауіпсіздігінің негіздері және азаматтық қорғаныс, медициналық білім бойынша арнайы жабдықтарды сақтауға арналған бөлме;

3) саптық дайындық бойынша сабақ өткізу алаңы;

4) рота бойынша күндізгі кезекшінің міндеттерін іс жүзінде үйретететін орын;

5) сақшының міндеттерін үйретуге арналған орын;

6) тактикалық алаң;

7) кедергілерден өту жолының кешені;

8) жабдықталған ату тірі;

9) әскери және еңбек даңқының бұрышы.

Оқу орындарын қару және өзге де әскери-техникалық құралдар макеттерімен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету оқу орнының есебінен іске асырылады.

Алғашқы әскери дайындықты оқытушы-ұйымдастырушы әскери іс негіздерін оқыту үдерісінде жастардың бойында азаматтық таным, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғау қажеттілігіне деген сенімділік, әскери қызметке деген саналы жауапкершілікті қалыптастыру секілді тәрбиелеу мен оқытудың басты міндеттерін шешеді. Әр сабақ сайын жастардың әскери анттың рөлі мен маңызын түсінулеріне, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, оның дәстүрлері мен әскер түрлерінде қызмет ету ерекшеліктеріне, әскери мамандыққа деген қызығушылықтарын дамытып, жастардың әскери білім алуларына деген ұмтылыстарын ынталандыру керек. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғылары – бұл Әскери Күштердің тұрмыс-

тіршіліктерін реттестіретін құжаттар жиынтығы, ал жарғы талаптарын орындау – әрбір әскери қызметкердің міндеті екендігін түсіндіру қажет.

Саптық дайындық бойынша сабақтар арнайы алаңда (плацта) өткізіледі. Практикалық сабақтарды өткізу кезінде оқушыларды үйрету әдістемесіне (оқытушының саптық тәсілді тұтас және бөлшектеп көрсетуі мен оқушылардың жаттығуы) баса назар аударылады.

Оқушылардың бойында саптық дайындық элементтерін орындау дағдыларын шыңдау басқа пәндерді оқу кезінде, сондай-ақ алғашқы әскери дайындық бойынша сыныптан тыс іс-шаралар кезінде де жалғасады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 25 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. 11-сыныпта оқушылар азаматтық қорғаныс және медициналық білім негіздері сабақтарында бейбіт уақытта және соғыс кездерінде, табиғи апаттар, ірі көлемдегі зілзалалар және жаудың қазіргі заманғы қырып-жою қаруларын қолданған кезде Қазақстан Республикасының халқын қорғау бойынша іске асырылатын іс-шаралар үйретіледі. Сонымен қатар төтенше жағдайлар пайда болған аудандарда және зақымдану ошақтарында қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ жарақаттанған адамдарға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету ережелерімен танысады.

Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Сабақтың, сабақтан тыс және сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Алғашқы әскери дайындық» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2019-2020 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

Оқушылардың алғашқы әскери дайындық бойынша қорытынды тексеру сынақтарын орындаулары оқу процесінің қажетті элементтерінің бірі болып саналады, сабақта алынған білімді бекітуге және тереңдетуге, спортқа, әскери істерге қызығушылықтарын қалыптастырады, дене шынықтыруды жетілдіреді.

«Алғашқы әскери дайындық» пәні бойынша оқу жүктемесі:

11-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына барлығы 34 сағатты *құрайды.*

Назар аударыңыз!

Орта білім мазмұнын жаңартуға қолдау көрсету бойынша жетекші мектептердің қызметі

Жетекші мектеп Білім басқармасының бұйрығымен кәсіби өзара әрекетті ұйымдастырушы ретінде бекітіледі.

Кәсіби қауымдастықтағы жетекші мектеп серіктес мектептер болып табылатын, оған аумақтық жағынан бекітілген мектептерді біріктіреді. Кәсіби қауымдастыққа кіретін серіктес мектептер тобын жетекші мектепті біріктіретін Білім басқармасы мен өңірдің әдістемелік қызметтері қалыптастырады.

Жетекші мектептер қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасында орта білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ (бұдан әрі-НЗМ) тәжірибесін тарату бойынша мұғалімдердің кәсіби қауымдастығының қызметіне ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау болып табылады.

Жетекші мектептер қызметінің міндеттері:

- Қазақстан Республикасында орта білім берудің жаңартылған мазмұнын ойдағыдай енгізу мәселелері бойынша жұмыс жүргізу үшін білім беру ұйымдары мұғалімдерінің кәсіби қауымдастығын құру және тиімді жұмыс жүргізу;

- жалпы білім беретін ұйымдар мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуы мен өздігінен дамуына бағытталған біліктілікті арттырудың тиімді жүйесін құру;

- НЗМ педагогикалық тәжірибесін ойдағыдай тарату және түсіндіру, ол тәжірибені Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін ұйымдарының жағдайларына бейімдеу үшін алаң құру;

- әдістемелік тақырыптар бойынша зерттеулер жүргізу, Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында жалпы білім беру ұйымдары оқушыларының тиімді дайындығын қамтамасыз ететін оқытудың жаңа тәсілдерін іздестіру.

Жетекші мектептердің қызметі:

- *Әдістемелік-ұйымдастырушылық.*
- *Зерттеушілік.*
- *Оқу-әдістемелік..*
- *Диагностика - аналитикалық.*
- *Ақпараттық-таратушылық.*

Әрбір жетекші мектепте үйлестіруші – қызметті ұйымдастыру, жоспарлау, бағалау және мониторинг функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті тұлға анықталады.

Үйлестірушінің рөлін директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, әдістемелік кеңестің құрамына кіретін мұғалімдер атқара алады.

Жетекші мектеп үйлестірушісінің құзыретіне:

- кәсіби қауымдастықтар қызметінің моделін талқылауды және әзірлеуді ұйымдастыру;

- кәсіби қауымдастық жұмысын басқарудың барлық циклін ұйымдастыруды қамтамасыз ету: жоспарлау, серіктес мектептермен өзара іс-қимылды ұйымдастыру, жұмыстың нәтижелілігін мониторингілеу және талдау;

- "теңдік" принципі бойынша оқыту үшін әдістемелік қызметті ұйымдастыру;

- кәсіби қауымдастыққа кіретін серіктес мектептердің әдістемелік активімен өзара іс-қимылды үйлестіру;

- жұмыстың жеке әдістемелік бағыттары бойынша жұмыс үшін кәсіби қауымдастық мұғалімдерінің уақытша шығармашылық тобын құруға бастамашылық ету;

- форумдарда, кеңестерде, презентациялар мен конференцияларда кәсіби қауымдастық қызметінің нәтижелерін ұсыну;

- өңір мұғалімдеріне арналған оқыту іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

- жетекші мектептердің кәсіби қауымдастығына кіретін мектеп басшыларына тиімді басқару және бірлескен қызмет мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу кіреді.

Жетекші мектептер базасында педагог кадрларды курстан кейінгі қолдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- оқыту және бағалау мәселелерінде жетекші мектептің үйлестірушілерін, мектеп жаттықтырушыларын және білім беру ұйымының әкімшілігін консультациялық қолдау мақсатында мектептерге бару;

- мұғалімдердің оқытушылық тәжірибесін жақсарту мақсатында сабақтарды бақылау;

- педагог қызметінің менторингі;

- Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту идеясын көпшілікке тарату үшін өңір мектептері мұғалімдерінің тәжірибесін тарату бойынша іс-шараларды өткізу.

Назар аударыңыздар! Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған білім беру процесіне барлық қатысушыларды кешенді қолдауды Академия сайты (www.nao.kz) қамтамасыз етеді. Мұғалімдерге көмек ретінде сайттың келесі бөлімдері ұсынылады:

– «Білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» (Әдістемелік- нұсқау хат, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру), бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлерінің үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары, нормативтік құқықтық база);

– «Білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету» (әдістемелік құралдар, ұсынымдамалар мен нұсқаулықтар, Тәрбиенің тұжырымдамадық негіздері, Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытуға арналған тұжырымдамалық тәсілдер);

– «Семинарлар, конференциялар» (Академияда өткізілген іс-шаралар туралы ақпараттар: ғылыми-практикалық конференциялар, тақырыптық семинарлар және т. б.);

– «Журналдар» (Академияда басылып шығатын ғылыми-әдістемелік журналдар туралы ақпарат: «12 жылдық білім беру – 12 – летнее образование», «Білім – Образование», «Қазақстан кәсіпкері – Профессионал Казахстана»);

– «Сұрақ-жауап» (оқыту мен тәрбиелеудің өзекті мәселелерін талқылау, Академия мамандарына сұрақ қою мүмкіндігі).

Жалпы білім беру ұйымдары басшылыққа алуға тиіс нормативтік құқықтық құжаттар Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сайтында (http://www.adilet.gov.kz) «ӘДІЛЕТ» Ақпараттық-құқықтық жүйе»

(http://adilet.zan.kz) блогында орналастырылған.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытуға көшетін мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету үшін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы НЗМ сайтында жүйелік-әдістемелік кешен (ЖӘК) әзірледі (smk.edu.kz сілтемесі).

6 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек
Тәрбиесіз берген білім - адамзаттың қас жауы
Әбу Насыр әл-Фараби

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес білім берудің зайырлы, гуманистік және даму сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың басымдығы, адамның өмірі мен денсаулығы, жеке адамның еркін дамуы, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, тұлғаны білімділікке ынталандыру және дарындылықты жетілдіру, білім берудің бірлігі, тәрбиелеу және дамыту білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары болып табылады.

Білім беру - бұл тәрбие мен оқытудың біртұтас жүйесі, бұл екі құрамдас бөлікті бөлуге болмайды. Құнды және жеке тұлғаға бағытталған тәсіл оқу-тәрбие процесінің негізіне жатады.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесі алдында ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу міндеті тұр.

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының жүйесі келесі нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері.

Жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. *Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.*
2. *Рухани-танымдық тәрбие.*
3. *Ұлттық тәрбие.*
4. *Отбасылық тәрбие.*
5. *Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.*
6. *Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.*
7. *Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.*
8. *Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.*

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

2019-2020 оқу жылында аталған бағыттың аясында НЗМ АҚ тәжірибесі бойынша «Ұлы дала мұрагерлері» тәрбиелік азаматтық-патриоттық жобасын жүзеге асыру ұсынылады. Қазақстандық қоғамға және ұлтқа адалдық, болашаққа деген берік сенімділік, туып-өскен жерге деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру бұл жобаның мақсаты болып табылады. Ауқымды жобаның аясында келесі үш ішкі жоба: «Туған елге тағзым» жалпыреспубликалық экспедициясы, «Тарих тағлымы» және «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобалары жүзеге асырылады.

2020 жылы республикада 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 75 жылдығы аталып өтеді. Осыған орай 2019-2020 оқу жылындағы тәрбие жұмысының негізгі бөлігін мектептегі, аудандағы (қаладағы), облыстағы патриоттық іс-шаралардың басым бөлігін Ұлы Жеңіске құрмет көрсетуге бағыттап ұйымдастыру және өткізу қажет.

Орта білім беру ұйымдарында әскери-патриоттық клубтардың жұмысын белсендендіруге, патриоттық клубтардың, үйірмелердің және бірлестіктердің слеттарының барлық сатыларының өткізілуін қарастыру.

Мемлекет Басшысының 2018 жылғы 5 қазанындағы Жарлығын орындау, сонымен қатар өскелең ұрпақтың патриоттық тәрбиесін жетілдіру мақсатында ағымдағы жылы «Жас сарбаз» кадет сыныптарын және «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтарын ашу ұсынылады.

Жергілікті жерлерде қорғаныс органдарымен бірлесіп «Жас сарбаз» қозғалысы аясында «SMART-SARBAZ» үйірмелерін құруды жандандыру.

«Туған елге тағзым» жалпыреспубликалық экспедициясы аясында топтар өз өлкесін зерделейді, оның флорасы мен фаунасын, тарихи орындарының маңызын, мәдениетін, инновациялық нысандарды, сәулет ғимараттарын және басқаларды (экономикалық бағыт бойынша – өнеркәсіп нысандарын, мәдениет – аймақтың сәулет, тарихи ескерткіштерін, білім - мұрағат, ескерткіш,

археологиялық қазбалар) зерттейді. «Тарих тағылымы» әлеуметтік жобасы қалалардың, ауылдар мен көшелердің, сонымен қатар мемлекеттің, аймақтың, спорттың, мәдениеттің, білімнің дамуына үлес қосқан тұлғалардың тарихын зерделеуге мүмкіндік береді. «Қазақ мәдениетінің антологиясы» жобасы өз өлкесі ақындарының, жырауларының, күйшілерінің шығармашылығы арқылы ұлттық фольклорды зерделеуге бағытталған.

Патриотизм кіндік қанының тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қала мен өңіріңе, яғни кіші отаныңа деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Патриотизмнің ең жақсы көрінісі – туған жердің тарихын оқып-білу. Білім алушылар арасында өлкетанулық білімді насихаттау мен тарату мәселелері *Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздерінде* көрініс тапқан.

Білім алушылардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен дамытуда әскери-патриоттық клубтар, балалар мен жасөспірімдер қозғалыстары, оның ішінде «Жасұлан», «Жас қыран», «Жас сарбаз», «Ұлы даланың скауттары», «Жұлдыз» және т.б. қозғалыстар үлкен рөл атқарады.

Мемлекет Басшысының 2018 жылғы 5 қазанындағы Жарлығын орындау, сонымен қатар өскелең ұрпақтың патриоттық тәрбиесін жандандыру мақсатында республикада «Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – «Жас сарбаз» бірлестігі) құрылды.

14 облыс, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында «Жас сарбаз» бірлестігінің аймақтық филиалдары ашылды және жастардың әскери-патриоттық тәрбиесін жетілдіру бойынша аймақ әкімдерінің басшылығымен Координациялық кеңестер құрылды.

«Жас сарбаз» бірлестігінің жұмысы мемлекеттік органдармен және мемлекеттік емес ұйымдармен бірлесіп білім алушылардың әскери-патриоттық тәрбиесіне бағытталған ұйымдастырушылық, әдістемелік және практикалық іс-шаралар кешенін қамтиды.

Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. «Қазақстанның киелі орындары» («Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы») жобасы арқылы жалпыұлттық киелі жерлерді бекіту керек. 2017 жылы Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары мен кешендерінің 100 нысанының тізімі әзірленді. Ұлттық санада Ұлытау айналасындағы ескерткіштердің біріккен кешені мен Қожа Ахмет Яссауи кесенесін, Тараздың ежелгі ескерткіштері мен Бекет-Ата мазарын, Шығыс Қазақстанның ежелгі кешендері мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыру маңызды. Олардың бәрі біздің ұлттық бірегейлігіміздің тірегін құрайды. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық

мақтанышымыздың қайнар бұлағы.

Құқықтық білім берудің маңызды міндеті – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмысты болдырмау. Оқыту мен тәуекел факторларының, түзеу-ағарту жұмыстарының, жасөспірімдердің мектептен бос уақытында жұмысқа орналасуын қамтамасыз етудегі проблемаларды анықтау диагностикасын қамтуы тиіс.

Әдетте тәрбиелік іс-шараларға қатысудан тартынатын «қиын» балалардың ата-аналары ерекше санатта тұрады. Бұл жерде отбасының мәртебесін арттыратын, ата-аналар мен балалардың, сонымен қатар мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған жеке, сондай-ақ ата-аналармен біріккен іс-шаралар ұйымдастыру маңызды болып табылады.

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықтары - бұл мектептегі маңызды мәселе, ол жеке адамға да, басқаларға да қауіп төндіреді. «Қиын» балалардың пайда болуының басты себебі отбасыдан шығады: балаларға назар аудармау, қақтығыстар, ата-аналардың тәрбие туралы білімінің жетіспеушілігі, авторитарлық тәрбие т.б. Қазіргі кезеңде отбасымен жұмыс істеу қиынға айналып, жаңа тәсілдерді қажет етеді.

Жасөспірімдер арасындағы деструктивті құбылыстардың алдын алу және дер кезінде түзету ең алдымен, мектеп пен отбасы арасындағы тығыз қарым-қатынасты, сондай-ақ әлеуметтік қызметкерлердің, педагогтердің, психологтардың, дәрігерлердің, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің өзара іс-қимылына барып тіреледі. Баланың әлеуметтік бейімділігін дамытуға әсер ететін факторларды үнемі қадағалау және талдау, тәуекел топтарына назар аудару, қажетті әлеуметтік тәжірибені алу, білім беру процесін жүйелі ұйымдастыру, оның сабақтастығы мен үздіксіздігі үшін балалардың осындай іс-шараларға қатысуы маңызды.

Девиантты мінез-құлықтың алдын алу бойынша бағдарламалар әзірлеу және іске асыру «қиын балаларды» әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу дағдыларын үйренуге арналған: коммуникативті дағдылар, өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары, қақтығыстарды басқару, жалпыға бірдей заңды әдістер және тәсілдер арқылы проблемаларды шешу, «салауатты өмір салты» модельдері т.б. Мұндай бағдарламалар әрбір жасөспірімнің жеке траекториясына дейін дифференциалды көзқараста болуы керек. Мұндай бағдарламалармен ата-аналарды және оларды үйретуді қамту маңызды. Алдын алу әдістері психологиялық тренингтерді, тәрбиелік әңгімелесулерді, лекцияларды қамтиды. Отбасылық тәрбие мәселелері маңызды аспект болуға тиіс.

Ата-аналар лекторийлері, ата-аналардың қатысуымен жаңа форматта бірлескен іс-шаралар өткізу ұсынылады.

Ата-аналар лекторийлері, ата-аналардың қатысуымен жаңа форматта бірлескен іс-шаралар өткізу ұсынылады.

Тәрбие жұмысының түрлерін, ата-аналармен, балалардың отбасыларымен өзара қарым-қатынас формаларын сапалы түрде түрлендіру; сыныптан тыс

және тәрбиелік іс-шараларды өткізу тәсілдерін қайта қарау қажет. Бұл ата-аналар жұмысбастылыққа салынған, отбасылық тәрбие мәселесі күннен-күнге өзекті болып отырған, өздерінің шешімін таба алмаған мәселелерімен балалар жиі оңаша қалатын жаңашыл ғасырмен тікелей байланысты. Бұл әлеуметтік мәселе білім саласына теріс ықпалын тигізеді. Жасөспірімдер арасында қатыгездік, өзіне-өзі қол жұмсау, ұсақ қылмыс пен құқық бұзушылық, бұзақылық, булинг, жоғары сынып оқушылары бастауыш сынып оқушыларынан ақша талап ету жағдайлары көптеп белең алды. Бұған педагогикалық әрекет ету қажет. Әрине, бұл құбылыстардың туындауының басты себебі мектеп емес, бірақ балалардың өмірі мен қауіпсіздігі үшін білім беру ұйымдарының жауапкершілігін алып тастауға болмайды.

Бұл көрсеткішке әсер ететін факторлар арасында – отбасындағы және мектептегі тәрбиенің жеткіліксіздігі, Интернет желісіндегі жағымсыз ақпараттар ағымы, қазіргі жаһандану мен интенсификация дәуірінің жастарға ұсынатын көптеген міндеттер мен проблемалар бар.

Жағымсыз мінез-құлықтарды алдын алу жұмыстары жүйелілік пен бірізділікті талап етеді. Ол тренингтер, пікірталастар, әңгімелер, түзету жұмыстары, ата-аналар жиналысы, суреттер көрмесі, шығарма жазу байқауы сияқты формаларды қамтуы тиіс. Ұжымның бірлігіне, оның моральдық ахуалын жақсартуға, құрдастар арасындағы достықты нығайтуға, өзара көмекті және түсінушілікті дамытуға, салауатты өмір салтын насихаттау іс-шаралары дені сау тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Девиантты мінез-құлық пен суицидке бейім, сонымен қатар зорлыққа ұшыраған балалармен жұмыс жасауға арналған («Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі (оралман балалар; мигрант балалар; өмірдің қиын жағдайын көрген балалар) әдістемелік ұсынымдамасы Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА сайтында орналастырылған **https://www.nao.kz .**

Мектепте штаттық бірліктердің жеткілікті саны бар, қажетті үйлесімді жұмыс жоқ. Жаңа оқу жылында әрбір білім беру ұйымы барлық білім алушылардың қалыпты мінез-құлқын қамтамасыз ету үшін психолог, әлеуметтік педагог, медициналық қызметкер және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспектор (келісім бойынша), сынып жетекшілері, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары және т.б. әлеуметтік-психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастырады.

Мектептердің әлеуметтік-психологиялық қызметтерінің жұмысы қайта қаралатын болады. НҚА-ға тиісті өзгерістер енгізілетін болады.

Рухани-танымдық тәрбие.

Тәрбие жұмысының екінші бағыты «Рухани-адамгершілік тәрбиені» жүзеге асырудың негізгі механизмі ретінде ар-намыс пен мінсіз қызмет көрсету туралы бірыңғай сабақ жүргізуді қарастырады. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы шеңберінде Отан мен ерлік; әлеуметтік, қайырымдылық жобаларына қатысу, **«Қоғамға қызмет»** волонтерлық балалар қозғалысы әлеуметтік жобасын дамыту - «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамдарға қуаныш сыйла» акциялары.

*Волонтерлық қозғалысты ұйымдастырға арналған әдістемелік нұсқаулық ретінде «Білім беру саласындағы волонтерлік пен қайырымдылық және олардың қазіргі жағдайда білім беру жүйесін жаңғыртудағы рөлі» атты әдістемелік ұсынымдарды ұсынамыз (***https://www.nao.kz*****).**

Рухани-адамгершілік тәрбие беруде кездесу кештері, «Қазақстанның ұлы ақындары мен жазушылары», «Адамзаттың ұлы ұстаздары», «Қазақстанның ұлы ойшылдары мен философтары» әдеби кештері, «Сұлулық әлемді құтқарады» поэзиялық кештері, «Мейірбандық - адамның барлық адамгершілігіне түрткі болатын негіз» әдеби-музыкалық композициясы, сынақтар және «Махаббат - адам өмірінің негізі», «Қайырымдылық жасампаз күш» адамгершілік-рухани мазмұндағы әңгімелер айтарлықтай маңызды рөл атқарады.

Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай көпшілік іс-шаралар өткізу ұсынылады: Абай шығармашылығының онлайн конкурсы, әлеуметтік желілер арқылы үздік жұмыстар, өлеңдерді тарату, жобалық жұмыстар, лекториялар, тақырыптық салтанатты жиындар, әдеби оқулар, «Абай – өз халқының және барша адамзаттың баласы» атты тақырыпта ұлы ойшылдың шығармалары бойынша викториналар мен байқаулар өткізу ұсынылады.

Өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарын сақтау мен арттыру мына жобалар арқылы жүзеге асырылады: «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Мемлекеттік тілді латын әліпбиіне көшіру».

Назар аударыңыздар!

Жаңа оқу жылында кітаптың мәртебесін көтеру және кітап оқуды қолдау мақсатында білім алушылардың арасында *«оқу сәнін»* қалыптастыру бағытында оқу сағаттары дәстүрлі болуы тиіс. Кітаппен алмасу үшін арнайы – буккросинг орындарын ұйымдастыру, кітапқа деген ортақ қызығушылық негізінде білім алушылар мен ересектердің (кітапханашы, мұғалім, ата-аналар және білім алушылар) бірлескен іс-әрекеттерін, кітап көрмелері мен кітап өнімдерінің ашық таныстырылымдарын; «Кітап оқитын мектеп» конкурстарын, кітапханаларға кітап сыйлау бойынша акциялар; білім алушылардың кітапханашылармен кездесулерін, сонымен қатар отбасылық оқуларға арналған кітаптардың тізімін құрастыруды, ата-аналармен бірге кітаптарды оқу және талқылау, альбомдар, буклеттер, кино-видео материалдар әзірлеуді ұйымдастыру қажет.

Ұлттық тәрбие.

Тәрбие жұмысының үшінші бағыты «Ұлттық тәрбие» оқушыларға қазақ тілін білу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары мен

мемлекеттік рәміздері туралы жарыстар мен олимпиадалар өткізу, әрбір мектепте музейлер ашу, атақты спортшылар, ғалымдар, көрнекті тұлғалар, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жоба жеңімпаздарымен кездесулер, сонымен қатар, өлкенің тарихи-мәдени мұраларына жататын объектілерінде мектеп оқушыларына өлкетану бойынша тақырыптық сабақтар өткізу арқылы жүзеге асырылады. Аталған бағыт шеңберінде мынадай жобаларды жүзеге асыру ұсынылады: «Менің Отаным – Қазақстан» балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетануды дамыту, экспедиция, жорықтар, экскурсиялар ұйымдастыру, «Тарих мұрасы», «Өз жеріңді таны» (өлкетанулық білімін және мектеп туризмін, тарихи-археологиялық қозғалысты арттыру, туған өлкенің тарихын, мәдениетін және дәстүрлерін терең зерттеу) «Табиғат бесігі» (туған жерге жауапкершілікпен және аялап қарау).

Мұғалімдер әдістемелік көмек ретінде Академия әзірлеген: «100 жаңа есім» жобасының қаһармандары – «ұлттың «алтын» қоры», «Қазақстанның киелі орындары - Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының құрылымдық жүйесін ұйымдастырудың модельдері» әдістемелік ұсынымдамаларды пайдалана алады **(https://www.nao.kz).**

Отбасылық тәрбие

Тәрбие жұмысының төртінші бағыты ата-аналарды ағарту мақсатында, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және мектепте балаларды тәрбиелеу үшін жауапкершілігін арттыруға арналған.

Отбасы – адамның бастапқы әлеуметтенуінің негізі. Мектептің ата-аналармен өзара әрекеттесуі баланы тәрбиелеуге, сенімге, сыйластыққа, шыдамдылыққа және бір-біріне қолдау көрсетуге өзара мүдделілік қағидаттарына негізделуі керек. Қазіргі уақытта мектеп пен ата-аналардың құқықтары мен міндеттерін реттеу үшін олардың арасындағы үлгі шарт міндетті түрде жасалады. Осы құжат негізінде ата-аналар оқушыға білім беру мен тәрбиелеу мәселелері бойынша білім беру ұйымымен бірлесіп әрекет жасауға, ҚР-ның қолданыстағы заңнамасында қарастырылған ата-аналар комитетінің, қамқоршылық кеңестің, ата-аналар жиналыстары шешімдерін ескеру, ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарының басшы органдарының жұмысына қатысу тәрбие-білім беру процесін жүзеге асыруға қатысуға міндетті.

Мұғалімдердің ата-аналармен ынтымақтастығы тәрбиелеу міндеттерін және баланың даму бағдарламасын айқындау, сондай-ақ осы міндеттерді бірлесіп жүзеге асыруды қарастырады. Ата-аналардың интеллектуалдық және материалдық деңгейдегі айырмашылықтары, олардың отбасында және мектепте балаларды тәрбиелеудегі ұстанымы, отбасымен қарым-қатынас жасауда жекелеген әдіс-тәсілдері мұғалімдер мен сынып жетекшісінің қызметі үшін негіз болуға тиіс. Бұл үшін балаларды, үйде білім алатын оқушыларды тарту арқылы отбасылар және ата-аналармен жұмыс істеудің келесідей топтық және жеке түрлері пайдаланылады: тәжірибе алмасу конференциялары, тренингтер, ең табысты ата-аналардың шеберлік сабақтары, пікірталастар, сұрақ-жауап кештері, мұғалімдер, психологтер, мектеп әкімшілігімен кездесулер, ата-аналар

жиналысы, сондай-ақ, ата-аналар мен балалардың қатысуымен іс-шаралар ұйымдастыру.

Әрбір оқу тоқсанының қорытындысы бойынша дәстүрлі қоғамдық тыңдаулар (ашық баяндамалар) өткізу және ата-аналар қоғамдастығының алдындағы қамқоршылық кеңестің ашық есеп беруі, Білім күніне арналған жалпыұлттық сынып сағаттары (Білім күні), «Менің отбасым» «Жылдың үздік жанұясы», «Жазда жанұямызбен» жас ата-аналар фестиваль-байқаулары, «Жылдың ең үздік ата-аналар кеңесі», «Жылдың үздік қамқоршылық кеңесі» слеттері, ата-аналар комитетінің форумдары, конкурстар, спорттық іс-шаралар: «Әкем, анам, мен – спорттық жанұя», «Көңілді старттар», ірі жарыстар (оқушы ата-аналарының командалары, мұғалімдер) өткізіледі. Осының барлығы отбасылық тәрбие мәселелері бойынша ата-аналық жауапкершілік пен құзыреттілік деңгейін көтеруге ықпал етеді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Тәрбие жұмысының бесінші бағыты білім алушыларда кәсіби өзін-өзі анықтауға деген саналы көзқарастарын қалыптастырады, адамның экономикалық ойлау мен экологиялық мәдениетін дамытады. **2019-2020 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында (7-10 сыныптарға), сонымен бірге ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға *«JuniorSkills»* ерте кәсіптік бағдар беру және мектеп оқушыларына арналған базалық оқыту жобасы жұмысын бастайды.**

Бүгінде білім беру ұйымдарында мектеп түлектерінің кәсіптік таңдауы мамандықтарға бөлінетін мемлекеттік грант көлемімен, мектепте оқытылатын таңдау пәнінің жеңілдігі, ата-анасының және достарының ұсыныстарымен анықталады.

Бұл мәселені шешудің тиімді тәсілінің бірі білім беру ұйымдарында білім алушыларды мамандыққа бағдарлау жұмыстарын жүргізу болып табылады. Бұл жұмыстар мектептерде білім алушылармен оқу-тәрбие процесінде, сабақтан тыс және мектептен тыс жұмыстар арқылы жүргізіледі. Бұл жұмыс үлкен өмірге қадам басқан адамға көмек беретін жүйелі іс-шараларды қамтиды, ғылыми негізге сүйеніп кәсіптік таңдау жасау немесе мамандыққа бағыттауға арналған тәрбие жұмыстарының жүйесін дамыту мақсатында, білім алушының өз бетінше мамандық таңдау кезеңінде көмек көрсетуге бағытталуы тиіс. Қосымша білім беру аясында әр түрлі бағыттағы мамандықты таныстыру кең ауқымда жүргізіледі, олармен таныса отырып жасөспірімдер өз мамандығын саналы түрде таңдауға дайындалады.

*Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру үшін ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 150 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды кәсіптік бағдарлауды диагностикалау және анықтауды жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымды пайдалануға болады (***https://www.nao.kz*).**

Экологиялық тәрбие аясында білім алушылармен білім беру ұйымдары, аудан, қала территориясындағы жасыл алаңдарды көгалдандыру және абаттандыру бойынша сенбіліктер ұйымдастырудың; «Жасыл ел» қозғалысы аясында жас көшеттер отырғызу; табиғат аясын қоқыстан тазарту сияқты

волонтерлік қозғалысқа қатысудың маңызы зор. Жалпы білім беру ұйымдарына **«Экочелендж», «Экоқалқан», «Эко-десант», «Гүлді калейдоскоп», «Ең жасыл кабинет», «Жасыл алтын», Плоггинг «Экожүгіру» және т.б.** тәрізді жобаларды ауқымды түрде енгізу ұсынылады.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетке тәрбиелеу

Білім алушының интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру мектептегі тәрбие жұмысының маңызды компоненттерінің бірі болып табылады.

Іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру шеңберінде мынадай элективті курстарды өткізу ұсынылады. «Жүрек тілімен өткізілетін физика», «Математика рухани-адамгершілік заңдар туралы ғылым ретінде», «Тарих пәнінің адамгершілік туралы сабақтары», «Ақпараттық мәдениет негіздері» элективті курстарын өткізу. Сонымен қатар, зияткерлік іс-шаралар: ойындар, конкурстар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар, дарынды мамандармен және құрдастарымен кездесулер, рефераттар, ғылыми-зерттеу, ғылыми-тақырыптық ақпараттық жобалар, шығармашылық жұмыстар, баяндамалар, мектеп және студенттік медиа орталықтар, балалар БАҚ-ы, сайттар ашу, оқушылар арасында робототехника бойынша кешенді іс-шара, спидкубинг және басқа зияткерлік спорт түрлері бойынша фестивальдер.

Білім алушыларға интернет-кеңістіктегі мінез-құлық мәдениетін: қарым-қатынас мәдениетін, өз ойларын білдіруді, сұхбаттасушының пікірін құрметтеуді, этикалық нормаларды сақтауды үйрету маңызды. Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын қайта жаңғырту, интернет-мінез-құлық және қарым-қатынас, балалардың қоғамға қарсы мінез-құлық мәселелерін қарауды практика жүзінде жүргізу қажет.

Мектеп қоғамға қарсы мінез-құлықты қабылдамау мәдениетіне тәрбиелеуі тиіс.

Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі, киберқауіпсіздік мәселесін көтеру ұсынылады.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен этномәдени орталықтарымен ынтымақтастық орнату; оқу орындарында Қазақстан халқы шағын Ассамблеясын құру; үйірмелер, әдеби клубтар; экскурсиялар: театрлар, мұражайлар, көркемөнер көрмелері, галереялар, тарихи орындар; іс-шаралар: шығармашылық кештер, балалар мен жасөспірімдер шығармаларының көрмесі, халықтар достығының фестивалі, тілдік және шығармашылық клубтар, конкурстар; атақты адамдармен, өнер қайраткерлерімен кездесулер аталған бағытты жүргізудің негізгі механизмі болып табылады. Көркем-эстетикалық тәрбие аясында оқу орнында біздің мәдени жетістіктерді - кітаптарды, пьесалар, мүсіндерді, суреттерді, музыкалық әуендерді, ғылыми жетістіктерді

және т.б. меңгеру және жетілдіру. Өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетіндегі Ұлы Дала мұрагерлерінің үздік мысалдарын – ертегілер, аңыздар, болған оқиғалар, өсиеттер, эпостарды зерттеу. Тұрақты тақырыптық кітап көрмелерін ұйымдастыру ұсынылады.

Ұлттық музыкалық аспап домбыраны насихаттау мақсатында домбыра әзірлеу және домбырада ойнауға үйрету бойынша шеберлік-сыныптар, ұлттық-қолданбалы өнер жәрмеңкелерін, дәстүрлі әуендер орындаушылардың фото көрмесін, домбырада ойнау сайыстарын, домбырашылардың концерттері мен музыкалық викториналар, «Домбыра – қазақ халқының жаны» «Қазақтың домбыра өнері», «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың музыкалық аспаптары» және басқа конкурстар ұйымдастыру.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты, тәрбие жұмысының сегізінші бағыты ретінде салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құрады. Жалпы білім беру ұйымдарында бұқаралық спорт түрлерінде *(футбол, волейбол, баскетбол, гандбол, футзал, ұлттық спорт түрлері: асық ату, тоғыз құмалақ, қазақ күресі)* мектеп спорт лигаларының желісін кеңейту және спорт түрлері бойынша арнайы мамандандырылған сыныптар және спорттық секциялар ашу маңызды.

2019-2020 жаңа оқу жылында республиканың 1000 мектебінде дене шынықтырудың әрбір үшінші сағатында «Футбол сағаты» пилоттық жобасы жалғасады. Пилоттық жобаға қатысушы мектептердің тізімі Министрлікпен бекітілген (ҚР БҒМ 2017 жылғы 11 тамыздағы № 405, 2017 жылғы 30 қазандағы № 550, 2018 жылғы 15 тамыздағы № 401 бұйрықтар).

Облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларына аймақтағы пилоттық жобаның бақылауын және мониторингін қамтамасыз ету, мектептік спорттық лига жұмысын жетілдіру қажет.

2020 жылға арналған күнтізбелік негізгі спорттық іс-шаралар жоспарына сәйкес білім алушылар 9-дан астам спорт түрлері бойынша ҚР колледждерінің студенттері мен оқушыларының Қысқы ойындарына қатысуы тиіс. Ойын түрлері шаңғы тебу, қысқы президенттік көпсайыс, коньки тебу, шорт-трек, қысқы спорттық бағдарлау, хоккей, бенди (допты хоккей), мәнерлеп сырғанау, футзал.

Республикалық көпсалалы балалар мен жасөспірімдер турнирлеріне және халықаралық жарыстарға (қысқы және жазғы Дүниежүзілік Гимназия) қатысуға білім алушыларды кеңірек тарту қажет.

Тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі жасөспірімдердің ұрпақ жаңғырту қабілетін сақтау, нашақорлық, алкоголизм, темекі шегу, АИТВ-ның алдын алу, сонымен қатар салауатты өмір салтының негіздері бойынша оқу семинарларын өткізу болып табылады. 2019-2020 оқу жылында «Бір-біріне жақын – есірткіден алыс» профилактикалық бағдарламасы сынып сағаттарында жалғасын табады.

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА сайтында әдіскерлер мен мұғалімдерге арналған білім алушылардың репродуктивті денсаулығы және отбасылық тәрбие құндылықтарын оқу процесіне кіріктіру мәселелері, қауіпсіз білім беру

ортасын қалыптастыру мәселелері жөніндегі келесі әдістемелік құралдар орналастырылған: «Қауіпсіз білім беру ортасының компоненттерін оқыту және тәрбиелеу процессіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдамалар», «Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және әрекет ету бойынша әдіскерлерге арналған нұсқаулық», қауіпсіз білім беру ортасының келесі компоненттері кіріктірілген бастауыш, негізгі орта буын оқу пәндерінен қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгілері: «Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу», «Табиғи апаттардың қаупін азайту», «Киберқауіпсіздік», «Балалардың жарақат алуының алдын алу», «Экологиялық қауіпсіздік».

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдері мен әдіскерлердің әдістемелік жинақ қорына Академия келесідей материалдарды ұсынады:

1) «Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер қозғалысы: тәжірибе, бастамалар, әлеуметтендіру» («Жас Ұлан», «Ұлы Дала скауттары», жас патриоттар Академиясы және т.б.) әдістемелік ұсынымдама;

2) «Мектеп оқушысының кітап оқу іс-әрекеті» әдістемелік ұсынымдама;

3) «Өлкетану»: мәдени-генетикалық кодтың негізі (мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтары) (5-7 сыныптар) пәнін жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдама;

4) «Ұлттық қазына»: мұражайлардағы «жанды» сабақтар әдістемелік ұсынымдамасы;

5) «Айналаға қара» («Ауыл өмірі», «Қала тіршілігі»): әлеуметтік-тарихи тәжірибе» ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар;

6) «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсыныстар.

Назар аударыңыз!

Жоғарыда аталған барлық әдістемелік материалдарды https://www.nao.kz Академия сайтынан «Білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. Әдістемелік құралдар» бөлімінен табуға болады.

7 ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың феномені болып табылады және оны мектеп қабырғасынан қалыптастыру қажет. Сондықтан бала кезден бастап **Отанға деген сүйіспеншілікті, қоршаған орта мен салт-дәстүрлерге деген құрметті, білім мен еңбекке деген ұмтылысты, әдептілік пен адалдықты дарыту керек.**

Білім алушыларға академиялық адалдық, оқудағы адалдық және өзінің мінез-құлқына жеке жауапкершілік принциптерін дарыту қажет. Оқушыларға академиялық адалдықтың кез келген тәртіп бұзушылықтарын (емтихан, тест, бақылау жұмыстары, рефераттар және т.б. жазу кезінде сыртқы көмекті пайдалану әрекеті) ұғыну қажеттігін сендіруді дарыту.

Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие оқу бағдарламаларына, сонымен қатар сыныптан тыс, жалпы мектептік іс-шараларға: акциялар, оқушылар конференциясы, дөңгелек үстел, диспуттар және т.б. сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру элементтерін қосу арқылы жүзеге асырылады. Бұл жұмыс түрі оқушылардың сыбайлас жемқорлықты теріс қабылдауын қалыптастырады және сыбайлас жемқорлық көріністеріне белсенді түрде қарсы тұру қабілетін дамытады.

Орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері үшін «Транспаренсия Қазақстан» қоғамдық қоры мен Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі дайындаған «Оқушыларға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім» әдістемелік құралы ұсынылады.

Сынып сағаттары мен факультативтік сабақтар аясында тоқсанына бір рет білім алушыларға: "Сыбайлас жемқорлық – қоғамға қарсы құбылыс", "Сыбайлас жемқорлықтың тарихи тамыры", "Сыбайлас жемқорлықтың дамуына әсер ететін себептер мен факторлар", "Адам құқығы және сыбайлас жемқорлық" (Астана, 2014г., с.122) тақырыптары ұсынылады.

Тәрбие және білім беру процесі адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудың негізі болып табылады. Мұнда басты рөл отбасы мен білім беру саласына бөлінген. Әрбір ата-ана, әрбір мұғалім балалар үшін лайықты үлгі болуға, шынайы құндылықтарды таңдауға көмектесуге тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мен тәрбиелеу моделі **«Заң», «Әділдік», «Тең құқылық»** сияқты іргелі ұғымдардың айналасында құрылуы тиіс.

Өскелең ұрпақ үшін таза және адал еңбек табыстылықтың, жоғары жетістіктердің, білім мен материалдық игіліктің басты өлшемі болуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет адамның жоғары моральдық, құқықтық, саяси және басқа да мәдениеттердің негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін білдіреді. Бағалау функциясы жеке тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қатынасын анықтайды. Оның көмегімен мораль мен этикалық кодекстерге, құқық пен заңнамаға, құқық қорғау органдарына, азаматтық қоғамға, борышқа, айналасындағылардың да, өзінің де сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына деген қатынасы бағаланады.

Халықаралық және бағдарламалық құжаттар білім алушыларда құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың өзектілігін көрсетеді:

- БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы • 2003 ж. 31 қазан.
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы.
- Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы.
- ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың мемлекеттік органдардың басшыларымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сөйлеген сөзі (7 күн) 20 мамыр 2019 жыл.
- «Қазақстан-2050» Стратегиясының мақсаттарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күрес жүргізу арқылы қол жеткізуге болады. Елбасы айтқандай: «Мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы біртұтас майдан болуы тиіс. Сыбайлас жемқорлық - құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімге нұқсан келтіреді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіреді».

Білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру:

- сыбайлас жемқорлықты тануды үйрену (сондай-ақ оны басқа қылмыс түрлерінен ажырату);
- сыбайлас жемқорлық неге жамандық болып табылады деген дәлелдерді ұсыну;
- сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету мүмкіндігін көрсету.

Мектеп жағдайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеудің міндеті білім алушылардың азаматтық ұстанымы ретінде сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділікті бекіту, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға тұрақты иммунитетті қалыптастыру, көпшілік алдында жариялау болып табылады.

7.2 Білім алушыларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ойлау мен мәдениетті қалыптастыру бойынша компонентті оқу пәндері бойынша

жаңартылған мазмұнның үлгілік оқу бағдарламаларына біріктіру

Төменде берілген оқу пәндері бойынша оқу мақсаттарының тақырыпшалары, жаңартылған білім мазмұнындағы Үлгілік оқу бағдарламаларының бөлімдері мен бөлімшелері білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру компонентінен тұрады:

1. «Дүниетану» – 1-4-сыныптар;
2. «Өзін-өзі тану» – 1-4-сыныптар;
3. «Қазақ тілі» – 5-11-сыныптар;
4. «Құқық негіздері» – 9-11-сынып;
5. «Қазақстан тарихы» – 6, 9 -11-сыныптар;
6. «Дүниежүзі тарихы» – 10-11-сыныптар;
7. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» – 10-11-сыныптар.

Бастауыш білім берудің оқу пәндері арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Бастауыш білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы барлық Үлгілік оқу бағдарламаларында «Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азамат болып қалыптасуына ықпал етеді» деген тармақ бар. Бұл құндылықтар білім алушының мінез-құлқын және күнделікті қызметін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдар болуы керек.

1-4-сыныптарға арналған **«Дүниетану»** пәнін оқытудың міндеттерінің бірі білім алушыларды қазіргі қазақстандық қоғамға тән ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіне дағдыландыру болып табылады.

Пән бойынша оқу бағдарламасының 1.1 Мен және менің отбасым бөлімшесінде 1.1.1.5 тұтыну заттарына деген өз қажеттіліктерінің құрылымын, олардың қайдан келетінін анықтау; 2.1.1.4 бақылау мен сауалнама негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын, олардың түсу көзін анықтау; 1.1.1.4 тауар-ақша қатынасының қарапайым түрлерін түсіндіру; 2.1.1.3 түрлі дереккөздерді зерттеу арқылы жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтау; 3.1.1.4 өз шығындарын жоспарлау және негіздеу; 4.1.1.3 отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстарын талдау; 4.1.1.4 отбасы бюджетін оңтайландыру жолдарын ұсыну оқу мақсаттары;

1.5 Құқық және міндет бөлімшесінде 2.1.5.1 өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажырату; 2.1.5.2 қоғамға қызмет етудің әлеуметтік маңызын түсіндіру; 3.1.5.1 Қазақстан Республикасы Конституциясының маңызын түсіндіру; 4.1.5.1 Конституцияның қоғам өміріндегі маңызы туралы қорытындылар жасау; 4.1.5.2 Қазақстан Республикасының азаматы ретінде демократиялық құқықтары, бостандықтары, міндеттерінен мысалдар келтіру деген оқу мақсаттары оқытылады.

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу процесінің негізгі міндеттері: әрбір адамның табиғатына қаланған жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындау;

қоғамға қызмет етуге бағытталған мәселелерді шығармашылықпен шешудің практикалық дағдыларын, тұлғаның құндылықтар жүйесін қалыптастыру; адамның өзіне, қоршаған әлемге, жалпы адамзатқа қатысы ескерілген оқушылардың әлеуметтік мәнді бағдарларын, адамгершілік мінез-құлық негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген міндеттердің «Өзін-өзі тану» бойынша 1-сыныпқа арналған білім мазмұнында көрініс табуы.

112-кесте.«Өзін-өзі тану» бойынша 1-сыныпқа арналған білім мазмұны

Тараулардың атауы	Сабақтардың тақырыбы	Мазмұндық негізі
I. Ғасырлар даналығы	Ақиқатты жолға алып, адалдықпен өмір бастаймыз!	Адалдық адамның маңызды қасиеті ретінде. Шындықты айту оңай, ал өтірік айту қиын. Ақиқат- барлық адамдарды біріктіруші бастау.
	Тәртіп пен парыз	«Тәртіп» және «парыз» ұғымдарының мағынасы. Бес «Т»: тәртіп, талап, тыныштық, тазалық, татулық.
	Өзіңмен үйлесімді өмір сүру!	Ар-ұжданыңа құлақ қой. Адамзаттың рухани ұстаздары ар-ұждан туралы.

113-кесте.«Өзін-өзі тану» бойынша 2-сыныпқа арналған білім мазмұны

Тараулардың атауы	Сабақтардың тақырыбы	Мазмұндық негізі
I. Ғасырлар даналығы	Ұлы Абайдың даналығы	Жалпыадамзаттық құндылықтар Абай ілімінің негізі ретінде.
II. Тату отбасы	Адал және аққөңіл болу	Адалдық адамның құндылықты қасиеті ретінде. Жағымды ойлау.
III. Адам болам десеңіз	Өзіңді және басқаларды құрметтеуді үйренеміз	Адамдарға ықыласпен қарау.
IV. Қандай ғажап бұл әлем!	Біз өсіп жатқан өлке	Отанға адалдық. Біздің еліміздің бүгінгі күніне моральдық жауапкершілік.

114-кесте.«Өзін-өзі тану» бойынша 3-сыныпқа арналған білім мазмұны

Тараулардың атауы	Сабақтардың тақырыбы	Мазмұндық негізі
I. Ғасырлар даналығы	Жалпыадамзаттық құндылықтарды зерделейміз	Адамзат тарихындағы өзін-өзі тану. Жалпыадамзаттық құндылықтар адамзат мәдениетінің рухани-адамгершілік негізі ретінде
III. Адам болам десеңіз	Өз еліңнің патриоты болу	Патриот. Патриотизм. Патриоттың әрекеттері мен істері.

115-кесте.«Өзін-өзі тану» бойынша 4-сыныпқа арналған білім мазмұны

Тараулардың атауы	Сабақтардың тақырыбы	Мазмұндық негізі
I. Ғасырлар даналығы	Адам бол!	Адам болу деген не? Адамның мінезі.
II. Тату отбасы	Ардақты ат	Жақсы іс адамның ардақты атының негізі ретінде. Өзіңе және басқаларға құрметпен қарау. Адамның адамгершілігі.
III. Адам болам десеңіз	Ар-ұждан ғылымы	Ар-ұждан адамның адамгершілік бағдары ретінде. Адалдық, әділеттілік, ашықтық ар-ұжданға сәйкес өмір сүрудің мүмкіндігі ретінде. Адамның адамгершілік санасы.
	Мен азаматпын!	Азамат. Азаматтық парыз. Азаматтық сезім. Отанға қызмет ету.

Негізгі орта білім берудің оқу пәндері арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

116- кесте. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы тақырыптар (оқыту қазақ тілінде)

1. Жасөспірім және заң.	Тыңдалым және айтылым	8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау
	Оқылым	8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу; 8.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау
	Жазылым	8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру; 8.3. 4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)
2. Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары.	Тыңдалым және айтылым	8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; 8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау
	Оқылым	8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру; 8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру
	Жазылым	8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің

		артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)
3. Адам құқығы мен бостандығы. Синтаксис	Тыңдалым және айтылым	9.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту; 9.1.6.1 қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау, орта көлемді монолог дайындау
	Оқылым	9.2.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру
	Жазылым	9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу(аргументативті эссе)

117- кесте. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы тақырыптар (оқыту қазақ тілінде)

1. Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті	Тыңдалым және айтылым	10.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру
	Оқылым	10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу
	Жазылым	10.3.3.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі)
2. Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік. Тілдік жүйе және стиль	Тыңдалым және айтылым	10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру
	Оқылым	10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іскағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
	Жазылым	10.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу; 10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, аргументативті эссе)
3. Қазіргі қоғам. Миграция. Зияткерлік	Тыңдалым және айтылым	11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (интервью) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік

миграция. Шешендік сөздер		оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу
	Оқылым	11.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау
	Жазылым	11.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау

118- кесте. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы тақырыптар (оқыту қазақ тілінде)

Заман шындығы	Б. Мұқай «Өмірзая» романы, Ерболат Әбікен «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі	Түсіну және жауап беру	11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; 11.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру
		Анализ және интерпретация	11.2.2.1 шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау; 11.2.4.1 әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу; 11.2.5.1 әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау
		Бағалау және салыстыру	11.3.2.1 көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау; 11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу

119- кесте. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы тақырыптар (оқыту қазақ тілінде емес)

Жер байлығына аяулы көзқарас	Ш. Айтматов «Ана - Жер Ана»	Тыңдалым	6.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау
		Айтылым	6.2.4.1 шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау
		Оқылым	6.3.6.1 тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру
		Жазылым	6.4.1.1 мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік жазу

Сауда жасай білесің бе?	Абай Құнанбаев «Базарға қарап тұрсам әркім барар»	Тыңдалым	8.1.4.1 орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау; 8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру
		Айтылым	8.2.6.1 кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру
		Оқылым	8.3.6.1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру
		Жазылым	8.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну; 8.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану
Заң – қоғамның тірегі	Айбатыр Сейтақ «Азат елдің ар-намысы – Ата Заң»	Тыңдалым	9.1.4.1 орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру; 9.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру
		Айтылым	9.2.2.1 коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу
		Оқылым	9.3.2.1 ғылыми стильде (аннотация, тезис) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау
		Жазылым	9.4.1.1мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, аннотация жазу

120- кесте. Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы тақырыптар (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

Сауда мен көмек: екі жақты келісімді сауда	Ыбырай Алтынсарин «Дүние қалай етсең табылады?»	Тыңдалым	10.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу
		Айтылым	10.2.4.1 мәтіндегі бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтау, оған түсініктеме беру
		Оқылым	10.3.6.1 мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау
		Жазылым	10.4.2.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (аргументативті эссе)
Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек	Ұлықбек Есдәулет «Қара пима» поэмасы	Тыңдалым	10.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну; 10.1.5.1 мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау
		Айтылым	10.2.5.1 пікірталастың «пікірталас -монолог», «пікірталас-диалог», «пікірталас-полилог» түрлерінде сенімді және еркін сөйлеу
		Оқылым	10.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау; 10.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау
		Жазылым	10.4.2.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)

121-кесте Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы тақырыптар (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

Қоғам және заң	Ермек Өтетілеуұлы «Ата Заң», Шешендік сөздер	Тыңдалым	10.1.4.1 драмалық, прозалық, поэзиялық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау; 10.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу
		Айтылым	10.2.4.1 мәтіндегі бөлімдердің, абзацтардың

			орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтау, оған түсініктеме беру
		Оқылым	10.3.6.1 мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау
		Жазылым	10.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу
Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік	Ерболат Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі	Тыңдалым	11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу
		Айтылым	11.2.5.1 көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу
		Оқылым	11.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру
		Жазылым	11.4.1.1 ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу
Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі	Ыбырай Алтынсарин «Атымтай жомарт»	Тыңдалым	11.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу
		Айтылым	11.2.4.1 кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау
		Оқылым	11.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру
		Жазылым	11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе)

«Құқық негіздері» оқу пәні (9-сынып**):**

«Қылмыстық жауапкершілік» бөлімі бойынша Қылмыстық жауапкершіліктің мәні неде? және Кімдер сыбайлас жемқорлықтың субъектілері болып табылады? тақырыптары берілген.

Аталған тақырыптар келесі оқу мақсаттарын қамтиды: құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы қылмыстық жауаптылықты және жаза түрлерін анықтау; сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған құқықтық актілерді талдау.

«Құқық негіздері» оқу пәні (10-11-сыныптар):

Пәннің білім мазмұнында «Жария құқық» бөлімі бойынша 10-сыныпта Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесі. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған құқықтық және саяси актілер: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

туралы Қазақстан Республикасының заңы. 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы стратегиясы тақырыптары берілген. Осы тақырыптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалық-саяси және құқықтық актілердің негізгі ережелерін түсіндіру; нақты жағдаяттарды талдау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңның негізгі ережелерін пайдалану оқу мақсаттарымен қамтылған.

11-сыныпта Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік тақырыптары берілген. Аталған тақырыптар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты басқа құқық бұзушылық түрлерінен (заңсыз сыйақы алу, алаяқтық) ажырату; Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін саралау атты оқу мақсаттарымен қамтылған.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні (5-9-сыныптар):

Тәуке ханның билігі. «Жеті жарғы». Қазақтың ұлы билері. Қазақ хандығының мемлекеттік-әкімшілік құрылымы. Қазақ қоғамының әлеуметтік стратификациясы, Тәуке хан тұсындағы қазақтардың қоғамдық-құқықтық жүйесі тақырыптары қамтылған.

Неліктен А. Левшин Тәуке ханды «Дала Ликургі» деп атады? Әлеуметтік топтар қазақ қоғамында қандай рөл атқарды? зерттеу сұрақтары мен Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау; қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін сипаттау; қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау атты оқу мақсаттары берілген.

Қазіргі кездегі Қазақстанның дамуындағы басым бағыттары; Қазақстан - 2030» Стратегиясы – мемлекет дамуындағы жаңа кезең; «Қазақстан – 2050» стратегиялары тақырыптары берілген. «5 институционалды реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам» ұлт жоспары неліктен қабылданды? «Қазақстан - 2030» Стратегиясын қабылдау қажеттілігі неден туындады? «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қандай жаңа саяси бағытты белгіледі? атты зерттеу сұрақтары және ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау атты оқу мақсаты қамтылған.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні (10-11-сыныптар):

«Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы» тақырыбында Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау оқу мақсаты қамтылған.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні (10-11-сыныптар):

Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі тақырыбы мен мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекеттің қалыптасу жолдарын талдау; мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекет принципте рінің жүзеге асу ерекшеліктерін салыстыру; қазіргі кездегі адам құқықтарының Жалпы Декларациясының маңызын негіздеу оқу мақсаттары берілген.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған **«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық»** пәнінен жаңартылған

мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындайтын тақырыптар топтамасы:

Сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын-алу, анықтау, олардың зардаптарын жою және жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың қызметтері туралы «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінде қарастырылған бөлімдер мен тақырыптар:

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушы әскери істі оқыту процесінде жастардың бойында азаматтық таным, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғау, әскери қызметке деген саналы жауапкершілікті қалыптастыруға тәрбиелеу мен оқытудың басты міндеттерін шешеді.

Әр сабақ сайын білім алушылар әскери анттың рөлі мен маңызын түсінулеріне, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, оның дәстүрлері мен әскер түрлерінде қызмет ету ерекшеліктеріне, әскери мамандыққа деген қызығушылықтарын дамытып, білім алушылардың әскери білім алуларына деген ұмтылыстарын ынталандыру керек. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғылары – бұл Қарулы Күштердің тұрмыс-тіршіліктерін реттестіретін заңдар жиынтығы, ал жарғы талаптарын орындау – әрбір әскери қызметкердің міндеті екендігін түсіндіру қажет.

«Кіріспе сабағы» бөлімі:

1) білім алушыларға «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәніне оқыту мақсат-міндеттері мен мазмұнын;

2) «Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштер туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Азаматтық қорғану», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, «Алғашқы әскери дайындық пәнін жүргізу және ұйымдастыру» және оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 606 бұйрығы. **«Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы.** Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін қамтиды.

«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі» бөлімі:

1) Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері – Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, олардың құрамы және атқаратын қызметтерін;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері. Әскери бөлімнің жауынгерлік туы. Әскери анттың әскери қызметкерлерге қоятын талаптары. Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы және міндеттерін;

3) Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары – Экстремизм түрлері: саяси, діни, экономикалық және экологиялық. Экстремизм, терроризм, олардың өзіндік сипаттары. Қазіргі әлемдегі террорлық қауіп-қатерлердің ұлғаю себептерін қамтиды.

«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары» бөлімі:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары, олардың әскери ұжым қызметі мен тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы. Әскери қызметкерлердің жалпы міндеттері. Әскери атақ және айыру белгілерін;

2) Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары – Бастықтар және бағыныштылар, аға және кіші әскерилер, олардың құқықтары мен міндеттері. Әскери әдептілік ережесі және әскери қызметкерлердің тәртібі. Бұйрық, оны беру және орындау тәртібі. Бастықтарға және шені жоғарыларға мәлімдеме жасауды;

3) Әскери тәртіп, оның мәні мен мағынасы – Әскери тәртіп, марапаттау және жазалау. Әскери тәртіпті сақтау бойынша әскери қызметшілердің міндеттері. Сарбаздарға көрсетілетін марапат түрлері. Сарбаздарға берілетін тәртіптік жазалауларды қамтиды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру және педагогикалық кең мағынада тәрбиелеу – бұл білім алушылардың, балалар мен жасөспірімдердің, жастардың сыбайлас жемқорлыққа қатысты азаматтық ұстанымын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру және қабілеттерін дамыту мақсатында арнайы ұйымдастырылған, мақсатты және басқарылатын ықпал ету.

Білім беру жүйесін нығайту және жаңғырту жағдайында егеменді Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белсендірілуі табыстылық коды, әлеуеті мен құндылығы бар екенін түсіну маңызды.

Осыған орай, нақ орта мектеп жасы Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары, бостандықтары мен міндеттері өзегі болып табылатын білім алушылардың құқықтық білім жүйесін қалыптастыруда шешуші болып саналады. Жасөспірімдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту жөнінде ақпарат алу және ұсыну тәсілдері әртүрлі: сынып сағаттары, әр түрлі адамдармен (құқық қорғау органдарының қызметкерлері, куәгерлер, саясаткерлер, мемлекеттік қызметшілермен) әңгімелесу; күнделікті өмірде әр түрлі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбында дәрістер, пікірталастар, талқылаулар; іскерлік ойындар; сабақтарда және факультативтік сабақтарда азаматтық пен патриотизмге, мораль мен адамгершілік ұғымдарына байланысты проблемаларды талқылау, киноматериалдарды қарау және т. б.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет социумды тұрақтандырудың басты факторларының бірі болып табылады, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің табыстылығын анықтайды.

8 ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЖАН БАСЫНА БӨЛІНЕТІН НОРМАТИВТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – БДМБ) 2019 жылы апробациялаудың оң қорытындысы бойынша барлық қала мектептерінде жан басына қаржыландыруды енгізу процесін аяқтау көзделген.

Орта білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру мектептерді ондағы білім алушылардың санына қарай қаржыландыру тетігі болып табылады және балалардың МЖМБС-ның бірыңғай талаптарына сәйкес орта білім алуына базалық шығыстарды теңестіруге бағытталған. Жан басына қаржыландыру жағдайында мемлекеттік шығыстарды жоспарлау бірлігі мектеп емес, білім алушы болады.

Қазақстанда жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу қажеттілігіне мынадай қажеттіліктер себеп болды:

- балалардың МЖМБС талаптарына сәйкес орта білім алуына базалық шығыстарды анықтауға бірыңғай тәсілдемені қалыптастыру;
- өңірлер бойынша орта білім беруге базалық шығыстарды теңестіру;
- мемлекеттік шығыстарды мектепке емес, білім алушы басына жоспарлау;
- мектептер арасындағы бәсекелестікті дамыту арқылы білім сапасын арттыру;
- мектептерге қаржылық дербестік беру және менеджмент деңгейін көтеру, шешімдер қабылдауда ашықтықты қамтамасыз ету;
- бюджет қаражатын ашық және әділ жұмсау;
- мектептердің педагог қызметкерлеріне сараланған еңбекақы төлеу (лауазымдық жалақы және нәтижелері үшін ынталандыру қосымша ақылар).

Жан басына қаржыландырудың мақсаты – мектептердің педагогикалық әлеуетінің рөлін күшейту және материалдық-техникалық базасын дамыту есебінен білім беру сапасын жоғарылату.

Жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі шығыстардың мына түрлерін қамтиды:

– қызметкерлерге еңбекақы төлеу, жыл сайынғы төленетін еңбек демалысына сауықтыру жәрдемақыларын төлеу және салық пен басқа да міндетті төлемдер бойынша жұмыс берушінің жарналарын;

– білім беру процесіне қатыстырылған қызметкерлерге сыйлықақы беру;

– білім беру процесімен байланысты шығыстар (мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген арнайы білім беру ұйымдарын Жарақтандыру нормаларына сәйкес баспа және экранды-дыбыстық құралдарды, техникалық оқыту құралдарын, оқу-көрнекі құралдарын, демонстрациялық құралдарды, мектеп жиһазын, спорттық құрал-саймандар мен жабдықтарды, үлестіру және бақылау - өлшеу аспаптарын, музыкалық аспаптарды, көркемөнер материалдарын, білім алушы керек-жарақтарын, қабырғаға ілінетін планшеттерді, үлестіру материалдарын, гербарийлерді, топтамаларды, нақпішіндерді, онлайн сабақтар өткізу және жобаларды визуалдау үшін бағдарламалық жасақтамаларды, әдістемелік қорды, сондай-ақ бланкілерді, табельдерді, сынып журналдары мен борды сатып алу);

– коммуналдық шығыстар;

– пошта және телефон байланысы қызметіне, интернет қызметіне ақы төлеуге арналған шығыстар;

– ғимараттарды, құрылыстарды, техникалық жабдықтарды, компьютерлік және кеңсе техникасын, интерактивті жүйелерді ағымдағы жөндеуді жүргізуге, ұстауға және оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстар;

– білім беру процесінде қолданылмайтын тауарларды, оның ішінде жуғыш құралдарды, шаруашылық тауарлары мен құрал-саймандарды, құрылыс тауарларын, кеңсе тауарларын, дезинфекциялаушы құралдарды, жұмсақ құрал-саймандар мен ыдыс-аяқты сатып алу;

– білім алушыларды немесе тәрбиеленушілерді ғылыми, спорттық, шығармашылық және зияткерлік сайыстар мен іс-шараларға дайындаумен және қатыстырумен байланысты шығыстар (сахналық костюмдерді, мектеп командасы үшін спорттық форманы сатып алу, білім алушыларды іс-шараның өткізілу орнына жеткізу және кері қайтару жолын, қатысу үшін жарналарды төлеу, ғылыми жобаларға макеттерді дайындау және басқалар);

– күрделі шығыстар;

– банктік (қаржылық) қызметтерге ақы төлеу.

Жан басына шаққандағы қаржыландыру еңбекақы төлеудің жаңа нысаны емес, бұл мектептерге білім беру процесін іске асыру үшін бюджет қаражатын бөлу тетігі болып табылады. Мектеп қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саласындағы барлық кепілдіктер сақталады. Мектеп қызметкерлеріне еңбекақы есептеу және төлеу «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес жүргізіледі.

Жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативінің мөлшері (яғни, 1 білім алушыны оқыту құны) бір күнтізбелік жылға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесінің негізінде есептеледі.

Жан басына шаққандағы норматив мыналар бойынша ажыратылады:

– білім беру деңгейіне қарай (1-4-сыныптар, 5-9-сыныптар, 10-11-сыныптар);

– білім беру бағдарламаларына қарай (жалпы білім беретін бағдарламалар, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылар үшін түзету бағдарламалары);

– мектептің орналасуына қарай (қалалық/ауылдық жер);

– оқыту орнына қарай (жалпы білім беретін сыныпта, үйде оқыту, жалпы білім беретін сыныпта ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту).

Жан басына шаққандағы нормативті және мектептерді қаржыландырудың жалпы көлемін есептеу кезінде мыналар ескеріледі:

– мектеп қызметкерлерінің еңбек жағдайлары үшін қолданылатын барлық қосымша ақылар мен үстеме ақылар;

– қалалық (24 адам) және ауылдық (20 адам) жалпы білім беретін мектептердегі сыныптардың; арнайы (түзету) сыныптардағы – 12 білім алушының нормативтік толықтырылуы.

Жан басына шаққандағы нормативтің мөлшері мен жергілікті атқару органдарының сыныптар бөлінісіндегі білім алушылардың саны туралы деректердің негізінде нақты орташа жылдық контингентке байланысты түзету коэффициентін қолданумен жан басына шаққандағы нормативті орташа жылдық контингентке көбейту арқылы әр пилоттық мектепте жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға қаражаттың жалпы көлемін есептеу жүргізіледі.

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде пилоттық орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың енгізілуін сүйемелдеу және мониторингілеу қызметтерін «Қаржы орталығы» АҚ көрсетеді.

Орта білім беруді жан басына шаққандағы қаржыландыруды апробациялау 2013 жылғы 1 қыркүйекте республиканың 4 облысындағы 50 пилоттық мектепте (Алматы (4 мектеп), Ақтөбе (15 мектеп), Шығыс Қазақстан (12 мектеп) және Оңтүстік Қазақстан облысы (19 мектеп) басталды. 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап апробацияға қатысушылар қатары Ақмола облысынан тағы 13 мектеппен толықтырылды. 2017 жылдың қаңтарынан бастап пилоттық жобаға Нұр-Сұлтан қ. 5 мектеп және Алматы қ. 5 мектеп қосымша енгізілді.

Пилоттық орта білім беру ұйымдарындағы 2016-2017 оқу жылының қорытындыларын жан басына нормативтік қаржыландыруды апробациялау кезеңі басталған кездегімен салыстырмалы талдау мынаны көрсетті.

2016-2017 оқу жылында пилоттық мектептерде біліктілігін арттырған қызметкерлер саны екі есеге дерлік көбейді (2514 адам).

Пилоттық мектептерде жоғары, бірінші және екінші санатты педагог қызметкерлердің үлесі 76%-ға дейін өсті (2012-2013 оқу жылы бұл көрсеткіш 58% болған).

2012-2013 оқу жылымен салыстырғанда балалардың дамуына арналған үйірмелер мен секциялардың саны 2,2 есеге көбейді (бұрын – 780, енді -1734).

Егер 2012-2013 оқу жылында 445 бірлік білім алушылар үшін танымдық және өнегелі іс-шаралар, оқытушылар үшін тренингтер өткізілген болса, 2016-2017 оқу жылында бұл көрсеткіш 636 бірлікке жеткізілді.

2016-2017 оқу жылында пилоттық мектептердің педагогтері басып шығарған әдістемелік құралдар мен өзге жарияланымдар саны 2,5 еседен аса көбейіп, 3208 құрады.

2016-2017 оқу жылында байқауларға және сайыстарға қатысушы-жеңімпаздардың, жүлдегерлердің, лауреаттардың үлесі де 2012-2013 оқу жылымен салыстырғанда жоғары.

Пилоттық мектептердегі ҰБТ-ның орташа көрсеткіші соңғы төрт оқу жылында 71-ден 75,9 балға жоғарылады.

Пилоттық мектептердегі педагог қызметкерлердің орташа айлық жалақысы 2016-2017 оқу жылы 82 мың теңгені құрады.

122-кесте. Пилоттық орта білім беру ұйымдарындағы 2016-2017 оқу жылының қорытындыларын жан басына нормативтік қаржыландыруды апробациялау кезеңі басталған кездегімен салыстырмалы талдау

	Көрсеткіштің атауы	**2012-2013 оқу жылы**	**2016-2017 оқу жылы**
21	Біліктілігін арттырған қызметкерлер	21%	35,2%
22	Санаттары бар педагог қызметкерлердің үлесі	58%	75,7%
33	Мектепте құрылған және жұмыс істейтін балаларға арналған үйірмелер мен секциялар саны	780	1734
44	Білім алушылар үшін өткізілген танымдық және өнегелі іс-шаралар мен мұғалімдер үшін өткізілген тренингтер саны	445	636
55	Педагогикалық қызметкерлер басып шығарған (газеттерде, конференциялар жинақтарында, оқу журналдарында, мектеп сайтында) жарияланымдар, әдістемелік құралдар (жинақтар, брошюралар, электрондық құралдар) саны	1251	3208

66	Байқауларға және сайыстарға (спорттық, пәндік, ғылыми, интеллектуалдық) қатысушы-жеңімпаздардың, жүлдегерлердің, лауреаттардың үлесі	17%	17,2%
77	ҰБТ-ның орташа көрсеткіші (балдар)	71	75,9
88	Педагогтердің орташа айлық жалақысы (мың теңге)	72	82

Орта білім беру саласын ырықтандыру шеңберінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына толықтырулар енгізілді. Оларға сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысын жеке меншік мектептерде орналастыруға мүмкіндік пайда болды.

Сонымен қатар, жеке меншік мектептердің жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемінде алынған бюджет қаражатын өз бетінше жұмсау құқығы бекітілді.

Орта білім берудегі жекеменшік сектордың дамуы үшін маңызды элемент жан басына шаққандағы нормативтің құрамына ғимараттың амортизациясына, әрбір жаңадан енгізілген білім алушы орны үшін шығыстарды қосу болып табылады, ал бұл жаңа жеке меншік мектептердің салынуына түрткі болады.

Бұл қадам жеке меншік мектептер желісінің дамуына себеп болып, шамадан тыс толы мемлекеттік мектептердің жүгін біраз азайтып, білім алушы орнының тапшылығын төмендетеді.

Жоғарыда атап көрсетілген шаралар мемлекеттік мектептердің жоспарлы түрде дамуына, орта білім беруге жеке капиталды тартуға септігін тигізеді, бұл, өз кезегінде, мынадай нәтижелерге әкеледі:

- орта білім берудегі МЖК-ның дамуы (жеке инвесторларды тарту, оның ішінде жаңа мектептердің құрылысына);
- білім алушылар орны тапшылығының төмендеуі;
- үш ауысымды және апатты мектептердің жойылуы.

Осылайша, жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыру қазақстандық білім беру жүйесін жетілдіруге, білім беру қызметтерінің қолжетімділігін және сапасын арттыруға сүбелі үлес қосу болып табылады.

9 ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Шағын жинақты мектептерде білім беру қызметін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты басшылыққа алынады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы шағын жинақты мектепті білім алушылар контингенті шағын, біріктірілген сынып жиынтықтары және оқу сабақтарын ұйымдастырудың арнайы формасы бар жалпы білім беретін мектеп ретінде анықтайды.

Шағын жинақты мектептер мен тірек мектептердің (ресурстық орталық) қызметі жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметтің Үлгілік қағидаларына сәйкес және мектеп жарғысы негізінде жүзеге асырылады.

Шағын жинақты мектептерде үш немесе төрт сынып біріктірілген жағдайда оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзгермелі кестесі қолданылады.

ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 наурыздағы № 91 бұйрығына сәйкес оқытуды ұйымдастыру шарттары бойынша білім беру ұйымы қызметінің үлгілік қағидаларының 13-тармағы жаңа редакцияда жазылған: «Әртүрлі жастағы оқыту әдістемелерін қолдану кезінде сыныптарды біріктіруге жол беріледі».

Сондықтан да, біріктірілген сыныптардың тиімді нұсқаларын мектеп анықтайды. Сынып саны мен балалар контингентін ескере отырып, біріктірілген сыныптарды жинақтау мәселелерін талқылауды әдістемелік бірлестіктердің отырыстарында және мектептің педагогикалық кеңесінде қарау ұсынылады.

ШЖМ-дағы оқу процесінің ерекшелігі, біріктірілген сынып-комплектіде білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуды ұйымдастыру болып табылады. Біріктірілген сыныптарда әртүрлі жастағы оқыту келесідей ұйымдастырылады:

1. барлық оқу пәндері бойынша үнемі барлық сабақтарда;
2. әр жастағы топтарда тұрақты түрде технология, дене шынықтыру, бейнелеу өнері, музыка сабақтарында;

3. әр сыныптардағы оқу материалының мазмұны сәйкес келген жағдайда жүйелі (бір тақырыптағы сабақтар) жүргізіледі: бастауыш мектепте оқу процесін қайталанатын тақырыптар бойынша сабақтар бір уақытта барлық сыныптарда өткізілетіндей етіп жоспарлау ұсынылады; сабақтың бір бөлігі әңгімені талқылау, әңгімелесу, тәжірибе, сурет, кесте көрсету үшін қолданылуы мүмкін, содан кейін әр сыныптың білім алушылары өз бетінше оқу тапсырмаларын орындайды.

Егер мұғалім сабақтың барлық кезеңдерінде әртүрлі жастағы оқытуды ұйымдастыруды таңдаса, онда бір пән бойынша сабақ кестесін құру ұсынылады.

Сабақта әртүрлі жастағы білім алушылардың өзара қарым-қатынасы ұйымдастырылуы мүмкін:

– сабақтың барлық кезеңдерінде;

– жалпы оқу міндеттерін шешу үшін жекелеген кезеңдерде, мысалы, әдебиеттік оқу сабағында жоғары сынып білім алушылары жазушының өмірбаянымен таныстырады немесе әдеби шығарма оқиды;

– жағдай бойынша қажеттілігіне қарай, мысалы, дене шынықтыру сабағында ойын ұйымдастыру үшін, сабақ қорытындысын шығару кезінде, материалды жіберіп алған кіші жастағы білім алушыға көмек көрсету үшін.

Сабақтың әртүрлі кезеңдерінде әртүрлі жастағы балалардың өзара қарым-қатынасының арнайы тәсілдерін қолдану ұсынылады:

1. Үй тапсырмасын тексеру.

- жоғары сынып білім алушылары кіші жастағы білім алушылардың ауызша және жазбаша үй тапсырмаларының орындалуын тексереді және бағалайды;
- жоғары сынып білім алушылары кіші жастағы білім алушылар үшін сұрақтар мен тапсырмаларды таңдайды немесе құрастырады, содан кейін осы тапсырмалар бойынша сауалнамаға қатысады;
- жоғары сынып білім алушылары төменгі сынып білім алушыларына жауап беру барысында көмектеседі.

2. Жаңа материалды оқыту (мысалы «Дүниетану» оқу пәні бойынша):

- жоғары сынып білім алушылары кіші жастағы білім алушыларына жаңа материалды айтады, «дүниетану» пәні бойынша мәтінді оқиды»;
- жоғары сынып білім алушылары мәтінмен жұмысты ұйымдастырады (мәтіннің қажетті үзіндісін қарындашпен белгілеу; мәтін мазмұнын қайта айту, мәтінді талқылау; мәтін бойынша сұрақтар құрастыру);
- жоғары сынып білім алушылары кіші жастағы білім алушылармен бірге тірек материалдарын, сызбалар, кестелер құрастырды (оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы негізінде);
- жоғары сынып білім алушылары кіші жастағы балалармен бірге бірлесіп бақылау, тәжірибе жасау, оқу құралдарымен жұмыс және т. б. ұйымдастырады.

3. Оқытылған материалды бекіту (мысалы әртүрлі оқу пәндері бойынша):

- жоғары сынып білім алушылары кіші жастағы білім алушылармен бірге кроссворд, ребус құрастырады және оларды шешеді, тапсырмалар құрастырады және оларды шешеді, викторина сұрақтарына жауап береді;
- оқылған қосымша әдебиетті ұжыммен талқылайды;
- жоғары сынып білім алушылары мәтінмен жұмысты ұйымдастырады (мәтіндерді сұрақтарға, жоспарға сәйкес бөлімдерге бөлу; мазмұндау – толық, таңдау бойынша, шығармашылық тұрғыдан, қысқаша; оқығаны туралы пікір дайындау);
- жоғары сынып білім алушылары оқу ойындары-жарыстар ұйымдастырады («өлең жолын аяқтаңыз», «мен бастаймын, ал сен жалғастырасың…»);
- жоғары сынып білім алушылары кіші балалармен бірге фильмдердің, роликтердің және т. б. үзінділерін қарап, талқылап, түсініктеме береді;
- жоғары сынып білім алушылары материалды бекіту және қайталау барысында кіші балаларға жеке түрде көмек көрсетеді.

4. Білімді бақылау:

- жоғары сынып білім алушылары жалпылама сабақтар дайындайды;
- жоғары сынып білім алушылары материалдарды, оқу тапсырмаларын, конкурстар дайындайды;
- жоғары сынып білім алушылары сынақ өткізеді, дербес жұмыстар жүргізеді, оларды тексереді және бағалайды;
- өзара бақылау.

Білім беру мазмұнын жаңартудың қазіргі жағдайында шағын жинақты мектеп педагогтары біріктірілген сыныптардағы сабақта бағдарламалық материалмен өзіндік жұмыстың істеудің ұзақтығын өз бетінше анықтайды. Біріктірілген сыныптардағы оқыту ерекшелігі үнемі өз бетінше жұмыс істеуге негізделген. Сондықтан жаңартылған білім беру мазмұны аясында ұсынылатын стратегиялар, оқыту әдістері мен технологиялары ШЖМ жағдайында жұмыс істеу үшін де қолайлы. Алайда барлық стратегиялар білім алушылар саны аз сыныптарда, сынып-кешендерде қолданылмайды. Бұл жағдайда педагогтың шығармашылық тәсілге баса назар аударуы қажет. Егер сабақтағы жұмыс түрлері бұрынғыша болса, онда олардың мазмұны өзгереді. Осылайша, білімді проблемалық тапсырмалар, бағдарламалау, зерттеу элементтері бар шығармашылық есептер арқылы өз бетінше алуға болады.

Сабақта жаңа материалды бекітуді әртүрлі жаднамалар, алгоритмдер, схемалар мен кестелер, презентациялар және т. б. қолдану арқылы жүргізу қажет. Қайталау кезінде нұсқаулықтарды, үлгілерді, органайзерлерді және т.б. пайдалануға болады. Сонымен қатар жаңартылған білім мазмұны аясында дайындықтан өткен мұғалімнің арсеналында жұптық және шағын топтарда жұмысты ұйымдастыру үшін белсенді әдістердің түрлері көп.

ШЖМ-да жаңартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды ұйымдастыру мәселесі өзекті болып табылады және біріктірілген сыныптардың жағдайларына бейімделу мәселесін шешу бағытында арнайы әзірлемелерді талап етеді.

2019-2020 оқу жылында жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқитын шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарында оқу процесін ұйымдастыру үшін оқу бағдарламаларын бейімдеудің келесі механиздері ұсынылады: ұзақ мерзімді жоспарларды талдау негізінде біріктірілген сыныптар үшін ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарларды құру. Ол үшін біріктірілген сыныптарда оқытылатын оқу материалының мазмұнын алдын ала талдау қажет. Алынып отырған бейімделген материал негізінде тақырыптарды салыстыру және саралау жолымен оқыту мақсаты анықталады және жаңартылған бағдарламалар бойынша білім алатын біріктірілген сыныптар үшін ұзақ мерзімді жоспар жасалады. Ұзақ мерзімді жоспар бойынша орта мерзімді жоспар әзірленеді.

Келесі кесте жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқитын шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптары үшін орта және қысқа мерзімді жоспарларды әзірлеу алгоритмін айқын көрсетеді.

1-сызба. ШЖМ біріктірілген сыныптары үшін орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларды әзірлеу алгоритмі



Біріктірілген сыныптарда оқу үдерін ұйымдастыру және өткізу үшін орта мерзімді жоспарда оқыту мақсаттары жаңартылған бағдарламалар бойынша толықтырылады және түзетіледі. Оқу материалын біріктіру кезінде сағат санының сәйкестігін салыстырып, оларды бекіту және жинақтау, білімін тексеру сабақтары есебінен қайта бөлу қажет. Бейімделген оқу бағдарламасына сәйкестендірілген оқу мақсаты жаңартылған бағдарламалар бойынша білім алатын біріктірілген сыныптар үшін қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасау үшін бағдар болып табылады.

Мысал ретінде шағын жинақты мектептердің біріктірілген 5, 6-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» бойынша параллель тақырыптарды өткізуді ұсынады. Мысалы, 5-сыныпта екінші тоқсанда «Абайды оқы,

таңырқа!», ал 6-сыныпта – «Мен балаң жарық күнде сәуле қуған...» бөлімдері оқытылады. Бірінші бөлімде (5) қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба», «Бірінші сөз», «Жетінші сөз», «Отыз бірінші қара сөз» оқытылса, екінші бөлімде С.Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» өлеңдері оқытылады.

Төртінші тоқсанда 5-сыныпта «Отбасы құндылықтары» бөлімі бойынша Т.Нұрмағамбетовтің «Анасын сағынған бала» әңгімесі, Нұрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесі 6-сыныпта оқытылатын «Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым» бөлімі бойынша Е.Жүністің «Менің атым -Тәуелсіздік» өлеңі, А.Алтайдың «Прописка», Р.Ғамзатовтың «Ана тілі», «Менің Дағыстаным» шығармалары ұлттық құндылық мәселелерін шешуге бағытталған.

123-кесте. Жаңартылған бағдарлама бойынша «Қазақ әдебиеті» пәнінен шағын жинақты мектептің 5-6-шы біріктірілген сыныптарына арналған оқу материалының мазмұнын талдау

№	Оқу материалының мазмұны 5-сынып	Тақырып тардың сәйкестігі (5-сынып)	Тақырып тардың сәйкестігі (6-сынып)	№	Оқу материалының мазмұны 6-сынып
5.2.1.1	«Керқұла атты Кендебай» ертегісі	+	+	6.1.1.1	«Аяз би » ертегісі
5.1.2.1	«Қобыланды батыр»жыры	+	+	6.2.4.1	«Алып Ер Тұңға» жыры
5.3.2.1	Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы	-	-	6.3.4.1	Әл Фараби «Қашықтасың туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді»
5.1.4.1	Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы	+	+	6.3.4.1	Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын Ақ Жайық»
5.1.4.1	Дулат Бабатайұлы «О,Ақтан жас, Ақтан жас»	+	+	6.2.4.1	Абай Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»
5.2.4.1	Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл»	+	+	6.1.4.1	Абай Құнанбайұлы «Ғылым таппай мақтанба»
5.2.4.1	Ыбырай Алтынсарин «Атымтай Жомарт»	+	+	6.1.2.1	Абай Құнанбайұлы «Бірінші сөз»

5.3.3.1	Ыбырай Алтынсарин «Дүние қалай етсең табылады»	+	+	6.1.2.1	Абай Құнанбайұлы «Жетінші сөз», «Отыз бірінші сөз»
5.1.2.1	А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы	-	-	6.1.4.1	С.Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы»
5.3.4.1	«Адамдық диқаншысы» өлеңі	-	-	6.2.2.1	С.Мұратбеков «Жусан иісі»
5.1.1.1 5.1.2.1	Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты	-	-	6.1.1.1	О.Бөкей «Тортай мінген ақ боз ат»
5.1.3.1	М.Қабанбай «Бауыр»	+	+	6.1.2.1	Қалқаман Әбдіқадыров «Қажымұқан»
5.1.3.1	Т.Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі	-	-	6.1.4.1	Е.Жүніс «Менің атым-Тәуелсіздік» өлеңі
5.1.3.1	Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» әңгімесі	-	-	6.1.1.1	А.Алтай «Прописка»
5.1.3.1	Д.Лондон «Мексика ұлы»әңгімесі	-	-	6.2.2.1	Р.Ғамзатов «Ана тілі», «Менің Дағыстаным»

124-кесте. Жаңартылған бағдарлама бойынша «Қазақ әдебиеті» пәнінен шағын жинақты мектептің біріктірілген 6, 8 - сыныптарына арналған орта мерзімді жоспардың үлгісі

Оқу бағдарламасына сілтеме	*Оқу мақсаттары 6-сынып*	*Оқу мақсаттары 8-сынып*	*Ұсынылған оқыту іс-әрекеттері*	*Белсенді оқытудағы жұмыс түрлері*	*Бағалау*	*Оқу материалын меңгеруі*	*Ресурстар*
I тоқсан							
6-сынып Отан отбасынан басталады *8-сынып Білім. Ғылым. Инновация*	*6.1.1.1 тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау;* *6.1.5.1 тірек*	*8.1.1.1 мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау;* *8.1.5.1 тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі*	*Жеке және топтық жұмыс түрлерінде:* *1. Көңіл-күйлерін эмоциялық тұрақт*	*1.Теориялық шолу. (Жеке жұмыс)* *2. Шолу жасалған материалды зерделеу және талдау (Топтық жұмыс)*	*Мадақтау және ынталандыру арқылы формативті бағалау. Критерийлері:* *1. Әңгіменің*	*1. мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша,*	*Оқулық, жұмыс дәптері, үлестірме құралдар, жазуша ынының қосымша әдеби*

	сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау 6.2.2.1 тақырып бойынша диалогты бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу; 6.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда хабарлы сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту 6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (мінездеме); 6.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау 6.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып,	*арқылы негізгі ойды анықтау 8.2.1.1 тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау; 8.2.4.1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау 8.3.2.1 публицистикалық стильдің (интервью) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау; 8.3.4.1 мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау 8.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, интервью жазу; 8.4.3.1 жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін*	*андыру. 2. «Шатт ық шеңбері ». 3. «Миға шабуыл » сұрақт ары 4. Композ ициялық құрылы мына талдау*	*3.Қорыты ндылау. (Интегр.) 4. Қысқаша мәліметте рді дәптерге түсіру (Инсер. Әдісін қолдануға болады. (жеке жұмыс) 5. Алған білімдерін өмірде қолдану жағдайлар ына мысалдар келтіру.*	*мазмұны н толық біледі 2. Жазушын ың өмірі мен шығарма шылығын толық біледі. 3. Әңгіме құрылым ына талдау жасай алады. 4. Әңгіме кейіпкерл еріне мінездем е беріп, сипатта йды. 5. Алған білімдері н өмірде қолдану ға мысалдар келтіреді .*	*ауызша жұмыста рда қолдану 2. болжалды қ сан есімдерді жазба, ауызша жұмыста рда орынды қолдану 3. Алған білімдерін өмір жолында қолданады .*	*оқулық тары, портре ттері.*

	тақырып бойынша постер жасау; 6.4.1.1 мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, мінездеме жазу 6.5.1.1 мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану	қолданып жазу 8.5.1.1 болжалдық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану					
6-сынып Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі 8-сынып Сауда жасай білесің бе?	6.5.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау; 6.5.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру 6.2.4.1 шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау; 6.2.1.1 тура және	8.1.4.1 орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау; 8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру 8.2.2.1 түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті	Жеке және топтық, жеке жұмыс түрлерінде: 1. Оқушы назарын, зейінін сабаққа аудару. 2. «Мен қандаймын?» психологиялық жаттығу 3. «Дұрыс, бұрыс» тапсырмалары сұрақтары 4.Өлең құрылысына	1.Теориялық шолу. (Жеке жұмыс) 2. Шолу жасалған материалды зерделеу және талдау .(Топтық жұмыс) 3. Қорытындылау. «Аквариум» әдісі 4. Қысқаша мәліметтерді дәптерге түсіру (Инсер. Әдісін қолдануға болады. (жеке жұмыс) 5. Алған	Мадақтау және ынталандыру арқылы формативті бағалау. Критерийлері: 1. Өлеңнің мазмұнын толық біледі 2. Ақынның өмірі мен шығармашылығын толық біледі. 3. Өлең құрылымына талдау жасай алады. 4. Алған	1. мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік жаза алады 2. Алған білімдерін өмір жолында қолданады. 3. жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескереді; 4. тақырып бойынша эссе жаза алады;	Оқулық, жұмыс дәптері, үлестірме құралдар, жазушының қосымша әдеби оқулықтары, портреттері.

	ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу 6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік); 6.3.4.1 мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру 6.4.1.1 мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік жазу; 6.4.5.1 жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу 6.5.1.2 лексикалық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу,	*формаларын қолдана білу; 8.2.6.1 кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру 8.3.3.1 прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру; 8.3.6.1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру 8.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну; 8.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді*	*талдау жасау 5. Өлеңнен теңеу, метафора, эпитет, ақын термин дерін табу.*	*білімдерін өмірде қолдану жағдайларына мысалдар келтіру.*	*білімдерін өмірде қолдануға мысалдар келтіреді.*	*5. бөлшектік сан есімдерді дұрыс қолдана алады*	

	жазба, ауызша жұмыстарда қолдану	*қолдану 8.5.1.1 бөлшектік сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану*					

Бағдарламаларға сәйкес келмейтін және сабақтың бір тақырыптық жоспарын әзірлеу мүмкіндігі болмайтын тақырыптарды өтуде белгілі бір әдістемелерді таңдау арқылы сыныптарды бір пәннің аясында біріктіру әдісін қолдану ұсынылады. Бағдарламаға сәйкес емес тақырыптарды оқыту кезінде оқытудың сараланған әдістерінен басқа сабақтың әртүрлі кезеңдерінде екі сынып үшін бірыңғай педагогикалық тәсілдерді қолдануға болады. Бұл біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру міндетін шешетін мүмкіндіктердің бірі болып табылады.

ШЖМ-ның әртүрлі жастағы сыныптарында оқу процесін ұйымдастыру әдістерін таңдау кезінде педагогтарға зерттеу және жобалау іс-әрекеттеріне ерекше назар аудару қажеттілігі көрсетіледі. Олар ШЖМ-да оқу процесін тиімді ұйымдастырудың үлкен мүмкіндіктеріне ие, бұл осындай мектептердегі білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Бір жағынан мұғалім білім алушылардың тұрақты құрамымен және белгіленген кесте бойынша сабақ жүргізеді. Екінші жағынан, сынып әртүрлі жастағы білім алушылардан құралған және бір сабақта бірнеше пән оқытылады.

ШЖМ білім алушыларын оқытудағы ескеру қажет:

❖ білім алушылардың қажетті базалық білімі және оларға табысты жұмыс істеу үшін қажетті техникасы болуы тиіс;

❖ білім алушылар олардан не күтілетінін нақты түсінуі тиіс;

❖ білім алушылардың барлығы болмаса да, басым көпшілігі тапсырманы дұрыс орындауға қабілетті болуы тиіс.

❖ Білім алушылардың жұмысы қауіпсіз болуы тиіс: педагогтың бақылауынсыз ықтимал қауіпті құралдарды, сондай-ақ жарамсыз құралдарды пайдалануға қатаң тыйым салынады; білім алушыларға өзінің зерттеу мен жобалау жұмысында өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті заттарды пайдалануға, ықтимал қауіпті жануарлар мен өсімдіктермен (улы, агрессивті, инфекция жұқтырған және т.б.) байланыста болуға тыйым салынады.

ШЖМ білім алушыларының зерттеу және жобалау қызметін ұйымдастыру, жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша педагогтарға әдістемелік қолдау көрсету үшін бастауыш, негізгі орта мектеп деңгейінде біріктірілген сыныптар үшін пәндер бойынша ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлардың үлгілері ***www.nao.kz*** *сайтында қолжетімді.*

Республиканың шағын жинақты мектептерін қолдауда тірек-мектептер (ресурстық орталықтар) маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта ШЖМ-ны

қолдау 594 магнитті ШЖМ бекітілген ЖОМ базасында 181 ресурстық орталықта жүзеге асырылады.

Тірек мектептердің (ресурстық орталықтардың) міндеті – ШЖМ білім алушыларының сапалы білімге тең қол жеткізуіне мүмкіндік туғызу, бейіналды және бейіндік оқытуды жүзеге асыру, ШЖМ білім алушыларының инновациялық қызметін дамыту, олардың сапалы жаңа деңгейге шығуы үшін ауылдық мектептерді қосымша біліммен қамтуды кеңейту. Білім беру желісін құру (білім беру ресурстарын біріктіру) ШЖМ білім алушыларына қажет болған жағдайда тірек-мектептердің немесе қосымша білім беру ұйымдарының білім беру қызметін пайдалануға мүмкіндік береді, бұл олардың мүдделері мен танымдық қажеттіліктерін барынша толық жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

ТМ (РО) білім беру кешенінің функциялары:

- жергілікті тұрғындарды тәрбиелеу мен оқыту әрекеттерін ұйымдастыру үшін мектептің қолда бар ресурстарын (жабдықтары, бөлмелері, аумағын) тиімді пайдалану;

- білім беру кешеніне кіретін білім беру ұйымдарының педагогтарының үздіксіз кәсіби тұрғыда дамуын қамтамасыз ететін әдістемелік жұмысты жүзеге асыру;

- ресурстық орталықтың барлық балаларына (сессия кезінде медициналық тексеру, психологтармен жұмыс жүргізіледі; сессияаралық кезеңде тірек мектебінің мамандары шағын жинақты мектептерге барады) қызмет көрсету;

- оқу зертханалары мен шеберханаларының жұмыс істеуі, білім алушыларға кәсіби бағыт беру және шығармашылығын дамыту;

- дамыту және демалыс орталығы арқылы (сессия уақытында қызығушылық бойынша үйірмелер жұмыс істейді;

- сессияаралық кезеңде тірек мектебінің мамандары білім алушылармен қашықтықтан байланыста болады және магниттік мектептерге барады);

Магниттік мектептер мен тірек мектебінің (Ресурстық орталықтың) жылдық оқу-тәрбие жұмыс жоспары педагогикалық кеңестің отырысында бекітіледі, ауданның (қаланың) білім бөлімімен келісіледі, білім беру ұйымдарының басшыларымен бекітіледі.

Сессия кезеңінде білім алушыларды тасымалдай отырып, тірек мектебінің оқу зертханалары мен шеберханаларында практикалық оқу іс-әрекеті ұйымдастырылады. Сессияаралық кезеңде білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті тірек мектебінің пән мұғалімдерінің қашықтықтан қолдауымен шағын жинақты мектептерде өткізіледі, on-line режимінде интерактивті сабақтар жүргізіледі.

Электронды, оның ішінде қашықтықтан оқытуды пайдалану ТМ (РО)-ның оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Тірек мектебінің білім беру жүйесі аймақтың өзгешелігін, мұқтаждығын және білім алушылар мен олардың ата-аналарының сұранысын ескере отырып, педагогикалық қызметке бірыңғай талаптардың болуы, күтілетін нәтижелердің, бірыңғай мақсаттардың болуын көздейді. Сонымен қатар мұндай жүйе ауылдық ШЖМ педагогтарына, білім алушыларды функционалдық сауаттылығы мен

әлеуметтендіруге бағытталған құзырлық білім беру парадигмасындағы кәсіпті әрекеттер нәтижелеріне қайта бағытталуына көмектеседі.

Сессия ұзақтығы үш күннен он күнге дейін, тірек мектебінің (Ресурстық орталықтың) педагогикалық кеңесі және магниттік мектеп бекіткен оқу процесінің кестесіне сәйкес белгіленеді. Сессия кезеңінде тірек-мектеп (ресурстық орталық) толық күн тәртібінде жұмыс істейді.

Магниттік мектептердің білім алушылары тірек мектебі-ресурстық орталықтың өз жастарына сәйкес сыныптарына бөлінеді немесе осы білім алушылар категориясына бөлек өз алдына сыныптар ұйымдастырылады.

Магниттік мектептердің білім алушылары төмен оқу жетістіктеріне қарамастан білім сапасы жоғары сыныптарға жіберілген жағдайлар орын алған. Бұл өз кезегінде олардың психологиялық стресс алуына алып келген. Магниттік мектептердің білім алушыларына оқу процесін ұйымдастыруда әрбір баланың жеке ерекшеліктерін ескеруді ерекше назарға алу ұсынылады. Қажет болған жағдайда жеке сабақтар өткізу керек.

Интернат болмаған жағдайда магниттік мектептердің білім алушыларын сабаққа күнделікті тасымалдау ұйымдастырылады, интернат болған жағдайда оларға өз бетімен дайындалуы және демалуы үшін жағдай жасалады, тамақтандыру ұйымдастырылады. Сессия әрбір параллель үшін бөлек өткізілуі мүмкін.

ШЖМ жоғары сынып білім алушылары тірек мектебі (РО) базасында 10-11-сынып білім алушыларының қалауы бойынша екі бағыт бойынша сыныптарға біріктіріледі. Қолданбалы пәндерді оқыту практикалық сипатқа ие және мектеп компонентіне бөлінген сағат есебінен жүргізіледі.

Бұл ШЖМ жағдайында балаларда параллельдің жоқтығынан бейіндік бағытты таңдау мүмкіндігі болмаған кездегі тағы бір мәселені шешуге мүмкіндік береді.

Тірек мектеп ШЖМ білім алушыларының сапалы білім алуына тең қол жеткізуді қамтамасыз етеді, олардың танымдық және шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асырады.

Әлемдік тәжірибе мен ЕЭЫДҰ ұсыныстарын ескере отырып, шағын жинақты мектептер желісін одан әрі дамыту үшін ШЖМ-ді ауылдың әлеуметтік-мәдени даму орталығы ретінде сақтау, ауылдық және қалалық мектептер арасындағы білім берудегі алшақтықты азайтуда шағын жинақты мектептерді қолдау үлгілерін енгізу мақсатында келесі жобаларды жүзеге асыру ұсынылады: «Серіктес мектептер», «Мобильдік мұғалім» және «Уақытша отбасы».

ШЖМ білім беру процесінде тәрбие жұмысы маңызды рөл атқарады. Жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру, білім алушыларға патриоттық тәрбие беру үшін әртүрлі сыныптарда, мектептерде сыныптан тыс бірлескен іс-шаралар өткізу орынды.

Біріктірілген сыныптарда «Рухани жаңғыру» бағдарламасының құндылықтарын терең ашу және маңызды қорытынды алу мақсатында әлемдік мәдени құндылықтар мен ұлттық мәдениет арасында параллель жүргізе отырып, дәуірлерді салыстыру әдісін пайдалану ұсынылады.

Бұл ретте пайдаланылатын ресурстар мазмұнының оқу пәнінің бағдарламалық материалымен тығыз байланыста болу принципін ұстану қажет. Осылайша, ШЖМ бүгінде көптеген аймақтық әлеуметтік-экономикалық, мәдени факторларды ескеретін, бала тұлғасын дамытуға ерекше көзқарасты талап ететін педагогикалық үдерісті ерекше ұйымдастыруды қажет етеді. Оқу жылы бойы ШЖМ мұғалімдеріне кәсіби өзара әрекеттесу желісі арқылы, вебинарларда, мастер-кластарда әдістемелік көмек көрсету қажет.

10 МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Зияткерлік тұлғаны дамытуға, тілдерді тереңдетіп оқытуға, ғылымға, мәдениетке және өнерге бағытталған білім қызметін ұйымдастыруда элитарлық білім беретін мамандандырылған білім беру ұйымдары келесі нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алады: «Білім туралы» Заң, ҚР МЖМБС-2012, Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметнің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы, ҚР БҒМ 2013 жылғы 19 шілдедегі № 289 бұйрығымен бекітілген мамандандырылған білім беру ұйымдары түрлері қызм етінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі- Қағидалар).

Мамандандырылған білім беру ұйымдары оқу жұмыс жоспарын «ҚР бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығы негізінде әзірлейді. Мамандандырылған мектептердің оқу жұмыс жоспарларын білім беру ұйымының басшылығы бекітіп, ҚР БжҒМ «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен және білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдармен келісіледі.Мамандандырылған жалпы білім беру бағдарламалары негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді және тілдерді, ғылым, мәдениет, өнер, спорт негіздерін тереңдетіп оқытуға, олардың шығармашылық әлеуетін және дарындылығын дамытуға бағытталған.

Мамандандырылған білім беру ұйымы білім алушылардың сұраныстарына сәйкес бейінді пәндер ішіндегі білім саласын, сондай-ақ таңдау бойынша элективті курстар мен пәндерді анықтайды.

Оқу бағдарламаларындағы тақырыптар бойынша уақытты бөлу үлгі болып табылатындығына **назар аударамыз**. Мұғалім тақырыптағы мәселелерді зерттеудің ретін өзгертуге, сондай-ақ бөлінген сағаттарда жеке тақырыптар бойынша оқу сағаттарының санын қайта бөлуге, өз қалауы бойынша резервтік уақытты пайдалану құқығы беріледі.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауда оқу сағаттарын тақырыптар бойынша шамамен бөлу ұсынылады. Мұғалім ұсынылған жоспарлауды өзгеріссіз қолдана алады (бұл жағдайда күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды

қайта жазудың қажеті жоқ). Сонымен қатар, мұғалім оқу пәнін оқуға бөлінген оқу сағаттарының шегінде сынып ерекшеліктерін және оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға өзгерістер енгізуге, сондай-ақ өзінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарын әзірлеуге құқылы, бұл жағдайда білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына сәйкес Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының (6 қосымша) 15, 16, 17-тармақтарына ерекше назар аудару қажет:

15-тармақ. Қазақ (орыс тілінде оқытатын сыныптар үшін) және орыс (қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін) тілдерін, ақпараттық-есептеу техника негіздерін, ритмика, хореография, музыка, дене тәрбиесі, технология, көркем пәндер негіздерін оқу, сондай – ақ бейінді пәндер бойынша зертханалық, практикалық жұмыстарды жүргізу кезінде сыныптарды 2 топқа, шет тілдерін және шетел тілінде оқытатын пәндерді 3 топқа бөлуге жол беріледі.

16-тармақ. Жалпы орта білім беру деңгейінде таңдау бойынша пәндерді (тереңдетілген деңгей) шет тілінде оқу кезінде сыныптарды 2-3 кіші топтарға бөлуге жол беріледі.

17-тармақ. Сыныптарды қосымша бөлу жүйесі, икемді вариативтік кесте, деңгейлік бөлу жүйесі, консультациялар және таңдау бойынша пәндер арқылы жалпы орта білім беру деңгейінде бейіндік саралауды жүзеге асыру мамандандырылған білім беру ұйымының толық күн режимінде жұмысын талап етеді.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарында 10 сыныптарды қалыптастыру тәртібі:

2019-2020 оқу жылында жаңартылған білім беру мазмұнына көшуге байланысты оқу жоспары мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған Үлгілік оқу жоспарының 77-80 қосымшалары негізінде құрастырылады. Көрсетілген қосымшаларда оқу пәндерін міндетті, тереңдетілген, стандартты деңгейлерде білім алу үшін оқу сағаттарының саны қарастырылған.

Тереңдетілген деңгейдегі пәнді таңдау барысында:

-білім алушылар **тереңдетілген деңгейде оқитын екі оқу пәнін анықтайды.**

-қолданыстағы Үлгілік оқу жоспары негізінде мектеп мүмкіндігін ескере отырып білім алушылар оқуға ниет білдірген бағыттар саны анықталады (бұл тек бірнеше нақты бағыт болуы мүмкін, мысалы, физика-математикалық және химия-биологиялық; немесе химия-биологиялық және гуманитарлық; немесе оларды тереңдетілген деңгейде зерделеу үшін оқу пәндерінің көп жиынтығы). Осы мәліметтерге сүйене отырып, оқушылардың бейіндік топтары құрылады **(топ құрамында кемінде 10 оқушы).**

Бейіндік оқытуды жүзеге асыру кезінде 10-сыныптарды қалыптастырудың бірнеше моделі болуы мүмкін:

1 модель: бір сыныпта бірдей оқу пәндерін тереңдетілген деңгейде оқитын оқушыларды жинақтау;

2 модель: бір сыныпта әртүрлі оқу пәндерін тереңдетілген деңгейде оқитын оқушыларды жинақтау **(топ құрамында кемінде 10 оқушы).**

Қазіргі уақытта дарынды және жоғары мотивациялы балалармен жұмыс жасаудың маңыздылығы мен қажеттілігі ешкімге күмән келтірмейді.

Дарынды балаларды анықтау мен дамытуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау, олардың әлеуетті мүмкіндіктерін іске асыру Қазақстан Республикасының басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Таңдау бойынша курстар, элективті курстар бейін алды даярлық және бейіндік оқыту жүйесінде маңызды рөл атқарады және негізгі, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу процесінің вариативті жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Мамандандырылған білім беру ұйымдары таңдау бойынша курстарды, элективті курстарды оқушылар мен олардың ата – аналарының таңдауына сәйкес анықтайды.

1. Бейін алды даярлық үшін таңдау курстарының ерекшеліктері:Таңдау бойынша курстарды оқу нәтижесінде оқушылар екі сауалға жауап беруге дайын болуы керек: «Өзімнің білім алу перспективамда нені қажет етемін?» және «Мен таңдаған бейінім бойынша оқуымды жалғастыруға дайынмын ба?»

Осы курстарды оқу барысында оқушылар:

-Мектептен кейінгі білім алу және бейіндік оқытуда сұранысқа ие құзыреттілікті меңгеруге және оқу материалдарын меңгеру бойынша күш-жігер жұмсауда тәжірибе алмасу;

-бейіндік білім алуды болашақта жалғастыру үшін өмірлік, әлеуметтік, өзін-өзі кәсіби анықтауда бейіндік оқытутың маңыздылығы туралы ақпарат алу;

-мектептен кейінгі білім алу бағытына және білім алу бейініне сәйкес оның құндылық бағдарын қалыптастыру.

Таңдау курстарын құрастырудың бірнеше жолы бар.

Фундаменталды тәсіл жоғарғы сыныптардағы бейіндік оқу пәндерімен тікелей байланысты, тиісті пән саласында ең бірінші дарынды балаларға бағдарланған пәнді терең оқытуға бағытталған фундаменталды заңдар мен теориялардан жеке заңдылықтарға көшу курс мазмұнын дамытуды қамтиды.

Әдіснамалық тәсіл ерекшеліктері ғылыми-тарихи материалдарда көрсетілген танымның ғылыми әдістемесіне негізделген. Әдіснамалық тәсілге негізделген таңдау курсының басты мақсаты: ғылыми танымның әдісімен танысу, кейбір зерттеу дағдыларын меңгеру. Бұл тәсіл практикум сабақтарды, практикалық-лабораториялық сабақтарды ұйымдастыруды, оқудың жобалық технологиясын пайдалануды ұсынады.

Әмбебап тәсіл ғылым үшін жалпыға бірдей маңызы бар бірқатар маңызды тұжырымдар бойынша мазмұнды топтастырумен сипатталады. Бұл тәсіл әртүрлі ғылымдар аясында бір мәселені, құбылысты, түсінікті жан-жақты қарастыратын пәнаралық курстар үшін қолайлы. Ол үшін рефлексивті оқыту технологиясы, сыни ойлау, кейс әдіс т.б. пайдалану тиімді болып табылады.

Прагматикалық тәсіл өмірде кеңінен қолданатын және оқушылардың негізгі мәдени деңгейін қамтамасыз ететін тиісті білім мен дағдыны қамтиды. Ол үшін тиісті кәсіби саладағы практикумдар, практикалық сабақтар тиімді

болып табылады.

Қызметтік-құндылық тәсіл тиісті бейіндік оқытудың мазмұнын табысты меңгеруге қажетті қызметтің түрлерімен танысуды ұсынады. Бір жағынан оқу процесін ұйымдастырудың түрлері мен қызметінің әдістерін ұтымды іріктеу, екінші жағынан оқушылардың тиісті бағдарға бейіні мен қабілетін анықтауда өзара белгілі бір қатынас бар. Осындай тәсілге негізделген таңдау бойынша курстың құрылымы оқушылардың тиісті қызмет түрлеріне бейімделуін ескереді. Мысалы, жаратылыстану бағытында оқушылар көптеген қызмет түрлеріне және химия мен биологияны оқыту процесінің нысандарына бейімділігін көрсетеді. Гуманитарлық бағыт үшін конспект, жоспар, тезис, реферат құрастыру тән, ал оқытудың қолайлы түрлері экскурсия, дискуссия, рөлдік ойындар, демонстрациялар болып табылады. Математика үшін таблица, схема құрастыру, заңдылықтарды анықтау тән.

Құзыретті тәсіл бүгінгі күні жақтаушылары көп, мүмкін көптеген құрастырушылар негізгі мектеп үшін таңдау бойынша курстарды әзірлеу барысында осы тәсілге көп көңіл бөлуі мүмкін. Бұл жағдайда келесі әрекеттер тізбегі болуы мүмкін:

- осы жастағы оқушылар үшін басты мәселелерді анықтау;
- оларды шешуге арналған тиісті шеберлігін анықтау;
- аталған мәселелерді шешуге арналған құзіреттілікті анықтау;
- қажетті мазмұнды таңдау;
- оқыту әдістерін әзірлеу.

Таңдау бойынша курстың мақсатын анықтау үшін бағыт ретінде әлеуметтік, коммуникативтік, немесе пәндік құзіреттілік алынуы мүмкін.

Бейіналды дайындық бойынша таңдау курсы пәндік-бағдарлы (сынақ) және пәнаралық (бағдарлы) болып бөлінеді.

Пәндік-бағдарлы курс келесі мәселелерді шешеді:

1) оқу пәніне оқушының қызығушылығын танытуы;

2) пәнді жоғары деңгейде меңгеру қабілеті мен дайындығын анықтау;

3) таңдау бойынша емтихандарды тапсыруға жағдай жасау, яғни болашақ бейініне ең ықтимал пән.

Пәндік бағдарлау курстары үшін оқу-әдістемелік құрал ретінде қолданыстағы оқу құралдары, факультатив бағдарламалары, арнайы курс, жоғары оқу орындарына дайындыққа арналған оқу-әдістемелік кешендері және оқу пәндерін тереңдетіп оқытатын сыныптар.

Пәнаралық (бағдарлау) курстар дәстүрлі білім беру пәндері аясынан шығуды ұсынады. Олар оқушыларды көптеген пәндер бойынша білім синтезін және әртүрлі кәсіптік салалардағы даму әдістерін талап ететін күрделі мәселелермен және тапсырмалармен таныстырады.

Таңдау курстарының мақсаттарын келесідей тұжырымдауға болады:

1) оқушылардың заманауи кәсіптерге бейімделуі үшін база құру;

2) кең таралған кәсіптерге сәйкес келетін қызметтің типтік түрлерінің ерекшелігімен практикада танысу;

3) қандай да бір пәнге деген мотивациясын көрсету.

Бейін алды даярлау бойынша пәнаралық курстар үшін оқу материалдары

ретінде ғылыми-танымдық әдебиеттер, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламалары, Интернет және т.б. қолданылады.

Таңдау курстарының айрықша ерекшеліктері олардың стандартты еместігі, вариативтілігі (түрленуі) және қысқа мерзімділігі болып табылады. Таңдау бойынша курстың вариативтілігінің ерекшелігі бейін алды даярлық алдында нақты бір бейінді таңдаған немесе керісінше әлі таңдау үстіндегі оқушы мазмұны мен саны жағынан өте көп түрлі таңдау бойынша курстарды меңгеруде өз күшін сынап көруі тиіс. Мазмұны, ұйымдастырылуы және өткізілу технологиясы бойынша бір-бірінен ерекшеленетін көптеген курстардың болуы алдын-ала тиімді оқытудың маңызды педагогикалық шарттарының бірі болып табылады.

Таңдау бойынша курстар келесі талаптарға сай болуы керек:

- оқушыға нақты таңдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін санымен ұсынылуы тиіс;

- білім беру перспективасы тұрғысынан оқушыға әлеуетін бағалауға көмек беруі тиіс («Әлеуметтік-гуманитарлық бағытқа математикадан үштік алуыма байланысты емес болашақта юрист немесе журналист мамандығын таңдағандықтан барамын»);

- таңдауды жоспарлап отырған бейін бойынша оқуда оң мотивацияны құруға ықпал ету, «Мен осымен айналыса алам ба, маған осы керек пе?» деген сұраққа жауап бере алуы керек. Ал курстың жаңа мазмұнмен шектен тыс жүктеуі осы сұрақтарға жауап беруіне қиындық туғызуы мүмкін.

Мазмұнды таңдай отырып, мұғалім келесі сұрақтарға жауап беруі тиіс:

- жоғары сыныпта дұрыс бейіндік таңдау жасау үшін, осы курс оқушыға несімен пайдалы?;

- орта мектептің үшінші сатысында бейіндік оқу барысында рөлі арта түсетін заманауи білім технологияларын қолдану тиімді болып табылады;

- осы немесе оған жақын пәндер бойынша базалық курсты жүзеге асыратын басқа мұғалімнің бейіналды курстарын оқыту мүмкіндігін пайдаланған жөн;

- курстар оқушыны белгілі бір таңдау жасаған жағдайда (тарихшы, филолог, физик және т.б.), яғни оқушының кәсіби қызмет саласын таңдауына әсер ететін жетекші болатын қызмет түрлерінің ерекшеліктерімен таныстыруы тиіс. Олар осы бейін үшін жетекші қызмет түрлері бойынша сынамаларды қамтуы тиіс (осы бейіннің ерекшелігін қызмет арқылы көрсету үшін – мәтіндермен жұмыс істеу, дереккөздерді талдау, құқықтық құжаттарды пайдалану және т. б.

Таңдау бойынша курстар мүмкін болса, бір әдістемеге негізделуі керек. Бұл мұғалімнің ақпаратқа монополиясын жояды.

Бейін алды дайындық үшін таңдау курстары базалық курсты қайталамауы тиіс. **Олар оқушыны емтихан тапсыруы үшін емес, жоғары сыныпта нәтижелі оқуға дайындауы тиіс.**

2. Элективті курстардың сипаттамасы

Элективті курстар оқушылардың бейіні мен кәсіби өзін-өзі анықтауын қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымы шешім қабылдайды және оқушыларға

элективті курстарды таңдауға мүмкіндік береді.

Элективті курстардың көптеген функциялары мен міндеттері бар:

- бейінді оқу пәндерінің бірін, оның тарауын жоғары деңгейде меңгеруін қамтамасыз етеді (мысалы, әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша орыс тілінен элективті курс “Іскерлік қарым-қатынас”);

- пәнаралық негізде өзара байланысы бар оқу пәндерін меңгеруге қызмет етеді (мысалы, “Математикалық статистика, “Компьютерлік графика”, “Өнер тарихы”);

- бірнеше базалық оқу пәндердің бірін меңгеруде жоғары деңгейді қамтамасыз етеді (мысалы, орыс тілінен электив “Түрлі стиль мен жанрдағы функционалдық-мағыналық мәтіндер құру”);

- практикалық маңызы бар тапсырмаларды шешу үшін қызметтің дағдылары мен әдістерін қалыптастыруға көмектеседі;

- кәсіптік бағдар бойынша жұмыстың үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

- өмірлік жолын таңдауды жүзеге асыратын мүмкіндіктер мен тәсілдердің қалыптасуына ықпал етеді;

- өмірлік маңызы бар мәселелерді шешуге, танымдық қызығушылығын қанағаттандыруға себеп етеді;

- еңбек нарығында үздік жетістіктерге жету үшін, оқушылардың білім нәтижелерін меңгеруге ықпал етеді (мысалы, элективтер “Іс жүргізу”, “Бухгалтерлік есеп негіздері”, “Іскерлік ағылшын тілі”, «Әртүрлі кәсіптік қызметтегі бағдарламалық қамтамасыз ету”).

Оқушы курсты өз бетінше таңдайды. Элективті курстың немесе таңдау бойынша курстың мазмұнын іріктеу арқылы мұғалім келесі сұрақтарға жауап беруі тиіс:

1. Бейін алды даярлық мәселелерін *қандай мазмұндағы материалдар және жұмыс түрлері арқылы* мен толық жүзеге асыра аламын? (оқушыға бейінді таңдауға көмектесу, оның бұрынғы дайындығының орынын толтыру, осы бейіндік іс-әрекеттерге тән көрсету, оқушыға өзін көрсетуге және табысқа жетуге мүмкіндік береді).

2. Курс мазмұнының базалық курстан *қандай сапалы ерекшелігі бар*? (ол тіпті базалық курста мүлдем көрсетілмеген, ол “кездейсоқ” ұсынылған, ол туралы тек ескеріледі, ол бір жақты ұсынылған, басқа көзқарастар көрсетілмеген т.б.)

3. Аталған курс қандай оқу және қосымша материалдармен қамтамасыз етілген? (кітапхана қоры, хрестоматиялар, жинақтар, дидактикалық материалдар т.б.)

4. Қандай *жұмыс түрлері* (бейіндік – және кәсіби бағдарланған) аталған мазмұнда жұмыс жасауға мүмкін? (Мысалы, талдау әдісін пайдалану; химиялық тәжірибе өткізу; топпен, жеке, жұппен жұмыс; логикалық пікірталас; өткен материал бойынша резюме құрастыру).

5. Аталған курс жұмысында оқушының *өз бетімен жұмысының үлесі* қандай? (зерттеу нысаны; есеп жұмыстарының түрлері (реферат, мақала жазу, презентация)?

6. Аталған курсты зерттеу барысында педагог пен оқушыға түсінікті

қандай *өлшемдер* жетістікті бағалауға мүмкіндік береді? (сабақ үстінде белсенділікті бақылау; оқушылармен, ата-аналармен әңгімелесу; оқушылардың талдау жұмыстары; тестілеу)

7. Курсқа, болашақ бейінге деген *қызығушылық динамикасы* жұмыс барысында қалай анықталады (алғашқы және соңғы сабақта анкета алу. Міндетті жұмыстарды орындаған сайын жұмыс барысында әңгімелесу)?

8. Оқушыға арналған курс қалай аяқталады*, есеп беру формасы* қандай?

Осы сұрақтарға жауап бере отырып, мұғалім бағдарламаға түсіндірме жазба құрастыруға дайындалады.

Бағдарлама құрылымы бірнеше компоненттерден тұрады:

1.оқу-тақырыптық жоспар

2.ОӘК және басқа да тірек оқу құралдарының тізілімі

3.әдебиеттер тізілімі және библиография;

4.түсіндірме жазба;

5.жүзеге асырылатын формалар мен қолданылатын технологиялар түрлерінің тізілімі.

Бағдарлама:

1. бейіндік мектептің тұжырымдамасына сәйкес келуі;
2. практикалық бағыты болуы;
3. оқу материалының құрылымы мен ұсыну логикасы болуы;
4. мазмұны бойынша дұрыс байланысуы және құрылымдалуы;
5. уақыт пен ресурстарды жұмсауда шынайы болуы;
6. оқушыларға білім алуды жалғастыру үшін саналы және объективті түрде таңдау жасауға мүмкіндік беретін оқытудың белсенді әдістерін қамтуы;
7. белгілі бір дәрежедегі жаңалықтың болуы;
8. жалпы оқу және пәндік біліктер мен дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін мазмұнды жалпылаудың қандай да бір дәрежесіне ие болуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген талаптарға сүйене отырып, бағдарламаны жазу алгоритмі құрастырылды:

1) Курстың атауы тартымды болуы керек. Ол бір жағынан мектептікіне ұқсамау керек, ал екінші жағынан курсқа қатысатын оқушылардың курс барысында немен айналысатындығын көрсетуі тиіс. Мысалы: «Астрономия» - «Жұлдызды әліппе», «Журналистика»-«Қалам үлгісі».

2) Түсіндірме жазбада:

- элективті курстың түрі (пәндік-бағдарлы,пәнаралық),
- ұзақтығы мен апта сағаттарының саны,
- курс мақсаттарын тұжырымдау,
- курс түрі мен оның функцияларын есепке ала отырып курстың міндеттері,
- мұғалімнің пайдаланатын технологиялары,
- оқушыларға ұсынылатын қызмет түрлері,
- аталған курсты оқу барысында табыстылығын бағалауға мүмкіндік беретін критериилер,
- ықтималды әлеуметтік сынақтар және күтілетін нәтиже.

3) Бағдарламаның мазмұны (зертханалық және практикалық

жұмыстарды қоса).

4) Тақырыптық жоспарлау (оқушылардың теориялық және практикалық сабақтарын, күтілетін іс-әрекеттерін көрсетеді).

5) Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

6) Қосымша.

Элективті курстар мектепте вариативті компонентке берілген уақыт арқылы жүзеге асырылады. Элективті курстарды мектеп бағдарламасына енгізе отырып, бұл жерде оның бағдарламалары мен оқу құралдары туралы ғана емес, осы курстарды оқытуда қажетті барлық әдістемелік жүйені ескеру қажет. Сондықтан да элективті курстарға бөлінген уақыт шеңберінде жекелеген профильдердің үлгілік оқу жоспарларында, белсенді білім беру технологияларына жүгінуге сағаттар қарастырылған.

Элективті курстар міндеттерінің күрделілігі мен көптүрлілігі қатаң түрде бекітілген тұжырымдамалық негізде (яғни өз бетімен емес, іс жүзінде бекітілген) бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесін құру қажеттілігін талап етеді. Ол үшін кез келген элективті курс немесе таңдау курсы оқу-әдістемелік жинақпен бекітілуі тиіс.

Элективті курс бойынша оқу-әдістемелік жинаққа:

- курстың бағдарламасы;
- оқу, әдістемелік құралдар (мұғалімге, оқушыға арналған әдебиеттер, қосымша әдебиеттер, электронды басылымдар. Интернет-ресурстар);
- оқушының дәрістері, семинарлары, өзіндік жұмыстары үшін ақпараттық материалдар мәтіндері;
- өзіндік жұмысы үшін тапсырмалар каталогы және оны орындауға арналған әдістемелік нұсқаулықтар;
- жеке және сараланған тапсырмалар, соның ішінде тест түріндегі тапсырмалар;
- оқу тәжірибе бағдарламалары және оны өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулықтар;
- зерттеу жұмыстары мен жобалардың тақырыптары;
- жобалық және зерттеу қызметінің бағдарламалары және оларды ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар;
- жобалық және зерттеу жұмыстарының үлгілері.

11 КЕШКІ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кешкі (ауысымды) мектеп Қазақстан Республикасының азаматтарына, сондай-ақ жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін шетел азаматтарына (Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде) негізгі орта және жалпы орта білім алуға мүмкіндік береді (ҚР «Білім туралы» Заңы, 3-бап, 1-тармақ, 1-тармақша).1,3, 47-құжат, 1-т.; «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру. 4-тарау, 41-тармақ) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығы.

Отформатировано: Шрифт: 14 пт, полужирный

Назар аударыңыз!

Кешкі мектепте және күндізгі жалпы білім беретін мектептерде кешкі бөлімде оқыту:

- күндізгі;
- сырттай;
- күндізгі-сырттай;
- ҚР «Білім туралы» Заңының 27 бабына сәйкес сырттай жеке оқу түрі бойынша іске асырылады.

Білім беру мазмұнын жаңартуға сәйкес кешкі мектептерге арналған үлгілік оқу жоспарлары әзірленді және бекітілді (2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрық 51-56 қосымша).

Жаңартылған мазмұн бағдарламасы бойынша оқуға өткен сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критериалды бағалау жүйесі бойынша жүзеге асырылады.

Отандық білім беруді жаңғырту, орта білім берудің ұлттық моделін құру, білім беру парадигмасын іскерлікке айналдыру, мектеп білімінің мазмұнын түбегейлі өзгерту және жаңарту, бірінші кезекте, сапалы білім алуда барлық

азаматтар үшін тең мүмкіндіктер беруге және қоғамда табысты әлеуметтендіру қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Алайда қазіргі уақытқа дейін білім беру процесінен тыс әртүрлі себептермен қалған азаматтар санаты бар. Мұндай адамдарды оқуға тарту, біздің мемлекет азаматтарының жалпы білім беру деңгейін арттыру мақсатында елімізде негізгі контингенті 14 жастан бастап жұмыс істейтін ересек адамдар мен жасөспірімдер болып табылатын, күрделі жағдайға тап болған, осыған байланысты күндізгі жалпы білім беретін мектептерде білім алмаған кешкі мектептер жұмыс істейді.

Кешкі мектептердегі білім беру үдерісі білім беру деңгейіне сәйкес жүзеге асырылады:

1) негізгі орта білім (игеру мерзімі-3 жыл: 7, 8, 9-сыныптар);

2) жалпы орта білім беру (игеру мерзімі - 2 жыл: 10, 11 (12)-сыныптар).

3) Жеке оқу түрі (меңгеру мерзімі – жеделдетілген, оқу жылында 2-сыныптан).

Жаңартылған білім беру мазмұнының үлгілік оқу жоспары бойынша білім алушыларды сыныптан сыныпқа ауыстыру БЖБ және ТЖБ нәтижелері бойынша жүзеге асырылады; 9 және 11-сыныптарда Үлгілік қағидаларға сәйкес қорытынды аттестаттау жүргізіледі.

Оқытудың барлық түрлері бір оқу орнының шегінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Оқытудың жеке формасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 18 қазанда № 8827 тіркелген, 45, 50-тармақтар); жеке, күндізгі және сырттай оқу нысандары бар топтардағы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің типтік оқу жоспарларына (жаңартылған мазмұн) сәйкес жүзеге асырылады.

Сабақ кестеге сәйкес аптасына 4 күн өткізіледі. Сырттай оқытудың жеке топтары толымдығымен ашылады (ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығына сәйкес 1-ден 8 адамға дейін (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2013 жылғы 18 қазанда № 8827 болып тіркелген).

Оқытудың жеке түрі бар топтарға өмірлік қиын жағдайға тап болған 14 жастан бастап білім оқушылар қабылданады.

Білім беру үдерісінде оқытудың жеке нысанын енгізу және пайдалану «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы «ҚР БҒМ 08.11.2012 жылғы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ №441 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. 04.09.2018 ж. 55-56;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығымен бекітілген оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына және жергілікті нормативтік актілер шеңберінде – білім беру ұйымы ішінде, сондай-ақ өңірлік нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

4) қашықтықтан оқыту нысаны (меңгеру мерзімі – 2 жыл:

10-11-сыныптар).

Қашықтан оқыту арқылы кешкі мектеп оқушыларының толыққанды білім алуына жағдай жасау Үлгілік ережелердің 16-тармағы мен 18-тармағына сәйкес жүзеге асырылады, мұнда оқушылардың оқу-танымдық қызметі мектептің пән мұғалімдерінің қашықтықтан қолдауымен өтеді.

Білім беру үдерісінде қашықтықтан оқытуды енгізу және пайдалану ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығымен бекітілген қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелеріне және жергілікті нормативтік актілер аясында – білім беру ұйымы ішінде, сондай-ақ өңірлік нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Шешу жолдары, құжат нысаны (ереже, бұйрық, өкім, шарт және т.б.) т. сәйкес жасалады. *16 және 18 типтік ережелер.*

Кешкі мектепте қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру қажетті ресурстармен қамтамасыз етуді және нақты уақыт режимінде және бос уақыт кеңістігінде сабақ өткізу үшін жағдай жасауды талап етеді. Білім беру ортасын ұйымдастырудағы басты шарттардың бірі әрбір білім алушы үшін оның қол жетімділігінің өлшемі болып табылады.

Мектеп әкімшілігі оқу жылының басында оқу жылына арналған бірыңғай оқу жоспарын құрайды. Оқу жоспарына сәйкес мектеп сабақ кестесін құрастырады және каникулдық кезеңде қашықтықтан онлайн-сабақтар өткізеді.

Барлық қажетті материалдар білім беру ұйымының сайтында орналастырылады. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру барысында білім беру ұйымдарының желілік өзара іс-қимылы білім алушыға МЖМБС сәйкес белгілі бір деңгейдегі білім беру бағдарламасын меңгеруге мүмкіндік беретін кешкі мектептердің бірлескен қызметін білдіреді.

Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану кешкі мектептерге білім беру бағдарламаларын игерудің түрлі нысандарын, сондай-ақ білім алушылардың жеке білім беру стратегиясын құрудың түрлі конфигурациялары бойынша оқу жоспарларын қалыптастыруға мүмкіндік береді: оқу бағдарламаларын қадамдық немесе модульдік меңгеру мүмкін.

Мектеп негізгі жалпы білім беретін пәндерді толық көлемде зерделеуді және оқытудың вариативті мазмұнының (элективті курстар) бөлігін қамтамасыз етуі тиіс.

(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, 4-тарау, 63-тармақ).

ҚР Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары:

1) Оқыту қазақ тілінде жүгізілетін кешкі мектептерге арналған негізгі орта, жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары (күндізгі оқу бөлімі), 7-11 сыныптар;

2) Оқыту орыс тілінде жүгізілетін кешкі мектептерге арналған негізгі орта, жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары: (күндізгі оқу бөлімі), 7-11 сыныптар;

3) Оқыту қазақ тілінде жүгізілетін кешкі мектептерге арналған негізгі орта, жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары: (сырттай оқу бөлімі), 9-11 сыныптар;

4) Оқыту орыс тілінде жүгізілетін кешкі мектептерге арналған негізгі орта, жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары: (сырттай оқу бөлімі), 9-11 сыныптар;

5) Оқыту қазақ тілінде жүгізілетін кешкі мектептер үшін бастауыш, негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) жеке сабақтарының үлгілік оқу жоспары: (сырттай оқу бөлімі), 1-6 сыныптар;

6) Оқыту орыс тілінде жүгізілетін кешкі мектептер үшін бастауыш, негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) жеке сабақтарының үлгілік оқу жоспары: (сырттай оқу бөлімі), 1-6 сыныптар.

Оқытудың қалған түрлері үшін тиісті үлгілік оқу жоспарлары негізінде күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды пайдалану ұсынылады. Оларды пән мұғалімі құрастырады.

Кешкі мектепте оқу үдерісін ұйымдастыру білім алушылар контингентінің ерекшелігін ескереді. Көптеген оқушылар оқудағы үзіліс салдарынан жаңа оқу материалын түсіну және бекіту үшін қажетті тірек білімдер мен дағдыларды жоғалтады, ал біреу оларды күндізгі мектепте оқу барысында ала алмайды. Кешкі мектептің педагогикалық ұжымының маңызды міндеті - осындай олқылықтарды анықтау және жою, білімді қалпына келтіру және тәуелсіз бағалау жағдайында өтетін оқу материалдарын меңгеру және мемлекеттік (қорытынды) аттестаттауға дайындау үшін берік база құру. Бірақ алғашқы міндеттердің бірі - білім алушы үшін оқу алдындағы қорқыныштан құтылуға көмектесетін, сондай-ақ тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін жағдайлар жасау.

Күндізгі жалпы білім беретін мектептер жанындағы кешкі және кешкі мектептерде оқыту күндізгі, сырттай, күндізгі-сырттай және сырттай Жеке оқу түрлері бойынша жүзеге асырылады (ҚР "Білім туралы" Заңы, 27 бап). Оқытудың барлық түрлері бір білім беру ұйымының шегінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Кешкі мектеп оқушыларын оқыту күндізгі және кешкі уақытта күндізгі, сондай-ақ сырттай, күндізгі-сырттай және сырттай Жеке оқу түрлері бойынша жүргізіледі (1998 жылғы 17 қарашадағы 565 бұйрық).

Күндізгі оқу бөлімі бар сыныптарда оқу процесінің ерекшеліктері.

Кешкі мектеп оқушылардың күрделі контингентімен ерекшеленеді: ол жасы, оқу және оқыту деңгейі, әлеуметтік және отбасылық жағдайы, мектептен тыс жұмыспен қамту дәрежесі мен сипаты, қабылдау, есте сақтау, назар аудару, мотивация сипаттамасы және басқа да белгілері бойынша бірдей емес.

Күндізгі оқу бөлімінің сабақтары жалпы білім беретін мектептердегідей жүргізіледі.

Күндізгі оқу бөлімі бар кешкі мектептерде оқушылармен фронталды жұмыс түрімен қатар топтық және жеке жұмыс түрлері де қолданылады. Кешкі мектептегі сабақтар топтық немесе жеке сабақтар түрінде консультациялармен толықтырылады.

Сырттай оқу түріндегі оқу процесінің ерекшеліктері

Кешкі мектепте сырттай оқу түрі күндізгі оқу түрінен көбінесе оқушылардың өздігінен білім алуымен ерекшеленеді. Сырттай оқу орындарының өзіндік жұмысының топтық және жеке консультацияларға жүйелі түрде қатысумен үйлесуі кешкі мектепте сырттай оқытуды ұйымдастырудың маңызды принциптерінің бірі болып табылады.

Сырттай оқитын балалардың үй жұмысы - бұл оқу сабақтарының негізгі түрі; ол топтық және жеке консультациялармен, сондай-ақ сынақтармен тығыз байланысты.

Сырттай оқу процесі мұғалім тарапынан белсенді педагогикалық басшылықты көздейді, ол сырттай оқу жұмысының топтық және жеке консультациялар, сондай-ақ сынақтар жүйесімен тығыз өзара байланысын қамтамасыз етуі тиіс.

Топтық консультацияларда мұғалім тораптық, неғұрлым күрделі тақырыптарды, себеп-салдарлық байланыстар мен заңдарды ашады, теориялық материалды зерттеу және танымдық есептерді шешу тәсілдерін түсіндіреді, теориялық материалды түсіндіру мен практикалық сипаттағы ұсынымдар арасындағы ұтымды қатынасты анықтайды және іске асырады, оқытудың әрбір кезеңінде бағдарламалық материалдың сипатына, білім беру-тәрбиелік міндеттері мен оқушылардың білім, іскерліктері мен дағдыларының деңгейіне байланысты үй тапсырмаларының көлемі мен күрделілігін белгілейді.

Кешкі мектепте білімнің қорытынды кесіндісінің әртүрлі формалары ерекше рөл атқарады, ол жекелеген тақырыптарды, бөлімдерді зерттеу соңында өткізілуі мүмкін. Бұл - бақылау жұмыстары, сынақтар, емтихандар.

Сынақтар дәлелді себептермен сабақты босататын оқушылар, сондай-ақ қосымша сабақтарды қажет ететін оқушылар үшін өте маңызды.

Сынақты тапсыру ағымдағы есепке қарағанда оқушылардың білімі мен іскерлігін объективті және жан-жақты тексеруге және бағалауға мүмкіндік береді.

Сынақтар ауызша түрде, тестілеу түрінде, жобалау, зерттеу, бақылау, зертханалық, практикалық жұмыстар түрінде тапсырылуы мүмкін.

Сырттай оқу түрі бар сыныптарда сынақтар өткен материалдар бойынша келесі пәндер бойынша тапсырылады: «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Математика», «Тарих», «Құқық негіздері», «География», «Биология», «Физика», «Химия».

Кешкі (ауысымды) мектептің ерекшелігі мектеп жұмысының белгілі бір тәртібін талап етеді. Кешкі мектепте сабақтар үш күн бойы өткізіледі, консультациялар, сынақтар, вариативтік бөлім пәндері жеке кестеге және осы мақсатқа қатаң бөлінген жеке күндерге шығарылады.

Кешкі мектепте «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндерін оқу қарастырылмаған.

Күндізгі оқу түрі бар сыныптың толымдылығы 20 адамды құрайды, сырттай оқу түрі бар 9 адамнан кем емес, оқытудың жеке түрі бар сырттай оқу топтарында сыныптың толымдылығы 1 ден 8 адамға дейін құрайды (*ҚР*

БҒМ 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 «жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, 4-тарау, 4-тармақ, 49,55).

Ерекше жағдайлар туындаған жағдайда (ауру, мүгедектік, декреттік демалыс, 3 жасқа дейінгі баланы күту, отбасындағы жалғыз асыраушы) және қойылатын талаптарға сәйкес келетін жағдайларда кешкі мектепте қашықтықтан оқыту технологиясын жүзеге асыруға болады.

Сырттай немесе кешкі оқу сабақтарын ұйымдастырудың сессиялық режимі кезінде сессия уақытын мектептің педагогикалық кеңесі анықтайды (*ҚР БҒМ 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру*) түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, 4-тарау, 68-тармақ).

Негізгі орта және жалпы орта білім беру курсы үшін бағдарламаны игеру бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады. Кешкі мектеп түлектеріне олар қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін тиісті білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

Кешкі мектепте күндізгі оқу түрі бойынша оқу жылының ұзақтығы - 34 аптаны, сырттай оқу түрі бойынша – 36 аптаны құрайды.

Күндізгі оқу түрі бойынша оқитын оқушыларды аттестаттау тоқсан бойынша, сырттай оқу түрі бойынша оқитын оқушыларды аттестаттау жарты жылдық бойынша жүргізіледі.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті», орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шет тілі/ағылшын тілі», «Информатика» сияқты пәндерді оқу кезінде кіші топтарға бөлу күндізгі оқу түрі сыныптарда ғана, яғни сынып 20 адамға толғанда жүзеге асырылуы мүмкін (ҚР БҒМ 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 «жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы).

Кешкі мектеп жылдық күнтізбелік оқу кестесін айқындауда, білім алушыларды бағалау жүйесін, аттестаттау тәртібі мен мерзімділігін таңдауда дербес болады (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығы, 4-тарау, 65-тармақ*).

Назар аударыңыз!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы №540 бұйрығы.

Экстернат нысанында оқыту қағидалары негізгі орта және жалпы орта білім

беру ұйымдарында экстернат нысанында оқыту тәртібін айқындайды:
1. Экстернат нысанында оқытуды әрбір жалпы білім беретін мектепте бөлек ұйымдастыру ұсынылады.
2. Ережелерде көрсетілген санаттарға сәйкес мектепке экстерн қабылдау ұсынылады. Қандай да бір шектеулердің жоқтығына қарамастан, барлық білім алушылар экстернат арқылы білім ала алмайды(ережелерді қараңыз). Бірінші кезекте бұл оқытудың осы түрінің ерекшелігіне байланысты.
3. Осы оқу нысанын іске асыратын әрбір жалпы білім беретін мектепте экстернмен жеке жұмыс жоспары құрастырылуы тиіс.
4. Ережеге сәйкес экстернат нысанында оқыту барлық оқу кезеңінде «4» және «5» бағалары бар білім алушыларға ұсынылады.
5. Осы оқушылармен жұмыс жоспарын жасау кезінде олардың әрқайсысының экстернат түрінде оқуға көшу себептерін ескеру ұсынылады.
6. Экстерннің мұғалім тарапынан бақылануы жоқ, оның білім сапасы аралық және қорытынды аттестаттау кезінде ғана тексеріледі, сондықтан оқу бағдарламасында қарастырылған барлық тақырыптарды білу тексерілетін бақылау жүргізу ұсынылады.
7. Экстерннің мұғалімнің толыққанды көмегін алуы үшін көп көлемде жеке кеңес беру ұсынылады.
8. Экстернді өз бетінше оқыту барысында қажетті көлемде практикалық дағдыларды алмауы мүмкін. Сондықтан, экстернге практикалық дағдыларды алу үшін тәжірибелік және зертханалық сабақтарға, мектептің медиа-кабинеттеріне баруға мүмкіндік беру ұсынылады.
Академия сайтында www.nao.kz негізгі және жалпы орта білім беруді ұйымдастыру үшін экстернат нысанында оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар қолжетімді.
Кешкі мектептерге арналған, үйде оқитын және уақытша білім беру ұйымынан тыс білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарлары Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған.

12 ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру еліміздің білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Сапалы білім алуға қол жеткізу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен барлық білім алушыларға, жеке мүмкіндіктеріне қарамастан, ерекше білім беру қажеттілігінің (ЕБҚ) әртүрлілігін ескере отырып кепілдік берілген. ЕБҚ бар азаматтардың сапалы оқытуға тең қол жеткізуге жағдайларын жасау болашақта үлкен артықшылықтарға ие. Бұл, ең алдымен, табысты әлеуметтік бейімдеу және өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігі. Инклюзивтік ортада білім ала отырып, ЕБҚ бар балалар ашық болуға, өмірлік қажетті коммуникация дағдыларын, қоршаған адамдармен өзара іс-әрекет жасауға үйренеді. Ерте әлеуметтік инклюзия болашақта заманауи өмірге бейімделе алатынына сенімділіктің кепілі болып табылады.

Қазақстан Республикасының саясаты барлық азаматтардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени мәртебесіне қарамастан сапалы білім алу құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған. Мемлекет басшысының «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз»,-деп атап көрсетілді.

Инклюзивті білім беру әрбір адамның қандай да бір кемсіту білім алу құқығын жүзеге асырудың дамыған халықаралық қоғамдастықта танылған құралы, сондай-ақ, әлемнің көптеген елдерінде білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыты болып табылады.

Білім беруді дамыту саласындағы мемлекеттің маңызды міндеті әрбір баланың сапалы білімге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады.

Әрбір педагогикалық ұжым жоғары инклюзивті мәдениетті қалыптастыру жолында инклюзивті білім беру принциптерін жүзеге асырудың күнделікті тәжірибесі мінез-құлықтың әдеттегі схемасына айналуына ұмтылуы тиіс. Білімнің базалық негізі инклюзивті білім беруді нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді білуі тиіс. Білім беру ұйымдарының басшылығы қызметтін жоспарлау кезінде білім беру процесінің барлық қатысушыларын халықаралық

және отандық деңгейде инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік құқықтық құжаттармен ақпараттандыру мәселелерін ескеруі қажет.

125–кесте. Инклюзивті білім беру шеңберіндегі нормативтік құқықтық актілер, Халықаралық құжаттар

«Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» БҰҰ Конвенциясы (1960 ж.)	Негізгі идея: білім берудің жалпыға қол жетімділігіне және оқыту сапасына қатысты тең жағдайларға құқық. 2016 жылғы қаңтарда ҚР Үкіметі бекіткен.
«Бала құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы (1989 ж.)	Негізгі идея: қандай да бір кемсітусіз тегін және міндетті білім алу құқығы. 1994 жылғы маусымда ҚР Үкіметі бекіткен.
«Барлығы үшін білім беру» Декларациясы (1990 ж.)	Негізгі идея: барлық адамдарға – балаларға, жастарға, ересектерге – олардың базалық білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған білім алуға мүмкіндік беріледі.
«Ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың білім беру саласындағы ұстанымдары, саясаты және практикалық іс-әрекеттері туралы» Саламанка декларациясы. **Саламанка, Испания, 1994 ж.**	Негізгі идеялар: білім беру саласында ерекше қажеттілігі бар тұлғалар педагогикалық әдістер негізінде оларға жағдай жасауы тиіс, кәдімгі мектептерде оқуға қол жеткізуі тиіс.
Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция (2006 ж.). Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттамаға қол қою туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 желтоқсандағы № 711 Жарлығы	24-баптың негізгі идеялары: 1. Білім алу құқығын кемсітусіз және мүмкіндіктер теңдігі негізінде іске асыру мақсатында барлық деңгейлерде инклюзивті білім беру және өмір бойы оқыту қамтамасыз етіледі, бұл ретте: a) адами әлеуетін, сондай-ақ қадір-қасиеті мен өзін-өзі құрметтеу сезімдерін толық дамытуға және адам құқықтарын, негізгі бостандықтарын және адами алуан түрлілікті құрметтеуді күшейтуге; b) мүгедектердің жеке тұлғасын, талантын және шығармашылығын, сондай-ақ олардың ақыл-ой мен дене қабілеттерін толық көлемде дамытуға; c) мүгедектерге еркін қоғам өміріне тиімді қатысу мүмкіндігін беруге ұмтылады. 2. Бұл құқықты жүзеге асыру кезінде мемлекеттер: a) мүгедектердің жалпы білім беру жүйесінен, ал мүгедек балалар – тегін және міндетті бастауыш және орта білім беру жүйесінен мүгедектігі себепті шығып қалмауын; b) мүгедектердің өздерінің тұратын жерлерінде инклюзивті, сапалы әрі тегін бастауыш және орта білім беруге басқалармен теңдей дәрежеде қол жеткізуін; c) жеке қажеттіліктерді ескеретін ақылға

	қонымды құрылғымен қамтамасыз етілуін; d) мүгедектерді тиімді оқытуды жеңілдету үшін оларды жалпы білім беру жүйесінің ішінде қажетті қолдауға ие болуын; е) білімді игеру мен әлеуметтік дамуға барынша жағдай жасайтын ахуалда, соған сай толық қамту мақсатындағы жеке қолдауды ұйымдастыру жөніндегі тиімді шаралар қабылдануын қамтамасыз етеді. ҚР Үкіметі 2015 жылы бекіткен

126 – кесте. Қазақстан Республикасының құжаттары

Қазақстан Республикасының Конституциясы (Республикалық референдумда қабылданды 30.08.1995 ж.)	30-бап. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті.
«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы	15-бап. Баланың білім алуға құқығы 1. Әрбір баланың білім алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес оған тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім және конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуға кепілдік беріледі. 3. Арнаулы педагогикалық тәрбиені қажет ететін кемтар балаларға мемлекеттік бюджеттен белгіленген стандарттар деңгейінде олардың білім алуына кепілдік беретін қосымша қаражат береді.
«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы	15-бап. Кемтар балалардың құқықтары 5) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қорытындысына сәйкес арнаулы білім беру ұйымдарында немесе мемлекеттік жалпы білім беретін оқу орындарында тегін мектепалды және жалпы орта білім алуға;
«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39-III Заңы.	29-бап. Мүгедектерге білім алуы және мектепке дейінгі тәрбие алуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету 1. Мүгедектерге тегін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуға кепілдік беріледі. 2. Бірінші және екінші топтардағы мүгедектер мен мүгедек балалар үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді. 3. Мемлекеттік білім беру гранттарын бюджеттік қаржыландыру арқылы тегін

	мемлекеттік білім алуға арналған конкурсқа қатысқан кезде көрсеткіштері бірдей болған жағдайда медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуына болатын бірінші және екінші топтардағы мүгедектердің, бала кезінен мүгедектердің, мүгедек балалардың басым құқығы бар.
«Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 114-IV Заңы.	Заң өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға (отбасыларға) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді. Арнаулы әлеуметтік қызметтер - өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін және оның қоғам өміріне қатысуына басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызметтер кешені; 1. Адам (отбасы) мынадай негіздер бойынша өмірлік қиын жағдайда жүр деп танылуы мүмкін: 1) жетімдік; 2) ата-ана қамқорлығының болмауы; 3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девиантты мінез-құлық; 4) кәмелетке толмағандардың арнаулы білім беру ұйымдарында, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуы; 5) туғаннан бастап үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық даму мүмкіндіктерінің шектелуі; 6) дене бітімі және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы; 7) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі; 8) жасының егде тартуына байланысты, бұрынғы ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы; 9) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қарау; 10) баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);
«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы (01.01.2019 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар 7-4) білім алу үшін арнайы жағдайлар – ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілігін, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын

	жағдайлар; 19-3) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар; 8-бап. Білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер 2. Мемлекет Қазақстан Республикасы азаматтарының тегін мектепалды, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуын, техникалық және кәсіптік білім алуын... Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді. 49-бап. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері 1. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің: 1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға; 4) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға; 5) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар
«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысы.	Білім беру ұйымдарының барлық түрлері бойынша, барлық білім беру ұйымдары үшін ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің Штаттары көзделген
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Нормативтік-құқықтық құжаттары	
«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.	Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары; 5. Жеке тұлғаның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларының мазмұнына, білім алудың қолжетімділігіне жағдайлар жасалуына қарай барлық деңгейлерде оқыту күндізгі, сырттай, кешкі, экстернат және ерекше білім беру

	қажеттілігі бар адамдар (балалар) үшін қашықтықтан оқыту нысандарында жүзеге асырылады 6. Мемлекет инклюзивті білім беру мақсаттарын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейлерінде ерекше білім беру қажеттілігі бар азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді. 7. Денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт білім беру ұйымдарына бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе тиісті үлгілік оқу жоспарларына сәйкес стационарлық көмек көрсететін, сондай-ақ қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту ұйымдарында тегін жеке оқыту ұйымдастырылады. 25. Білім беру ұйымдарында білім алушылардың заңды өкілдерінің мүдделерін ескере отырып, білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларды инклюзивтік білім беру жағдайларында оқыту (бір сыныпта білім алуға ерекше қажеттілігі бар кемінде екі баланың оқуына рұқсат етіледі) және (немесе) дамудағы бұзылулардың түрлері бойынша арнайы сыныптарды ашу көзделген. Инклюзивті білім беру жағдайларында білім алатын білім алуға ерекше қажеттілігі бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы және ұсынымдары бойынша үлгілік оқу немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша оқиды. Инклюзивті білім беру жағдайларында және (немесе) арнайы сыныптарда білім алатын білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін түзету сабақтарын арнайы педагогтар (дефектолог олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, логопед) жүргізеді.
«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым минстрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы	Осы бұйрыққа сәйкес білім беру ұйымдарының барлық санаттағы балалар (ЕБҚ) үшін білім беру ұйымдарында түзету-дамыту ортасын құру үшін жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етіледі. Компьютерлік түзету-дамыту ойындары мен бағдарламалары дамуында кемістігі бар балалардың даму ерекшеліктерін ескеруі және осындай балаларға қажетті арнайы қадамдық дамытушы оқытуға бағытталуы тиіс. Олар бір немесе бірнеше мақсаттарды ойын процесінде жетістікті біріктіруі керек: көру қабілетін түзету; есту қабылдауын дамыту; оқушының қабылдауын, зейінін, есте

	қалуын түзету; ойлау операцияларын дамыту; ауызша және жазбаша сөйлеудің әртүрлі жақтарын түзету және дамыту; оқу жетістіктерін бекіту, әлеуметтік дағдыларды дамыту.
«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығы	Білім алушылардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында білім беру ұйымдары ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады
«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығы	Білім беру ұйымдары осы бұйрықтың негізінде педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының бекітілген үлгілік біліктілік сипаттамаларын ескере отырып, педагог кадрларға қажеттілікті қанағаттандырады. Олар білім беру ұйымдарының меншігіне, ведомстволық бағыныстылығы мен ұйымдастыру-құқық нысанына қарамастан мыналарға негіз болады: құрылымдық бөлімшелер туралы олардың білім беру ұйымдарындағы орны мен рөлін анықтайтын ережелер жасау; қызметкерлердің міндеттерін, құқықтары мен жауапкершіліктерін белгілейтін лауазымдық нұсқаулықтар әзірлеу; кадрларды іріктеу мен орналастыру, оларды пайдаланудың дұрыстығына бақылау жүргізу; білім беру ұйымдарының қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу.
«Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы.**	Балалардың ПМПК-ға жіберілуі ата-аналарының (заңды өкілдерінің), білім беру ұйымдарының, денсаулық сақтау ұйымдарының бастамасымен ата-анасының (заңды өкілдерінің) келісімі арқылы жүзеге асырылады. Бірінші тексеруге анамнез жинау, дәрігерлердің (сурдолог, офтальмолог, невропатолог, психиатр), педагогтердің (әлеуметтік педагог, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, логопед), психологтың тексеруі, баланың психофизикалық жағдайын бағалау, ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беру кіреді. Бірінші тексеру бір немесе төрт қабылдау барысында жүргізіледі. Қабылдаудың ұзақтығы бір сағат, баланың шаршауы жоғары болғанда 20-30 минут.

	Қайта тексеру ПМПК-ның жалпы қорытындысын нақтылау немесе өзгерту мақсатында жүргізіледі, ең алдымен диагностикалық топтарда, диагностикалық оқу-түзеу сабақтарынан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы, орта білім беру ұйымдарындағы сынама оқытудан кейін зияткерлік немесе тілдік даму кемістігінің деңгейін нақтылау қажеттігі болған жағдайда жүргізіледі. Тексерулер нәтижелері негізінде ПМПК-ның жалпы қорытындысы қабылданады, баланың жеке психофизикалық ерекшеліктеріне қарай түзете-дамыта оқыту барысындағы білім беру бағдарламасының түрі туралы алқалық шешім қабылданады. Қажет болған жағдайда медициналық, білім беру және әлеуметтік қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды қарастыратын жеке түзете-дамыту бағдарламасы жасалады, ата-аналарға (заңды өкілдеріне) консультация беру жүзеге асырылады. «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 321 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11310 болып тіркелген) сәйкес үйде оқитын мерзімі көрсетіле отырып, дәрігерлік-консультациялық комиссияның бала денсаулығының жағдайы туралы қорытындысы үйде жеке тегін оқуға негіз болып табылады.
«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы.	Осы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Объект салынатын жер учаскесін таңдауға, жобалауға, реконструкциялауға, пайдалануға, сумен жабдықтауға, су бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, ауаны баптауға, жөндеуге және күтіп-ұстауға, тұру, тамақтану, оқыту жағдайларына және өндірістік практикаға, өндірістік бақылауға, персоналдың еңбек және қызмет көрсету жағдайларына, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді медициналық қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

Білім беруде инклюзивтік үдерістерді дамыту мектеп ортасының техникалық немесе ұйымдастырушылық өзгеруін ғана емес, сонымен қатар, білім беру философиясының өзгеруін де болжайды.

Инклюзивті білім алуға сүйенетін негізгі құндылықтар:

- әр бала – жеке тұлға;
- барлығы оқи алады;
- әр баланың қызығушылықтары, қабілеттері мен оқу қажеттілігінің бірегей ерекшеліктері бар;
- кез келген нысанда кемсітуге тыйым салу;
- әркімнің қоғам өміріне қатысу құқығы;
- бір-біріне төзімділік;
- «Алуан түрліліктегі үйлесім» деп түсінілетін толеранттылық рухында тәрбиелеу (Толеранттылық принциптерінің декларациясы // ЮНЕСКО, 1995 ж.).

Инклюзивті мектептің принциптері:

- барлық қызметкерлер инклюзияның құндылықтарын бөліседі, оң көңіл-күймен және өз міндеттерін түсінеді;
- кемсітпеушілік;
- адамның тәуелсіздігі мен жеке дербестігін құрметтеу;
- қол жетімділік;
- қоғамға толық қосу және тарту;
- мұғалімнің, арнайы педагогтың, психологтың, мектеп әкімшілігінің, басқа да мамандардың, ата-аналардың және оқушының өзінің бірлескен (командалық) жұмысы.

Білім беру ұйымдарында кедергісіз ортаны қамтамасыз ету (физикалық қолжетімділікті қоса алғанда) және білім беру процесін оқу барысында қиындықтарға тап болған оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асыру үшін қажетті материалдық база құрылуы тиіс (пандустарды, лифттерді, дәретханаларды, ойын аймақтарын жабдықтау, мамандар кабинеттерін қажетті жабдықтармен және дидактикалық материалдармен жабдықтау).

Тосқауылсыз білім беру ортасын жобалау және модельдеу кезінде келесі ерекше принциптерді ескеру қажет:

1. Қауіпсіздік, баланың сенімсіздік пен қорқыныш сезімін азайтуға мүмкіндік беретін ортаның белгілі бір пәндік және кеңістіктік ұйымдастырылуын болжайды. Ол қол жетімді ережелер мен қорғау құралдарын пайдалана отырып, еркін бағдарлануға, қозғалуға және қажетті әрекеттерді орындауға мүмкіндік алады.

2. Мәдени маңызы бар нысандардың қанықтығы. Білім беру ортасы балаға үнемі әртүрлі ақпарат тасымалдаушылармен қарым-қатынасты қамтамасыз етеді (қоршаған орта туралы белгілі бір мәлімет береді), бұл оның танымдық белсенділігін, еріксіз және ерікті назарын, іс-әрекетін айтарлықтай ынталандырады.

3. Ортаның қолжетімділігі, физикалық кедергілерді жоюға бағытталады (кең ойықтар, пандустар, тұтқалар).

4. Полисенсорлық қабылдау үшін қол жетімділік, ол білім беру ортасы жеке нысандарды, сондай-ақ, олардың арасындағы қарым-қатынастарды қабылдау кезінде түрлі сезім органдарынан ақпаратты кеңінен тарту мүмкіндігін ынталандыруын және қамтамасыз етуін болжайды. Бұл өте маңызды, себебі мүмкіндігі шектеулі балалардың сенсорлық бұзушылықтары

бар.

5. Мағыналық реттеу. Білім беру ортасындағы қарым-қатынастардың барлық түрлері белгілі бір ережелер жүйесіне сәйкес ұйымдастырылады, оларды түсіну және орындау баланың өмірлік іс-әрекетінің тиімділігін едәуір арттырады.

6. Әлеуметтік қатынастар жүйесіне *ену*. Білім беру ортасын ұйымдастыру балаға оқиғалық қауымдастықты қамтамасыз етеді, оның белсенді өзара әрекеттесуін және қоршаған адамдармен қарым-қатынасын ынталандырады.

7. Дамыту сипаты. Баланың өз бетінше немесе айналасындағылардың көмегімен жеңе алатын ойластырылған кедергілер жүйесінің болуын болжайды.

8. Нақты және әлеуетті танымдық мүмкіндіктерді қорғау мен дамытуға бағдарлау. Білім беру ортасын ұйымдастыру баланы өзекті және жақын даму аймағында жұмыс істеу қажеттілігінің алдына қояды. Бұл принцип арнайы білім беруде маңызды болып табылады.

Психологиялық қолайлы жағдай жасау білім беру ұйымдарында ЕБҚ бар білім алушылардың бейімделуі үшін пәндік-практикалық қоршаған ортасын орнатудан басталады. Бұл ретте бала үшін психологиялық жайлылықтың маңызды компоненттерінің бірі оның сыныптағы оқу орны болып табылады. Сыныптағы оқушыларды отырғызу мәселесін шешу кезінде ұстануы қажет кейбір ережелер бар.

ЕБҚ бар балаларға қолайлы отырғызу орындарын ұсыну қажет:

- оларды ынталы және жақсы үлгеруші оқушылардың жанында немесе оң рөлдік модельді тасымалдаушылардың жанында отырғызу керек;
- назар аударатын заттардың жанында отырғызудан аулақ болу;
- қауіпсіз, кедергілерден бос ортаны және жүріп-тұру үшін барабар кеңістікті қамтамасыз ету;
- тақталарды бөгде заттармен үймеуге;
- ЕБҚ бар бала отырған жерде тыныштық және жайлы аймақ құру;
- оқу орындарын оқушылар үшін икемді топтарда сабақта жұмыс істеуге және өзара іс-әрекет жасауға мүмкіндік беретін етіп ұйымдастыру.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) елдері мектеп оқушыларда оқуға қиындық туғызатын себептердің үш тобын, соның салдарынан – ерекше білім беру қажеттіліктерін қарауды ұсынады:

- бала дамуының бұзылуы;
- мінез-құлық және эмоциялық мәселелер;
- өмірдің қолайсыз жағдайлары (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық және т.б. мәселелер).

Ерекше білім беру қажеттілігі – бұл әр оқушыны оқытуда табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу үдерісінде көмек пен қызмет көрсету қажеттілігі.

Жалпы білім беруді дамыту инклюзивтілік принципін негізге ала отырып, білім беру процесінің барлық қатысушылары:

1) кедергілер мен мәселелер емес, ресурстар ретінде мүмкіндіктердің алуан түрлілігін қарастыру. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және

оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін қоғамдағы толерантты мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу ресурстары. Бір оқушының қиындықтарын жеңуге қатысты жұмыс, әдетте, басқа балаларға да пайда әкеледі;

2) оқудағы жоғары жетістіктері бар оқушыларға ғана емес, сыныптың барлық оқушыларына бағдармен оқу үдерісін құру;

3) Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды тек мамандармен (логопед, арнайы педагог, психолог, жеке көмекші) ғана емес, барлық білім беру процесіне қатысушылар тарапынан қолдауды қамтамасыз ету;

4) оқу үдерісінде оқушыларға көмек көрсету мәселелерін шешуге командалық тәсілдемені қолдану;

5) оқушыларға қолдау көрсету және ұйымдастыру кезінде «таңбашаларды» ілуден бас тарту. Көмек оқушыларға – «инклюзивщиктерге», «ерекше», «дағдарыстық», «инклюзияға жататын» балаларға емес, оқушылар қауымдастығының толық құқылы мүшелеріне көрсетіледі. Таңбашаларды ілу кемсітушіліктің көрінісі болып табылады.

ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бастауыш, негізгі орта және орта) сәйкес «ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында арнайы жағдайлар жасалады».

Қазіргі уақытта ҚР Білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттілігінің қатарына қажеттіліктер жатады:

1) оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын өзгертуде (қысқартылған немесе жеке бағдарлама бойынша оқыту);

2) оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдерін (оқушының жетістіктерін) өзгертуде;

3) оқытудың вариативті, арнайы және балама әдістерін қолдануда;

4) оқулықтарды, оқу құралдарын таңдауда, жеке оқу материалдарын пайдалануда;

5) оқыту нысанын таңдауда;

6) кедергісіз орта құру және оқу орнын бейімдеу;

7) орнын толтырушы және техникалық құралдарда;

8) арнайы психологиялық-педагогикалық көмекте (психолог, логопед, арнайы педагог (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог);

9) педагог-ассистенттің көмегінде;

10) әлеуметтік-педагогикалық көмекте (әрбір қажеттілікті жүзеге асырудың толық сипаттамасы ТП ҰГПО әдістемелік құралында берілген).

Оқыту қиындықтарының сипаты мен айқындылық дәрежесіне байланысты білім алушыда біреуден бірнеше ерекше білім алу қажеттілігі айқындалуы мүмкін. Оқушылардың ерекше білім алу қажеттілігі білім алудың кез келген кезеңінде пайда болуы мүмкін.

Арнайы жағдайлар жасау бойынша мектеп жұмысының күтілетін нәтижесі және оқу үрдісінде оқушыға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету келесідей болып табылады:

а) оқушының мектепке, мұғалімдерге, сыныптастарға жағымды көзқарасы;

б) жалпы білім беру, қысқартылған немесе жеке бағдарлама шеңберіндегі

академиялық табыстылық;

в) оқушының әлеуметтік бейімделуі.

Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау ерекше білім беру қажеттілігін бағалау негізінде жүзеге асырылады. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – бұл анықталған оқыту қиындықтары мен олардың пайда болу себептері негізінде оқу үрдісінде оқушының қолдау түрлерін, формалары мен көлемін анықтау.

Қажеттіліктерді бағалау, білім алушыларды қолдау секілді деңгейлік сипатқа ие. Бір деңгейді қолдаудан қолдаудың қарқындылығын арттыру жағына да, қолдауды азайту жағына да басқа деңгейді қолдауға көшу мүмкіндігі бар.

Оқушының қажеттіліктері мен қолдауын бағалаудың бірінші деңгейі.

Бағалау мен қолдауды тікелей мұғалім жүзеге асырады. Мұғалім бірінші болып формативті бағалау барысында оқытудың қиындықтарын анықтайды. Оның міндеті – қиындықтар сипатын, олардың пайда болу себептерін өзіндік анықтау, оқушының қалыптасатын білімдеріндегі олқылықтарды анықтау. Алынған ақпарат негізінде мұғалім сыныпта оқушыны сабақта қолдауды ұйымдастыруы керек (жеке тәсілдеме).

Мұғалім тарапынан оқушыны қолдау тәсілі келесі іс-шаралар болуы мүмкін:

1) оқытудың вариативті, арнайы әдістерін қолдану: «кішкентай қадамдар» әдісі, пәндік іс-әрекетке және көрнекілік құралдарына сүйену, «сөйлеу дағдыларын дамыту» («оречевление») пәндік және ақыл-ой әрекеттерін, «алға жүгіру», үздіксіз қайталауды үйрену, оқылатын ұғымдарды салыстыру және қарсы қою тәсілдерін қолдану және т.б.;

2) сабақта жеке оқу материалдарын қолдану: көрнекілік құралдарды, жаднамаларды, алгоритмдік нұсқамаларды, жеңілдетілген оқу тапсырмаларды, оқу және жазу үшін мәтінді қысқарту, тапсырмаларды орындау үшін қысқа және кезең-кезеңмен нұсқаулықтар беру, жатқа білу қажет ақпарат санын азайту және т.б.;

3) оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдерінің (процедураларының) өзгеруі: қысқа, баяу, қайталау, мұғалімнің ауызша нұсқауы (жазбаша нұсқаудың орнына); жұмысты орындау үшін қосымша уақыт беру; тапсырмаларды тек ауызша/жазбаша орындауға мүмкіндік беру; планшетті, ноутбукты пайдалана отырып, жазбаша бақылау тапсырмасын орындау мүмкіндігі;

4) бақылау материалдарын өзгерту: нұсқаулық тұжырымдарын бейімдеу – тапсырманы орындау кезеңдеріне сәйкес оны бірнеше бөліктерге бөлу; бақылау тапсырмаларының санын азайту; барлық сынып үшін бақылау тапсырмаларынан ерекшеленетін жеке бақылау тапсырмалары (жеке оқу мақсаттарына сәйкес); бақылау тапсырмасын орындауды жеңілдететін иллюстрациялық және басқа да тірек материалдарын (кестелерді, сызбаларды, үлгілерді, анықтамалық материалдарды) пайдалану және т.б.;

5) сыныптағы оқу орнын анықтау және бейімдеу (бірінші партада, беделді оқушының жанында, соңғы партада, біреуі партада, оқу тапсырмаларының бір бөлігін конторкада тұрып орындау мүмкіндігі бар және т. б.);

Егер баланың барлық күш-жігеріне және мұғалімнің жеке көмегіне қарамастан, бір және одан да көп негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтар бір тоқсан ішінде сақталса, онда мұғалім мектептің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі (психолог, логопед, мұғалім-дефектолог) көмегіне сұратым жасайды.

Оқушының қажеттіліктері мен қолдауын бағалаудың екінші деңгейі.

Қажеттіліктерді бағалау мен қолдауды тек мұғалім ғана емес, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының командасы (психолог, логопед, дефектолог мұғалім, әлеуметтік педагог) жүзеге асырады. Оқушының мамандардың көмегіне қажеттілігін бағалауды жүргізу үшін оқушының ата-анасының жазбаша келісімін алу қажет. Әрбір маман қажетті әдістер мен әдістемелерді қолдана отырып, оқушыларды оқытудың қиындықтарын тудыратын себептерді анықтау мақсатында психологиялық, логопедтік, арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді. Зерттеу барысында маман оқушы дамуының әлсіз жақтарын ғана емес, сондай-ақ оқудағы табысты болуы үшін оқушының қолда бар ресурстарын да анықтайды. Тексеру нәтижелері бойынша мамандар келесідей анықтайды:

- оқушының оқу бағдарламасын қысқарту қажеттілігі;
- қандай мамандардың көмегі оқушыға оқу қиындықтарын жеңуге мүмкіндік береді (психолог, логопед, әлеуметтік педагог);
- оқытудың қандай әдістері мен тәсілдері неғұрлым тиімді болып табылады;
- оқушының оқу орнына қалай бейімдеу керек.

Психолог, логопед, мұғалім-дефектолог, әлеуметтік педагог анықтаған білім берудегі қиындықтар себептерінің негізінде оқушының психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуінің жеке бағдарламасының мазмұнын сүйемелдеу мамандары мен мұғалім анықтайды. Мамандардың көмек бағыттары мұғалімнің сабақтағы жеке тәсілдемесі мазмұнымен, ата-аналар тарапынан оқушыға көмек мазмұнымен келісіледі. Мамандардың көмегі жеке немесе топтық сабақтарда көрсетіледі.

Мұғалім мен мамандардың көмегі қысқартылған оқу бағдарламасын (1-3 оқу тоқсан бойы) табысты меңгеруіне әкелмеген жағдайда, сүйемелдеу қызметі оқушылардың ата-аналары ұсынымдар алу үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін (ата-аналардың келісімімен).

Оқушының қажеттіліктері мен қолдауын бағалаудың үшінші деңгейі.

Оқушының қажеттілігін бағалау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның мамандарымен анықталады. ПМПК қажеттілігін бағалау нәтижелері бойынша оқушыға дефектолог-мұғалімнің, мұғалім ассистентінің көмегі ұсынылуы мүмкін, білім алу нұсқалары ұсынылуы мүмкін: тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беру сыныбында, арнайы сыныпта, арнайы мектепте. ҚР «Білім туралы» Заңының 49 бабына сәйкес білім беру ұйымын таңдау оқушының ата-аналарына қалады. Ата-аналар тұрғылықты жері бойынша мектепті таңдаған жағдайда, мектеп ПМПК-ның ұсынымдарына сәйкес (ҚР БҒМ № 595 п.25 бұйрығына сілтеме).

Оқушының қажеттілігін бағалау алгоритмі (ПМПК ұсынымы бар) және оның психологиялық-педагогикалық қолдауын қамтамасыз ету ҚР БҒМ «Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» ММ сайтында http://special-edu.kz/ орналасқан «Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» әдістемелік ұсынымдарында ұсынылған.

Ол төмендегі кестеде ашылған 12 қадам арқылы жүзеге асырылады. Әдістемелік ұсынымдарда мұғалімдер мен мамандар кестеде көрсетілген құжаттардың формаларын және мектеп жұмысын ұйымдастырудың нақты нұсқауларын, мамандар сүйемелдеуге қолданыстағы нормативтік құжаттар шеңберінде табады (127 кесте).

127 – кесте. Мұғалімнің, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының, ата-аналардың оқушының ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру және бағалау кезеңдеріндегі өзара іс-әрекет алгоритмі

Мұғалімнің, ата-аналардың іс-әрекеттері	**Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының іс-әрекеттері**
1. Мұғалім ЕБҚ бар оқушымен танысады. ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарын зерделейді. (қыркүйектің бірінші аптасы)	1. Мамандар ЕБҚ бар мектеп оқушыларының тізімін жасайды. ПМПК қорытындысы мен ұсыныстарын зерделейді (қыркүйектің бірінші аптасы). Форма 1.
2. Мұғалім ата-аналармен әңгіме өткізеді, оқушы туралы мәлімет жинайды, оларға сауалнама (Форма 1а) және коммуникативтік паспорт (Форма 1в) толтыруды ұсынады. (қыркүйектің 1-2-ші аптасы)	2. Ата-аналармен әңгіме өткізеді, оқушы туралы мәліметтер жинайды, әңгімелесу хаттамасына мәліметтерді енгізеді. Форма 1б. (қыркүйектің 1-2-ші аптасы)
3. Мұғалім ЕБҚ бар оқушыны бірнеше күн бақылайды, «сабақта оқушыны бақылау хаттамасы» ағымдық формасын толтырады (Форма 2а). (қыркүйектің 1-3-ші аптасы)	3. ЕБҚ бар оқушыны бірнеше күн бақылап отырады, «сабақта оқушыны бақылау хаттамасы» ағымдық формасын толтырады (Форма 2а). (қыркүйектің 1-3-ші аптасы)
4. «Сабақта оқушыны бақылау хаттамасы» (Форма 2б) қорытынды формасына бақылау нәтижелерін жинақтайды. (қыркүйектің 2-3-ші аптасы)	4. «Сабақта оқушыны бақылау хаттамасы» (Форма 2б) қорытынды формасына бақылау нәтижелерін жинақтайды. (қыркүйектің 2-3-ші аптасы)
Форма 2 б жылдың басында, бірінші жарты жылдықтан кейін және жылдың аяғында толтырылады, сонымен қатар, оқушыны оқытудың табыстылығы мен дамыту динамикасы мониторингінің құралы болады.	

5 Мұғалім оқушының оқу жетістіктеріне критериалды бағалауды жүргізеді. Бағдарламаны меңгерудегі олқылықтар мен қиындықтарды анықтайды.	5. Оқушыны оқытудағы қиындықтардың нақты себептерін зерттеуге бағытталған (психологиялық, педагогикалық, логопедтік, әлеуметтік) жеке тексеру жүргізеді. Хаттамаларды толтырады.
6. Ата-аналардың бақылау, әңгімелесу және сауалнама нәтижелерін жинақтайды және оқушының оқу жетістіктерін «оқушының сипаттамасы» (Форма 3) формасында зерделейді.	6. Ата-аналардың бақылау, әңгімелесу және сауалнама нәтижелерін жинақтайды және «оқушының сипаттамасы» (Форма 3) формасында тереңдетіліп зерттеледі.
Форма 3 жылдың басында, бірінші жарты жылдықтан кейін және жыл соңында оқушыны оқытудың табыстылығы мен дамыту динамикасы мониторингінің нәтижелерін тиянақтау ретінде толтырылады.	
7. Оқушының ерекше білім алу қажеттіліктерін алқалық (мамандармен және ата-аналармен) талқылауға және психологиялық-педагогикалық қолдау мазмұнын анықтауға қатысады.	7. Оқушының ерекше білім алу қажеттіліктерін талқылауды алқалық (мұғаліммен және ата-анасымен) ұйымдастырады және өткізеді, оқушының психологиялық-педагогикалық қолдау мазмұнын анықтайды.
8. Оқушы туралы барлық мәліметтерді талқылау нәтижесінде оқушыны оқытудағы қиындықтар, олардың пайда болу себептері мен механизмі белгіленеді. «Оқушының жиынтық сипаттамасы» құрастырылады. (Форма 4) Бұл форма маманның жеке жұмысының тиімділігінің мониторингі ретінде жылдың басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жылдың аяғында толтырылады	
9. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасын (оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын) жасауға қатысады. (Форма 5)	9. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасын (оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын) жасауға қатысады. (Форма 5)
10. Жеке тәсілдемелер және оқытудың арнайы әдістері мен бағалау тәсілдерін қолдануымен қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасына сәйкес оқытады.	10. Маманның оқушымен жеке жұмыс бағдарламасына сәйкес оқушымен жеке (кіші топтық) дамыту жұмыстарын жүргізеді.
11. Оқушының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізеді және нәтижелерін жинақтайды.	11. Оқушының дамуы мен жетістіктеріне мониторинг жүргізеді және оның нәтижелерін жинақтайды.
12. Қажеттіліктер мен қол жеткізілген нәтижелерді қайта талқылауға қатысады. Келесі	12. Қажеттіліктер мен қол жеткізілген нәтижелерді командалық талқылау қайта жүргізеді. Сүйемелдеудің жеке

тоқсанға қысқартылған немесе жеке бағдарламалардың мазмұнын талқылайды (қажет болған жағдайда).	бағдарламасына өзгерістер енгізеді, келесі тоқсанға (қажет болған жағдайда) жеке оқу бағдарламаларын қысқартуға немесе жасауға қатысады.

Қазіргі мектепте білім беру үдерісін жетілдіру тек оқылатын пәндердің мазмұнын өзгертумен ғана емес, сонымен қатар, сабақ барысында білім алушылардың іс-әрекеттерін белсендіру мен оқыту әдістеріндегі тәсілдемелерді өзгерту қамтылады. Білім алушыларға пассивті әсер ету нысаны болмауы маңызды. Сондықтан білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру, ой-өрісін кеңейту және олардың жалпы мәдениетін арттыру үшін сабақта қолданылатын оқытудың ең оңтайлы түрлерін, әдістер мен тәсілдерді, технологияларды анықтау қажет.

Инклюзивті білім беру – бұл жеке ерекшеліктерді ескере отырып, жеке тұлғаға бағытталған оқыту әдістерін қолдану негізінде білім беру іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы сапалы оқытуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етудің кешенді процесі.

Инклюзивтік тәсілдеме – ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды жаппай мектепте оқыту қиындықтарына бейімдеу емес, бүкіл мектепті реформалау және осындай білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеру және әрбір баланы оқу процесіне тарту үшін оқытудың өзге де педагогикалық тәсілдемелерін іздеу.

Мектептің әрбір педагогы инклюзия – жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың физикалық жағынан ғана емес екенін түсінуі және қабылдауы тиіс. Бұл мектептің өзін, мектеп мәдениетін және білім беру үдерісіне қатысушылардың қарым-қатынас жүйесін өзгерту, педагогтар мен мамандардың тығыз ынтымақтастығы, ата-аналарды баламен жұмыс істеуге тарту.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту үдерісінде педагогтар мен ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Ата-аналар өз баласын жақсы біледі, сондықтан педагог бірқатар мәселелерді шешуде олардан құнды кеңес ала алады. Мұғалімдер мен ата-аналардың ынтымақтастығы әр жағынан жағдаятты қарауға көмектеседі, демек, ересектерге баланың жеке ерекшеліктерін түсінуге, оның қабілетін анықтауға және дұрыс өмірлік бағдар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі мектептің негізгі міндеті – баланың даралығын ашу, оған көмектесу, әлеуметтік әсерлерге тұрақтылық және таңдауын табу, тұрақтандыру, нығайту. Оқыту процесінде әр баланың даралығын ашу заманауи мектепте инклюзивті білім беруді құруды қамтамасыз етеді. Мұндай оқытудың мақсаты бірыңғай сынып ұжымында «орташаланған» оқушыға емес, жеке-жеке танымдық мүмкіндіктерін, қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, жеке-жеке жұмыс істеуге мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жүйесін құру болып табылады.

Мұғалім сабаққа дайындалуда заманауи технологиялар мен әдістерді қолдану және сабақ берудің тәсілдемелерін өзгертуге ұмтылуда, білім

алушылардың білім алу қажеттіліктерін түсінуде диагностикадан т.б. бастауы маңызды. Әсіресе, бұл бастауыш мектепте маңызды, өйткені оқушылардың практикалық біліктері мен дағдылары арқылы оқу, жазу, есеп, рефлексия және т.б. пәндік тапсырмалар ерекшеліктері мен негізгі оқу дағдылары концептуалды түсіну қалыптасады.

Білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін зерттеу үшін жоғарыда сипатталған көптеген тәсілдемелер https://nao.kz/ сайтында әдістемелік ұсынымдарда ұсынылады.

Педагог балалардың білім беру қажеттіліктерін зерттеген және түсінген кезде оқытуды саралау, оқу бағдарламасының шеңберін кеңейту мүмкіндігі пайда болады, тіпті үлгермеген оқушының беделі де көтеріледі. Сабақ түрлері мен оқыту әдістері әр түрлі болуы мүмкін және бұл нақты сабақтың мақсатына, тақырыптың ерекшелігіне байланысты, бірақ, ең бастысы білім алушыларда қандай білім алу қажеттілігі бар екендігін білуі шарт.

Оқыту технологиясын таңдаудың тиімділігі және оның ЕБҚ бар балаларға бейімделуін ***рефлексия технологиясының*** көмегімен анықтауға және өлшеуге болады.

Оқытуддағы рефлексия – оқыту субъектісінің өз іс-әрекетін ой әрекеттік немесе сезіну үдерісі. Рефлексия субъектінің пәндік білімі мен іс-әрекетінің мазмұнына жатады, оның нәтижелерін бекіту және одан әрі оның нәтижелілігін арттыру мақсатында жүзеге асырылған іс-әрекетті зерттеуді білдіреді.

Сабақта оқушының рефлексиясын ұйымдастыру технологиясы келесі кезеңдерден тұрады:

- пәндік іс-әрекетті орнату;
- орындалған іс-әрекеттердің бірізділігін қалпына келтіру;
- іс-әрекеттердің жасалған реттілігін зерделеу;
- нәтижелерді қалыптастыру;
- келесі іс-әрекетте гипотезаларды тексеру.

Оқыту үдерісінде өз іс-әрекетінің нәтижесінде оқушы рефлексия арқылы білім алуға өзгеретін тәжірибеге ие болады. Бұл білімдер өзі алған ақпараттан оқушының ақпараттың мағынасын түсінетін, оған белгілі бір қарым-қатынасты қалыптастыратын, осы ақпаратқа қатысты өзін-өзі анықтайтын ақпараттармен ерекшеленеді. Оқушы өзінің бастапқы білім деңгейін және түсінігін түсінеді, оны соңғы деңгеймен салыстырады, оның өзгерісінің не екенін және қаншалықты (сапалық және сандық) болғанын анықтайды.

Рефлексия қойылған мақсаттарға жету тәсілдерін түсіндіруімен, яғни мақсатты тұжырымдауымен байланысты. Сондықтан да, ол оқушыға қатысты тәрбиелеу функциясын орындайды.

Егер мұғалім оқушының рефлекциясын сабақ мақсатында және күтілетін нәтижелермен байланыстырса, онда кері байланыс педагогикалық жұмыстың көптеген мәселелерін түсіндіреді. Ал, дәлірек айтқанда, оқушы оқу материалын түсінеді ме және мұғалімнің жоспарлауы баланың білім алуына көмектесті ме? Мұғалім өз сыныбындағы жұмыстың тиімді әдістерін қаншалықты пайдаланды?

Сонымен қатар, мұғалімнің рефлексиясы зор маңызға ие және ол сабақта

оқыту әдістерін іздестіру, таңдау, қолдану мен нәтижелілігін анықтайды.

Рефлексивті үдерістер педагогикалық міндеттерді шешудің әр кезеңінде өздерін әртүрлі көрсетеді. «Ақпарат беру бойынша сарапшы» рефлексиялық позициясында мұғалім өзінің жоспарланған іс-әрекеттерін талдау пәні ретінде жасайды, яғни оның санасының рефлексиялық процестері алдағы сабақтың мазмұнына қарайды және құрастырушы сипатқа ие болады. *Мұғалім өзінің жобалық іс-әрекеттерін рефлексивті бағалауды оқушылардың нақты жеке ерекшеліктеріне, олардың даму мүмкіндіктеріне сәйкес жасайды.* Бұл оған күрделіні жайға айналдыруға, қызықсызды ынталандыруға мүмкіндік беретін мұғалімнің ең маңызды кәсіби біліктерінің бірі болып табылады. Педагогтің рефлексивтік іс-әрекетінің жүйесі төменде берілген 2-ші сызбада айқын көрсетіледі.



2- сызба. Педагогтің рефлексивтік іс-әрекетінің жүйесі

ПМПК білім алушыға жеке бағдарлама бойынша немесе жеке тәсілдемелермен жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды ұсынған жағдайда мектептегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі бақылау нәтижесінде бағдарламаны өзгерту қажеттілігін растайды, сонда ғана ұсыныстарға сүйене отырып жеке оқу бағдарламасы жасалады.

Мұндай жағдайларда ЕБҚ бар білім алушы үшін пәндік бағдарламалардың мазмұнына оқушының «күшті» және «әлсіз» жақтарына байланысты қысқарту немесе өзгерту жағына өзгерістер енгізуге болады. Білім алушылардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленген жеке оқу бағдарламалары мектептің педагогикалық кеңесінде бекітіледі. Жеке оқу бағдарламасын жүзеге асыру кезінде мұғалім келесі іс-әрекеттерді жоспарлау үшін әрбір сабақты талдай отырып, рефлексия іс-әрекеттерін үнемі жүргізуі қажет.

Жаңартылған бағдарламаның мазмұнында педагогтар сабақтардың кодталған оқу мақсаттарын таңдай отырып, сабақтарды жоспарлауға мүмкіндігі болады. Мақсаттардың өзінде оқу дағдыларын дамыту үшін бірізді іс-әрекеттер салынған. Мұғалім оқытудың мақсатын оқушының рефлексиясымен байланыстырады және жұмыстың тиімді әдістерін іздеу үшін осы әмбебап тәсілдемелерді қолданады. Педагог мақсаттар мен құндылықтардың саны оқушылардың бағдарламасымен және мүмкіндіктерімен анықталатындығын түсінуі қажет.

ЕБҚ бар бала оқитын сыныпта мұғалімнің оқыту әдістерін таңдау

мүмкіндігі бар, үнемі сұрақтарға жауап бере отырып: қандай мақсатқа қол жеткізуге болады? ЕБҚ бар баланың қажеттіліктеріне сүйене отырып, мақсаттарды қалай өзгертуге болады? Сабақтың қойылған мақсаттарына жету үшін қандай әдістер мен тәсілдерді қолдану керек? Оқушының жеке бағдарын жүзеге асыру кезінде қойылған мақсатқа қол жеткізгендігінің дәлелі қандай болып табылады ? (Бала қандай іс-әрекеттерді орындайды? Қалай орындайды? Оған не көмектесті? Сәтті өтті ме? Қандай кедергі болды?).

Тоқсан соңында пән мұғалімдеріне ЕБҚ бар білім алушының оқу жетістіктерінің қорытындысы бойынша қорытынды жасау және қажет болған жағдайда жеке оқу бағдарламасына түзетулер енгізу ұсынылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүймелдеуге арналған жеке бағдарламаларды мұғалім әзірлейді және инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын мектептің педагогикалық кеңесі бекітеді.

Оқу жетістіктерін бағалау ерекше білім беру қажеттіліктерін, ЕБҚ бар білім алушының жеке мүмкіндіктерін және жетістіктерімен салыстырғандағы прогрессті ескере отырып жүргізіледі.

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы»» бұйрыққа сәйкес 14-8-тармақта «ерекше оқу қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде педагог сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданып, сондай-ақ, оқушының ерекшелігін есепке ала отырып, бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді»,-деп көрсетіледі.

Осыған байланысты, жаңартылған бағдарлама мазмұнының ерекшеліктеріне сүйене отырып, ЕБҚ бар балаларға арналған БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу кезінде оқу мақсаттарын, критерийлерін, дескрипторларды, тапсырмаларды саралау ұсынылады.

Қорытынды аттестаттау мәселесі бойынша жоғарыда көрсетілген бұйрықтың 57-тармағында мыналар көрсетіледі: «ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға және жеке оқу бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға қорытынды аттестаттау өткізу қажеттілігі туралы мәселені білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес шешеді».

13 АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Арнайы мектептерде, арнайы сыныптарда оқу-тәрбие процесі келесі нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі:

- **«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»** ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
- **«Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»** ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы;
- **«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»** ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы;
- **Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған типтік оқу бағдарламалары** (ҚР БҒМ бұйрықтары № 352, 27.07.2017 ж., №469, 20.09.2018 ж.).

Жалпы білім беретін мектептерде құрылатын арнайы сыныптар оқушылардың даму бұзушылықтарының түрлері бойынша сараланады:

- есту қабілетінің бұзылыстары бар балалар үшін;
- көру қабілетінің бұзылыстары бар балалар үшін;
- сөйлеу қабілетінің ауыр бұзылыстары бар балалар үшін;
- тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балалар үшін;
- психикалық дамуы тежелген балалар үшін (бұдан әрі – ПДТ);
- ақыл-ой кемістігі бар балалар үшін (жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі).

Аталған сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығына сәйкес жинақталады.

Бастауыш білім алу ұзақтығы 0 сынып есебінен 1 жылға, білім алушылардың танымдық іс-әрекеттердің ерекшеліктері, оқу қарқынының баяулауы, жалпы білім беретін пәндерге оқу бағдарламаларының мазмұнын толыққанды меңгеруге мүмкіндік беретін пропедевтикалық және компенсаторлық-дамыту бөлімдерін қосу қажеттілігі салдарынан 10 сынып есебінен 1 жылға ұлғайтылды.

0 сыныптарда оқу жылының ұзақтығы 32 оқу аптасын, 1 сыныптарда – 33

оқу аптасын, 2-12 сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

Есту, көру қабілеті бұзылған, тірек-қимыл аппараты бұзылған, сөйлеу қабілеті ауыр бұзылған, психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарларының инвариантты бөлігінің жалпы білім беретін пәндерінің тізбесі және олардың негізгі мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес келеді (ҚР БҒМ 31.10.2018 ж. № 604 бұйрығы).

Оқыту арнайы оқу бағдарламалары ретінде (бағдарламалар Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы сайтында орналастырылған - *www.nao.kz*) білім алушылардың психофизиологиялық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламалары негізінде, сондай-ақ жалпы білім берудің оқу бағдарламалары да әзірленген.

Оқу үдерісінде арнайы ОӘК, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерге арналған ОӘК қолданылады.

Интеллектісі бұзылған білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарының бөлімдері мен оқу пәндерінің тізбесі, сондай-ақ оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұны МЖМБС талаптарына бағдарланбаған оқу процесі жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарларына сәйкес, арнайы оқу бағдарламалары бойынша, мектепте барлық жыл бойы арнайы ОӘК-мен жүзеге асырылады.

Арнайы мектептердің (сыныптардың) педагогтары сынып құрамын және білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып дидактикалық, дамытушы материалдармен толықтырып таңдауға құқығы бар.

Дамуында кемістігі бар білім алушыларды оқытатын білім беру ұйымдары білім беру мазмұнының ерекшеліктерін және білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау мен аралық аттестаттауды өткізудің түрлерін, тәртібі мен кезеңділігін дербес айқындайды.

Үлгілік оқу жоспары негізінде білім беру ұйымы әрбір сынып үшін жұмыс оқу жоспарын білім алушылар құрамының ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып жасайды. Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес (үлгілік оқу жоспары сағаттарының жалпы санының шеңберінен шықпастан) үлгілік оқу жоспарының пәндері арасында сағаттарды қайта бөлуге жол беріледі.

Білім беру ұйымы үйде оқитын білім алушылардың ата-аналарымен (немесе оларды алмастыратын тұлғалармен) бірлесіп, оқытылатын пәндердің тізбесін айқындайды, жеке мүмкіндіктеріне сәйкес сыныптар бойынша үйде жеке оқытудың үлгілік оқу жоспарының бөлінген сағаты шегінде пәндер бойынша сағаттарды бөледі.

Арнайы мектеп пен арнайы сыныптардағы оқу-тәрбие үдерісі мектеп штатында бар психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары (психолог, логопед), арнайы педагогтар (тифлопедагог, сурдопедагог, олигофренопедагог, ЕДШ нұсқаушысы) жүргізетін білім алушының қажеттіліктерін психологиялық-педагогикалық бағалаудың деректеріне негізделген сараланған және жеке тәсілдемелерін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Педагогтар мен психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының жұмысы командалық тәсілдемелерді қолдану арқылы жүзеге асырылады, мектеп директоры бекіткен жергілікті нормативтік актілермен реттеледі.

Арнайы мектеп пен арнайы сынып білім алушылары үлгілік оқу жоспарының (түзету компоненті) тиісті бөлімінде бөлінген сағат шеңберінде психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары өткізетін фронтальды, кіші топ және жеке сабақтарда арнайы психологиялық-педагогикалық көмек алады. Түзету сабақтары арнайы мектептер мен арнайы сыныптардың барлық түрлерінде міндетті болып табылады. Түзету компоненті пәндерін оқу жоспарының инвариантты компоненті пәндерімен ауыстыруға, сондай-ақ осы сағаттардың санын қысқартуға жол берілмейді.

Арнайы мектептер мен арнайы сыныптардың жұмысы ұзартылған күн тәртібінде 0-4 сыныптарда, ал 5-9,10 сыныптарда – мектеп басшылығының қалауы бойынша ұйымдастырылады, бұл бұзылған қызметтерді еңсеру және өтеу, қажетті денсаулық сақтау педагогикалық режимді қамтамасыз ету, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасайды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды еңбекке оқыту жұмыс кадрларына қажеттілікке бағдарланған өңірлік, жергілікті жағдайларға сүйене отырып және психофизикалық дамудың жеке ерекшеліктерін, денсаулығын, мүмкіндіктерін, сондай-ақ еңбек бейінін таңдау негізінде тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің мүдделерін ескере отырып ұйымдастырылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін еңбекке оқыту бейіндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары не оқушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып мұғалімдер жасаған және мектептің педагогикалық кеңесі бекіткен бағдарламалар пайдаланылады.

Кәсіптік-еңбекке оқыту бойынша сабақтар үшін сыныптар 5-ден бастап, ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған сыныптар 4-ден бастап екі топқа бөлінеді. Еңбек түрлері бойынша топтарды топтастыру дәрігердің ұсынымдары негізінде оқушылардың психофизикалық жағдайы мен мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Білім алушылардың параллельді және аралас сыныптардан кіші топтарға бірігуі мүмкін. Әлеуметтік - тұрмыстық бағдарлау сабақтарын өткізу кезінде сынып да екі топқа бөлінеді.

Есту, көру, сөйлеу қабілеті бұзылған, тірек-қимыл аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектеп түлектері алған білім деңгейін растайтын мемлекеттік үлгідегі аттестат алады. Жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар түлектер арнайы білім беру ұйымының осы түрі үшін белгіленген үлгідегі аттестат алады («Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы ҚР БҒМ 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы»).

1. Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған арнайы мектепте (сыныпта) оқыту ерекшеліктері.

Білім беру процесі келесідей деңгейлерге бөлінеді:

– бастауыш білім беру – 0, 1-4 сыныптар;

– негізгі орта білім – 5-10 сыныптар.

Мектепке дейінгі алдын ала дайындықтан толық көлемде өтпеген балалар дайындық (0) сыныбына түседі. Оқыту арнайы әдістемелік және дидактикалық материалдарды қолдана отырып, арнайы оқу бағдарламалары бойынша жүргізіледі. Оқу үрдісінде жалпы білім беретін мектептердің оқулықтары қолданылады.

Типтік оқу жоспарында міндетті түзету пәндері ұсынылған:

- жоғары психикалық қызметтерді қалыптастыру, жалпы білім беретін пәндер бойынша білімді меңгеруге арналған база ретінде тұрмыстық ұғымдарды меңгеру үшін тілді меңгеру;
- электракустикалық аппаратураны қолдану арқылы есту қабылдауының қарқынды дамуы жағдайында қозғалыстар мен сөйлеуді дамыту;
- білім алушының коммуникативтік іс-әрекетін қамтамасыз ету, ауызекі сөйлеу сөздігін дамыту. Республика мектептерінде естімейтіндерді оқыту процесі есту-көру негізінде жүзеге асырылады, оқыту процесінде ымдау тілі бағдарламалық материалды тереңірек түсіну үшін көмекші құрал ретінде пайдаланылады;
- ауызекі сөйлеуді қалыптастыру және қалған сөйлеуде есту қабілетін дамыту.

Түзету циклінің сабақтары топпен, кіші топтармен және жеке, күннің бірінші және екінші жартысында өткізіледі.

Негізгі мектеп курсы үшін жалпы білім беру бағдарламаларын табысты меңгерген білім алушылар үшін жалпы орта білім мен мамандық алу мақсатында кәсіптік колледждерде, кешкі мектепте одан әрі білім алуы мүмкін.

2. Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кеш еститін) білім алушыларға арналған арнайы мектепте (сыныпта) оқыту ерекшеліктері.

Білім беру процесі келесідей деңгейлерге бөлінеді:

– бастауыш білім беру – 0, 1-4 сыныптар;

– негізгі орта білім – 5-10 сыныптар.

Мектепке дейінгі алдын ала дайындықтан толық көлемде өтпеген балалар дайындық (0) сыныбына түседі. Оқыту арнайы әдістемелік және дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, арнайы оқу бағдарламалары бойынша жүргізіледі. Оқу үдерісінде жалпы білім беретін мектептердің оқулықтары қолданылады.

Есту қабылдауын дамытуға, айтылу жұмыстарына, еріннен оқуға арнайы көңіл бөлінеді, бұл оқушылардың ауызша сөйлеуін қалыптастыру мен жетілдірудің есту-көру негізін құруға ықпал етеді.

Негізгі мектеп курсы үшін жалпы білім беру бағдарламаларын табысты меңгерген білім алушылар үшін жалпы орта білім мен мамандық алу мақсатында кәсіптік колледждерде, кешкі мектепте одан әрі білім алуы мүмкін.

3. Көру қабілеті бұзылған (көзі көрмейтін, нашар көретін, кеш көретіндер) білім алушыларға арналған арнайы мектепте (сыныпта) оқыту ерекшеліктері.

Білім беру процесі келесідей деңгейлерге бөлінеді:

– бастауыш білім беру – 0, 1-4 сыныптар;

– негізгі орта білім – 5-10 сыныптар;

– жалпы орта білім – 11-12 сыныптар.

Орта білім алу ұзақтығы көзі көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктері салдарынан ұлғайтылды; оқыту қарқынының баяулауы және жалпы білім беретін пәндерге пропедевтикалық бөлімдерді қосу қажеттілігі, білім алушылардың қоршаған орта туралы түсініктері мен білімдеріндегі олқылықтарды толтыруға мүмкіндік беретін; көзі көрмейтіндерге ақпарат алудың сукцессивті тәсілін қолдану (түйсікті пайдалану); Брайль жүйесі бойынша жазу мен оқуға, бедерлі суреттер мен сызбаларды оқуға оқыту ерекшеліктері; бақылау, практикалық және зертханалық жұмыстарды жүргізу кезінде кеңістікте бағдарлануға арналған тифлоприборлар мен ыңғайлы бұйымдарды пайдалану қажеттілігі.

Мектепке дейінгі дайындықтан өтпеген 6-7 жастағы балалар үшін дайындық (0) сыныбы ұйымдастырылады. 1-4 сыныптарда білім алушылардың функционалдық сауаттылығының негізі қаланады, қарым-қатынас пен оқу еңбегінің негізгі біліктері мен дағдылары қалыптасады, кейіннен негізгі жалпы білім беру бағдарламасын меңгеру үшін база құрылады.

11-12 сыныптарда бейіндік оқыту екі бағыт бойынша жүзеге асырылады: қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық.

Бір немесе екі бағытты таңдауды мектеп білім алушыларының қажеттіліктерін және ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып жүзеге асыралады.

Нашар көретіндерде *қалдықты* көру және көру қабылдауын дамыту; әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау (ӘТБ), кеңістіктік бағдарлау; мимика мен пантомимиканы дамыту; сөйлеу және қозғалыс дамуының кемшіліктерін түзету бойынша жұмыстар жүргізілетін білім беру процесінің түзету бағыты жалпы білім беретін пәндер бойынша сабақтарда, арнайы түзету сабақтарында қамтамасыз етіледі.

Факультативтік сабақтар мен элективті курстар сағаттары жалпы білім беру циклінің пәндерін оқу, жаңа пәндерді жүргізу, қосымша білім беру модульдерін, арнайы курстар мен практикумдар, жеке және топтық сабақтарды өткізу үшін, жеке білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда қолданылуы мүмкін. Көзі көрмейтін балаларды оқыту жалпы білім беретін мектептерге арналған Брайль шрифтімен басып шығарылған оқулықтар бойынша, ал нашар көретіндер үшін– ірі баспалы шрифтпен жүзеге асырылады.

4. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған арнайы мектепте (сыныпта) оқыту ерекшеліктері.

Білім беру процесі келесідей деңгейлерге бөлінеді:

– бастауыш білім беру – 0, 1-4 сыныптар;

– негізгі орта білім – 5-10 сыныптар;

– жалпы орта білім – 11-12 сыныптар.

Мектепке дейінгі дайындықтан өтпеген 6-7 жастағы балалар үшін дайындық (0) сыныбы ұйымдастырылады.

1-4 сыныптарда жалпы тапсырмалар мен арнайы дамыту тапсырмалары (білім алушылардың қозғалыс аймағын, олардың танымдық іс-әрекетін, сөйлеуін қалыптастыру) шешіледі. Бірінші сыныпта жазу дағдыларын қалыптастыруға арнайы уақыт бөлінеді.

Ана тілін меңгеруде оқытудың бастапқы кезеңдерінің практикалық бағытталуымен қамтамасыз етіледі.Математиканы оқу кезінде ойлау дамуының ерекшеліктері, кеңістіктік көріністердің жеткіліксіз қалыптасуы ескеріледі.

Бейімделген дене шынықтыру сабақтарында бағалау нормативтері өңделмейді.

5-10 сыныптарда балалардың әлеуметтік еңбекке бейімделуін қамтамасыз ететін қозғалыс, ойлау, сөйлеу дағдылары мен іскерліктерін дамыту бойынша қалпына келтіру жұмыстары жалғасады.

11-12 сыныптарда екі бағыт жүзеге асырылады: қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық.

Мектеп бір немесе екі бағытты таңдауда білім алушылардың қажеттіліктерін және ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып жүзеге асырады.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушылар кіші және жеке сабақтарда арнайы педагогикалық қолдау алады:

1) емдік дене шынықтыру (ЕДШ); сабақтар 2-4 адам тобымен немесе жеке өткізіледі. Сабақтың ұзақтығы – 40 минут. Сабақтар күннің бірінші және екінші жартысында өткізілуі мүмкін;

2) сөйлеуді дамытудағы кемшіліктерді түзету бойынша тіл мүкістігі бар білім алушылар логопедпен жеке немесе топпен аптасына 2-3 рет жүргізіледі. Сабақтар күннің бірінші немесе екінші жартысында өткізілуі мүмкін;

Факультативтік сабақтар мен элективті курстар мазмұнын анықтау кезінде білім алушылардың әлеуметтенуіне, даму кемшіліктерін жеңуге, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге ықпал ететін сабақтарға артықшылық беру керек.

5. Сөйлеу қабілеті бұзылған білім алушылар арнайы мектепте (сыныпта) оқу ерекшеліктері.

Білім беру процесі келесідей деңгейлерге бөлінеді:

– бастауыш білім беру – 0, 1-4 сыныптар;

– негізгі орта білім – 5-10 сыныптар.

Алдын ала арнайы мектепке дейінгі дайындықтан өтпеген балалар дайындық (0) сыныбына түседі.

Мектепте оқушыларға арналған бөлімшелер құрылуы мүмкін:

- сөйлеу тілінің ауыр дәрежедегі жалпы дамымауы (алалия, дизартрия, ринолалия, афазия), сондай-ақ сөйлеудің жалпы дамымауы бар, кекештенумен қатар жүретін балалар;

- сөйлеу тілінің қалыпты дамуында қиын түрі бар.

Кохлеарлы имплантацияға дейін кемінде 6 ай есту аппараттарын үнемі киюмен 1 жастан 4 жасқа дейін белгіленген кохлеарлы импланты бар балалар қабылданады. Негізгі орта мектепте қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқытуға, әсіресе сөйлеу дамуының күрделі бұзылыстары бар сыныптар үшін сағаттарды бөлуде вариативтілікке жол беріледі.

Логопедиялық және арнайы педагогикалық қолдау барлық сабақтарда және сабақтан тыс уақытта сөйлеу режимін сақтай отырып көрсетіледі. Түзету сабақтары сөйлеу қабілетінің ауыр бұзылыстары бар білім алушылардың

моторлы және сөйлеу моторлы, сөйлеу қызметінің дамуында ауытқуларды жеңуге бағытталған.

Логопедиялық сабақтар сыныптағы жұмыстың мазмұны мен түрлерін қайталамауы тиіс; олар күннің екінші жартысында өткізіледі. Білім алушылар жеке, кіші және фронтальды сабақтарда логопедтік көмек алады.

Жеке сабақтар сөйлеу тілінің жүйелі бұзылуы және артикуляциялық аппараттың (ринолалия, дизартрия) құрылысы мен қозғалысы бұзылған оқушылармен жүргізіледі. Жеке сабақтар аптасына 2 реттен кем емес өткізіледі. Ұзақтығы 20-25 минутты құрайды. Кіші топтарға сөйлеу бұзылуының біртекті құрылымы бар балалар біріктіріледі. 5-10 сынып білім алушыларымен логопедиялық сабақтарды ұйымдастырудың кіші тобы жетекші болады. Сабақтың ұзақтығы 40 минутты құрайды.

Алдыңғы сабақтың ұзақтығы (0, 1-4 сынып) дайындық сыныбында және бірінші сыныптың бірінші жарты жылдығында 35 минутты, келесі сыныптарда 40 минутты құрайды. Негізгі мектеп оқушылары үшін қазақ және орыс тілдерін қосымша оқыту үшін факультативтер мен элективті курстар ұйымдастыруға рұқсат етіледі.

6. Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) білім алушыларға арналған арнайы мектепте (сыныпта) оқыту ерекшеліктері.

Білім беру процесі білім беру деңгейіне сәйкес қамтамасыз етіледі:

– бастауыш білім беру – 0, 1-4 сыныптар,

– негізгі орта білім – 5-10 сыныптар.

Арнайы мектептерге (сыныптарға) көбінесе церебральды-органикалық шығу тегі психикалық дамуы тежелген балалар қабылданады. Дамуында айқын ауытқулары бар (ақыл-ой кемістігі, сөйлеу, көру, есту қабілетінің өрескел бұзылуы) балалар арнайы сыныптарға қабылдауға жатпайды.

Жалпы білім беретін мектепте арнайы сыныптарды жинақтап оқытудың бастапқы сатысында – 0, 1-сыныптар және 2-сынып ерекшелік ретінде жүзеге асырылады. Оқытудың кез келген кезеңінде жалпы білім беретін мектептің қарапайым сыныптарына оқушыларды біріктіру, сондай-ақ психикалық дамудың айқын түрде кідіруі кезінде екінші сатыда арнайы сынып жағдайында білім беруді жалғастыру мүмкіндігі көзделеді.

Оқу күнінің тәртібі білім алушылардың шаршағандығын ескере отырып белгіленеді: ұзартылған күн тәртібінде бірінші ауысымда оқыту.

Екінші (қазақ немесе орыс) және үшінші (ағылшын) тілдерді оқыту білім алушылардың тілдік даму деңгейін ескере отырып жүзеге асырылады, оқыту әдістерін бейімдеу көзделеді.

Арнайы оқу бағдарламалары мен арнайы әдістемелік және дидактикалық материалдарды пайдалану көзделеді. Оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағыты жалпы білім беру циклы пәндері, түзету пәндері, сондай-ақ, қосымша білім беру жүйесінде іске асырылады.

Түзету сабақтарындағы жұмыс мазмұны білім алушылардың қоршаған болмысы туралы білімі мен түсініктерін байытуды, жалпы моториканың дамуындағы ауытқуларды жеңуді және қимылдарды үйлестіруді қамтамасыз етуге бағытталған.

Сабақта оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға тап болған білім алушылар үшін білімдегі кемшіліктерді толықтыру бойынша жеке және топтық түзету сабақтары ұйымдастырылады. Сабақтар жеке немесе кіші топтарда (2-4 оқушы) жүргізіледі. Бастауыш сынып білім алушылармен жеке-топтық түзету сабақтарын негізгі сынып мұғалімі жүргізеді. Сабақтың ұзақтығы – 20-25 минут. Түзету сыныптық-пәндік түрлерін, сабақтардың мазмұнын қайталамауы тиіс. Олар пәндік-практикалық және ойын іс-әрекетін қоса алғанда білім алушылардың түрлі іс-әрекет түрлері мен формаларын пайдалана отырып өткізіледі.

6-10 сыныптарда білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жеке-топтық сабақтарға бөлінген сағаттар пән мұғалімдері арасында бөлінеді. Білім алушының белгілі бір топта болу ұзақтығы ерекше қиындықтарды жеңу дәрежесімен және сыныппен бірге тапсырмаларды орындауға дайындығымен анықталады. Топтардың құрамы қозғалмалы болуы тиіс: бір балаларды сыныппен жұмыс істеу үшін шығару керек, ал басқаларын қарқынды жеке көмек көрсету топтарының құрамына қосу керек. Бір оқушы бір жыл ішінде әр түрлі топтардың құрамына кіре алады.

Сөйлеу қабілеті бұзылған білім алушылармен логопедпен жеке-топтық сабақтар жүргізіледі.

Факультативтер мен элективті курстар сағаттарын балалардың әлеуметтенуіне ықпал ететін (Сөйлеу және қарым-қатынас мәдениеті. Өмір тіршілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Экономикаға кіріспе) немесе даму кемшіліктерін жеңуге бағытталған (бейнелеу қызметі. Қолданбалы өнер. (Жүзу, ЕДШ) немесе еңбек дайындығы бойынша қосымша сабақтарға жіберу.

Есту, көру, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау.

Оқушыларды оқыту нәтижелерін бағалауда оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесі қолданылады. Ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың нәтижелерін бағалау кезінде арнайы оқу бағдарламаларында немесе оқушының жеке оқу бағдарламаларында немесе оқушының жеке оқу бағдарламаларында ұсынылған оқу мақсаттарына бағдарлану қажет, мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды пайдаланады, сондай-ақ, білім алушының ерекшеліктерін ескере отырып бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді.

Формативті бағалау барысында мұғалім білім алушылардың оқу материалын меңгерудегі қиындықтарын анықтайды және оларды жеңу жолдарын белгілейді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды және жеке оқу бағдарламалары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу қажеттілігі туралы мәселені білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес шешеді.

Арнайы білім беру ұйымдарында және жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарда білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдарын аудандық, қалалық білім бөлімдері немесе білім басқармасы әзірлейді.

Түзету компоненті пәндері бойынша балдық бағалар қойылмайды.

7. Арнайы мектепте (сыныпта) интеллектісі (жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі) бұзылған білім алушылар үшін оқыту ерекшеліктері.

Оқушылардың ақыл-ойының бұзылуымен оқыту мақсаты - танымдық және эмоциялық-тұлғалық сфераның дамуындағы ауытқуларды өтеу, білім беру және еңбек дайындығы құралдарымен дамыту, бітірушілерді қоғамға біріктіру үшін әлеуметтік-психологиялық оңалту.

Дайындық сыныбына оқуға дайындығының деңгейі жеткіліксіз балалар, сондай-ақ білім беру және тәрбие жұмысы процесінде баланың диагнозын анықтау, оны оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру түрлерінің барабарлығын анықтау мақсатында қабылданады.

Оқыту екі сатыда ұйымдастырылады:

– бірінші саты – дайындық (0),1-4 сыныптар;

– екінші саты – 5-9 сыныптар.

Тиісті материалдық-техникалық, бағдарламалық-әдістемелік және кадрлық жағдайлар болған жағдайда білім беру ұйымдарында тереңдетілген кәсіптік-еңбек даярлығы бар 10-шы өндірістік сынып ұйымдастырылады.

Бірінші сатыда ақыл-ой кемістігі бар оқушының тұлғасын жан-жақты психологиялық-педагогикалық зерттеу, білім беру үдерісін ұйымдастырудың формалары мен әдістерін әзірлеу мақсатында оның мүмкіндіктері мен жеке ерекшеліктерін анықтау жүзеге асырылады.

Екінші сатыда білім алушылар жалпы білім беретін пәндер бойынша практикалық бағыты бар білім алады. Әлеуметтік бейімделуге және кәсіби-еңбек дайындығына көңіл бөлінеді.

5-9 сыныптарда 1 сағат математика сабақтарынан геометрия элементтерін зерттеуге бөлінеді.

Түзету компонентінің сабақтары күннің бірінші және екінші жартысында өткізілуі мүмкін. Жеке және шағын топтық түзету сабақтарының ұзақтығы – 20-25 минут. Кіші топтар сөйлеу және психофизикалық бұзылыстардың біртектілігін ескере отырып жинақталады. Емдік дене шынықтырумен айналысуға арналған топтар дәрігердің ұсынымдарын ескере отырып жинақталады. Түзету ырғағы бойынша сабақтар топтарға бөлінбестен, фронтальды түрде жүргізіледі.

4-6 сыныптар аралығында «Жалпы еңбек дайындығы»пәні оқытылады.

7-9 (10) сыныптар кәсіптік бағытта еңбекке баулу жүзеге асырылады. Еңбекке оқыту бейіндерін мектеп әкімшілігі аймақтың ерекшеліктерін және түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін ескере отырып анықтайды. Оқыту үлгілік оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады (ҚР БҒМ 20.09.2018 ж. № 469 Бұйрығы, 90-қосымша). Мектепте оқу еңбекке баулу бойынша емтиханмен аяқталады. Білім алушылар белгіленген тәртіппен бітіру емтихандарынан босатылуы мүмкін. Факультативтік сабақтарға және элективті курстарға бөлінген сағаттар еңбекке оқыту бейіні, түзету бағыты және т.б. бойынша сабақтарға пайдаланылуы мүмкін.

Ақыл-ой кемістігі орташа білім алушылар саны жеткілікті болған жағдайда мектепте осы оқушылар үшін арнайы сыныптары бар екінші бөлім ашылады.

Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту осы санаттағы оқушылар үшін Үлгілік оқу жоспары мен оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Оқыту жеке оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады. Олар оқушыны кешенді психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде сынып педагогы және психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары жарты жылдан аспайтын мерзімге құрылады. Оқытудың жеке бағдарламасын жүзеге асыру уақыты аяқталғаннан кейін әрбір оқушының жетістіктерін талдау жүргізіледі және келесі жартыжылдыққа арналған жеке оқу бағдарламасы жасалады.

Педагог әрбір оқушының жеке мүмкіндіктерін және білім беру мен жеке жетістіктерінің мониторингі нәтижелерін ескере отырып, оқытудың мазмұнын, әдістерін, формаларын, дидактикалық құралдарын дербес таңдайды.

Екінші бөлім сыныптарындағы оқыту мазмұны: өзі туралы түсініктерді; өзіне-өзі қызмет көрсету және өмір тіршілігін қамтамасыз ету дағдыларын; қоршаған орта туралы түсінікті және ортадағы бағдарлауды; коммуникативтік шеберлікті қалыптастыруға бағытталған; жалпы білім беретін пәндер бойынша практикалық бағыты бар және тәрбиеленушілердің психофизикалық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін қолжетімді білім.

Бірінші сатыда ақыл-ой кемістігі орташа білім алушыларға арналған сыныптардағы оқу үдерісі бақылаусыз оқыту негізінде ұйымдастырылады: барлық сабақтар біріктірілген сипатқа ие және білім алушылардың жалпы дамуына (коммуникативтік, қимыл-қозғалыс, сөйлеу, сенсорлық) бағытталған. Оқушылардың жеке дамуына қарай пәндік оқуға көшу жүзеге асырылады. Білім алушылардың психофизикалық дамуының ерекшеліктерін және мектеп ресурстарын ескере отырып, қарапайым еңбек (қолөнерге) түрлеріне оқыту ұйымдастырылады. Еңбекке баулу бейіні оқушының психофизикалық ерекшеліктерін, дәрігердің ұсынымдарын және мектеп мүмкіндіктерін ескере отырып жеке анықталады. Қажет болған жағдайда еңбекке оқыту бейіні өзгеруі мүмкін. Ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың еңбек даярлығы пәндері бойынша бітіру емтиханын тапсырмайды.

Жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау.

Оқу үдерісі білім алушыларға сараланған және жеке тәсілдемені қолдана отырып жүзеге асырылады. Сараланған тәсілдеме негізінде ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың педагогикалық жіктелуі жатыр (В. В. Воронкова бойынша). Жетістіктерді бағалау кезінде түрлі типологиялық топтарда білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік мақсат қою негізінде критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктері бес балдық шкала бойынша бағаланады. Дайындық және 1-сыныптарда баллдық бағалар қойылмайды. Оқытудағы алға жылжу нәтижесі білім алушылардың нәтижелі іс-әрекетін талдау, сөйлеу, жазба жұмыстары, суреттер, қолөнер және сабақтардағы іс-әрекетті бақылау деңгейін талдау негізінде анықталады және түсіндірмелік сипаттамасы бар.

Ақыл-ой кемістігі орташа білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезінде жеке оқу бағдарламасының мазмұны негізінде сипаттамалық критериалды бағалау қолданылады. (Ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды критериалды бағалау

бойынша әдістемелік ұсынымдарды Ы. Алтынсарин ат. ҰБА сайтынан қараңыз www.nao.kz).

Түзету циклінің пәндері бойынша жетістіктерді бағалау баллмен қойылмайды, сипаттау сипатында болады.

Пән бойынша бағалау: дене мәдениетіне бейімделу, музыка және ән айту, бейнелеу іс-әрекеті, мінез-құлық мәдениеті баллмен қойылмайды (есептелінген/есептелмеген).

Ақыл-ойы бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп (сынып) білім алушылары екінші жылға қалдырылмайды.

14 БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНАН ТЫС ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Назар аударыңыз!

2018 жылы **білім беру ұйымдарынан тыс уақытша білім алушылар үшін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жеке сабақтарының Үлгілік оқу жоспарлары (жаңартылған мазмұндағы) және білім беру ұйымдарынан тыс уақытша білім алушылар үшін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарлары (жаңартылған мазмұндағы)** әзірленді, «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 04.09.2018 № 441 бұйрығымен толықтырулар енгізілді (57-72 қосымшалар)

Осы бұйрыққа сәйкес **1-4-сыныптардағы** қазақ және орыс тілдерінде білім беру ұйымдарынан тыс уақытша білім алушылар үшін ең жоғары оқу жүктемесінің көлемі: 1-сынып - 17 сағат; 2-сынып - 19 сағат; 3-сынып - 19 сағат; 4-сынып - 19 сағат.

Сонымен қатар білім беру ұйымдарынан тыс жеке сабақтарға арналған жеке үлгілік оқу жоспарлары әзірленді, оған сәйкес бастауыш сыныптардағы ең жоғары оқу жүктемесі: 1-сынып – 5,5 сағат; 2-сынып - 5,5 сағат; 3-сынып - 7 сағат; 4-сынып - 7 сағатты құрайды.

Білім беру ұйымдарынан тыс оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін 5-9-сыныптардың уақытша білім алушылары үшін сыныптарға сәйкес: 5-сынып - 19 сағат; 6-сынып – 19 сағат; 7-сынып - 24 сағат; 8-сынып - 24 сағат; 9-сынып - 25 сағат. Білім беру ұйымдарынан тыс 5-9-сыныптарда жеке сабақтар үшін ең жоғарғы оқу жүктемесі: 5-сынып – 7,5 сағат; 6-сынып – 7,5 сағат; 7-сынып – 8,5 сағат; 8-сынып – 9 сағат; 9-сынып – 9,25 сағатты құрайды.

Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін білім беру ұйымдарынан тыс 10-11-сынып уақытша білім алушылары үшін ЖМБ/ҚГБ бойынша 10-

сынып - 23 сағат және 11-сынып - 23 сағат.

10-11-сыныптардағы білім беру ұйымдарынан тыс жеке сабақтар үшін макималдық оқу жүктемесі 9 сағаттан.

Осы ҮОЖ-ға сәйкес оқу қорытындысы бойынша ұйымнан тыс білім алатын бітіруші колледждер мен жоғары оқу орындарына түсуге құқылы.

Білім беру ұйымынан тыс оқытуды тиімді және сапалы ұйымдастыру үшін:

1. мектептің ішкі актілерімен оқу процесін сүйемелдеу:

− жеке жұмыс оқу жоспары;

− жеке жұмыс оқу бағдарламалары;

− ұйымнан тыс сабақ кестесі;

− топтық/жеке оқу үлгерімі журналы.

2. мектеп директоры орынбасарының қатысуымен айына 1 рет білім алушылардың оқу жетістіктерін тыңдау және қол жеткізілген нәтижелер мен жіберілген олқылықтарын ескере отырып, олардың топтық/жеке оқыту бағдарламасын түзету.

3. білім алушылардың ұйымнан тыс білім беру ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету: мерзімді басылымдар, оқу жабдықтары, ЦБР.

4. қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (бұдан әрі – АКТ) мүмкіндіктерін пайдалану ұсынылады.

1. Оқу және түзету сабақтары денсаулық сақтау мекемелерінде емдеу курсынан өтіп жатқан және білім беру ұйымдарынан тыс білім алушылар үшін жалпы білім беретін, арнайы мектепке дейінгі және мектеп білім беру ұйымдарының бағдарламалары көлемінде екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде ұйымдастырылады.

2. Сабақтар 1-11-сынып білім алушыларымен өткізіледі, оларға емдеуші дәрігердің қорытындысына сәйкес осы медициналық ұйымда 15 күннен астам емдеуден/оңалтудан өтуі тиіс.

3. Оқу сабақтары балалар стационарға түскен сәттен бастап және баланың денсаулық жағдайына байланысты басталады.

4. Барлық тәрбиеленушілер үшін сабақтың ұзақтығы - 35 минут, бірінші сыныпта - 25 минут (бірінші жартыжылдықта). Аурудың ауырлығына қарай ауру балалар болатын медициналық режимдердің әрқайсысына олармен жұмысты жоспарлау кезінде белгілі педагогикалық бағыттылық сәйкес келеді.

5. Сабақтың басталуы мен науқас балаларды оқытуды ұйымдастыру нысанын медициналық ұйымның бөлімше меңгерушісі баланың денсаулық жағдайына байланысты емдеуші дәрігермен бірлесіп анықтайды, ол туралы стацианарлық науқастың медициналық картасына тиісті жазба жасайды.

6. Педагогикалық ұжым оқу-тәрбие жұмысын кесте бойынша, балалардың денсаулық жағдайы туралы мәліметтерді ескере отырып және мекеме басшысының келісімі бойынша ұйымдастырады. Бір оқушыға күнделікті оқу жүктемесі 3-4,5 оқу сағатынан аспауы тиіс.

7. Оқушылармен оқу жұмысын ұйымдастырудың топтық немесе жеке түрі белгіленеді.

8. Сыныптардың жиынтықтылығы бір сыныпта 4 және одан да көп бала санынан басталады. Бір сыныпта 3-ке дейінгі балалар болған жағдайда: 1-2-сыныптар, 3-4-сыныптар, 5-6-7-сыныптар, 8-9-сыныптар және 10-11-сыныптар бірігуі мүмкін.

9. Медициналық ұйымның психо-неврологиялық бөлімшелерінде бастапқы және қайталама бұзылуларды жеңуге, психикалық функцияларды дамытуға, балалар мен жасөспірімдердің қоғамға бейімделуіне, әлеуметтік-еңбекке бейімделуіне және кірігуіне ықпал ететін компенсаторлық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған түзету-дамыту оқытуы жүзеге асырылады. Егер әлеуметтік ортаға кірігу үшін бөлімшелерде жеке түзету-дамыту сабақтары жүргізілсе, кейбір пәндер қысқартылуы мүмкін.

10. Оқу жоспарларында бастауыш, негізгі және орта мектептің жалпы білім берудің базалық компонентін 80%-ын сақтау, сондай-ақ қаржыландыру шеңберінен шықпай, емдеу мекемесінің ерекшелігін ескере отырып, оқу жоспарын 20% сағатқа дейін қайта бөлу көзделуге тиіс.

11. Үлгілік оқу бағдарламаларында көзделген сағаттар саны сараланған тәсілді ескере отырып алынуы және инклюзивті білім беру талаптарына сәйкес келуі тиіс. Пәндер арасында сағаттарды қайта бөлуге және мектепте жекелеген сабақтарға баруға жол беріледі.

12. Бөлімшелерде емдік дене шынықтыру (емдік дене шынықтыру) және музыкатотерапия сабақтары өткізілетін жағдайларда, мектепте музыка мен дене шынықтыру сабақтары жүргізілмейді.

13. Еңбекке және кәсіптік оқыту білім алушылардың денсаулық жағдайына қарай айқындалады және мынадай профильдердің: ағаш, тігін бағыты, шаштараз өнері, сәндік-қолданбалы өнер негізінде жүзеге асырылады.

14. Информатика және көркем еңбек, технология бойынша сағат саны артады. Бұл пәндерді қосымша зерделеу қажеттілігі болашақта кәсіптік бағдар беру мақсатында ақпараттық технологиялар мен еңбек дағдыларын игеруге ерекше мұқтаж балалардың қажеттілігімен байланысты. Бейнелеу өнері пәні кеңірек, пластикалық массалармен, басқа да көркем жұмыстар түрлерімен жүргізіледі, өйткені бұл іс-әрекет қолдың ұсақ моторикасын дамытады, назарын бекітеді, балаларды шығармашылыққа үйретеді.

15. Қажет болған жағдайда психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде (оңалту орталығының) белгіленген тәртіппен көмек көрсетіледі. Қазақ және орыс тілдері мен әдебиеті үшін бөлінген сағаттар 1 сағатқа қысқарып, басқа оқу пән сағаттарын жүргізу үшін қайта бөлінуі мүмкін және сол бөлімдерде тіл мүкістігін түзетумен айналысатын клиникалық логопедия сабақтарымен толықтырылады.

Назар аударыңыз!

Қазақ және орыс тілдерінде үйде оқыту үшін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу жоспарлары әзірленді және «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 ж. 04.09-дағы № 441 бұйрығымен толықтырулар енгізілді (73-80-қосымшалар).

Осы бұйрыққа сәйкес үйде оқитын 1-4-сынып білім алушыларына арналған ең жоғары шекті оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта - 12,5 сағат; 2-сыныпта - 14 сағат; 3-сыныпта - 14 сағат; 4-сыныпта - 14 сағат.

Оқыту қазақ тіліндегі 5-9-сыныптардың үйде оқитын білім алушылары үшін тиісінше сыныптар бойынша: 5-сыныпта - 15 сағат; 6-сыныпта – 15 сағат; 7-сыныпта - 18 сағат; 8-сыныпта - 18 сағат; 9-сыныпта - 19 сағат және оқыту орыс тіліндегі 5-9-сыныптың білім алушылары үшін: 5-сыныпта - 16 сағат; 6-сыныпта - 16 сағат; 7-сыныпта - 19 сағат; 8-сыныпта - 19 сағат; 9-сыныпта - 20 сағат.

ЖМБ/ҚГБ бағыттар бойынша оқыту қазақ тіліндегі 10-11-сыныптың білім алушылары үшін: 10-сыныпта және 11-сыныпта - 19 сағат, ЖМБ/ҚГБ бағыттар бойынша оқыту орыс тіліндегі 10-11-сынып оқушылары үшін 20 сағат.

Оқу нәтижелері бойынша осы ҮОЖ-ға сәйкес, үйде оқып жатқан түлектер колледждер мен университеттерге түсуге құқылы.

Үйде оқытуды тиімді және сапалы ұйымдастыру үшін мыналар:

1. үйде оқыту процесін ұйымдастырудың нормативтік құжаттары:
   - үйде жеке оқытуды ұйымдастыру туралы ереже;
   - үйде оқытудың жеке жұмыс оқу жоспары;
   - жеке жұмыс оқу бағдарламалары;
   - жеке оқыту кестесі;
   - жеке оқыту үлгерімі журналы ұсынылады;
2. мұғалімнің, психологтың, мектеп директоры орынбасарының функцияларын нақты белгілеу;
3. айына бір рет мектеп директоры орынбасарының қатысуымен үйде білім алушылардың оқу жетістіктерін тыңдап, қол жеткізілген нәтижелер мен олқылықтарды ескере отырып, олардың жеке білім беру бағдарламаларын түзету.
4. үйде білім алушылардың мектептің білім беру ресурстарына: кітапханаларға, мерзімді басылымдарға, оқу жабдықтарына, ЦБР-ға қол жетімділігін қамтамасыз ету.

Үйде оқитын баланы мектептен тыс жұмыстарға, үйірме жұмыстарына және мектептегі басқа да тәрбиелік іс-шараларға тарту маңызды, өйткені, үйде оқитын білім алушы өзін сынып пен мектеп ұжымының бір бөлігі екендігін сезінуі керек.

Үйде оқытуды ұйымдастыру бойынша қосымша ақпаратты "Жалпы білім

беретін мектептің оқу бағдарламалары бойынша балаларды үйде оқыту жөніндегі әдістемелік ұсынымдардан" табуға болады (*Академия сайты: www.nao.kz*).

15 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕПТЕРІНДЕ БАЛАЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қосымша білім беру – білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен мамандардың жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу, оқыту процесі («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 39-тармағы).

Балаларға қосымша білім беру олардың түрлерін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын білім беру ұйымдарында және мектептен тыс ұйымдарда жүзеге асырылады.

Қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін білім алушыларға *бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары көрсетеді және шарттық негізде* ұсынады («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағы).

Қосымша білім беретін *мектептен тыс ұйым* – білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу-тәрбие ұйымы («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының (38-3 тармағы).

Жалпы білім беретін мектеп – бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ *білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны* («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 21-тармағы).

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы).

Қосымша білімнің білім беру бағдарламалары білім алушылардың өзін-өзі билеуін, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімделуі, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар

жасауды көздейді («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 4-тармағы).

Қосымша білім беретін білім беру бағдарламалары оқыту нәтижелеріне және ұлттық біліктілік шеңберіне және салалық біліктілік шеңберлеріне сәйкестікке бағдарлана отырып, білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен мамандардың жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 1-тармағы).

Білім алушылардың жалпы қажеттіліктері балаларға қосымша білім берудің әлеуметтік-педагогикалық, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық, көркемдік-эстетикалық, музыкалық, әскери-патриоттық, спорттық-сауықтыру, жобалық зерттеулер және басқа бағыттары бойынша қамтамасыз етіледі.

Балалардың музыкалық мектептерінің, балалардың көркемсурет мектептерінің және балалардың өнер мектептерінің білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін білім беру бағдарламаларын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдары іске асыратын балаларға арналған қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын оларға қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын атқаратын органдар бекітеді. («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 3-тармағы).

Республикадағы балаларға қосымша білім берудің тиімділігін қамтамасыз ету үшін келесі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер жүзеге асырылады:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және бала қараусыздық пен панасыздылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Білім беру ұйымдарының тиісті түрлерінің типтік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

«Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының типтері бойынша үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығы;

«Балалар музыкалық мектептерінің, балалар өнер мектептерінің және балалар шығармашылық мектептерінің типтік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 543 бұйрығы.

«Қазақстан Республикасында балалардың қосымша білімін дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 19 ақпандағы № 81 бұйрығы.

«Балаларға қосымша білім беру және «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын тағайындау конкурсын өткізу саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 170 бұйрығы.

2019-2020 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері жалпы орта және қосымша білім беруді тығыз біріктіру қажеттілігімен айқындалады.

Заманауи мектептегі мазмұнның және технологиялардың өзгеруінің инновациялық сипаты іс-әрекетті таңдау еркіндігін, білім алушылардың жоғары уәждемесін, яғни, адамның шынайы шығармашылық өзін-өзі көрсете білуін қарастыратын қосымша білім беру арқылы күшейе түседі.

Бүгінгі күні Қазақстанда STEAM білімінің белсенді дамуы басталды. Жаңа білім саясатын іске асыру үшін жаңа технологияларды, ғылыми жаңалықтарды және математикалық модельдеуді дамытуға бағытталған STEAM элементтері білім беру бағдарламаларына енгізілуде.

STEAM аббревиатурасы: S – science, T – technology, E – engineering, A – art, M – mathematics, немесе жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерия, өнер, математика болып анықталады. Қысқаша айтқанда, қазіргі заманғы әлемде ең жоғары сұранысқа ие болуда. Бүгінгі таңдағы STEAM-нің дамуы әлемдік білім берудегі негізгі трендтердің бірі болып табылатыны таңқаларлық емес.

STEAM пәнаралық және қолданбалы тәсілдерді қолданып оқушыларды оқыту идеясына негізделген. Бес пәннің әрқайсысын бөлек оқытудың орнына STEAM оларды бірыңғай оқыту схемасына біріктіреді.

Сондықтан STEAM-білім беру немесе NTTM (жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы) қазіргі әлемде басым бағыт. Ғылыми және инженерлік мамандарға деген қажеттілікті технологиялық прогреске және инновациялық экономиканың өсуіне бағдарланған мемлекет, сондай-ақ «мамандардың жетіспеушілігі» бар IT-компаниялар екенін мойындайды.

Қазіргі заманғы кәсіпорындарға заманауи бәсекеге қабілетті, нарықта кәсіпкерлік артықшылығын көрсету үшін прогрессивті, жан-жақты дамыған, тақырыпқа бейімделген түпнұсқа ойшылар, сенімді және өздігінен уәжделген «білімді жұмыскерлерді» талап етеді. Конвейерде немесе басқару құрылғысында жұмыс жасау үшін жеткілікті болатын сауаттылықтың іргелі дағдылары және «имитациялық оқыту» инновациялық қоғамның талаптарын қанағаттандыру үшін сөзсіз жеткіліксіз. Қазір пәнаралық және тәуелсіз ойлауды қажет ететін алдыңғы қатарлы зияткерлік және шығармашылық дағдылар қажет.

STEAM білімі келесі себептер бойынша басымдылық болып отыр:

- жақын болашақта әлемде және Қазақстанда IT мамандары, бағдарламашылар, инженерлер, жоғары технологиялық өндірістердің мамандары және т.б. жетіспейтін болады;

- алдағы болашақта қазір елестету мүмкін емес мамандықтар пайда болады, олар жаратылыстану ғылымдарымен байланысты технологиялармен және жоғары технологиялық өндіріспен тығыз байланыста болады. Әсіресе Био және нанотехнология мамандары сұранысқа ие болады;

- болашақ мамандары жаратылыстану ғылымдары, инженерия және технологиялар саласындағы әртүрлі білім беру салаларынан жан-жақты оқытуды және білім алуды талап етеді.

STEAM-білім берудің ғылымға және математикалық білімге дәстүрлі оқытудан айырмашылығы бар? Ол аралас оқыту ортасын қарастырады және білім алушыларға күнделікті өмірде ғылыми әдісті қалай қолдануға болатынын көрсетеді. STEAM – мектепте және мектептен тыс жобалық және оқу-зерттеу жұмыстарын іске асыру бағыттарының бірі.

Қазіргі таңда бүкіл әлемнің оқушыларын робототехника, құрастыру, бағдарламалау, модельдеу, 3D-жобалау және тағы басқа қызықтырады. Осы мүдделерді іске асыру үшін күрделі дағдылар мен құзыреттер қажет. Бұл ретте біліп және жасап қана қоймай, оны зерттеп және ойлап табу маңызды. Бір мезгілде ғылым, математика, технология және инженерия сияқты негізгі академиялық бағыттарда дами білу қажет, оларды STEAM деген бір сөзбен біріктіруге болады.

STEAM-білім беру пәнаралық және қолданбалы тәсілдерді қолдану, сондай-ақ бес пәнді бірыңғай оқыту схемасына біріктіруге және робототехника, 3D-принтинг және бағдарламалау үйірмелер желісін кеңейтуге негізделген. STEAM-білім беру бойынша мектеп оқушылары арасында жыл сайын мектепішілік, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық жарыстар өткізіп отыру қажет.

Оқушылар арасында «ProffStart – BOLASHAQ MAMANDYĠY» ғылыми зерттеу жобалары байқауы; «NanoBioTech» – ғылыми, техникалық және экология-биологиялық бағыттағы байқау; «ÓNER-Tehnology» - өнердегі STEAM-технологияларды қолдану бойынша шығармашылық байқау, «ECOglobal» экологиялық жобалар байқауын, «JUNIORSKILLSKazakhstan» оқушылар арасында чемпионат өткізу ұсынылады.

Оқушыларға зерттеу және ғылыми-техникалық әлеуетті арттыруға, сыни, инновациялық және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға, проблемаларды шешуге, коммуникация мен командалық жұмыстарды дамытуға мүмкіндік беретін пәнаралық және жобалық көзқарас енгізіледі.

Заманауи әлемде креативті тұлға тәрбиелегің келсе, оған жақсы көркем білім беріңіз! Көркем білім беру бүгінгі жастарға XXI ғасырдың дағдыларын жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді, ал көркем шығармашылық іс-шаралар инновациялық оқытудың үлгісі болып табылады.

Заманауи *әлемде креативті* тұлға *тәрбиелегің келсе*, оған жақсы көркем білім бер! Дәл осы көркем білім бүгінгі күні жастарға 21 ғасырдың дағдыларын жан-жақты дамытуға нақты мүмкіндік береді, ал көркем іс-шаралар инновациялық оқыту үшін үлгі бола алады. Креативтілік экономика мен қоғам дамуындағы басты факторға айналды, бұл барлық процестердің қозғаушы күші. Креативтілік бәсекелестік артықшылықты шешуші факторға айналды. Іс жүзінде барлық салаларда автомобиль өнеркәсібінен сән индустриясына дейін, тамақ өнеркәсібінен ақпараттық технологияларға дейін ұзақ мерзімді болашақта шығармашылықпен айналысатын адам ғана жеңіске жетеді.

Әлемдік қоғамдастықта орын алған өзгерістер экономиканың тиімділігін арттыру және жаңғыртуға, кәсіпкерлікті дамытуға, бизнес бастамаларына, үнемдеуге, жас ұрпақтың экономикалық және қаржылық сауаттылығын қалыптастыру қажеттілігін өзектендіреді.

Экономикалық тәрбиенің негізгі базалық технологиялары ретінде ойын технологиялары (іскерлік, рөлдік ойындар, имитациялық, ұйымдастырушылық қызмет, тренингтер, коммуникациялық ойындар), жобалау технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы (экономикалық жағдайды талдау) және дамыта оқыту технологиясы нәтижелі болып табылады.

Экономикалық тәрбие беру мазмұнын іске асырудың ең тиімді формалары жастар кәсіпкерлігі, оқыту фирмаларын, компанияларды, технопарктерді, бизнес-инкубаторларды, стартап-орталықтарды, бастауыш мектептерді және т.б. құру жұмыс істеу аясында әлеуметтік маңызды іс-шаралар болып табылады.

Жаңа оқу жылында кәсіпкерлікті насихаттау бойынша «Жастар кәсіпкерлігі», «Бизнес идеялар», «Менің бизнесімдегі басқа мамандықтардың рөлі», «Өз бизнесіңді құру үшін ынталандыру» тренингтері, техникалық шығармашылық көрмелер, өндірістік нысандарға экскурсиялар және т.б. іс-шараларды өткізу ұсынылады.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында экология, қоршаған орта мәселелерімен айналысуға болады. Бұл жағдайда сабақтар жобалық технологиялар негізінде әртүрлі жастағы бірлестіктерде өткізілуі керек.

Білім беру ұйымдарында экологиялық қонақжайлар, эковидео салондары, «Экомектептер», табиғатта серуендеу, көгалдандыру бойынша экологиялық десант және т.б. жұмыстар ұйымдастыру ұсынылады.

Ересектермен бірлескен іс-әрекеттер, өздерінің туған жерін тану мен сақталуына қатысы барын білу білім алушылардың экологиялық сана-сезімін, сонымен бірге моральдық құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Білім алушылардың жанына жақын объектілерін зерттеуді таңдау оқушылардың жобалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына көп көңіл бөлуді қажет етеді. Осы мақсатта:

«Тұрмыстық қатты қалдықтардан табиғи аумақтарды тазарту»,

«Энергия марафоны»,

«Тұрақты даму мүддесінде энергия тиімділігі»,

«Экологиялық аудит»,

«Қаланың экологиясы және тұрғындардың денсаулығына әсері»,

«Сенің болашағын»,

«Экология және балалар» жобаларына қатысу ұсынылады.

Жаңа оқу жылында білім алушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, мұражай қорларын толықтыру, мұражайларда тақырыптық көрмелер, экскурсиялар және басқа да іс-шаралар өткізу бағыттары бойынша мектеп мұражайларының қызметін жаңғырту қажет.

Жалпы алғанда, интеграция үрдісі кешенді бағдарламалар мен жобалардың санын көбейту болып табылады: тарихи ойындар, музыкалық театр, балалар филармониясы, іздеу-жұмыс клубы, ән-күй, ғылым мен

техниканың мектеп академиясы және т.б.

Осылайша, негізгі білім мен балаларға қосымша білім беру тең, өзара бірін бірі толықтыратын компоненттерге айналады және әрбір баланың толыққанды дамуына қажетті бірыңғай білім беру кеңістігі құрылады.

Қосымша мектептен тыс іс-шараларды, үйірмелер мен секцияларды ұйымдастырудың басты мақсаты – баланың дарындылығын ерте анықтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту, оның жан-жақты қызығушылықтарының шеңберін қалыптастыру, кәсіби өзін-өзі анықтауға жәрдемдесу.

Білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық шеберханаларды, үйірмелерді, әдеби сабақтарды, жергілікті тарих курстарын, робототехника үйірмелерін, қызықты химия, физика, математика, электротехника және тағы басқаларды ұйымдастыруға болады.

Қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары (одан әрі – бағдарлама) көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, жаратылыстану, экологиялық және биологиялық, дене шынықтыру және спорт, әскери-патриоттық немесе мәдениеттану бағыттарында педагогтер өздері әзірлейді.

Бағдарламаға қойылатын талаптар. Білім беру бағдарламасы – – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 9-2)-тармақшасы).

Қосымша білім беру бағдарламасы өзекті, ұтымды, шынайы, бақыланатын болуы керек. Білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға баса назар аудару қажет. Ең құнды практикалық қызметтің тәжірибесін алудың міндеттері мен нұсқаларын анықтау қажет. Бағдарламаның білім алушылардың жетістіктерін бақылайтын мүмкіндігі болу керек.

Мектептегі қосымша білім келесі кезендерді іске асыра отырып, ұйымдастырылады.

1. Білім алушылардың қажеттіліктері мен бейімділіктерін зерделеу. Білім алушылар мен ата-аналарды жазбаша тестілеу, ауызша сауалнама жүргізу арқылы мәліметтер жинауға болады.

2. Білім алушыларды қызығушылық топтары арқылы біріктіріп, секциялар мен топтар құру. Мектептегі қосымша білім беру жүйесі мен бағдарламасының үлгісін сауалнама нәтижелері бойынша қалыптастыруға болады. Осы кезеңде мектептен тыс оқытудың негізгі бағыттарын белгілеу қажет.

Іс-шараларға қатысушылар санының және белгілі бір тақырып бойынша білімге мұқтаж қатысушылар негізінде жасалады.

3. Оқу саласын анықтауда оқытушылар мен білім алушыларға көмек көрсету. Білім алушылар қосымша білім беру бағдарламаларын еркін таңдауға мүмкіндік алады. Балалардың қабілеттерін және оларды одан әрі дамытудың траекториясын анықтау үшін, білім алушылармен сабақ басталғанға дейін кіріспе тестілеу жүргізуге болады, оның нәтижелері басшылыққа алынуы мүмкін, бірақ олар негізгі болып есептелмейді.

Қосымша білім беруде сабақ түрлері маңызды рөл атқарады. Соңғы

нәтиже таңдалған әдістемеге байланысты. Жыл сайын оқытудың жаңа технологиялары пайда болуда. Сондықтан әрбір педагогтің психологиялық-педагогикалық білімі болуы, өзінің оқыту әдісін үнемі жетілдіріп, жаңа педагогикалық технологияларды меңгеруі тиіс.

Қосымша білім беру сабақтарының формалары келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- дамыту сипатына ие болу, дәлірек айтқанда, білім алушылардың табиғи бейімділігі мен мүдделерін дамытуға бағытталған;
- мазмұны мен сипаты бойынша әр түрлі;
- әртүрлі қосымша әдістерге негізделуі.

Ағымдағы бақылау мен тұрақты түзету жұмыстарын жүргізу қажет. Есепті кезеңді анықтап, оның соңында білім алушылар, үйірмелер мен секцияларға қатысу, оқушылардың үлгерімі туралы мәліметтер жинау қажет. Барлық жиналған деректер талданады және жүйеленеді. Осы ақпарат бойынша қажет болған жағдайда түзету іс-шаралары әзірленеді.

Қызметті талдау және жұмыс перспективаларын анықтау үшін тұрақты мониторинг жүргізу маңызды. Бұл білім алушыларды қызықтыратын бағыттар бойынша қосымша оқыту жүйесін енгізудің нәтижелілігін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мектепте қосымша білім беру жүйесін дамыту перспективасын анықтауға болады.

Қосымша білім беру жүйесі, яғни үйірмелер, секциялар және басқа да сыныптан тыс шаралар нақты білім беру ұйымының материалдық базасында қалыптасады. Қолданыстағы бар кабинеттер, мүкәммал, әдебиет пайдаланылады. Барлық мектептер сыныптан тыс сабақтар мен пәндерді терең оқытып, ұйымдастыру үшін қажетті және жеткілікті ресурстарға ие емес. Сондықтан, мектеп өз бюджетімен қосымша білімді қамтамасыз ете алмаса, ақылы секциялар мен үйірмелер енгізіледі.

Сондай-ақ, мектептен тыс ұйымдардың ресурстарын - сарайлар, орталықтар, кешендер, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының студиялары, жас техниктердің, туристердің, натуралистердің станциялары мен базалары, балалардың музыкалық, көркемөнер мектептері, өнер мектептері, қызығушылықтары бойынша клубтар, спорттық, сауықтыру, туристік лагерьлер және т. б. пайдалануға болады.

Соңғы жылдары Қазақстанда мектептер жанындағы әскери-патриоттық және әскери-спорттық бірлестіктер желісі белсенді дамуда, шефтік байланыстар кеңейтілуде, әскери және азаматтық жастар арасындағы өзара іс-әрекет нығаюда. Бүгінгі таңда, әскери талдаушылардың бағалауы бойынша әскери-патриоттық клубтың әрбір төртінші тәрбиеленушісі өз өмірін әскери қызметімен байланыстырады. Қорытынды ретінде әскерге шақырылған немесе әскери оқу орындарына түскен, әскери-патриоттық клубтардың қабырғаларында тәлім-тәрбие мен шыңдаудан өткен жастар, әскери қызметтің жағдайына оңай бейімделіп, әскери ғылымның қырларын игеруде жоғары дағдыланған болады.

Қазіргі таңда, әскери-патриоттық клубтарды құру мектеп базасында әскери-патриоттық бағыттағы мұражайларды ашу өте өзекті. Көптеген мұражайларда өзінің әскери-тарихи профилі бар. Олар Ұлы Отан соғысының

жекелеген кезеңдеріне, оқиғаларына немесе батырларына арналған. Мемориалдық мұражайлардың экспозициялары соғыс жылдарының тарихын баяндайтын болады.

Әскери-патриоттық клубтар бірқатар міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: бұл жасөспірімдердің бос уақытын қамту; патриоттық тәрбие; оқушылардың ой-өрісін кеңейту; салауатты өмір салтын қалыптастыру; ҚР Қарулы Күштері қатарында қызметке оң көзқарастарын қалыптастыру.

Клуб – бұл таңдау еркіндігін көздейтін қоғамдық ұйым, әртүрлі әлеуметтік пайдалы қызметтер түрлеріне қосылуға, өз күшін тексеруге, өзін-өзі растауға мүмкіндік береді. Бұл жерде тұлғаның маңызды моральдық қасиеттері қалыптасады: барлық ұжымның атынан жауап беруге, өзінің өмірлік позициясын жасауға.

Қазіргі жағдайда кез келген білім беру ұйымының тиімді қызметінің басты ресурсы оның кадрлық әлеуеті болып табылады. Қызметкерлердің әлеуметтік маңызды нәтижеге қол жеткізе білуіне, кадрлардың біліктілігіне, ұйымның даму перспективаларына септігін тигізеді. Жеке әлеуеттен басқа ұжымдық әлеует, ұжымдық мақсаттарға қол жеткізу кезінде бірлескен жұмыс және өзара іс-әрекет әлеуеті қызмет тиімділігінің елеулі және өсіп келе жатқан факторы болып табылады. Кәсіпқойлықпен қатар, талап етілетін қасиеттердің бірі, маманның «командада» әрекет ету қабілеті болып табылады.

Балаларға білім беруді, демалысты, сауықтыруды ұйымдастыру үшін кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру факторларының бірі педагогикалық жасақтардың қызметі болып табылады, оларды құру кезінде «командалық» тәсіл қолданылады.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, командалық жұмыс принциптерін пайдаланатын педагогикалық жасақтар педагогикалық бағдарламаларды іске асырудың жоғары сапасын қамтамасыз етеді; жаңа технологияларды белсенді әзірлейді, апробациялайды және енгізеді, өзекті мәселелерді шешудің стандартты емес жолдарын іздейді.

Сондықтан, мектеп базасында «Тәлімгер мектебі» педагогикалық жасақтарын құру қажет, олар балалардың қызығушылықтарын арттыратын әртүрлі іс-шаралар өткізеді.

Балалар мен жастарды ұлттық өнерге және ұлттық спортқа баулу мақсатында «ALTYN URPAQ» жобасы ұсынылады.

Жоба ұлттық спорт (асық ату, тоғызқұмалақ, қазақ күресі т.б.), ұлттық өнер (домбыра, қобыз, жетіген, қазақ биі, қазақ әндері және т.б.) түрлерін үйрету арқылы өселең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге, ақыл-ойын дамытуға, ұлттық рух-жігерін көтеруге бағытталған.

Жоба білім беру ұйымдарында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, бастауыш мектепте (1-4 сыныптар): «Домбыра», «Қазақ биі», «Асық ату», «Тоғызқұмалақ», орта мектепте (5-6 сыныптар): «Қазақ күресі», «Қазақ әндері» іске асырылады.

Мектепішілік, аудандық (қалалық) және облыстық деңгейлерде байқаулар мен жарыстар ұйымдастыру және өткізу ұсынылады:

1) Алғыс күніне арналған «Ризашылық-мейірімділік бұлағы» жалпы

ұлттық мәдени-білім беру жобасы шеңберінде:

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілері арасындағы «Қазақстан – менің алтын бесігім» балалар фестивалі мына номинациялар бойынша жүргізіледі: «Татулықтың тұтқасы - бірліктің бесігі» халықтық билер байқауы; «Жүрек жылуы» вокалистер байқауы; «Ризамын халқыма!» музыкалық-театрлық қойылымдар байқауы (мюзикл);

- жалпы білім беретін мектептердің оқушылары арасында «Ұшқыр ой алаңы» пікір-сайыс турнирі. Турнир дебаттық қозғалыс мүмкіндіктерін кеңейту арқылы білім алушылардың әлеуметтенуі мен өзін-өзі дамыту міндеттерін шешуге бағытталған;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар арасындағы «Шексіз шығармашылық» конкурсы;

2) «Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің фестиваль-байқауының бағыттары «Драмалық спектакль»; «Музыкалық спектакль» (опера, оперетта, мюзикл, балет, данс-спектакль және т.б.); «Әдеби-музыкалық композиция»; «Қуыршақ спектаклі»;

3) «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен натуралистер форумы мына номинациялар бойынша өткізіледі: «Туған өлкені зерттейміз», «Жасыл экономика», «Денсаулық және қоршаған орта» зерттеу жобаларының байқаулары; «Экоәлем» экологиялық жұмыс туралы бейнеролик; «Жасыл оазистер» - экодизайнерлер байқауы;

*4) «*Алтын қазына*»* көркем және сәндік-қолданбалы балалар шығармашылығы көрме-байқауы мына номинациялар бойынша өткізіледі:

- *тоқыма бұйымдарын дайындау: гобелен, кесте, батик, киіз басу, құрақ пластика;*

- *ағашты, сүйекті, былғарыны көркем өңдеу: көлемді және тегіс ою, ағашқа сурет салу, қабықтан жасалған бұйымдар; инкрустация (сүйек, металл,ағаш);*

- *шыныны көркем өңдеу: витраж;*

- *металды көркем өңдеу: зергерлік бұйымдар, шағын формадағы мүсін, нақыштау, соғу;*

- *ағаштан, тастан, саздан (қыш саздан), сабаннан, ағаштан, тоқымадан шағын формадағы мүсіндер жасау;*

- *ұлттық ою-өрнек элементтерімен халықтық киім үлгісін жасау;*

- *қағаздан бұйымдар жасау: оригами, аппликация, квиллинг, папье-маше;*

5) «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялар байқауы мына номинациялар бойынша өткізіледі:

- автокөліктің қолданыстағы модельдерін әзірлеу саласындағы техникалық құрастыру (автобустар, жеңіл көлік, жүк көлігі, арнайы техника, тәжірибелік модельдер және жол таңдамайтын көліктер);

- өндіріс саласындағы техникалық құрастыру (станок жабдықтары, техникалық ойыншықтарды қоса алғанда әр түрлі техникалық нысандар моделдері, оның ішінде дәстүрлі емес материалдардан (қағаз-пластиктен және т.б.) жасалған тәжірибелік модельдер);

- ауыл шаруашылық техникалар мен жабдықтар саласындағы техникалық құрастыру (трактор модельдері, комбайн, тұқым сепкіш, жүк тиегіш, жүк іріктегіш, шөмеле үйетін машина, ауыл шаруашылық кешендері, тәжірибелік модельдер және т.б.);

- әскери техника саласындағы техникалық құрастыру (танк модельдері, зеңбірек, бронетранспортерлер, әуеқорғаныс құрылғылары, тәжірибелік модельдер тапаншадан, қарудан, автоматтан және т.б. басқа);

- су көлік саласындағы техникалық құрастыру (ауа жастықшалы кеме моделі, кеме, яхта, гидроплан, катер, қайық, тәжірибелік модельдер және т.б.);

- құрылыс облысындағы жобалар (тұрғын үй макеттері, әкімшілік ғимараттар, коттеджддер, кешендер, спорттық ғимараттар, вокзалдар, порттар, аэродромдар, сауда орталықтары және т.б.);

- жылу энергетикасы, электр энергетикасы, баламалы энергетика саласындағы жобалар (ядролық энергетика және жылу физикасы; альтернативті және көміртекті емес энергетика;

- энергия үнемдеуші технологиялар; отын өндіру және өңдеу; радиоактивті қалдықтарды сақтау және қайта өңдеу технологиясы және т.б.);

- авиация саласындағы жобалар: авиациялық техника әзірлеу саласындағы жобалар және модельдер (ұшақтар, тікұшақтар, пилотсыз ұшатын аппараттар, экранопландар, гидроұшақтар, амфибиялар және т.б.);

- космонавтика және аэрокосмос техникасы саласындағы жобалар: космос техникасын әзірлеу саласындағы жобалар және модельдер (зымыранды жүйелер, космос станциялары, спутниктер, аппараттар және т.б.), зымыран құрастыру (космос кемелері, зымырандар және ілеспелі техника);

6) «Ақ шағала» хореографиялық фестиваль-байқауы мына номинациялар бойынша өткізіледі: халық биі және халықтық-стильденген би (әлем халықтарының биі; қазақ биі); заманауи би (эстрадалық би, аралас-би);

7) «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносы байқауының номинациялары: *деректі (ойынды емес) кино – нақты оқиға негізінде алынған, адамдар, жағдайлар туралы шығарма; ойынды кино – операторлық және режиссерлік, актерлер өнер көмегімен түсірілген сюжетті (ойдан шығарылған немесе нақты оқиға желісі бойынша) шығарма; STOP-MOTION - STOP-MOTION технологиясымен құрылған видео, сюжетті шығарма. Таңдап алынған видеодан немесе фотокамерамен түсірілген кадрларды тізбектей монтаждалатын ролик.*

Кадрда аз қадам жасай жылжи отырып, үздіксіз қозғалыстағы адамдар мен заттардың қозғалыс иллюзиясын жасайды; әлеуметтік жарнама, әлеуметтік ролик – қоғамдағы мәселелерге көрермендердің назарын аударуға арналған қысқа жарнамалық хабарлама; анимация – компьютерлік немесе заттық техникада орындалған, қозғалмалы иллюзияны құрайтын кез-келген мультипликациялық шығарма; видео-арт – компьютерлік өңдеудің және жаңа видеотехникалық құрылғылардың көмегімен түсірілген көркемдік авторлық концепциясы бар видеоролик; музыкалық клип; киножурнал – елдің өмірі, ішкі және халықаралық саяси оқиғалар және т.б. туралы қысқа ақпараты бар кинохроника түрі; «Ералаш» – әзіл-сықақ бейнеролигі;

8) «Менің отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтар байқауы мына номинациялар бойынша өткізіледі: «Туған өлке соқпақтары» іздеу-зерттеу жобасы; экологиялық экспедицияның есебі; экологиялық соқпақ - қатысушылар экологиялық карта жасайды; «Біріктірілген туризм» - қатысушылар кросс-жорық жүргізеді, оған туристік техника және тактика, бағдарлау, топография, алғашқы медициналық көмек көрсету, жартасқа шығу және құтқару жұмысының элементтері кіреді;

9) техникалық шығармашылық және өнертапқыштық жарыс (әуе, зымыран, авто және кеме жасау) модельдердің кластары бойынша: радиомен басқарылатын көлік модельдері, автотрассалық модельдеу, әуе модельдері, кеме модельдері, зымыран модельдері;

10) «Шеберлер қаласы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» өлкетану сәндік-қолданбалы шығармашылығының көрмесі мына номинациялар бойынша ұйымдастырылады:

«Жарамсыз материалдардан жасалған бұйым»;

«Табиғи материалдардан жасалған бұйым»;

«Тұрмысқа арналған креативті бұйымдар»;

«Ұлттық колориті бар интерьердің ерекше дизайн-жобасы: үйдің, бөлменің, саяжайдың, ландшафтың және т.б.»;

«Матадан жасалған бұйымдар (құрақ техникасы, жұмсақ ойыншық және т.б.)»;

«Өңірдің көркемдік және халықтық қолөнері».

Байқаулар, көрмелер мен жарыстардың облыстық, қалалық (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент) кезеңдерінің жеңімпаздары білім басқармаларының өтінімдері негізінде республикалық маңызы бар іс-шараларға қатысады.

Сабақтан тыс уақытта балалардың жұмыспен толық қамтылуын қамтамасыз ету үшін пән мұғалімдерінің әлеуетін тиімді пайдалану қажет. Пән мұғалімдері үйірмелер, секциялар, студиялар, қызығушылықтары бойынша клубтар, спорт секцияларын, дайындық курстарын жүргізе алады, өз бейіні бойынша сабақтан тыс уақытта танымдық, байқау, ойын-сауық бағдарламаларын, экскурсияларды және т.б. ұйымдастырады.

Мысалы, физика мұғалімі «Қызықты физика», «Робот техникасы» немесе техникалық шығармашылық (техника түрлерін моделдеу: авто, әуе, кеме және т.б.) үйірмелерін жүргізе алады. Яғни, педагог күннің бірінші жартысында пән мұғалімі, екіншісінде – қосымша білім беру педагогі болып жұмыс істейді.

Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдар жалпы орта білім беру ұйымдары мен мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдары үшін қосымша білім беру педагогтері мен ұйымдастырушы-педагогтерінің қосымша штат бірліктерін қарастырады.

Сабақтан тыс уақытты ұйымдастырудың басты мақсаты – оқушылардың әлеуметтік, моральдық тұрақты, шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға және оны сауықтыруға бағытталған білім алушылардың пайдалы жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін біртұтас білім беру жүйесін құру.

Сабақтан тыс уақытта оқушылардың денсаулығын сақтауға, білім алушылардың да, педагогтердің де өз бетінше білім алуына және дамуына

бағдарлануы, олардың мүдделерін ескере отырып, оқушылардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ ұжымдық және жеке тақырыптық ғылыми-зерттеу және шығармашылық жобаларды іске асыруға қатысу арқылы балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталуы тиіс.

Осылайша, жалпы білім беретін мектепте балаларға қосымша білім беру ресурсын пайдалану бірыңғай білім беру кеңістігі шеңберінде білім алушылардың бойында әлемді тұтас қабылдауды қалыптастыруға, жеке қызығушылықтары мен жеке басының қажеттіліктерін дамыту үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

16 ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Әдістемелік қызмет педагогтің кәсіби әлеуетін дамытуға бағытталатын педагогикалық шаралардың тұтас жүйесі. Педагогикалық ғылымның жетістіктері, озық педагогикалық тәжірибе және болып жатқан педагогикалық үдерістерді талдау, әдістемелік қызметтің негізін құрайды.

Жаңартылған білім беру жағдайында әдістемелік кабинеттердің рөлі мен орны өзгерді. Білім беру жүйесін жаһандық реформалау, жетекші білім беру құндылықтарының «жолсерігі» болып табылатын және ұстаздар қауымына жеткізе алатын, жоғары кәсіби әдіскерлерге қажеттілігін анықтады. Озық кәсіби қызмет, педагогикалық кадрлардың кәсіби дамудағы әлеуетті қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру сонымен қатар жағдай жасау әдістемелік қызмет үшін басым болып табылады. Әдістемелік қызмет әдістемелік қызметті таңдау құқығын қамтамасыз етуге, педагогтың жеке білім беру бағытын іске асыруға мүмкіндік беруге ұмтылуға демек – серпінді жаңартуға бағытталған.

Оқу-әдістемелік қызметті нормативтік құқықтық қамтамасыз ету мынадай нормативтік-құқықтық құжаттармен айқындалады:

- 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (5-тарау, 29-бап, 1, 2 -тармақ) - «Білім мен ғылымды интеграциялау, оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, білім беру ұйымдарында және тиісті инфрақұрылымда педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүзеге асырылады», «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа басшылық жасау: орта білім беру ұйымдарында – облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әдістемелік кабинеттеріне және аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің әдістемелік кабинеттеріне; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органдарының әдістемелік кабинеттеріне және бейіндер бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бірлестіктеріне».

- «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016

жылғы 18 қаңтардағы № 40 бұйрығы;

- «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың Үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы;

- «Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 370 бұйрығы, 2-тармақ;

- «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы
№ 77 қаулысы;

Әдістемелік кабинет/орталық қызметінің мақсаты мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруда білім беру ұйымдарын оқу-әдістемелік қолдауды жүзеге асыру, үздіксіз білім беру үшін жағдай жасау, педагог және басшы кадрлардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру болып табылады.

Білім басқармаларының әдістемелік кабинеттерінің/орталықтарының штаттарын қалыптастыру «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулы жобасына сәйкес жүзеге асырылады.

Әдістемелік кабинеттер «Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 370 бұйрығына сәйкес жұмыс істейді. Бұйрықта «Әдістемелік орталықтар/кабинеттер» жалпы ережесі, ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларының 2-тармағында жазылған.

Білім беру ұйымдарында және тиісті инфрақұрылымда, оның ішінде оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті үйлестіру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Әдістемелік орталықтардың (кабинеттердің) оқу-әдістемелік жұмысының негізгі бағыттары:

1) оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және педагогке, білім беру ұйымдары мен әдістемелік бірлестіктерге көмек көрсетуге бағытталған білім беру қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша оқу - әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және өткізу (консультациялар, сабақтарды талдау, дәрістер, мастер-кластар, семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар,

педагогикалық оқулар, Педагогикалық шеберлік мектептері, кәсіби шеберлік конкурстарын өткізу);

2) білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша, оқу-әдістемелік жұмыстың мазмұнын жетілдіру бойынша әдістемелік құралдар, ұсынымдар әзірлеуді ұйымдастыру;

3) педагогикалық қызметті зерделеу, талдау және бағалау, тәрбиеленушілер мен оқушылардың білім жетістіктерін мониторингілеу, жұмыс тәжірибесін жинақтау мен жүйелендіруді қамтамасыз ету, жұмыстың тиімді нысандары мен олардың нәтижелері туралы деректер банкін құру;

4) білім беру ұйымдары мен педагогтарға инновациялық қызметке қолдау көрсету, тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

5) педагогтарды мемлекеттік білім беру саясатының негізгі үрдістерімен уақтылы таныстыру, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін, сыныптан тыс, мектептен тыс пәндік және тәрбие жұмыстарын зерделеу және шығармашылық игеру;

6) педагогтарды балалар мен ересектерді оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиет туралы қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету, ақпараттық-библиографиялық жұмыс жүргізу, бейне, медиатека жасау;

7) қалалық, аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейлерде білім алушыларды білім беру мен тәрбиелеуге қатысатын ғалымдармен, білім беру ұйымдарымен, мемлекеттік және үкіметтік емес құрылымдармен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастыру;

8) жетекші мамандарды тарта отырып, оқу-әдістемелік материалдарды сараптау, оқу-әдістемелік және сараптамалық кеңестердің, уақытша ғылыми-зерттеу және шығармашылық топтардың қызметін үйлестіру;

9) біліктілікті арттыру ұйымдарымен бірлесіп, педагогикалық және басшы қызметкерлердің біліктілігін арттыруды болжау, жоспарлау және ұйымдастыру, педагогтарға үздіксіз білім беру жүйесінде ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету.

Білім берудегі қазіргі жағдай, білім беру мәртебесі мен міндеттерінің өзгеруі, оған балалар мен ата-аналар тарапынан қойылатын жаңа талаптар, сондай-ақ басқа да бірқатар басқа да себептер әдістемелік орталық/кабинет қызметінің ұйымдастырлуына ерекше өзектілік береді, сол себепті ол:

- қоғамның заманауи талаптарын ескере отырып, білім беруді дамытуды қамтамасыз етуі;
- педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамытуы, ең үздік тәжірибені анықтауы және жинақтауы сонымен қатар ондағы маңыздылықты айқындап қызметкерлерге жеткізуі;
- білім берудің жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу бойынша мәселелерді шешуі;
- заманауи педагогикалық парадигмаға және жаңа педагогикалық технологияларға негізделген білім беру процесінің жоғары сапасына қол жеткізуі;

• зерттеу жұмысын жүргізуді ұйымдастыруы тиіс.

Табысты тәжірибе-бұл жоғары нәтижелілік пен оңтайлылықпен, яғни жоғары тиімді нәтижелерге қол жеткізумен ерекшеленетін тәжірибе. Табысты педагогикалық тәжірибені анықтау және қолдау мақсатында келесі критерийлерді орындау қажет:

- **Өзектілігі.** Бұл критерий, ең алдымен, қоғамдық даму үрдістеріне, мемлекеттің әлеуметтік тапсырысына, нормативтік-құқықтық құжаттарға, заманауи педагогикалық ғылым идеяларына, педагогтардың кәсіби мүдделеріне сай болуы тиіс. Өзектілік критерийі өңірлік білім беру саясатының міндеттерін шешуге ықпал етуі тиіс

- **Ғылыми негізділігі, ғылым жетістіктеріне сәйкестігі.** Табысты тәжірибені педагогикалық ғылымның заманауи жетістіктерін ескере отырып негіздеу қажет. Бұл тәжірибе педагогтардың шығармашылық теориялық ізденістерінің және әдістемелік іс-әрекетінің нәтижесі немесе сынамалар мен қателіктер процесінде табылған болуы мүмкін.

- **Оптималдығы.** Тұрақты оң нәтижелерге қол жеткізу үшін қатысушылардың күштерін, құралдарын және уақытын оңтайлы жұмсау. Жоғары нәтижеге қол жеткізу қатысушылардың шамадан тыс жүктелуі, олардың денсаулығына зиян келтіретін күштерді шамадан тыс жүктеу есебінен болса, тәжірибені табысты деп санауға болмайды.

- **Жаңашылдық және жаңашылдық элементтерінің болуы.** Ғылыми жаңалық, белгілі әдістемелер элементтерінің комбинациясы, әдістемелік қызметтің жекелеген жақтарын ұтымды ету және жетілдіру, әдістемелік қызметтің даму перспективаларын терең түсіну сияқты жаңашылдықтың нақты сапалық көрсеткіштері болуы тиіс.

- **Нәтижелілік** білім беру жүйесінің талаптарына сәйкес анықталады.

- **Тұрақтылық.** Тұрақтылық критерийі болған кезде табысты тәжірибе белгілі бір уақыт бойы тұрақты жоғары көрсеткіштер береді және өзгермелі жағдайларда нәтижелердің берілген деңгейін сақтайды

- **Перспективасы.** Табысты тәжірибе оны қайталауға және шығармашылық пайдалануға, бұл тәжірибені бұқаралық практикада кеңейтуге мүмкіндік беруі тиіс.

Осылайша, табысты тәжірибе-бұл шығармашылық ізденістің, жаңашылдықтың, бірегейліліктің элементтері бар әдіскерлер мен педагогтардың жоғары шеберлік тәжірибесі.

Қазақстандағы білім берудің жаңартылған мазмұнының мәні «білетін адам» тұжырымдамасынан, яғни білім, білік және дағды жүйесімен қаруланған адамнан«өмірге дайындалған адамға» яғни, белсенді және шығармашылық ойлауға, әрекет етуге, интеллектуалдық, адамгершілік және физикалық тұрғыдан өзін-өзі дамытуға қабілетті адам концепциясымен айқындалады. Бұл ретте оқушыны оқыту кезінде ауыр және түрлі жоспарлы жұмыс процесіне, материалды оқу үшін қажетті дағдыларды меңгеруге тарту қажет.

Әдістемелік қызметті жаңарту төмендегідей сапалы позицияларда қарастырылады:

• білім беру тәжірибесі мен білімге деген сұранысты жүйелі ұғыну негізінде

педагог кадрлармен жұмысты өзгерту;

• жинақталған педагогикалық тәжірибені шығармашылықы өңдеу;

• инновацияларды енгізу негізінде қалыптасқан жұмыс тәжірибесін жетілдіру.

Білім беру жүйесіндегі әдістемелік жұмыстың иерархиялылығы келесі деңгеймен анықталады:

- аудандық (қалалық) әдістемелік кабинет;

-білім беруді басқару органдары құрылымындағы әдістемелік бөлім;

-қалалық, аудандық ақпараттық-әдістемелік орталық (кабинет);

- ғылыми-әдістемеліккалалық (аудандық) әдістемелік орталық (кабинет);

- біліктілікті арттыру мекемелерінің құрылымындағы оқу-әдістемелік кабинет (бөлім) және т.б.

Мақсаттары мен функцияларында айырмашылықтары бар әдістемелік қызметтер қызметі, арнайы міндеттерді шешуге бағытталған. Аудандық (қалалық) **әдістемелік орталық/кабинет,** әдістемелік қамтамасыз етудің дәстүрлі және басым деңгейі ретінде келесі қызметтерді көрсетеді:

- әдістемелік көмек көрсете отырып, кадрлардың біліктілігін арттыру мүмкіндігін анықтайды және оларды қайта даярлауды жүзеге асырады;

- қызметкерлерді білім мазмұны, оқытудың инновациялық технологиялары, жаңа оқу құралдары және т.б. туралы ақпаратпен уақтылы қамтамасыз етеді.

Заманауи әдістемелік қызмет түрлі педагогикалық экспериментті жүргізуге, авторлық әзірлемелерге және педагогикалық технологиялар спектрін енгізуге назар аударуы тиіс. Негізгі функциялармен қатар аудандық (қалалық) деңгейлердегі әдістемелік қызмет білім беру процесін әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз етуге, ақпараттық қажеттіліктерді диагностикалауға, кадрларды аттестаттауға, мекемелерді аттестаттауға және мемлекеттік аккредиттеуге бағдарлануы мүмкін.

Барлық деңгейлердегі қазіргі әдістемелік қызмет жұмыстың дәстүрлі түрлерін (консультациялар, семинарлар) және жалпы практика үшін жаңа (педагогикалық шеберлік конкурстары, психологиялық практикумдар және т.б.) түрлерін бірге ұштастырады. Мұндай формалар арқылы қандай да бір қызмет түрін әдістемелік қамтамасыз етуге, әдістемелік қызмет принциптеріне сәйкес мұғалімге кәсіби-педагогикалық көмек көрсетуге, қиындықтарды сауатты түрде жоюға, педагогикалық, әдістемелік, тәрбие, білім беру қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асыруға байланысты туындаған сұрақтарға негізделген жауаптар беруге мүмкіндік пайда болады.

«Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 370 бұйрығының 2 параграфына сәйкес, Әдістемелік орталық (кабинет) қызметінің мақсаты білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім берудің білім беретін бағдарламаларын іске асыруда білім беру ұйымдарын оқу-әдістемелік қолдауды жүзеге асыру, үздіксіз білім беру үшін жағдайлар жасау, педагог және басқарушы кадрлардың кәсіби біліктілігін

жетілдіру болып табылады.

Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында әдістемелік қызмет педагогке оның кәсіби дамуына көмек көрсетуге бағытталған, өйткені оның дұрыс ұйымдастырылуы әдістемелік қызметтің барлық субъектілерінің тиімді кәсіби-әдістемелік қарым-қатынастарына байланысты.

Келесі критерийлер әдістемелік қызметтің негізі болып табылады:

- оқушылардың функционалдық сауаттылығы;
- авторлық әдістемелер (бірегейлігі);
- педагогтардыңы өз қызметіне қанағаттануы;
- педагогтердің кәсіби шеберлігінің жоғары деңгейі.

Әдістемелік орталық/кабинет қызметін жоспарлаудың бастапқы кезеңі Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасына сәйкес 7 бағытқа бағдарлануы қажет, олар білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында әдіскерлер мен педагогтардың өзара іс-қимылының тиімділігін анықтайды. Атап айтсақ:

- Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.
- Сын тұрғысынан ойлауға үйрету.
- Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау.
- Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.
- Талантты және дарынды балаларды оқыту.
- Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.
- Оқытуды басқару және көшбасшылық.

«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына сәйкес педагогтің «педагог», «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» лауазымдық міндеттері көрсетілген.

Жаңартылған білім беру жағдайында әдістемелік қызметтің бірінші кезеңінде жоспарлау:

- мемлекеттік білім беру саясатының негізгі үрдістерін зерттеумен;
- біліктілікті арттыру процесін жоспарлаумен;
- инновациялық қызмет саласындағы консалтингпен байланысты іс-шараларды ұйымдастыруға және енгізуге бағытталуы тиіс.

Мазмұнды компонент келесі іс-шараларды қамтиды:

- педагогикалық тәжірибелерді жүйелеу;
- жұмыстың тиімді формаларының деректер жинағын құру,
- оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін тарату;
- қазіргі педагогикалық әдебиеттерді талдау;
- ақпараттық-библиографиялық жұмысты жүргізу;
- әдістемелік басылымдарды әзірлеуді ұйымдастыру;
- оқу-әдістемелік жұмыстар ұйымдастыру;
- видеотекалар, медиатекалар құру.

Әдістемелік қызметтің *операциялық-іс-әрекет компоненті* барлық білім

беру саясатын тікелей жүзеге асырумен сипатталады:

- ғылыми қауымдастықпен өзара іс-әрекет;
- тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқу-әдістемелік материалдардыц сараптау;
- оқу-әдістемелік және сараптамалық кеңестердің, шығармашылық топтардың қызметін үйлестіру;
- мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-әрекет.

Мұнда әдістемелік қызметтің түрлі формалары: сабақтарды талдау, педагогикалық шеберлік мектебі, педагогикалық оқулар, мастер-класстар, кәсіби шеберлік байқаулар, семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар өзекті болып отыр.

Әдістемелік қызметтің *бағалау компоненті* оқушылардың функционалдық сауаттылығының деңгейін және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін айқындаумен сипатталады және педагогтер қызметінің мониторингін, оқушылардың білім жетістігінің мониторнигін өткізуге бағытталған.

Әдістемелік қызметті басқарушылар (директордың ғылыми-әдістемелік, бағдарламалық-әдістемелік және оқу-тәрбие қызметі жөніндегі орынбасарлары), қызмет бағыттары бойынша әдіскерлер, құрылымдық бөлімшелердің меңгерушілері, педагогтар, ғалымдар кіретін мамандар тобы жүзеге асырады.

Педагогтердің біліктілігін арттыру процесін жоспарлау бойынша әдістемелік кабинеттер қызметінің келесі бағыттары қамтылуы тиіс:

- педагогикалық қызметті жетілдіру (педагогқа балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ұйымдастырушылық-әдістемелік және техникалық көмек көрсету);
- пән мұғалімдері ассоциацияларының қызметін үйлестіру;
- білім беру ұйымының практикасына ғылыми зерттеулер мен озық педагогикалық тәжірибе жетістіктерін енгізу, педагогтың ғылыми және теориялық құзіреттілігіне ерекше назар аудару;
- білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- әдістемелік бірлестіктердің, кафедралардың, зертханалардың және педагогтердің шығармашылық топтарының жұмысына басшылық жасау;
- педагог қызметкерлерді педагогикалық ғылым мен тәжірибенің жетістіктерімен таныстыру;
- педагогтердің кәсіби дайындық деңгейін, олардың кәсіби қажеттіліктері мен мәселелерін зерттеу.

Инновациялық қызмет саласындағы консалтинг бойынша әдістемелік кабинеттер/орталықтар мынадай іс-шараларды жүргізе алады:

- жаңартылған білім мазмұнының негізгі үрдістері бойынша кеңес беру;
- педагог-жаңашылдармен өзара іс-қимыл және сабақ өткізуге әдістемелік көмек;
- білім беру ұйымдарына көмек көрсету (мектептерге, балабақшаларға, тұрғылықты жері бойынша клубтарғажәне т.б.);
- үздіксіз білім беру жүйесінде мұғалімдерге ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету;

- біліктілікті арттыру институттарымен үздіксіз байланысты жүзеге асыру.

Педагогикалық тәжірибені жүйелеу және тиімді жұмыс нысандарының деректер жинағын құру бойынша әдістемелік қызметтің мазмұнды компоненті келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

• оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және жасау (бағдарламалар, құралдар, ережелер, тезистер, дәріс мәтіндері, әңгімелер, жоспарларжәне семинар өткізу бойынша ұсынымдалар, оқу ойындары, серуендер, оқытудың белсенді формалары және т.б.);

қандай да бір нақты оң педагогикалық тәжірибені терең зерделеу және одан әрі жоғары кәсіби әдіскер тәжірибесін жүйелі сипаттау, анықтау, таңдау, зерделеу, жинақтау және қалыптастыру;

тәжірибе жағдайын зерттеу және талдау, педагогтарда шығармашылық ізденуде туындайтын жаңа үрдістерді анықтау, ғылым ұсынымдарының тиімділігі мен қол жетімділігін зерттеу;

педагогикалық тәжірибені түсіну, негіздеу, талдау және жалпылама жүйелі сипаттау;

Педагогикалық тәжірибені тарату үшін таңдау критерийлерін әзірлеу(бірнеше жыл бойы білім беру және тәрбие қызметіндегі жоғары және тұрақты нәтижелер); педагогикалық қызметтің өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығы (оқу-тәрбие міндеттерін шешуде және мақсатына жетуде, педагогикалық, әдістемелік және басқару қызметінің мазмұнында); білім беру процесінде денсаулық сақтау жүйелерін есепке алу; педагогикалық тәжірибенің ғылыми негіздері (педагогикалық эксперимент жүргізілген, педагогикалық тәжірибе жасалған ғылыми тұжырымдамалар, теориялар, ережелер, әдістемелер); педагогикалық тәжірибенің жаңашылдығы (жаңа мазмұны, формалары, педагогикалық технологиялар); белгілі ғылыми әдістер мен оң педагогикалық тәжірибені табысты қолдану; педагогикалық, әдістемелік, басқару еңбегінің жекелеген жақтарын ұтымды ету; жаңа педагогикалық жағдайларда оң педагогикалық тәжірибені модификациялау элементтерімен жаңғырту. Әртүрлі семинарлар, кеңестер, конференциялар, байқаулар, диспуттар және т.б. өткізу.

Әдістемелік кабинет қызметінің мазмұны даму міндеттеріне және жоспарланған жаңашылдықтардың сипатына сәйкес анықталады. Әдістемелік қызметтің қызметі білім берудің жаңа мазмұнын әзірлеуге және енгізуге, мектептен тыс тәрбиеден білім алуға өтпелі кезеңнің қиындықтарын жеңуге, педагог қызметін жетілдіруге, оның кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған және келесі іс-шараларды қамтыйды:

- педагогикалық құралдармен тұлғаның мотивациялық саласын дамыту;

- білім беру ұйымдарының бірлескен қызметінің жобаларын құру және тәрбие және білім беру қызмет;

- оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, қызметті жоспарлау, есептілік, оқу топтары мен балалар ұжымдарының білім беру бағдарламаларын құру бойынша педагогтар үшін әдістемелік ұсынымдар беру;

- білім берудің заманауи нысандарын, әдістері мен технологияларын ұғыну;

- білім берудің жаңартылған мазмұнының негіз қалаушы сәттерін ескере

отырып, педагогтар, балалар мен ата-аналар үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

- түрлі жаппай педагогикалық іс-шаралардың (конкурстар, олимпиадалар, оқулар және т. б.) сценарийлерін құрастыру және оларды бағалау критерийлерін анықтау

Әдістемелік қызмет түрлері:

Әдістемелік көмек – әдіскердің, мектеп және мектепке дейінгі ұйымдар әдіскерлерінің, педагогтардың, балалар ұжымының сұраныстары мен қажеттіліктеріне жедел және перспективалық әрекет етуі.Әдістемелік көмек түрлі құралдармен – кеңес беру, әдістемелік басшылық, әдістемелік қамтамасыз ету және т.б. жүзеге асырылады.

Тақырыптық кеңес әдіскермен алдын-ала жоспарланып, перспективалық жоспарға енгізіледі. Тақырыптық кеңестерді оқыту семинарларының бағдарламасына енгізуге болады. Тақырыптық кеңестерге дайындық кезінде әдіскер көрнекі құралдар мен әдістемелік материалдарды таңдайды.

Ағымдағы кеңес педагогикалық қызметкерлердің кәсіби қызметі барысында туындайтын әртүрлі мәселелер бойынша жүйелі түрде өткізіледі.

Жедел кеңес әкімшіліктің, әдіскердің бастамасы бойынша педагогтердің нақты тәрбие ісітерін ұйымдастыру және жүргізу барысында өткізіледі.Әдіскердің құзыреттіліг жіберілген қателіктерге жедел әрекет еткенде және шұғыл көмек көрсетуде көрінеді.

Тәлімгерлік жас мамандармен жұмыста, сондай-ақ нәтижелі педагогикалық тәжірибені игеруде қолданылады. Осы көмек түрінің негізінде, педагог қызметінің проблемалық өзіндік талдау, оқу бағдарламаларын, жаңа әдістемелерді апробациялау жағдайы мен процесс талдау және т.б. деректері бар.

Әдістемелік басшылық педагог қызметкерлермен бірге бірлескен шығармашылық қызметтің перспективалық және нақты мақсаттарын, оларға қол жеткізудің тиісті тәсілдерін нақты айқындаумен айқындалады, білім беру қызметін ұйымдастыру кезеңдері мен тәртібін белгілейді, білім беру қызметінің нәтижелілігінің өлшемдері мен көрсеткіштерін әзірлейді, жұмыс бағдарламалары мен жоспарларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Әдістемелік оқыту – әдіскерлердің әдістемелік бірлестіктерін құру және жұмысқа қатысу, сондай-ақ педагогикалық шберханаларды, проблемалық семинарларды, пікірталас клубтарын, шығармашылық зетрханаларды құру.

Әдсітемелік қызмет түрлері:

- теориялық семинарлар (баяндамалар, хабарлама);
- семинар-практикумдар (баяндамалар, хабарлама);
- диспуттар, пікірталастар («дөңгелек үстел», диалог-дау, дебаттар, форум, симпозиум, «аквариум техникасы», «панельді пікірталас», «идеялар» кассетасы және т.б.);
- «іскер ойындар», рөлдік ойындар, иммитация - сабақ; панорама-сабақ;
- ғалым-дидакт, психолог, социолог, логопед және дәрігер дәрістері;
- қазіргі заманғы жаңа әдістемелерді, технологияларды, психологиялық-педагогикалық ғылымның жетістіктерін талқылау;

- жеке ашық сабаққа, өзара сабаққа қатысу, іс-шараларға немесе олардың цикліне қатысты талдау;

- авторлық оқу бағдарламаларын, оқу құралдарын талқылау және талдау;

- балалардың дамуын диагностикалау әдістерін талқылау;

- түрлі көрмелер, өз білімін жетілдіру бойынша есептер (баяндамалар, рефераттар, сабақ әзірлемелері, дидактикалық және көрнекі құралдар дайындау; үздік балалар жұмыстарының көрмелері;

- нәтижелі педагогикалық тәжірибені талқылау және оны тарату мен енгізуге ұсыныстар;

- «Үздік әдіскер», «Үздік жыл мұғалімі» байқаулары;

- педагогикалық оқу, ғылыми-практикалық конференциялар жән т.б.

Әдістемелік қызмет үлгісіне сәйкес әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің мақсаттары мен міндеттері анықталды[1]:

* Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогтарды әдістемелік қолдау;

* Заманауи білім беру саясаты контекстінде педагогтармен әдістемелік жұмыстың мазмұны мен формаларын жаңарту;

* Консалтингтік қызметтер спектрін кеңейту, олардың қол жетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету;

* Қызметкерлерді ішкі және сыртқы оқыту есебінен өзінің кадрлық әлеуетін күшейту.

Әдістемелік қызметінің критерийлері:

* Педагогтардың кәсіби өзін-өзі жетілдіру,

* Авторлық бағдарламаларды әзірлеу,

* Инклюзивті білім беруді, менторлық институтты, критериалды бағалау бойынша мектеп және өңірлік үйлестірушілердің қызметін дамыту үшін жағдай жасау.

Әдістемелік қызметтердің қызметі педагогтердің біліктілігін арттыруды болжаумен, жоспарлаумен және ұйымдастырумен, олардың қызметінің мониторингімен, инновациялық педагогикалық тәжірибенің әзірлемелерін сараптаумен, әдістемелік құралдар мен ұсынымдарды әзірлеумен айқындалады.

Осылайша, білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында әдістемелік кабинеттің/орталықтың қызметі заманауи педагогикалық парадигмаға, жаңа педагогикалық ойлауға, педагогтың кәсіби қызметінің жеке стиліне, сондай-ақ заманауи педагогикалық технологияларға негізделген білім беру процесінің жоғары сапасына қол жеткізуге және қолдауға бағытталған.

[1] Жаңартылған білім мазмұны жағдайында әдістемелік кабинеттердің дамуы. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 116 б. - https://nao.kz/blogs/view/

17 ПИЛОТТЫҚ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ, ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОӘК АПРОБАЦИЯДАН ӨТКІЗУ

17.1 11-сыныптың оқу бағдарламаларын, оқулықтары мен ОӘК-ні апробациялау

11 сыныптардың оқу пәндері бойынша оқулықтар мен ОӘК апробациясының мақсаты – жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әзірленген оқулықтар мен ОӘК сапасын бағалау және оларды одан әрі жетілдіру.

Міндеттер:

- әзірленген оқулықтардың, ОӘК тиімділігін практикада тексеру:
- оқулықтар сапасы, ОӘК (әзірленген мазмұнының сәйкестігі);
- оқулықтар, ОӘК Үлгілік оқу бағдарламалары, оқу мақсаттарына қол жеткізуге ОӘК бағыттылығы, дизайны);
- апробациядан өткізілетін оқулықтардың оқу бағдарламасына сәйкес дәрежесін анықтау;
- жаңартылған білім беру мазмұнының 11-сынып бағдарламасы бойынша пысықтау, ұсыныстар, оқулықтар, ОӘК әзірлеу.

Білім берудің жаңартылған мазмұнындағы апробациялық оқулықтар мен ОӘК бойынша ұсыныстарды әрбір пилоттық мектеп 2020 жылдың наурыз айында ұсынады.

11-сыныпта «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінің оқу бағдарламасын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізу

2019-2020 оқу жылында 17 пилоттық мектептің 11-сыныптарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 556 бұйрығының 6-қосымшасына сәйкес «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасы мен оқулықтарын апробациялау жалғасады.

Оқу пәнінің *мақсаты* – білім алушылардың кәсіпкерлік, бизнес, экономика, менеджмент және маркетинг негіздерінен базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікті қалыптастыру және кәсіпкерлік қойманың ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақта өз бетінше әрекеттену үшін практикалық база құру.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәнінің ерекшеліктері:

1) пәнді Қазақстанның кәсіпкерлігі практикасы мен ерекшеліктерінің, даму тарихы мен қалыптасуының негіздеріне сүйене отырып, оқу пәнін құру;

2) өмірлік саналы ұстанымдарды және өз әрекеті бойынша жасаған таңдауына жауапкершілікпен қарау ұстанымын қалыптастыру үшін коучингтік тәсілдемелерді қолдану;

3) Қазақстандық және әлемдік нарық жағдайларындағы кадрлық үрдістер тұрғысынан талап етілетін XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру.

Оқыту *міндеттері*:

1) оқушылардың кәсіпкерлік пен бизнестің теориялық негіздерін

қалыптастыру;

2) оқушылардың жеке қаржылық сауаттылықтың тәжірибелік дағдыларын меңгеруі;

3) оқушыларда өз жетістіктері мен өмірлік ұстанымдарына қатысты жауапкершілік сезімін қалыптастыру;

4) оқушыларда кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктерін көре білу біліктілігін қалыптастыру;

5) бизнес-идеяларды ойлап табу дағдыларын қалыптастыру және оларды кәсіпкерлік әрекет деңгейіне дейін дамыту;

6) бизнес-модельдеу дағдыларын дамыту және бизнестің өміршеңдігін арттыру мақсатында бәсекелестіктің құбылмалы жағдайларына бейімделе білу;

7) зерттеу дағдыларын қалыптастыру және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану.

Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық білім мазмұны 4 бөлімді құрайды:

«Стартап акселератор» 1 және «Стартап» 2 алғашқы екі бөлімі бизнес-моделдеумен таныстырады, сондай-ақ жобаның стартап негізінде «өте қажетті» разрядынан қажетті әлеуметтік дағдыларды әзірлейді. Білім алушы белгілі бір білімдерге ие бола отырып, өз бизнес-идеясын қалыптастырады және бизнес-акселератор принципі бойынша нақты бизнеске айналдыру үшін құралдарды алады.

«Кәсіпкердің өзін-өзі ілгерілетуі» бөлімі оқушының әлеуметтік дағдыларын жетілдіруді жалғастыруда, онда ол да қаржылық сауаттылыққа үйренеді, отбасы үшін жеке тиімді қаржылық жоспарлаумен, банк жүйесімен және халықаралық нарықтармен танысады. Осы бөлімнің басты артықшылығы демо-шотты пайдалана отырып, KASE нақты мәліметтеріне ойын платформасы арқылы инвестициялау дағдыларын алу болып табылады.

Бұл жұмыс білім алушылардың аналитикалық қабілетін жандандырады, оқиғалардың мәнін және олардың экономикалық көрсеткіштерге әсерін түсінуге үйретеді.

«Даму стратегиясы» бөлімі білім алушылардың назарын нарықтың даму болжамдарына аударады. Мақсат қою дағдыларын, Бизнестің ауқымымен, халықаралық бизнеспен, жеке стратегиямен танысуды үйретеді. Қазақстан өнімінің халықаралық нарықтарға шығу стратегиясының жеке пайымын қалыптастырады. Бұл бөлім тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған мемлекет және Қоғамдық қозғалыстар жүзеге асыратын шаралар кешенімен таныстырады.

Орыс және қазақ тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің 11-сыныбына арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні оқыту процесіне арналған әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді, басқа бағыттарда басымдықтар қоя отырып. Академиялық білімнің орнына практикалық дағдыларды алуға үлкен назар аударылады, бұл оқушылармен өзара іс-әрекеттің белсенді түрлерінің басым екенін көрсетеді. Оқыту процесінің өзі Life-long learning (өмір бойы үздіксіз оқыту) тұжырымдамасына жауап беретін тұрақты және тиімді мінез-құлық үлгісін қалыптастыра алатын табиғи және үздіксіз құбылыс болып табылады.

11-сыныпта «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді. Формативті бағалау пәнді оқу барысында білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу және оқу үдерісінде оларға қолдау көрсету мақсатында жүргізіледі. Тоқсан мен оқу жылының соңында сынып журналына "есептелді" ("есептелген жоқ") қойылады.

11-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізу

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы №556 бұйрығына сәйкес 2018-2019 оқу жылында 16 пилоттық мектептердің 10-шы сыныптардың «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасы, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері апробациядан өткізілді, 2019-2020 оқу жылында 16 пилоттық мектептердің (3-қосымшасы) 11-шы сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасы, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері апробациядан өткізу жалғастырылады.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні – білім алушыларды отаншылдық рухпен Отанды қорғауға дайын болуға тәрбиелеуге баса назар аударады. Бұл бағдарлама білім алушыларды әскери қызметтің дағдыларын меңгеруімен қоса төтенше жағдайларда адамның өмір қауіпсіздік әрекеті мен әскери іс негіздерінен білім беруге бағытталған.

2019-2020 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбында және 2020-2021 оқу жылынан бастап 11-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқыту ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты жастарға ұйымдастыру және өткізу үшін негіз болып табылады:

1. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңы.

2. «Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидасы туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 606 бұйрығының ***күші жойылды, оны*** Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығымен ***ауыстыру қажет*** (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 20

қыркүйекте № 15725 болып тіркелген).

3. «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық теориялық және практикалық сабақтарда іске асырылады: теориялық сабақтарды оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдар мен инновациялық әдістерін қолдана отырып, әңгімелесу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі. Практикалық сабақтар оқулықты, қару және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып, оқу материалын игеруге бағытталады.

Оқу пәнінің *мақсаты* – білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту.

Пәнді оқытудың негізгі *міндеттері:*

6) әскери анттың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларының негізгі талаптары туралы білімін қалыптастыру;

7) әскери бөлімдердің қару-жарағы мен әскери техникасы, жеке құрамның өмірі мен орналасуымен таныстыру;

8) қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды ақпараттық технологияны пайдалана отырып робототехникада, дөңгелекті машиналарды жүргізудің негіздері және төтенше жағдайда адам өмірі қауіпсіздігі негіздерінде қалыптастыру;

9) жастарға қазақстандық патриотизм мен Отанына деген адалдық сезімін дарытуға тәрбиелеу;

10) әскери істерге байланысты мамандық кәсібіне оң көз-қараста тәрбиелеу.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің мазмұны. 11-сынып.

«Технологиялық дайындық» бөлімі:

1) Дөңгелекті машина жүргізу негіздері және ережелері. Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері – Жол қозғалысы Ережелеріндегі негізгі түсініктер мен терминдер. Жүргізушілерді, жол жүргіншілері мен жолаушылардың міндеттері. Жүргізушінің өзімен бірге болуы тиіс құжаттарды;

2) Бағдаршам және жол қозғалысын реттеушінің сигналдары – Бағдаршам және жол қозғалысын реттеушінің сигналдары. Арнайы сигналдарды пайдалану. Авариялық дабыл және авариялық аялдау белгісін қолдану. Маневр жасау. Көлік құралдарының жолдың жүріс бөлігінде орналасуын;

3) Қозғалыс жылдамдығы – Қозғалыс жылдамдығы. Қарсы қозғалыс, басып озу. Аялдама және автотұрақ. Қиылыстардан өту бағыттары. Маршруттық көлік құралдарының аялдамасы және жаяу жүргіншілерге

арналған жолдарды;

4) Әртүрлі жағдайлардағы қозғалыс – Темір жол өткелдері арқылы өту. Автомагистраль арқылы қозғалыс. Тұрғын аудандардағы қозғалыс. Маршруттық көлік құралдарының басымдықтары. Дыбыстық сигналдарды және сыртқы жарық түсіру құралдарын пайдалануды;

5) Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау – Механикалық көлік құралдарын сүйреу. Көлік жүргізуді үйрету. Жолаушыларды тасымалдау. Жүкті тасымалдау. Велосипедтер, мопедтер, көлік-арбаларының қозғалысы және жолмен мал айдауға қойылатын қосымша талаптар. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдардың қозғалысын қамтамасыз етуді;

6) Жол белгілері – Ескерту белгілері. Басымдық белгілері. Тыйым салатын белгілерді;

7) Жол белгілері – Міндетті белгілер. Ақпараттық-нұсқағыш белгілері. Қызмет көрсету белгілері (таңбалары). Қосымша ақпарат беру (кесте белгі) белгілерін;

8) Жол таңбасы және оның сипаттамалары – Таңбалардың жіктелуі. Көлденең және тік таңбалану талаптарына сәйкес орындалатын жүргізушілердің іс-әрекеттері. Жұмыс істеу үшін көлік құралдарының рұқсатнамасының негізгі ережелерін;

9) Автотранспорт құралдарын басқару және жол қауіпсіздігінің негіздері – Сабақтағы қауіпсіздік шаралары. Жүргізушінің жұмыс орнын дайындау. Автомобильдің басқару тетіктерімен танысу. Жұмыс істемейтін қозғалтқыштың басқару элементтерін әзірлеу. Жағдаяттық міндеттерді шешу. Қозғалтқышты қосу. Автомобильді орнынан қозғалту, тура жолдағы қозғалыс, тежеу және тоқтату. Жағдаяттық міндеттерді шешу. Қисық траекториядағы қозғалыс, маневр. Қосу қорабының қозғалыс жылдамдығын ауыстыра отырып жүргізу. Жағдаяттық міндеттерді шешу. Гаражға кіру. Жағдаяттық міндеттерді шешу. Тар кеңістіктегі бұрылыс. Автомобильді көлік тұрағына қою. Жағдаяттық міндеттерді шешу. Эстакадаға кіру. Өрде тұрған автомобильді орнынан қозғау, жүргізу. Жағдаяттық міндеттерді шешуді;

10) Күрделі жол жағдайында автокөлік құралын басқару – Қозғалысты бастау және жол жиегіне (тротуар жанына) тоқтату. Жағдаяттық міндеттерді шешу. Қашықтықты сақтай отырып лекпен қозғалу. Жағдаяттық міндеттерді шешу. Бір қатардан екінші қатарға өту. Жағдаяттық міндеттерді шешу. Реттелмейтін жол қиылысынан өту. Жағдаяттық міндеттерді шешу. Реттелетін жол қиылысынан өту. Жағдаяттық міндеттерді шешу. Басып озу. Жағдаяттық міндеттерді шешуді қамтиды.

Сабақтың, сабақтан тыс және сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2019-2020 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес (ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығы) «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша

оқу жүктемесінің көлемі:

1) 11-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат қарастырылған.

Жаңартылған білім беру мазмұнын пилоттық енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 455 бұйрығының 7-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «31» қазан №556 бұйрығының 5-қосымшасын іске асыру мақсатында 2019-2020 оқу жылында 11-шы сынып оқушылары «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізу үшін жаңартылған білім мазмұны бойынша оқитын болады (Республика бойынша 16 мектеп тізімі қосымша тіркелген).

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы «31» қазан №556
бұйрығына 5-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2014 жылғы 6 қарашадағы
№ 455 бұйрығына 7-қосымша
(Жаңартылған білім беру мазмұнын
пилоттық енгізу туралы)

10-11 сыныптарға арналған
«Алғашқы әскери және технологиялық даярлық» пәнінің оқу бағдарламасын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізу үшін пилоттық мектептердің тізімі

№	Өңірдің атауы	Пилоттық мектептің атауы
1.	Астана қаласы	№ 13 орта мектебі
2.	Алматы қаласы	М. Мәметова атындағы №28 орта мектебі
3.	Ақмола облысы, Жарқайың ауданы	Н.Крупская атындағы орта мектебі
4.	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы	№ 51 мектеп-гимназиясы
5.	Алматы облысы, Көксу ауданы	К. Жалайыри атындағы мектеп-гимназиясы
6.	Атырау облысы, Атырау қаласы	№ 33 орта мектебі
7.	Шығыс Қазақстан облысы,Өскемен қаласы	№ 4 орта мектебі
8.	Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы	№ 34 мектеп-гимназиясы
9.	Жамбыл облысы, Тараз қаласы	№ 49 мектеп-гимназиясы
10.	Қарағанды облысы,Қарағанды қаласы	№101 мектеп-лицейі
11.	Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы	Ж. Қизатов атындағы № 23 орта мектебі
12.	Қостанай облысы, Қостанай қаласы	№5 орта мектебі
13.	Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы	№ 21 орта мектебі
14.	Павлодар облысы, Павлодар қаласы	№ 41 орта мектебі

15.	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы	№ 40 орта мектебі
16.	Шымкент қаласы	Қ. Спатаев атындағы № 7 мектеп-лицейі

17.2 1-сыныптағы *«Француз тілі» және «Неміс тілі» оқу бағдарламаларының апробациясы*

2019-2020 оқу жылында пилоттық мектептердің бірінші сыныптарында «Неміс тілі» және «Француз тілі» оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер апробациядан өткізіледі (тізім қоса беріліп отыр).

Оқу жүктемесінің көлемі: 1 сынып – аптасына 2 (екі) сағат, оқу жылында 66 сағат. Бұл оқу пәндерін мұғалімдер ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасымен оқытады.

«Неміс тілі» және «Француз тілі» пәндерінің оқу бағдарламалары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17669 болып тіркелді).

«Неміс тілі» және «Француз тілі» пәндерінің оқу бағдарламалары:

1) білім алушылардың талдау, бағалау және шығармашылық ойлауын қалыптастыратын әр түрлі тапсырмаларды орындау;

2) ауызша және жазбаша түрдегі дереккөздердің сан алуан түрлері;

3) қызықты және уәждеуші пәндік мазмұн арқылы білім алушылардың тілді А1 деңгейінде меңгеруіне жету мақсатын көздейді.

Бастауыш мектеп бағдарламасының мазмұны оқушылардың күнделікті қарым-қатынаста неміс және француз тілдерін қолдана білуін дамытуға және одан әрі оқыту үшін берік негіз құруға бағытталған.

Бастауыш мектептің «Неміс тілі» және «Француз тілі» пәндерінің оқу бағдарламалары оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға, олардың қызығушылығы мен өзіне деген сенімділігін арттыруға, сондай-ақ неміс және француз тілдерін оқуға деген оң көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Кең спектрлі дағдылармен органикалық бірлікте жеке қасиеттерді дамыту білім алушылардың бойына білім берудің базалық құндылықтарын: "қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік", «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек және шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім беру» сіңіру үшін негіз болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының мінез-құлқын және күнделікті қызметін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдар болуға бағытталған.

«Неміс тілі» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тыңдалым (Hörverstehen/хёрферштэен): сабақтағы бірқатар іс-әрекет

түрлерін орындауға қатысты баяу және анық айтылатын қысқаша қарапайым нұсқауларды тыңдау, баяу және анық айтылатын сұрақтар, көпшілікке таныс есімдер және жер-су атаулары, жалпы және оқу лексикасының кейбір сөздері, Бұл не? түріндегі қысқаша негізгі сұрақтар, фонемалар және олардың тіркесімдерінің дыбысталуы, әліпби әріптері;

2) айтылым (Sprechen/шпрэхэн): сабақ барысында адамдар, заттар және іс-әрекеттер туралы қарапайым сөйлем құрастырады, өздерін таныстыра алады, сабақтағы шағын әңгімелесу кезінде адамдар, заттар және іс-әрекеттер туралы сұрақтар қояды, таныс сөздер мен сөздер тізбегін анық айтады;

3) оқылым (Leseverstehen/лезеферштэен): әліпбидің әріптерін таниды және атайды, есімдер мен жер-су атауларындағы бас әріптерді таниды, кейбір таныс сөздерді біледі, әліпби әріптерін дұрыс реттілікпен орналастырады;

4) неміс тілін қолдану (Sprachanwendung/шпраханвендунг): атау септігіндегі зат есімдерді жекеше түрде қолданады, адамдар мен орындар туралы айтады (2-3 сөйлем), есептік сан есімдер - 1-ден 12-ге дейін санайды, адамдар мен заттарды сипаттау үшін дара сын есімдерді, ein/айн, der/дэр, ein/айн, das/дас, eine/айнэ, die/ди артикльдерін, қарапайым сұрақтар құрастыру кезінде was/вас, wer/вэр, wo/во, wie/ви сұрау сөздерін қолданады, атау септігіндегі ich/их, du/ду жіктеу есімдіктерін, (Präsens/прэзэнс) осы шақты қолданады.

«Француз тілі» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

5) тыңдалым (compréhension orale/конпреасьон ораль): сабақтағы бірқатар іс-әрекет түрлерін орындау бойынша баяу және анық айтылған қысқа қарапайым нұсқауларды, жалпы жеке сұрақтарды, жалпыға мәлім есімдер мен елді-мекен атауларын тыңдау, жалпы және оқу лексикасының кейбір сөздерінің (айтылуы), «Бұл не?» түріндегі қысқа негізгі сұрақтар, фонемалар мен олардың тіркестерінің, әліпби әріптерінің дыбысталуы;

6) айтылым (production orale/продюксион ораль): сабақта адамдар, заттар және іс-әрекет түрлері туралы бірінші жақтан қарапайым сөйлем құрастырады, сабақтағы қарапайым әңгімелесу барысында адамдар, заттар және іс-әрекет түрлері туралы сұрақтар қояды, таныс сөздер мен фразаларды анық айтады, өзге адамдармен қарапайым әңгімелесу барысында өздерін таныстыра алады және сұрақтар қоя біледі;

7) оқылым (compréhension écrite/конпреасьон экрит): әліпбидің әріптерін дыбыстайды және атайды, есімдер мен жер-су атауларындағы бас әріптерді таниды кейбір көзге таныс сөздерді таниды, сөздерді әліпбилік ретпен орналастыру үшін әріптерді (бірінші әріп бойынша) қолданады;

8) француз тілін қолдану (utilisation du français/ютилизасьон дю франсэ): жекеше және көпше түрдегі зат есімдерді қолданады, адамдар мен елді-мекендер туралы айтады, 1-ден 20-ға дейінгі есептік сандар, адамдар мен заттарды сипаттау үшін дара сын есімдерді, заттың орналасуын көрсету үшін sur/сюр, sous/су, dans/дан көмекші сөздерінің қолданылуы, қарапайым сұрақтарды құрастыру кезінде qui’est-ce que c’est/кэс кё сэ?, qui est-ce, où est/ки эс? у э? сұрау есімдіктерін, заттарды көрсету үшін ce/сё, cet/сэ, cette/сэт, ces/сэ сілтеу есімдіктерін, c’est/сэ, ce sont/сё құрылымдарын, өзі туралы негізгі

ақпаратты беру үшін жіктеу есімдіктерін қолдану, қарапайым командаларды немесе нұсқаулықтарды құрастыру үшін бұйрық райды Lisez/Лизэ, ouvrez/уврэ, fermez/фэрмэ (болымды түрде) қолданады, өзі туралы негізгі ақпаратты беру үшін осы шақты (Présent/Прэзан) (болымды, болымсыз және сұраулы формаларын) қолданады.

Оқу бағдарламалары бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Неміс тілі» және «Француз тілі» оқу пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасының қосымшасындағы Ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асады.

17.3 8-сыныпқа арналған *«Қоғам және дін» курсының оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерінің апробациясы*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 27 тамыздағы №390 бұйрығына сәйкес 2019-2020 оқу жылында 31 пилоттық мектепте 8-сыныптардың «Қоғам және дін» факультативтік курсының оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері апробациядан өткізіледі.

Оқу курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағатты, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. «Қоғам және дін» курсын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «25 » қазандағы № 545 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған «Қоғам және дін» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тарих және қоғамдық пәндер мұғалімдері жүргізеді.

«Қоғам және дін» факультативтік курсы – зайырлы қоғамның негізгі құндылықтары мен даму тенденцияларын түсінетін, дін және оның тарихи процестегі рөлі туралы ғылыми білімді жүйелеуге қабілетті, ғылыми дүниетаным мен ұлттық санаға ие, өркениеттің тарихи-мәдени тәжірибесі негізінде ойлай алатын рухани тұлғаның қалыптасуына мүмкіндік беретін кіріктірілген әлеуметтік-гуманитарлық курс болып табылады.

Пәннің базалық білім мазмұны Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 500 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасы негізінде әзірленді.

Факультативтік курсты оқытудың мақсаты:

- білім алушыларға әлемдік тарихи процестегі діннің орны, оның өзара байланысы мен қарым-қатынасы туралы, дін туралы ғылыми білім негізінде зайырлылық және мемлекет пен қоғамның зайырлы негіздері туралы түсінік қалыптастыру;
- өзге халықтардың діни мәдениетіне құрметпен қарауды, діни экстремизм мен фанатизмнің радикалды идеологиясына қарсы иммунитетті қалыптастыру.

Факультативтік курсты оқытудың міндеттері:

- мемлекеттің білім беру жүйесінің зайырлы сипатын қамтамасыз ету принципін жүзеге асыру;
- білім алушылардың діндердің тарихы және олардың өзіндік ерекшеліктері туралы ғылыми білімін қалыптастыру;

- білім алушылардың зайырлы қоғам дамуының қазіргі кезеңін талдау мен жеке өмірін болжау үшін дін туралы қажетті білімді адамзат өркениетінің құбылысы ретінде меңгеруі;

- қоғам дамуының зайырлы принциптерінің өзіндік құндылықтары мен әлем халықтарының діни мәдениеттерінің бірегейлігін ұғыну;

- білім алушылардың азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет дамуының зайырлылық принциптеріне негізделген жеке ұстанымдары мен құндылықтық бағдарын қалыптастыру;

- қазіргі қоғам мен жеке тұлға өміріндегі діннің рөлін анықтау;

- әртүрлі діндер мен діни ұстанымдар құндылықтарының арасындағы байланыстарды анықтау;

- түрлі діни мәдениеттер мен дәстүрлерге төзімділікпен қарауды қалыптастыру;

- дін және оның тарихы туралы білімнің негізінде діни сауаттылыққа тәрбиелеу;

- Қазақстан халқының тарихи қалыптасқан дәстүрлерін қастерлеу қабілетін арттыра отырып, қоғамдағы әр түрлі жат діни ағымдарға қарсы иммунитет қалыптастыру;

- білім алушылардың діни әдебиет, электронды ресурстар мен БАҚ материалдарын талдауға қатысты сыни ойлау дағдыларын дамыту;

- білім алушылардың коммуникативтік байланыс дағдыларын, дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша сұхбаттастық қабілетін дамыту.

«Қоғам және дін» курсы негізінен ақпараттық-ағартушылық, сондықтан білім берудегі негізгі педагогикалық тәсілі – зайырлы, конфессиялық емес болып табылады.

«Қоғам және дін» курсының зерттеу объектісі ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейінгі адамзаттың діни мәдениетінің даму барысындағы оқиғалар, құбылыстар мен үрдістердің алуантүрлілігі болып табылады.

Оқу бағдарламасы дінді өркениеттердің рухани мәдениетінің бөлігі ретінде, ал адамды жалпыадамзаттық және діни мәдениеттің негізін қалаушы ретінде қарастырады. «Өнер өркениеттердің рухани әлемінің көрінісі ретінде», «Өнердегі діни бейнелер» тақырыптары білім алушыларға қоғамның дамуындағы мәдениет пен діннің тығыз өзара байланысын түсінуге мүмкіндік береді.

Білімалушылардың жоғары рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда: адам өмірі - басты құндылық, махаббат пен отбасы құндылықтары, бәсекеге қабілетті қоғам және мемлекеттің қалыптасуы мен дамуындағы еңбектің рөлі сияқты тақырыптарды зерделеу өте маңызды.

Осы негізде қоғам мен мәдениеттің дамуына баға жетпес үлес қосқан Батыс пен Шығыстың көрнекті ойшылдарының мәдени және рухани мұрасы оқытылады.

Діни наным-сенімдер мен діндердің пайда болуы, нығаюы және дамуы туралы тарихи шолумен қатар, «Қазақстан - зайырлы мемлекет» тақырыбы берілген. Бұл білім алушылардың мемлекеттің зайырлы сипатын Республиканың табысты дамуының маңызды шарты ретінде бағалай білуіне

мүмкіндік береді. «Қазақстан - дінаралық диалог пен келісім елі». «Діни төзімділік, толеранттылық және келісім – мемлекеттер мен қоғамдардың үйлесімді өмір сүруінің негізі ретінде» мазмұндық желілері курстың басты жолы болып табылады.

Білім алушылардың экстремизм мен терроризмді қазіргі әлемнің жаһандық қауіпі ретінде түсінуіне ерекше көңіл бөлінген. Сондықтан, жүйелі алынған білім бір жағынан білім алушыларды Қазақстан Республикасының толыққанды азаматы ретінде өз халқының рухани мәдениетін сақтау және қорғау қабілетін қалыптастыруға, екінші жағынан, діни сананы және дінге деген көзқарасты анықтауға, оларға құрметпен қарауға мүмкіндік береді .

Курс мазмұнында білім алушылардың өз бетімен зерттеу әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық жобалар қарастырылған. Сонымен, «Қоғам және дін» курсы білім алушыларға қоғам, мәдениет және дін туралы, Қазақстан Республикасының дінге қатысты саясатының мақсаты мен мәні туралы қажетті білім береді. Бұл курс білім алушылардың гуманистік дүниетанымға, жалпыадамзаттық құндылықтар мен толеранттылыққа қайшы келмейтін принциптер туралы түсінігін қалыптастырады.

Оқу процесін ұйымдастыруға әдістемелік ұсыныстар

«Қоғам және дін» курсы бойынша оқу процесінде оқытудың келесі: құндылыққа бағдарланған тәсіл, тұлғаға бағдарланған тәсіл, іс-әрекеттік тәсіл, саралап оқыту тәсілі, коммуникативтік тәсілдерін қолдану ұсынылады.

Курсты оқытуда Қазақстандық патриотизмді, толеранттық сананы, тарихқа, ата-баба дәстүрі мен мәдениетіне құрмет көрсетуді, басқа халықтардың діни дәстүрлеріне сыйластықпен қарауды және экстремизм мен фанатизмнің радикалды идеологиясына қарсы иммунитетті қалыптастыруда *құндылыққа бағдарланған тәсілді* жүзеге асыру ұсынылады.

Тұлғаға бағдарланған тәсіл білім алушылардың жеке мүдделері мен қабілеттерін, дербес оқиғаларды талдау және бағалау үшін қоғамдағы діннің орны мен рөліне қатысты кешенді мәселелерді талқылау процесінде қолдану ұсынылады. Сонымен қатар, білім алушылардың қорытындылары мен тұжырымдарын, пайымдауларын және мәдени құбылыстар мен процестерді талқылауда жеке пікірі болуын, өз ұстанымын анықтау, қорғау қабілетін, іске асыруды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Іс-әрекеттік тәсіл білім алушылардың өзекті сұрақтарды бірлесіп талқылауға, рөлдік ойындар және басқа да шығармашылық білім беру түрлеріне белсенді танымдық қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Саралап оқыту тәсілі білім алушылардың жеке қабілеттерін ескеру мақсатына олардың әр түрлі топтарының оқу қызметін, пәннің арнайы жасақталған құралдарының көмегімен ұйымдастыру және сараланған тапсырмаларды қолдануды қамтамасыз етеді.

Коммуникативтік тәсіл білім алушылардың дұрыс сөйлеуін, түрлі жағдайларда қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және алмасу қабілеттілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін тапсырмаларды, сондай-ақ шынайы коммуникативтік қарым-қатынасты (жұптық және топтық жұмыс) дамытуға бағытталған.

«Қоғам және дін» курсын оқыту барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану ақпаратты іздеу, сұрыптау және фактілер мен құбылыстар арасындағы байланыстар мен айырмашылықтарды анықтау, салыстыруға байланысты өзіндік жұмыс жасау дағдыларын дамытуға, білім алушылардың білімін кеңейту үшін мультимедиялық ресурстарды пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы «27» тамыздағы
№ 390 бұйрығына қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған «Қоғам және дін» курсының оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін сынақтан өткізетін эксперименттік білім беру ұйымдарының тізімі

№	Областар атауы	Мектептер атауы	Мектеп типі	Оқыту тілі
1	Ақмола облысы	Көкшетау қаласы, №14 орта мектебі	қала	аралас
		Бурабай ауданы, Оқжетпес орта мектебі	ауыл	аралас
2	Ақтөбе облысы	Темір ауданы, Шұбаркұдық елді-мекені №1 Шұбаркұдық мектеп-гимназиясы №1	ауыл	қазақ
		Ақтөбе қаласы, № 25 жалпы орта білім беретін мектебі	қала	аралас
3	Алматы облысы	Көксу ауданы, Ақшатоған ауылы, №5 орта мектебі	ауыл	орыс
		Талдықорған қаласы, М. Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясы	қала	қазақ
4	Атырау облысы	Атырау қаласы, Ж. Қаражігітов атындағы № 16 мектеп-лицейі	қала	аралас
		Индер ауданы, «Көктем» қазақ орта мектебі	ауыл	қазақ
5	Шығыс-Қазақстан облысы	Өскемен қаласы, Меновное орта мектебі	қала	аралас
		Өскемен қаласы, Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі	қала	қазақ
6	Жамбыл облысы	Тараз қаласы, №40 мектеп-гимназиясы	қала	орыс
		Меркі ауданы, №5 Ақарал мектеп-гимназиясы	ауыл	қазақ
7	Батыс-Қазақстан облысы	Орал қаласы, №24 жалпы орта білім беретін мектебі	қала	орыс
		Теректі ауданы, Подстепное ауылы, Теректі аудандық лингвистикалық гимназиясы	ауыл	қазақ
8	Қарағанды облысы	Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласының академик	қала	қазақ

		О.А. Жәутіков атындағы жалпы білім беретін № 1 қазақ орта мектебі		
		Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, №15 жалпы орта білім беретін мектебі	қала	аралас
9	Қостанай облысы	Қостанай ауданы, Озерная орта мектебі	ауыл	аралас
		Лисаковск қаласы, Лисаковск қаласы әкімдігінің білім бөлімінің мектеп-гимназиясы	қала	орыс
10	Қызылорда облысы	Қызылорда қаласы, Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектебі	қала	қазақ
		Арал ауданы, Н.К.Крупская атындағы №14 мектеп-лицейі	ауыл	орыс
11	Маңғыстау облысы	Ақтау қаласы, №17 жалпы білім беретін орта мектеп	қала	аралас
		Түпқараған ауданы, Баутин ауылы, М.Горький атындағы мектеп-лицейі	ауыл	орыс
12	Павлодар облысы	Павлодар қаласы, М.Әуезов атындағы №42 жалпы орта білім беретін мектебі	қала	аралас
		Аққулы ауданы**,** С.Сатыбалды атындағы жалпы орта білім беретін мектебі	ауыл	қазақ
13	Солтүстік Қазақстан облысы	Ақжар ауданы, Алқатерек орта мектебі	ауыл	қазақ
		Петропавл қаласы, №44 орта мектебі	қала	орыс
14	Түркістан облысы	Түркістан қаласы, М.Жұмабаев атындағы №15 мектеп-гимназиясы	қала	аралас
		Созақ ауданы, Созақ» жалпы орта мектеп – гимназиясы	ауыл	қазақ
15	Нұр-Сұлтан қаласы	№ 53 мектеп-лицейі	қала	аралас
16	Алматы қаласы	Медеу ауданы, №19 жалпы орта білім беретін мектебі	қала	аралас
17	Шымкент қаласы	Жамбыл атындағы №26 мектеп-гимназиясы	қала	қазақ

18 ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

Сандық білім беру ресурстары-бұл ұсынылған бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық және интерактивті үлгілеу объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, символдық объектілер және іскерлік графика, мәтіндік құжаттар және оқу процесінде ресурстар болып табылатын өзге де оқу материалдары.
Сандық білім беру ресурстары (СБР) –сандық технологиялар базасында құрылған және жұмыс істейтін білім беру ресурстары.
Оқыту процесінде пайдалану үшін сандық ресурстардың келесі тізімі ұсынылады:

"Duolingo»

Duolingo-да оқыту ойын түрінде өтеді: сөздерді дұрыс табу, сөйлем құрастыру және таймермен тапсырмаларды орындау қажет. Сервис ақпаратты қалай игергеніңізді қадағалайды және осы деректердің көмегімен жеке бағдарламаны құрайды. Сайт тегін, бірақ жарнаманы ақылы түрде алып тастауға болады.

"Memrise»

Интерактивті тапсырмалар мен әр түрлі тақырыптарға жүздеген курстар (өнер, ғылым, мансап, ойын-сауық және т.б.) көмегімен ондаған тілді үйренуге мүмкіндік беретін Портал. Сонымен қатар, Memrise дұрыс жауап нұсқаларын таңдау қажет бейнедиалогтарды пайдаланады. Қаласаңыз, басқаларды пайдалану үшін, тіпті оқыту курсын өзіңіз жасай аласыз.

"Udemy»

Пайдаланушылардан он мың курстар бар Сайт. Орыс тілді де бар, бірақ олар аз — көп бөлігі ағылшын тілінде оқыту бағдарламалары. Саласы әртүрлі: музыка мен дизайннан бастап робототехника мен бухгалтерлік есепке дейін қамтылған. Курстардың ұзақтығы орта есеппен екі сағаттан сегіз сағатқа дейін.

«edX»

Сайтта әлемнің барлық университеттерінен мыңдаған онлайн-курстар табуға болады. Өзіңді Гарвард немесе Массачусетс технологиялық институтының оқушысы сезінудің тамаша тәсілі. Кез келген ғылымды:

философия, логистика, бағдарламалау, саясаттану, өнертану және т.б. оқуға болады.

"Coursera»

Әр түрлі тақырыптарға арналған курстар бар ірі порталдардың бірі. Мұнда кез келген нәрсені зерттеуге болады, ал қаласаңыз, үйден шықпай-ақ қандай да бір шетелдік университет дәрежесін алуға болады.

"Skillshare»

Түрлі тақырыптарға ондаған мың бейне сабақ: фотосурет, SEO-оңтайландыру, маркетинг, идеялар генерациясы және т.б. Контентті құрушылар үшін өте пайдалы.

"FutureLearn»

Тегін онлайн курстар ұсынатын 40-тан астам университеттерді біріктіретін Британдық ресурс.

"Лекториум»

Оқушылар, студенттер және мамандар үшін көптеген курстар. Курстар өте сапалы визуалды контентпен ерекшеленеді.

"Универсариум"»

Жалпы білім беретін дәрістер мен еркін қол жетімді курстар.

Білім беруді ақпараттандыру ұлттық орталығы
http://www.nci.kz

2011 жылы" Ұлттық ақпараттандыру орталығы" АҚ 5-11 сыныптарға арналған Қазақстан тарихы бойынша 468 СБР әзірледі, оның ішінде 234-қазақ тілінде, 234-орыс тілінде:

5-ші сынып үшін 98 СБР;
6-сынып үшін 40 СБР;
7-сынып үшін 40 СБР;
8-ші сынып үшін 60 СБР;
9-сынып үшін 60 СБР;
10-сынып үшін 58 СБР ;
11-сынып үшін 112 СБР.

www.BilimLand.kz -электрондық оқулықтар мен қосымша сандық білім беру ресурстарынан тұратын білім беру порталы.

www.imektep.kz-қазақ тілінде оқытатын мектептерге арналған электрондық оқулықтары бар бастауыш мектептің мультимедиялық курсы (қазақ тілі, әдебиеттік оқу, дуниетану, математика, өзін тану, еңбекке баулу, музыка, бейнелеу өнері).

www.twig-bilim.kz -BBC Motion Gallery студиясынан бейне сабақтар негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған электронды оқыту кешені. Баланың дамуы мен PISA тестілеріне дайындық үшін тамаша ресурс.

19 БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ МЕН ПЕДАГОГТЕРІНЕ ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Педагогтің өздігінен білім алуы - кәсібилік пен педагогикалық құзыреттілікті жетілдірудің маңызды шарттарының бірі.

Сонымен қатар, жаңартылған білім беру мазмұнының оқу бағдарламалары мұғалім жұмысының жаңа форматын болжайды, оған оқыту мен тәрбиелеудің нысандарын, әдістерін, технологияларын таңдау еркіндігін береді.

Мұғалімнің білім берудегі заманауи үрдістермен қатар жүргені, үнемі өз білімі мен біліктерін жетілдіріп, педагогикалық ғылым мен тәжірибенің соңғы жетістіктерін қолдана білгені маңызды.

Осыған байланысты білім беру ұйымдарының мамандары үшін келесі заманауи әдебиеттер тізімі ұсынылады:

1. Даг Лемов «Мұғалімнің шеберлігі. Көрнекті мұғалімдердің дәлелденген әдістері».
2. Тимоти Уокер «Фин оқыту жүйесі».
3. Джуди Дирксен «Оқыту өнері. Кез-келген жаттығуды қалай қызықты және тиімді етуге болады».
4. Питер Грей «Оқу еркіндігі. Мектепке қарсы ойын».
5. Кэрол Дюк «Икемді сана. Ересектер мен балалардың даму психологиясына жаңа көзқарас».
6. Хосе Антонио Марина «Талантты тәрбиелеу».
7. Елена Щебланова "«Жетістіксіз дарынды оқушылар».
8. Нина Джексон «Сынып мұғалімі. «Қиын» оқушылармен, күрделі ата-аналармен жұмыс істеу және кәсіптен ләззат алу".
9. Адель Фабер, Эйлен Мазлиш «Балалардың оқуы үшін олармен қалай сөйлесуге болады».
10. Владимир Лизинский «Жақсы мектеп үшін жаңа мұғалім».
11. Джуди Аппс «Тыңдау және есту үшін».
12. Ли Лефевер «Түсіндіру өнері».
13. Джулия Дирксен «Оқыту өнері».
14. Даниель Пинк «Драйв».
15. Аня Каменетц «Тест».
16. Фелиситас Акоста, Соня Ногейра «Мемлекеттік білім беру жүйесін 21 ғасырдың сценарийінде қайта қарастыру. Саясат пен тәжірибе арасындағы жаңа және жаңартылған мәселелер». Sense Publishers-Роттердам, Нидерланды.
17. Б. Йи, А. Sliwka, Раутиайнен М. "Финляндия: болашақ мектеп жолында».
18. Эдвард де Боно «Өзіңізді ойлауға үйретіңіз» ойлауды дамытуға арналған оқу құралы.
19. Парслоу Э., Рэй М. «Оқытудағы Коучинг». Оқытудың практикалық әдістері.

20. Людмила Петрановская «Құпия тірек. Балаға бауыр басу».
21. Людмила Петрановская «Егер баламен қиын болса».
22. Януш Корчак «Баланы қалай жақсы көру керек».
23. Юлия Гиппенрейтер «Баламен сөйлесу. Қалай?».
24. Даниэль Пеннак «Мектептегі қиындық».
25. Бел Кауфман «Төменге құлдыраған баспалдақпен қайта жоғары көтерілу».
26. Кэндзиро Хайтани «Қоянның көзқарасы».
27. Дэйв Грей «Қылмыстық Ойлау».
28. Малколм Глэдуэлл «Генийлер және аутсайдерлер».
29.Кен Робинсон «Борыш».
30. Кэрол Дуэт «Икемді Сана».
31. Альфи Кон «Марапаттау Жазасы».
32. Джон Медина «Ми Ережесі».
33. Даниель Гоулман «Эмоциялық Интеллект».
34. Аманда Рипли «Әлемдегі ең үздік Оқушылар».
35. Ақиқат Рас «Өмір Сөзсіз Керемет Болады».
36. Пол Таф «Балалар Табысқа Қалай Жетеді?».
37. Дэйв Бургесс «Оқу күтпеген жағдай секілді».
38. Юлия Гиппенрейтер «Баламен сөйлесу. Қалай?».
39. Выготский Л.С. «Жоғары психикалық функцияларды дамыту».
40. Блум Б.С. «Толық меңгеру теориясы: теория және практика».
41. Блум Б.С. «Оқу мақсаттарының жіктелуі».
42. Сухомлинский «Мен балаларға жүрегімді беремін».
43. Игорь Манн «Нөмір - 1. Өз ісіңде қалай жақсы болуға болады».
44. Джим Коллинз «Жақсыдан ұлылыққа. Неге кейбір компаниялар серпіліс жасайды, ал басқалары ...
45. Дэниел Гоулман «Эмоциялық интеллект. Неге ол IQ қарағанда көп болуы мүмкін».
46. Игорь Манн және Дмитрий Турусин «Байланыс нүктелері. Маркетингті және сіздің компанияңыздың кірісін арттыру үшін жұмыс дәптері».
47. Роберт Чалдини, Ноа Гольдштейн және Стив Мартин «Сендіру психологиясы. Сендіре алу үшін 50 сендіру тәсілі» .
48. Роджер Сайп «Миды дамыту. Жылдам оқу, жақсы есте сақтау және үлкен мақсаттарға жету».
49. Кэрол Дуэк «Икемді сана. Ересектер мен балаларды дамыту психологиясына жаңа көзқарас».
50. Митчел Резник «Оқу спиралы. Балалар мен ересектерді дамытудың 4 принципі».
51. Dorling Kindersley (DK) «Ғылым қалай жұмыс істейді? Біздің әлемнің құрылымы туралы көрнекі фактілер».
52. Альфи Кон «Наградамен жазалау. Мектеп бағасымен, мотивация жүйесімен, мадақтаумен басқа да жолдармен қайсысы сәйкес емес».
53. Альфи Кон «Жүрекпен тәрбиелеу. Ережесіз және шартсыз».

54. Дуг Лемов, Эрика Вулвей және Кейти Ецци «Білімнен дағдыларға дейін. Кез келген іскерлікті тиімді жаттығудың әмбебап ережелері».

55. «Сұрақтар – бұл сұрақтарға жауаптар. Жұмыс пен өмірде серпінді идеяларды іздеу және күрделі мәселелерді шешу жолдары».

56. Джон Готтман «Баланың эмоционалдық интеллекті. Ата-аналарға арналған практикалық нұсқаулық».

57. Джули Дирксен «Кез келген оқытуды қызықты және тиімді ету».

58. Билл Торберт «Осы кезеңдегі көшбасшылық».

59. Рэндалл Инглунд және Альфонсо Бусеро «Жоба жетекшісі. Жұмысқа қажетті барлық дағдылар».

60. Ричард Талер және Касс Санстейн «Nudge. Таңдау архитектурасы».

61. Деннис Бакке «Шешуші адам. Әрбір адам өздігінен шешім қабылдай алатындай болашақ ұйымын қалай құруға болады».

62. Фредерик Лалу «Болашақ ұйымды аша отырып» .

63. Нир Эяль «Ілмекте. Әдеттерді қалыптастыратын өнімдерді қалай жасауға болады».

64. Лиза Фельдман Барретт «Эмоциялар қалай пайда болады? Ми түсінігіндегі және эмоцияларды басқарудағы революция».

65. Джули Литкотт-Хеймс «Олардан арылыңыз. Балаларды ересек өмірге қалай дайындау керек».

66. Дуг Лемов «Мұғалімнің шеберлігі. Алдыңғы қатарлы оқытушылардың жүргізген техникалары».

67. Мартин Томич, Кара Ригли, Мадлен Бортвик, Насим Ахмадпур, Джессика Фроули, А. Баки Кокабалли, Клаудия Нуньес-Пачеко, Карла Стракер, Лиан Лок «Ойлап тап. Жаса. Сындыр. Қайтала. Дизайн-ойлау тәсілдері мен құралдарының үстел кітабы».

68. Джозеф Хигни «Жобалық менеджмент негіздері. Классикалық басшылық».

69. Юрген Саленбахер «Жеке бренд жасаңыз. Мүмкіндіктерді қалай табуға, дамытуға және ерекшелеуге болады?».

70. Крейг Ричардсон «Minecraft бағдарламалау. Python көмегімен әлеміңізді жасаңыз».

77. Джек Льюис және Адриан Вебстер «Ми: нақты нұсқаушы. Тиімділікті арттыру және стресті төмендету үшін нені білуіңіз керек».

78. Ньюфельд Гордон, Матэ Габор «Өз балаңызды бетімен жіберіп алмаңыз».

79. Петрановская Людмила Владимировна «Құпия тірек. Балаға бауыр басу».

80. Альтшуллер Генрих Саулович «Идея табу. Өнертапқыштық есептерді шешу ТРИЗ-теориясына кіріспе»

81. Садықова Гүлназ «ТРИЗ-педагогика. ТРИЗ-сабақтарының әмбебап конструкторы (алгоритм)».

82. Юрий Гурин «Сабақ+ойын. Оқушыларға арналған заманауи ойын технологиясы».

83. Светлана Ахмерова «Педагогтың кәсіби қызметі және денсаулығы».

84. Ғабит Бекахметов, Әйгерім Коржумбаева «Критикалық ойлау негіздері».
85. Мағжан Жұмабаев «Педагогика».
86. П. Мехисто «Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту контекстіндегі «Скаффолдинг» (CLIL)».
87. Ж.Б. Кажигалиева, К.К. Байтенова, Ж.А. Жумабаева. «Қане, достар, оқиық! Ортақ тақырыптар бойынша сыныптан тыс оқуға арналған хрестоматия», 2-сынып.
88. К.К. Байтенова «Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда қолданылатын белсенді оқыту әдіс-тәсілдері».
89. З.М. Мендыгалиева, М.П. Кушнир, Е.П. Петрик «Бастауыш мектепте математиканы оқытудың белсенді әдістері».
90. З.М. Журбенко, Е.А. Вьюшкова, Ы. Турсунбайкызы «Білім беру бөлімін тігінен жоспарлау».
91. Р.С. Тоганакова, М.С. Танжарикова, М.С. Оракова Қазақ тілі. «Тарихи тұлғалар» бөлімі арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту, 6-сынып.
92. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика».
93. Педагогикалық шеберлік және педагогикалық технологиялар //Под ред. Л.К.Гербенкиной, Л.А.Байкова редакциясымен.
94. Әбенбаев С. «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі».
95. Тажбаева С.Г. «Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі».
96. Глазырина Т.Н. «Тарихты оқыту әдістемесі».
97. «Мұғалімнің көшбасшылығы арқылы білім беруді түрлендіру. Дэвид Фросттың редакциясымен.
98. «Оқу мен оқытудың белсенді әдістері» www.cpm.kz

Ата-аналарға арналған кітаптарды ата-аналар лекцияларына, тренингтерге қолдануға болады, сонымен қатар ата-аналарға оқуға ұсынуға болады.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер 3
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда және мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері 39
3. 1–4-сыныптарда жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері 45
«Тіл және әдебиет» білім саласы
«Математика және информатика» білім саласы
«Жаратылыстану» білім саласы
«Адам және қоғам» білім саласы
«Технология және өнер» білім саласы
«Дене шынықтыру» білім саласы
4. 5–9-сыныптарда жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері 88
«Тіл және әдебиет» білім саласы
«Математика және информатика» білім саласы
«Жаратылыстану» білім саласы
«Адам және қоғам» білім саласы
«Технология және өнер» білім саласы
«Дене шынықтыру» білім саласы
5. 10-11 сыныптардағы жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері 183
5.1 Жаңартылған білім мазмұндағы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен оқитын 10-сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері 183
«Тіл және әдебиет» білім саласы
«Математика және информатика» білім саласы
«Жаратылыстану» білім саласы
«Адам және қоғам» білім саласы
«Дене шынықтыру» білім саласы
«Графика және жобалау»
5.2 2012 жылғы МЖМБС және 2013 жылы енгізілген оқу бағдарламалары бойынша оқитын 11-сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері 242
«Тіл және әдебиет» білім саласы
«Математика және информатика» білім саласы
«Жаратылыстану» білім саласы
«Адам және қоғам» білім саласы
«Технология» білім саласы
«Дене шынықтыру» білім саласы
6 Жалпы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері 305

7 Орта мектепте құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыстың ерекшеліктері 316
8 Орта білім беру ұйымдарында жан басына бөлінетін нормативтік қаржыландыруды іске асыру ерекшеліктері 330
9 Шағын жинақты мектептерде оқытудың ерекшеліктері 335
10 Мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқытудың ерекшеліктері 348
11 Кешкі мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының ерекшеліктері 356
12 Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымдарындағы оқытудың ерекшеліктер 363
13 Арнайы білім беру ұйымдарындағы оқытудың ерекшеліктері 382
14 Білім беру ұйымынан тыс оқытудың ерекшеліктері 393
15 Қазақстан Республикасының жалпы орта мектептерінде балаларға қосымша білім беру ерекшеліктері 398
16 Жаңартылған білім мазмұны жағдайында әдістемелік қызметті ұйымдастыру 410
17 Пилоттық орта білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оәк апробациядан өткізу 420
17.1 11-сыныптың оқу бағдарламаларын, оқулықтары мен ОӘК-ті апробациялау
17.2 1-сыныптағы «Француз тілі» және «Неміс тілі» оқу бағдарламаларының апробациясы
18 Цифрлық білім беру ресурстары 433
19 Білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтары үшін ұсынылатын әдебиеттер тізімі 435

2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының
жалпы орта білім беретін ұйымдарында
білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы

Әдістемелік нұсқау хат

Басуға 26.08.2019 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 27,4.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК
010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы 8, «Алтын Орда» БО, 15-қабат.